

Том 11

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

11 ТОМ

Июль—октябрь 1905

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1975

Л $\frac{10102-255}{401\ (07)-75}$ 5 — 75

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалар толық жинағының он бірінші томына 1905 жылдың июлінен 12 (25) октябріне дейінгі кезеңге жататын шығармалар еніп отыр. 1905 жылғы июнь — июльде жазылған «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітап томда негізгі орын алады.

Бұл дәуір Россияда революцияның — империализм заманындағы бірінші буржуазиялық-демократиялық революцияның — одан әрі дамуымен сипатталады. 1905 жылдың көктемінде өткен РСДРП III съезі большевиктік партияның тарихындағы маңызды белес болды. Съездің шешімдері, съезд талдап жасаған стратегиялық жоспар мен тактикалық бағыт демократиялық революцияның жеңісі жолындағы күресте партияның айбынды программасы болды. Съезден кейін большевиктік партияның алдына партияның қатарын съезд қабылдаған шешімдер төңірегіне топтастыру, барлық партия ұйымдарының жұмысын сол шешімдерді орындауға бағыттап, бұл шешімдерді жұмысшы бұқарасына түсіндіру, меньшевиктердің революцияны тежеуге, революцияға басшылықты буржуазияның қолына беріп қоюға әкеп соқтыратын оппортунистік тактикасын ақырына дейін әшкерелеу міндеті қойылды.

РСДРП III съезімен бір мезгілде өткен меньшевиктердің Женева конференциясының шешімдері булардың тактикалық бағытының большевиктердің тактикалық бағытынан мүлде алшақ жатқанын көрсетті. Мень-

шевиктер өздерінің әрекетімен жұмысшы табы қатарының бірлігін бұзды, ал мұның өзі революцияның жеңісі жолындағы күреске елеулі қатер туғызды. Меньшевиктерді әшкерелеу, пролетариаттың қимыл бірлігіне жету, большевиктердің тактикалық ұрандарын жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің айбынды күшінің қолдауын қамтамасыз ету қажет болды.

Осындай жағдайда 1905 жылы июльде В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабының жарыққа шығуының орасан зор маңызы бар еді. Ленин бұл кітабында РСДРП III съезінің шешімдерін, большевиктік партияның стратегиясы мен тактикасын теория жағынан негіздеп берді. Марксизмді творчестволықпен дамыта отырып, ол империализм заманында Россияда өтіп жатқан буржуазиялық-демократиялық революцияның ерекшеліктері туралы, оның қозғаушы күштері мен перспективалары туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы және осы ұласудың шарттары туралы, революцияның жеңіске жетуінің шешуші шарты болып табылатын жаңа түрпатты пролетарлық партияның басшылық ролі туралы мәселелерді талдап зерттеді. Ленин меньшевиктердің Женева конференциясының оппортунистік шешімдерін жан-жақты сынға алды, меньшевиктердің марксизмнен аулақтап кеткенін, революцияның аса маңызды мәселелерін шешуде олардың догматизмін ашып көрсетті. Сонымен бірге Ленин меньшевиктерді қолдап келген II Интернационал лидерлерінің реформистік нұсқауларын әшкереледі.

Ленин пролетарлық партияның тактикалық дұрыс ұрандарының бұқараға басшылық ету үшін ерекше маңыздылығын көрсетті. Революция кезінде принцип жағынан байсалды тактиканың ролін төмендетуден асқан қауіпті нәрсе жоқ,— деп жазды ол,— «оқиғалардың соңынан сүйретілмей, марксизмнің байсалды принциптері рухында пролетариатқа басшылық еткісі келетін партия үшін тактикалық дұрыс шешімдер белгілеудің маңызы орасан зор» (осы том, 6-бет). Большевиктер ду-

рыс тактиканы жасады, партия мен жұмысшы табының революциядағы міндеттерін белгілеп берді.

Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында пролетариаттың жаңа тарихи жағдайда Россиядағы буржуазиялық демократиялық революцияның көсемі, басшысы бола алатыны және болуға тиіс екені туралы идеяны жан-жақты негіздеді.

Ол буржуазиялық-демократиялық өзгерістердің реформалар жолымен емес, өндіргіш күштердің дамуын крепостниктік тәртіп қалдықтарының шырмауынан біржола босататын, помещиктік жер иеленушілікті жоятын және патша самодержавиесін құлататын революция жолымен жасалуына жұмысшы табының жан-тәнімен мүдделі екенін түсіндіріп берді. Буржуазиялық-демократиялық революция пролетариатқа тиімді, өйткені оның жеңісі пролетариаттың демократиялық бостандықтар алуына, өзінің ұйымдарын нығайтуына, еңбекші бұқараға басшылық етуден тәжірибе және дағды жинақтауына, сөйтіп саяси өкіметті жеңіп алу жолында күрес жүргізуіне мүмкіндік береді. «Буржуазиялық революция неғұрлым толығырақ, батылырақ, неғұрлым дәйектірек болса, пролетариаттың буржуазияға қарсы социализм жолындағы күресі соғұрлым нәтижелі болмақ»,— деп жазды Ленин (осы том, 38—39-беттер).

Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция халықтық революция болды. Ол халық бұқарасын, қоғамның езгі мен қанаудан жаншылған ең төменгі топтарын қозғалысқа келтірді. Тарихи дамудың бүкіл барысы оң алдыңғы қатарлы және бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап ретінде пролетариатты елдегі жалпы демократиялық қозғалысты бастауға әзірледі. Россия пролетариатының дамуындағы маңызды ерекшелік оның ірі кәсіпорындарда шоғырлануы еді. Мұның өзі оның ұйымшылдығының, саналылығының және революцияшылдығының өсуіне жағдай жасады. Ол қала мен деревнядағы халықтың қалың бұқарасымен байланыс жасап отырды. Жұмысшы табы елдегі аса ұлы саяси күш болды.

Батыстағы, Англиядағы, Франциядағы, Германиядағы буржуазиялық революцияларда буржуазия гегемон болды, өйткені ол кезде пролетариат әлі әлсіз еді, дербес саяси күшке айналмаған еді, ал Россиядағы революция пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресі шиеленіскен жағдайда өтіп жатты. Жұмысшы қозғалысы ел өміріндегі маңызды фактор болды. Орыс пролетариаты самодержавиеге қарсы бірқатар ұрыстарды ойдағыдай өткізіп үлгерген-ді. Тағы да бір аса маңызды жағдай — оның күресіне басшылық ететін өзінің дербес саяси партиясы бар еді. «Баршасы түгел қабылдаған дәл программасы бар біздің партия барлық өзге партиялардың алдында тұр»,— деп жазды Ленин (осы том, 6-бет). Революцияның гегемоны, басшысы болу үшін пролетариаттың барлық мүмкіншілігі болды. Ол халықтық революцияның басшысы ролін атқара ма немесе, меньшевиктердің қалағанындай, буржуазияның шылауы ролін атқара ма — революцияның нәтижесі осыған байланысты еді.

Ленин пролетариаттың революциялық күресіне шаруалар қосылған жағдайда ғана пролетариат демократия жолында жеңімпаз күрескер бола алады деп атап көрсетті. Ленин жұмысшы табының шаруалармен одақтасуы туралы мәселені талдап шешті және бұл одақта жұмысшы табының басшылық роль атқаруын буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңіске жетуінің міндетті шарты деп есептеді. Жер тапшылығынан азап шеккен шаруалар помещиктердің жерін тартып алуға, деревняда крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға мүдделі болды. Бұл міндетті революциялық жолмен ғана жүзеге асыруға болатын еді. Бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап — пролетариаттың басшылығымен ғана шаруалар помещик жерін алып, самодержавие мен помещиктердің езгісінен құтыла алатын еді. Шаруалардың реакцияшылдығы жөніндегі меньшевиктердің оппортунистік пайымдауларына қарамастан, В. И. Ленин шаруалардың түбегейлі мүдделері оларды демократиялық революцияда пролетариаттың батыл және толық жақтаушысы етеді, «өйткені шаруаларға жер реформалары саласындағылардың *бәрін*, ша-

руалардың тілеп жүргендерінің, көксеп жүргендерінің *бәрін... соның бәрін* толық жеңіп шыққан революция ғана бере алады» (осы том, 93-бет) деп үйретті.

Буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың гегемондығы туралы, жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы Ленин талдап жасаған қағидалар меньшевиктердің бұл революция тек буржуазияға тиімді нәрсені ғана береді дейтін тактикалық бағытын түгелдей талқандады. Меньшевиктер пролетариаттың гегемондығына қарсы шықты, шаруалардың революциялық ролін теріске шығарды, сөйтіп пролетариатқа одақтас етіп либерал буржуазияны таңды. Олар, өткен уақытта Батыс елдерінде болғаны сияқты, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция да буржуазияның басшылығымен өтуге тиіс деп есептеді. Ленин меньшевиктердің бұл қағидаларын өлтіре сынады, олардың догматизмін, Россияда революция басқаша тарихи жағдайларда өріс алып отырғанын және революцияның қозғаушы күштері туралы мәселені ескіше шешуге болмайтынын меньшевиктердің түсінбей жүргенін әшкерелеп берді.

Ленин орыс буржуазиясының контрреволюциялық мәнін ашып көрсетті. Ол орыс буржуазиясы өзінің таптық жағдайы тұрғысынан алғанда патша өкіметіне қарсы батыл күрес жүргізу міндетін алдына қоймайтынын, қоя да алмайтынын көрсетіп берді. Самодержавие мен оның полициялық-бюрократтық машинасы орыс буржуазиясына пролетариат пен шаруалардың өскелең революцияшылдығын жаншып тастау үшін ғана керек. Орыс буржуазиясы пролетариат демократиялық өзгерістерге қолы жеткен соң осы өзгерістерді социализм жолында одан әрі күресу үшін пайдаланады деп қорқады.

Ленин былай деп түсіндірді: буржуазия революцияны жұмысшылар мен шаруалардың есебінен патша өкіметімен келісім жасаумен аяқтау үшін революцияға басшылық етуді өз қолына түсіріп алуға ұмтылады. Буржуазия халыққа барғанда оның мүдделерін қорғаушы ретінде бармайды. «Жаратылысынан саудагер болып туған бұлардың күрес пен революцияға жаны қас, бірақ жағдай оларды революция негізіне көшуге мәжбүр

етіп отыр, өйткені табан тірер басқа негізі жоқ» (осы том, 124-бет). Гегемондық рольді либерал буржуазияның үлесіне берген меньшевиктердің тактикасы революцияға опасыздық жасау еді. Іс жүзінде пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы үшін либерал буржуазияны ығыстырып, оқшау қалдыру қажет болды.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапта еңбекшілердің революцияның жеңісі жолындағы күресінің формалары мен құралдары туралы мәселе толық талданып шешілген. Ленин самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнатудың шешуші құралы жеңімпаз қарулы көтеріліс деп есептеді. Әдетте реакцияшыл таптар, деп атап көрсетті ол, халыққа азамат соғысын еріксіз таңып, алдымен өздері зорлыққа ұмтылады, «күн тәртібіне найзаны қояды», бейбіт азаматтарды қанға бояп қудалау, оларға жаппай оқ ату жолына түскен патша үкіметі осылай істеді де. 9 январьдан кейін оқиғалардың барысының өзі қарулы көтерілістің қажеттігі туралы мәселені алға қойды. Сондықтан большевиктік партияның алдына көтеріліс жасау үшін жұмысшыларды қаруландырудың, барлық революциялық күштерді ұйымдастырып, топтастырудың практикалық міндеті қойылды.

Партияның III съезінің қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде қабылдаған шешімін түсіндіре келіп, Ленин бұқараны қарулы көтеріліске көтере алатын, олардың белсенділігі мен революциялық талапкерлігіне жол ашатын ұрандардың зор маңызын атап көрсетті. Ондай ұрандар мыналар еді: сегіз сағаттық жұмыс күнін революциялық жолмен дереу жүзеге асыру, деревняда помещик жерін конфискелеуге дейін баратын демократиялық өзгерістер жасау үшін революциялық шаруалар комитеттерін құру, бұқаралық саяси стачкалар, жұмысшыларды қаруландыру және революциялық армия құру. Бұлар бұқараны революцияға жұмылдырудың маркстік партиялар үшін бұған дейін беймәлім құралдары еді, бұл құралдарды жаңа тарихи жағдай мен халық бұқарасының өріс алған күресін ескере отырып Ленин ұсынды.

Ленин қарулы көтеріліс туралы мәселеге меньшевиктердің оппортунистік тұрғыдан қарағандығын көрсетті. Елдегі жағдайдың өзгеруі самодержавиені құлатудың сол кездегі бірден-бір мүмкін құралы қарулы көтеріліс екенін көрсетіп, жұмысшы табының алдына жаңа міндеттер қойып отырғанын меньшевиктер ескермеді. Женева конференциясының шешімдерінде меньшевиктер көтеріліс жасайтын кезең туды ма деген сұраққа жауап бермеді; партияның, жұмысшы табының алдында тұрған көтерілісті ұйымдастырудың практикалық міндеттерін олар пролетариатты «өзін өзі қаруландыруды мейлінше қажетсінумен» қаруландыру керек деген үндеумен алмастырды. Олар жұмысшы табының партиясы көтерілісті әзірлеумен айналыспауға тиіс, өйткені бұл буржуазияны үркітіп жіберуі мүмкін деп есептеді. Меньшевиктердің хвостизмін сынай келіп, Ленин азамат соғысы басталып кеткен кезде тікелей іске көшу ұранын ұсынбай, тек насихатпен ғана шектелу,— революцияны сатып кеткендік болады, оған опасыздық жасау болады деп көрсетті.

Ленин қандай революцияның болмасын ең басты мәселесі мемлекеттік өкімет туралы мәселе болып табылады деп үйретті. Өкімет билігі қай таптың қолында — бәрін шешетін, міне, осы. «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінде ол пролетариат гегемон болатын жеңімпаз буржуазиялық-демократиялық революция, өткен буржуазиялық революциялардағы сияқты, өкіметті буржуазияның жеңіп алуына емес, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының орнатылуына жеткізуге тиіс екенін дәлелдеп берді. Мұның өзі мемлекеттік өкімет туралы мәселенің жаңаша шешілуі еді. Ленин пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы «жаңа қондырманың жаңа «құрылысшылары» сүйенуге болатын, сүйенуге тиісті таптарды да, ол қондырманың сипатын да (социалистік диктатурадан айырмасы бар «демократиялық» диктатура), оны құру әдісін де (диктатура, яғни күшпен қарсылық көрсетудің күшпен жанышталуы, халықтың революцияшыл таптары-

ның қарулануы) анықтап беретінін» (осы том, 126-бет) түсіндірді.

Ленин революцияның жеңіске жетуі, жұмысшылар мен шаруаларға қажетті демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру патша өкіметінің, помещиктер мен ірі буржуазияның жанталаса қарсыласуын туғызатынын атап көрсетті. Бұл қарсылықты күйрету, демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу, пролетариаттың социализм жолында ойдағыдай күрес жүргізуі үшін негіз әзірлеу қарулы халыққа сүйенген диктатураның ғана қолынан келеді. Бірақ бұл социалистік диктатура емес, капитализм негіздерін қозғамастан, қала мен деревняда демократиялық өзгерістерді жүзеге асыра алатын демократиялық диктатура болады. Қозғалысты басқарушы пролетариат партиясы бүкіл халықтың алдына демократиялық төңкерістің міндеттерін мүмкін қадерінше кеңірек, батылырақ, белсендірек қоюға тиіс. Ол демократиялық революцияның үзілді-кесілді жеңіп шығуына барынша жігерлі түрде ұмтылуға тиіс. «Ал үзілді-кесілді жеңіс дегеніміздің өзі,— деп жазды Ленин,—пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасынан басқа түк те емес» (осы том, 80-бет).

Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының саяси органы революциялық уақытша үкімет болуға тиіс. Революциялық уақытша үкімет туралы мәселе жөніндегі партияның III съезінің шешімдерін түсіндіре келіп, Ленин бұл үкімет РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруға тиісті екенін көрсетті, бұл программа-минимумда демократиялық республика орнату, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, помещик жерін конфискелеу сияқты ең таяуда жүзеге асырылатын экономикалық және саяси өзгерістер белгіленген болатын. Осы өзгерістерді жүзеге асыру самодержавиеге қарсы көтеріліске шыққан халықтың мүдделерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін еді. Бұл өзгерістер сонымен бірге одан әрі ілгері басу үшін, социалистік революцияға өту үшін қажет болатын.

Революциялық уақытша үкіметтің алдында тұрған міндеттер және оның таптық сипаты социал-демократия өкілдерінің оған қатысуы мүмкін ғана емес, қайта, қолайлы болған жағдайда, қатысуы қажет те деген қорытындыға келтірді. Социал-демократиялық саясат жүргізуді қамтамасыз ететін мұндай қатысу «жоғарыдан» жасалған әрекет болар еді. Ленин мұны күрестің бұған дейін болып көрмеген дерлік жаңа тәсілі деп атады. Сондықтан «жоғарыдан» әрекет жасау және қаруланған бұқараның үкіметке төменнен қысым жасауы демократиялық революцияның жеңіп шығуы жолындағы күрестің табысты болуын қамтамасыз етер еді.

Ленин социал-демократтардың революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы шыққан меньшевиктердің позициясын батыл сынады. Самодержавие құлатылғаннан кейін революцияшыл таптардың, жұмысшылар мен шаруалардың диктатурасын орнату міндетін алға қоймай, меньшевиктер бұл мәселеде де буржуазиялық-демократиялық революция жеңгеннен кейін өкімет басына буржуазия келуге тиіс дейтін өздерінің жалпы тактикалық позициясына сүйенді. Меньшевиктердің тактикасы,— деп атап көрсетті Ленин,— «өзінің объективтік мәні бойынша, *буржуазиялық демократияның отына май құю болады»* (осы том, 51-бет).

Өзінің еңбегінде Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласу теориясын талдап жасады. Буржуазиялық-демократиялық революцияның үзілді-кесілді жеңіп шығуы жолындағы күрестің жоспарын белгілей келіп, Ленин демократиялық өзгерістер жүзеге асырылғаннан кейін ізінше пролетариаттың алдына жаңа міндет — социализм үшін күресу міндеті қойылады деп атап көрсетті.

Ленин былай деп жазды: *«Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жаныштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті ақырына дейін жеткізуге тиіс. Пролетариат, буржуазияның қарсылығын күшпен тойтару үшін және шаруалар мен усақ буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқара-*

сын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс» (осы том, 95-бет).

Ленин демократиялық революцияның толық жеңіске жетуі социализм жолында нағыз күрес жүргізу үшін жол ашады, пролетариаттың бұл күресті жылдамырақ, кеңірек, тереңірек және батылырақ өрістетуіне мүмкіндік береді деп есептеді. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы пролетариаттың социалистік диктатурасы үшін негіз әзірлейді. Ленин пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының өткені және болашағы бар деп түсіндірді. Оның өткені — самодержавиеге, крепостниктік тәртіпке, монархияға қарсы күрес. Оның болашағы — жеке меншікке қарсы күрес, жалдама жұмысшының қожайынға қарсы күресі, социализм үшін күрес.

Ленин буржуазиялық-демократиялық революция мен социалистік төңкерісті біртұтас революциялық процесс деп, бір тізбектің екі буыны деп қарады. 1905 жылы сентябрьде жарияланған «Социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы» деген мақаласында Ленин осы идеяны дамыта келіп, былай деп жазды: «біз демократиялық революциядан күшіміздің, саналы және ұйымдасқан пролетариат күшінің, шамасына қарай, дереу социалистік революцияға көше бастаймыз. Біз үздіксіз революцияны жақтаймыз. Біз жарты жолда тоқтамаймыз» (осы том, 239—240-беттер). Революцияның бірінші кезеңінен екінші кезеңіне өту, деп атап көрсетті Ленин, пролетариаттың әзірлігі мен саналылығы дәрежесіне, оның кедей шаруалармен бірігу дәрежесіне байланысты болады.

Ленин өзінің данышпандық теориясын жасағанда Маркстің үздіксіз революция туралы, шаруалардың революциялық қозғалысын пролетарлық революциямен ұштастыру туралы идеяларына сүйенді. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы сындарлы теория жасап, ол Маркстің идеяларын одан әрі дамытты.

Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласу теориясын жасағанда Ленин

Россиядағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарға жасалған ғылыми талдауға сүйенді. Россияда капитализмнің дамуы феодалдық-крепостниктік қатынастардың көптеген қалдықтарын жоюды талап етті. Мұның өзі самодержавиеге қарсы жалпы халықтық күрестің қажеттігін туғызды, буржуазиялық-демократиялық революция үшін алғы шарттар жасады. Сонымен бірге капитализмнің, әсіресе ірі өнеркәсіптің өсуі, оның шоғырланып, орталықтануы, еңбек пен капиталдың арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі, жұмысшы табының өсуі, тап күресінің кең өріс алуы, Россияда революциялық маркстік партияның болуы буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасады.

Революция басталған дәуірде елдегі таптық күштердің орналасуы туралы мәселені талдай отырып, Ленин самодержавиеге қарсы көтерілген халық — бірыңғай халық емес екенін атап көрсетті. Ол халық меншікшілер мен жалдама жұмысшылардан, аз ғана байлардан және он миллиондаған жарлылар мен еңбекшілерден тұрады. «Социализм және шаруалар» деген мақаласында Ленин Россияда революцияның мазмұны болып отырған күресуші екі күш емес, қайта әр түрлі және әр текті екі соғыс: бірі — қазіргі самодержавиелік-крепостниктік құрылыс қойнауындағы соғыс, екіншісі — туып келе жатқан болашақ буржуазиялық-демократиялық құрылыс қойнауындағы соғыс. Жалпы халықтық күреспен бірге, демократиялық революцияның жеңісі жолындағы күреспен бірге, деп түсіндіреді Ленин, пролетариаттың қоғамның социалистік құрылымы жолындағы күресі өрістеп келеді. Буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңіске жетуі жолында пролетариат бүкіл шаруалармен бірге монархияға қарсы, помещиктерге қарсы, орта ғасырлық тағылыққа қарсы күреседі. Социалистік революция жолында пролетариат ең кедей шаруалармен бірге, жартылай пролетариатпен бірге, бүкіл қаналушылармен бірге капитализмге қарсы, оның ішінде деревня байлары мен кулактарға қарсы күреседі. Демократиялық революцияның социалистік революция-

ға ұласуы жолындағы күресте партия мен жұмысшы табының атқаратын міндеттерін белгілей келіп, Ленин былай деп жазды: «Бүкіл халықты, әсіресе шаруаларды бастай отырып — толық бостандық үшін, дәйекті демократиялық төңкеріс үшін, республика үшін күреселік! Барлық еңбекшілер мен қаналушыларға бас болып, социализм үшін күреселік!» (осы том, 110-бет). Бұл ұран, деп атап көрсетті ол, партияның революция кезінде әрбір тактикалық мәселені шешуін, әрбір практикалық қадамын көрсетіп, анықтап отыратын болуға тиіс.

Социалистік революцияның лениндік теориясы қала мен деревняның пролетар және жартылай пролетар бұқарасының революциялық мүмкіндіктерін теріске шығарған, социалистік революцияда пролетариаттың одақтасы болмайды, ол күреске жалғыз шығады деп, демократиялық революция мен социалистік революцияның арасында ұзақ үзіліс болуы сөзсіз деп және пролетариат елдегі ұлттың көпшілігі болған кезде ғана жеңуі мүмкін деп есептеген батыс европалық социал-демократтар мен орыс меньшевиктерінің көзқарасын толық талқандады.

Россиядағы 1917 жылғы социалистік революция бұл оппортунистік нұсқаулардың бәрінің реакцияшылдығын айқын көрсетіп, революцияның лениндік теориясының дұрыстығын әбден растап берді.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінде Ленин пролетарлық партияның демократиялық және социалистік революциялардың жеңісі жолындағы күрестегі басшылық ролі туралы ілімді дамыта түсті. Революцияны езілгендер мен қаналғандардың мейрамы деп атай келіп, Ленин мұндай кезеңдерде халық жаңа қоғамдық тәртіптердің белсенді жасаушысы бола алатынын және не бір кереметтер жасауға қабілеті жететінін атап айтты. Революциялық партия өз міндеттерін кеңірек әрі батылырақ қоюға тиіс және оның ұрандары «бұқараға шамшырақ болып қызмет етіп, біздің демократиялық және социалистік мұратымыздың бүкіл ұлылығын, бүкіл тамашалығын көрсетіп, толық, сөзсіз, үзілді-кесілді жеңіске жеткізетін ең жақын, ең төте жолды нұсқап, әрқашан

бұқараның революциялық талапкерлігінің алдында жүріп отыруға тиіс» (осы том, 109-бет).

Ленин 1905 жылы жасаған социалистік революция теориясында социализмнің алғашта жеке бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға негіз болатын бірқатар аса маңызды қағидалар — революциядағы пролетариаттың гегемондығы туралы, жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы, жаңа түрпатты партияның басшылық және бағыттаушылық ролі туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы және бұл ұласудың жолдары туралы қағидалар бар болатын. Бұл данышпандық қорытындыны Ленин 1915 жылы империализм заманында капитализмнің экономикалық және саяси жағынан біркелкі дамымайтыны жөнінде өзі ашқан заңға сүйене отырып жасады. Ленин марксизмді дүние жүзілік-тарихи маңызы бар социалистік революцияның жаңа теориясымен байытты.

Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабы марксизмнің асыл қазынасына қосылған үлкен үлес болды. Бұл шығармасында Ленин Маркс пен Энгельстің ілімін империализм заманындағы жаңа тарихи жағдайларға сәйкес творчестволықпен дамыта отырып, россиялық және халықаралық пролетариатты революцияның жеңісі жолындағы күресте қуатты идеялық қарумен жарақтандырды. Ленин осы шығармада дамытқан большевиктік партия идеяларының, стратегиясы мен тактикасының ұлы күші мен өміршеңдігі Россиядағы үш революцияның тәжірибесі арқылы, елімізде помещиктер мен капиталистердің өкіметін құлатып, пролетариат диктатурасын орнатқан Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі арқылы тексерілді.

Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары революциядағы пролетариаттың гегемондығы туралы, жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы Ленин ілімін басшылыққа ала отырып, бұл ілімді творчестволықпен дамыта және өз елдеріндегі жағдайдың ерекшеліктерін

өскоро отырып қолданып, жұмысшы табы мен еңбекшілер бұқарасын социалистік революцияның жеңісіне жеткізді. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында дамытылған идеялардың демократия мен социализм жолындағы күресте бүкіл дүние жүзі халықтары үшін орасан зор маңызы бар.

«Революция үйретеді» деген мақаласында Россиядағы революцияның алғашқы күндерінен бергі күрес тәжірибесін қорыта келіп, Ленин орыс революциясы большевиктік партия белгілеген тактикалық бағыттың дұрыстығын растайтын және меньшевиктер тактикасының толығынан жеңіліске ұшырағанын дәлелдейтін ғажап мол саяси материал береді деп атап көрсетті. 1905 жылы жазда және күздің басында елде саяси және экономикалық стачкалардың көбеюі, жұмысшылардың әскерлермен және полициямен қарулы қақтығыстары, өрістеп келе жатқан шаруалар қозғалысы патша самодержавиесіне қарсы күреске миллиондаған жұмысшы мен шаруаның көтерілгенін дәлелдеді. Қозғалыстың бастаушысы жұмысшы табы болды. Бұқаралық стачкалар мен демонстрациялар барған сайын жаңа аудандарды қамтып, күннен-күнге ұлғая түсті. Июльде Костроманың 15 000 жұмысшысы ереуіл жасады. Петербургте 9 январьдың жарты жылдығы күні бірқатар ірі кәсіпорындарда ереуіл жасаумен атап өтілді. Июльде және августа ереуілдер мен демонстрациялар Нижний Новгородта, Ригада, Белостокта, Варшавада, Ростовта, Харьковта, Новороссийскіде, елдің және басқа бірқатар қалаларында болып өтті. Патша үкіметі ереуіл жасаған жұмысшыларға қарсы әскерді және полицияны жұмсады. Қоғамның сілімтіктерінен патша үкіметі қаражүздік бандалар жасақтап, ойрандар ұйымдастырып, бейбіт халықты, жұмысшылар мен интеллигенцияны жазалады. «Қаражүздіктер және көтерілісті ұйымдастыру» деген мақаласында Ленин үкіметтің халықты азамат соғысына душар еткен әрекеттеріне жауап ретінде жұмысшы табының өз күштерін топтастырып, өзін өзі қорғау отрядтарын ұйымдастырғанын, қару-жарақ әзірлегенін бірқатар қалалардың мысалы арқылы көрсетті.

Жұмысшы табы тәжірибе жинақтап, қарулы көтеріліске әзірленіп жатты. Күрес өліспей беріспейтіндей жағдайда жүріп жатыр,— деп жазды Ленин. Бұл күрес құлдықтың, крепостниктік тәртіп пен езгінің ескі Россиясы мен жарық сәулеге, бостандыққа, езушілік пен қанаушылық атаулыдан толық азат болу жолындағы күреске ұмтылған еңбекшілер бұқарасының жаңа, жас Россиясының арасындағы күрес еді.

Революциялық жұмысшы қозғалысының өсуі деревняға үлкен ықпал жасады. 1905 жылы июль — сентябрьде шаруалар 474 рет бас көтерді. Россияның оңтүстігінде және Прибалтикада ауыл шаруашылығы жұмысшыларының стачкалық қозғалысы өріс алды. Грузияда айқын саяси сипат алған шаруалар қозғалысы өсіп, ұлғая бастады. Шаруалар қозғалысын басып-жаныштау үшін патша үкіметі деревняға жазалау отрядтарын жіберді, бұлар шаруаларды аяусыз жазалады. Жазалау саясатын жүргізе отырып, патша үкіметі сонымен бірге жеңілдіктер жасау және уәделер беру арқылы халықты революциялық күрестен бұрып әкетуге тырысты. 1905 жылы 6 (19) августа Мемлекеттік дума шақыру туралы манифест шығарылды, ол Дума құру жобасының авторы министр Булыгиннің атымен Булыгин Думасы деп аталды. Бұл Думаға сайлау правосы тек помещиктерге, ірі капиталистерге және бай шаруаларға ғана берілді. Думаның заң шығаруға правосы болмады, ол тек патша жанынан құрылған кеңесші орган ғана болуға тиісті еді.

Большевиктік партияның алдында Булыгин Думасы жөнінде дұрыс тактика белгілеу міндеті тұрды. Патша өкіметінің реакциялық дума шақыру жоспары еңбекшілер бұқарасы арасында ешқандай қолдау таппағанын, елде стачкалық және аграрлық қозғалыс кең өріс алып отырғанын және қарулы көтерілістің пісіп келе жатқанын ескере келіп, большевиктер Булыгин Думасына бойкот жариялады. Ал меньшевиктер, мұның керісінше, Дума сайлауына бөгет жасамауға, сайлауға қатысуға ұйғарды. Сөйтіп, бұл мәселе жөнінде де екі түрлі тактикалық бағыт: большевиктердің революциялық ба-

ғыты және меньшевиктордің оппортунистік бағыты айқындалды.

Ленин томда жарияланып отырған бірқатар мақалаларда: «Пролетариат күресуде, буржуазия ұрланып өкіметке ұмтылуда», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?», «Парламентаризм ойыны» деген мақалаларында Булыгин Думасының халық өкілдігінің нағыз дөрекі боямасы екенін ашып берді. Ол Думаның революцияға жеңілдік жасау екені күмәнсыз, бірақ ол революцияны басып тастау және конституцияны бермеу мақсатымен істеліп отыр деп көрсетті. Мұның өзі патша самодержавиесінің помещиктер мен ірі буржуазияны алдарқату үшін істеген ісі еді. Революциядан зәресі ұшқан патшаның осы «сыйлығын» қағып алуға, халықтың көзін алдап патшамен келісім жасауға, революцияны сатып кетуге әзір тұрған буржуазияның сатқындық ролін Ленин қатты ашуызамен масқаралады.

Ленин өзінің мақалаларында Булыгин Думасы жөнінде большевиктік партия белгілеген белсенді бойкот тактикасын негіздеді. Ол партия ұйымдарының алдына Булыгин Думасының мәні халықты қорлаушылық екенін түсіндіру үшін, патша самодержавиесінің таптық негіздерін, оның мүдделері мен халық мүдделерінің ымыраға келмейтінін әйгілеу үшін халық бұқарасы арасында саяси үгітті кеңінен өрістету міндетін қойды. Ленин барлық жерде де жиналыстар өткізуді, сайлау жиналыстарын пайдалануды, демонстрациялар, стачкалар ұйымдастыруды ұсынды. Ол партия бұқараны мына ұрандардың: қарулы көтеріліс, революциялық армия жасақтау және революциялық уақытша үкімет құру ұрандарының төңірегіне топтастыруға тиіс деп есептеді. Ленин алға қойылған міндеттерді орындау үшін жұмысшылар мен шаруалардың күші стихиялы түрде өсіп келеді деп көрсетті. «Біздің ісіміз — осы бұлақтардың бәрі күшті тасқынға қосылатын болуына, стихиялық қозғалыстың күшін ондаған есе арттыра отырып, оған

біздің ең таяудағы міндеттеріміздің саналы, тура, айқын және дәл революциялық программасының жарық сәулесі түсетін болуына қам жасау» (осы том, 224-бет).

Думаға бойкот жасауға қарсы шығып, кезектегі міндет ретінде революциялық өзін өзі басқару органдарын құруды ұсынған меньшевиктердің позициясын сынай келіп, Ленин самодержавиені құлатпай-ақ өзін өзі басқаруды жүзеге асыруға болады-мыс дейтін буржуазиялық-оппортунистік жалған үмітті аяусыз әшкерелеу керек деп көрсетті. Революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру көтерілістің прологы емес, эпилогы деп жазды Ленин. Жеңімпаз көтерілістің нәтижесінде революциялық уақытша үкімет құрылғаннан кейін ғана, осы үкімет революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыруға кірісе алады. Меньшевиктердің тактикасы либерал буржуазияға тиімді еді; ол либерал-буржуазияның бұқараны революциялық күрестен бұрып әкетуіне көмектесті. Меньшевиктер Булыгин Думасына өздерінің көзқарасын 1905 жылы августа Киевте өткен Оңтүстік орыс құрылтай конференциясының шешімдерінде білдірді. «Меньшевиктік жаңа конференция» және ««Искра» тактикасының соңғы жаңалығы немесе ойыншық сайлау — көтеріліске қозғау салатын жаңа себеп» деген мақалаларында Ленин осы конференцияның жұмысына баға берді. Конференцияның Мемлекеттік дума туралы қарары, деп жазды ол, социал-демократия міндеттерінің құлып түсірудің қайғылы ескерткіші болып көпке дейін қала береді.

Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау жөніндегі большевиктік тактиканың дұрыстығын тарихи оқиғалардың одан кейінгі барысы растады, бұл тактика тамаша табыспен аяқталды. Революцияның тегеурінi Булыгин Думасын жайпап кетті, Дума сайлауы болмады, сөйтіп үкімет Думаны шақыра алмады. Кейіннен 1905—1907 жылдардағы революция кезіндегі партия тактикасына баға бере және Булыгин Думасына бойкот жасауға тоқтала келіп, Ленин мұның өзі большевиктердің бойкот тактикасын сәтті және дұрыс қолдануының үлгісі болғанын атап көрсетті.

«Қорғаныстан шабуылға көшу», «Революциялық армия отрядтарының міндеттері» деген мақалаларында, «Санкт-Петербург комитеті жанындағы жауынгер комитетке» деген хатында Ленин әрбір қалада революциялық армияның жауынгер отрядтарын құру туралы, оларды қаруландыру туралы, осы мақсат үшін қаржы іздестіру туралы нақты нұсқаулар береді. Ол партия ұйымдарының және жұмысшы бұқарасының алдына соғыс ісін мұқият үйрену, ең жаңа соғыс техникасымен танысу, көше бойындағы ұрыс жөніндегі әдебиетті оқып үйрену міндеттерін қойды. Ленин отрядтардың мұны іс жүзінде үйрене бастауына, полицияға қарсы және үкімет ұйымдастырып жатқан қаражүздіктерге қарсы күресе жүріп үйренуіне кеңес берді. Бұл күресте, деді ол, жүздеген тәжірибелі күрескерлер өсіп шығады, ал олар қажетті кезеңде жүз мыңдаған адамды бастайтын болады.

«Москвадағы қанды күндер», «Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес», «Москва оқиғаларының сабақтары» деген мақалалар 1905 жылы 19 сентябрьде (2 октябрьде) басталған Москвадағы саяси стачкаға арналды. Большевиктік партия жүргізген кең көлемді бұқаралық-саяси жұмыстың, Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау тактикасына байланысты партия ұсынған ұрандардың бұқараны барған сайын топтастырып, революциялық күресті дамытуда орасан зор маңызы болды. Патша үкіметі революцияға қарсы күресуге мүмкіндік алу мақсатымен орыс-жапон соғысын аяқтауға асықты. 23 августа (5 сентябрьде) Жапониямен Россия үшін масқара бітімге қол қойылды. Соғыстың зардаптары жұмысшылар мен шаруаларға үлкен ауыртпалық болып түсті. Осының бәрі халық бұқарасының патша үкіметіне қарсы ашу-ызасын күшейтіп, революциялық қозғалыстың жаңа толқынын көтерді. Москвадағы саяси стачка ірі өнеркәсіп орталығындағы пролетариат шайқасының жауынгерлік байқауы болды. Москвадағы оқиғаларды бағалай келіп, Ленин мұны жаңа шайқас алаңына сәулесін түсірген нажағайдың жарқылына теңеді. «Енді ол, Россияның орталығына, өзінің тұрақтылығымен реакционерлерді көп

уақыт бойы іштей қуантып келген «шынайы орыс» обдыстарының жүрегіне жетіп отыр»,— деп жазды ол (осы том, 338-бет).

Россиядан алыста жүрсе де, Ленин стачканың барысын күннен-күнге жіті қадағалап отырды. Өріс алған оқиғаларды талдау негізінде ол Москва стачкасы қозғалыстың жоғарғы сатысы емес, тек күрестің алғашқы баспалдақтарының бірі ғана деген қорытынды жасады. Мұнда күні бұрын және жақсы қаруланған революциялық отрядтар қимыл көрсеткен жоқ, әскери бөлімдер халық жағына шыққап жоқ. Ленин бұл стачка соғыстың нәтижесін анықтайтын шайқастардың бірі бола алмады деді. Солай бола тұрса да, ол былай деп жазды: көтеріліс өрлеп келеді, күрес ұлғайып, шиеленісіп келеді, әскерлер саяси өмірге тартылмай қоймайды, жас Россияның айбынды үндеуі тіпті тастай бекітілген казармаларға да жетеді, ең қараңғы, ең надан және ең қорғалық болып қалған солдаттарды да оятады. Москвадағы саяси стачка пролетариат үшін елеулі саяси мектеп болды. Ол 1905 жылы октябрьде өткен Бүкіл россиялық саяси стачканы әзірлеуде үлкен роль атқарды.

«Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес» деген мақаласында Ленин, революцияның алғашқы дәуіріндегі жұмысшы қозғалысына баға бере келіп, былай деп жазды: «Жұмысшы қозғалысы бүкіл орыс революциясына өзінің ықпалын тигізді. Бытыраңқы стачкалар түрінде басталған қозғалыс, бір жағынан, жаппай стачкаларға дейін, екінші жағынан,— көше бойындағы ереуілдерге дейін шапшаң дамыды. 1905 жылы қозғалыстың толық қалыптасқан формасы саяси стачка болып табылады, ол біздің көз алдымызда көтеріліске айналып отыр» (осы том, 375-бет). Кейіннен, 1905—1907 жылдардағы революцияның тәжірибесін қорыта келіп, Ленин оның өзгешелігі — өзінің сипаты жағынан буржуазиялық-демократиялық революцияның күрес құралдары жағынан пролетарлық революция болғандығында деп көрсетті. Пролетариат қозғалыстың басшы күші, авангарды болды деген мағынада ғана емес, сонымен бірге, атап айтқанда, стачка бұқара күресінің пролета-

риатқа тән құралы, бұқараға қозғау салудың, оны саяси жағынан тәрбиелеудің басты құралы болғандығынан да бұл революция пролетарлық революция болды.

Томның бірқатар шығармаларында — «Ашулы әлсіздік» деген мақалада, ««Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде», «Партияның бірігуі туралы мәселе жөнінде» деген заметкада — Ленин ұйымдық мәселе жөнінде меньшевиктердің Женева конференциясындағы позициясын сынайды, большевиктік партияның ұйымдық принциптерін дамытады, тек осы принциптердің негізінде ғана партияның бөлініп шыққан бөлегімен бірігу мүмкін дейді. Партияның бөлініп шыққан бөлегімен қосылу шарттарын әзірлеу және жасау туралы РСДРП III съезінің шешімдерінде жазылған-ды. Партияның екі бөлегінің бірігуі туралы мәселені жұмысшылар да талай рет көтерген болатын. Ленин қандай шарттар орындалғанда мұндай бірігудің мүмкін екенін түсіндіріп берді: «Не III съезд шешімдері негізінде партиямен қосылу керек, не бірігу съезі болуға тиіс» (осы том, 327-бет).

Томға енген шығармаларда Лениннің халық бұқарасының күшіне, революцияның жеңісіне деген кәміл сенімі бейнеленген. Ол пролетариаттың патша өкіметіне қарсы шешуші күреске әзірленіп жатқанын, үйреніп, шынығып, есейіп келе жатқанын көрсетті. Әрбір жаңа шайқастан кейін ол күшейе береді, жеңіске қарай тоқтаусыз ілгері баса береді. Жұмысшы табының және оның партиясының күрес мақсаттары мен міндеттерін сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «Біз Россияға бүкіл езілген ұсақ халықтарға толық бостандық беретін, шаруалар мен жұмысшыларға толық бостандық беретін республиканы жеңіп әпереміз. Біз сонда социализм жолындағы, барлық еңбекшілерді қанау атаулыдан толық азат ету жолындағы ең үлкен және ең батыл күрес үшін пролетариаттың революциялық жігерін түгел пайдаланатын боламыз» (осы том, 168-бет).

Он бірінші томда бұрын В. И. Лениннің Шығармаларына енбеген 17 еңбек жарияланып отыр. «Россияның финансы» деген заметка Шығармаларға тұңғыш рет еніп отыр; мұнда Ленин елдің финанс жағдайының өте-

мөте ауыр екенін, бұған жеткізген нақ патша самодержавиесі екенін жазады. Қалған документтер дайындық материалдар бөліміне кірді. Бұған жататындар: «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапқа соңғы сөздің жоспары, Булыгин Думасына көзқарас туралы мәселе жөнінде осы томға кіргізілген мақалалардың жоспарлары. Сонымен бірге Мартовтың, Аксельродтың және басқа меньшевиктердің мақалаларына сын ескертпелер де басылып отыр. Дайындық материалдар бөліміне енген документтердің бірінші орыс революциясындағы большевиктік партияның стратегиясы мен тактикасын Лениннің қалай талдап жасағанын терең және жан-жақты зерттеу үшін зор маңызы бар.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯДАҒЫ ЕКІ ТАКТИКАСЫ [1]

1905 ж. июнь—июльде жазылған

1905 ж. июльде Женевада РСДРП Орталық Комитеті жеке кітап етіп бастырған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр; бұл текст қолжазбамен және мына жинақтағы текстімен салыстырылған. Вл. Ильин. «12 жыл ішінде», 1907

N. Lenin. Deux tactiques.

Prix: 1 fr. 25 cts. — 1 mk. — 18 ch. — 25 cent.

Россійская Соціальдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Н. ЛЕНИНЪ.

Двѣ тактики соціальдемократіи въ демократической революціи.

Изданіе Центр. Ком. Р. С. Д. Р. П.

ЖЕНЕВА
Типографія Партіи. 3. rue de la Colline 3.
1905.

В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабының мұқабасы.— 1905 ж.

Кішірейтілген

АЛҒЫ СӨЗ

Революциялық кезеңде революциялық партиялардың тактикалық ұрандарын бағалауға орасан көп жаңа материал беретін оқиғаларға ілесіп отыру өте қиын. Бұл кітапша Одесса оқиғаларынан * бұрын жазылған. Ол оқиғалар, тіпті көтеріліс-процесс теориясын жасаған және революциялық уақытша үкімет жөнінде насихат жүргізуді керексіз деп тапқан социал-демократтарды да іс жүзінде өздерінің оппоненттері жағына кошуге немесе көше бастауға мәжбүр етті, деп біз бұрын «Пролетарийде» [3] (№ 9, «Революция үйретеді») ** атап көрсеткен болатынбыз. Күмән жоқ, революцияның өте жылдам, өте мықтап үйрететіні сонша, мұның өзі саяси дамудың бейбіт замандарында мүлде мүмкін болмайтындай көрінеді. Жәнс бір ерекше маңызды жері — революция басшыларды ғана емес, бұқараны да үйретеді.

Революция Россиядағы жұмысшылар бұқарасын социал-демократизмге үйрететініне ешбір күмән болмасқа тиіс. Революция түрлі қоғамдық таптардың шын жаратылысын көрсетіп, біздің демократияның буржуазиялық екенін және буржуазиялық-демократиялық рухта революцияшыл болып отырған, бірақ «социализациялау» идеясын емес, шаруа буржуазиясы мен село пролетариатының арасында болатын жаңа тап күресін білдіретін шаруалардың шын талпынысын көрсетіп, соци-

* Бұл арада «Князь Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс[2] туралы айтылып отыр. (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.*)

** Қараңыз: осы том, 143—144-беттер. *Ред.*

ал-демократияның программасы мен тактикасын іс жүзінде қуаттайды. Ескі халықшылдықтың ескі жалған сенімдерін, мысалы, «социалист-революционерлер партиясы» [4] программасының жобасындағы Россияда капитализмнің дамуы туралы мәселеде де, біздің «қоғамның» демократизмі туралы мәселеде де, шаруалар көтерілісінің толық жеңуінің маңызы туралы мәселеде де мейлінше анық көрініп отырған жалған сенімдерді, осы жалған сенімдердің бәрін революция аяусыз және біржола күлін көкке ұшырады. Революция түрлі таптарды тұңғыш рет нағыз саяси сыннан өткізеді. Бұл таптар өздерін өз идеологтарының программалары мен тактикалық ұрандарында ғана көрсетпей, сонымен бірге бұқараның ашық саяси қимылында да көрсетіп, революциядан белгілі саяси пішін алып шығады.

Революцияның бізді үйрететіні, халық бұқарасын үйрететіні күмәнсыз. Бірақ күрес жүргізіп жатқан саяси партия үшін қазір мәселе мынада болып отыр: революцияға біз өзіміз бірдеңе үйрете аламыз ба? революцияға пролетарлық сипат беру үшін, революцияны сөз жүзінде емес, іс жүзінде нағыз шешуші жеңіске жеткізу үшін, демократиялық буржуазияның тұрақсыздығына, жартыкештігіне, сатқындығына жол бермеу үшін біз социал-демократиялық ілімміздің дұрыстығын, ақырына дейін бірден-бір революцияшыл таппен — пролетариатпен — байланысымызды пайдалана аламыз ба?

Біз өзіміздің барлық күш-жігерімізді осы мақсатқа жұмсауымыз керек. Ал осы мақсатқа жету, бір жағынан, саяси позицияны дұрыс бағалауымызға, тактикалық ұрандарымыздың дұрыс болуына байланысты, ал екінші жағынан, осы ұрандарды жұмысшылар бұқарасының нақты жауынгер күштерінің қолдауына байланысты. Біздің партияның барлық ұйымдары мен топтарының кәдімгі, үнемі жүргізілетін, күнбе-күнгі барлық жұмысы, насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмысы бұқарамен байланысты нығайтып, кеңейтуге бағытталған. Бұл жұмыс әрқашан да қажет, бірақ басқа кездегідей емес, революция кезінде ол жеткіліксіз болып саналады. Мұндай кезде жұмысшы табы ашық революциялық аттанысқа қарай өзінен өзі ұмтылады, сондықтан біз

бұл аттаныстың міндеттерін дұрыс қоя білуге тиіспіз, кейін осы міндеттермен таныстықты және олар жөніндегі түсінікті мүмкін болғанынша кеңінен таратуға тиіспіз. Біздің бұқарамен байланысымыз жөнінде тараи кеткен пессимизм, әсіресе, осы кезде пролетариаттың революциядағы ролі туралы буржуазиялық идеяларды екінің бірінде бүркемелейтінін естен шығармау керек. Күмән жоқ, жұмысшы табын тәрбиелеу, ұйымдастыру жөнінде біз әлі де орасан көп жұмыс істеуіміз керек, бірақ қазіргі кезде барлық мәселе осы тәрбиелеу ісі мен ұйымдастыру ісі салмағының басты саяси өзегі қайда болуға тиіс? дегенде болып отыр. Кәсіпшілік одақтары мен жария қоғамдарда ма, әлде қарулы көтерілісте, революциялық армия мен революциялық үкімет құру ісінде ме? Мұның екеуінде де жұмысшы табы тәрбиеленеді, ұйымдасады. Мұның екеуі де, әрине, қажет. Алайда қазіргі кезде, қазіргі революцияда, барлық мәселе мынада болып отыр: жұмысшы табын тәрбиелеу ісі мен ұйымдастыру ісі салмағының өзегі қайда болады, біріншісінде бола ма әлде екіншісінде бола ма?

Жұмысшы табы буржуазия жәрдемшісінің, самодержавиеге жасайтын тегеуріні жағынан күш-қуаты мол, бірақ саяси жағынан дәрменсіз жәрдемшісінің ролін атқара ма әлде халық революциясы басшысының ролін атқара ма,— революцияның нәтижесі, міне, осыған байланысты. Буржуазияның саналы өкілдері мұны өте жақсы сезеді. Сондықтан да «Освобождение» [5] акимовшылдықты, социал-демократияның ішіндегі *қазір* кәсіпшілер одақтары мен жария қоғамдарды бірінші қатарға қойып отырған, «экономизмді» мадақтап отыр. Сондықтан да Струве мырза («Освобождениенің» 72-номерінде) жаңа искрашылдықтағы акимовшылдықтың принциптік тенденцияларын құттықтап отыр. Оның Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы III съезі [6] шешімдерінің жек көрінішті революциялық тар өрістілігіне қарсы дүрсе қоя беруі де осыдан.

Бұқараға басшылық ету үшін қазір социал-демократияның дұрыс тактикалық ұрандарының айрықша зор маңызы бар. Революция кезінде принцип жағынан байсалды тактикалық ұрандардың маңызын төмендетуден

қауіпті нәрсе жоқ. Мысалы, «Искра» [7] 104-номерінде іс жүзінде социал-демократиядағы өзінің оппоненттері жағына шығып кетіп отыр, бірақ сонымен қатар ол өмірдің алдында бара жатқан, бірқатар сәтсіздіктері, қателері, т. т. бола тұрса да қозғалыстың жүріп келе жатқан жолын көрсетіп отырған ұрандар мен тактикалық шешімдердің маңызы туралы менсінбей сөйлейді. Керісінше, оқиғалардың соңынан сүйретілмей, марксизмнің байсалды принциптері рухында пролетариатқа басшылық еткісі келетін партия үшін тактикалық дұрыс шешімдер белгілеудің маңызы орасан зор. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі мен партияның бөлініп шыққан бөлегі * конференциясының қарарларында барынша дәл, барынша ойластырылған, барынша толық айтылған тактикалық көзқарастар бар; бұлар жеке әдебиетшілердің әлдеқалай айта салған көзқарастары емес, социал-демократиялық пролетариаттың жауапты өкілдері қабылдаған көзқарастар. Баршасы түгел қабылдаған дәл программасы бар біздің партия барлық өзге партиялардың алдында тұр. «Освобождениенің» демократиялық буржуазиясының оппортунизміне қарама-қарсы және программа «жобасын» жариялауды революция кезінде ғана асыға-аптыға қолға алып, көз алдымызда болып жатқан буржуазиялық революция емес пе екен деген мәселемен бірінші рет айналыса бастаған социалист-революционерлердің революцияшыл құрғақ сөзіне қарама-қарсы біздің партия өзінің тактикалық қарарларына тыңғылықты көзқарасы жөнінде де қалған партияларға үлгі көрсетуге тиіс.

Міне сондықтан да, біз Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі мен конференцияның тактикалық қарарларын мұқият зерттеуді, бұл қарарлардағы марксизм принциптерінен ауытқушылықты анықтауды, социал-демократиялық пролетариаттың демократиялық революциядағы нақты міндеттерін түсініп

---

* РСДРП III съезіне (Лондон, май 1905 ж.) большевиктер ғана қатысты. «Конференцияға» (Женева, сол кез) меньшевиктер [8] ғана қатысты; меньшевиктер бұл кітапшада көбінесе «жаңа искрашылдар» деп аталады, өйткені, «Искраны» одан әрі шығара отырып, бұлар өздерінің сол кездегі пікірлесі Троцкийдің тілімен: ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасы жер мен көктей деп жариялаған. (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.*)

алуды революциялық социал-демократияның ең көкейтесті ісі деп есептейміз. Ұсынылып отырған кітапша, міне, осы жұмысқа арналды. Біздің тактикамызды марксизм принциптері мен революция сабақтары тұрғысынан тексеру тек уәж етумен ғана шектелмей, бүкіл Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының келешекте толық бірігуінің негізі ретінде тактика бірлігін шын дайындағысы келетін адам үшін де қажет.

Н. Ленин

Июль 1905 жыл.

1. КӨКЕЙТЕСТІ САЯСИ МӘСЕЛЕ

Бастан кешіріп отырған революциялық кезеңде бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру туралы мәселе күн тәртібінде тұр. Бұл мәселені қалай шешу жөніндегі пікірлер әр қилы. Үш саяси бағыт белгіленіп жатыр. Патша үкіметі халық өкілдерін шақырудың қажеттігін мүмкін деп табады, бірақ қандай жағдайда болса да олардың жиналысын бүкіл халықтық жиналыс және құрылтай жиналысы еткісі келмейді. Булыгин комиссиясының [9] жұмысы туралы газет хабарларына сенетін болсақ, патша үкіметі үгіт еркіндігі болмайтын жағдайда және тар цензділік немесе тар сословиелік шеңбердегі сайлау жүйесі бойынша сайланған кеңесші жиналыстың болуына ризалық білдіреді-міс. Революцияшыл пролетариат, өзіне социал-демократия басшылық етіп отырғандықтан, өкімет билігінің құрылтай жиналысына толық берілуін талап етеді; осы мақсатпен жалпыға бірдей сайлау правосын ғана, толық үгіт еркіндігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның үстіне, патша үкіметін дереу құлатып, оны революциялық уақытша үкіметпен ауыстыруға ұмтылады. Ақырында, либерал буржуазия, «конституциялық-демократиялық партия» [10] деп аталатын партия көсемдерінің айтуымен өздерінің тілектерін білдіріп жүрген либерал буржуазия патша үкіметін құлатуды талап етпейді, уақытша үкімет ұранын ұсынбайды, сайлаудың мейлінше еркін, дұрыс болуының, өкілдер жиналысы нағыз бүкіл халықтық жиналыс, нағыз құрылтай жиналысы болуының нақты кепілдігін талап етпейді. Істің шын мәніне кел-

генде, «освобождениешілдер» бағытының елеулі әлеуметтік тірегі бір ғана өзі болып отырған либерал буржуазия патша мен революцияшыл халықтың арасында мүмкін қадерінше неғұрлым бейбіт келісім жасауға, келісім болғанда өкімет билігінің ең көбі соның, буржуазияның, қолына тиетіндей етіп, ал ең азы революцияшыл халықтың, пролетариат пен шаруалардың, қолына тиетіндей етіп келісім жасауға тырысады.

Қазіргі кездегі саяси жағдай осындай. Қазіргі Россияның басты үш әлеуметтік күшіне сәйкес келіп отырған басты үш саяси бағыт осындай. «Освобождениешілдер» өздерінің жартыкеш саясатын, яғни, неғұрлым тура, неғұрлым анық етіп айтқанда, революция жөніндегі опасыздық, сатқындық саясатын жалған демократиялық сөздермен қалай бүркеп жүргендігін біз «Пролетарийде» (№№ 3, 4, 5) * талай рет айтқан болатынбыз. Енді социал-демократтар қазіргі кезеңнің міндеттерін қалай деп есептеп отырғанын қарап көрейік. Бұл ретте РСДРП III съезінің және партияның бөлініп шыққан бөлегі «конференциясының» таяуда ғана қабылдаған екі қарары өте тамаша материал болып отыр. Бұл қарарлардың қайсысы саяси кезеңді неғұрлым дұрыс ескеріп, революцияшыл пролетариаттың тактикасын неғұрлым дұрыс белгілейтіндігі туралы мәселенің маңызы өте зор, сондықтан өзінің насихатшылық, үгітшілік, ұйымдастырушылық міндеттерін саналы түрде атқарғысы келген кез келген социал-демократ, істің мәніне қатысы жоқ ойларды мүлде былай қойып, осы мәселені барынша көңіл бөліп түсінуге тиіс.

Партияның тактикасы дегеніміз партияның саяси бағдары немесе оның саяси қызметінің сипаты, бағыты, әдістері. Тактикалық қарарларды партия съезі жаңа міндеттер жөнінде немесе жаңа саяси жағдайға байланысты партияның тұтас саяси бағдарын дәл анықтау үшін қабылдайды. Мұндай жаңа жағдайды Россияда басталған революция туғызды, яғни халықтың орасан көпшілігінің патша үкіметімен толық, үзілді-кесілді, ашықтан-ашық ажырасуы туғызды. Жаңа мәселе нағыз

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 270—280, 285—293, 308—315-беттер. *Ред.*

бүкіл халықтық, нағыз құрылтай жиналысын шақырудың практикалық әдістері қандай екендігінде болып отыр (мұндай жиналыс туралы мәселені теориялық жағынан социал-демократия әлдеқашан-ақ, өзге партиялардың бәрінен бұрын ресми түрде, өзінің партиялық программасында шешкен болатын). Егер халық үкіметпен ажырасқан болса, ал бұқара жаңа тәртіп орнату қажеттігін түсінген болса, онда үкіметті құлатуды өзіне мақсат еткен партия құлатылатын ескі үкіметтің орнына қандай үкімет қою керек екені туралы ойлауы қажет. Осыдан келіп революциялық уақытша үкімет туралы *жаңа* мәселе туады. Бұл мәселеге толық жауап беру үшін, саналы пролетариаттың партиясы, 1-ден, болып жатқан революциядағы және жалпы алғанда пролетариаттың бүкіл күресіндегі революциялық уақытша үкіметтің *маңызын*, 2-ден, революциялық уақытша үкіметке өзінің *көзқарасын*, 3-ден, бұл үкіметке социал-демократияның *қатысуының* дәл шарттарын, 4-ден, бұл үкіметте социал-демократия болмаған күнде, ол үкіметке *төменнен* жасалатын қысымның шарттарын анықтауға тиіс. Осы мәселелердің бәрі анықталғанда ғана партияның бұл жөніндегі саяси бағдары принципті, айқын және берік болады.

Енді РСДРП III съезінің қарары бұл мәселелерді қалай шешетінін қарап өтелік. Қарардың толық тексті мынау:

«*Революциялық уақытша үкімет туралы қарар.*

Төмендегілерді еске ала отырып:

1) пролетариаттың тікелей мүдделері де, пролетариаттың социализмнің түпкі мақсаттары жолындағы күресінің мүдделері де мүмкін болғанынша толығырақ саяси бостандықты, ал олай болса, басқарудың самодержавиелік формасын демократиялық республикамен алмастыруды талап ететінін;

2) Россияда демократиялық республиканы халықтың жеңімпаз көтерілісі нәтижесінде ғана жүзеге асыруға болатынын, бұл көтерілістің органы революциялық уақытша үкімет болатынын, ол үкімет — сайлау қарсаңындағы үгіттің толық еркін болуын қамтамасыз ете алатын және дауысты жасырын беру жағдайында жал-

пыға бірдей, тең, төте сайлау правосы негізінде халықтың тілегін шын көксейтін құрылтай жиналысының шақырылуын қамтамасыз ете алатын бірден-бір үкімет болатынын;

3) Россияның қазіргі қоғамдық-экономикалық құрылысы тұсында Россиядағы бұл демократиялық төңкеріс буржуазияның үстемдігін әлсіретпей, қайта күшейте түсетінін, буржуазия белгілі кезеңде ештеңеден іркілмей, Россия пролетариатынан революциялық дәуірдегі қолы жеткен жеңістерінің анағұрлым көбірек бөлігін тартып алуға сөзсіз тырысатынын еске ала отырып,—

РСДРП III съезі қаулы етеді:

а) революция дамуының неғұрлым ықтимал жолдары туралы және революцияның белгілі кезеңінде революциялық уақытша үкіметтің пайда болу қажеттігі туралы, осы революциялық уақытша үкіметтен пролетариат біздің программамыздың таяудағы барлық саяси, экономикалық талаптарын (программа-минимум) жүзеге асыруды талап ететіндігі туралы жұмысшы табына нақты ұғымды тарату қажет;

б) күштердің арасалмағына және алдын ала дәл болжауға келмейтін басқа да факторларға қарай, контрреволюциялық әрекеттердің бәріне қарсы аянбай күресу және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау мақсатымен, революциялық уақытша үкіметке біздің партия уәкілдерінің қатысуына болады;

в) өз уәкілдерін партияның қатаң бақылауы және толық социалистік төңкеріс жасауға тырысатын, сондықтан да барлық буржуазиялық партияларға ымыраға келместей дұшпан социал-демократияның тәуелсіздігін бұлжытпай қорғау осы қатысудың қажетті шарты етіліп қойылады;

г) революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы мүмкін болатын-болмайтынына қарамастан, қаруланған және социал-демократия бастаған пролетариаттың тарапынан революцияның жеңістерін қорғау, нығайту, кеңейту мақсатымен уақытша үкіметке үнемі қысым жасап отыру қажеттігі жөніндегі идеяны пролетариаттың нағыз қалың топтары арасында насихаттау керек».

2. РСДРП III СЪЕЗІНІҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

РСДРП III съезінің қарары, оның атынан көрініп тұрғанындай, түгелдей революциялық уақытша үкімет туралы мәселеге ғана арналған. Мұның өзі социал-демократтардың революциялық уақытша үкіметке қатысуы қарарға мәселенің бір бөлегі ретінде кіреді деген сөз. Екінші жағынан, әңгіме басқа еш нәрсе туралы емес, революциялық уақытша үкімет туралы ғана болып отыр; демек, жалпы «өкіметті жеңіп алу», т. с. туралы мәселе болса да бұған мүлде кірмейді. Осы соңғы мәселені және сол сияқты мәселелерді сырт қалдырып, съезд дұрыс істеді ме? Күмән жоқ, дұрыс істеді, өйткені Россияның саяси жағдайы мұндай мәселелерді тіпті де күн тәртібіне қойып отырған жоқ. Қайта, бүкіл халық самодержавиені құлатуды, құрылтай жиналысын шақыруды кезектегі мәселе етіп қойып отыр. Партия съездері қайсыбір әдебиетшінің орынды не орынсыз қозғаған мәселелерін емес, кезеңнің жағдайлары және қоғамдық дамудың объективтік барысы тұрғысынан елеулі саяси маңызы бар мәселелерді шешуді алға қоюға тиіс.

Қазіргі революцияда және пролетариаттың жалпы күресінде революциялық уақытша үкіметтің қандай маңызы бар? Съездің қарары пролетариаттың тікелей мүдделері тұрғысынан қарағанда да, «социализмнің түпкі мақсаттары» тұрғысынан қарағанда да «мүмкін болғанынша толығырақ саяси бостандықтың» қажеттігін ең басында-ақ атап көрсетіп, осыны түсіндіреді. Ал толық саяси бостандық, біздің партиялық программада айтылғандай, патша самодержавиесін демократиялық республикамен алмастыруды талап етеді. Съездің қарарында демократиялық республика ұранын баса айту логика жағынан да, принцип жағынан да қажет, өйткені пролетариат, демократия жолында алдыңғы қатарлы күрескер болғандықтан, нақ осы толық бостандыққа жетуге ұмтылады; оның үстіне, дәл қазір бізде монархистер, атап айтқанда: конституциялық-«демократиялық» немесе «освобожденниелік» деп аталып жүрген партия «демократизм» жалауын бетке ұстап шығып жүргендіктен

де осыны баса айту нақ қазіргі кезеңде өте-мөте орынды. Республика құру үшін, сөз жоқ, халық өкілдерінің жиналысы қажет болады, бұл жиналыс қалайда бүкіл халықтық жиналыс (дауыс жасырын берілетін, жалпыға бірдей, тең, төте сайлау правосы негізінде), құрылтай жиналысы, болуға тиіс. Съездің қарары бұдан әрі де осылай деп біледі. Бірақ ол мұнымен шектелмейді. «Халықтың еркін шын білдіретін» жаңа тәртіп орнату үшін, өкілдер жиналысын құрылтай жиналысы деп атау жеткіліксіз. Бұл жиналыстың қолында республиканы «құратын» билік пен күш болуы керек. Осыны ескере отырып, съездің қарары «құрылтай жиналысы» жөніндегі формальды ұранмен шектелмей, бұған материалдық шарттарды қосады; тек осындай шарттардың болуы арқасында ғана бұл жиналыс өз міндетін шындап орындай алуы мүмкін. Сөз жүзіндегі құрылтай жиналысының іс жүзіндегі құрылтай жиналысына айналуына мүмкіндік беретін шарттарды осылай атап көрсету өте қажет, өйткені либерал буржуазия, конституциялық-монархиялық партия арқылы, бүкіл халықтық құрылтай жиналысының ұранын бос сөзге айналдырып, көрер көзге бұрмалағанын біз талай рет айтқанбыз.

Съездің қарары былай дейді: сайлау алдындағы үгіттің толық еркін болуын қамтамасыз ету және халықтың тілегін шын көксейтін жиналысты шақыру *тек қана* революциялық уақытша үкіметтің, соның өзінде халықтың жеңімпаз көтерілісінің органы болып табылатын үкіметтің қолынан келеді. Бұл қағида дұрыс па? Кімде-кім оған дау айтқысы келсе, онда ол патша үкіметі реакцияға қол ұшын бермей тұра алады, сайлау тұсында бұл үкімет бейтарап бола алады, халықтың тілегін шын көксеу жөнінде қамқорлық жасай алады деуге тиіс. Мұндай пікірлердің өрескелдігі сонша, оларды ашықтан-ашық ешкім де жақтамайды, тек біздің освобожденешілдер ғана, либералдық жалауды жамылып, мұндай пікірлерді жасырын таратады. Құрылтай жиналысын әйтеуір біреу шақыруға тиіс; сайлаудың еркін, дұрыс болуын әйтеуір біреу қамтамасыз етуге тиіс; бұл жиналысқа күш пен билікті әйтеуір біреу тұтас алып беруге тиіс: көтерілістің органы болып табыла-

тын революциялық үкімет қана осыны істеуді шын ниетімен тілей алады және мұны жүзеге асыру үшін бәрін істеуге шамасы жетеді. Патша үкіметі бұған қарсылық жасамай тұра алмайды. Патшамен келісім жасап отырған, халық көтерілісіне толығынан сүйенбейтін либералдық үкіметтің мұны шын ниетімен тілеуге де, керек десе, шын ниетімен тілеген күннің өзінде, мұны жүзеге асыруға да қабілеті жетпейді. Демек, съездің қарары бірден-бір дұрыс, нағыз дәйекті демократиялық ұран беріп отыр.

Бірақ демократиялық төңкерістің таптық сипаты естен шығарылған болса, онда революциялық уақытша үкіметтің маңызына берілген баға толық және дұрыс болмас еді. Сондықтан төңкеріс буржуазияның үстемдігін күшейтеді дегенді қарар қоса айтып отыр. Қазіргі, яғни капиталистік, қоғамдық-экономикалық құрылыс тұсында мұның өзі болмай қоймайды. Ал саяси жағынан азды-көпті еркін пролетариатқа буржуазия үстемдігінің күшеюі нәтижесінде бұлардың арасында өкімет үшін кескілескен күрес болмай қоймайды, буржуазия «пролетариаттан революциялық дәуірде қолы жеткен жеңістерін тартып алуға» жанталаса әрекет жасамай қоймайды. Сондықтан да пролетариат барша жұрттың алдында және барша жұртты бастап демократия үшін күрес жүргізе отырып, буржуазиялық демократияның қойнауында жатқан жаңа қайшылықтар туралы, жаңа күрес туралы бір минут та ұмытпауға тиіс.

Сөйтіп, революциялық уақытша үкіметтің маңызы қарардың біз қарастырып өткен бөлімінде оның бостандық үшін және республика үшін күреске көзқарасы жағынан да, құрылтай жиналысына көзқарасы жағынан да, жаңа тап күресіне жол ашатын демократиялық төңкеріске көзқарасы жағынан да толық бағаланған.

Бұдан әрі пролетариаттың революциялық уақытша үкімет жөніндегі позициясы тегінде қандай болуға тиіс? деген сұрақ туады. Съезд қарары бұған ең алдымен революциялық уақытша үкіметтің қажет екендігіне жұмысшы табын сендіру керек деген партияның тура кеңесімен жауап береді. Бұл қажеттікті жұмысшы табы ұғынуға тиіс. «Демократиялық» буржуазия пат-

ша үкіметін құлату туралы мәселені тасада қалдырып отырса, біз бұл мәселені бірінші орынға қойып, революциялық уақытша үкіметтің қажеттігін талап етуге тиіспіз. Ол ол ма, біз бұл үкімет атқаратын іс-әрекеттер программасын, бастан кешіріп отырған тарихи кезеңнің объективтік жағдайларына және пролетарлық демократияның міндеттеріне сәйкес келетін программаны көрсетуге тиіспіз. Бұл программа — партиямыздың *бүкіл* программа-минимумы, бір жағынан, қазіргі қоғамдық экономикалық қатынастар негізінде жүзеге асыруға әбден болатын және, екінші жағынан, одан әрі алға қарай қадам басу үшін, социализмді жүзеге асыру үшін қажет болатын ең таяудағы саяси және экономикалық өзгерістер жасау программасы.

Сонымен, қарар революциялық уақытша үкіметтің сипаты мен мақсатын толық анықтап отыр. Өзінің тегі мен негізгі сипаты жағынан, бұл үкімет халық көтерілісінің органы болуға тиіс. Өзінің ресми міндеті жағынан бұл үкімет бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырудың құралы болуға тиіс. Қызметінің мазмұны жағынан бұл үкімет пролетарлық демократияның, самодержавиеге карсы көтерілген халықтың мүдделерін қамтамасыз етуге бірден-бір қабілетті пролетарлық демократияның программа-минимумын жүзеге асыруға тиіс.

Уақытша үкімет, уақытша болғандықтан, бүкіл халық әлі мақұлдай қоймаған дұрыс программаны жүзеге асыра алмайды деп қарсы дау айтушылар болуы мүмкін. Мұндай қарсылық реакцияшылдар мен «самодержавиешілдердің» софизмі ғана болар еді. Ешбір дұрыс программаны жүзеге асырмау—шіріген самодержавиенің крепостниктік тәртіптерінің өмір сүре беруіне төзу деген сөз. Мұндай тәртіптерге халық көтерілісінің органы саналатын үкімет емес, революция ісіне опасыздық етушілердің үкіметі ғана төзе алар еді. Егер біреу-міреу құрылтай жиналысы жиналыстар бостандығын қабылдамауы да мүмкін-ау дегенді сылтауратып, жиналыстар бостандығын құрылтай жиналысы қабылдағанға дейін жүзеге асырудан бас тартуды ұсынса, онысы күлкі болар еді! Революциялық уақытша үкіметтің

программа-минимумын дереу жүзеге асыруына қарсы болу да нақ сондай күлкі болып табылады.

Ақырында, қарар программа-минимумды жүзеге асыруды революциялық уақытша үкіметтің міндеті етіп қоя отырып, сонымен бірге ол программа-максимумды дереу жүзеге асыру туралы, социалистік төңкеріс жасау үшін өкіметті жеціп алу туралы жартылай анархистік қисынсыз пікірлерге жол беретінін айта кетелік. Россияның экономикалық даму дәрежесі (объективтік жағдай) және пролетариаттың қалың бұқарасының саналылығы мен ұйымшылдығының дәрежесі (объективтік жағдаймен тығыз байланысты субъективтік жағдай) жұмысшы табын дереу толық азат етуге мүмкіндік бермейді. Болып жатқан демократиялық төңкерістің буржуазиялық сипатын тек нағыз надан адамдар ғана елемеуі мүмкін;— социализмнің мақсаттары туралы, оны жүзеге асырудың әдістері туралы жұмысшылар бұқарасының әлі де аз білетінін барып тұрған аңқау оптимистер ғана ұмытуы мүмкін. Ал жұмысшыларды азат ету жұмысшылардың өз ісі ғана болуға тиісті екендігіне біз бәріміз сенеміз; бұқараның саналылығы мен ұйымшылдығы болмайынша, оларды бүкіл буржуазияға қарсы ашық тап күресі арқылы даярлап, тәрбиелемейінше, социалистік революция туралы сөз болуы да мүмкін емес. Ал социалистік төңкерісті кейінге қалдырып отырсыңдар дейтін анархистік наразылыққа жауап ретінде біздің айтарымыз: біз оны кейінге қалдырып отырған жоқпыз, қайта соған қарай бірден-бір мүмкін әдіс арқылы бірден-бір дұрыс жолмен, атап айтқанда, демократиялық республика жолымен алғашқы қадам жасап отырмыз. Кімде-кім социализмге қарай басқа жолмен, саяси демократизмнен басқа жолмен жүргісі келсе, ол экономикалық мағынасы жағынан да, саяси мағынасы жағынан да қисынсыз және реакциялық қорытындыларға келмей қоймайды. Егер жұмысшылардың бірі болмаса бірі тиісті кезеңде бізден: біз неге программа-максимумды жүзеге асырмаймыз, деп сұрай қалса, біз оларға демократиялық пиғылдағы халық бұқарасы социализмнен әлі алыс жатқанын, таптық қайшылықтар әлі дамымағанын, про-

летарлар әлі ұйымдаспағанын айтып жауап береміз. Бүкіл Россия көлемінде жүз мыңдаған жұмысшыларды ұйымдастырыңызшы, өз программаңызға тілектестікті миллиондаған адамдардың арасына таратыңызшы! Анархистердің даурықпа, бос сөздерімен шектелмей, осыны істеп көріңіздерші,— сонда сіздер осы ұйымдастыру ісін жүзеге асыру, осы социалистік ағарту ісін тарату демократиялық өзгерістерді мүмкін болғанынша толығырақ жүзеге асыруға байлапысты екенін салған жерден көресіздер.

Енді бұдан да әрірек барайық. Революциялық уақытша үкіметтің маңызы мен пролетариаттың оған көзқарасы анықталғаннан кейін мынадай сұрақ туады: біздің революциялық уақытша үкіметке қатысуымызға (жоғарыдан қимыл жасау) бола ма және қандай жағдайларда қатысуымыз керек? Біздің төменнен жасайтын қимылымыз қандай болуға тиіс? Қарар бұл екі сұрақтың екеуіне де дәл жауап береді. Принцип жағынан алганда, социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке (демократиялық төңкеріс заманында, республика үшін күрес заманында) қатысуына *болады* деп қарар үзілді-кесілді мәлімдейді. Бұлай мәлімдеу арқылы біз осы сұраққа принцип жағынан теріс мағынада жауап беретін анархистерден де, мұндай қатысу бізге қажет бола қалғандай күнде, мұның түбі жаман болады деп бізді *қорқытқан* социал-демократияның артта жүрушілерінен де (Мартынов пен жаңа искрашылдар сияқтылардан) іргемізді біржолата аулақ салып отырмыз. Бұлай мәлімдеу арқылы РСДРП III съезі жаңа «Искраның» — социал-демократтардың революциялық уақытша үкіметке қатысуы мильеранизмнің [11] бір түрі болады-мыс дейтін, буржуазиялық тәртіпті дәріптеушілік болып шығатындықтан принцип жағынан бұған жол беруге болмайды-мыс дейтін пікірін және т. т. біржолата қабылдамай тастады.

Бірақ принцип жағынан алғанда қатысуға болатыны туралы мәселе практикалық жағынан алғанда қатысудың орынды екендігі туралы мәселені әлі шеше қоймайтыны өзінен-өзі түсінікті. Күрестің бұл жаңа түрі, «жоғарыдан» жүргізілетін күрестің партия съезі қабылда-

ған жаңа түрі қандай жағдайда орынды болады? Күштердің арасалмағы, т. с. сияқты нақты жағдайлар туралы сөз ету қазір мүмкін емес екені өзінен-өзі түсінікті; сондықтан да қарар бұл жағдайларды алдын ала ашып айтудан, әрине, бас тартып отыр. Қазіргі кезеңде біз көңіл бөліп отырған мәселе жөнінде бірдеңені болжап айтуға бірде-бір есі дұрыс адам бармайды. Біздің қатысуымыздың сипаты мен мақсатын белгілеуге болады, белгілеу қажет те. Қарар, осылай істеп, қатысудың екі мақсатын көрсетіп отыр: 1) контрреволюциялық әрекеттерге қарсы аяусыз күрес жүргізу және 2) жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау. Либерал буржуалар революцияшыл халықты үрейлендіруге тырысып және оны самодержавиеге көнгіштікке итермелеп, реакцияның психологиясы туралы («Освобождениенің» 71-номеріндегі Струве мырзаның өте үлгі боларлық «Ашық хатын» қараңыз) жанын сала сөз қозғай бастағанда,— міне, осындай кезде контрреволюцияға қарсы нағыз соғыстың міндеті туралы пролетариат партиясының ескертуі өте-мөте орынды. Саяси бостандық пен тап күресінің ұлы мәселелерін, сайып келгенде, тек күш қана шешеді, сондықтан біз осы күшті әзірлеу, ұйымдастыру жөнінде және оны қорғануға ғана емес, сонымен бірге шабуылға да белсене қолдану жөнінде қам жасауға тиіспіз. Париж Коммунасы заманынан бері Европада үздіксіз дерлік үстем болып келген саяси реакцияның ұзақ заманы «төменнен» ғана қимыл жасау пікіріне бізді тым жақындастырып жіберді, қорғаныс күресін ғана бақылап отыруға бізді тым дағдыландырып жіберді. Біз қазір, күмән жоқ, жаңа заманға аяқ бастық; саяси сілкіністер мен революциялар дәуірі басталды. Россия бастан кешіріп отырған осындай дәуірде ескі үлгімен шектеліп қалуға болмайды. Жоғарыдан қимыл жасау идеясын насихаттау керек, нағыз жігерлі, тегеуірінді қимылдарға дайындалу керек, мұндай қимылдардың шарттары мен формаларын зерттеп үйрену керек. Съезд қарары осындай шарттардың екеуін бірінші қатарға қойып отыр: біреуі социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуының формальды жағына байланысты (өз уәкілдерін партия-

ның қатаң бақылауы), екіншісі осы қатысудың сипатына байланысты (толық социалистік төңкеріс жасау мақсаттарын бір минут та естен шығармау).

Сөйтіп, «жоғарыдан» қимыл жасау кезіндегі — күрестің бұған дейін болып көрмеген дерлік осы жаңа әдісі тұсындағы — партия саясатын барлық жағынан анықтап алады да, қарар жоғарыдан қимыл жасауға бізге мүмкіндік болмай қалатын ретті де алдын ала ескереді. Революциялық уақытша үкіметке төменнен ықпал жасауға біз қай кезде болса да міндеттіміз. Төменнен осылай қысым жасау үшін пролетариат қаруланған болуға тиіс,— өйткені революциялық кезеңде іс тура азамат соғысына өте-мөте тез жетеді,— және пролетариатқа социал-демократия басшылық етуге тиіс. Пролетариаттың қаруланып қысым жасаудағы мақсаты — «революцияның жеңістерін қорғау, нығайту және кеңейту», яғни, пролетариаттың мүдделері тұрғысынан қарағанда, бұл жеңістер біздің бүкіл программа-минимумымызды жүзеге асыруда болуға тиіс.

Осымен біз III съездің революциялық уақытша үкімет туралы қарарын қысқаша талдауды аяқтаймыз. Оқушының көріп отырғанындай, бұл қарар жаңа мәселенің маңызын да, ол мәселеге пролетариат партиясының көзқарасын да, революциялық уақытша үкіметтің ішінде болсын, сыртында болсын, партияның жүргізетін саясатын да анықтап түсіндіреді.

Енді «конференцияның» осы мәселеге қатысты қарарын талдап көрейік.

3. «ПАТША ӨКІМЕТІН РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БІРЖОЛА ЖЕҢІП ШЫҒУЫ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

«Конференцияның» қарары *«өкіметті жеңіп алу және уақытша үкіметке қатысу туралы»* * мәселеге арналған. Біздің атап көрсеткеніміздей, шатастырушылық мәселені осылай қоюдың өзінен-ақ шығып тұр. Бір жағынан, мәселе тар шеңберде қойылып отыр: революция-

* Бұл қарардың толық текстін оқушы осы кітапшаның 400, 403—404, 407, 431 және 433—434-беттерінде келтірілген цитаттардан еске түсіре алады. (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. Қараңыз: осы том, 20, 26, 32, 70, 74—75-беттер. *Ред.)*

лық уақытша үкімет жөніндегі партияның жалпы міндеттері туралы қойылмай, уақытша үкіметке біздің қатысуымыз туралы ғана қойылған. Екінші жағынан, мүлде екі басқа мәселе: *демократиялық* төңкеріс сатыларының біріне біздің қатысуымыз туралы мәселе мен *социалистік* төңкеріс туралы мәселе араласып кетіп отыр. Шынында, социал-демократияның «өкіметті жеңіп алуы» дегеніміздің өзі, егер бұл сөздерді тура және кәдуілгі мағынасында қолдансақ, социалистік төңкеріс, басқа түк те болуы мүмкін емес. Ал бұл сөздерді өкіметті социалистік төңкеріс үшін емес, демократиялық төңкеріс үшін жеңіп алу мағынасында түсінсек, онда революциялық уақытша үкіметке қатысу туралы ғана емес, *жалпы* «өкіметті жеңіп алу» туралы сөз қылуда қандай мағына бар? Шамасы, біздің «конференттердің» өздері нені сөз қылу керек екенін: демократиялық төңкеріс туралы сөз қылу керек пе әлде социалистік төңкеріс туралы сөз қылу керек пе, осының өзін жақсылап білмеген. Кімде-кім осы мәселе жөніндегі әдебиетті қадағалап отырған болса, ол бұл шатастырушылыққа жол беруді өзінің атақты «Екі диктатурасында» Мартынов жолдастың бастағанын біледі: артта жүрушілік жағынан осы үлгілі шығармада (тіпті 9 январьға дейін) бұл мәселенің қалай қойылғаны туралы жаңа искрашылдар естеріне түсіргісі келмейді-ақ, бірақ бұл шығарманың конференцияға идеялық әсері болғандығында күмән жоқ.

Бірақ қарардың атын былай қоя тұралық. Оның мазмұны анағұрлым терең, анағұрлым елеулі қателердің бар екенін көрсетеді. Қарардың бірінші бөлімі мынау:

> «Революцияның патша өкіметін біржола жеңіп шығуы не жеңімпаз халық көтерілісінен туған уақытша үкіметті құрумен аяқталуы, не болмаса халықтың тікелей революциялық қысымымен бүкіл халықтық құрылтай жиналысын ұйымдастыруға ұйғаратын қайсыбір өкілетті мекеменің революциялық инициативасымен аяқталуы мүмкін».

Сөйтіп, бізге революцияның патша өкіметін біржола жеңіп шығуы жеңімпаз көтеріліс болуы да мүмкін... өкілдік мекеменің құрылтай жиналысын ұйымдастыруға ұйғаруы болуы да мүмкін дейді! Бұл не? бұл қалай?

Біржола жеңіп шығу құрылтай жиналысын ұйымдастыруға «ұйғарумен» аяқталуы мүмкін бе?? Және мұндай «жеңіс» «жеңімпаз халық көтерілісінен туған» уақытша үкіметті құрумен қатар қойылып отыр-ау!! *Жеңімпаз* халық көтерілісі және уақытша үкімет *құру* революцияның *іс жүзінде* жеңуі екенін, ал құрылтай жиналысын ұйымдастыруға «ұйғару» революцияның *сөз жүзінде* ғана жеңуі екенін конференция байқамаған. Жаңа искрашыл-меньшевиктердің конференциясы либералдардың, освобождениешілдердің ылғи ұшырай беретін қатесіне ұрынып отыр. Освобождениешілдер, күш пен өкімет билігін патшаның қолында қалдырушылықты ұялғаннан көргісі келмей, «құру» үшін құратын *күш* болуы керек екенін ұмытып, «құрылтай» жиналысы туралы сөзуарлыққа салынады. Конференция қандай өкілдердің болса да «ұйғарымы» мен бұл шешімнің жүзеге асуының арасы әлі алыс екенін де ұмытқан. Өкімет билігі патшаның қолында қалып отырғанда, мейлі тіпті қандай өкілдердің қандай шешімі болса да, 1848 жылғы герман революциясының тарихындағы атақты Франкфурт парламентінің «шешімдері» сияқты, түкке тұрғысыз бос мылжың болып қалатынын да конференция ұмытқан. Революцияшыл пролетариаттың өкілі Маркс өзінің «Жаңа Рейн Газетінде» [12] Франкфурттағы либерал «освобождениешілдерді» олар жақсы-жақсы сөздер сөйледі, толып жатқан демократиялық «шешімдер» қабылдады, толып жатқан бостандықтар құрды, ал іс жүзінде өкімет билігін корольдің қолында қалдырды, корольдің қарамағындағы соғыс күшіне қарсы қарулы күрес ұйымдастырмады деп аяусыз мысқылдап әшкерелеген болатын. Ал Франкфурт освобождениешілдері босқа мылжыңдап жүргенде, король қолайлы уақытты күте тұрды, өзінің соғыс күшін шығайтып алды, сөйтіп контрреволюция, нақты күшке сүйеніп, барлық сырты әсем «шешімдерімен» қоса демократтардың талқанын шығарды.

Конференция жеңістің үзілді-кесілді шарты жетіспей тұрған нәрсені үзілді-кесілді жеңіске теңеп отыр. Біздің партияның республикалық программасын мойындайтын социал-демократтар бұл қатеге қалайша ұрын-

ды? Осы бір сөкет құбылысты түсіну үшін партияның бөлініп шыққан бөлігі туралы III съездің қарарын қарап шығу керек *. Бұл қарарда біздің партияның ішінде ««экономизммен» тектес» түрлі ағымдардың жүргендігі көрсетіледі. «Экономистер» саяси күрес туралы немесе 8 сағаттық жұмыс күні туралы қалай ойласа, біздің конференттер де (бұлар, шынында, Мартыновтың идеялық басшылығына босқа еріп жүрген жоқ) революция туралы нақ солай ойлайды. «Экономистер» дереу мынадай «сатылар теориясын» таратты: 1) праволар үшін күресу; 2) саяси үгіт; 3) саяси күрес,— немесе 1) 10 сағаттық жұмыс күні; 2) 9 сағаттық жұмыс күні; 3) 8 сағаттық жұмыс күні. Осы «тактика-процестен» қандай нәтиже шыққаны баршаға әбден мәлім. Енді бізге революцияны да алдын ала мынадай сатыларға жақсылап бөлуді ұсынып отыр: 1) патша өкілдік мекемені шақырады; 2) бұл өкілдік мекеме «халықтың» қысымымен құрылтай жиналысын ұйымдастыруға «ұйғарады»; 3) ... үшінші саты туралы меньшевиктер белгілі бір тоқтамға әлі келген жоқ; олар халықтың революциялық қысымы патша өкіметінің контрреволюциялық қысымына кез болатынын, сондық-

* Бұл қарардың толық текстін келтірейік: «Съезд РСДРП ішінде опың «экономизммен» күрескен уақытынан бастап осы кезге дейін түрлі шамада, түрлі қатынаста «экономизммен» тектес сарын сақталып келе жатқанын көрсетіп өтеді, бұл сарынның жалпы тенденциясы пролетариат күресіндегі саналылық элементтерінің маңызын түсіріп, оларды стихиялық элементтерге бағындыруға ұмтылумен сипатталады. Бұл сарынның өкілдері ұйымдастыру мәселесінде партияның жоспарлы түрде тәртіпке салынған жұмысына сәйкеспейтін ұйымдастыру-процесс принципін теория жүзінде ұсынады да, практика жүзінде көбінесе партия тәртібінен ауа жайылу жүйесін жүргізеді, ал кейде, орыс өмірі шындығының объективтік жағдайларымен санаспайтын сайлау тәртібін кең қолдану жөнінде партияның санасы кемірек бөлегіне арнап уағыздау жүргізіп, партия байланысының қазіргі уақыттағы бірден-бір мүмкін болып отырған негіздерін бұзуға тырысады. Олар тактика мәселелерінде, партияның либерал-буржуазиялық партиялар жөніндегі ақырына дейін тәуелсіз тактикасына қарсы шығып, партиямыздың халық көтерілісіндегі ұйымдастырушылық ролін өз мойнына алуына болатынына және алуы керек екеніне қарсы шығып, партияның демократиялық-революциялық уақытша үкіметке қандай жағдайларда болса да қатысуына қарсы шығып, партия жұмысының өрісін тарылтуға тырысады.

Съезд партияның барлық мүшелеріне — революциялық социал-демократия принциптерінен мұндай жекелеген ауа жайылушылықтарға қарсы барлық жерлерде идеялық жігерлі күрес жүргізуді ұсынады, бірақ сонымен қатар — мұндай көзқарастарға азды-көпті қосылған адамдар партия съездері мен партия уставын мойындай отырып, партия тәртібіне толық бағынғанда ғана, осы қажетті шартты орындағанда ғана партия ұйымдарына қатыса алады, деп табады» (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.)*

тан «шешім» не жүзеге аспай қалатынын, не болмаса істің тағдырын тағы да халық көтерілісінің жеңуі немесе жеңілуі шешетінін ұмытқан. Конференцияның қарары «экономистердің» мына пікірінен айна қатесіз аумайды: жұмысшылардың біржола жеңуі не 8 сағаттық жұмыс күнін революциялық жолмен жүзеге асырумен, не болмаса он сағаттық жұмыс күнін сыйға алумен және тоғыз сағаттық жұмыс күніне көшуге «шешім қабылдаумен» аяқталуы мүмкін... Айна қатесіз дәл соның өзі.

Сірә, қарардың авторлары көтерілістің жеңісін патша шақырған өкілдік мекеменің «шешіміне» *теңеуді* ойламаған, олар тек екі жағдайда да партияның тактикасың алдын ала белгілемекші ғана болған, деп бізге қарсы дау айтылуы мүмкін. Бұған біздің айтар жауабымыз: 1) қарардың тексті өкілдік мекеменің *ұйғарымын* «революцияның патша өкіметін үзілді-кесілді жеңуі» деп екіұшты емес, тура айтып отыр. Мүмкін, бұл редакциясын салақ қарағандықтың салдары шығар, мүмкін, протоколдар бойынша оны түзетуге болатын шығар, бірақ әлі түзетілмей тұрғанда, бұл редакциясының бір-ақ мағынасы болуы мүмкін және ол бүтіндей *освобождениелшілдік* мағына. 2) Қарар авторлары ұрынған «освобождениешілдік» ой желісі жаңа искрашылдардың басқа әдеби шығармаларында одан бетер айқын көрінеді. Мысалы, Тифлис комитетінің органы «Социал-Демократтағы» [13] (грузин тілінде шығады; мұны «Искра» 100-номерінде мақтаған) «Земство жиыны және біздің тактикамыз» деген мақала тіпті — «Земство жиынын біздің қимыл-әрекетіміздің өзегі етіп таңдап отырған» «тактика» (өз жанымыздан қоссақ, ол жиынның шақырылуы туралы біз әлі анық еш нәрсе білмейміз!) қарулы көтеріліс жасау және революциялық уақытша үкімет құру «тактикасынан» гөрі *«біз үшін тиімдірек»* деуге дейін барып отыр. Біз кейін бұл мақалаға тағы қайтып ораламыз. 3) Революция жеңген жағдайда да, революция жеңілген жағдайда да, көтеріліс табысты болған жағдайда да, көтеріліс елеулі күшке айналып өрши алмаған жағдайда да партияның тактикасын алдын ала талқылауға ешбір қарсылық көр-

сетуге болмайды. Мүмкін, патша үкіметі либерал буржуазиямен келісім жасау мақсатымен өкілдік жиналыс шақыра алар,— III съездің қарары, осы жағдайды алдан аңғарып, «екіжүзділік саясат» туралы, «жалған демократизм» туралы, «халық өкілдігінің Земство жиыны дейтін карикатуралық формалары» туралы ашық айтып отыр *. Бірақ істің мәні осының революциялық уақытша үкімет туралы қарарда айтылмағандығында болып отыр, өйткені мұның революциялық уақытша үкіметке қатысы жоқ. Бұл жағдай көтеріліс жасау және революциялық уақытша үкімет құру проблемасын кейінге қалдырады, оны өзгертеді, т. т. Ал ендігі жерде әңгіме түрлі айлалы әрекеттердің болуы мүмкін екені туралы, жеңу де, жеңілу де, төте жолдар да, бұрма жолдар да болуы мүмкін екені туралы болып отырған жоқ,— әңгіме жұмысшылардың шын революциялық жол туралы ұғымына шатастырушылық енгізу социал-

* Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы тактикасына көзқарас туралы бұл қарардың тексті, міне, мынау:

«Үкіметтің өзін сақтап қалу мақсатымен бастан кешіріп отырған революциялық дәуірде, көбінесе пролетариаттың саналы элементтеріне қарсы бағытталған дағдылы қуғын-сүргінді күшейте отырып, сонымен қатар 1) жеңілдік жасау, реформа жасалады деп уәде беру арқылы жұмысшы табын саяси жағынан аздыруға, сөйтіп революциялық күрестен оның көңілін басқа жаққа аударуға тырысатынын; 2) сол мақсатты көздеп, жұмысшыларды комиссиялар мен кеңестерге өз өкілдерін сайлауға шақырудан бастап, халық өкілдігінің Земство жиыны дейтіндер сияқты карикатуралық формаларын құруға дейін баратын жеңілдік жасау жөніндегі өзінің екіжүзділік саясатын жалған демократиялық формамен бүркемелейтінін; 3) қаражүзділер деп аталатындарды ұйымдастырып, халықтың жалпы реакцияшыл, санасыз немесе нәсілдік және діни өшпенділіктің салдарынан топас болып қалған элементтерінің бәрін революцияға қарсы қоятынын еске ала келіп.—

РСДРП III съезі барлық партия ұйымдарына төмендегілерді жүктеуге қаулы етеді:

а) үкімет жеңілдіктерінің реакциялық мақсатын әшкерелей отырып, бір жағынан, ол жеңілдіктердің амалсыздан жасалатынын, екінші жағынан, самодержавиенің пролетариатты қанағаттандырарлықтай реформалар жасауы мүлде мүмкін емес екендігін насихат пен үгітте баса айту керек;

б) сайлау алдындағы үгітті пайдалана отырып, үкіметтің мұндай шараларының шын мәні жұмысшыларға түсіндірілсін және дауыс жасырын түрде берілетін жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын революциялық жолмен шақырудың пролетариат үшін қажеттігін дәлелдеп отыру керек;

в) революциялық жолмен 8 сағаттық жұмыс күнін және жұмысшы табының кезекте тұрған басқа да талаптарын дереу жүзеге асыру үшін пролетариатты ұйымдастыра беру керек;

г) қаражүзділердің және үкімет басқарып отырған жалпы реакцияшыл элементтердің бәрінің шабуылына қарсы қару алып соққы беру ісін ұйымдастыру керек». (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.)*

демократқа лайық емес екендігі туралы, жеңістің *негізгі* шарты жетіспей отырған нәрсені освобождениешілдерше біржола жеңу деп атау лайық емес екендігі туралы болып отыр. Мүмкін, біз сегіз сағаттық жұмыс күнін де бірден емес, ұзақ бұрма жол арқылы ғана алармыз, бірақ пролетариаттың уақыт оздырушылыққа, кешеуілдетушілікке, саудагерлікке, опасыздыққа, реакцияға бөгет жасауға *күші жетпейтін* әлсіздігін, нашарлығын жұмысшылардың жеңуі деп атайтын адам туралы не айтарсыз? Мүмкін, орыс революциясы, бір кезде «Вперед» * айтқандай, «конституциялық түсік тастаумен» тынар, бірақ бұл шешуші күрестің қарсаңында осы түсік тастауды «патша өкіметін біржола жеңу» деп атаған социал-демократты ақтай ала ма? Мүмкін, іс оңға баспаған күнде, республиканы жеңіп алмауымыз былай тұрсын, тіпті конституцияның өзі де құр елес, «шиповтық» [14] конституция болып шығар, бірақ социал-демократ тарапынан біздің республикалық ұранымызды бүркемелеу кешірімді іс болар ма екен?

Әрине, бұл ұранды бүркемелеуге жаңа искрашылдар әлі жете қойған жоқ. Бірақ олардан революция рухы қандайлық дәрежеде ұшып кеткендігі, бос сөзуарлығы кезеңнің айбынды міндеттерін олардан қандайлық дәрежеде таса қалдырғаны өз қарарында нақ осы республика туралы айтуды тіпті *ұмытып кеткендігінен* мейлінше айқын көрінеді! Бұл адам нанарлық нәрсе емес, бірақ бұл факт. Конференцияның түрлі қарарларында социал-демократияның барлық ұрандары қуатталған, қайталанған, түсіндірілген, тәптештелген, тіпті жұмысшылардың кәсіпорындар бойынша старосталар мен депутаттар сайлауы да ұмытылмаған,— жалғыз-ақ революциялық уақытша үкімет туралы қарарда республика жайында еске түсірудің реті табылмаған. Халық көтерілісінің «жеңуі» туралы, уақытша үкімет құру туралы сөз ете отырып, бұл «адымдар» мен істердің республи-

* Женевадағы «Вперед» газеті партияның большевиктік бөлегінің органы ретінде 1905 ж. январьда шыға бастады. Январьдан майға дейін 18 номері шықты. Майдан былай «Впередтің» орнына — РСДРП III съезінің (бұл съезд майда Лондонда болды; меньшевиктер Женевада өз «конференциясын» өткізіп, бұл съезге келмеді) шешімі бойынша РСДРП-ның Орталық Органы ретінде «Пролетарий» шыға бастады. (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.*)

қаны жеңіп алуға қандай қатысы барын көрсетпеу — қарарды пролетариаттың күресіне басшылық ету үшін емес, пролетарлық қозғалыстың соңында салпақтап ере беру үшін жазу деген сөз.

Қорытынды: қарардың бірінші бөлігі: 1) республика үшін күресу және шын бүкіл халықтық, шын құрылтай жиналысын қамтамасыз ету тұрғысынан қарағанда революциялық уақытша үкіметтің маңызын мүлде анықтамаған; 2) әлі нағыз жеңістің негізгі шартының өзі жетіспей отырғандағы істің жайын революцияның патша өкіметін біржола жеңуіне теңеп, пролетариаттың демократиялық санасына тікелей шатастырушылық енгізген.

4. МОНАРХИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫ ЖОЮ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКА

Қарардың келесі бөлегіне көшейік:

«...Екі жағдайдың екеуінде де мұндай жеңіс революциялық заманның жаңа кезеңінің басы болмақ.

Қоғамдық дамудың объективтік жағдайларының стихиялық түрде осы жаңа кезеңге қоятын міндеті өзінің әлеуметтік мүдделерін жүзеге асыру үшін, өкіметті тікелей өз қолына алу үшін саяси жағынан азат етілген буржуазиялық қоғам элементтері жүргізетін өзара күрес процесінде бүкіл сословиелік-монархиялық тәртіпті түпкілікті жою болып табылады.

Сондықтан уақытша үкімет те өзінің тарихи сипаты жағынан осы буржуазиялық революцияның міндеттерін жүзеге асыруды өз мойнына алар еді, азат болып келе жатқан ұлттың ішіндегі қарама-қарсы таптардың өзара күресін реттей отырып, революциялық дамуды алға жылжыту былай тұрсын, сонымен қатар ол дамудың капиталистік құрылыстың негіздеріне қауіп төндіретін факторларына да қарсы күресуге тиіс болар еді».

Қарардың дербес бөлігі болып табылатын осы тұсына тоқталып өтейік. Біз көшіріп алған сөздердегі негізгі ой съезд қарарының 3-пунктінде айтылған ойға дәл келеді. Бірақ екі қарардың осы бөліктерін салыстырғанда, олардың арасындағы мынадай негізгі айырмашылық бірден көзге түседі. Съездің қарары, революцияның қоғамдық-экономикалық негізін бір-екі ауыз сөзбен сипаттай келіп, барлық назарды таптардың белгілі бір жеңістер жолындағы айқын белгіленген күресіне ауда-

рады және пролетариаттың айбынды міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады. Конференцияның қарары, революцияның қоғамдық-экономикалық негізін шұбалаң, күңгірт, шатыстырып баяндай келіп, белгілі бір жеңістер үшін күресу туралы өте көмескі айтады және пролетариаттың айбынды міндеттерін мүлде тасада қалдырады. Конференцияның қарары қоғам элементтерінің өзара күресі процесінде ескі тәртіптің жойылуын сөз қылады. Съездің қарары: біз, пролетариат партиясы, осы жою ісін жүзеге асыруға тиіс екенімізді, шын жою — демократиялық республиканы құру ғана екенін, біз осы республиканы жеңіп алуымыз керек екенін, біз сол республика жолында және толық азаттық жолында самодержавиемен ғана емес, буржуазия бізден жеңістерімізді тартып алмақ болған кезде (осыны ол істемей коймайды), буржуазиямен де күресетінімізді айтады. Съездің қарары белгілі бір тапты дәл белгіленген таяудағы мақсат үшін күресуге шақырады. Конференцияның қарары түрлі күштердің өзара күресі туралы сөз етеді. Қарарлардың бірі — белсенді күрестің психологиясын, екіншісі — енжар қарап отырушылықты бейнелейді; бірі — белсенді қимылға шақырады, екіншісі — құрғақ өсиет айтушылыққа салынады. Екі қарардың екеуі де болып жатқан төңкеріс біз үшін тек алғашқы адым ғана, бұдан кейін екінші адым жасалады дейді; бірақ осыдан бір қарар: бұл бірінші адымды соғұрлым тезірек басып өтіп, соғұрлым тезірек жойып, республиканы жеңіп алу керек те, контрреволюцияны аяусыз жаншып тастап, екінші адымға негіз салу керек деген қорытынды жасайды. Ал екінші қарар осы бірінші адымды, былайша айтқанда, көп сөзбен ағыл-тегіл бөсіп суреттейді және бірінші адым жайындағы ойларды (түрпайы сөз үшін кешіріңіздер) емеді. Съездің қарары демократиялық төңкеріс үшін де, социалистік төңкеріс үшін де күресуші алдыңғы қатарлы таптың алдыңғы қатарлы міндеттері туралы қорытынды жасау үшін марксизмнің ескі, бірақ мәңгі жаңа пікірлерін (демократиялық төңкерістің буржуазиялық сипаты туралы пікірлерді) алғы сөз немесе бірінші қағида етіп алады. Конференцияның қарары тек алғы сөзбен ғана шекте-

леді, соны қайта-қайта айтып, сол жөнінде ақылгөйси береді.

Бұл айырма — орыс марксистерін көптен бері екі қанатқа: баяғы жария марксизм заманындағы өсиет айтуға үйірсек қанат пен айбынды қанатқа, басталып келе жатқан бұқаралық қозғалыс заманындағы экономикалық қанат пен саяси қанатқа бөліп келген айырманың дәл өзі. Жалпы тап күресінің, әсіресе саяси күрестің экономикалық терең тамырлары туралы марксизмнің дұрыс пайымдауынан «экономистер» саяси күреске сырт беріп, оның дамуын кідіртуіміз керек, құлашын тарылтып, міндеттерін төмендетуіміз керек деген ерекше қорытынды жасаған болатын. Ал саясатшылар нақ осы пайымдаудан басқаша қорытынды жасады, атап айтқанда: күресіміздің тамырлары енді неғұрлым терең болса, бұл күресті соғұрлым кеңірек, батылырақ, табандырақ, жігерлірек жүргізуіміз керек деген қорытынды жасады. Қазір де біздің алдымызда тұрған талас — басқа жағдайдағы, өзгерген формадағы бәз-баяғы сол талас. Демократиялық төңкеріс әлі тіпті де социалистік төңкеріс емес, оған жалғыз дәулетсіздер ғана «мүдделі» емес, оның ең терең тамырлары тұтас алғанда *бүкіл* буржуазиялық қоғамның болмай қоймайтын мұқтажы мен керексінуінде жатыр дейтін пайымдаудан,— тап осы пайымдаудан біз: алдыңғы қатарлы тап өзінің демократиялық міндеттерін соғұрлым батылырақ қоюға тиіс, оларды соғұрлым жеріне жеткізе тура айтуға тиіс, тікелей республика ұранын көтеруге тиіс, революциялық уақытша үкіметтің қажеттігі туралы, контрреволюцияны аяусыз жаныштау қажеттігі туралы идеяны насихаттауға тиіс деген қорытынды шығарамыз. Ал біздің оппоненттер, жаңа искрашылдар, тап осы пайымдаулардан — демократиялық қортындыларды жеріне жеткізе айтудың керегі жоқ, практикалық ұрандардың ішінде республика ұранын ұсынбауға да болады, революциялық уақытша үкіметтің қажеттігі туралы идеяны насихаттамауға да болады, құрылтай жиналысын шақыру туралы шешімді де үзілді-кесілді жеңіс деп атауға болады, контрреволюцияға қарсы күресу міндетін белсене кірісетін міндетіміз ретінде алға қоймай-ақ,

оны «өзара күрес процесіне» көмескі (және теріс тұжырымдалған түрінде,— мұны біз қазір көреміз) сүйей салды етіп жоғалтып жіберуге болады деген қорытынды жасайды. Бұл — саяси қайраткерлердің тілі емес, бұл— қайдағы бір архив кемірушілердің тілі!

Жаңа искрашылдар қарарының жеке тұжырымдарын неғұрлым ұқыптырақ қарасаңыз, оның жоғарыда көрсетілген негізгі ерекшеліктері соғұрлым айқын көрінеді. Мысалы, бізге «саяси жағынан азат болған буржуазиялық қоғам элементтерінің өзара күрес процесі» туралы айтады. Қарардың қай тақырыпқа жазылғанын (революциялық уақытша үкімет) еске ала отырып, біз аң-таң болып, мынадай сұрақ қоямыз: өзара күрес процесі туралы сөз қозғайтын болсақ, онда буржуазиялық қоғамды саяси жағынан *езіп отырған* элементтер туралы қалайша үндемей қалуға болады? Конференттердің өздері революция жеңеді деп ұйғарған соң-ақ ондай элементтер қазірдің өзінде жойылып бітті деп ойлай ма екен? Мұндай ой жалпы алғанда сорақылық, жеке алғанда, барып тұрған саяси аңқаулық, саяси соқырлық болар еді. Революция контрреволюцияны жеңгеннен кейін, контрреволюция құрып кетпейді, қайта, керісінше, жаңа, бұрынғыдан да гөрі қиян-кескі күрес бастайды. Біз өз қарарымызды революция жеңіп шыққан күндегі міндеттерді талдауға арнай отырып, контрреволюциялық тегеурінге тойтарыс беру міндеттеріне орасан зор көңіл бөлуге тиістіміз (съездің қарарында осылай істелді де), жауынгер партияның таяудағы, көкейтесті, бүгін таңдағы маңызды саяси міндеттерін қазіргі революциялық заманнан *кейін* не болар екен, «қоғам саяси жағынан *азат болған»* кезде не болар екен деген жалпы топшылаулардың ішіне тоғытып жіберуге тиісті емеспіз. «Экономистер» саясаттың экономикаға бағыныштылығы туралы жалпы ақиқатқа сүйеніп, бүгін таңдағы маңызды саяси міндеттерді өздерінің түсінбегендігін қалай бүркемелесе, жаңа искрашылдар да саяси жағынан *азат болған* қоғамның ішіндегі күрес туралы жалпы ақиқатқа сүйеніп, осы қоғамды саяси жағынан *азат ету* жөніндегі бүгін таңдағы маңызды революциялық мін-

деттерді өздерінің түсінбейтіндігін дәл солай бүркемелеп отыр.

«Бүкіл сословиелік-монархиялық тәртіпті түпкілікті жою» деген сөзді алып қараңыз. Орыс тілінде монархиялық құрылысты түпкілікті жою деген демократиялық республика құру деген сөз. Бірақ біздің қайырымды Мартынов пен оған бас июшілерге мұндай сөз тым қарапайым, тым айқын сияқты көрінеді. Бұлар қалай да «тереңдетіп», «ақылдырақ» етіп айтқысы келеді. Бір жағынан, мұнысы терең ойлылықтың кісі күлерлік күшеншектігі болып шығады. Екінші жағынан, ұранның орнына жалаң баяндау болып шығады, алға ұмтылуға жігерлі шақырудың орнына қайдағы бір уайымшылдықпен артқа жалтақтаушылық болып шығады. Біз осы қазір, дереу республика үшін күрескісі келетін тірі адамдарды емес, sub specie aeternitatis * алғанда мәселені plusquamperfectum ** тұрғысынан қарайтын ағаштай сірескен өлі денелерді көріп отырмыз.

Ілгері жылжиық: «... уақытша үкімет осы... буржуазиялық революцияның... міндеттерін жүзеге асыруды өз мойнына алар еді...». Пролетариаттың саяси басшыларының алдында тұрған нақты мәселені біздің конференттердің көрмей кеткені нақ осы арада тез байқалып қалды. Жалпы буржуазиялық революцияның міндеттерін жүзеге асыратын келешектегі бірқатар үкіметтер туралы мәселемен елігіп жүргенде, революциялық уақытша үкімет туралы нақты мәселе олардың көзінен таса қалып қойды. Егер сіздер мәселені «тарихи жағынан» қарағыларыңыз келсе, европалық елдердің қайсысының үлгісі болса да сіздерге мынаны көрсетеді: буржуазиялық революцияның тарихи міндеттерін, атап айтқанда бірқатар үкіметтер, тіпті де «уақытша» емес үкіметтер, жүзеге асырған, тіпті революцияны жеңген үкіметтер де, сол жеңілген революцияның тарихи міндеттерін қалай да жүзеге асыруға мәжбүр болған. Бірақ «революциялық уақытша үкімет» деп тіпті де сіздер айтып отырған үкіметті айтпайды: бұлай деп революция заманындағы үкіметті, құлатылған үкіметтің

* — мәңгілік тұрғысынан. *Ред.*
** — әлдеқашан өтіп кеткен уақыт. *Ред.*

тікелей орнын басатын және халықтан шыққан қайдағы бір өкілдік мекемеге емес, халық көтерілісіне сүйенетін үкіметті айтады. Революциялық уақытша үкімет — әсте жалпы буржуазиялық революцияның тарихи міндеттерін жүзеге асыратын орган емес, революцияның дереу жеңуі үшін, контрреволюциялық әрекеттерге дереу тойтарыс беру үшін күресетін орган. Буржуазиялық революцияның дәл қандай міндеттерін сіздер мен біздердің жүзеге асырғанымызды немесе оларды белгілі бір үкіметтің жүзеге асырғанын келешектегі «Русская Старинада» [15] анықтау ісін келешектегі тарихшыларға берейік, мырзалар,— олар мұны 30 жылдан кейін де істеп үлгереді, ал біз қазір республика жолында күресу үшін, пролетариаттың бұл күреске барынша жігерленіп қатысуы үшін ұрандар мен практикалық нұсқаулар беруіміз керек.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша қарардың біз көшіріп жазған бөлегіндегі соңғы қағидалары да қанағаттанарлық емес. Уақытша үкімет қарама-қарсы таптардың өзара күресін «реттеуге» тиіс болар еді деген сөз тым орынсыз немесе, тіпті жеңілдетіп көрсеткеннің өзінде, ыңғайсыз айтылған: тап күресінің органы емес, сол күресті «реттеуші» болып қызмет ететін үкімет болуы мүмкін деп ойлауға сылтау тауып беретін мұндай либерал-освобождениешілдік тұжырымды марксистер қолданбауы керек еді... Үкімет «революциялық дамуды алға жылжытып қана қоймай, сонымен қатар ол дамудың капиталистік құрылыстың негіздеріне қауіп төндіретін факторларына да қарсы күресуге» тиіс болар еді. Қарар пролетариаттың атынан сөйлеп отырған болса, онда бұл «фактор» пролетариаттың нақ өзі ғой! Қазіргі кезеңде пролетариат нақ қалай «революциялық дамуды алға жылжытуға» тиіс екенін (оны конституцияшыл буржуазияның көздеген жерінен қалайша әрі жылжыта түсуге тиіс екенін) көрсетудің орнына, буржуазия революцияның жеңістеріне қарсы бұрылған күнде, оған қарсы күреске белгілі бір әдіспен дайындалуға кеңес берудің орнына,— осылардың орнына *біздің* қызметіміздің нақты міндеттері туралы ештеңе айтпайтын процесс жалпылама баяндалады. Жаңа искрашыл-

дардың өз ойларын баяндау әдісі диалектика идеясына жат ескі материализм туралы Маркстің (Фейербах туралы атақты «тезистерінде») айтқан пікірін еске түсіреді. Философтар дүниені әр түрлі жолмен *түсіндіріп* қана келді, ал мәселе сол дүниені *өзгертуде* [16] деген болатын Маркс. Сол сияқты, жаңа искрашылдар да өздерінің көз алдында өтіп жатқан күрес процесін әжептәуір бейнелеп түсіндіре алады, бірақ бұл күресте көтеретін дұрыс ұранды мүлде бере алмайды. Олар ынтамен адымдап басса да, дұрыс басшылық ете алмай, төңкерістің материалдық шарттарын түсінген және алдыңғы қатарлы таптарға бас болған партиялардың тарихта атқара алатын, атқаруға тиісті пәрменді, басшылық етуші, бағыт беруші ролін бұрмалауы арқылы тарихты материалистік тұрғыдан түсінуді төмендетеді.

5. ҚАЛАЙША «РЕВОЛЮЦИЯНЫ АЛҒА ЖЫЛЖЫТУ» КЕРЕК?

Қарардың осыдан кейінгі бөлегін келтірейік:

«Мұндай кездерде социал-демократия революцияны алға жылжыту мүмкіндігін өзіне бәрінен де гөрі жақсы қамтамасыз ететін, буржуазиялық партиялардың дәйексіз және құлқыншыл саясатына қарсы күресте өзіне қол байлау болмайтын, өзін буржуазиялық демократияның ішіне сіңіп кетуден қорғайтын жағдайды бүкіл революция бойы сақтауға ұмтылу керек.

Сондықтан социал-демократия уақытша үкіметтегі билікті басып алуды не бөлісуді мақсат етуге тиіс емес, мейлінше революцияшыл оппозицияның партиясы болып қала беруге тиіс».

Революцияны алға жылжыту мүмкіндігін өте жақсы қамтамасыз ететін жағдайда болу жөніндегі кеңес бізге өте-мөте ұнайды. Біздің бір ғана тілейтініміз—осындай игі кеңес берудің үстіне, қазір, қазіргі саяси жағдайда, халық өкілдерін шақыру туралы түрлі түсініктердің, жорамалдардың, түрлі сөздер мен жобалардың заманында, социал-демократияның революцияны нақ қалайша алға жылжытуы керек екені жөнінде тура нұсқау да болса екен дейміз. Халықтың патшамен «келісімге келуі» жөніндегі освобождениешілдік теорияның қаупін ұқпайтын, құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі «ұйғарымның» өзін жеңіс деп атайтын, революциялық уақытша үкіметтің қажеттігі туралы идеяны

белсенді насихаттау ісін міндет етіп қоймайтын адамдар қазіргі уақытта революцияны алға жылжыта алар ма? демократиялық республика ұранын көлеңкеде қалдыратын адамдар қазіргі уақытта революцияны алға жылжыта алар ма? Мұндай адамдар шынында *революцияны кейін қарай жылжытады*, өйткені олар *практика-саясат* жағынан *освобождениешілдік* позицияның дәрежесінде тұрып қалған. Революциялық кезеңде партияның қазіргі және таяудағы міндеттерін белгілейтін тактикалық қарарында республика үшін күресу ұраны болмаған соң, самодержавиенің орнына республика құруды талап ететін программаны олардың дұрыс деп танығанынан не пайда? Қазіргі уақытта іс жүзінде нақ освобождениешілдік позиция, конституцияшыл буржуазияның позициясы бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруға ұйғаруды үзілді-кесілді жеңіс деп караушылықпен, революциялық уақытша үкімет туралы, республика туралы әдейі үндемей қалушылықпен сипатталып отыр ғой! Революцияны *алға* жылжыту үшін, яғни оны монархиялық буржуазияның жылжытып отырған шегінен асыра жылжыту үшін, буржуазиялық демократияның «дәйексіздігіне» *жол бермейтін* ұрандарын белсенді түрде көтеріп, баса айтып, алдыңғы қатарға қою керек. Қазіргі кезеңде мұндай ұрандар *екеу-ақ:* 1) революциялық уақытша үкімет және 2) республика, өйткені бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру ұранын монархиялық буржуазия *қабылдап отыр* («Азаттық одағының» программасын қараңыз), қабылдағанда революцияның берекесін кетіру мүдделері үшін, революцияның толық жеңуіне жол бермеу мүдделері үшін, ірі буржуазияның патша өкіметімен саудагерлік келісім жасау мүдделері үшін ғана қабылдап отыр. Сонымен, біз революцияны алға жылжытуға бірден-бір қабілетті осы екі ұранның ішінен республика ұранын конференцияның мүлде ұмытып кеткенін, ал революциялық уақытша үкімет ұранын бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі освобождениешілдік ұранға тұп-тура теңеп, екеуін де «революцияның үзілді-кесілді жеңісі» деп атағанын көріп отырмыз!!

Иә, күмәнсыз факт осындай, бұл факт россиялық социал-демократияның болашақ тарихшысы үшін белгілі бір кезең болып табылатынына біз кәміл сенеміз. Социал-демократтардың 1905 жылғы майдағы конференциясы демократиялық революцияны алға жылжытудың қажеттігі туралы жақсы сөздер айтылған қарар қабылдайды, бірақ бұл қарар іс жүзінде революцияны кейін шегіндіреді және іс жүзінде монархиялық буржуазияның демократиялық ұрандарынан әрі аспайды.

Жаңа искрашылдар бізді пролетариаттың буржуазиялық демократияға сіңіп кету қаупін елемейсіңдер деп кінәлауды жақсы көреді. Бұл жазғыруды РСДРП III съезі қабылдаған қарарлардың текстіне сүйеніп кім дәлелдер екен, біз соны көрсек деп едік. Біз оппоненттерімізге былай деп жауап береміз: буржуазиялық қоғам топырағында қимыл жасап отырған социал-демократия, белгілі бір жеке жағдайда буржуазиялық демократиямен *қатар* жүрмейінше, саясатқа қатыса алмайды. Бұл жөнінде сіз бен біздің арамыздағы айырма — біз революциялық және республикалық буржуазиямен, оған қосылып кетпей, қатар жүріп отырамыз, ал сіздер *либерал және монархиялық буржуазиямен* қатар жүресіздер, оған сіздер де қосылып кетпейсіздер. *Міне мәселе қайда жатыр.*

Конференция атынан сіздердің тастаған тактикалық ұрандарыңыз «конституциялық-демократиялық» партияның, яғни *монархиялық буржуазия партиясының* ұрандарына *сәйкес келеді* және бұл сәйкестікті өздеріңіз де байқамай, түсінбей қалдыңыздар, сөйтіп іс жүзінде *освобождениешілдердің соңына ерген* болып шықтыңыздар.

Біздің РСДРП III съезі атынан тастаған тактикалық ұрандарымыз демократиялық-революциялық және республикалық буржуазияның ұрандарына сәйкес келеді. Мұндай буржуазия мен ұсақ буржуазия Россияда ірі халықтық партия болып әлі қалыптасқан жоқ *. Бірақ мұндай партияның элементтері бар екеніне қазір Рос-

* «Социалист-революционерлер» — мұндай партияның ұрығы болудан гөрі, интеллигенттердің террорлық тобы болуға жақын, дегенмен бұл топтың қызметінің объективтік маңызы революциялық және республикалық буржуазияның міндеттерін нақ жүзеге асыруға саяды.

сында не болып жатқанынан ешбір хабары жоқ адамға-ла күмәндана алады. Біз (орыстың ұлы революциясы ойдағыдай өріс алған күнде) социал-демократиялық партия ұйымдастырған пролетариатқа ғана емес, бізбен қатар жүре алатын ұсақ буржуазияға да басшылық етпекпіз.

Конференция өзінің қарары арқылы либерал және монархиялық буржуазияның дәрежесіне дейін *құлдырап кеткенін* өзі де аңғармай отыр. Ал партия съезі өзінің қарары арқылы революциялық демократияның, делдалдыққа емес, күреске қабілеті бар элементтерін өз дәрежесіне дейін саналы түрде *көтеріп отыр.*

Мұндай элементтер бәрінен де гөрі шаруалар арасында көп. Қоғамдық ірі топтарды олардың саяси тенденцияларына қарай бөлгенде пәлендей қателеспей, біз революциялық және республикалық демократияны шаруалар бұқарасымен теңдестіре аламыз,— теңдестіргенде, әрине, жұмысшы табын социал-демократиямен қандай мағынада, қандай ескертулермен, қандай ықтимал шарттармен теңдестіруге болатын болса, дәл сол мағынада, дәл сол ескертулермен, дәл сол ықтимал шарттармен теңдестіре аламыз. Біз, басқаша айтқанда, қорытындымызды мынадай сөздермен де тұжырымдай аламыз: конференция өзінің *жалпы ұлттық* * *саяси* ұрандары арқылы революциялық кезеңде, *помещиктер бұқарасының дәрежесіне дейін* аңғармай *құлдырап кетіп отыр*. Партия съезі өзінің жалпы ұлттық саяси ұрандары арқылы *шаруалар бұқарасын революциялық дәрежеге дейін көтеріп отыр.* Осы қорытындымыз үшін бізді парадоксқе құмарсыңдар деп айыптайтын кісіге біздің айтарымыз, онда сіз мына қағиданы теріске шығарып көріңіз: егер революцияны ақырына дейін жеткізуге біздің күшіміз жетпесе, егер революция патша шақырған өкілдік жиналыс қана сияқты, тек күлкі үшін ғана құрылтай жиналысы деп аталуы мүмкін жиналыс қана сияқты «үзілді-кесілді жеңіспен» освобождениешілдерше *бітсе,*— онда бұл *помещиктік және ірі буржуазиялық* элементі басым революция болады. Керісін-

* Біз шаруалар жөніндегі арнаулы ұрандар туралы айтып отырғанымыз жоқ, бұл ұрандарға айрықша қарарлар арналған.

ше, егер бізге шын ұлы революцияны бастан кешіруге жазған болса, егер тарих бұл жолы «түсік тастауға» жол бермесе, егер революцияны ақырына дейін, сөздің освобождениешілдік және жаңа искрашылдық мағынасындағы емес, үзілді-кесілді жеңіске дейін жеткізуге күшіміз жетсе, онда бұл шаруалық және пролетарлық элементі басым революция болады.

Бәлкім, кейбіреулер мұндай басымдық туралы пікірге жол беруді алдағы революцияның буржуазиялық сипатына сенуден бас тартушылық деп түсінер? «Искрадан» біз көріп отырған осы ұғымды бұрмалап түсінген жағдайда, солай болуы да әбден мүмкін. Сондықтан бұл мәселеге тоқталу тіпті де артық болмайды.

6. ДӘЙЕКСІЗ БУРЖУАЗИЯМЕН КҮРЕСТЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ҚОЛЫ БАЙЛАНЫП ҚАЛУ ҚАУПІН ҚАЙДАН КҮТУГЕ БОЛАДЫ?

Марксистер орыс революциясының буржуазиялық сипатына сөзсіз сенеді. Бұл не деген сөз? Бұл — саяси құрылыстағы демократиялық өзгерістер және Россия үшін қажетті нәрсеге айналған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер,— капитализмнің күйреуі емес екені, буржуазия үстемдігінің күйреуі емес екені былай тұрсын, қайта, керісінше, олар капитализмнің азиялық жолмен емес, европалық жолмен тез, өрістей дамуына тұңғыш рет шындап жол ашады, олар буржуазияның тап ретінде үстем болуына тұңғыш рет мүмкіндік туғызады деген сөз. Социалист-революционерлер бұл идеяны ұға алмайды, өйткені олар товар өндірісі мен капиталистік өндірістің даму заңдары туралы әліпті таяқ деп білмейді, олар тіпті шаруалар көтерілісінің толық жеңіске жетуі де, тіпті бүкіл жерді шаруалардың мүдделеріне сай және солардың тілегіне сәйкес қайта бөлу де («қаралай бөліс» немесе осы тәрізді бірденелер) капитализмді ешқандай құрта алмайтынын, қайта, керісінше, капитализмнің дамуына түрткі болатынын, шаруалардың өздерінің таптық ыдырауын тездететінін көрмейді. Осы ақиқатты ұқпаушылық социалист-революционерлерді ұсақ буржуазияның санасыз идеологта-

рына айналдырады. Осы ақиқатты жақтаудың социал-демократия үшін, теория жағынан ғана емес, практика-саясат жағынан да орасан зор маңызы бар, өйткені пролетариат партиясының қазіргі «жалпы демократиялық» қозғалыста таптық жағынан толық дербес болуының міндеттілігі осыдан келіп шығады.

Бірақ бұдан *демократиялық* төңкерістің (өзінің қоғамдық-экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық төңкерістің) пролетариат үшін *зор* маңызы жоқ деген мағына тіпті де тумайды. Бұдан демократиялық төңкеріс көбінесе ірі капиталиске, финанс шонжарына, «оқымысты» помещикке тиімді формада да, шаруа мен жұмысшыға тиімді формада да бола алмайды деген мағына тіпті де тумайды.

Жаңа искрашылдар буржуазиялық революция деген категорияның мағынасы мен маңызын мүлде теріс түсінеді. Олардың әңгімелерінен буржуазиялық революция — буржуазияға тиімді нәрсені ғана бере алатын революция деген пікір үнемі аңғарылады. Шынында бұл пікірден асқан сорақы қателік жоқ. Буржуазиялық революция дегеніміз — буржуазиялық, яғни капиталистік қоғамдық-экономикалық құрылыстың шеңберінен шықпайтын революция. Буржуазиялық революция капитализмнің негіздерін жоймайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, ол негіздерді кеңейте, тереңдете отырып, капитализм дамуының қажетін көздейді. Сондықтан бұл революция жұмысшы табының ғана емес, бүкіл буржуазияның да мүдделерін көздейді. Капитализм тұсында буржуазия жұмысшы табына үстемдік жүргізбей қоймайтын болғандықтан, буржуазиялық революция пролетариаттан гөрі буржуазияның мүдделерін көбірек көздейді деп батыл айтуға болады. Бірақ буржуазиялық революция пролетариаттың мүдделерін әсте көздемейді деген пікір мүлде қисынсыз. Бұл қисынсыз пікір не буржуазиялық революция пролетариаттың мүдделеріне қайшы келеді, сондықтан бізге буржуазиялық саяси бостандық керек емес дейтін атам заманғы халықшылдық теорияға саяды. Немесе бұл пікір пролетариаттың буржуазиялық саясатқа, буржуазиялық революцияға, буржуазиялық парламентаризмге қандай

түрде болса да қатысуын керексіз деп білетін анархизмге саяды. Теория жағынан алғанда бұл пікір товар өндірісі негізінде капитализмнің дамымай қоймайтыны туралы марксизмнің жұртқа мәлім қағидаларын ұмытқандық болып табылады. Марксизм товар өндірісіне негізделген, цивилизациялы капиталистік ұлттармен айырбас жасап отырған қоғамның өзі де дамудың белгілі бір сатысында капитализм жолына түспей қоймайды деп үйретеді. Марксизм халықшылдар мен анархистердің сандырақтарынан, мысалы, Россияның капиталистік дамуға соқпай өтуіне болады-мыс деген, осы капитализм негізі мен шеңберіндегі тап күресі жолынан басқа бір жол арқылы капитализмнен сытылып шығуына немесе оны аттап өтуіне болады-мыс деген сандырақтарынан біржола қол үзген.

Марксизмнің бұл қағидаларының бәрі жалпы алғанда да, Россия жөнінде арнайы алғанда да дәлелденген және егжей-тегжейіне дейін сан рет айтылған болатын. Ал бұл қағидалардан шығатын қорытынды: жұмысшы табын құтқару жолын капитализмнің одан әрі дамуынан өзге қандай да болсын басқа нәрседен іздеу туралы пікір — *реакциялық* пікір. Россия сияқты елдерде жұмысшы табы капитализмнен гөрі капитализм дамуының жеткіліксіздігінен көбірек азап шегіп отыр. Сондықтан жұмысшы табы капитализмнің барынша кең, барынша еркін, барынша тез дамуына *сөзсіз мүдделі*. Жұмысшы табына капитализмнің кең, еркін және тез дамуына кедергі жасайтын ескілік қалдықтарының бәрін құрту сөзсіз *тиімді*. Буржуазиялық революция дегеніміз ескіліктің қалдықтарын, крепостниктік тәртіптің қалдықтарын (бұл қалдықтарға самодержавие ғана емес, монархия да жатады) бәрінен де гөрі батылырақ сыпырып тастайтын, капитализмнің барынша кең, еркін және тез дамуын бәрінен де гөрі толығырақ қамтамасыз ететін төңкеріс.

Сондықтан *буржуазиялық* революция *пролетариатқа мейлінше тиімді*. Буржуазиялық революция пролетариаттың мүдделері үшін *сөзсіз* қажет. Буржуазиялық революция неғұрлым толығырақ, батылырақ, неғұрлым дәйектірек болса, пролетариаттың буржуазияға қарсы

социализм жолындағы күресі соғұрлым нәтижелі болмақ. Ғылыми социализмнің әліппесін білмейтін адамдарға ғана бұл қорытынды жаңа немесе оғаш, мүлде қисынсыз қорытынды болып көрінуі ықтимал. Ал былайша айтқанда, бұл қорытындыдан—*белгілі мағынада* буржуазиялық революция буржуазиядан гөрі пролетариатқа *тиімдірек* деген қағида да шығады. Бұл қағида, атап айтқанда, мына мағынада күмәнсыз: пролетариатқа қарсы күресте буржуазияға ескіліктің кейбір қалдықтарына, мысалы, монархияға, тұрақты армияға және т. с. сүйену тиімді. Буржуазияға ескіліктің барлық қалдықтарын буржуазиялық революцияның тым үзілді-кесілді сыпырып тастамай, олардың біразын қалдырғаны тиімді, яғни бұл революцияның өте дәйекті болмағаны, ақырына дейін жетпегені, батыл және аяусыз болмағаны тиімді. Бұл пікірді социал-демократтар буржуазия өзіне өзі опасыздық етеді, буржуазия бостандық ісін сатып жібереді, буржуазияның қолынан дәйекті демократизм келмейді деп, біраз басқаша түрде жиі айтып жүр. Буржуазияға буржуазиялық-демократиялық бағыттағы қажетті өзгерістердің баяуырақ, біртіндеп, аса сақтықпен, абайлаңқырап, революция жолымен емес, реформалар жолымен болғаны тиімдірек; бұл өзгерістердің крепостниктік тәртіптің «құрметті» мекемелері (монархия сияқты) жөнінде мүмкін қадерінше сақтықпен болғаны тиімдірек; бұл өзгерістер жай халықтың, яғни шаруалардың, әсіресе жұмысшылардың революциялық талапкерлігін, инициативасын және жігерін мүмкін қадерінше азырақ дамытқаны тиімдірек, өйткені олай болмаған күнде жұмысшыларға, французда айтқандай, «мылтықты бір иықтан екінші иыққа ауыстыра салу», яғни оларға буржуазиялық революция беретін қаруды, буржуазиялық революция беретін бостандықты, крепостниктік тәртіптен тазартылған негізде туатын демократиялық мекемелерді буржуазияның өзіне қарсы бағыттау соғұрлым оңай болады.

Керісінше, жұмысшы табына буржуазиялық-демократиялық бағыттағы қажетті өзгерістер, нақ сол реформаторлық жолмен емес, революциялық жолмен болғаны

анағұрлым тиімдірек, өйткені реформаторлық жол — кешеуілдету, кедергі жасау, халық организмінің шіріп бара жатқан жерлерінің азаппен баяу құру жолы. Олардың шіруінен, бәрінен бұрын пролетариат пен шаруалар көбірек қасірет шегеді. Революциялық жол — пролетариат үшін азабы неғұрлым аз, тез өтетіп операция жолы, шіріп бара жатқан жерлерді тура сылып тастау жолы, монархия жөнінде және соған тән жиіркенішті, жексұрын, шірік, шіріген иісімен ауаны уландыратын мекемелер жөнінде неғұрлым аз кеңшілік жасау және сақ болу жолы.

Міне сондықтан біздің буржуазиялық-либералдық баспасөздің революциялық жолдың болуы мүмкін екендігін айтып зарлайтыны, революциядан қорқатыны, революцияны айтып патшаны қорқытатыны, революциядан аулақ болудың жолын қарастыратыны, реформаторлық жолдың негізі ретінде мардымсыз реформаларға бола құлша шұлғып, бас иетіні тек бір ғана цензураны ойлағандықтан емес, тек қана яһудилік үрейден емес. Бұл көзқараста болып отырғандар «Русские Ведомости»[17], «Сын Отечества»[18], «Наша Жизнь»[19], «Наши Дни»[20] ғана емес, жасырын шығып тұратын, еркін «Освобождение» де осы көзқараста болып отыр. Капиталистік қоғамдағы тап ретіндегі буржуазияның жағдайының өзі демократиялық төңкерісте оның дәйексіздігін туғызбай қоймайды. Тап ретінде пролетариаттың жағдайының өзі оны дәйекті демократ етпей қоймайды. Буржуазия пролетариаттың күшейіп кету қаупін туғызатын демократиялық прогрестен қорқып, артына қарап жалтақтай береді. Пролетариаттың бұғауынан басқа жоғалтар еш нәрсесі жоқ, ал демократизмнің көмегі арқылы ол бүкіл дүниеге ие болады[21]. Сондықтан, буржуазиялық революция демократиялық өзгерістер жасауда неғұрлым дәйектірек болса, ол буржуазияға ғана тиімді істермен соғұрлым азырақ шектелетін болады. Буржуазиялық революция неғұрлым дәйектірек болса, ол демократиялық төңкерісте пролетариат пен шаруалардың пайдасын соғұрлым көбірек қамтамасыз етеді.

Марксизм пролетарға буржуазиялық революциядан аулақ болуды емес, оған қатыспауды емес, буржуазиялық революцияда басшылықты буржуазияға беруді емес, қайта, керісінше, оған барынша жігерлі қатысуды, пролетарлық дәйекті демократизм жолында, революцияны ақырына дейін жеткізу жолында барынша батыл күресуді үйретеді. Біз орыс революциясының буржуазиялық-демократиялық шеңберінен секіріп шығып кете алмаймыз, бірақ біз бұл шеңберді өте зор мөлшерде кеңейте аламыз, біз осы шеңбердің көлемінде пролетариаттың мүдделері үшін, оның тікелей мұқтаждары үшін, оның күштерін келешекте толық жеңіске жетуге әзірлеудің жағдайлары үшін күресе аламыз, күресуге тиістіміз де. Буржуазиялық демократияның да буржуазиялық демократиясы бар. Жоғарғы палатаны жақтайтын, жалпыға бірдей сайлау правосын «сұрайтын», ал құпия түрде шолақ конституция жөнінде патша өкіметімен жең ұшынан жалғасып келісім жасайтын земствошы-монархист те — буржуазияшыл демократ. Қолына қару алып помещиктер мен чиновниктерге қарсы ұмтылатын, «аңқау-республикашылдықпен» «патшаны қуып жіберуді» * ұсынатын шаруа да — буржуазияшыл демократ. Буржуазиялық-демократиялық тәртіптер Германиядағыдай да, Англиядағыдай да болады; Австриядағыдай да, Америкадағыдай не Швейцариядағыдай да болады. Демократиялық төңкеріс заманында демократизм дәрежелері арасындағы және демократизмнің белгілі бір формасының түрлі сипаттары арасындағы бұл айырманы байқамаған және әйтсе де мұның өзі «буржуазиялық революция» ғой, «буржуазиялық революцияның» жемістері ғой деп «ақылгөйсумен» тынған марксистің оңған марксист болғаны да.

Ал біздің жаңа искрашылдар нақ осындай өздерінің шолақ ойымен маңғазданатын ақылгөйлердің қатарына жатады. Дәл осылар дәйексіз буржуазиялық демократизм мен дәйекті пролетарлық демократизмнің арасындағы айырма былай тұрсын, республикалық-революциялық демократия мен монархияшыл-либерал буржуазия-

* Қараңыз: «Освобождение» № 71, 337-бет, 2-ескерту.

лық демократияның арасындағы айырманы ашу керек болған жерде революцияның буржуазиялық сипатын сөз қылумен ғана тынады. Әңгіме қазіргі революцияға *демократиялық басшылық* жасау туралы, Струве мырзаның және оның сыбайластарының сатқындық ұрандарындай емес, *алдыңғы қатарлы демократиялық* ұрандарды баса көрсету туралы, помещиктер мен фабриканттардың либералдық делдалдығындай емес, пролетариат пен шаруалардың шын революциялық күресінің таяудағы міндеттерін тура және батыл көрсету туралы болып отырғанда, бұлар, шынында да, дәл «құндақтаулы адамға» [22] айналғандай, «қарама-қарсы таптардың өзара күрес процесі» туралы ешқар сөздермен қанағаттанады. Біздің революция шын зор жеңіспен аяқтала ма әлде түкке тұрмайтын келісіммен ғана тына ма, ол пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасына жете ме әлде либералдық-шиповтық конституция жолында «күші сарқылып қала ма», міне, мырзалар, сіздер қапы соққан мәселенің мәні енді осында қалды!

Алғаш қарағанда, біз бұл мәселені қою арқылы тақырыбымыздан мүлдем басқа жаққа ауып кетіп отырғандай көрінуіміз мүмкін. Бірақ бұл тек алғаш қарағанда ғана солай көрінуі ықтимал. Дұрысында, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы III съезінің социал-демократиялық тактикасы мен жаңа искрашылдар конференциясында белгіленген тактиканың арасындағы қазірдің өзінде толық айқындалған принциптік алауыздықтың түпкі тамыры, атап айтқанда, осы мәселеде жатыр. Бұл жаңа искрашылдар жұмысшы партиясының революция кезіндегі тактикасының жұмысшы партиясы үшін өте-мөте күрделі, өте-мөте маңызды, өте-мөте керекті мәселелерін шешерде «экономизмнің» қателерін қайта тірілтіп, қазірдің өзінде екі адым емес, үш адым кейін шегініп кетті. Міне сондықтан да қойылған мәселені талдау ісіне біздің барынша көңіл қойып тоқталуымыз қажет.

Жаңа искрашылдар қарарының біз үзінді келтірген бөлігінде социал-демократия буржуазияның дәйексіз саясатына қарсы күресте өз қолын өзі байламаса игі еді,

социал-демократия буржуазиялық демократияға сіңіп кетпесе игі еді, деген қауіп көрсетіледі. Осы қауіп туралы пікір ерекше-жаңаискрашылдық әдебиеттің бәріне арқау болып отыр, бұл пікір — біздің партияның жікке бөлінуіндегі (бұл жікке бөлінудегі дау-жанжал элементтері «экономизмге» бұрылу элементтеріне қарағанда мүлде соңғы қатарға ысырылған кезден бері) бүкіл принциптік позицияның нағыз түйіні. Біз ешбір жалтақсыз бұл қауіп шынында да бар деп, нақ қазір, орыс революциясының қызған кезінде, бұл қауіп өтемөте елеулі болып отыр деп білеміз де. Біздің бәрімізге, социал-демократияның теоретиктеріне немесе публицистеріне — мен өзім туралы публицистеріне дегенді тәуір корер едім — бұл қауіптің шынында *қай жақтан* туатынын анықтап алу сияқты кешеуілдетуге болмайтын, айрықша жауапты міндет жүктеліп отыр. Өйткені біздің алауыздығымыздың негізі мұндай қауіптің бары-жоғы туралы таласта емес, ол қауіпті «азшылықтың» хвостизмі деген туғыза ма әлде «көпшіліктің» революционаризмі деген туғыза ма, міне осы туралы таласта жатыр.

Теріс түсіну немесе жаңсақтық болмас үшін біз ең алдымен сөз болып отырған қауіп, істің субъективтік жағында емес, объективтік жағында, социал-демократияның күресте жақтайтын ресми позициясында емес, қазіргі бүкіл революциялық күрестің материалдық нәтижесінде екенін айта кетелік. Социал-демократиялық топтардың бірі болмаса бірі буржуазиялық демократияға сіңіп кеткісі келе ме, жоқ па, олар өздерінің сіңіп бара жатқанын мойындай біле ме, жоқ па, мәселе мұнда емес,— бұл туралы сөз де болып отырған жоқ. Біз социал-демократтардың еш қайсысында мұндай ниет бар деп сезіктенбейміз және бұл арада әңгіме тіпті ниет туралы да емес. Сол сияқты, социал-демократиялық топтардың бірі болмаса бірі бүкіл революция бойында өздерінің ресми дербестігін, жекелігін, буржуазиялық демократияға тәуелсіздігін сақтай ма, жоқ па, мәселе мұнда да емес. Олар осы «дербестік» туралы мәлімдеу былай тұрсын, оны формальдық жағынан сақтай да алады, соның өзінде *іс былай болып шығуы мүмкін:* буржуазияның дәйексіздігімен күресте бұлардың қолы бай-

лаулы болып шығады. Социал-демократия, өзінің ресми жағынан «дербестігіне» қарамастан, ұйымдық, партиялық жағынан толық жекелігіне қарамастан, іс жүзінде ол дербес болмай шығуы мүмкін, оқиғаның бет алысына өзінің пролетарлық дербестік әсерін тигізуге күші келмей қалуы мүмкін, әлсіздігі сондайлық болып, жалпы және тұтас алғанда, сайып келгенде, ақырғы қорытындыда буржуазиялық демократияға «сіңіп кетуі» қалай да тарихи факт болуы мүмкін, революцияның ақырғы саяси қорытындысы осылай болып шығуы мүмкін.

Міне, шын қауіп осында болып отыр. Енді біз осы қауіптің қай жақтан туатынын қарастырып көрелік: біз ойлағандай, социал-демократияның жаңа «Искра» арқылы оңға ауытқуынан туа ма, әлде жаңа искрашылдар ойлағандай, социал-демократияның «көпшілік», «Вперед» т. т. арқылы солға ауытқуынан туа ма.

Бұл мәселені, жоғарыда өзіміз айтқандай, түрлі қоғамдық күштер қимылының объективтік жағынан орайласуы шешеді. Ол күштердің сипаты теория жүзінде орыс өмірінің шындығына маркстік талдау жасау арқылы анықталған, ал енді ол практика жүзінде топтар мен таптардың революцияның барысындағы ашық аттанысы арқылы анықталады. Сөйтіп, бастан кешіріп отырған заманнан көп бұрын марксистер жасаған теориялық талдаудың бәрі және революциялық оқиғалардың дамуын практика жүзінде байқаудың бәрі бізге, объективтік жағдайлар тұрғысынан қарағанда, Россияда революцияның бет алысы мен нәтижесі екі түрлі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Россияның экономикалық және саяси құрылысының буржуазиялық-демократиялық бағытта өзгеруі сөзсіз және болмай қоймайды. Жер бетінде мұндай өзгеріске кедергі бола алатын күш жоқ. Бірақ бұл өзгерісті жасайтын қолда бар күштер қимылының орайласуына қарай бұл өзгерістің екі түрлі нәтижесі немесе екі түрлі формасы болуы мүмкін. Екінің бірі: 1) не іс «революцияның патша өкіметін біржола жеңіп шығуымен» бітеді не 2) біржола жеңіп шығуға күш жетпейді, онда іс буржуазияның неғұрлым «дәйексіз», неғұрлым «құлқыншыл» элементтерімен патша өкіметінің келісім жасауымен бітеді. Ешкім

алдын ала болжай алмайтын ұшы-қиыры жоқ әр түрлі егжей-тегжейлер мен айлалы әрекеттердің бәрі жалпы және тұтас алғанда, нақ осы екі нәтиженің бірі болмаса біріне келіп саяды.

Енді осы нәтижелерді, біріншіден, олардың әлеуметтік маңызы тұрғысынан, екіншіден, ол нәтижелердің екеуінің де тұсындағы социал-демократияның жағдайы (оның «сіңіп кетуі» немесе «қолы байлануы») тұрғысынан алып қаралық.

«Революцияның патша өкіметін біржола жеңіп шығуы» дегеніміз не? Жаңа искрашылдар бұл сөзді қолданғанда мұны тіпті таяудағы саяси мағынасы жағынан да түсінбейтінін біз жоғарыда көрдік. Олардың бұл ұғымның таптық мазмұнын түсінуі одан да болымсыз. Біздер, марксистер, «революция» немесе «орыстың ұлы революциясы» деген *сөздерге,* қазір көптеген революцияшыл демократтардың (Гапон сияқтылардың) малданып отырғаны тәрізді, еш уақытта малдануға тиісті емеспіз ғой. Біз қандай нақты қоғамдық күштердің «патша өкіметіне» (бұл әбден нақты, жұрттың бәріне әбден түсінікті күш) қарсы тұрып, оны «біржола жеңіп шығуға» қабілетті екенін дәл біліп алуымыз керек. Ірі буржуазия, помещиктер, фабриканттар, освобождениешілдердің соңынан ерген «қоғам» мұндай күш бола алмайды. Олардың біржола жеңіп шығуды тіпті қаламайтынын да көріп отырмыз. Өзінің таптық жағдайы жағынан патша өкіметіне қарсы батыл күрес жүргізу олардың қолынан келмейтінін білеміз: жеке меншік, капитал, жер батыл күреске аяқ бастырмайтын тым ауыр кісен. Олардың патша өкіметін құртуға тырыспайтын себебі: пролетариат пен шаруаларға қарсы тұратын полициялық-бюрократтық, әскери күштері бар патша өкіметі оларға аса қажет. Жоқ, егер селолық және қалалық ұсақ буржуазияны (бұл да«халық») пролетариат пен шаруалар арасында бөле отырып, негізгі, ірі күштерді алатын болсақ, «патша өкіметін біржола жеңіп шығуға қабілеті жететін күш тек *халық,* яғни пролетариат пен шаруалар ғана болуы мүмкін. «Революцияның патша өкіметін біржола жеңіп шығуы» дегеніміз — *пролетариат пен шаруалардың революциялық-демокра-*

тиялық диктатурасы. «Вперед» әлдеқашан көрсеткен бұл қорытындыдан біздің жаңа искрашылдар ешқайда қашып құтыла алмайды. Патша өкіметін біржола жеңіп шығатын бұлардан басқа ешкім жоқ.

Ал мұндай жеңіс ңағыз диктатура болады, яғни ол «жария», «бейбіт жолмен» құрылған қандай да болсын мекемелерге емес, соғыс күшіне, бұқараның қарулануына, көтеріліске сүйенуге сөзсіз тиісті болады. Бұл тек диктатура ғана болуы мүмкін, өйткені пролетариат пен шаруаларға дереу және сөзсіз қажет өзгерістерді жүзеге асыру ісі помещиктердің де, ірі буржуазияның да, патша өкіметінің де жапталасқан қарсылығын туғызады. Диктатурасыз бұл қарсылықты қирату, контрреволюциялық әрекеттерге тойтарыс беру мүмкін емес. Бірақ бұл, әлбетте, социалистік диктатура емес, демократиялық диктатура болады. Ол (революциялық дамудың толып жатқан аралық басқыштары болмайынша) капитализмнің негіздерін қозғалта алмайды. Оның қолынан, ең мықтағанда, жер меншігін шаруалардың пайдасына негізінен қайта бөлу, республика құруға дейін жеткізіп дәйекті, толық демократизм орнату, деревня тұрмысынан ғана емес, фабрика тұрмысынан да азиаттық, кіріптарлық белгілердің бәрін түп-тамырымен жұлу, жұмысшылардың жағдайын елеулі түрде жақсартудың, олардың тұрмыс дәрежесін көтерудің негізін салу, ақырында, last but not least * революция өртін Европаға өткізіп жіберу келеді. Мұндай жеңіс біздегі буржуазиялық революцияны әлі де социалистік революция ете қоймайды; демократиялық төңкеріс буржуазиялық қоғамдық-экономикалық қатынастар шеңберінен тікелей шығып кетпейді; бірақ дегенмен мұндай жеңістің Россияның да, бүкіл дүние жүзінің де болашақтағы дамуы үшін маңызы өте зор болады. Россияда басталған революцияның біржола жеңуіндей еш нәрсе де бүкіл дүние жүзі пролетариатының революциялық жігерін осыншалық дәрежеге көтере алмайды, оның толық жеңісіне апаратын жолды еш нәрсе де мұншалық қысқарта алмайды.

* Маңыздылығы жағынан емес, сан реті жағынан ақырғы.

Мұндай жеңіс қаншалық ықтимал — ол басқа мәселе. Біз бұл жөнінде ақылға сыймайтын оптимизмге тіпті де әуес емеспіз, біз бұл міндеттің зор қиыншылықтарын тіпті де ұмытып отырғанымыз жоқ, бірақ, күреске аттанған соң, жеңіп шығуға тырысуымыз керек, жеңіске апаратын нағыз дұрыс жолды көрсете білуіміз керек. Бұл жеңіске жеткізе алатын тенденциялардың бар екені даусыз. Рас, біздің социал-демократияның пролетариат бұқарасына ықпалы әлі өте-мөте жеткіліксіз; шаруалар бұқарасына революциялық әсер мүлде мардымсыз; пролетариаттың, әсіресе шаруалардың бытыраңқылығы, артта қалғандығы, қараңғылығы әлі де сұмдық күшті. Бірақ революция тез топтастырады, көзді тез ашады. Революцияның дамуындағы әрбір адым бұқараны оятады және бұқараның нағыз, төл мүддесін дәйекті түрде, толық көксейтін бірден-бір программа ретіндегі революциялық программа жағына бұқараны зор күшпен тартады.

Механика заңында қимыл қарсы қимылға тең дейді. Тарихта революцияның қиратушы күші де бостандыққа ұмтылушылықты басудың қаншалықты күшті, ұзақ болуына, ескілікті «қондырма» мен қазіргі заманның өмірлік күштерінің арасындағы қайшылықтың қаншалықты тереңдігіне едәуір дәрежеде байланысты. Халықаралық саяси жағдай да көп ретте орыс революциясы үшін өте-мөте тиімді қалыптасып отыр. Жұмысшылар мен шаруалардың көтерілісі қазірдің өзінде басталды, бұл көтеріліс бытыраңқы, стихиялы, бәсең, бірақ ол аянбай күресе алатын және үзілді-кесілді жеңіске аттанатын күштердің бар екендігін даусыз және сөзсіз дәлелдейді.

Бұл күш жеткіліксіз болса,— онда патша өкіметі, Булыгин мырзалар да, Струве мырзалар да қазірдің өзінде екі жақтап дайындап жатқан келісімді жасап үлгереді. Онда іс шолақ конституциямен немесе тіпті — іс насырға шапқан күнде — конституциясымақ келемежбен бітеді. Бұл да «буржуазиялық революция» болады, бірақ ол түсік, шала, дүбара болып шығады. Социал-демократия өзін өзі алдаусыратпайды, ол буржуазияның сатқындық тұрпатын біледі, оның еңсесі түспейді, ол

буржуазиялық-конституциялық «шиповтық» дәуреннің нағыз сұрғылт күндерінде де пролетариатқа таптық тәрбие беру жөніндегі өзінің қажырлы, төзімді, тиянақты жұмысын тастамайды. Мұндай нәтиже XIX ғасырдың ішінде Европада болған демократиялық революциялардың бәрінің дерлік нәтижесіне азды-көпті ұқсас болар еді және онда біздің партиялық дамуымыз қиын, ауыр, ұзақ жолмен, бірақ таныс, тапталған жолмен кетер еді.

Енді мынадай сұрақ туады: осы мүмкін болған екі нәтиженің қайсысының тұсында социал-демократияның дәйексіз және құлқынішыл буржуазияға қарсы күресте іс жүзінде қолы байлаулы болып шығады? буржуазиялық демократияға іс жүзінде «сіңіп кеткен» немесе сіңіп кетуге жақындаған болып шығады?

Бұған бір минут та қиналмай жауап беру үшін осы сұрақты ашық қоюдың өзі де жеткілікті.

Буржуазия патша өкіметімен келісім жасау арқылы орыс революциясын болдырмай тастаса,— онда социал-демократияның дәйексіз буржуазияға қарсы күресте іс жүзінде қолы шын байлаулы болып шығады,— онда пролетариат революцияға өзінің айқын таңбасын сала алмай қалады, патша өкіметінің пролетарша немесе, бір кездерде Маркс айтқандай, «плебейше» сазайып тартқыза алмай қалады деген мағынада социал-демократия буржуазиялық демократияға «сіңіп кеткен» болып шығады.

Революция біржола жеңіп шыға алса,— онда біз патша өкіметінің якобиншілше немесе, тілесеңіз, плебейше сазайын тартқызамыз. Маркс атақты «Жаңа Рейн Газетінде» 1848 ж. былай деп жазған: «Бүкіл француз терроризмі — буржуазияның дұшпандарының, абсолютизмнің, феодализмнің, мещандықтың сазайын тартқызудың плебейлік әдісі болды, басқа түк те емес» (қараңыз: Marx' Nachlass, Мерингтің бастырып шығарғаны, III том, 211-бет) [23]. Демократиялық революция заманында орыстың социал-демократ жұмысшыларын «якобинизм» құбыжығымен қорқытып жүрген адамдар Маркстің осы сөздерінің маңызы туралы бұрын-соңды ойлады ма екен?

Қазіргі орыс социал-демократиясының жирондистері, жаңа искрашылдар, освобождениешілдермен қосылып кетпейді, бірақ іс жүзінде, өз ұрандарының сипатына байланысты, солардың соңында жүрген болып шығады. Ал освобождениешілдер, яғни либерал буржуазияның өкілдері, самодержавиенің сазайын тартқызғанда — жұмсақ, реформаторлық жолмен,— кеңшілік жасап, аристократияны, дворяндарды, патша сарайын ренжітпей,— сақтықпен, ешбір өзгеріс жасамастан,— жылы жүзбен, ілтипатпен, төрелерше ақ қолғап киіп (Қанқұйлы Николай[24] «халық өкілдерін» (?) қабылдағанда Петрункевич мырзаның бас бұзардың қолынан кигені тәрізді қолғапты киіп, «Пролетарийдің» 5-номерін қараңыз *) сазайын тартқызбақшы.

Қазіргі социал-демократияның якобиншілдері,— большевиктер, впередшілдер, съезшілдер немесе пролетаршылдар, тағы не деп айтуға білмеймін,— өздерінің ұрандары арқылы революцияшыл және республикашыл ұсақ буржуазияны, әсіресе шаруалардың өзінің таптық жекелігін толық сақтайтын пролетариаттың дәйекті демократизмі дәрежесіне көтергісі келеді. Олар халық, яғни пролетариат пен шаруалар, бостандық дұшпандарын аямай құртып, олардың қарсылығын күшпен басып, қарғыс атқан крепостниктік тәртіптің, азиаттықтың, адамды қорлаушылықтың қалдықтарына ешбір кеңшілік жасамай, монархия мен аристократияның «плебейше» сазайын тартқызуды тілейді.

Бұл, әрине, біз 1793 жылғы якобиншілдерге қалайда еліктегіміз келеді, олардың көзқарасын, программасын, ұрандарын, қимыл жасау әдістерін қабылдағымыз келеді деген сөз емес. Тіпті де олай емес. Біздің программамыз ескі емес, жаңа программа — Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының программа-минимумы. Біздің ұранымыз жаңа ұран: пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы. Егер революцияның нағыз жеңісіне дейін өмір сүрер болсақ,— толық социалистік төңкеріске ұмтылатын жұмысшы табы партиясының сипаты мен

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 316—321-беттер. *Ред.*

мақсаттарына сәйкес біздің қимыл жасау әдістеріміз де жаңа болады. Біз өзіміздің салыстыруымыз арқылы XVIII ғасырдағы алдыңғы қатарлы таптың, буржуазияның, өкілдері, яғни жирондистер мен якобиншілдер қандай екі қанатқа (оппортунистік қанат пен революциялық қанатқа) бөлінсе, XX ғасырдағы алдыңғы қатарлы таптың, пролетариаттың, өкілдері де, яғни социал-демократтар да пақ сондай екі қанатқа бөлінетіндігін түсіндіргіміз ғана келеді.

Демократиялық революция толық жеңіп шыққан күнде ғана пролетариаттың дәйексіз буржуазияға қарсы күресте қолы байлаулы болмайды, тек сонда ғана пролетариат буржуазиялық демократияға «сіңіп» кетпейді, бүкіл революцияға өзінің пролетарлық немесе, дұрысырағы, пролетарлық-шаруалық таңбасын салады.

Бір сөзбен айтқанда: дәйексіз буржуазиялық демократиямен күресте қолы байлаулы болып қалмауы үшін, шаруаларды революциялық сана-сезім дәрежесіне көтеру үшін, олардың көрсететін тегеуірінін басқару үшін, сөйтіп дәйекті-пролетарлық демократизмді дербес жүзеге асыру үшін пролетариат жеткілікті дәрежеде саналы әрі күшті болуға тиіс.

Дәйексіз буржуазиямен күресте қолдың байлаулы болып қалу қаупі туралы жаңа искрашылдар мүлдем сәтсіз шешкен мәселенің жайы, міне осындай. Буржуазия қашан да дәйексіз болады. Пәлендей шарттар, түгендей пункттер * орындалса, буржуазиялық демократияны халықтың қалтқысыз досы деп санауға болар еді деп шарттар немесе пункттер белгілеуге әрекет жасаудан асқан аңқаулық, бос әурешілік жоқ. Демократизм жолындағы дәйекті күрескер тек пролетариат қана бола алады. Пролетариаттың революциялық күресіне шаруалар бұқарасы қосылған күнде ғана пролетариат демократизм жолындағы жеңімпаз күрескер болып шыға алады. Пролетариаттың бұған күші жетпесе,— онда буржуазия демократиялық революцияның басында болып шығады да, оған дәйексіздік және құлқыншылдық

* III съезд қабылдамай тастаған қарарында [25] Староверді ң істеп көрмек болғанындай және одан да бетер сәтсіз қарарда конференцияның істеп көргелі отырғаны сияқты.

сипат береді. Бұған пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасынан басқа бөгет жасайтын құрал жоқ.

Сонымен, біз нақ сол жаңа искралық тактика, өзінің объективтік мәні бойынша, *буржуазиялық демократияның отына май құю болады* деген шүбәсыз қорытындыға келеміз. Бара-бара плебисцитке, келісім принципіне, партиялық әдебиеттің партиядан қол үзуіне апарып соғатын ұйымдық тиянақсыздықты уағыздау,— қарулы көтеріліс міндеттерінің маңызын төмендету,— революцияшыл пролетариат пен монархияшыл буржуазияның жалпы халықтық саяси ұрандарын араластырып жіберу,— «революцияның патша өкіметін біржола жеңіп шығуының» шарттарын бұрмалау,— осының бәрін түгел алғанда революциялық кезеңдегі нақ сол хвостизм саясатын береді; бұл саясат жеңіске жетудің бірден-бір жолын көрсетіп отырудың орнына, пролетариаттың ұранына халықтың барлық революцияшыл және республикашыл элементтерін қосып отырудың орнына пролетариатты жолдан тайдырады, оған іріткі салады, оның санасын шатастырады, социал-демократияның тактикасын бәсеңдетеді.

Қарарды талдау арқылы жасаған осы қорытындымызды дәлелдеу үшін енді сол мәселені басқа жақтарынан алып қарайық. Біріншіден, жаңа искрашылдардың тактикасын грузин «Социал-Демократында» қарапайымдау және ашық меньшевиктің қалай көрсетіп отырғанын қарап көрейік. Екіншіден, іс жүзінде, қазіргі саяси жағдайда, жаңа «Искраның» ұрандарын кім пайдаланып отырғанын қарап көрейік.

7. «КОНСЕРВАТОРЛАРДЫ ҮКІМЕТТЕН ТАЙДЫРУ» ТАКТИКАСЫ

Жоғарыда біз атап өткен меньшевиктік Тифлис «комитетінің» органында («Социал-Демократ» № 1) басылған мақала «Земство жиыны және біздің тактикамыз» деп аталады. Мақаланың авторы біздің програм-

маны әлі мүлде ұмыта қоймаған, ол республика ұранын ұсынады, бірақ тактика туралы ол былай дейді:

«Бұл мақсатқа (республикаға) жету үшін екі жолды көрсетуге болады: не үкімет шақырған Земство жиынына мүлде көңіл бөлмей, қолға қару алып үкіметті құлату керек, революциялық үкімет құрып, құрылтай жиналысын шақыру керек. Немесе — қолға қару алып Земство жиынының құрамына, оның қызметіне ықпал жасап, оны қимыл-әрекетіміздің орталығы деп жариялауымыз керек және өзін құрылтай жиналысы деп жариялауға оны күшпен мәжбүр ету керек, немесе сол арқылы құрылтай жиналысын шақыру керек. Бұл екі тактиканың бірінен-бірінің үлкен айырмасы бар. Енді екі тактиканың қайсысы бізге тиімдірек екенін қарап көрейік».

Кейін біз жоғарыда талдаған қарарға енген идеяларды орыстың жаңа искрашылдары міне осылай баяндайды. Бұл, есіңізде болсын, Цусимадан [26] бұрын, Булыгин «жобасы» жалғанның жарығына мүлде шықпаған кезде жазылған. Тіпті либералдар да шыдамы таусылып, жария баспасөз бетінде өздерінің сенбейтіндігін білдірген болатын, ал жаңа искрашыл социал-демократ либералдардан гөрі сенгіш болып шықты. Ол Земство жиыны «шақырылып жатыр» деп жариялайды және патшаға сенетіндігі сонша — әлі дүниеге келмеген осы Земство жиынын (мүмкін, «Мемлекеттік дума» немесе «заң жөніндегі кеңесші жиын» болар?) қимыл-әрекетіміздің орталығы етіп алуды ұсынады. Конференцияда қабылданған қарардың авторларынан гөрі неғұрлым ашық, тура кесіп айтатын біздің тифлистік автор екі «тактиканы» (өзі мейлінше аңқаулықпен баяндап отырған тактикаларды) салыстырып жатпай-ақ, екіншісі «тиімдірек» деп жариялайды. Тыңдап көріңіз:

«Бірінші тактика. Өздеріңіз білесіздер, алдағы революция — буржуазиялық революция, яғни ол қазіргі құрылысты өзгерткенде, оған (өзгеріске) пролетариат қана емес, сонымен қатар бүкіл буржуазиялық қоғам да мүдделі болып отырғанындай етіп өзгертуге бағытталған. Барлық таптар, тіпті капиталистердің өздері де, үкіметке оппозицияда болып отыр. Күрес жүргізіп жатқан пролетариат пен күрес жүргізіп жатқан буржуазия кейбір мағынада бірге жүріп, самодержавиеге жан-жақтан бірге шабуыл жасайды. Бұл арада үкімет мүлде жалғыз қалады және қоғамның тілектес болуынан айрылады. Сондықтан оны

құрту * оп-оңай. Бүкіл Россия пролетариаты бір өзі революция жасай аларлық дәрежеде әлі саналы, ұйымшыл бола қойған жоқ. Егер ол осыны істей алатын болса, буржуазиялық революция емес, пролетарлық (социалистік) революция жасар еді. Олай болса, үкіметтің одақтассыз қалатыны, оппозицияны бөліп жібере алмайтыны, буржуазияны өзіне қосып ала алмайтыны, пролетариатты оқшау қалдыра алмайтыны біздің пайдамыз...»

Сөйтіп, патша үкіметінің буржуазия мен пролетариатты бөліп жібере алмайтыны пролетариаттың пайдасы екен ғой! Тегінде, грузин органының «Освобождение» деп аталудың орнына, «Социал-Демократ» деп аталуы қатеден емес пе екен? Байқаңызшы, демократиялық революция жөнінде қандай өрескел философия! Біз бұл арада «буржуазиялық революция» деген ұғымды сорлы тифлистіктің артта жүруші-сөзуарша түсіну арқылы біржола алжасқанын ап-айқын көріп отырған жоқпыз ба? Ол пролетариаттың демократиялық төңкерісте оқшау қалуы мүмкін екендігі туралы мәселені талқылай отырып... ұсақ бір жайды... шаруалар жайын *ұмытады!* Пролетариаттың мүмкін болатын одақтастарынан оның білетіні және жақсы көретіні — земствошы-помещиктер, ал шаруаларды ол білмейді. Бұл өзі Кавказда болып отыр-ау! Ал өздеріңіз айтыңыздаршы, жаңа «Искра» революцияшыл шаруаларды өзіне одақтас етіп тартудың орнына, жаңағыдай жалаң сөздері арқылы монархиялық буржуазияның дәрежесіне дейін құлдырап кетіп отыр дегенде біз дұрыс айтпап па едік?

«...Өйтпеген күнде пролетариаттың жеңілуі, үкіметтің жеңуі сөзсіз. Сондықтан да самодержавие нақ осыған ұмтылады. Ол, күмән жоқ, өзінің Земство жиынында дворяндардың, земстволардың, қалалардың, университеттердің, т. с. буржуазиялық мекемелердің** өкілдерін өз жағына тартады. Ол ұсақ-түйек кеңшіліктер жасау арқылы олардың көңілін табуға, сөйтіп олармен табысуға тырысады. Осылай нығайып алған ол өзінің барлық соққыларын жалғыз қалған жұмысшы халқына бағыттайды. Біздің міндетіміз — осындай бақытсыздық нәтижені бол-

* Қолжазбада «құрту» деген сөзден кейін Лениннің цитатқа жақшаның ішіне алып қосқан, сызылып тасталған екі сұрақ белгісі келеді. *Ред.*

** Осыдан кейін Лениннің сызып тастаған мына тексті келеді: «Дворяндар, университеттер және т. с. буржуазиялық мекемелер! Нақ сондайлық барып тұрған тұрпайы «марксизмді» кездестіру үшін «Рабочая Мысльге» қайта оралу керек!» *Ред.*

дырмау. Бірақ мұны бірінші жолмен істеуге бола ма? Мәселен, біз Земство жиынына ешбір көңіл бөлмей, көтеріліске өз бетімізбен дайындала бастадық, күндердің күнінде қару алып, күресу үшін көшеге шықтық делік. Міне, осы арада бізге бір емес, екі дұшпан: үкімет пен Земство жиыны қарсы шыға келді. Осы екі ортада, біз дайындалып жатқанда, олар сөз байласып үлгерді*, өздеріне тиімді конституция жасау жөнінде өзара келісімге келіп, өкімет билігін өзара бөлісіп алды. Бұл үкіметке түп-тура тиімді тактика, сондықтан біз барынша күш салып, ол тактикадан бас тартуымыз керек...»

Міне, бұл жерде ашық айтылып отыр! Көтерілісті дайындау «тактикасынан» үзілді-кесілді бас тарту керек, өйткені «ол екі ортада» үкімет буржуазиямен келісім жасап қойды! Ең барып тұрған «экономизмнің» ескі әдебиетінен революцияшыл социал-демократияны мұншалық масқаралауға жуықтайтын бірдеңені кездестіруге бола қояр ма екен? Біресе мұнда, біресе онда жұмысшылар мен шаруалардың көтерілісі, дүмпулері болып жатқаны ақиқат. Земство жиыны — Булыгиннің өтірік уәдесі. Ал Тифлис қаласынан шыққан «Социал-Демократ»: көтерілісті дайындау тактикасынан бас тарту керек, «ықпал ету орталығын» — Земство жиынын құру керек деп ұйғарады...

«... Ал, екінші тактика, керісінше, Земство жиынын біздің бақылауымызға қою керек дейді, оның өз еркімен** қимыл жасап, үкіметпен келісімге келуіне мүмкіндік бермеу керек*** дейді.

Біз Земство жиынын ол самодержавиемен күрескенде ғана қолдаймыз, ал ол самодержавиемен ымыраға келген кездерде, біз онымен күресеміз. Біз жігерлене кірісіп, депутаттарды күшпен бір-бірінен бөлектейміз****, радикалдарды өзімізге қосып аламыз*****, консерваторларды үкіметтен тайдырамыз, сөйтіп

---

* Осыдан кейін қолжазбада Лениннің сызып тастаған мына тексті келеді: «қандай якобиншілдік десеңізші! көтеріліске «әзірленбекші!»». *Ред.*

** Осыдан кейін қолжазбада Лениннің сызып тастаған мына тексті келеді: «пah! қандай ррреволюцияшылдық десеңізші!».*Ред.*

*** Земствошыларды осылай еркінен айыру үшін қандай құрал бар? Ерекше лакмусты қағаз емес пе екен?

**** Әулие пайғамбарлар-ай! не деген «тереңң» тактика! Көшеде күресуге күш жоқ, ал «күшпен» «депутаттарды бөлектеуге» болады. Тыңдаңызшы, тифлистік жолдас, өтірік айтуға болар, бірақ шамадан тыс кетпеу де керек қой...

***** Осыдан кейін қолжазбада Лениннің сызып тастаған мына тексті келеді: «бейшара Струве! Бұл өзі радикал деген атаққа ілігіп тұр ғой! Тағдырға қараңызшы — күштеп апарып жаңа искрашылдарға қосып отыр-ау оны...». *Ред.*

бүкіл* Земство жиынын революциялық жолға саламыз. Осындай тактиканың арқасында үкімет үнемі жалғыз қалады, оппозиция** күшті болады, осыдан барып демократиялық құрылысты орнату ісі жеңілдейді».

Солай, солай! Енді жұрт бізді жаңа искрашылдардың «экономизмнің» ең тұрпайы түріне бет бұрғанын асыра айтып отыр деп көрсінші. Бұл өзі шыбынға қарсы жасалған әйгілі ұнтақ дәрінің дәл өзі тәрізді ғой: шыбынды ұстап алып, үстіне осы ұнтақты сепсең қата қалады, деуші еді ғой. Земство жиынының депутаттарын *күшпен* бөлектеу керек, «консерваторларды үкіметтен тайдыру керек»—сонда *бүкіл* Земство жиыны *революциялық жолға* түседі... Бұл үшін ешбір «якобиншілдік» қарулы көтерілістің қажеті жоқ, оп-оңай, сып-сыпайы, парламенттік жолмен дерлік, *Земство жиынының мүшелеріне* «ықпал жасау» арқылы ғана болады.

Бейшара Россия! Ол туралы әрқашан да ол Европа лақтырып тастаған ескі сәнді қалпақты киеді, деуші еді ғой. Бізде парламент әлі жоқ, ол жөнінде тіпті Булыгин де уәде еткен жоқ, ал парламенттік кретинизм[27] дегенің жетіп жатыр.

«... Бұл араласу қалай жасалуға тиісті? Ең алдымен біз Земство жиынының дауысты жасырын беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосы жолымен шақырылуын талап етеміз. Сайлаудың осындай тәртібін жариялаумен*** бірге сайлау алдындағы үгіттің толық еркін болуы, яғни жиналыс, сөз, баспасөз бостандығы, сайлаушыларға және сайланушыларға ешкімнің тимеуі және барлық саяси қылмыскерлердің босатылуы заңдандырылуға**** тиіс. Сайлаудың өзі, халықты таныстырып, оны әзірлеу үшін мүмкін қадерінше кейінірек мерзімге тағайындалуға тиіс. Және Жиынды шақыру жөніндегі ережелерді жасау ішкі істер министрі Булыгин комиссиясына тапсырылғандықтан, біз сол комиссияға және оның мүшелеріне әсер етуіміз керек*****. Егер Булыгин комиссиясы біздің талабымызды қанағаттандырудан бас тартса****** және депутаттар

* Қолжазбада осыдан кейін Лениннің сызып тастаған: «тыңдаңыздаршы! тыңдаңыздаршы!» деген сөзі келеді. *Ред.*

** Қолжазбада осыдан кейін Лениннің сызып тастаған: ««тайдырылған» консерваторларсыз?» деген сөзі келеді. *Ред.*

*** «Искрада» ма?

**** Николай қабылдай ма?

***** «Консерваторларды үкіметтен тайдыру» тактикасы дегеніміз, міне, осы екен ғой!

****** Біздің тарапымыздан осындайлық дұрыс және терең ойланылмаған тактика болып отырғанда бұлай болуы мүмкін емес!

сайлау правосын тек дәулеттілерге ғана беретін болса, онда біз бұл сайлауға қол сұғып, революциялық жолмен сайлаушыларға алдыңғы қатарлы кандидаттарды сайлаттыруға тиіспіз және Земство жиынында құрылтай жиналысын талап етуге тиіспіз *. Ақырында, барлық шаралар: демонстрациялар, стачкалар арқылы және, егер қажет болса, көтеріліс арқылы Земство жиынын құрылтай жиналысын шақыруға немесе өзін құрылтай жиналысы деп жариялауға мәжбүр ету керек. Құрылтай жиналысын қорғаушы қаруланған пролетариат болуға тиіс және екеуі бірге ** демократиялық республикаға барады.

Социал-демократиялық тактика осындай және бізге жеңіс әперетін тек осы ғана».

Осыншалық ғаламат өрескелдік қайдағы бір жауапсыз және беделсіз жаңа искрашылдың қаламын сынап көруі ғана деп оқушы ойлап қалмасын. Жоқ, мұның өзі жаңа искрашылдардың тұтас бір комитетінің, Тифлис комитетінің *органында* айтылып отыр. Ол ол ма. Бұл өрескелдікті *«Искра» тұп-тура мақұлдаған,* оның жүзінші номерінен біз сол «Социал-Демократ» туралы мынаны оқимыз:

«Бірінші номер өте қызғылықты және талантты редакцияланған. Редактор-жазушының тәжірибелі, шебер қолы байқалады... Газет өзінің алдына қойылған міндетті тамаша орындайды деп сеніммен айтуға болады».

Иә! Егер міндет жаңа искрашылдықтың идеялық жағынан әбден іріп-шіруін барша жұртқа және әрбір адамға айқын етіп көрсету болса, онда шынында да бұл міндет «тамаша» орындалған. Жаңа искрашылдардың либералдық-буржуазиялық оппортунизмге дейін төмендеуін мұнан артық «қызғылықты, талантты және шебер» айтып жеткізу ешкімнің де қолынан келмес еді.

8. ОСВОБОЖДЕНИЕШІЛДІК ЖӘНЕ ЖАҢА ИСКРАШЫЛДЫҚ

Енді біз жаңа искрашылдықтың саяси мәнінің басқа бір айқын дәлеліне көшелік.

«Өзіңді қайтіп табасың» («Освобождение» № 71) деген аса тамаша, үздік, өнегелі мақаласында Струве

* Қолжазбада осыдан кейін Лениннің сызып тастаған: ««сайлаттыру» — «революциялық жолмен»! Осындай да революциялық репетиловшылдық болады екен-ау!» деген тексті келеді. *Ред.*

** Қаруланған пролетариат та, «үкіметтен тайдырылған» консерваторлар да ма?

мырза біздің шеткері партияларымыздың «программалық революционизміне» қарсы соғыс ашады. Струве мырза әсіресе маған наразы *. Ал мен болсам, Струве мырзаға өте ризамын: жаңа искрашылдардың қайта туып келе жатқан «экономизміне» және «социалист-революционерлердің» барып тұрған принципсіздігіне қарсы күресте мұнан асқан одақтасты тілемеген болар едім. Струве мырза және «Освобождение» социалист-революционерлер программасының жобасында марксизмге жасаған «түзетулерінің» бүкіл реакцияшылдығын практика жүзінде қалай дәлелдеді, бұл туралы басқа бір жолы әңгіме етерміз. Жаңа искрашылдарды *принципі* жағынан мақұлдаған сайын Струве мырза мен үшін қалайша ақ ниетпен, адал және шын қызмет атқарғаны туралы біз әлденеше рет әңгіме еткенбіз** және қазір тағы да айтып отырмыз.

---

* «Ленин мен оның жолдастары мырзалардың революционизмімен салыстырғанда Бебельдің және тіпті Каутскийдің батыс европалық социал-демократиясының революционизмі оппортунизм болып табылады, бірақ осы, біраз жұмсартылған революционизмнің негіздерін де тарих шайып, бұзып жіберіп отыр». Өте ашулы тиісу. Тек қана Струве мырза мені бір өліп қалған адамша, бәрін де маған жаба беруге болады деп бекер ойлайды. Мен Струве мырзаны беттесуге шақыруымның өзі де жеткілікті, оның мұны қабылдауға еш уақытта шамасы келмейді. «Бебель мен Каутскийдің революционизмі» оппортунизм деп мен қай жерде және қашан айтыппын? Халықаралық социал-демократияда Бебель мен Каутскийдің бағытына *тура келмейтін* қандай да болсын бір ерекше бағыт жасау керек деп мен қай жерде және қашан талап етіппін? Бір жағынан, менің және, екінші жағынан, Бебель мен Каутскийдің арасында алауыздық — елеулілігі жағынан Бебель мен Каутскийдің арасындағы алауыздыққа, мысалы, Бреславльдегі аграрлық мәселе жөніндегі алауыздыққа[28] аздап болса да ұқсайтын алауыздық жарық дүниеге қай жерде және қашан шығыпты? Струве мырза осы үш сұраққа жауап беріп көрсінші.

Ал оқушыларға біз мынаны айтамыз. Либерал буржуазияның *бар жерде* және *қашан да* болсын қолданатын әдісі: сол елдегі өз пікірлестерін өз еліндегі социал-демократтар — барып тұрған парасатсыздар деп, ал көршілес мемлекеттегі олардың жолдастары «тіл алғыш балалар» деп сендіру әдісі. Неміс буржуазиясы француз социалистерінің «тіл алғыш балаларын» Бебельдер мен Каутскийлерге *жүздеген рет* үлгі етіп көрсеткен еді. Француз буржуазиясы осы таяуда ғана француз социалистеріне Бебельді «тіл алғыш бала» етіп көрсетті. Ескі әдіс қой, Струве мырза! Бұл қармаққа сіз жас балалар мен надандарды ғана іліктіре аласыз. Программа мен тактиканың барлық ірі мәселелерінде халықаралық революциялық социал-демократияның толық ынтымақты болуы керек екені мүлде даусыз нәрсе.

** Оқушының есіне сала кетейік, «Нені істемеу керек» («Искра» № 52) деген мақаланы оппортунистер жөнінде кеңшілікшіл болуға «елеулі бет бұрыс» ретінде «Освобождение» шу көтеріп құттықтады. Жаңа искрашылдықтың принциптік тенденцияларын «Освобождение» орыс социал-демократтары ішіндегі жіктеліс туралы заметкада арнайы мақұлдап шықты. Троцкийдің «Біздің саяси міндеттеріміз» деген кітапшасы жөнінде «Освобождение» бұл автордың идеясының бір кездерде рабоче-делошылдар Кричевский, Мартынов, Акимов жаз-

Струве мырзаның мақаласында бірқатар қызықты мәлімдемелер бар, біз бұларға тек қана жол-жөнекей тоқталып өтеміз. Ол «күреске емес, таптар ынтымағына сүйеніп, орыс демократиясын құрмақшы», құрғанда «әлеуметтік артықшылықтары бар интеллигенция» (Струве мырзаның өзі алдарында жоғарғы қауымның нағыз... малайларынша бас иіп тұра қалатын «мәдениетті дворяндар» тәрізді) «өзінің әлеуметтік жағдайының салмағын» (ақшалы қапшығының салмағын) осы «таптық емес» партияға апарып салады. Струве мырза «буржуазия қорықты, пролетариатты және бостандық ісін сатып кетті дейтін радикалдық трафареттің» жарамсыздығымен жастарды таныстырғысы келеді (бұл тілекті жан-тәніміздеп құттықтаймыз. Бұл маркстік «трафаретті» Струве мырзаның оған қарсы соғысынан басқа ештеңе осылай дәлелдей алмайды. Струве мырза, өзіңіздің осы тамаша жоспарыңызды ұзақ кешеуілдете көрмеңізші!).

Біздің тақырыбымыз үшін бізге маңыздысы — қазіргі уақытта ауа райының титтей де болсын өзгерісіне сондайлық саяси-сергек және сезімтал орыс буржуазиясы өкілінің қандай *практикалық* ұрандармен күрес жүргізіп жатқанын көрсету. Біріншіден, республиканизм ұранымен күреседі. Бұл ұранның «халық бұқарасына түсініксіз және жат» екендігіне Струве мырзаның сенімі берік (ол: түсінікті, бірақ буржуазияға тиімсіз деп қоса айтуды ұмытады!). Біздің үйірмелерімізге және біздің шағын жиындарымызға қатысып жүрген жұмысшылардан Струве мырза қандай жауап алар еді, біз соны білгіміз келеді! Әлде жұмысшылар халыққа жатпай ма? Ал шаруалар ше? Струве мырзаның сөзіне қарағанда, бұлардікі «аңқау республиканизм» («патшаны қуып жіберу»),— ал бірақ либерал буржуазия *аңқау* республиканизмнің орнын саналы республиканизм емес,

ған да, айтып та жүрген идеяларымен бірыңғай екенін көрсеткен («Жарамсақ либерал» деген листокты қараңыз, «Вперед» басып шығарған) (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 75—78-беттер. *Ред.)*. Мартыновтың екі диктатура туралы кітапшасын «Освобождение» құттықтаған («Впередтің» 9-номеріндегі заметканы қараңыз) (бұл да сонда, 333—335-беттер. *Ред.)*. Ақырында, ескі «Искраның»[29]. «алдымен ажырасып алып, сонан кейін бірігу керек» дейтін ескі ұраны жөнінде Староверділң кешеуілдетіп айтылған жазғыруын «Освобождение» ерекше тілектестікпен қабылдаған.

саналы, монархизм басады деп сенеді! Ça dépend, Струве мырза, бұл әлі жағдайларға байланысты. Патша өкіметі де, буржуазия да помещиктердің жері есебінен шаруалардың жағдайын түбірлі жақсартуға қарсы әрекет жасамай тұрмайды, ал жұмысшы табы бұл жөнінде шаруаларға жәрдемдеспей тұра алмайды.

Екіншіден, Струве мырза «азамат соғысында шабуыл жасаушы әрқашан дұрыс істемеген болып шығады» деп сендіреді. Бұл идея жаңа искрашылдықтың жоғарыда көрсетілген тенденциясына мейлінше дәл келеді. Біз, әрине, азамат соғысында шабуыл жасау *әрқашан* тиімді болды демейміз; жоқ, кейде қорғаныс тактикасы *уақытша* міндетті түрде қажет болады. Ал бірақ Струве мырза айтып отырған бұл қағиданы 1905 жылғы Россияға қолдану жөнінде ұсыну — «радикалдық трафареттің» («буржуазия қорқады да бостандық ісін сатып кетеді») бір бөлегін көрсетудің дәл өзі деген сөз. Қазір кімде-кім самодержавиеге, реакцияға шабуыл жасағысы келмесе, кімде-кім сол шабуылға әзірленбесе, кімде-кім оны уағыздамаса,— ол адам революцияның жақтасы деген атты босқа иемденеді.

Струве мырза «жасырын» және «бүлік» (бұл өзі «көтерілістің кішкентай түрі» ғой) деген ұрандарды жазғырады. Струве мырза — «бұқараға жақындау» тұрғысынан!— мұның екеуін де жек көреді. Біз Струве мырзадан мынаны сұраған болар едік: ол, мысалы, оның көзқарасынша, шектен тыс революционаристің «Не істеу керек?» * сияқты шығармасынан бүлікті уағыздауды көрсете алар ма екен? Ал «жасырынға» келер болсақ, онда, мысалы, біз бен Струве мырзаның арасындағы айырмашылық зор ма екен? Екі жағымыз да Россияға «жасырын» тасып жеткізетін және «Азаттық одағының» «құпия» топтарына немесе РСДРП-ға қызмет ететін «астыртын» газетте жұмыс істейді емеспіз бе? Біздегі жұмысшылардың шағын жиындары екінің бірінде «жасырын» өткізіледі,— осындай күнәдан пәк емеспіз. Ал «освобождениешіл» мырзалардың жиналыстары ше? Струве мырза, жек көрініштi жасырын

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер. *Ред.*

жұмысты жек көріншті жақтаушылардың алдында сіз нeгізбен бәлденесіз?

Рас, нағыз жасырын жұмыс жұмысшыларға қару-жарақ жеткізуде қажет болады. Міне, осы арада Струве мырза енді турасынан тартады. Тыңдаңызшы: «Қарулы көтерілісті немесе революцияны техникалық жағынан алып қарасақ *, онда тек демократиялық программаны көпшілікке насихаттау ғана жаппай қарулы көтеріліске әлеуметтік-психикалық жағдай жасай алады. Сөйтіп, керек десе мен өзім қосылмайтын, қарулы көтерілісті азаттық үшін қазіргі күрестің *лажсыз* аяқталуы деп есептейтін, көзқарас тұрғысынан қарағанда да — демократиялық өзгерістер идеяларын бұқараның санасына сіңіру ең негізгі, ең қажетті іс».

Струве мырза мәселеден жалтаруға тырысады. Ол революцияның жеңіп шығуы үшін қарулы көтерілістің қажеттігін айтудың орнына қарулы көтерілістің болмай қоймайтындығын айтады. Әзірленбеген, стихиялы түрдегі, бытыранды көтеріліс қазірдің өзінде басталып та кетті. Бұл көтеріліс мақсатты және тұтас халықтық қарулы көтеріліске ұласады деп ешкім де үзілді-кесілді кепіл бола алмайды, өйткені мұның өзі революциялық күштердің (күрес үстінде ғана толық өлшеуге болатын) жағдайына да, үкімет пен буржуазияның мінез-құлқына да және дәл есебін алу мүмкін емес толып жатқан басқа да жағдайларға байланысты. Струве мырзаның әңгімесі келіп тіреліп отырған нақты оқиғаның болатындығына сөзсіз сенушілік жағынан алғанда, көтерілістің болмай қоймайтындығы туралы сөз етіп те қажеті жоқ. Егер сіз революцияның жақтаушысы болғыңыз келсе, онда революцияның *жеңіп шығуы үшін* көтеріліс *қажет* пе, көтерілісті белсене ұсыну, уағыздау, дереу және бар жігермен әзірлеу қажет пе,— осы жөнінде сөз ету керек. Струве мырзаның бұл айырманы түсінбеуі мүмкін емес: ол, мысалы, жалпыға бірдей сайлау правосының қажеттігі туралы демократ үшін даусыз мәселені бұл правоның осы революцияның үстінде алынбай қойылмайтындығы туралы саяси қайраткер үшін бүгін

* Қолжазбада осыдан кейін Лениннің сызып тастаған мынадай тексті келеді: «плагиат жаңа «Искрадан» басталады». *Ред.*

таңда көкейтесті емес және даулы мәселемен бүркемелеп отырған жоқ қой. Көтерілістің қажеттігі туралы мәселеден жалтарып, Струве мырза осы арқылы либерал буржуазияның саяси позициясының терең ішкі астарын көрсетіп отыр. Буржуазия, біріншіден, самодержавиені жаныштап тастағаннан гөрі онымен саудаласып келісменді артық көреді; қалай болған күнде де буржуазия қару алып күресуді жұмысшыларға жүктейді (бұл екіншіден). Струве мырзаның жалтақтығының *нақты* мәні, міне, осында. Міне, сондықтан да ол көтерілістің қажеттігі туралы мәселеден оның «әлеуметтік-психикалық» жағдайлары туралы, алдын ала «насихаттау» туралы мәселеге қарай *кейін шегіншектеп* отыр. Әңгіме үкіметтің қарулы күшіне тойтарыс беру туралы болып жатқан кезде, қозғалыс қарулы күрестің «қажеттігіне апарып соқтырған» кезде, жалаң сөзбен әсер ету (әзірлік дәуірінде қисапсыз қажет болатып әсер) оңбаған, буржуазиялық әрекетсіздікке, қорқақтыққа айналған кезде қарарлар, декларациялар, шешімдер шығарумен айналысқан, «жаппай насихатпен» және «әлеуметтік-психикалық жағдайлар» әзірлеумен айналысқан дәл 1848 жылғы Франкфурт парламентіндегі буржуазия мылжыңдары сияқты,— дәл сол сияқты Струве мырза да *құрғақ сөзбен* бүркемелеңіп, көтеріліс туралы мәселеден жалтарады. Көптеген социал-демократтардың қасақана көргісі келмейтінін, атап айтқанда: революциялық кезеңнің кәдімгі, күнделікті, даярлық жүргізудегі тарихи кезеңдерден айырмасы бұқараның көңіл-күйі, ашынуы, сенімі *іс-әрекет* арқылы көрінуге тиіс екенін және көрініп отырғанын Струве мырза бізге айқын көрсетеді.

Сөздің де іс екенін тұрпайы революционаризм түсінбейді; *жалпы* тарихқа немесе тарихтың бұқара ашық саяси бас көтермеген замандарына қолдану үшін бұл қағида даусыз, ал бұқараның саяси бас көтеруін ешқандай бүлік ауыстыра алмайды және оны қолдан жасауға болмайды. Революциялық кезең басталған кезде, ескі «қондырманың» іргесі сөгілген кезде, өзіне жаңа қондырма жасайтын таптар мен бұқараның ашық саяси бас көтеруі фактіге айналған кезде, азамат соғысы бастал-

ған кезде,— мұндай кезде «іске» көшудің *тура ұранын* тастамай, *ескі дағды бойынша* «сөзбен» шектеліп қалу, «психикалық жағдайларды» және жалпы «насихатты» сылтаурату жансыздық, өлімсірегендік, сөзуарлық екенін, немесе революцияны сатып кету, оған опасыздық жасау екенін революционерлердің хвостизмі түсінбейді. Демократиялық буржуазияның франкфурттық мылжыңдары — осындай сатқындықтың немесе осындай сөзуар топастықтың ұмытылмас тарихи үлгісі.

Тұрпайы революционаризм мен революционерлердің хвостизмі арасындағы осы айырмашылықты Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихынан түсіндіруді сізден қалайсыздар ма? Біз сіздерге мұндай түсінік береміз. Жуырда ғана өткен және бізге енді ертедегі аңыз сияқтанып көрінетін 1901—1902 жылдарды еске түсіріңіздерші. Демонстрациялар басталды. Тұрпайы революционаризм «штурм» туралы айқай көтерді («Рабочее Дело» [30]), «қанды листоктар» шығарылды, (мұның шыққан жері, жаңылмасам, Берлин болуға тиіс), газет арқылы «әдебиетшілдікке» және Бүкіл россиялық үгіт идеясының кабинеттік сипатына дүрсе қоя берді (Надеждин) [31]. Революционерлердің хвостизмі ол кезде, керісінше, «саяси үгіт үшін экономикалық күрес *ең жақсы* құрал» деп уағыздады. Революциялық социал-демократия өзін қалай ұстады? Ол осы екі ағымның екеуіне де дүрсе қоя берді. Ол штурм туралы долданып бұрқылдау мен айқай көтерушілікті теріс деп тапты, өйткені жаппай ашық бас көтеру ертеңгі күннің ісі екенін жұрттың бәрі де айқын білді немесе білуге тиіс еді. Ол хвостизмді теріс деп тапты және *керек десеңіз* тұп-тура бүкіл халықтық қарулы көтеріліс ұранын көтерді, көтергенде тура көтеріліске шақыру мағынасында емес (ол кездерде Струве мырза бізден «бүлік» жасауға шақырушылықты таба алмас еді), *қажетті* қорытынды мағынасында, «насихат» мағынасында (бұл туралы Струве мырза енді ғана еске алып отыр,— бұл өзі, біздің құрметті Струве мырза, әрқашан да бірнеше жыл кейін қалып жүреді), сасқалақтап қалған, саудагершіл буржуазияның өкілдері қазір «қайғырып және орынсыз» сөз етіп жүрген нақ сол «әлеуметтік-психикалық жағ-

дайларды» әзірлеу мағынасында көтерді. *Ол кезде* насихат пен үгіт, үгіт пен насихат істің объективтік жағдайына қарай шынында да алдыңғы қатарға қойылды. *Ол кезде* көтерілісті әзірлеу жөніндегі жұмыстың байқау құралы етіп аптасына бір рет шығару арман сияқты болып көрінген жалпы орыстық саяси газет шығару жолындағы жұмысты алға қоюға болатын еді («Не істеу керекте?» осы жұмыс алға қойылды да). *Ол кезде* тікелей қарулы аттаныстың *орнына* жаппай үгіт жүргізу; долданып бұрқылдаудың *орнына* көтерілістің әлеуметтік-психикалық жағдайларын әзірлеу ұрандары революциялық социал-демократияның бірден-бір дұрыс ұрандары болды. *Енді* бұл ұрандарды оқиғалар басып озды, қозғалыс ілгері кетіп қалды, ол ұрандар енді освобождениешілдіктің екіжүзділігін және жаңа искрашылдықтың хвостизмін бүркемелеуге ғана жарайтын қоқысқа, ескі-құсқыға айналды!

Әлде, мүмкін, мен қателесіп отырған болармын? Мүмкін, революция әлі басталмаған шығар? Таптардың ашық саяси бас көтеретін сәті әлі келмеген болар? Азамат соғысы әлі жоқ, сондықтан қаруды сынау қазірдің өзінде-ақ сын қаруының *қажетті* және міндетті түрдегі мұрагері, мирасқоры, өсиет орындаушысы, істі аяқтаушысы болуға тиісті емес шығар?

Осы сұрақтарға жауап қайыру үшін, кабинеттен көшеге шығып, айналаңызға қараңызшы. Бейбіт және қарусыз азаматтарды барлық жерде топ-тобымен атып, үкіметтің өзі қазірдің өзінде азамат соғысын бастап отырған жоқ па? Қарулы қаражүздіктер самодержавиенің «аргументі» ретінде қимылдап отырған жоқ па? Буржуазия — тіпті буржуазия да — азаматтық милицияның қажеттігін мойындамай отыр ма? Тап сол Струве мырзаның өзі, нағыз байсалды, мұқият Струве мырзаның өзі, «революциялық қимылдардың ашық сипаты» (міне, қазір біз қандаймыз!) «қазіргі уақытта халық бұқарасына тәрбиелік әсер етудің аса маңызды шарттарының бірі» деп отырған жоқ па (әттең, деуін десе де, тек сөзден құтылу үшін ғой!)?

Көрерге көзі бар адам революцияның жақтаушылары қарулы көтеріліс туралы мәселені қазіргі уақытта қа-

лай қоюға тиісті екеніне күмәндана алмайды. *Бұқараға* онша-мұнша әсер ете алатын ерікті баспасөз органдарының осы мәселені қойғанда *үш* түрлі етіп қоюын қарап көріңізші.

Мәселенің бірінші қойылысы. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезінің қарары *. Жалпы демократиялық революциялық қозғалыс *қазірдің өзінде* қарулы көтерілістің *қажеттігіне әкеліп соқтырғаны* мойындалып, барша жұртқа мәлімделді. Пролетариатты көтеріліске ұйымдастыру партияның мәнді, басты және *қажетті* міндеттерінің бірі ретінде күн тәртібіне қойылды. Пролетариатты қаруландыру үшін және көтеріліске қолма-қол басшылық жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін *барынша қажырлы* шаралар қолдану тапсырылды.

Мәселенің екінші қойылысы. «Орыс конституцияшылдары көсемінің» (Европа буржуазиясының «Франк-

* Ол қарардың толық тексті мынау:

«1) пролетариат өзінің жағдайы жағынан негұрлым алдыңғы қатарлы және бірден-бір тиянақты-революцияшыл тап болғандықтан, ол Россиядағы жалпы демократиялық революциялық қозғалыста басшы роль атқару тиіс екендігін;

2) бұл қозғалыс қазіргі кезеңнің өзінде-ақ қарулы көтерілістің қажеттігіне әкеліп отырғандығын;

3) пролетариаттың Россиядағы революцияның тағдырын белгілейтін бұл көтеріліске барынша жігерлі түрде сөзсіз қатысатындығын;

4) пролетариаттың күресіне идеялық жағынан ғана емес, сонымен қатар нақты іс жүзінде де басшылық ететін социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астында бірыңғай және дербес саяси күш болып топтасқан күнде ғана пролетариат бұл революцияда басшылық роль атқара алатындығын;

5) осындай рольді орындау ғана буржуазиялық-демократиялық Россияның дәулетті таптарына қарсы социализм жолында күресу үшін пролетариатқа негұрлым тиімді жағдайды қамтамасыз ететіндігін еске ала отырып,—

РСДРП III съезі қарулы көтеріліс жолымен самодержавиеге қарсы тікелей күресу үшін пролетариатты ұйымдастыру міндеті қазіргі революциялық кезеңде партияның ең басты және кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып табылады деп біледі.

Сондықтан съезд барлық партия ұйымдарына мыналарды тапсырады:

а) насихат және үгіт жүргізу арқылы пролетариатқа алдағы қарулы көтерілістің саяси маңызы ғана емес, оның практикалық-ұйымдастыру жағы да түсіндірілсін,

б) осы насихат және үгіт жұмысының үстінде көтерілістің басында және оның барысында маңызды мәні бола алатын бұқаралық саяси стачкалардың ролі түсіндірілсін,

в) пролетариатты қаруландыруға, сондай-ақ қарулы көтерілістің және оған тікелей басшылық етудің жоспарын жасауға барынша қажырлы шаралар қолданылсын, бұл үшін, қажетіне қарай, партия қызметкерлерінен ерекше топтар құрылсын». (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.)*

фурт Газеті»[32] сияқты соншалықты ықпалды органы Струве мырзаны жуырда осылай деп атаған) немесе прогресшіл орыс буржуазиясы көсемінің «Освобождениедегі» принципті мақаласы. Көтерілістің болмай қоймайтындығы туралы пікірге ол қосылмайды. Жасырын жұмыс пен бүлік — парасатсыз революционизмнің ерекше тәсілдері. Республиканизм — құлақ тұндыру әдісі. Қарулы көтеріліс — шындығына келгенде, тек қана техникалық мәселе, ал «ең негізгі, ең керекті іс» — жаппай насихат жүргізу және әлеуметтік-психикалық жағдайларды дайындау.

Мәселенің үшінші қойылысы. Жаңа искрашылдар конференциясының қарары. Біздің міндетіміз — көтерілісті әзірлей беру. Жоспарлы түрде көтеріліс жасау мүмкіншілігі жоққа сайылады. Көтеріліс үшін қолайлы жағдайлар үкіметтің берекені кетіруі арқылы, біздің үгітіміз, біздің ұйымдастыруымыз арқылы жасалады. Тек сонда ғана «техникалық-жауынгерлік дайындықтар жасау ісінің азды-көпті елеулі маңызы бола алады».

Осы ғана ма? Осы ғана. Көтеріліс қажетті нәрсеге айналды ма, жоқ па, пролетариаттың жаңа искрашыл басшылары мұны әлі білмейді. Пролетариатты тікелей күреске ұйымдастыру міндеті шұғыл ма, жоқ па,— бұл оларға әлі апық емес. Нағыз қажырлы шаралар қолдануға шақырудың керегі жоқ, бұл шаралардың қандай жағдайларда «азды-көпті елеулі» маңызы «бола алатынын» жалпы түсіндіру (1902 жылы емес, 1905 жылы) анағұрлым маңыздырақ...

Енді, жаңа искрашыл жолдастар, мартыновшылдыққа қарай бұрылудың сіздерді қайда әкеліп соқтырғанын көріп отырсыздар ма? Сіздердің саяси философияңыз освобождениешілдердің философиясын қайталау болып шыққанын түсініп отырсыздар ма? — өздеріңіздің (өз еріктеріңізге қарсы және өз саналарыңыздан тыс) монархиялық буржуазияның соңында қалып қойғандарыңызды түсініп отырсыздар ма? Өткенді қайталап, сөзуарлыққа салынып жүріп,— Петр Струвенің ұмытылмас мақаласындағы ұмытылмас сөздерімен айтқанда,— «революциялық *қимылдардың* ашық сипаты қазіргі

уақытта халық бұқарасына тәрбиелік әсер етудің маңызды шарттарының бірі» болып отырған жағдайды өткізіп алғандарыңыз енді сіздерге анық болды ма?

9. РЕВОЛЮЦИЯ КЕЗІНДЕ ШЕТКЕРІ ОППОЗИЦИЯ ПАРТИЯСЫ БОЛУ ДЕГЕН НЕ?

Уақытша үкімет туралы қарарға қайта оралайық. Біз жаңа искрашылдардың тактикасы революцияны алға жылжытпайтынын,— олар мұның мүмкіндігін өздерінің қарары арқылы қамтамасыз етісі келер еді,— қайта, кейін қарай жылжытатынын көрсеттік. Біз нақ осы тактика дәйексіз буржуазияға қарсы күресте социал-демократияның *қолын байлайтынын* және буржуазиялық демократияға сіңіп кетуден оны сақтап қала алмайтынын көрсеттік. Қарардың: «Сондықтан социал-демократия уақытша үкіметтегі билікті басып алуды немесе бөлісуді мақсат етуге тиіс емес, нағыз революциялық оппозицияның партиясы болып қала беруге тиіс» деген жалған пайымдауынан жалған қорытынды шығатыны түсінікті. Осы қорытындының алға қойылатын мақсаттарға арналған бірінші жартысына қараңыздаршы. Жаңа искрашылдар революцияның патша өкіметін үзілді-кесілді жеңіп шығуын социал-демократиялық әрекеттің мақсаты етіп қойып отыр ма?— Қойып отыр. Олар «освобождениешілдік» тұжырымға тайып кете береді де, үзілді-кесілді жеңістің шарттарын дұрыс тұжырымдай алмайды, бірақ олар осы мақсатты алға қояды. Сонан соң, олар уақытша үкіметті көтеріліспен байланыстыра ма?— Иә, тікелей байланыстырады, уақытша үкімет «жеңімпаз халық көтерілісінен туады» дейді. Ақырында, олар көтеріліске басшылық етуді өздерінің мақсаты етіп қоя ма?— Иә, олар Струве мырзаға ұқсап, көтерілісті қажетті, кезек күттірмейтін іс деп танудан жалтарады, бірақ, сонымен бірге, олар Струве мырзадан өзгеше былай дейді: «социал-демократия оны (көтерілісті) өзінің ықпалы мен *басшылығына бағындыруға,* жұмысшы табының мүдделері үшін пайдалануға тырысады» дейді.

Бұл өзі үйлесімді шығып отырған жоқ па? Біз пролетар бұқарасының да, *пролетар емес* бұқараның да көтерілісін өз ықпалымызға, өз басшылығымызға бағындыруды, оны өз мүддеміз үшін пайдалануды өзімізге *мақсат* етіп қоямыз. Біз, демек, көтеріліс тұсында пролетариатты да, революцияшыл буржуазияны да, ұсақ буржуазияны («пролетар емес топтарды») да басқаруды, яғни көтерілісті басқару ісін социал-демократия мен революцияшыл буржуазия арасында *«бөлісуді»* өзімізге мақсат етіп қоямыз. Біз уақытша үкіметтің («жеңімпаз халық көтерілісінен туған» үкіметтің) құрылуына әкеліп соқтыруға тиісті көтерілістің *жеңіп шығуын* өзімізге мақсат етіп қоямыз. *Сондықтан...* сондықтан біз революциялық уақытша үкіметтегі билікті басып алуды немесе бөлісуді өзімізге мақсат етуге тиіс емеспіз!!

Біздің достар мәселенің екі ұшын жалғастыра-алмайақ қойды. Олар көтеріліс жасамаңдар деп айнытатын Струве мырзаның көзқарасы мен осы кезек күттірмейтін міндетті қолға алуға шақыратын революциялық социал-демократияның көзқарасы арасында ауытқып жүр. Олар революциялық уақытша үкіметке қатысудың қандайын болса да пролетариатқа опасыздық ету деп принципті түрде айыптайтын анархизм мен көтеріліске социал-демократияның басшылық ықпалы болған күнде мұндай қатысуды керек деп табатын марксизмнің арасында ауытқып жүр *. Бұларда ешқандай дербес позиция жоқ: патша өкіметімен саудаласуды қалайтын, сондықтан көтеріліс туралы мәселе жөнінде жалтақтап, бұлтаққа салатын Струве мырзаның позициясы да жоқ;— «жоғарыдан» әрекет жасау атаулыны жазғыратын, буржуазиялық революцияға қатысудың қандайын болса да керексіз деп табатын анархистердің позициясы да жоқ. Жаңа искрашылдар патша өкіметімен келісім жасау мен патша өкіметін жеңуді шатастырады. Олар буржуазиялық революцияға қатысқысы келеді. Олар Мартыновтың «Екі диктатурасынан» біраз

* Қараңыз: «Пролетарий» № 3, «Революциялық уақытша үкімет туралы», екінші мақала. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 256—264-беттер. *Ред.)*.

ілгері кетіп отыр. Олар тіпті халық көтерілісіне басшылық етуге де келіседі, ондағы ойы — жеңіп шыққаннан соң дереу (әлде, мүмкін, тікелей жеңіп шығар алдында?) осы басшылықтан бас тарту, *яғни, жеңіс жемістерін пайдаланбай,* оның барлық жемістерін *түтасымен буржуазияға* беру үшін бас тарту. Мұны олар «көтерілісті жұмысшы табының мүдделері үшін пайдалану»... деп атайды.

Бұл былыққа бұдан әрі тоқталып жатудың қажеті жоқ. Бұл былықтың нағыз революциялық оппозицияның партиясы болып қала беру» деген тұжырымдағы *шығу тегін* қараған пайдалырақ болар.

Біз халықаралық революциялық социал-демократияның таныс қағидаларының бірін көріп отырмыз. Бұл әбден дұрыс қағида. Бұл қағида парламенттік елдердегі ревизионизмнің немесе оппортунизмнің барлық қарсыластары үшін ортақ қағидаға айналды. Бұл қағида «парламенттік кретинизмге», мильеранизмге, бернштейншілдікке, Турати рухындағы итальян реформизміне қарсы заңды, қажетті тойтарыс ретінде азаматтық право алды. Біздің қайырымды жаңа искрашылдар бұл жақсы қағиданы жаттап алып, оны ынталана қолданып жүр, қолданғанда... *мүлдем орынсыз* қолданып жүр. Ешқандай парламент жоқ кездегі жағдайларға арналып жазылған парламенттік күрес категориялары қарарларға енгізіліп жүр. *Көтеріліс* туралы ешкім елеулі түрде сөз көтермеген кездегі саяси жағдайдың бейнесі, көрінісі болған «оппозиция» деген ұғым,— көтеріліс *басталып,* революцияны жақтаушылардың бәрі көтеріліске басшылық ету туралы ойлап, сөз етіп жүрген кездегі жағдайға орынсыз көшіріліп жүр. Көтеріліс жеңген күнде, *жоғарыдан* әрекет жасау қажеттігі туралы мәселені революция қойған кезде, *нақ сол кезде,* бұрын қандай болса, нақ сол күйінде, яғни тек қана «төменнен» әрекет жасау керек болатын күйде *«қала беруді»* тілеушілік лепірумен, даурығумен айтылып жүр.

Жоқ, біздің жаңа искрашылдардың мүлде жолы болмай-ақ қойды! Олар, тіпті дұрыс социал-демократиялық қағиданы тұжырымдаған күннің өзінде, оны дұрыс қолдана білмейді. Олар революция басталған заманда, пар-

ламент жоқ кезде, азамат соғысы болып жатқан кезде, көтеріліс тұтанған кезде парламенттік күрес деген ұғым мен термин өзгеріп, өзінің қарама-қарсы мағынасына қалай айналатынын ойламады. Олар, сөз болып отырған жағдайларда, түзетулер көшедегі демонстрациялар арқылы ұсынылатынын, интерпелляциялар қаруланған азаматтардың шабуылды қимылы арқылы енгізілетінін, үкіметке қарсы оппозицияда болу үкіметті күшпен құлату арқылы жүзеге асырылатынын ойламады.

Біздің халық эпосының белгілі кейіпкері жақсы кеңестерді нақ орынсыз кезінде қайталайтыны сияқты, біздің Мартыновтың қошаметшілері де бейбіт парламентаризмнің сабақтарын нақ осы кезде — тура соғыс қимылдары басталғанын өздері айтып отырған кезде қайталайды. «Революцияның үзілді-кесілді жеңіп шығуын», «халық көтерілісін» корсетуден басталатын қарарға «нағыз оппозиция» ұранын маңызды кейіппен әкеліп тықпалаудан сорақы еш нәрсе жоқ! Ойлап қараңдаршы, мырзалар: көтеріліс заманында «нағыз оппозицияда» болудың мәнісі не? Мұның мәнісі үкіметті әшкерелеу ме, әлде оны құлату ма? Мұның мәнісі үкіметке қарсы дауыс беру ме, әлде оның соғыс күштерін ашық майданда жеңіп шығу ма? Мұның мәнісі үкіметке оның қазынасын толықтыруда жәрдемдесуден бас тарту ма, әлде сол қазынаны көтерілістің қажетіне, жұмысшылар мен шаруаларды қаруландыруға, құрылтай жиналысын шақыруға жұмсау үшін революциялық жолмен тартып алу ма? Мырзалар, сіздер «нағыз оппозиция» деген ұғымды тек теріс қимылдарды — әшкерелеуді, қарсы дауыс беруді, бас тартуды ғана көрсетеді деп түсіне бастап отырған жоқсыздар ма? Мұның себебі не? Мұның себебі — бұл ұғым тек парламенттік күреске ғана қатысты ұғым және «үзілді-кесілді жеңіп шығуды» күрестің тікелей мақсаты етіп ешкім де қоймайтын замандағы ұғым. Саяси жағынан езілген халықтың жеңіс жолында жанталасып күресу үшін барлық бағытта үзілді-кесілді тегеурін көрсетуі басталған кезден былай қарай бұл жөнінде істің жайы түбірімен өзгеретінін сіздер түсіне бастамадыңыздар ма?

Жұмысшылар бізден былай деп сұрайды: кезек күттіруге болмайтын көтеріліс ісін жігерлі түрде қолға алу керек пе? Басталған көтерілісті қалай жеңімпаз көтеріліс ету керек? Жеңісті қалай пайдалану керек? Онда қандай программаны жүзеге асыруға болады және жүзеге асырылуы керек? Марксизмді тереңдетіп жатқан жаңа искрашылдар: барып тұрған революциялық оппозиция партиясы болып қала беру керек деп жауап береді... Енді осы серілерді филистерліктің асқан шеберлері деп атауымыз теріс пе екен?

10. «РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОММУНАЛАР» ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДИКТАТУРАСЫ

Жаңа искрашылдардың конференциясы жаңа «Искраның» батылы барған анархиялық позицияға («төменнен және жоғарыдан» емес, тек қана «төменнен») тұрақтай алмады. Көтеріліске жол беріліп, жеңіске жетуге және революциялық уақытша үкіметке қатысуға жол берілмеуінің сөлекеттігі анадайдан көзге түсіп тұрды. Сондықтан қарарда мәселені Мартынов пен Мартовтың шешуіне ескертулер енгізіліп, тежеу жасалды. Қарардың мына бөлігінде айтылған осы ескертулерді қарастырып көрелік:

«Бұл тактика («барып тұрған революциялық оппозиция партиясы болып қала беру») көтерілісті ұлғайтуға, үкіметтің берекесін кетіруге көмектесу мүддесі үшін ғана белгілі бір қалада, белгілі бір ауданда өкіметті ішінара, оқтын-оқтын басып алудың және революциялық коммуналар құрудың қолайлығын, әрине, ешбір қажетсіз деп есептемейді».

Олай болса, демек, принципінде төменнен ғана емес, жоғарыдан да әрекет жасауға болады. Демек, Л. Мартовтың «Искрадағы» (№ 93) белгілі фельетонында айтылған қағида теріс деп танылады да, «Вперед» газетінің «төменнен» ғана емес, «жоғарыдан» да деген тактикасы дұрыс деп танылады.

Сонан соң, өкіметті басып алу (ішінара, оқтын-оқтын, т. с. болса да), сірә, жалғыз социал-демократияның ғана, жалғыз пролетариаттың ғана қатысуын көздемейтін болар. Мұның өзі демократиялық революцияны керек қылатын және оған белсене қатысатын жалғыз

пролетариат қана емес екендігінен туады. Мұның өзі, талдау жасалып отырған қарардың бас жағында айтылғанындай, көтерілістің «халықтық» екендігінен, оған «пролетар емес топтардың да» (конференттердің көтеріліс туралы қарарының сөзі), яғни буржуазияның да қатысатындығынан туады. Демек, социалистердің ұсақ буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қандай түрде болса да қатысуы — жұмысшы табына опасыздық ету деген принципті *конференция,* «Впередтің» талап еткеніндей, *сыртқа лақтырып тастады.* Опасыздық оны туғызатын қимылдың ішінара, оқтын-оқтын, аудандық, т. с. әрекет болуынан «опасыздық» болуын қоймайды. Демек, революциялық уақытша үкіметке қатысу ісін тұрпайы жоресизмге теңеуді конференция, «Впередтің» талап еткеніндей [33], *сыртқа лақтырып тастады.* Үкімет оның билігі көп қалаға емес, бір қалаға, көп ауданға емес, бір ауданға тарауынан, дәл сол сияқты ол үкіметтің қалай деп аталуынан үкімет болуын қоймайды. Сөйтіп, *мәселенің* жаңа «Искра» бермек болған *принциптік қойылысын конференция қабылдамай тастады.*

Принцип жүзінде енді жол берілген революциялық үкіметтер құру және оларға қатысу ісіне конференцияның жасап отырған тежеулері ақылға сыярлық па, жоқ па, соны қарап көрелікші. «Оқтын-оқтын» деген ұғымның «уақытша» деген ұғымнан айырмасы не екенін біз білмейміз. Бұл арада шетелдік және «жаңа» сөз арқылы тек айқын пікірдің жоқтығы ғана бүркемеленіп отыр-ау деп қорқамыз. Бұл өзі «тереңірек» айтылып отырған *сияқты,* ал шынында мұнысы тек қана күңгірттеу әрі былықтау. Қалада немесе ауданда ішінара «өкіметті басып алудың» «қолайлылығының» бүкіл мемлекеттің революциялық уақытша үкіметіне қатысудан айырмасы не? «Қалалардың» ішінде 9 январь оқиғасы болған Петербург сияқты қала жоқ па? Аудандардың ішінде көптеген мемлекеттерден де үлкен Кавказ жоқ па? Ауданды былай қойып, тіпті бір қаланың өзінде «өкіметті басып алған» күнде, түрме, полиция казначейлік, тағысын-тағылар жөнінде не істеу керек деген міндеттер (бір кездерде жаңа «Искраны» аң-таң қал-

дырған міндеттер) алдымыздан шықпай ма екен? Әрине, күштер жеткіліксіз болған кезде, көтеріліс толық табысты болмаған кезде, ол көтеріліс біржола жеңіп шықпаған кезде ішінара, қалалық және басқа революциялық уақытша үкіметтердің болуы мүмкін екенін ешкім де теріске шығармайды. Бірақ мұның не қатысы бар, мырзалар? Қарардың бас жағында «революцияның біржола жеңіп шығуы» туралы, «жеңімпаз халық көтерілісі» туралы өздеріңіз айтып отырған жоқсыздар ма?? Анархистердің ісін: пролетариаттың назары мен мақсатын бытыратуды, пролетариатты жалпы, тұтас, бүтін, толық іске емес, «ішінара» іске бағыттауды социал-демократтар қашаннан бері өз мойнына алған еді? Қалада «өкіметті басып алуды» көздей отырып, сіздер өздеріңіз де «көтерілісті ұлғайтуды» айтып отырсыздар ғой — мұны басқа қалаға таратуды айтып отыр-ау деп ойлауға болатын шығар? барлық қалаларға таратуды айтып отыр-ау деп те үміттенуге болар ма екен? Мырзалар, пайымдауларыңыз сияқты, сіздердің қорытындыларыңыз да тайғақ, кездейсоқ, біріне-бірі қайшы, былық. РСДРП үшінші съезі жалпы революциялық уақытша үкімет туралы мәселеге толық, айқын жауап берді. Бұл жауап ішінара уақытша үкіметтердің бәрін де қамтиды. Ал конференцияның жауабы, мәселенің *бір бөлегін* жасанды түрде, қалай болса солай бөліп алып, бүтін мәселеден *жалтарып* отыр (бірақ нәтижесіз), сөйтіп былықтырып отыр.

«Революциялық коммуналар» деген не? Бұл ұғымның «революциялық уақытша үкіметтен» айырмасы бар ма, егер бар болса, айырмасы неде? Мұны конферент мырзалардың өздері де білмейді. Революциялық пікірдің былығы оларды, ылғи және әрдайым осылай болатыны сияқты *революциялық құрғақ сөзге* ұрындырып жүр. Иә, социал-демократия өкілдерінің қарарында «революциялық коммуна» деген сөзді қолдану — революциялық құрғақ сөз ғана, басқа түк те емес. Маркс *күні өткен шақтың* «сүйкімді» терминінің тасасына болашақтың міндеттерін жасыратын осындай құрғақ сөздерді талай рет сөккен болатын. Тарихта роль атқарған терминнің сүйкімділігі мұндайда қажетсіз, зиянды әшекейге, сыл-

дырмақ ойыншыққа айналады. Біз *неліктен* революциялық уақытша үкіметті құрғымыз келеді? егер өкіметке шешуші ықпал жасайтын болсақ, күні ертең, қазірдің өзінде басталған халық көтерілісі жеңіп шыққан күнде, *нақ қандай өзгерістерді* жүзеге асырамыз?— міне, осылар туралы жұмысшылар мен бүкіл халыққа екіұшты емес, айқын түсінік беруіміз керек. Саяси басшылардың алдында тұрған мәселелер, міне, осылар.

РСДРП үшінші съезі бұл өзгерістердің толық программасын: біздің партиялық программа-минимумды бере отырып, бұл мәселелерге мейлінше айқын жауап береді. Ал «коммуна» деген сөз қайдағы бір алыстан талып жеткен жаңғырықпен... яки құр даурықпамен бас қатырып, бұған ешқандай жауап бермейді. Айталық, 1871 жылғы Париж Коммунасы бізге неғұрлым қымбат болған сайын, оның қателері мен ерекше жағдайларын талдамастан, оған сілтеме жасаумен ғана құтылу соғұрлым орынсыз. Мұны істеу Коммунаның әрбір істеген ісінің алдында бас иген (1874 ж. өздерінің «манифесінде»), Энгельс келеке еткен бланкистердің өрескел үлгісін қайталағандық болар еді [34]. Жұмысшы қарарда аталған *осы* «революциялық коммуна» туралы сұрағанда, оған конферент не айтады? Конферент тарихта осылай деп аталған, ол кезде демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерістің элементтерін айыра білмеген және айыра алмаған, республика үшін күресу міндеттерін социализм үшін күресу міндеттерімен шатастырып алған, Версальға жігерлі түрде соғыс шабуылын жасау міндеттерін шеше алмаған, Француз банкісін басып алмай қателескен, тағысын-тағыларды істемеген жұмысшы үкіметінің болғаны белгілі дегенді ғана айта алады. Бір сөзбен айтқанда, сіз өзіңіздің жауабыңызда Париж Коммунасын, не басқа бір коммунаны мысалға алсаңыз да: *біздің үкімет ол үкіметтей болмауға тиіс,* деп жауап бересіз. Шіркін, жауабына болайын! Мұның өзі партияның практикалық программасы жөнінде үндемей қалатын және қарарда тарих жөнінен орынсыз сабақ бере бастайтын дүмшенің сөзуарлығын, революционердің дәрменсіздігін дәлелдемей ме? Мұның өзі бізді қате жасады деп орынсыз әшкерелеуге тыры-

сып, бізге жаппақ болған нақ сол қателерді: «коммуналардың» бірде-бірінде ажыратылмаған, демократиялық және социалистік төңкерістерді шатастырған қателерді көрсетпей ме?

«Тек қана» көтерілісті үлгайту және үкіметтің берекесін кетіру уақытша үкіметтің (коммуна деп орынсыз аталған үкіметтің) мақсаты етіліп қойылады. Осы «тек қананың» өзі «тек қана төменнен» деген өрескел теорияның сарқыншағы болып табылумен қатар, басқа міндеттердің қайсысын болса да, сөздің дәлме-дәл мағынасында, жоққа тән етеді. Басқа міндеттерді жоққа тән ету — баз-баяғы соқырлық, жете ойламағандық. «Революциялық коммуна», яғни революциялық өкімет бір қалада болса да мемлекеттік істердің *бәрін* (уақытша, «ішінара, оқтын-оқтын» болса да) сөзсіз орындауға тиіс болады, ал бұл арада басты бүркеп бұғып жату — барып тұрған кещелік. Бұл өкімет 8 сағаттық жұмыс күнін заңды етуге де, фабрикаларды бақылайтын жұмысшы инспекциясын құруға да, жалпыға бірдей тегін оқуды жолға қоюға да, судьялардың сайланып қойылуын жүзеге асыруға да, шаруа комитеттерін, тағысын-тағыларды құруға да тиіс болады,— бір сөзбен айтқанда, ол бірқатар реформаларды дереу жүзеге асыруға тиіс болады. Бұл реформаларды «көтерілісті ұлғайтуға көмектесу» деген ұғымға апарып тіреу сөзді ойыншық ету, толық айқындық керек жерде күңгірттікті әдейі күшейту болар еді.

Жаңа искрашылдар қарарының қорытынды бөлігі партиямызда қайта туған «экономизмнің» принциптік тенденцияларын сынауға жаңа материал беріп отырған жоқ, бірақ жоғарыда айтылғандарды біраз басқа жағынан көрсетіп отыр.

Ол бөлігі мынау:

«Тек бір жағдайда ғана,— атап айтқанда, революция Батыс Европаның алдыңғы қатарлы елдеріне, социализмді жүзеге асыруға қажетті жағдайлар қазірдің өзінде белгілі дәрежеде (?) пісіп жетілген елдерге ауысқанда ғана, социал-демократия өкімет билігін қолына алуға, оны мүмкін болғанынша ұзақ уақыт

өз қолында ұстап тұруға өзінің күш-жігерін өз инициативасы бойынша жұмылдыруы керек болар еді. Мұндай жағдайда орыс революциясының тарихи тежеулі шегі едәуір кеңиді және социалистік өзгерістер жолына түсуге мүмкіндік туады.

Өзінің тактикасын құрғанда — революцияның барысында алмасып отыратын барлық үкіметтер жөнінде барып тұрған революциялық оппозиция болуды бүкіл революция дәуірі бойында социал-демократиялық партия жағында сақтап қалуды көздейтін, тактикасын осылай құратын социал-демократия, үкімет билігі өз қолына түсе қалған күнде (??), оны пайдалануға да бәрінен де гөрі жақсы дайындала алады».

Бұл арадағы негізгі пікір — «Вперед» әлденеше рет тұжырымдаған: біз социал-демократияның демократиялық революцияда толық жеңуінен, яғни пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасынан қорқуға (Мартыновша қорқуға) тиіс емеспіз, өйткені мұндай жеңіс біздің Европаны көтеруімізге мүмкіндік береді, ал Европаның социалистік пролетариаты болса, буржуазияның езгісінен құтылады да, өз тарапынан біздің социалистік төңкеріс жасауымызға жәрдемдеседі деген пікір. Бірақ жаңа искрашылдардың баяндауында осы пікірдің қалай нашарлап кеткенін қараңыздаршы. Жеке мәселелерге,— өкіметті басып алуды зиянды тактика деп санайтын саналы партияның қолына өкімет «өзі түсуі» мүмкін деген мағынасыздыққа — Европада социализм үшін жағдайлардың белгілі дәрежедегі пісіп жетілуге емес, жалпы пісіп жетілуге жеткендігіне, біздің партия программасының ешқандай социалистік өзгерістерді білмейтіндігіне, тек социалистік төңкерісті ғана білетіндігіне тоқталып жатпаймыз. «Впередтің» пікірі мен қарардың басты және негізгі айырмасын алып қаралық. «Вперед» Россияның революцияшыл пролетариатына белсене кірісетін міндетті: демократия үшін күресте жеңіп шығып, бұл жеңісті революцияны Европаға ауыстыруға пайдалану міндетін көрсетті. Ал қарар біздің «үзілді-кесілді жеңістің» (жаңа искралық мағынада емес) Европадағы революциямен осы байланысын түсінбейді, сондықтан пролетариаттың міндеттері туралы емес, *оның* жеңісінің перспективалары туралы емес, «егер революция ауысса»... деп жалпы мүмкіндіктердің бірі туралы сөз қылады. «Вперед» қо-

ғамдық дамудың қазіргі сатысында нені дереу жүзеге асыруға болатынын және социализм жолындағы күрестің демократиялық алғы шарты ретінде әуелі нені жүзеге асыру керек екенін есепке ала отырып, пролетариаттың мүддесі үшін «үкімет билігін пайдалану» шындығында қалай болатынын, қалай болуға тиіс екенін тура және айқын көрсетті — және бұл нұсқаулар РСДРП III съезінің қарарына енді. Ал қарар: «пайдалануға дайындала алады» дейді де, бірақ *нендей* пайдалануға дайындала алатынын, *қалай* дайындала алатынын, *қалай* дайындалуы керек екенін айта білмей, бұл арада да оқиғаның соңынан үмітсіз ілесе береді. Біз, мысалы, жаңа искрашылдардың партиядағы басшылық жағдайды «пайдалануға дайындала алатынына» күмәнданбаймыз, бірақ мәселе олардың осы пайдалану жөніндегі тәжірибесі, олардың дайындығы мүмкіндікті шындыққа айналдыру жөнінде осы уақытқа дейін үміттендіре алмай жүргендігінде...

«Вперед» «өкіметті өз қолында ұстап тұрудың» нақты «мүмкіндігі», атап айтқанда неде екенін — пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасында екенін, контрреволюция күштерінің бәрінен асып түсе алатын олардың біріккен бұқаралық күшінде екенін, *демократиялық* өзгерістер жөнінде олардың мүдделерінің сөзсіз қабысуында екенін — дәл айтты. Конференцияның қарары мәселеден бұлтарып, бұл арада да ұнамды ештеңе бере қоймайды. Россияда өкіметті қолда ұстап тұру мүмкіндігі Россияның өзінің әлеуметтік күштерінің құрамына, қазір өзімізде болып жатқан демократиялық төңкерістің жағдайларына байланысты болуға тиіс қой. Европадағы пролетариаттың жеңісі (ал революцияны Европаға ауыстырудан пролетариаттың жеңісіне дейінгі аралықта әлі бірсыпыра шалғайлық бар) орыс буржуазиясының жанталасқан контрреволюциялық күресін тудырады ғой,— мәні РСДРП III съезінің қарарында бағаланған осы контрреволюциялық күш туралы жаңа искрашылдардың қарары ештеңе демейді. Егер біз республика мен демократия үшін күресте пролетариаттан басқа шаруаларға да сүйене алмасақ, онда «өкіметті қолда ұстап тұру» ісі

үмітсіз болар еді. Ал егер бұл іс үмітсіз болмаса, егер «революцияның патша өкіметін үзілді-кесілді жеңуі» осындай мүмкіншілікке жол ашса,— онда біз сол мүмкіншілікті көрсетуіміз керек, сол мүмкіншілікті шындыққа айналдыруға белсене шақыруымыз керек, революция Европаға ауыса *қалғанда* ғана емес, оны ауыстыру *үшін* де практикалық ұрандар беріп отыруымыз керек. Социал-демократияның артта жүрушілерінің «орыс революциясының тарихи тежеулі шегіне» сылтауратуы осы демократиялық революцияның міндеттерін, пролетариаттың осы революциядағы алдыңғы қатарлы ролін түсінудің тар өрістілігін бүркеп отыр!

«Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деген ұранға қарсы пікірлердің бірі — диктатура «ерік бірлігін» керек етеді («Искра», № 95), ал пролетариат пен ұсақ буржуазияда ерік бірлігі болуы мүмкін емес деген пікір. Бұл қарсылық орынсыз, өйткені ол «ерік бірлігі» деген ұғымды абстракт, «метафизикалық» жолмен түсінуге негізделген. Ерік бірлігі бір жағдайда болып, басқа бір жағдайда болмайды. Социализм мәселелерінде және социализм үшін күресте ерік бірлігінің болмауы демократизм мәселелеріндегі және республика үшін күрестегі ерік бірлігін жоққа шығармайды. Мұны ұмыту демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерістің арасындағы логикалық және тарихи айырманы ұмыту болар еді. Мұны ұмыту демократиялық төңкерістің *жалпы халықтық* сипатын ұмыту болар еді: егер «жалпы халықтық» болса, демек, бұл төңкеріс жалпы халықтың мұқтажы мен қажетін қаншалық жүзеге асыратын болса, нақ соншалық «ерік бірлігі» де *бар*. Демократизмнен тысқары жерде пролетариат пен шаруа буржуазиясының арасындағы ерік бірлігі туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бұлардың арасында тап күресі болмай қоймайды, бірақ демократиялық республиканың негізінде бұл күрес халықтың *социализм жолындағы* ең терең, ең кең көлемдегі күресі болады. Әлемдегі барлық нәрсе сияқты, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасының да өткені мен болашағы бар. Оның өткені — самодержавие, крепостниктік тәртіп, монар-

хия, артықшылықтар. Осы өткен дәуірге қарсы күресте, контрреволюцияға қарсы күресте пролетариат пен шаруалардың «ерік бірлігінің» болуы мүмкін, өйткені мүдде бірлігі бар.

Оның болашағы — жеке меншікке қарсы күрес, жалдама жұмысшының қожайынға қарсы күресі, социализм үшін күрес. Бұл арада ерік бірлігінің болуы мүмкін емес *. Бұл арада самодержавиеден республикаға бастайтын жолды емес, ұсақ буржуазиялық демократиялық республикадан социализмге бастайтын жолды көріп отырмыз.

Әрине, нақты тарихи жағдайда өткен дәуір мен болашақтың элементтері сабақтасып жатады, ана жол да, мына жол да араласып кетеді. Жалдама еңбек пен оның жеке меншікке қарсы күресі самодержавие тұсында да болады, ол тіпті крепостниктік право тұсында да туады. Бірақ мұның өзі дамудың ірі кезеңдерін логикалық және тарихи жағынан айыруымызға тіпті де кедергі жасамайды. Біз бәріміз де буржуазиялық революция мен социалистік революцияны бір-біріне қарсы тұрған нәрсе деп білеміз ғой, біз бәріміз де оларды барынша мұқият ажыратудың қажеттігін сөзсіз талап етеміз ғой; бірақ тарихта ана төңкерістің де, мына төңкерістің де кейбір, *жеке* элементтері сабақтасып жататынын жоққа шығаруға бола ма? Европадағы демократиялық революциялар заманы бірқатар социалистік қозғалыстар мен социалистік талпыныстар болғанын білмей ме? Европадағы болашақ социалистік революцияға демократизм мағынасында әлі де қыруар істерді ақырына дейін тындыру қалып отырған жоқ па?

Пролетариаттың ең демократияшыл және республикашыл буржуазия мен ұсақ буржуазияға қарсы социализм жолындағы таптық күресінің болмай қоймайтынын социал-демократ еш уақытта, бір минут та ұмытпауға тиіс. Бұл күмәнсыз. Осыдан келіп социал-демократияның жеке әрі дербес, барынша таптық партиясы болуының сөзсіз міндеттілігі туады. Осыдан келіп біз-

* Капитализмнің бостандық тұсында өте-мөте кең, тез дамуы ерік бірлігін сөзсіз жылдам құртады,— контрреволюция мен реакция неғұрлым жылдамырақ жаншылып тапталса, соғұрлым жылдам құртады.

дің буржуазиямен «бірлесіп соғу» дегеніміздің уақытша сипаты, «одақтасты дұшпан ретінде» қатты бақылаудың міндеттілігі, т. т. туады. Осының бәріне титтей де күдіктенуге болмайды. Бірақ осыдан келіп, тіпті өткінші, уақытша міндет болса да қазіргі уақыттың көкейтесті міндеттерін ұмыту, елемеу немесе менсінбеу керек деген қорытынды шығару әрі күлкілі, әрі реакцияшылдық болар еді. Самодержавиемен күресу — социалистердің уақытша, өткінші міндеті, бірақ бұл міндетті елемеудің немесе менсінбеудің қандайы болса да социализмге опасыздық етумен, реакцияға қызмет етумен бірдей. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы социалистердің тек өткінші, уақытша міндеті ғана екені сөзсіз, бірақ демократиялық революция заманында бұл міндетті елемеу тура реакцияшылдық.

Нақты саяси міндеттерді нақты жағдайда қою керек. Бәрі де относительді, бәрі де ағып жатады, бәрі де өзгеріп жатады. Неміс социал-демократиясы республиканы талап етуді программасына енгізіп отырған жоқ. Ондағы жағдайға қарағанда бұл мәселені практика жүзінде социализм туралы мәселеден айыруға бола қояр ма екен (дегенмен, Германия жөнінде де Энгельс 1891 жылы Эрфурт программасының жобасына жасаған ескертпелерінде республиканың және республика үшін күрестің маңызын тым төмендетіп жіберуден сақтандырған болатын! [35]). Россия социал-демократиясында республиканы талап етуді программа мен үгіттен шығарып тастау туралы мәселе тіпті қозғалған да жоқ, өйткені бізде республика туралы мәселенің социализм туралы мәселемен ажырамас байланысы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Республика туралы бірінші қатарға арнаулы мәселе қоймаған 1898 жылғы неміс социал-демократы — таң қалуды да, жазғыруды да тудырмайтын табиғи құбылыс. 1848 жылы республика туралы мәселені көлеңкеде қалдырған неміс социал-демократы революцияға опасыздық етушінің тура өзі болар еді. Абстрактілі ақиқат жоқ. Ақиқат қашан да болса нақты.

Орыс самодержавиесіне қарсы күрес бітіп, Россия үшін демократиялық революция заманы өтетін де мез-

гіл жетер,— сол кезде пролетариат пен шаруалардың «ерік бірлігі» туралы, демократиялық диктатура, т. т. туралы сөз қылудың өзі де күлкілі болады. Сол кезде біз тура пролетариаттың социалистік диктатурасы туралы ойланатын боламыз, сол туралы толығырақ сөз қылатын боламыз. Ал қазір алдыңгы қатарлы таптың партиясы демократиялық революцияның патша өкіметін үзілді-кесілді жеңуіне барынша жігерлі түрде ұмтылмай тұра алмайды. Ал үзілді-кесілді жеңіс дегеніміздің өзі пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасынан басқа түк те емес.

Ескерту[36]

1) Оқушылардың есіне сала кетейік, «Искраның» «Впередпен» айтысында «Искра», былайша айтқанда, Энгельстің Туратиге жазған хатын дәлел етеді, ол хатта Энгельс итальян реформистерінің (болашақ) көсемін демократиялық революция мен социалистік революцияны шатастырудан сақтандырған болатын. Италияда болғалы тұрған революция,— деп жазды Энгельс Италиядағы 1894 жылгы саяси жагдай жөнінде,— социалистік революция емес, ұсақ буржуазиялық, демократиялық революция болады[37]. «Искра» «Впередті» Энгельстің белгілеген принципінен тайды деп кінәлады. Бұл кінәлау дұрыс емес, өйткені «Вперед» (№ 14) XIX ғасырдағы революциялардың басты үш күшінің айырмасы туралы Маркс теориясының дұрыстығын, жалпы және тұтас алғанда, толық мойындады *. Бұл теория бойынша, ескі тәртіпке, самодержавиеге, феодализмге, крепостниктік тәртіпке қарсы шығатын: 1) либерал ірі буржуазия; 2) радикал ұсақ буржуазия; 3) пролетариат. Біріншісі, әрі кеткенде, конституциялық монархия үшін күреседі; екіншісі — демократиялық республика үшін күреседі; үшіншісі — социалистік төңкеріс үшін күреседі. Толық демократиялық төңкеріс үшін ұсақ буржуазиялық күресті социалистік революция үшін пролетарлық күреспен шатастыру — социалиске саяси күйреліс қаупін

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 1—21-беттер. *Ред.*

туғызады. Маркстің бұл сақтандыруы әбден дұрыс. Бірақ «революциялық коммуналар» деген ұранның өзі, атап айтқанда, осы себептен қате, өйткені тарихта белгілі коммуналар нақ сол демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті шатастырып алды. Ал, қайта, біздің: пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы деген ұранымыз осы қатені болдырмауға толық кепілдік жасайды. Тек қана демократиялық төңкерістің шеңберінен *тікелей* шығып кете алмайтын революцияның буржуазиялық сипатын сөзсіз мойындай отырып, біздің ұранымыз осы, қазіргі төңкерісті *алға жылжытады,*— бұл төңкеріске пролетариат үшін неғұрлым тиімді форма беруге тырысады,— демек, пролетариаттың социализм үшін бұдан былайғы күресін аса табысты ету мақсатында демократиялық төңкерісті неғұрлым толық пайдалануға тырысады.

11. РСДРП III СЪЕЗІ МЕН «КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ» КЕЙБІР ҚАРАРЛАРЫН ЖЕҢІЛ САЛЫСТЫРЫП КӨРУ

Революциялық уақытша үкімет туралы мәселе — социал-демократияның қазіргі кезеңдегі тактикалық мәселелерінің негізгі пункті. Конференцияның басқа қарарларына соншама толық тоқталып жатуға мүмкіншілік те жоқ, қажет те емес. Біз РСДРП III съезінің қарарлары мен конференция қарарларының тактикалық бағытында жоғарыда өзіміз талдап өткен принциптік айырманың бар екендігін дәлелдейтін бірнеше пунктті қысқаша көрсетіп өтумен ғана тынамыз.

Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы тактикасына көзқарас туралы мәселені алып қараңыз. Бұл мәселеге тағы да сол РСДРП III съезінің қарарынан толық жауап табасыз. Бұл қарар ерекше кезеңнің әр түрлі жағдайлары мен міндеттерінің бәрін: үкімет кеңшілігінің екіжүзділігін әшкерелеуді де, «халық өкілдігінің карикатуралық формаларын» пайдалануды да, жұмысшы табының көкейтесті талаптарын (олардың бастысы — сегіз сағаттық жұмыс күні) революциялық жолмен жүзеге асыруды да, ақырында, қаражүздіктерге тойтарыс беруді де ескеріп отыр. Конференцияның қарарларында

мәселе бірнеше бөлімге бытырап кеткен: «реакцияның қара түнек күштеріне тойтарыс беру» ісі басқа партияларға көзқарас туралы қарардың дәлелдемелерінде ғана еске түсірілген. Өкілдік мекемелердің сайлауына қатысу ісі патша өкіметінің буржуазиямен «ымыраға келуінен» бөлек қаралып отыр. Сегіз сағаттық жұмыс күнін революциялық жолмен жүзеге асыруға шақырудың орнына «экономикалық күрес туралы» деген даурықпа аты бар ерекше қарар тек («орыстың қоғамдық өмірінде жұмысшы мәселесі алған өзекті орын» туралы тым сылдыр, тіпті ақылға сыймайтын сөздерден кейін) «сегіз сағаттық жұмыс күнін заңмен орнату» жолында үгіт жүргізу жөніндегі ескі ұранды қайталап отыр. Бұл ұранның жеткіліксіздігі және ескіріп қалғандығы қазіргі шақта тым айқын болғандықтан, оларды дәлелдеу үшін тоқталып жатудың керегі жоқ.

Ашық саяси аттаныс туралы мәселе. III съезд біздің ісіміздің алдағы уақытта *түбірімен* өзгеретінін ескеріп отыр. Жасырын істі, жасырын аппараттың дамуын бетімен жіберуге мүлде болмайды: мұның өзі полицияға қолайлы болар еді және үкіметке адам айтқысыз тиімді болар еді. Бірақ қазірдің өзінде-ақ ашық аттаныс туралы да ойламасқа болмайды. Осындай аттаныстың қолайлы формаларын, демек, осы мақсат үшін ерекше аппараттарды — жасырындығы кемірек аппараттарды *дайындау* керек. Жұмысты ашық істейтін болашақ социал-демократиялық жұмысшы партиясының Россиядағы тірек пункттеріне, мүмкін қадеріңше, айналдыру үшін жария және жартылай жария қоғамдарды пайдалану керек.

Конференция ешбір тұтас ұрандар бермей, мәселені бұл арада да бөлшектеп жіберіп отыр. Ұйымдастыру комиссиясының жария әдебиетшілерді «орналастыруға» қамқорлық жасау жөніндегі кісі күлерлік тапсырмасы көзге тым оғаш көрінеді. «Жұмысшы қозғалысына көмектесуді мақсат етіп отырған демократиялық газеттерді өз ықпалына бағындыру» туралы қаулысы тіпті өрескел. Бағыты жағынан шетінен «освобождениешіл» дерлік біздің жария либералдық газеттеріміздің бәрі де осы мақсатты алға қойып отыр. «Искра» редакциясы өз ке-

ңесін орындауды неге өзінен бастамайды, сөйтіп «Освобождениені» социал-демократиялық ықпалға қалай бағындыру керек екендігі жөнінде неге бізге үлгі көрсетпейді? *Партияның* тірек пункттерін құру үшін жария одақтарды пайдалану ұранының орнына, ол бізге, біріншіден, тек қана «кәсіпшілік» одақтары (оларға партия мүшелерінің міндетті түрде қатысуы) туралы жай кеңес береді, екіншіден, «жұмысшылардың революциялық ұйымдарына» = «қатталмаған ұйымдарға» = «жұмысшылардың революциялық клубтарына» басшылық етуге кеңес береді. Бұл «клубтар» қатталмаған ұйымдарға қалай тап болғанын, бұл не қылған «клубтар» екенін бір алланың өзі білсін. Бұлар — партияның жоғарғы мекемесінің дәл, айқын директивалары емес, әдебиетшілердің қайдағы бір пікірлерінің ұзын-ұрғасы мен заметкаларының нобайы. Партияның бүкіл өз жұмысының мүлдем басқаша негізіне коше бастауы туралы ешбір тұтас көрініс болмай отыр.

«Шаруалар мәселесін» партия съезі мен конференция мүлдем екі түрлі қойып отыр. Съезд «шаруалар қозғалысына көзқарас» туралы қарар шығарды. Конференция «шаруалар арасындағы жұмыс» туралы қарар шығарды. Бірінде — патша өкіметіне қарсы күрестің жалпы ұлттық мүддесі үшін бүкіл революциялық-демократиялық кең қозғалысты басқару міндеті алдыңғы қатарға қойылған. Екіншісінде — іс тек ерекше топ арасындағы «жұмысқа» ғана тіреледі. Бірінде — үгіттің негізгі практикалық ұраны — бүкіл демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру үшін дереу шаруалардың революциялық комитеттерін ұйымдастыру ісі — алға қойылады. Екіншісінде — «комитеттер құруды талап ету» құрылтай жиналысының алдына қойылуға тиіс. Неліктен біз осы құрылтай жиналысын міндетті түрде күтуге тиіспіз? ол іс жүзінде құрылтай жиналысы бола ма? шаруалардың революциялық комитеттерін алдын ала және бір мезгілде құрмайынша, құрылтай жиналысы берік бола ала ма?— осы мәселелердің бәрін конференция есінен шығарған. Оның барлық шешімдерінен буржуазиялық революцияда бүкіл демократиялық қозғалысты басқаруды, ол қозғалысты дербес жүргізуді мақсат етіп жат-

пай, өзіміздің арнаулы жұмысымызды ғана істеуіміз керек, деген біз шолып өткен жалпы пікір айқын көрінеді. Социал-демократтарға керегі — экономикалық күрес, ал либералдарга керегі — саяси күрес деп «экономистердің» үнемі шатасып келгені сияқты, жаңа искрашылдар да: бізге керегі — буржуазиялық революциядан аулағырақ жердегі бір шағын мүйіс, ал буржуазияға керегі — сол революцияны белсенді түрде жүзеге асыру, деп өз сөздерінің бәрінде де шатасып жүр.

Ақырында, басқа партияларға көзқарас туралы қарарды да атап өтпеске болмайды. РСДРП III съезінің қарары буржуазияның азаттық қозғалысының тар өрістілігі мен жеткіліксіздігінің қандайын болса да әшкерелеу туралы айтады, бұл тар өрістіліктің болуы мүмкін жағдайларының бәрін съезден съезге дейін тізіп отыру және жаман буржуаларды жақсы буржуалардан айыратын шек жүргізу жөнінде аңқау ойға салынбайды. Конференция, Староверденің қатесін қайталап, осындай шекті қасарыса іздейді, атышулы «лакмус қағазы» теориясын өрнітеді. Старовер буржуазияға қаталырақ шарттар қою керек деген өте игі идеяға сүйенді. Бірақ ол буржуазия демократтарының мақұлдауға, келісуге, т. б. тұрмайтындарынан мақұлдауға, келісуге, т. б. тұратындарын күні бұрын бөліп тастау әрекетінің қандайы болса да оқиғалардың дамуы лезде сыртқа лақтырып тастайтын және пролетариаттың таптық санасында күңгірттік туғызатын «формулаға» әкеп соқтыратынын ұмытады. Негізгі мәселе күрестегі нақты бірліктен мәлімдемеге, уәдеге, ұранға ауысады. Старовер «жалпыға бірдей, тең, төте, жасырын сайлау правосын» осындай түбегейлі ұран деп санады. Арада екі жыл өтпей-ақ «лакмус қағазы» өзінің түкке жарамайтындығын дәлелдеді, жалпыға бірдей сайлау правосы жөніндегі ұранды освобождениешілдер қағып алды, бірақ социал-демократияға жақындамағаны былай тұрсын, қайта нақ осы ұран арқылы жұмысшыларды адастыруға, оларды социализмнен бұрып әкетуге әрекет жасады.

Енді жаңа искрашылдар «шарттарды» одан да «қаталырақ» қояды, «ұйымдасқан пролетариаттың батыл қимылының қандайын болса да» «халықтың өзін өзі қа-

руландыру ісіне белсенді қатысуға» дейін «жігерлі түрде, екіұштыландырмай (!?) қолдауды», т. т. патша өкіметінің дұшпандарынан «талап етеді». Шек едәуір әріден қойылды,— сөйтсе де бұл шек *тағы да ескіріп қалып отыр,* салған жерден-ақ түкке тұрғысыз болып шықты. Мысалы, республика ұраны неліктен жоқ? Социал-демократтардың «сословиелік монархиялық тәртіптің барлық негіздеріне қарсы революциялық аяусыз соғыс ашу» мүдделері үшін буржуазия демократтарынан республика үшін күрестен басқаның бәрін, не қаласаңыз, соны «талап ететіні» қалай?

Бұл мәселе беталды соқтығу емес екенін, жаңа искрашылдардың қатесінің өмірге тығыз байланысты саяси маңызы бар екенін «Россиялық азаттық одағы» (қараңыз: «Пролетарий» № 4) * дәлелдейді. «Патша өкіметінің» бұл «дұшпандары» жаңа искрашылдардың барлық «талаптарына» әбден сай келеді. Ал оның бер жағында біз бұл «Россиялық азаттық одағының» программасында (немесе программасыздығында) освобождениешілдік рух үстем екенін, бұл одақты освобождениешілдер оп-оңай тіркеп ала қоятынын көрсеткенбіз. Ал конференция қарарының аяғында: «социал-демократия либералдық және демократиялық ту көтеріп, пролетариаттың революциялық күресін шындап қолдаудан бас тартатын саяси партиялардың бәріне, бұларды *халықтың екіжүзді достары* деп санап, бұрынғыдай қарсы шығады» деп мәлімдейді. «Россиялық азаттық одақ» бұл қолдаудан бас тартпайтыны былай тұрсын, қайта оны бар ынтасымен ұсынып отыр. Бұл оның көсемдері освобождениешілдер болғанымен, «халықтың екіжүзді достары» емес екеніне кепілдік бола ала ма?

Көріп отырсыздар: жаңа искрашылдар «шарттарды» күні бұрын жанынан шығарып, айбарлы әлсіздігі жа-

* 1905 жылы 4 июньде шыққан «Пролетарийдің» 4-номерінде «Жаңа революциялық жұмысшы одағы» деген көлемді мақала басылған болатын. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 294—307-беттер. *Ред.)* Бұл мақалада «Россиялық азаттық одағы» деп аталған, қарулы көтеріліс арқылы құрылтай жиналысын шақыруды мақсат еткен осы одақтың үндеуінің мазмұны айтылады. Сонан соң мақалада социал-демократияның осындай партиялық емес одақтарға көзқарасы белгіленеді. Бұл одақтың қаншалық нақты одақ болғаны және оның революциядағы тағдыры қандай екені бізге мүлде белгісіз. (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.)*

ғынан кісі күлерлік «талаптар» қойып, өздерін салған жерден күлкілі халге душар етіп отыр. Нағыз өмір шындығын есепке алу үшін бұлардың шарттары мен талаптары салған жерден жеткіліксіз болып шығады. Бұлардың формуланы қууы үміт артуға тұрмайтын нәрсе, өйткені буржуазиялық демократияның екіжүзділігінің, дәйексіздігінің, тар өрістілігінің әр қилы көріністерінің бәрін ешбір формуламен ұстап тұра алмайсың. Әңгіме «лакмус қағазында» емес, формулаларда емес, жазылған, басылып шыққан талаптарда емес, «халық достарының» екіжүзділері мен екіжүзді еместерін күні бұрын айырып қоюда емес, күрестің нақты бірлігінде, буржуазиялық демократияның әрбір «солқылдақ» қадамын социал-демократтардың бәсеңдетпей сынап отыруында. «Қоғамдық күштерді демократиялық жолмен қайта құруды керек қылғандардың бәрін шындап біріктіру» үшін керегі — конференцияның соншама тырысып, басқа қиналған «пункттері» емес, шын революциялық ұрандарды көтере білу. Бұл үшін пролетариаттың міндеттерін монархиялық буржуазия міндеттерінің дәрежесіне дейін төмендететін ұрандар емес, революцияшыл және республикашыл буржуазияны пролетариаттың дәрежесіне дейін көтеретін ұрандар керек. Бұл үшін қарулы көтерілістің кейінге қалдыруға болмайтын міндетінен сөзуарлыққа салынып жалтару емес, көтеріліске барынша зор жігермен қатысу керек.

12. ЕГЕР БУРЖУАЗИЯ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯДАН ЖАЛТАРЫП КЕТСЕ, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ӘЛСІРЕЙ МЕ?

Мұның алдындағы жолдар жаңа искрашылдардың кавказдық конференциясының «Искра» бастырып шығарған қарарларын алғап кезімізде жазылып та қойылған-ды. Pour la bonne bouche (жақсылап аяқтау үшін) бұдан тәуір материалды ойлап та шығара алмаған болар едік.

«Искра» редакциясы: «Тактиканың негізгі мәселесі жөнінде кавказдық конференцияда да жалпы орыстық» (яғни жаңа искралық) «конференцияда қабылданған

шешімге *ұқсас»* (ақиқат!) «шешімге келді» деп дұрыс айтып отыр. «Кавказдық жолдастар социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке көзқарасы туралы мәселені «Вперед» тобы және съезд дейтіннің осы топқа қосылған делегаттары насихаттап жүрген жаңа әдіске барынша теріс қарау мағынасында шешті». «Пролетарлық партияның буржуазиялық революциядағы тактикасын конференцияның тұжырымдауын *өте-мөте сәтті* деп тану керек».

Шындықтың аты шындық. Жаңа искрашылдардың түбегейлі қатесін бұдан «сәтті» етіп ешкім тұжырымдай алмас еді. Жақшаның ішінде әуелі сыртқы жылтырағын, соңынан берген мәнін де айтып, сол тұжырымды тұтас келтірелік.

Уақытша үкімет туралы жаңа искрашылдардың кавказдық конференциясының қарары:

«Революциялық кезеңді пролетариаттың социал-демократиялық санасын тереңдету үшін» (республиканы жеңіп алу үшін емес, тек сананы тереңдету үшін ғана? Революцияны қандай «терең» ұғынғандық десеңізші! Әрине ғой! Мартыновша тереңдету үшін деген сөзді қосу керек еді) «пайдалануды өз міндеті деп санай отырып, конференция туып келе жатқан буржуазиялық мемлекеттік құрылысты сынау жөнінде партияға мейлінше толық бостандық беруді қамтамасыз ету мақсатымен» (республиканы қамтамасыз ету біздің ісіміз емес! Біздің ісіміз — сынау еркіндігін қамтамасыз ету ғана. Анархистік идея «буржуазиялық-мемлекеттік» құрылыс деген анархистік сөз тіркесін де тудырады!), «социал-демократиялық уақытша үкіметті құруға және оның құрамына енуге қарсы шығады» (Испания революциясынан 10 ай бұрын Энгельс цитат келтірген бакунистердің қарарын еске түсіріңіз: қараңыз: «Пролетарий» № 3 [38]), «қайта мемлекеттік құрылысты мүмкін қадерінше (?!) демократияландыру үшін буржуазиялық уақытша үкіметке сырттан» (жоғарыдан емес, төменнен) «қысым жасауды неғұрлым қолайлы деп санайды. Конференция былай деп біледі: социал-демократтардың уақытша үкімет құруы немесе оның құрамына енуі, бір жағынан, социал-демократиялық пар-

тиядан көңілі қалған пролетариаттың қалың бұқарасын осы партиядан кетіруі мүмкін, өйткені социал-демократия, өкіметті басып алғанымен, жұмысшы табының көкейтесті мұқтаждарын қашан социализмді жүзеге асырғанша қанағаттандыра алмайды» (республика көкейтесті мұқтаждық емес! Авторлар аңқаулығының салдарынан буржуазиялық революцияларға қатысуды өздері теріс деп таңқандай-ақ, таза анархистік тілде сөйлеп отырғанын аңғармайды!), «екінші жағынан — *буржуазиялық таптарды революция ісінен жалтарып кетуге мәжбүр етеді, сөйтіп революцияның қарқынын әлсіретеді»*.

Міне, әңгіменің басы қайда жатыр. Міне, анархистік идеялардың барынша айқын оппортунизммен (батыс европалық бернштейншілдердің ішінде де әрдайым болып жүргеніндей) сабақтасатын жері қайда жатыр. Ойлап қараңыздаршы: уақытша үкіметке енбеу керек, өйткені бұл буржуазияны революция ісінен жалтарып кетуге мәжбүр етеді, сөйтіп революцияның қарқынын әлсіретеді! Бұл арада біз революция буржуазиялық революция болғандықтан, буржуазияның пасықтығына бас июге, оған жол беруге тиіспіз дейтін жаңа искрашылдардың философиясын тұтас, таза, бүтін күйінде көріп отырмыз ғой. Біздің қатысуымыз буржуазияны жалтарып кетуге мәжбүр етеді деген ойды ішінара болса да, бір минут болса да басшылыққа алатын болсақ, онда біз осының нәтижесінде революцияны басқару ісін түгелімен буржуазиялық таптарға беріп қоямыз ғой. Біз мұнымызбен пролетариатты түгелдей буржуазияның қолына қаратып (толық «сын еркіндігі» жағдайында қала отырып!!), буржуазияның жалтарып кетпеуі үшін пролетариатты баяу, жуас болуға мәжбүр етеміз. Біз пролетариаттың ең көкейтесті мұқтаждарын, атап айтқанда, «экономистер» мен олардың шабармандары еш уақытта дұрыстап түсіне алмай-ақ қойған саяси мұқтаждарын шолтитып кесіп тастаймыз және де буржуазия жалтарып кетпесе екен деп осылай істейміз. Демек, біз демократизмді пролетариатқа қажетті мөлшерде жүзеге асыру жолындағы революциялық күрестің негізі-

нен буржуазиямен саудаласу негізіне түгелдей көшеді екенбіз, принциптерге опасыздық етіп, революцияға опасыздық етіп, («жалтарып кетпеуі үшін») оның, буржуазияның, ерікті келісімін сатып алады екенбіз.

Кавказдық жаңа искрашылдар бірер жол арқылы революцияға опасыздық ету, пролетариатты буржуазиялық таптардың дәрменсіз құйыршығына айналдыру тактикасының бүкіл мәнін айтып бере алды. Жаңа искрашылдықтың қателерінен жоғарыда тенденция ретінде қорытып шығарғанымыз енді көз алдымызда белгілі, айқын принципке: монархиялық буржуазияның соңынан ілесіп отыру принципіне айналып отыр. Республиканы жүзеге асыру буржуазияны жалтарып кетуге мәжбүр ететін болғандықтан (қазірдің өзінде мәжбүр етіп отыр — Струве мырзаның мысалы), республика үшін күрес жойылсын. Пролетариаттың жігерлі, ақырына дейін жеткізілетін демократиялық талаптарының қайсысы болса да әрқашанда және бүкіл дүние жүзінде буржуазияны жалтарып кетуге мәжбүр ететін болғандықтан, жұмысшы жолдастар, індеріңе барып тығылыңдар, тек сырттан ғана қимыл жасаңдар, революция үшін «буржуазиялық-мемлекеттік» құрылыстың қарулары мен құралдарын пайдаланбаңдар және «сын еркіндігін» өз қолдарыңда сақтап қалыңдар.

«Буржуазиялық революция» деген терминді ұғынудың өзіндегі негізгі жалғандық осы арада айқын көрінді. Оны Мартыновша немесе жаңа искраша «ұғыну» түп-тура пролетариаттың ісін сатқындықпен буржуазияның қолына беріп кете беруге апарып соқтырады.

Ескі «экономизмді» ұмытқан кісіге, оны зерттемеген, есіне түсірмеген кісіге «экономизмнің» қазіргі сарқыншағын ұғу да қиын. Бернштейндік «Credo»-ны [39] еске түсіріңіздерші. «Таза пролетарлық» көзқарастар мен программалардан жұрт мынадай қорытынды шығарысты: бізге, социал-демократтарға, керегі — экономика, нағыз жұмысшы ісі, саясатқұмарлықтың қандайын болса да сынау еркіндігі, социал-демократиялық жұмысты шындап тереңдету. Оларға, либералдарға, керегі — саясат. Құдай «революционизмге» түсіп кетуден сақтасын: бұл буржуазияны жалтарып кетуге мәжбүр

етеді. «Credo»-ны немесе «Рабочая Мысльдің» [40] 9-номеріне арналған жеке Қосымшаны (1899 жылғы сентябрь) түгел оқыған кісі бұл пікірлердің бүкіл өрісін айқын көреді.

Қазір де соның өзі, бірақ ірі көлемде, бүкіл «ұлы» орыс революциясына — ортодокстік филистерліктің теоретиктері қор қылып, күні бұрын карикатураға айналдырған революцияға баға беруге қолдану түрінде! Бізге, социал-демократтарға, керегі — сын еркіндігі, сананы тереңдету, сырттан қимыл жасау. Оларға, буржуазиялық таптарға, керегі — іс еркіндігі, революциялық (либералдық деп оқы) басшылық ету үшін өріс еркіндігі, жоғарыдан «реформалар» жүргізу еркіндігі.

Марксизмді осы тұрпайыландырушылар Маркстің сын қаруын қару сынымен ауыстырудың керектігі туралы сөзіне [41] еш уақытта ой жүгіртпеген. Олар Маркстің есімін орынсыз қолданып, іс жүзінде абсолютизмді еркін сынаған, демократиялық сананы тереңдеткен, бірақ революция кезі — қимыл кезі, жоғарыдан да, төменнен де қимыл жасау кезі екенін түсінбеген дәл Франкфурттың буржуазияшыл мылжыңдары рухында тактикалық қарарлар жазады. Олар марксизмді сөзуарлыққа айналдырып, алдыңғы қатарлы, анағұрлым батыл, жігерлі революцияшыл таптың идеологиясынан сол таптың ең есеймеген топтарының, революциялық-демократиялық қиын міндеттерден жасырынатын, осы демократиялық міндеттерді Струве мырзалардың қолына беретін топтарының идеологиясын жасаған.

Егер буржуазиялық таптар, социал-демократияның революциялық үкіметке енуі салдарынан, революция ісінен жалтарып кетсе, олар сонысымен «революцияның қарқынын әлсіретеді».

Орыс жұмысшылары, естіп тұрсыңдар ма: егер революцияны социал-демократтар үркітіп жібермеген, патша өкіметін жеңіп шығуды емес, онымен келісім жасауды қалайтын Струве мырзалар жүргізсе, революцияның қарқыны күштірек болмақшы екен. Егер революцияның жоғарыда біз белгілеген мүмкін болар екі нәтижесінің біріншісі жүзеге асырылса, яғни егер монархиялық буржуазия шиповтық конституция тәрізді

«конституцияға» самодержавиемен саудаласып келіссе, революцияның қарқыны күштірек болмақшы екеп!

Бүкіл партияның басшылыққа алуына арналған қарарларда мұндай масқара нәрселерді жазып отырған, немесе осы «сәтті» қарарларды мақұлдап отырған социал-демократтардың марксизмнен бүкіл жанды рухты айдап шыққан сөзуарлыққа салынып соқыр болғаны сонша — олар осы қарарлардың басқа жақсы сөздерінің бәрін құрғақ мылжыңға қалай айналдырып отырғанын байқамайды. Олардың «Искрадағы» мақалаларының қайсысын алсаңыз да, тіпті біздің атақты Мартыновтың атышулы кітапшасын алсаңыз да,— сіз олардан *халық* көтерілісі туралы, революцияны *ақырына дейін* жеткізу туралы, дәйексіз буржуазияға қарсы күресте *төменгі халыққа* сүйенуге тырысу туралы сөздерді естисіз. Бірақ буржуазияны шеттетудің салдарынан «революция қарқынының әлсіреуі» туралы ойды сіздердің қабылдаған немесе мақұлдаған кездеріңізден бастап, осы жақсы нәрселердің бәрі құрғақ сөзге айналып кетіп отыр ғой. Екінің бірі, мырзалар: не біз дәйексіз, құлқыншыл, қорқақ буржуазияға *қарамастан,* революцияны халықпен бірге өткізіп, патша өкіметін толық жеңіп шығуға тырысуға тиіспіз;— не біз мұндай «қарамастанға» жол бермейміз, буржуазия «жалтарып кетпесе» екен деп қорқатын боламыз, ал онда біз пролетариат пен халықты буржуазияға, дәйексіз, құлқыншыл, қорқақ буржуазияға сатып жібереміз.

Менің сөзімді басқаша түсіндіріп жүрмеңіздер. Бізге әдейі сатқындық жасады деген айып тағады деп айқай шығарып жүрмеңіздер. Жоқ, марксизмді «тереңдетудің» қиясынан төмен қарай тоқтаусыз құлдилап, революцияға қарсы, өмірге жанаспайтын, қисынсыз «ақылгөйлікке» барып жеткен ескі «экономистерше», сіздер де ылғи батпаққа байқамай ұрынып едіңіздер, енді сол батпаққа батып та отырсыздар.

«Революцияның қарқыны» қандай нақты қоғамдық күштерге байланысты болмақ, сіздер осыны ойлап көрдіңіздер ме, мырзалар? Сыртқы саясаттың, халықаралық айлалы әрекеттердің күштерін былай қоялық; ол күштер қазір бізге өте қолайлы болып отыр, дегенмен

ол күштерді біз бәріміз де талдамаймыз, ал мәселе Россияның ішкі күштері туралы болып отырғандықтан, талдамауымыз орынды да. Осы ішкі қоғамдық күштерге қараңыздаршы. Революцияға самодержавие, патша сарайы, полиция, чиновниктер, әскер, ат төбеліндей жоғары ақсүйектер қарсы тұр. Халықтың арасында ашыну неғұрлым терең болған сайын, әскер соғұрлым сенімсіз болады, чиновниктер арасындағы толқушылық соғұрлым күштірек болады. Сонан соң, буржуазия бостандық туралы көп сөйлеп, халық атынан, тіпті революция атынан да барған сайын жиі сөйлеп, жалпы және тұтас алғанда қазір революцияны жақтап отыр *. Бірақ біз, марксистер, буржуазияның революцияны дәйексіз, құлқыншылықпен, қорқа жақтап отырғанын теориядан бәріміз де білеміз және біздің либералдардың, земствошылардың, освобождениешілдердің үлгісінен осыны күн сайын, сағат сайын байқап жүрміз. Тар шеңбердегі құлқыншылдық мүдделері қанағаттанысымен-ақ, дәйекті демократизмнен жалтарып кетісімен-ақ *(ал буржуазия қазірдің өзінде-ақ одан жалтара бастады!)* буржуазияның көпшілігі революцияға қарсы шығып, халыққа қарсы шығып, контрреволюция жағына, самодержавие жағына бет бұрмай қоймайды. Сонда қалатыны «халық», яғни пролетариат пен шаруалар: тек пролетариат қана сенімді түрде ақырына дейін бара алады, өйткені ол демократиялық төңкерістен анағұрлым әрі барады. Сондықтан да пролетариат, буржуазия жалтарып кетпес пе екен дегенмен санасу керек дейтін, пролетариатқа лайықсыз, есуастық кеңестерді жиреніштпен лақтырып тастап, республика үшін алдыңғы қатарда күреседі. Шаруалардың ішінде ұсақ буржуазиялық элементтермен қатар жартылай пролетар элементтер бұқарасы да бар. Мұның өзі шаруаларды да тұрақсыз етеді, пролетариатты қатаң таптық партия болып топтасуға мәжбүр етеді. Бірақ шаруалардың тұрақсыздығы буржуазияның тұрақсыздығынан түбірімен басқаша, өйткені шаруалар қазіргі кезеңде жеке меншікті сөзсіз қорғаудан гөрі сол

* Бұл жөнінде Струве мырзаның Жореске жазған ашық хаты қызық; ол хатты жақын арада Жорес «L'Humanite» газетінде [42], Струве мырза «Освобождениенің» 72-номерінде басып шығарған.

меншіктің басты түрлерінің бірін — помещик жерлерін тартып алуға мүдделі. Шаруалар мұнымен социалистік бола қалмаса да, ұсақ буржуазиялық болудан жазбаса да, демократиялық революцияның толық, барынша батыл жақтаушысы бола алады. Егер шаруалардың көзін ашатын революциялық оқиғалардың барысы буржуазияның сатқындығынан, пролетариаттың жеңілу себебінен тым ерте үзіліп қалмаса, шаруалар сөзсіз осындай болады. Шаруалар осы айтылған жағдайларда революция мен республиканың тірегі болмай қоймайды, өйткені шаруаларға жер реформалары саласындағылардың *бәрін,* шаруалардың тілеп жүргендерінің, көксеп жүргендерінің *бәрін,* оларға («социалист-революционерлердің» жорамалдап соғып жүргеніндей, капитализмді құрту үшін емес), жартылай крепостниктік тәртіптің шырмауынан, езіліп-жаншылудың, құлдықтың қара түнегінен шығу үшін, өзінің тұрмыс жағдайларын товар шаруашылығының шеңберінде мүмкін боларлық дәрежеде жақсарту үшін не керек болса, *соның бәрін* толық жеңіп шыққан революция ғана бере алады.

Ол ол ма: шаруаларды тек батыл аграрлық өзгеріс қана емес, сонымен қатар олардың жалпы, тұрақты мүдделерінің бәрі де революцияға ынталы етеді. Тіпті пролетариатпен күресте де шаруалар демократияға мұқтаж болады, өйткені олардың мүдделерін дәл білдіру, оларға бұқара ретінде, көпшілік ретінде басымдық беру демократиялық құрылыстың ғана қолынан келеді. Шаруалардың неғұрлым көзі ашық болса (ал Жапониямен соғыстан бері қарай олардың тез көзі ашылып келе жатқандығы сонша — бұған көз ашуды тек қана мектеп өлшемімен өлшеп әдеттенген жұрттың көбі шүбә келтірмейді), олар толық демократиялық төңкерісті соғұрлым дәйекті, батыл түрде жақтайды, өйткені халықтың үстемдігі буржуазияға қорқынышты болса, шаруаларға тиімді. Шаруалар аңқау монархизмнен құтыла бастасақ, демократиялық республика олардың мұратына айналады, өйткені делдалдық жасаушы буржуазияның (жоғарғы палатасы, т. т. бар буржуазияның) саналы монархизмі шаруалар үшін европалық-конституциялық сырмен аздап қана әрленген бәз-баяғы правосыздық,

бәз-баяғы езілушілік пен қараңғылық болып қала береді.

Міне сондықтан буржуазия, тап ретінде, табиғи және лажсыз түрде либерал-монархиялық партияның қолтығының астына тығылуға ұмтылады, ал шаруалар, бұқара ретінде, революциялық және республикалық партияның басшылығында болуға ұмтылады. Міне сондықтан буржуазия демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізе алмайды, ал шаруалар революцияны ақырына дейін жеткізе алады, ал біз бұл жөнінде барлық күшімізді салып шаруаларға жәрдемдесуге тиіспіз.

Маған кейбіреулер қарсы шығып: мұны дәлелдеп жатудың не қажеті бар, бұл ап-айқын дүние ғой, мұны социал-демократтардың бәрі де жақсы түсінеді, дер. Жоқ, революциядан буржуазияның шығып қалуы салдарынан революция «қарқынының әлсіреуі» туралы сөз қылуға аузы баратындар мұны түсінбейді. Мұндай адамдар біздің аграрлық программамыздан жаттап алған сөздерін қайталай береді, бірақ олардың мәнісіне түсінбейді, өйткені әйтпеген күнде олар бүкіл маркстік көзқарастан және біздің программамыздан сөзсіз туатын пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы деген ұғымнан қорықпас еді, әйтпеген күнде олар ұлы орыс революциясының қарқынын буржуазияның қарқынымен тежемес еді. Мұндай адамдар өздерінің маркстік революциялық абстрактілі сөздерін өздерінің антимаркстік, антиреволюциялық нақты қарарларымен соққылайды.

Кімде-кім жеңімпаз орыс революциясындағы шаруалардың ролін түсінсе, ол адам буржуазия жалтарып кеткенде революцияның қарқыны әлсірейді дей алмас еді. Өйткені дұрысында буржуазия жалтарып кетсе, пролетариатпен қатар шаруалар бұқарасы белсенді революционер болып аттанысқа шықса, орыс революциясының шын қарқыны тек сонда ғана басталады, тек сонда ғана бұл буржуазиялық-демократиялық төңкеріс заманында мүмкін болатын революциялық шын зор қарқын болады. Дәйектілікпен ақырына дейін жеткізілуі үшін біздің демократиялық революция буржуазия-

ның болмай қоймайтын дәйексіздігін көрмей алатын күштерге (яғни «Искраның» кавказдық жақтаушылары жете ойламай қорқа беретін, атап айтқанда, «буржуазияны жалтарып кетуге мәжбүр ету» қолынан келетін күштерге) сүйенуге тиіс.

Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жаныштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын көрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті ақырына дейін жеткізуге тиіс. Пролетариат, буржуазияның қарсылығын күшпен тойтару үшін және шаруалар мен ұсақ буржуазияның тұрақсыздығын көрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқарасын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс. Пролетариаттың міндеттері осылар, мұны революцияның қарқыны туралы сөздері мен қарарларының бәрінде жаңа искрашылдар тым тар мағынада түсініп жүр.

Осы «қарқын» туралы тақырыпты сөз еткенде екінің бірінде естен шығып кететін тек бір ғана жағдайды ұмытпау керек. Әңгіме міндеттің қиындығы туралы емес, сол міндеттің шешімін қай жолдан іздеу, оған қай жолмен жету туралы болып отырғанын ұмытпау керек. Әңгіме революцияның қарқынын құдіретті, жеңімпаз етудің оңай-қиындығы туралы емес, осы қарқынды күшейту үшін не істеу керек екені туралы болып отыр. Айырмашылық қызметтің нақ негізгі сипаты жөнінде, оның бағытының өзі жөнінде болып отыр. Мұны біз баса айтамыз, өйткені мәселеге көңіл қоймайтын, арсыз адамдар әр түрлі екі мәселені: жолдың бағыты туралы, яғни әр түрлі екі жолдың бірін таңдау туралы мәселе мен осы жолда мақсатты жүзеге асырудың оңай-қиындығы немесе оны жүзеге асырудың жақын-алыстығы туралы мәселені тым жиі шатастырып жүр.

Алдыңғы жазғанымызда біз осы соңғы мәселеге мүлде жуыған жоқпыз, өйткені бұл мәселе біздің партия ішінде алауыздық, келіспеушілік тудырған жоқ-ты. Бірақ, әлбетте, мұның өзі аса маңызды мәселе және барлық социал-демократтардың барынша шын көңіл бөлуіне татырлық мәселе. Жұмысшы табы бұқарасын ғана емес, сонымен қатар шаруалар бұқарасын да қозғалыс-

қа тартуға байланысты қиыншылықтарды ұмыту жол беруге болмайтын оптимизм болар еді. Демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізуге бағытталған күш-жігер әлденеше рет нақ осы қиыншылықтарға соғылып жасып қалып жүрді және де дәйексіз, құлқыншыл буржуазия көбіне-көп үстем болып жүрді, ол халықтан монархиялық қорғаушының «капиталын жинап алды» және либерализмнің... немесе «освобождениешілдіктің» «күнәсыздығын сақтап қалды». Бірақ қиыншылық дегеніміз орындауға болмайтын нәрсе емес. Ең маңыздысы — жолды дұрыс таңдап алғандығыңа сенімді бол, ал бұл сенім кереметтерді жасай алатын революциялық жігер мен революциялық энтузиазмды жүз есе күшейтеді.

Жолды таңдау туралы мәселе жөнінде қазіргі социал-демократтардың арасындағы келіспеушіліктің қаншалық дәрежеде терең екені жаңа искрашылдардың кавказдық қарары мен Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезінің қарарын салыстырғанда бірден көрініп тұр. Съезд қарарының айтатыны: буржуазия дәйексіз, ол қалайда революцияның жеңістерін бізден тартып алуға тырысады. Сондықтан, жұмысшы жолдастар, күреске жігерлене дайындалыңдар, қаруланыңдар, шаруаларды өз жақтарыңа тартыңдар. Біз құлқыншыл буржуазияға революциялық жеңістерімізді ұрыссыз қолдан бермейміз. Кавказдық жаңа искрашылдардың қарарының айтатыны: буржуазия дәйексіз, ол революциядан жалтарып кетуі мүмкін. Сондықтан, жұмысшы жолдастар, уақытша үкіметке қатысамыз деп ойлай көрмеңдер, өйткені онда буржуазия жалтарып кетуі мүмкін және осыдан революцияның қарқыны әлсірейді!

Біреуінің айтатыны: дәйексіз буржуазияның қарсылығына немесе енжарлығына қарамастан, революцияны ілгері қарай, ақырына дейін жылжыта беріңдер.

Екіншісінің айтатыны: революцияны ақырына дейін дербес жүргізу туралы ойлай көрмеңіздер, өйткені онда дәйексіз буржуазия революциядан жалтарып кетеді.

Біздің алдымызда біріне-бірі мүлдем қарама-қарсы екі жол тұрған жоқ па? Бір тактиканың екінші такти-



13. Заключеніе. Смеем ли мы победить? 157

Люди, поверхностно знакомые с положеніем дел в россійской соціал-демократіи, или судящіе со стороны, не знающіе исторіи всей нашей внутрипартійной борьбы со времен экономизма, очень часто отделываются и от определившихся теперь, особенно после 3-го съезда, тактических разногласій простой ссылкой на две естественныя, неизбежныя, вполне примиримыя тенденціи всякаго соціал-демократическаго движенія. С одной стороны, дескать, усиленное подчеркиваніе обычной, текущей, повседневной работы, необходимости развивать пропаганду и агитацію, подготовлять силы, углублять движеніе и т. д. С другой стороны, подчеркиваніе боевых, общеполитических, революціонных задач движенія, указаніе на необходимость вооруженнаго возстанія, выдвиганіе лозунгов: революціонно-демократическая диктатура, временное революціонное правительство. Ни той ни другой стороне не следует преувеличивать,

В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген қолжазбасының 157-беті.— 1905 ж.

Кішірейтілген

қаны сөзсіз жоққа шығаратыны айқын емес пе? Бірінші тактика революциялық социал-демократияның бірден-бір дұрыс тактикасы екені, ал екінші тактиканың шын мәнінде тап-таза освобождениешілдік тактика екені айқын емес пе?

13. ҚОРЫТЫНДЫ. БІЗДІҢ ЖЕҢУГЕ БАТЫЛЫМЫЗ БАРА МА?

Россия социал-демократиясындағы істердің жайымен үстірт таныс адамдар немесе оны сырттан болжайтындар, «экономизм» заманынан бергі партия ішіндегі бүкіл күресіміздің тарихын білмейтін адамдар қазір, әсіресе III съезден кейін, анықталған тактикалық алауыздықтарды да социал-демократиялық қозғалыс атаулының бәрінде болмай қоймайтын, ымыраға келтіруге әбден болатын, табиғи екі тенденция ғой деумен ғана өте жиі құтылып кетіп жүр. Бір жағынан, кәдімгі, ағымдағы, күнделікті жұмыс, насихат пен үгітті дамытудың, күш дайындаудың, қозғалысты тереңдетудің т. т. қажеттігі мейлінше баса айтылады. Екінші жағынан, қозғалыстың айбынды, жалпы саяси, революциялық міндеттері баса айтылады, қарулы көтерілістің қажеттігі атап көрсетіледі, революциялық-демократиялық диктатура, революциялық уақытша үкімет ұрандары ұсынылады. Ана жағын да, мына жағын да әсірелеудің қажеті жоқ, онда да, мұнда да (жалпы, әлемнің еш жерінде де) кереғарлық, т. т. және т. с. жақсы емес, деседі.

От басындағы (және тырнақшаның ішінде айтқанда «саяси») даналықтың осындай ойларда күмәнсыз болып отыратын арзан шындығы, дегенмен, партияның толғағы жеткен көкейтесті мұқтаждарын түсінбеушілікті тым жиі бүркемелеп отырады. Орыс социал-демократтарының арасындағы қазіргі тактикалық алауыздықтарды алып қараңыз. Әлбетте, жаңа искрашылдардың тактика туралы пікірлерінде көріп отырғанымыздай, жұмыстың күнделікті, ағымдағы жағын мейлінше баса айту өздігінен әзірше қауіпті ештеңе бола қоймас еді және тактикалық ұрандарда ешбір алшақтық тудыра алмас еді. Бірақ бұл алшақтықтың айқын көзге түсуі үшін Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съе-

зінің қарарларын конференцияның қарарларымен салыстырудың өзі-ақ жеткілікті .

Істің мәні неде болып отыр? Мәні, біріншіден, қозғалыстағы екі ағымды және кереғарлықтардың зиянын жалпы, абстрактілі түрде көрсетіп қана қоюдың жеткіліксіз екендігінде. Осы қозғалыстың осы кезеңдегі кемшілігі не екенін, қазір партияға шын саяси қауіп туғызатып не екенін нақты білу керек. Екіншіден, белгілі бір тактикалық ұрандар,— бәлкім, ұрандардың кейде болмауы,— қандай нақты саяси күштердің диірменіне су құятынын білу керек. Жаңа искрашылдарды тыңдап көріңіздерші,— социал-демократия партиясына төнген қауіп — насихат пен үгітті, экономикалық күресті, буржуазиялық демократияны сынауды керексіз етіп лақтырып тастау, соғыс дайындығымен, қарулы шабуылмен, өкіметті басып алумен, т. т. шамадан тыс әуестену екен деген қорытындыға келесіз. Ал шынында нақты қауіп партияға тіпті басқа жақтан төніп тұр. Кімде-кім қозғалыстың жайын қаншалықты болса да жақын білсе, кімде-кім оны көңіл қойып, ойланып бақылап отырса, ол адам жаңа искрашылдардың қорқуының кісі күлерлік жағын көрмей тұра алмайды. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бүкіл жұмысы қазірдің өзінде-ақ салмақтың денін насихат пен үгітке, жедел жиындар мен шағын жиындарға, листоктар мен кітапшаларды таратуға, экономикалық күреске жәрдемдесуге және ол күрестің ұрандарын іліп әкетуге шоғырландыруды сөзсіз қамтамасыз ететін, берік, тұрақты шеңберге әбден қалыптасты. Назарының, күшінің, уақытының жүзден тоқсан тоғыз бөлігін тоқсаныншы жылдардың екінші жартысынан бері бекіп қалған осы міндеттерге әрдайым, үнемі бөлмеген бірде-бір партия комитеті, бірде-бір аудандық комитет, бірде-бір орталық жиын, бірде-бір заводтық топ жоқ. Мұны қозғалыспен мүлдем таныс емес адамдар ғана білмейді. Жаңа искрашылдардың өткенді қайталауы ерекше маңғаз кейіппен жасалғанда, оны шынайы нәрсе деп тек өте аңқау немесе ештеңеден хабары жоқ адамдар ғана қабылдай алады.

Бізде көтерілістің міндеттерімен, жалпы саяси ұрандармен, бүкіл халық революциясын басқару ісімен жұрттың аса әуестенбейтіні былай тұрсын, қайта нақ осы жағынан *артта қалғандық* анадайдан көзге түседі, бұл факт іс жүзіндегі революциялық қозғалыстан сөз жүзіндегі революциялық қозғалысқа айналуы мүмкін және кей жерде соған айналып отырған қозғалыстың ең осал жері оған төнген нақты қауіп болып табылады. Партия жұмысын орындап жүрген әлденеше жүздеген ұйымдардың, топтардың, үйірмелердің ішінен өздері пайда болған кезден бастап күнделікті жұмысын жүргізбеген, жұмыс болғанда жаңа «Искрадан» шыққан данышпандар ақиқатты енді ғана тапқан кісідей сөз етіп жүрген жұмысын жүргізіп жатпаған бірде-біреуін таба алмайсыз. Ал, керісінше, қарулы көтерілістің міндеттерін ұққан, сол міндеттерді орындауға кіріскен, патша өкіметіне қарсы бүкіл халық революциясын басқарудың қажеттігін, ол үшін басқа емес, нақ осындай алдыңғы қатарлы ұрандарды көтерудің қажеттігін түсінген топтар мен үйірмелердің проценті болмашы ғана екенін көресіз.

Біз алдыңғы қатарлы, шын революциялық міндеттерден адам айтқысыз кейін қалып қойдық, біз көп ретте оларды әлі ұқпадық, біз осы жағынан артта қалғандықтың салдарынан революциялық буржуазиялық демократияның о жерде де, бұ жерде де күшейіп алғанын байқамай қалдық. Ал жаңа «Искраның» жазушылары, оқиғаның ағымы мен заманның талабына ту сыртын беріп: ескіні ұмытпаңдар! жаңаға әуестенбеңдер! деп, қоймастан қақсай береді. Бұл — конференцияның барлық елеулі қарарларының өзгермейтін негізгі сарыны; ал съездің қарарларынан сіз үнемі мынаны оқисыз: ескіні мақұлдай отырып, (және ол әдебиет арқылы, қарарлар арқылы, тәжірибе арқылы қазірдің өзінде шешілген, бекітілген ескі нәрсе болғандықтан да, оны әрлі-берлі қайталауға тоқталып жатпай), жаңа міндетті алға қоямыз, осы міндетке көңіл бөлеміз, жаңа ұран ұсынамыз, шын революцияшыл социал-демократтардан осы ұранды жүзеге асыру жолында дереу жұмысқа кірісуді талап етеміз.

Социал-демократияның тактикасындағы екі ағым туралы мәселе шындығында, міне, осылай қойылып отыр. Революция заманы алға жаңа міндеттер қойып отыр, бұл міндеттерді тек мүлдем су қараңғы адамдар ғана көрмейді. Социал-демократтардың кейбіреулері бұл міндеттерді батыл мойындап, күн тәртібіне қойып та отыр; олар: қарулы көтерілісті кейінге қалдыруға болмайды, оған дереу, жігерлене дайындалыңдар, біржола жеңіп шығу үшін қарулы көтерілістің қажет екенін есте сақтаңдар, республика, уақытша үкімет, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы жөніндегі ұрандарды алға қойыңдар, дейді. Ал басқалары болса кейін шегіншектейді, бір орынды таптап шиырлай береді, ұрандардың орнына алғы сөз береді, ескіні мақұлдаумен қатар жаңаны көрсетудің орнына, жаңа атаулыдан сөзбен жалтарып, үзілді-кесілді жеңістің шарттарын анықтай білмей, толық жеңіске жету талабына бірден-бір сәйкес келетін ұрандарды көтере білмей, бәз-баяғы ескіні беталды қайталап бас қатырады.

Бұл артта жүрушіліктің саяси нәтижесі біздің көз алдымызда. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы «көпшілігінің» революциялық буржуазиялық демократиямен жақындасуы туралы ертегі бірде-бір саяси фактімен, «большевиктердің» бірде-бір беделді қарарымен, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы III съезінің бірде-бір қарарымен расталмаған ертегі болып қала береді. Ал «Освобождение» арқылы оппортунистік, монархиялық буржуазия жаңа искрашылдықтың «принциптік» тенденцияларын көптен бері *құттықтап жүр,* ал қазір тіпті солардың суымен өз диірменін жүргізіп отыр, олардың «жасырын жұмыс» пен «бүлікке» қарсы, революцияның «техникалық» жағын асыра бағалауға қарсы, қарулы көтеріліс ұранын тікелей көтеруге қарсы, әсіре талаптардың «революционизміне», т. т. және т. с. қарсы сөзсымақтары мен «идеясымақтарының» бәрін қабылдап отыр. Кавказдағы «меньшевик» социал-демократтардың бүкіл конференциясының қарары және осы қарарды жаңа «Искра» редакциясының мақұлдауы осының бәріне: пролетариат

революциялық-демократиялық диктатураға қатысқан күнде буржуазия жалтарып кетпесе игі еді деген тиянақты саяси қорытынды жасап отыр! Осы арқылы бәрі де айтылған. Осы арқылы пролетариатты монархиялық буржуазияның құйыршығына айналдыру ісі біржола бекіп отыр. Осы арқылы жаңа искрашыл хвостизмнің *саяси мәні* іс жүзінде дәлелденіп отыр, дәлелденгенде — бір кісінің кездейсоқ мәлімдемесімен емес, бүкіл бір бағыт әдейілеп мақұлдаған қарармен дәлелденіп отыр.

Кімде-кім бұл фактілерді жете ойласа, ол социал-демократиялық қозғалыстың екі жағын және екі тенденциясын үсті-үстіне айта берудің шын мәнісін түсінеді. Бұл тенденцияларды ірі көлемде зерттеп білу үшін бернштейншілдікті алып қараңыз. Нақ осы сияқты бернштейншілдер де пролетариаттың шын мұқтаждарын, оның күшін өсірудің, бүкіл жұмысты тереңдетудің, жаңа қоғам элементтерін дайындаудың, насихат пен үгіттің міндеттерін тек біз ғана түсінеміз, деп айтып келді және айтып та отыр. Біз бар нәрсені ашық мойындауды талап етеміз!— деп Бернштейн «түпкі мақсаты» *жоқ* «қозғалысты» дәріптейді, жалаң қорғану тактикасын дәріптейді, «буржуазия жалтарып кетпесе игі еді» дейтін қорқу тактикасын уағыздайды. Бернштейншілдер де революцияшыл социал-демократтардың «якобинизмі» туралы, «жұмысшылардың талапкерлігін» түсінбейтін «әдебиетшілер», т. т. және т. с. туралы айқайшу көтерген болатын. Іс жүзінде, жұрттың бәріне мәлім болғанындай, күнделікті және ұсақ жұмысты, күш әзірлеу ісін, т. т. тастау революцияшыл социал-демократтардың ойында да болған емес. Олар түпкі мақсатты айқын ұғуды, революциялық міндеттерді айқын қоюды ғана талап етті, олар пролетариаттың революцияшылдығын «буржуазия жалтарып кетпесе игі еді» деген оппортунистік ойдың дәрежесіне дейін төмендеткісі келмеді, жартылай пролетарлық, жартылай ұсақ буржуазиялық топтарды пролетариаттың революцияшылдығына дейін көтергісі келді. Партияның интеллигенттік-оппортунистік қанаты мен пролетарлық-революциялық қанаты арасындағы бұл алауыздықты мейлінше айқын көрсететін нәрсе: dürfen wir siegen? «біздің жеңуге батылымыз ба-

ра ма?» біздің жеңуімізге бола ма? біздің жеңуіміз қауіпті емес пе? біздің жеңуіміздің қажеті бар ма? деген сауал болды. Ә дегенде оғаштау болып көрінетін бұл сауал дегенмен де қойылды, қойылуға тиісті де еді, өйткені оппортунистер жеңістен қорықты, пролетариатты жеңістен қорқытып отырды, жеңістен пәле келеді деп сәуегейлік жасады, тура жеңіске шақырған ұрандарды келеке етті.

Интеллигенттік-оппортунистік тенденция мен пролетарлық-революциялық тенденцияға осы сияқты негізгі бөліну бізде бар; тек қана бұл бөлінудің аса мәнді айырмасы: әңгіме социалистік төңкеріс туралы емес, демократиялық төңкеріс туралы болып отыр. Ә дегенде өрескел болып көрінетін: «біздің жеңуге батылымыз бара ма? деген сауал бізде де қойылған. Бұл сауалды Мартынов өзінің: егер көтерілісті өте жақсы дайындап, оны барынша ойдағыдай өткізсек пәлеге қаламыз деп сәуегейлік жасаған «Екі диктатурасында» қойған болатын. Осы сауал жаңа искрашылдардың революциялық уақытша үкімет туралы мәселе жөніндегі әдебиетінде қойылған, және де олар Мильеранның буржуазиялық-оппортунистік үкіметке қатысуы мен Варленнің [43] ұсақ буржуазиялық революциялық үкіметке қатысуын үнемі шатастыруға қасарыса, бірақ сәтсіз тырысқан. Ол сауал «буржуазия жалтарып кетпесе игі еді» деген қарармен баянды етілген. Каутский, мысалы, енді келіп біздің революциялық уақытша үкімет туралы таласымызды әлі соғылмаған аюдың терісін бөлісуге ұқсас деп келеке етуге тырысса да, бұл келеке тек ұзын құлақтан естіп білгенін айтпақшы болғанда, керек десе ақылды және революцияшыл социал-демократтардың өздері де мұзға отырып қалатынын ғана көрсетеді. Неміс социал-демократиясы аюды соғып алуға (социалистік төңкеріс жасауға) әзірше тым оншалықты жақын емес, бірақ біздің аюды соғып алуға «батылымыз бара ма» деген таластың принциптік және практикалық-саяси зор маңызы болды. Орыс социал-демократтары «өз аюын соғып алуға» (демократиялық төңкеріс жасауға) күші жететіндей болуға әзірше оншалықты жақын емес, бірақ аюды соғып алуға «батылымыз бара ма» деген мәселенің

Россияның бүкіл болашағы үшін, орыс социал-демократиясының болашағы үшін мейлінше елеулі маңызы бар. Жеңе «алатындығымызға» көзіміз жетпейінше армияны жігерлене, ойдағыдай жинау, оны басқару туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Біздің ескі «экономистерді» алып қараңыздар. Олар да өздерінің қарсыластары туралы: бұлар — заговоршылар, якобиншілдер («Рабочее Делоны», әсіресе 10-номерін және Мартыновтың II съездегі [44] программа туралы айтыста сөйлеген сөзін қараңыз), бұлар саясатқа құлшына түсіп, бұқарадан қол үзеді, жұмысшы қозғалысының негіздерін ұмытады, жұмысшылардың талапкерлігімен, т. т. және т. с. санаспайды, деп шу көтерген болатын. Ал шынында, «жұмысшылардың талапкерлігін» осынау жақтаушылар — пролетариаттың міндеттерін өздерінің тайыз, филистерше ұғынуын жұмысшыларға таңған оппортунист интеллигенттер еді. Шынында «экономизмге» қарсылар социал-демократиялық жұмыстың бірде-бір жағын назардан тыс қалдырған жоқ, соңғы қатарға жылжытқан жоқ, экономикалық күресті еш ұмытқан жоқ, сонымен қатар толғағы жеткен, кезектегі саяси міндеттерді кең көлемде қоя білді, жұмысшы партиясын либерал буржуазияның «экономикалық» шылауына айналдыруға қарсы әрекет жасады, осының бәрін ескі «Искрадан» кім де болса көре алады.

Экономистер саясаттың негізі экономика екенін жаттап алды және мұны саяси күресті экономикалық күрес дәрежесіне түсіре төмендету керек деп «ұқты». Жаңа искрашылдар демократиялық төңкеріс өзінің экономикалық негізі жағынан буржуазиялық революция екенін жаттап алды және мұны пролетариаттың демократиялық міндеттерін буржуазиялық баяулық дәрежесіне дейін, «буржуазия жалтарып кететін» шекке дейін төмен түсіру керек деп «ұқты». «Экономистер», жұмысты тереңдетуді сылтау етіп, жұмысшылардың талапкерлігімен таза таптық саясатты сылтау етіп, іс жүзінде жұмысшы табын либерал-буржуазияшыл саясатшылардың қолына берді, яғни партияны объективтік маңызы нақ осындай жолмен жүруге бастады. Жаңа искрашылдар, тағы да сол жаңағыларды сылтау етіп, іс жүзінде про-

летариаттың демократиялық революциядағы мүделерін буржуазияға сатып жіберіп отыр, яғни партияны объективтік маңызы нақ осындай жолмен жүруге бастап отыр. «Экономистерге» саяси күресте көсемдік ету социал-демократтардың ісі емес, дұрысында либералдардың ісі болып көрінді. Жаңа искрашылдарға демократиялық революцияны белсенді түрде жүргізу социал-демократтардың ісі емес, дұрысында демократиялық буржуазияның ісі тәрізді, өйткені оларша пролетариаттың басшылығы және алдыңғы қатарда қатысуы революцияның «қарқынын әлсіретеді».

Бір сөзбен айтқанда, жаңа искрашылдар партияның екінші съезінде шығуы жағынан ғана емес, пролетариаттың демократиялық революциядағы тактикалық міндеттерін қазіргі қоюы жағынан да «экономизмнің» эпигоны болып табылады. Бұл да — партияның интеллигенттік-оппортунистік қанаты. Ол өзі ұйымда интеллигенттердің анархиялық даралығынан бастап «іріткі салу процесімен» бітірді, конференция қабылдаған «уставта» [45] әдебиеттің партия ұйымынан қол үзушілігін, төте емес, төрт сатылыға жақын сайлау тәртібін, демократиялық өкілдіктің орнына бонапарттық плебисцит системасын, ақыр аяғында, бөлшек пен бүтіннің арасындағы «келісім» принципін бекітті. Олар партияның тактикасында нақ осындай көлбеу жазықтан төмен құлдилады. Олар «земство науқанының жоспарында» земство қызметкерлерінің алдында қыр көрсетуді «демонстрацияның жоғарғы түрі» деп жариялады, саяси сахнада тек екі белсенді күшті (9 январь қарсаңында!) — үкімет пен буржуазиялық демократияны ғана көрді. Қаруланудың көкейтесті міндетін «тереңдетіп», олар тура практикалық ұранды өзін өзі қаруландыруға мейлінше құштарлықпен ұмтылу деген үндеумен ауыстырды. Енді өздерінің ресми қарарларында қарулы көтерілістің, уақытша үкіметтің, революциялық-демократиялық диктатураның міндеттерін бұрмалап, мұқалтты. «Буржуазия жалтарып кетпесе игі еді» — олардың соңғы қарарының осы қорытынды аккорды — олардың жолы партияны қайда апара жатқаны туралы мәселені толық айқындап береді.

Россиядағы демократиялық төңкеріс, өзінің қоғамдық-экономикалық мәні жағынан, буржуазиялық революция. Осы маркстік дұрыс қағиданы қайталай салу жеткіліксіз. Оны ұғына білу керек және саяси ұрандарға қолдана білу керек. Қазіргі, яғни капиталистік өндірістік қатынастарға негізделген саяси бостандық атаулының бәрі — буржуазиялық бостандық. Бостандықты талап ету бәрінен бұрын буржуазияның мүдделерін білдіреді. Буржуазияның өкілдері осы талапты бірінші болып алға қойған. Буржуазияның жақтаушылары алған бостандығын қайда болса да қожайындарша пайдаланды, оны шағын, мұқият буржуазиялық өлшемге салып, революцияшыл пролетариатты бейбіт уақытта мейлінше жымысқы түрде, ал дауылды кезеңде аяусыз қаталдықпен жаншып тастаумен ұштастырып отырды.

Бірақ бұдан бостандық үшін күресті теріске шығару немесе оның маңызын төмендету керек деген қорытындыны тек бүлікшіл халықшылдар, анархистер мен «экономистер» ғана шығара алды. Осы интеллигенттік-филистерлік ілімді пролетариатқа әрқашан тек уақытша, тек оның қарсылығына қарамай, еріксіз таңа алды. Пролетариат өзіне саяси бостандық керек екенін, ол бостандықтың буржуазияны тікелей нығайтып, ұйымдастыратынына қарамастан, бәрінен де гөрі өзіне керек екенін іштей сезінді. Пролетариат өзінің құтқарылуын тап күресінен бұлтарудан емес, қайта сол күресті дамытудан, сол күрестің көлемін, саналылығын, ұйымшылдығын, батылдығын кеңейтуден күтеді. Кімде-кім саяси күрес міндетінің маңызын төмендетсе, ол адам социал-демократты халық трибунасынан тред-юнионның хатшысына айналдырады. Кімде-кім демократиялық буржуазиялық революциядағы пролетарлық міндеттердің маңызын төмендетсе, ол адам социал-демократты халық революциясының көсемінен еркін жұмысшы одағының бастаушысына айналдырады.

Иә, *халық* революциясының. Социал-демократия халық деген сөзге буржуазиялық қиянат жасаушылыққа қарсы толық правомен күресті, күресіп те отыр. Ол халық ішіндегі таптық антагонизмдерді ұғынбаушылық осы сөзбен бүркемеленбеуін талап етеді. Ол пролетариат

партиясының таптық жағынан толық дербес болуы сөзсіз қажет екенін талап етеді. Бірақ ол «халықты» «таптарға» жіктегенде, мұны алдыңғы қатарлы таптың өзімен-өзі томаға-тұйық болып қалуы үшін, өзін тар өлшеммен шектеуі үшін, өзінің қызметін дүние жүзінің экономикалық билеушілері жалтарып кетпесе игі еді деген ойлармен шолтитып кесіп тастау үшін істемейді,— алдыңғы қатарлы тап аралық таптардың жартыкештігіне, тұрақсыздығына, батылсыздығына еріп кетпей, қайта зор жігермен, зор ынтамен бүкіл халықты бастап, бүкіл халық ісі жолында күрес жүргізу үшін істейді.

Міне, осыны қазіргі жаңа искрашылдар көбінесе ұқпай жүр, олар демократиялық революцияда айбынды саяси ұрандар қоюдың орнына, «таптық» деген сөзді сан саққа құбылтып, сөзуарлықпен құр қайталап жүр!

Демократиялық төңкеріс — буржуазиялық төңкеріс. Қаралай бөліс немесе жер мен ерік жөніндегі ұран — езілген, қараңғы, бірақ жарық пен бақытты құштарланып іздейтін шаруа бұқарасының осы бір кең тараған ұраны,— буржуазиялық ұран. Бірақ біз, марксистер, пролетариат пен шаруаларды нағыз бостандыққа жеткізу үшін буржуазиялық бостандық пен буржуазиялық прогресс жолынан басқа жол жоқ екенін, болуы да мүмкін емес екенін білуге тиіспіз. Қазіргі уақытта социализмді жақындату үшін толық саяси бостандықтан, демократиялық республикадан, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасынан басқа құрал жоқ екенін, болуы да мүмкін емес екенін ұмытпауға тиіспіз. Алдыңғы қатарлы және бірден-бір революцияшыл таптың, екі айтпайтын, күмәнсыз, артына қарап жалтақтауы жоқ революцияшыл таптың өкілі болғандығымыздан біз демократиялық төңкерістің міндеттерін бүкіл халық алдында мүмкін қадерінше кең, батыл, белсенді түрде қоюға тиіспіз. Бұл міндеттердің маңызын төмендету — теория жағынан марксизмді келеке ету, оны филистерлерше бұрмалау, ал практикалық-саяси жағынан революция ісін революцияны дәйекті түрде жүзеге асырудан сөзсіз жалтарып кететін буржуазияның қолына беру болып табылады. Революо-

цияның толық жеңіп шығуы жолындағы қиыншылықтар өте зор. Егер пролетариаттың өкілдері өздерінің қолынан келетіннің бәрін істесе, бірақ олардың барлық күш-жігері реакцияның қарсылығына, буржуазияның сатқындығына, бұқараның қараңғылығына соқтығып, талқандалып қалса, онда оларды ешкім жазғыра алмайды. Бірақ, социал-демократия демократиялық төңкерістің революциялық жігерін тежейтін болса, жеңіп шығудан қорқып, буржуазия жалтарып кетпес пе екен деп ойлап, революциялық ынтаны тежейтін болса, онда оны барша жұрт және әркім — алдымен саналы пролетариат — жазғырады.

Революциялар — тарихтың локомотивтері,— деген еді Маркс [46]. Революциялар — езілгендер мен қаналғандардың мейрамы. Халық бұқарасы революция кезіндегідей басқа еш уақытта жаңа қоғамдық тәртіптердің белсенді жасаушысы бола алмайды. Бірте-бірте болатын прогрестің тар шеңберлі, мещандық өлшемі тұрғысынан қарағанда, мұндай уақыттарда халықтың керемет жасауға қабілеті жетеді. Бірақ мұндай уақытта революциялық партиялардың басшылары да өз міндеттерін барынша кең, батыл қоятын болулары керек, олардың ұрандары бұқараға шамшырақ болып қызмет етіп, біздің демократиялық және социалистік мұратымыздың бүкіл ұлылығын, бүкіл тамашалығын көрсетіп, толық, сөзсіз, үзілді-кесілді жеңіске жеткізетін ең жақын, ең төте жолды нұсқап, әрқашан бұқараның революциялық талапкерлігінің алдында жүріп отыруға тиіс. Революциядан қорыққандықтан, төте жолдан қорыққандықтан айналма, қисық, ымырашыл жолдарды ойлап шығаруды «освобождениешіл» буржуазияның оппортунистеріне-ақ берейік. Егер бізді осындай жолдармен салпақтауға еріксіз күштесе, онда біз күнделікті ұсақ жұмыста да өз борышымызды өтей аламыз. Бірақ жолды таңдау туралы мәселені әуелі аяусыз күрес шешсін. Егер біз бұқараның осы қажырлы жігері мен революциялық ынтасын төте, батыл жол үшін аянбай, шексіз беріліп күресуге пайдаланбасақ, онда біз революцияға опасыздық, сатқындық жасаушы болып шығамыз. Буржуазияның оппортунистері-ақ болашақ реакция туралы қоян жү-

ректікпен ойлай берсін. Реакцияның қорқынышты болатыны туралы ой да, буржуазияның жалтарып кететіні туралы ой да жұмысшыларды шошыта алмайды. Жұмысшылар келісім күтпейді, садақа сұрамайды, олар реакциялық күштерді аяусыз жаншытап тастауға, яғни *пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын* орнатуға ұмтылады.

Сөз жоқ, қанаушылардың жұмысшы табын азапқа салып, қан-сөлін жайлап сора беру болып табылатын либералдық прогрестің баяу «жүзуі» тұсындағыдан гөрі дауылды кезеңде біздің партияның кемесіне төнетін қатер көбірек болады. Сөз жоқ, революциялық-демократиялық диктатураның міндеттері «шеткері оппозиция» мен тек бір ғана парламенттік күрестің міндеттерінен мың есе қиын, мың есе күрделі. Бірақ кімде-кім қазіргі революциялық кезеңде тыныш жүзе беруді, қауіпсіз «оппозицияның» жолын көре-тұра артық деп санайтын болса,— онда ол адам бәрінен дұрысы социал-демократиялық жұмыстан уақытша кете тұрсын, мейрам өтіп, дағдылы тірлік қайта басталатып кезді, өзінің күнбекүнгі тар шеңберлі өлшемі мұншалық жиіркенішті сандырақ болмайтын, алдыңғы қатарлы таптың міндеттерін мұншалық масқара бұрмалау болып көрінбейтін кезді күтсін, революцияның соңын күтсін.

Бүкіл халықты, әсіресе шаруаларды бастай отырып — толық бостандық үшін, дәйекті демократиялық төңкеріс үшін, республика үшін күреселік! Барлық еңбекшілер мен қаналушыларға бас болып социализм үшін күреселік! Революцияшыл пролетариаттың саясаты іс жүзінде, міне, осындай болуға тиіс, әрбір тактикалық мәселенің шешілуін, жұмысшы партиясының революция кезіндегі әрбір практикалық адымын көрсетіп, анықтап отыратып таптық ұран, міне, осындай болуға тиіс.

СОҢҒЫ СӨЗ

ТАҒЫ ДА ОСВОБОЖДЕНИЕШІЛДІК, ТАҒЫ ДА ЖАҢА ИСКРАШЫЛДЫҚ

«Освобождениенің» 71—72-номерлері мен «Искраның» 102—103-номерлері біз кітапшамыздың 8-параграфын арнаған мәселе жөнінде жаңа, ерекше мол материал берді. Осы мол материалдың бәрін бұл арада пайдалануға ешбір мүмкіндік болмағандықтан, біз ең басты мәселеге: біріншіден, «Освобождениенің» социал-демократиядағы қандай «реализмді» асыра мақтап отырғанына және ол оны неліктен асыра мақтауға тиіс екеніне тоқталамыз; екіншіден, революция және диктатура деген ұғымдардың арақатынасына тоқталамыз.

I. БУРЖУАЗИЯШЫЛ-ЛИБЕРАЛ РЕАЛИСТЕР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ «РЕАЛИСТЕРДІ» НЕ ҮШІН МАҚТАЙДЫ?

«Орыс социал-демократиясындағы жік» және «Дұрыс пікірдің салтанаты» («Освобождениенің» 72-номері) деген мақалалар саналы пролетарлар үшін либерал буржуазия өкілдерінің социал-демократия туралы тамаша бағалы пікірі болып табылады. Социал-демократ атаулыға бұл мақалаларды түгел оқып танысуға, олардың ішіндегі әрбір сөйлемге *ой жүгіртуге* өте-мөте кеңес берудің керегі жоқ *. Біз ең алдымен екі мақаланың да басты-басты қағидаларын баяндап береміз:

* Осыдан кейін қолжазбада сызылып тасталған мынадай текст бар: «Социал-демократияның (оның қазіргі кездегі барлық дұшпандарының ішіндегі) ең қаскүнем, ең күшті (қазіргі қоғамдағы), ең ақылды дұш-

«Сырттан қарағанда,— дейді «Освобождение»,— социал-демократиялық партияны екі фракцияға бөлген алауыздықтың шын саяси мәнін аңғару едәуір қиын. Істің мүддесі үшін кейде ымыраға баруға болады деп білетін «азшылықтай» емес, «көпшіліктің» фракциясын неғұрлым батыл, неғұрлым біртоға фракция деп анықтау оншалықты дәл емес және, қалай болғанда да, толық сипаттама болып табылмайды. Қалай дегенмен де, маркстік ортодоксияның дәстүрлі догматтарын, Лениннің фракциясынан гөрі азшылықтың фракциясы, тегі, қаттырақ қорғаштайтын болар. Бізге мына төмендегі сипаттама дәлірек көрінеді. «Көпшіліктің» негізгі саяси пиғылы дерексіз революционизм, бүлікшілдік, халық бұқарасы арасында көтеріліс шығаруға, соның атынан дереу өкіметті басып алуға қандай жолдармен болса да тырысушылық болып табылады; мұның өзі белгілі дәрежеде «лениншілдерді» социалист-революционерлермен жақындастырады және олардың санасындағы тап күресі идеясын жалпы халықтық орыс революциясының идеясымен бүркейді; іс жүзінде социал-демократиялық доктринаның көптеген тар өрістілігінен безіп, «лениншілдер», екінші жағынан, түгелдей революционизмнің тар өрістілігіне ұрынады, дереу көтеріліс дайындаудан басқа қандай да болсын практикалық жұмыстан бас тартады, жария және жартылай жария үгіттің формаларының бәрін, басқа оппозициялық ағымдармен практикалық пайдалы ымыраға барудың барлық түрлерін принцип жүзінде елемейді. Керісінше, азшылық, марксизмнің догмасын мықтап ұстай отырып, сонымен бірге дүниеге маркстік көзқарастың реалистік элементтерін де сақтайды. Бұл фракцияның негізгі идеясы — «пролетариаттың» мүдделерін буржуазияның мүдделеріне қарсы қою. Бірақ, екінші жағынан, пролетариаттың күресін,— әрине, социал-демократияның мызғымайтын догматтары көрсететін белгілі шектерден асып кетпей,— реалистік тұрғыдан, бұл күрестің барлық нақты шарттары мен міндеттерін анық түсіне отырып дұрыс болжайды. Екі фракцияның екеуі де өздерінің негізгі көзқарастарын толық дәйектілікпен жүргізіп отырған жоқ, өйткені олар өздерінің идеялық-саяси істерінде социал-демократиялық катехизистің қатаң формулаларына — «лениншілдердің» тым болмаса кейбір социалист-революционерлердің үлгісі бойынша біртоға бүлікшілер болуына, ал «искрашылдардың» — жұмысшы табының шын саяси қозғалысының практикалық басшылары болуына кедергі жасайтын формулаларға байлаулы болып отырады».

«Освобождениенің» жазушысы осыдан кейін басты-басты қарарлардың мазмұнын келтіріп, олар жөніндегі кейбір нақты ескертпелерімен өзінің жалпы «ойларын» түсіндіреді. III съезбен салыстырғанда, «азшылықтың конференциясы қарулы көтеріліске мүлде басқаша қарайды», дейді ол. Уақытша үкімет туралы қарарлардың айырмасы «қарулы көтеріліс жөніндегі

пандарының пікірі социал-демократтардың өздерін саяси жағынан ағарту үшін нағыз баға жетпес материал болып табылады». *Ред.*

көзқараспен байланысты» болып отыр. «Жұмысшылардың кәсіпшілік одақтары жөніндегі көзқараста да нақ осындай алауыздық байқалады. «Ленинділдер» өздерінің қарарларында жұмысшы табын саяси жағынан тәрбиелеудің, ұйымдастырудың осындай аса маңызды негізі туралы тіпті ләм деп ауыз ашпады. Қайта, азшылық өте елеулі қарар шығарды». Либералдар жөнінде екі фракция да бір пікірде-міс, бірақ III съезд «либералдар жөніндегі көзқарас туралы II съезд қабылдаған Плехановтың қарарын сөзбе-сөз дерлік қайталайды және сол съезде қабылданған Староверiдің либералдарға неғұрлым игі ниеттегі қарарын қабылдамай тастайды». Съезд бен конференцияның шаруалар қозғалысы туралы қарарлары, жалпы алғанда біртектес болғанмен, ««көпшілік» помещиктердің, т. т. жерін революциялық жолмен конфискелеу идеясын неғұрлым баса айтады», ал «азшылық» демократиялық мемлекеттік және әкімшілік реформаларды талап етуді өз үгітіне негіз еткісі келеді.

Ақырында, «Освобождение» «Искраның» 100-номерінен бір меньшевиктік қарарды келтіреді, ол қарардың басты пунктінде былай делінген: «Қазіргі уақытта партия өміріне бұқараның жеткілікті қатысуын тек бір ғана астыртын жұмыс қамтамасыз етіп отыра алмайды және кейде бұқараның өзіп құпия ұйым ретіндегі партияға қарсы қоюға бастайды, сондықтан партия жұмысшылардың кәсіпшілік күресін жария негізде жүргізу ісін өз қолына алып, бұл күресті социал-демократиялық міндеттермен тығыз байланыстырып отыруы керек». Осы қарар жөнінде «Освобождение» былай деп лепіреді: «Біз бұл қарарды дұрыс пікірдің салтанаты ретінде, социал-демократиялық партияның белгілі бір бөлегінің тактика жағынан көзі ашылғандығы ретінде қызу құттықтаймыз».

Енді «Освобождениенің» барлық мәнді пікірлері оқушының көз алдында. Бұл пікірлерді объективтік шындыққа сәйкесу мағынасында дұрыс деп есептеу, әлбетте, зор қате болар еді. Бұл пікірлердегі қателерді қай социал-демократ болса да қадам басқан сайын оп-оңай аша алады. Бұл пікірлердің бәріне либерал буржуазияның мүдделері мен көзқарасы әбден сіңгенін, осы мағынада ол пікірлердің мүлде әділетсіз, сыңар жақ екенін ұмыту аңқаулық болар еді. Қисық айна нәрсені қалай бұзып көрсетсе, бұл пікірлер де социал-демократияның көзқарастарын солай көрсетіп отыр. Бірақ бұл буржуазиялық тұрғыдан бұрмаланған пікірлер, сайып келгенде, буржуазияның шын мүдделерін көрсететінін ұмыту одан да ірі қате болар еді; буржуазия, тап ретінде, өзіне, буржуазияға, социал-демократияның ішіндегі тенденциялардың қайсысы пайдалы, жақын, тектес, сүй-

кімді екенін, қайсысы зиянды, алыс, жат, сүйкімсіз екенін күмәнсыз дұрыс түсінеді. Буржуазияшыл философ немесе буржуазияшыл публицист социал-демократияны, меньшевиктік социал-демократияны да, большевиктік социал-демократияны да еш уақытта түсінбейді. Бірақ ол азды-көпті зейінді публицист болса, оны таптық түйсігі алдамайды, сондықтан ол социал-демократияның ішіндегі белгілі бір ағымның буржуазия үшін қандай маңызы бар екенін теріс көрсеткенімен, мәнін әрдайым дұрыс аңғарады. Сондықтан дұшпанымыздың таптық түйсігі, оның таптық пікірі әрбір саналы пролетардың қашан болса да елеулі көңіл бөлуін керек қылады.

Ал Россия буржуазиясының таптық түйсігі освобождениешілдердің сөздерімен бізге нені білдіріп отыр?

Ол, жаңа искрашылдықты реализмі үшін, ұстамдылығы үшін, дұрыс пікірінің салтанаты үшін, қарарларының байсалдылығы үшін, тактикалық жағынан көзінің ашықтығы үшін, практикашылдығы, т. т. үшін мақтап, оның тенденцияларына өзінің ризалығын мейлінше айқын білдіреді, ал III съезд өрісінің тарлығы үшін, революционизмі үшін, бүлікшілдігі үшін, іс жүзінде пайдалы ымыраға келуді теріске шығарғаны, т. т. үшін айыптап, оның тенденцияларына өзінің наразылығын мейлінше айқын білдіреді. Буржуазияның таптық түйсігі оған әдебиетімізде мейлінше дәл мағлұматтармен талай рет дәлелденген нәрсенің өзін сездіріп отыр, атап айтқанда: жаңа искрашылдар — қазіргі орыс социал-демократиясының оппортунистік қанаты екенін, ал олардың дұшпандары—революциялық қанаты екенін көрсетіп отыр. Либералдар оппортунистік қанаттың тенденцияларына тілектес болмай, революциялық қанаттың тенденцияларын айыптамай тұра алмайды. Либералдар, буржуазияның идеологтары болғандықтан, жұмысшы табының «практикашылдығы, ұстамдылығы, байсалдылығы», яғни оның қызметінің өрісін іс жүзінде капитализмнің, реформалардың, кәсіпшілік күрестің, т. т. шеңберінен асырмай тежеу буржуазияға тиімді екенін өте жақсы біледі. Пролетариаттың «революциялық тар өрістілігі» және оның өзінің таптық міндеттері үшін жалпы

халықтық орыс революциясында басшылық роль атқаруға тырысатындығы буржуазияға қауіпті әрі қорқынышты.

«Реализм» деген сөздің освобождениелік мағынасы былайша айтқанда, нақ осындай екені «Освобождение» мен Струве мырзаның осы сөзді бұрынғы қолдануынан да көрінеді. «Искраның» өзі де освобождениелік «реализмнің» *осындай* мағынасын мойындамай тұра алмады. Мысалы, «Искраның» 73—74-номерінің қосымшасындағы «Уақыт жетті!» деген мақаланы еске түсіріңіз. Бұл мақаланың авторы (Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының екінші съезінде «батпақтың» көзқарастарын дәйектілікпен білдірген кісі) «Акимов съезде оппортунизмнің шын өкілінен гөрі оның елесінің ролін атқарды» деп, өз пікірін тура білдірді. Ал «Искраның» редакциясы «Уақыт жетті!» деген мақаланың авторын дереу түзетуге мәжбүр болып, ескертуінде былай деді:

«Бұл пікірмен келісуге болмайды. Акимов жолдастың программалық көзқарастарында оппортунизмнің айқын ізі бар, мұны «Освобождениенің» сыншысы да оның соңғы номерлерінің бірінде мойындап отыр. Акимов жолдастың «реалистік» бағытқа,— ревизионистік бағытқа деп оқы,— қосылатынын атап айтып отыр» *.

Сөйтіп, освобождениелік «реализм», атап айтқанда, оппортунизмнен басқа түк те емес екенін «Искраның» өзі де жақсы біледі. «Либералдық реализмге» шабуыл жасап («Искраның» 102-номері), «Искра» реализмі үшін *оның өзін либералдардың* қалай *мақтағаны* жөнінде енді үндемей отырса, бұл үндемеуінің себебі — ондай мақтаудың қандай кінәлаудан болса да ащырақ болғандығынан. Мұндай мақтаулар («Освобождениенің» кездейсоқ айтылмаған, талай рет айтқан мақтаулары) либералдық реализм мен социал-демократиялық «реализм» (оппортунизм,— деп оқы) тенденцияларының — жаңа искрашылдардың бүкіл тактикалық позициясының

---

* Қолжазбада осыдан кейін: «(«Жарамсақ либерал» листогын салыстырыңыз, «Вперед» басып шығарған)» деген сөздер бар. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 75—78-беттер). *Ред.*

қателігінен олардың әрбір қарарында болатын тенденциялардың тектес екендігін іс жүзінде дәлелдейді.

Шынында, Россия буржуазиясы қазірдің өзінде-ақ өзінің «жалпы халықтық» революциядағы дәйексіздігі мен құлқыпшылдығын толығынан корсетті, көрсеткенде — Струве мырзаның пікірлерімен де, толып жатқан либерал газеттердің әуенімен және мазмұнымен де, толып жатқан земство қызметкерлерінің, толып жатқан интеллигенттердің, жалпы алғанда Трубецкой, Петрункевич, Родичев мырзаларды және К⁰ жақтайтындардың бәрінің саяси сөздерінің сипатымен де көрсетті. Бір жағынан, пролетариат пен «халық» *буржуазияның* революциясы үшін, зеңбірек жемі ретінде, самодержавиеге қарсы сойыл ретінде пайдалы екенін, бірақ, екінші жағынан, пролетариат пен революцияшыл шаруалар, «патша өкіметін үзілді-кесілді жеціп» шыққан күнде, демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізген күнде, буржуазия үшін адам айтқысыз қауіпті екенін буржуазия, әрине, әрқашан айқын түсіне бермесе де, жалпы және тұтас алғанда таптық түйсігі арқылы тамаша ұғады. Сондықтан буржуазия пролетариаттың революцияда «шағын» рольді қанағат тұтуына, оның ұстамдылау, практикашылдау, реалистеу болуына, оның қызметі «буржуазия жалтарып кетпесе игі еді» деген принципке бағынуына барлық күшін салып тырысады.

Жұмысшы қозғалысынан құтыла алмайтынын интеллигент буржуа жақсы біледі. Сондықтан олар жұмысшы қозғалысына, пролетариаттың таптық күресіне тіпті де қарсы шықпайды,— жоқ, олар, жұмысшы қозғалысы мен тап күресін брентанолық немесе гирш-дункерлік мағынада түсініп, стачка бостандығы алдында, мәдениетті тап күресі алдында тіпті барынша жарамсақтанады. Басқаша айтқанда, егер жұмысшылар тек «бүлікшілдіктен», «тар өрісті революционизмнен», «іс жүзінде пайдалы ымыраға келуге» қас болудан, «бүкіл халықтық орыс революциясына да» *өзінің* таптық күресінің ізін қалдыруды, пролетарлық дәйектіліктің, пролетарлық батылдықтың, «плебейлік якобинизмнің» ізін қалдыруды талап етуден, соған тырысудан бас тартатын болса, онда буржуа жұмысшыларға стачка жасау,

одақ құру бостандығын (іс жүзінде қазірдің өзінде-ақ жұмысшылардың өздері жеңіп алған дерлік бостандықты) «беруге» әбден әзір. Сондықтан бүкіл Россиядағы интеллигент буржуа барлық күшін салып, мыңдаған амалдар мен жолдар арқылы — кітаптар *, лекциялар, сөздер, әңгімелер, т. т. және т. с. арқылы — жұмысшыларды (буржуазиялық) ұстамдылықтың, (либералдық) практикашылдықтың, (оппортунистік) реализмнің, (брентанолық) тап күресінің, (гирш-дункерлік) кәсіпшілік одақтардың [47], т. с. идеяларына иландыруға тырысып отыр. Соңғы екі ұран «конституциялық-демократиялық» немесе «освобождениелік» партияның буржуйларына әсіресе қолайлы, өйткені бұл ұрандар сырттай маркстік ұрандармен үйлеседі, өйткені біраз үндемей қалып, аздап бұрмалап жіберсе, бұларды социал-демократиялық ұрандармен шатастыру, тіпті кейде социал-демократиялық ұрандар деу оп-оңай. Міне, мысалы, жария либералдық «Рассвет» [48] газетінің (ол туралы «Пролетарийдің» оқушыларымен қалай да болса толығырақ әңгімелесуге тырысамыз) тап күресі туралы, буржуазияның пролетариатты алдауы мүмкін екені туралы, жұмысшы қозғалысы туралы, пролетариаттың талапкерлігі туралы, т. т. және т. с. туралы «батыл» сөздерді жиі айтатыны сонша, зер сала қоймайтын оқушы және өресі төмен жұмысшы оның «социал-демократизмін» шын екен деп қалады. Ал шындығына келгенде мұнысы — социал-демократизмді буржуазиялық тұрғыдан бүркемелеу, тап күресі деген ұғымды оппортунистік бұрмалау және бұзу.

Бүкіл осы зор (бұқараға әсер ету көлемі жағынан) буржуазиялық бұрмалаудың негізінде жұмысшы қозғалысын көбінесе кәсіпшілік қозғалысына айналдыру, оны дербес саясаттан (яғни революциялық саясаттан және демократиялық диктатураға бағытталған саясаттан) аулағырақ ұстау, «жұмысшылардың санасындағы бүкіл халықтық орыс революциясының идеясын тап күресінің идеясымен тасалау» тенденциясы жатыр.

---

* Салыстырыңыз: *Прокопович:* «Россиядағы жұмысшы мәселесі».

Оқушының көріп отырғанындай, біз «Освобождениенің» тұжырымын басын аяғына келтіріп, керісінше қойдық. Бұл — пролетариаттың демократиялық революциядағы ролі жөніндегі екі көзқарасты, буржуазиялық көзқарас пен социал-демократиялық көзқарасты жақсы көрсететін өте тамаша тұжырым. Буржуазия пролетариатты бір ғана кәсіпшілік қозғалысқа жақындатқысы келеді, сөйтіп «оның сапасында бүкіл халықтық орыс революциясының идеясын *(брентанолық)* тап күресінің идеясымен тасалағысы» келеді,— бұл өзі жұмысшылардың сапасындағы саяси күрестің идеясын «таза жұмысшы» қозғалысының идеясымен тасалаған «Credo»-ның бернштейншіл авторларынан айнымайды. Ал социал-демократия, керісінше, пролетариаттың таптық күресін бүкіл халықтық орыс революциясында пролетариат басшы болып қатысатындай етіп дамытқысы келеді, яғни бұл революцияны пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасына дейін жеткізгісі келеді.

Буржуазия пролетариатқа былай дейді: біздегі революция — бүкіл халықтық революция. Сондықтан сен, ерекше тап ретінде, өзіңнің таптық күресіңмен шектелуің керек,— «дұрыс болып шығуы» үшін кәсіпшілік одақтарға және оларды жария етуге баса назар аударуың керек,— нақ осы кәсіпшілік одақтарын «өзіңнің саяси тәрбиеленуің мен ұйымдасуыңның аса маңызды бастама пункті» деп есептеуің керек,— революциялық кезеңде көбінесе жаңа искрашылдардың қарары тәрізді «байсалды» қарарлар жасауың керек,— «либералдарға неғұрлым игі ниеттегі» қарарларға мұқият қарауың керек,— «жұмысшы табының нақты саяси қозғалысының практикалық басшылары» болуға ыңғайы бар басшыларды құрметтеуің керек,— «дүниеге маркстік көзқарастың реалистік элементтерін» (егер сен, өкінішке қарай, осы «ғылыми емес» катехизистің «қатаң формулаларын» қазірдің өзінде жұқтырып алған болсаң) «сақтауың» керек.

Социал-демократия пролетариатқа былай дейді: біздегі революция — бүкіл халықтық революция. Сондықтан сен, ең алдыңғы қатарлы және бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап ретінде, революцияға барынша

жігерлі қатысуға ғана емес, сонымен бірге басшы болып қатысуға да тырысуың керек. Сондықтан сен тап күресінің тар мағынада, негізінен кәсіпшілік қозғалыс мағынасында ұғынылған шеңберінде тұйықталып қалмай, қайта, өзіңнің таптық күресіңнің өрісі мен мазмұнын кеңейтуге, кеңейткенде — қазіргі, демократиялық, бүкіл халықтық орыс революциясының *барлық* міндеттерін ғана емес, сонымен қатар болашақтағы социалистік революцияның міндеттерін де *қамтитындай* етіп кеңейтуге тырысуың керек. Сондықтан сен, кәсіпшілік қозғалысты елеусіз қалдырмай, жариялылықтың титтей де болсын кеңшілігін пайдаланудан бас тартпай, революция заманында, халықтың патша өкіметін толық жеңіп шығуының, демократиялық республика мен нағыз саяси бостандықты жеңіп алудың бірден-бір жолдары ретінде, қарулы көтеріліс жасау, революциялық армия мен революциялық үкімет құру міндеттерін алдыңғы қатарға шығаруың керек. Қарарларының, өз «бағытының» қателігінен жаңа искрашылдардың бұл мәселеде қандай жартыкеш, дәйексіз және, әлбетте, буржуазияға ұнамды позицияны ұстағаны туралы сөз қылмасақ та болады.

II. МАРТЫНОВ ЖОЛДАСТЫҢ МӘСЕЛЕНІ ЖАҢАДАН «ТЕРЕҢДЕТУІ»

Мартыновтың «Искраның» 102 және 103-номерлеріндегі мақалаларына көшелік. Мартыновтың Энгельс пен Маркстен алынған бірсыпыра цитаттарды біздің түсінуіміздің теріс, оның түсінуінің дұрыс екенін дәлелдемекші болған әрекетіне жауап бермей-ақ қоятынымыз өзінен-өзі түсінікті. Бұл әрекеттердің орынсыздығы сонша, Мартыновтың бұлталаққа салып отырғандығының анықтығы сонша, мәселенің айқындығы сонша, оған тағы да тоқталып жату қызықты болмас еді. Әсіресе, «Пролетарийдің» бір топ қызметкері әзірлеп жатқан Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті» деген кітапшасы мен Маркстің 1850 жылғы марттағы «Коммунистер одағы басқармасының үндеуі» деген кітапшасының [49] толық аудармасы шыққаннан кейін, әрбір ойлай білетін оқушының өзі-ақ Мартыновтың барлық бағытта шегі-

нуінің жеңіл қулығын оп-оңай аңғарады. Мартыновтың шегінуін оқушы айқын көретін болуы үшін оның мақаласынан бір цитат келтірудің өзі-ақ жеткілікті.

«Искра»,— дейді Мартынов 103-номерде,— «уақытша үкімет құруды революцияны дамытудың мүмкін және тиімді жолдарының бірі деп «таниды», ал, атап айтқанда, социалистік төңкеріс үшін болашақта мемлекет машинасын толық қолға алу мүдделерін көздеп, социал-демократтардың *буржуазиялық* уақытша үкіметке қатысуының орындылығын теріске шығарады». Басқаша айтқанда: «Искра» революциялық үкіметтің казначейлік пен банктер үшін жауаптылығы жөніндегі, «түрмені», т. с. оз қолына алудың қауіптілігі және мүмкін еместігі жөніндегі өзінің барлық қорқыныштарының өрескелдігін енді мойындап отыр. «Искра» демократиялық диктатура мен социалистік диктатураны шатастырып, тек бұрынғысынша былықтырумен жүр. Шегінудің бүркеніші ретінде мұндай былық болмай қоймайтын нәрсе.

Бірақ жаңа «Искраның» былықпайлары ішінде Мартынов 1-дәрежедегі былықпай,— егер талант деген сөзді осы арада қолдана алатын болсақ, талантты былықпай болып үздік шығып жүр. Мартынов өзінің мәселені «тереңдетемін» деп әуреленуі арқылы оны былықтырады да, әрдайым дерлік өз позициясының бүкіл жалғандығын мейлінше айқын көрсететін жаңа тұжырымдарды «ойлап шығарады». Мартыновтың «экономизм» заманында Плехановты қалай «тереңдеткенін» және «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» деген формуланы қалай ойлап шығарғанын еске түсіріңіздер. «Экономистердің» бүкіл әдебиетінде осы бағыттың бүкіл жалғандығының бұдан артық сәтті айтылғанын көрсету қиын. Қазірде де солай. Мартынов жанын салып жаңа «Искраға» қызмет етеді және сөз алған сайын әр уақытта дерлік жаңа искралық жалған позицияға баға беру үшін бізге жаңа әрі тамаша материалдар беріп отырады. Ол 102-номерде: Ленин «байқатпастан революция және диктатура деген ұғымдарды ауыстырып жіберді» дейді (3-бет, 2-бағана).

Жаңа искрашылдардың бізге таққан барлық айыптары, түпкі мәніне келгенде, осы айыпқа келіп тіреледі. Ал бізді осылай айыптағаны үшін Мартыновқа қалайша алғыс айтпассың! Айыптаудың осындай тұжырымын беріп, жаңа искрашылдықпен күресу ісінде ол бізге қандай баға жетпес қызмет істеп отыр! Дұрысы, «Пролетарийге» шабуыл жасауды «тереңдету» үшін және ол шабуылдарға «шын принциптік» тұжырымдар беру үшін Мартыновты бізге қарсы көбірек айдап салуын «Искра» редакциясынан сұрауымыз керек. Өйткені Мартынов неғұрлым принциптірек ойланбақ болып тырбанған сайын, әрекеті соғұрлым оңбай шығады және ол жаңа искрашылдықтың кеміс жерлерін соғұрлым анығырақ көрсетеді, өзіне және өз достарына пайдалы педагогикалық операцияны: reductio ad absurdum (жаңа «Искраның» принциптерін сандыраққа жеткізуді) соғұрлым сәтті жасайды.

«Вперед» пен «Пролетарий» революция және диктатура деген ұғымдарды «ауыстырып отыр». «Искра» мұндай «ауыстыруды» қаламайды. Нақ осылай, аса құрметті Мартынов жолдас! Сіз байқамай үлкен шындықты айтып салдыңыз. «Искра» революцияның соңында сүйретіліп келеді, революцияның міндеттерін освобождениеше тұжырымдап жаңылысып отыр деген, ал «Вперед» пен «Пролетарий» демократиялық революцияны алға бастайтын ұрандар беріп отыр деген біздің қағидамызды сіз *жаңа* тұжырымыңызбен дәлелдедіңіз.

Әлде бұл сізге түсініксіз бе, Мартынов жолдас? Мәселе маңызды болғандықтан, біз сізге тыңғылықты түсінік беруге тырысып көрелік.

Демократиялық революцияның буржуазиялық сипаты, былайша айтқанда, мынадан көрініп отыр: жеке меншік пен товар шаруашылығын мойындауды толық жақтайтын, осы шеңберден өздері шыға да алмайтын бірсыпыра қоғамдық таптар, топтар және жіктер самодержавие мен бүкіл крепостниктік құрылыс атаулының жарамсыз екенін лажсыз мойындап, бостандықты талап етуге қосылып отыр. Бұл ретте «қоғам» талап етіп отырған, помещиктер мен капиталистер ағыл-тегіл сөздер-

мен (тек қана сөздермен!) қорғап отырған *бұл* бостандықтың буржуазиялық сипаты барган сайын анықтала түсіп, сыртқа тебуде. Сонымен бірге бостандық жолындағы жұмысшы күресі мен буржуазия күресінің арасындағы, пролетарлық демократизм мен либералдық демократизмнің арасындағы түбірлі айырма да бірденбірге айқындалып келеді. Жұмысшы табы және оның саналы өкілдері алға ұмтылып, бұл күресті ілгері жылжытады, оны ақырына дейін жеткізуден қорықпайтыны былай тұрсын, қайта демократиялық революцияның ең алыс шетінен анагұрлым әрі асып кетуге тырысады. Буржуазия дәйексіз әрі құлқыншыл болғандықтан, бостандық ұрандарын тек жарым-жартылап қана, екіжүзділікпен қабылдайды. Бостандықтың буржуазиялық достарының бұл екіжүзділігі немесе, тілесеңіз, бостандықтың буржуазиялық достарының оны бұлай сатып кетуі басталатын шектерді ерекше сызықпен, ерекше жасалған (Староверідің немесе конференттердің қарарының пункттері тәрізді) «пункттермен» анықтауға жасалған әрекеттердің қандайы болсын сәтсіздікке ұшырамай қоймайды, өйткені екі оттың (самодержавие мен пролетариаттың) арасында қалған буржуазия кейде сәл солға, кейде сәл оңға қарай бейімделіп, үнемі саудаласып, делдалдық жасап, мыңдаған жолдар мен әдістер арқылы өзінің позициясы мен ұрандарын өзгертіп отыра алады. Пролетарлық демократизмнің міндеті мұндай жансыз «пункттерді» ойлап шығару емес, дамып келе жатқан саяси жагдайды тынбастан сынау, буржуазияның ылғи да жаңара берстін, күні бұрын болжауга болмайтын дәйексіздіктері мен опасыздықтарын әшкерелеу.

Струве мырзаның құпия әдебиеттегі саяси пікірлерінің тарихын, социал-демократияның оған қарсы күресінің тарихын еске түсіріңізші, сонда сіз бұл міндеттерді социал-демократияның, пролетарлық демократизмді қорғаушының, жүзеге асырып отырғанын айқын көресіз. Струве мырза істі «право және өктем земство» деген тап-таза шиповтық ұраннан бастады («Зарядағы» [50] менің «Земствоны қуушылар мен либерализмнің

Аннибалдары» * деген мақаламды қараңыз). Социал-демократия оны әшкерелеп, белгілі бір конституционалистік программаға қарай итермелеп отырды. Революциялық оқиғалардың ерекше жылдам өрістеуі арқасында бұл «итермелеу» әсер ете бастағанда, күрес демократизмнің *мына* мәселесіне: жалпы конституция ғана емес, дауыс жасырын берілетін, жалпыға бірдей, төте, тең сайлау правосы да сөзсіз керек деген мәселеге ауысты. «Жаудың» бұл жаңа позициясын да («Азаттық одағының» жалпыға бірдей сайлау правосын қабылдауы) «басып алған» соң, біз екі палаталы системаның екіжүзділігі мен жалғандығын, освобожданиешілдердің жалпыға бірдей сайлау правосын мойындауының толық еместігін көрсете отырып, олардың *монархизміндегі* олардың демократизмінің делдалдық сипатын немесе, басқаша айтқанда, ақшалы қапшықтың осы освобождениешіл батырларының орыстың ұлы революциясының мүддесін *саудаға салғанын* көрсете отырып, әрі қарай тықсыра бастадық.

Ақырында, самодержавиенің қасарыса қарсылық көрсетуі, азамат соғысының зор прогресі, монархистер Россияны душар еткен жағдайдың лажсыздығы тіпті ең енжар адамдардың да саңылауын аша бастады. Революция *фактіге* айнала бастады. Революцияны мойындау үшін енді революционер болудың керегі де жоқ еді. Самодержавиелік үкімет іс жүзінде жұрттың көз алдында азғындады, азғындап та барады. Жария баспасөзде бір либералдың (Гредескул мырзаның) тауып айтқанындай, бұл үкіметке іс жүзінде бой сұнбаушылық туды. Қанша күшті тәрізденсе де, самодержавие дәрменсіз болып шықты, өршіп келе жатқан революция оқиғалары осы тірілей шіруге айналған арам денені әншейін-ақ шетке итеріп тастай бастады. Өзінің қызметін (немесе, дұрысын айтқанда, саяси жалдаптығын) іс жүзінде қалыптасып келе жатқан қатынастардың негізінде құруға мәжбүр болған либерал буржуа *революцияны мойындау қажеттігін тани бастады*. Олар мұны революционер болғандығынан істеп отырған жоқ, революционер емес-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер. *Ред.*

тігіне қарамастан істеп отыр. Олар мұны, революцияның табыстарын ызасы қайнай көре отырып, келісімге баспайтын, өліспей беріспейтін күресті тілейтін самодержавиені революцияшыл деп кінәлай отырып, амалының жоқтығынан, еріксіз істеп отыр. Жаратылысынан саудагер болып туған бұлардың күрес пен революцияға жаны қас, бірақ жағдай оларды революция негізіне көшуге мәжбүр етіп отыр, өйткені табан тірер басқа негізі жоқ.

Біз аса өнегелі, аса күлкілі жағдайды көріп отырмыз. Буржуазиялық либерализмнің жәлептері революцияшыл болып көрінуге тырысуда. Освобождениешілдер — risum teneatis, amici! * — освобождениешілдер революция атынан сөйлей бастады! Освобождениешілдер «революциядан қорықпаймыз» деп сендіре бастады (Струве мырза «Освобождениенің» 72-номерінде)!!! Освобождениешілдер «революцияны басқарғысы» келетінін білдіріп отыр!!!

Бұл—тек буржуазиялық либерализмнің прогресін ғана емес, өзіп тапуға *мәжбүр еткен* революциялық қозғалыстың нақты табыстарының одан да гөрі зор прогресін сипаттайтын аса көрнекті құбылыс. Самодержавиенің шайқалғаны соншалық,— тіпті буржуазия да енді революция негізіне көшудің тиімдірек екенін сезе бастады. Бірақ, екінші жағынан, бүкіл қозғалыстың жаңа, жоғары дәрежеге көтерілгенін дәлелдейтін бұл құбылыс біздің алдымызға нақ сондай жаңа, нақ сондай жоғары міндеттер қояды. Буржуазияның белгілі бір идеологының қара басының ақ ниеттілігіне қарамастан, буржуазияның революцияны мойындауы адал мойындау бола алмайды. Буржуазия қозғалыстың осы жоғарғы сатысына да өзімен бірге құлқыншылдық пен дәйексіздікті, саудагерлік пен реакциялық ұсақ қулық-сұмдықтарды енгізбей тұра алмайды. Біз енді өзіміздің программамыз үшін және программамызды дамыту үшін революцияның таяудағы *нақты* міндеттерін *басқаша* тұжырымдауға тиіспіз. Кеше жеткілікті болған нәрсе, *бүгін жеткіліксіз.* Кеше алдыңғы қатардағы демократиялық ұран

* — күлмей тұра тұрыңдар, мырзалар!

есебінде революцияны мойындауды талап ету, мүмкін, жеткілікті болған шығар. Енді бұл аз. Революция тіпті Струве мырзаға да өзін ықтиярсыз танытты. Енді алдыңғы қатарлы таптан бұл революцияның кідіртуге болмайтын, көкейтесті міндеттерінің *нақты мазмұнын* дәл белгілеу талап етіліп отыр. Струве мырзалар, революцияны мойындай отырып, артынша-ақ өздерінің есек құлақтарын қайта-қайта көрсетіп қояды, бейбіт жол табу мүмкіндігі туралы, освобождениешіл мырзаларды *Николайдың* өкіметке шақыруы, т. т. және т. с. туралы ескі әуенге қайта басады. Освобождениешіл мырзалар революцияны мойындайды, мойындағанда революцияны өзіне қауіпсізірек етіп шебер жасыру үшін, оны сатып кету үшін мойындайды. Біздің ендігі ісіміз — пролетариат пен бүкіл халыққа революция деген ұранның жеткіліксіздігін көрсету, революцияның *нақты мазмұнын* ашық та дәл, дәйекті де үзілді-кесілді анықтаудың қажеттігін көрсету. Ал мұндай анықтау революцияның «үзілді-кесілді жеңіп шығуын» бірден-бір дұрыс көрсете алатын ұран, пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы деген ұран болып табылады [51].

Сөзге қиянат жасап қолдану — саясаттағы ең дағдылы нәрсе. Мысалы, өздерін «социалистерміз» деп ағылшын буржуазиялық либерализмін жақтаушылар да («қазір бәріміз де социалистерміз» — «We all are socialists now» деген Гаркорт), Бисмаркты жақтаушылар да, XIII Лев папаның достары да талай рет атаған. «Революция» деген сөз де қиянат жасауға әбден жарап жатыр, ал қозғалыс дамуының белгілі сатысында мұндай қиянат жасаушылық болмай қоймайды. Струве мырза революцияның атынан сөйлей бастағанда, біз Тьерді еріксіз есімізге түсірдік. Февраль революциясынан бірнеше күн бұрын, буржуазияның саяси сатылғыштығын айнытпай көрсететін осы жан түршігерлік ергежейлі халық дауылының жақындап қалғанын сезе қойды. Сондықтан ол парламент трибунасынан: мен *революция партиясының адамымын!* деп мәлімдеді (Маркстің «Франциядағы азамат соғысын» қараңыз) [52]. Освобождениешілдердің революция партиясы жағына өтуінің

саяси маңызы Тьердің осы «өтуімен» *бүтіндей ұқсас.* Орыс Тьерлері революция партиясының адамымыз дей бастағанда, мұның мәнісі — революция ұранының ешбір мағынасы жоқ, ешқандай міндетті анықтай алмайтын, жеткіліксіз ұран болғаны, өйткені революция фактіге айналды, революция жағына мейлінше әр текті элементтер жөңкіле жөнелді.

Шындығына келгенде, маркстік тұрғыдан алғанда революция дегеніміз не? Жаңа өндірістік қатынастарға қайшы келуі белгілі кезеңде өзінің күйреуін туғызған тозығы жеткен саяси қондырманың күшпен құлатылуы. Капиталистік Россияның бүкіл құрылысына, оның буржуазиялық-демократиялық дамуының барлық қажеттеріне самодержавиенің қайшылығы, осы қайшылық жасанды түрде неғұрлым ұзақ сақталған сайын, енді өзінің одан да гөрі күшті күйреуін туғызды. Қондырма тігіс-тігісінен жаппай қақырап, тегеурінге төтеп бере алмай, әлсіреп барады. Мейлінше әр түрлі таптар мен топтардың өкілдері болып, халықтың өзінің өзіне жаңа қондырма құрып алуына тура келіп отыр. Дамудың белгілі кезеңінде ескі қондырманың жарамсыздығы барша жұртқа айқын болады. Жұрттың бәрі де революцияны мойындап отыр. Ендігі міндет — жаңа қондырманы, атап айтқанда, *қандай* таптар, *атап айтқанда, қалай* құруға тиісті екенін анықтау. Мұндай анықтау болмайынша, революция деген ұран қазіргі кезеңде бос және мазмұнсыз ұран, өйткені самодержавиенің әлсіздігі ұлы князьдерді де, «Московские Ведомостиді» [53] де «революционер» етеді! Мұндай анықтау болмайынша, алдыңғы қатарлы таптың алдыңғы қатарлы демократиялық міндеттері туралы сөз болуы да мүмкін емес. Ал пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы деген ұран осындай анықтау болып табылады. Бұл ұран жаңа қондырманың жаңа «құрылысшылары» сүйенуге болатын, сүйенуге тиісті таптарды да, ол қондырманың сипатын да (социалистік диктатурадан айырмасы бар «демократиялық» диктатура), оны құру әдісін де (диктатура, яғни күшпен қарсылық көрсетудің күшпен жаныштaлуы, халықтың революцияшыл таптарының қаруланyуы) анықтап береді. Кімде-кім енді осы рево-

люциялық-демократиялық диктатура ұранын, революциялық армия, революциялық үкімет, революциялық шаруа комитеттері ұранын мойындамаса, ол әлде революцияның міндеттерінен түк түсінбейді, революцияның қазіргі кезеңде алға қойылып отырған жаңа және жоғары міндеттерін анықтай білмейді, ол әлде «революция» ұранына қиянат жасап, халықты алдайды, революцияны сатып кетеді.

Бірінші мысал — Мартынов жолдас пен оның достары. Екінші мысал — Струве мырза мен бүкіл «конституциялық-демократиялық» земство партиясы.

Мартынов жолдастың аңғаргыштығы, тапқырлығы сонша — ол революцияның дамуы революция міндеттерін диктатура ұраны арқылы анықтауды талап еткен кезде, дәл сол кезде, революция және диктатура ұғымдарын «ауыстырды» деп айып тағып шыга келді! Мартынов жолдас іс жүзінде тагы да сорлап, артта қалып қойды, енді бір басқыш қалғанда табандап тұрып алды, *освобождениешілдік дәрежесінде қалып қойды,* өйткені қазір «революцияны» (сөз жүзінде) мойындап, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасың (яғни іс жүзіндегі революцияны) мойындауды қаламаушылық нақ сол освобождениешілдік саяси позицияға, яғни либерал монархиялық буржуазияның мүдделеріне сай келеді. Либерал буржуазия қазіргі уақытта, Струве мырзаның айтуымен, революцияны жақтап отыр. Саналы пролетариат, революцияшыл социал-демократтардың айтуымен, пролетариат пен шаруалар диктатурасын талап етіп отыр. Ал осы арада жаңа «Искраның» данышпаны дауга араласа кетіп: революция мен диктатура деген ұғымдарды «ауыстырушы» болмаңдар! деп айқай салады. Мінеки, жаңа искрашылдар позициясының жалгандыгы оларды үнемі освобождениешілдердің соңында салпақтауға душар ететіні рас емес пе?

Біз освобождениешілдердің демократизмді мойындау ісінде басқыштан басқышқа көтеріліп келе жатқанын (социал-демократияның қолпаштай демеуінің әсері болмай қоймады) көрсеттік. Әуелде біздің олармен таласымызда мәселе былай қойылған: шиповтық па (праволар және өктем земство) немесе конституционализм бе?

Сонан соң, шек қойылған сайлау ма әлде жалпыға бірдей сайлау правосы ма? Одан кейін: революцияны тапу ма, әлде самодержавиемен делдалдық келісім жасау ма? Ақыр аяғында, енді: революцияны пролетариат пен шаруалар диктатурасынсыз тапу ма әлде демократиялық революцияда осы таптардың диктатурасын талап етуді мойындау ма? Освобождениешіл мырзалардың (қазіргілері болса да немесе олардың буржуазиялық демократияның сол қанатындағы мирасқорлары болса да, бәрі бір) тағы бір басқыш көтерілуі, яғни бір уақыттарда (мүмкін, Мартынов жолдас тағы бір басқыш көтерілген уақытта) диктатура ұранын да мойындауы мүмкін және ықтимал. Егер орыс революциясы ойдағыдай алға басып, үзілді-кесілді жеңіске жетсе, мұның өзі тіпті сөзсіз осылай болады да. Сол кезде социал-демократияның позициясы қандай болмақшы? Қазіргі революцияның толық жеңіп шығуы демократиялық төңкерістің ақыры, социалистік төңкеріс жолындағы шешуші күрестің басы болады. Қазіргі шаруалардың талаптарын жүзеге асыру, реакцияны толық тас-талқан ету, демократиялық республиканы орнату буржуазияның және тіпті ұсақ буржуазияның революцияшылдығының толық аяқталуы болады,—пролетариаттың социализм үшін нағыз күресінің басталуы болады. Демократиялық төңкеріс неғұрлым толығырақ болса, осы жаңа күрес соғұрлым тезірек, кеңірек, тазарақ, батылырақ өрістейді. «Демократиялық» диктатура ұраны қазіргі революцияның тарихи шектеулі сипатын да, жұмысшы табын қандай езгіден, қандай қанаудан болса да толық азат ету үшін жаңа тәртіптердің негізіндегі жаңа күрестің қажеттігін де көрсетеді. Басқаша айтқанда: демократиялық буржуазия немесе ұсақ буржуазия тағы бір басқыш көтерілген кезде, тек революция ғана емес, революцияның толық жеңісі де факт болған кезде,— сол уақытта біз (мүмкін, келешектегі жаңа Мартыновтар сұмдық байбалам салған кезде) демократиялық диктатура ұранын пролетариаттың социалистік диктатурасы, яғни толық социалистік төңкеріс ұранымен «ауыстырамыз».

III. ДИКТАТУРАНЫ ТҰРПАЙЫ-БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН СУРЕТТЕУ ЖӘНЕ МАРКСТІҢ ДИКТАТУРАҒА КӨЗҚАРАСЫ

Меринг 1848 жылғы «Жаңа Рейн Газетінен» алып бастырған Маркстің мақалаларына арнаған ескертулерінде буржуазиялық әдебиеттің бұл газетке, былайша айтқанда, мынадай кінә таққанын айтады. «Жаңа Рейн Газеті» «демократияны жүзеге асырудың бірден-бір құралы ретінде диктатураны дереу енгізуді» талап етіптіміс (Marx' Nachlass, III том, 53-бет)[54]. Тұрпайы буржуазиялық тұрғыдан қарағанда, диктатура деген ұғым мен демократия деген ұғым бірін-бірі жоққа шығарады. Таптар күресінің теориясын түсінбей, саяси майданда буржуазияның әр түрлі үйірмелері мен котерияларының ұсақ ұрыс-керістеріп коріп дағдылапғап буржуа диктатураны демократияның барлық бостандықтары мен кепілдіктерін жою, диктатордың жеке басының мүдделері үшін түрлі зорлық-зомбылық жасау, өкімет билігімен түрліше қиянат жасау деп түсінеді. Шынында, біздің Мартыновта да нақ осы тұрпайы-буржуазиялық көзқарас айқын көрінеді; ол жаңа «Искрадағы» өзінің «жаңа жорығының» қорытындысында «Вперед» пен «Пролетарийдің» диктатура деген ұранға құмарлығын Лениннің «бағын сынап көруге құмарлығынан» («Искра» № 103, 3-бет, 2-бағана) деп түсіндіреді. Бұл тамаша түсіндіру бүтіндей буржуазияның «Жаңа Рейн Газетін» диктатураны уағыздады деп кінәлауының дәрежесінде тұр. Революция және диктатура ұғымдарын «ауыстырды» деп, тегі, Маркстi де әшкерелеген болар — әшкерелеген тек «социал-демократтар» емес, буржуазиялық либералдар! Мартыновқа жеке адамның диктатурасынан айырмасы бар тап диктатурасы деген ұғымды және социалистік диктатурадан айырмасы бар демократиялық диктатураның міндеттерін түсіндіру үшін «Жаңа Рейн Газетінің» көзқарастарына тоқталу пайдасыз болмас.

«Жаңа Рейн Газеті» 1848 жылы 14 сентябрьде былай деп жазды: «Мемлекеттік уақытша құрылыстың қандайы болса да революциядан соң диктатураны, диктату-

ра болғанда жігерлі диктатураны керек қылады. Біз әуел бастан-ақ Кампгаузенді (1848 жылғы 18 марттан кейінгі министрліктің басшысын) диктаторша қимыл жасамадың деп, ескі мекемелердің қалдықтарын дереу тас-талқан етіп, аластамадың деп кінәладық. Кампгаузен мырза өзін конституциялық жалған үмітпен әлдилеп жүргенде, қираған партия (яғни реакция партиясы) бюрократия мен армияда өзінің позициясын нығайтып алды, тіпті біресе онда, біресе мұнда ашық күреске батыл шыға бастады» [55].

Бұл сөздерде Кампгаузеннің министрлігі туралы «Жаңа Рейн Газетінің» ұзақ мақалаларында толық дамытылған пәрселер қысқаша қағидамен қорытылып айтылған,— деп Меринг дұрыс айтады. Ал енді Маркстің бұл сөздері бізге нені айтып отыр? Революциялық уақытша үкімет диктаторша қимыл жасауға *тиіс* дейді (диктатура деген ұраннан ат-тонын ала қашатын «Искра» мүлде түсіне алмай-ақ қойған қағида);— бұл диктатураның міндеті ескі мекемелердің қалдықтарын құрту дейді (РСДРП III съезінің контрреволюцияға қарсы күрес туралы қарарында айқын көрсетілген, ал конференцияның қарарында, жоғарыда өзіміз көрсеткендей, айтылмай қалған нәрсе). Ақырында, үшіншіден, бұл сөздерден Маркс революция мен ашық азамат соғысы заманында «конституциялық жалған үмітке» салынғаны үшін буржуазиялық демократтарды соққылады деген қорытынды шығады. Бұл сөздердің мәнісі қандай екені «Жаңа Рейн Газетінің» 1848 жылғы 6 июньдегі мақаласында өте-мөте айқын көрінді. Маркс былай деп жазды: «Халықтың құрылтай жиналысы бәрінен бұрын белсенді, революциялық жағынан белсенді жиналыс болуға тиіс. Ал Франкфурт жиналысы парламентаризмге мектептегіше жаттығумен айналысып отыр және үкіметтің әрекет жасауына ерік беріп отыр. Бұл ғылыми жиын әбден толық талқылап болған соң ең жақсы күн тәртібі мен ең жақсы конституция жасап береді екен, делік. Егер осы уақытта неміс үкіметтері күн тәртібіне найзаны қойса, ең жақсы күн тәртібі мен ең жақсы конституциядан не мән шықпақшы?» [56].

Диктатура деген ұранның мағынасы міне осындай. «Құрылтай жиналысын ұйымдастыру керек деп шешім алуды» үзілді-кесілді жеңіс деп атайтын немесе «әсіре революциялық оппозиция партиясы болып қала беруге» шақыратын қарарларға Маркс қалай қарар еді, оны осыдан-ақ көруге болады!

Халықтар өміріндегі ұлы мәселелер тек күшпен ғана шешіледі. Әдетте реакциялық таптар алдымен өздері зорлыққа, азамат соғысына ұмтылады, «күн тәртібіне найзаны қояды»; орыс самодержавиесі осылай істеді, 9 январьдан бері ылғи әрі үнемі, қайда болса да және барлық жерде осылай істеп те келеді. Ал осындай жағдай туып отыр екен, саяси күн тәртібінің алдыңғы қатарына шынында да найза қойылған екен, көтеріліс қажетті және кезек күттірмейтін іске айналып отыр екен,— онда конституциялық жалған үміт пен парламентаризмге мектептегіше жаттығу буржуазияның революцияға сатқындық жасауының бүркеніші ғана болады, буржуазияның революциядан қалай «жалтарып кетуінің» бүркеніші ғана болады. Онда нағыз революцияшыл тап нақ диктатура ұранын көтеруге тиіс.

Бұл диктатураның міндеттері туралы мәселе жөнінде Маркс «Жаңа Рейн Газетінде» былай деп жазған-ды: «Ұлттық жиналыс заманы өткеп үкіметтердің реакциялық жымысқы әрекеттеріне қарсы диктаторша қимыл жасауға тиіс еді, сонда ол өзіне халық пікірімен мықты күш алар еді, ол күш найза атаулының бәрін қиратар еді... Ал бұл жиналыс неміс халқын өзімен ертіп әкетудің орнына немесе өзі соған еріп кетудің орнына, оны іш пыстыратын сөздермен жалықтырып отыр» [57]. Ұлттық жиналыс, Маркстің пікірінше, «халық самодержавиесінің принципіне қайшы келетін нәрселердің бәрін Германияның іс жүзінде өмір сүріп отырған құрылыс тәртібінен аластауға» тиіс еді, сонан соң «өзінің табан тіреп тұрған революциялық негізін нығайтуға, революция арқылы орнаған халық самодержавиесін шабуыл атаулының бәрінен қауіпсіздендіруге тиіс еді» [58].

Демек, Маркстің 1848 жылы революциялық үкіметке немесе диктатураға қойған міндеттері, өзінің мазмұны жағынан, бәрінен бұрын *демократиялық* төңкеріске ба-

рып тірелді; бұл міндеттер контрреволюциядан қорғау және халық самодержавиесіне қайшы келетіннің бәрін іс жүзінде құрту еді. Міне бұл — революциялық-демократиялық диктатура, басқа түк те емес.

Ал сонан кейін: бұл міндетті (халық самодержавиесінің принципін іс жүзінде ақырына дейін жүргізу және контрреволюцияның шабуылын тойтару міндетін), Маркстің пікірінше, қандай таптар жүзеге асыра алады және жүзеге асыруға тиіс еді? Маркс «халық» туралы айтады. Бірақ біз «халық» бірлігі туралы, халық ішінде тап күресінің жоқтығы туралы ұсақ буржуазиялық жалған үмітке қарсы Маркс әрқашан да аянбай күресіп келгенін білеміз. «Халық» деген сөзді қолданғанда, Маркс бұл сөзбен таптардың айырмасын бүркеген жоқ, қайта революцияны ақырына дейін жеткізе алатын белгілі бір элементтерді біріктіріп айтты.

Берлин пролетариатының 18 марттағы жеңісінен соң,— деп жазды «Жаңа Рейн Газеті»,— революцияның нәтижесі екі түрлі болып шықты: «Бір жағынан, халықтың қарулануы, одақтар правосы, іс жүзінде орнатылған халық самодержавиесі; екінші жағынан, монархияны сақтап қалу және Кампгаузен — Ганземанның министрлігі, яғни ірі буржуазия өкілдерінің үкіметі. Сөйтіп, революцияның, қандай да ажыраспай тұра алмайтын, екі түрлі нәтижесі болды. Халық жеңді; ол нағыз демократиялық сипатты бостандықты жеңіп алды, бірақ тікелей үстемдік оның қолына емес, ірі буржуазияның қолына көшті. Бір сөзбен айтқанда, революция ақырына дейін жеткізілмеді. Халық министрлік құру ісін ірі буржуазия өкілдерінің қолына берді, ал осы ірі буржуазияның өкілдері ескі пруссиялық дворяндар мен бюрократияға одақтасуды ұсынды, сөйтіп өздерінің нені көздейтінін сол бойда дәлелдеді. Министрлікке Арним, Канитц, Шверин келіп отырды.

Әуел бастан антиреволюциялық ірі буржуазия халықтан, яғни жұмысшылар мен демократиялық буржуазиядан қорқып, реакциямен бірге қорғану және шабуылға көшу жөнінде одақ жасады» (курсив біздікі) [59].

Сонымен, «құрылтай жиналысын ұйымдастыруға шешім алу» былай тұрсын, тіпті ол жиналыстың шынында

шақырылуы да революцияның үзілді-кесілді жеңуі үшін әлі жеткіліксіз! Тіпті қарулы күресте ішінара жеңгеннен кейін де (Берлин жұмысшыларының 1848 жылы 18 мартта әскерді жеңуі) «бітпей қалған», «ақырына дейін жеткізілмеген» революцияның болуы мүмкін. Ал революцияның ақырына дейін жеткізілуі неге байланысты? Тікелей үстемдіктің кімнің қолына көшетініне: Петрункевичтер мен Родичевтердің, яғни Кампгаузендер мен Ганземандардың қолына көше ме, әлде *халықтың*, яғни жұмысшылар мен демократияшыл буржуазияның қолына көше ме,— міне, осыған байланысты. Бірінші жағдайда буржуазия өкіметке ие болады, ал пролетариат — «сын еркіндігіне», «әсіре революциялық оппозиция партиясы болып қала беру» еркіндігіне ие болады. Буржуазия жеңістен кейін сол бойда-ақ реакциямен одақ жасайды (егер, мысалы, Петербург жұмысшылары көшеде әскерлермен соғысқанда ішінара жеңіске жетіп, үкімет құру ісін Петрункевич мырзалар мен К^0-ның қолына берсе, Россияда да дәл солай болар еді). Екінші жағдайда революциялық-демократиялық диктатураның болуы, яғни революцияның толық жеңіп шығуы мүмкін болар еді.

Маркс «демократиялық буржуазия» (demokratische Bürgerschaft) дегенді жұмысшылармен бірге қосып, ірі буржуазияға қарсы қойып, халық деп атағанда нені айтты?— енді соны дәлірек айқындау керек болады.

Бұл сұраққа «Жаңа Рейн Газетінің» 1848 жылғы 29 июльдегі мақаласының мына жері айқын жауап береді: «... 1848 жылғы неміс революциясы — 1789 жылғы француз революциясының тек пародиясы ғана.

1789 жылы 4 августа, Бастилияны алғаннан кейін үш апта өткен соң, француз халқы феодалдық міндеткерліктің бәрін бір күнде жойды.

1848 жылы 11 июльде, март баррикадаларынан кейін төрт ай өткен соң, феодалдық міндеткерлік неміс халқын жеңді. Teste Gierke cum Hansemanno *.

---

* «Куәлар: Ганземан мырзамен бірге Гирке мырза». Ганземан — ірі буржуазия партиясының министрі (орысша: Трубецкой немесе Родичев, т. с.). Гирке — Ганземан министрлігіндегі егіншілік министрі; ол «феодалдық кіріптарлықты» бейне бір «төлемсіз» «құртудың», ал іс жүзінде ұсақ, мардымсыз кіріптарлықты құртып, өте-мөте көрнекті

1789 жылғы француз буржуазиясы өзінің одақтастарын, шаруаларды бір минут та тастаған жоқ. Ол деревняда феодализмді құрту, (grundbesitzenden) еркін жер иеленуші шаруалар табын құру өз үстемдігінің негізі екенін білді.

1848 жылғы неміс буржуазиясы шаруаларды, бұларсыз дворяндарға қарсы тұруға шамасы келмейтін, өзімен қаны-тегі бір нағыз табиғи одақтастарын ешбір ұялмай-қызармай сатып кетті.

Феодалдық праволарды сақтап қалу, оларды (жалған үмітпен) құнын төлеп сатып алуға рұқсат беру — 1848 жылғы неміс революциясының нәтижесі осындай. Тау толғатып, тышқан туды» [60].

Бұл бізге өте маңызды төрт қағида беріп отырған аса ұлағатты жері: 1) Аяқталмаған неміс революциясының аяқталған француз революциясынан айырмасы — буржуазия жалпы алғанда тек демократизмге ғана емес, жеке алғанда шаруаларға да опасыздық істеді. 2) Демократиялық төңкерісті толық жүзеге асырудың негізі еркін шаруалар табын құру болып табылады. 3) Мұндай тапты құру дегеніміз — феодалдық міндеткерлікті құрту, феодализмді қирату; ол әлі тіпті де социалистік төңкеріс емес. 4) Шаруалар — буржуазияның, атап айтқанда, демократиялық буржуазияның «нағыз табиғи» одақтасы, буржуазия оларсыз реакцияға қарсы күресте «дәрменсіз» болып шығады.

Нақты ұлттық ерекшеліктерді тиісінше өзгерткенде, феодализмнің орнына крепостниктік тәртіпті қойғанда, бұл қағидалардың бәрін 1905 жылғы Россияға да тұтасынан қолдануға болады. Күмән жоқ, Германияның Маркс көрсеткен тәжірибесінен сабақ ала отырып, біз революцияның үзілді-кесілді жеңіп шығуы жөнінде: пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы деген ұраннан басқа ешбір ұранға тоқтай алмаймыз. Күмән жоқ, қарсыласқан реакция мен сатқын буржуазияға 1848 жылы Маркс қарсы қой-

кіріптарлықты сақтаудың немесе оған ақы төлеудің жобасын, «батыл» жобасын жасаған Гирке мырза — орыстың Каблуковтары, Мануиловтары, Герценштейндері, тағы солар сияқты «шаруаның жер иелігін кеңіткісі» келетін, бірақ помещиктерді ренжіткісі келмейтін мужиктің буржуазияшыл-либерал достары тәрізді.

ған «халықтың» басты-басты құрамды бөлімдері — пролетариат пен шаруалар. Күмән жоқ, біздің Россияда да либерал буржуазия мен освобождениешіл мырзалар шаруаларды сатып жіберіп отыр, сатып жібереді де, яғни жалған реформамен құтылады, помещиктер мен шаруалардың арасындағы үзілді-кесілді күресте помещиктер жағына шығады. Бұл күресте тек пролетариат қана шаруаларды ақырына дейін қолдай алады. Ақырында, біздің Россияда да шаруалар күресінің табысты болуы, яғни бүкіл жердің шаруалардың қолына көшуі, ақырына дейін жеткізілген революцияның әлеуметтік тірегі болуымен қатар, толық демократиялық төңкеріс болатындығын көрсететінінде де, бірақ ол әлі социалистік төңкеріс емес және ұсақ буржуазияның идеологтары, социалист-революционерлер айтып жүрген «социализация» емес екенінде де күмән жоқ. Шаруалар көтерілісінің табысты болуы, демократиялық революцияның жеңуі демократиялық республика негізінде социализм жолындағы шын, үзілді-кесілді күреске тек қана жол ашады. Шаруалар, жер иеленуші тап ретінде, бұл күресте, буржуазияның демократия жолындағы күресте қазір атқарып отырған ролі сияқты, сатқындық, тұрақсыз роль атқарады. Мұны ұмыту — социализмді ұмыту, пролетариаттың шын мүдделері мен мақсаттары жөнінде өзіңді де, басқаларды да алдау деген сөз.

Маркстің 1848 жылғы көзқарастарын суреттеуде кемкетік қалдырмау үшін, сол кездегі неміс социал-демократиясының (немесе, сол кездегі сөздермен айтқанда, пролетариаттың коммунистік партиясының) осы кездегі орыс социал-демократиясынан мәнді бір айырмасын атап өту керек. Сөзді Мерингке берелік:

««Жаңа Рейн Газеті» саяси майданға «демократия органы» ретінде шықты. Ол газеттің барлық мақалаларын қамтитын негізгі өзекті көрмеуге болмайды. Бірақ газет тікелей буржуазияның мүдделеріне қарсы пролетариаттың мүдделерін қорғаудан гөрі, абсолютизм мен феодализмге қарсы буржуазиялық революцияның мүдделерін көбірек қорғады. Бұл газетпен қатар, Молль мен Шаппердің редакциясымен, Кёльн жұмысшы одағының ерекше органының [61] аптасына екі рет шығып тұрғанын

ұмытпау керек болса да, «Жаңа Рейн Газетінің» беттерінен революция кезіндегі ерекше жұмысшы қозғалысы туралы материалды аз табасыз. Қайткен күнде де, «Жаңа Рейн Газеті» сол кездегі неміс жұмысшы қозғалысына, оның ең қабілетті қайраткері Стефан Борн Париж бен Брюссельде Маркс пен Энгельстен тәлім алып, 1848 жылы осылардың газетіне Берлиннен хабар жазып тұрса да, аз көңіл бөлгені қазіргі оқушыларға айқын көрінеді. Борн өзінің «Естеліктерінде» Маркс пен Энгельс мұның жұмысшылар арасында жүргізген үгітін ұнатпайтыны жөнінде ешуақытта бір ауыз сөз айтпағанын әңгімелейді. Бірақ олар, ең кемінде, бұл үгіттің тәсілдеріне наразы болды деп жорамалдауға Энгельстің соңғы кездегі сөздері мүмкіндік беріп отыр. Маркс пен Энгельстің наразылығы мына мағынада орынды еді: Борн пролетариаттың Германияның көп жерінде әлі мүлде есейіп жетпеген таптық санасына көп кеңшілік жасауға, «Коммунистік Манифестің» тұрғысынан қарағанда сын көтермейтін кеңшіліктер жасауға мәжбүр болды. Олардың наразылығы мына мағынада орынсыз еді: Борн өзі басқарған үгітті қалайда бір шама биік дәрежеде ұстай білді... Күмән жоқ, жұмысшы табының ең маңызды мүддесі бәрінен бұрын буржуазиялық революцияға мүмкін қадарынша көбірек түрткі салу деп білген Маркс пен Энгельстің пікірлері тарихи жағынан да, саяси жағынан да дұрыс еді... Бұған қарамастан, жұмысшы қозғалысының жай түйсігінің өзі нағыз данышпан ойшылдардың да концепцияларын түзете білетінін тамаша дәлелдейтін жағдай 1849 жылдың апрелінде бұлардың ерекше жұмысшы ұйымын жақтап шыққандығы және әсіресе Ост-Эльба (шығыс Пруссия) пролетариаты дайындаған жұмысшылар съезіне қатыспақ болып ұйғарғандығы» [62].

Сонымен, тек 1849 жылдың апрелінде, революциялық газеттің шыққанына бір жылға жақындағанда ғана («Жаңа Рейн Газеті» 1848 жылдың 1 июнінен шыға бастады) Маркс пен Энгельс ерекше жұмысшы ұйымын жақтап шықты! Бұған дейін олар дербес жұмысшы партиясымен ұйымдық жағынан ешбір байланысы жоқ

тек «демократия органын» басқарды! Бұл жағдай — біздің қазіргі кездегі көзқарасымызша ғажап, таңқаларлық жағдай — бізге сол кездегі неміс социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен осы кездегі орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясының арасында қандай зор айырма болғанын айқын көрсетеді. Бұл жағдай бізге неміс демократиялық революциясында қозғалыстың пролетарлық белгілерінің, қозғалыстағы пролетарлық ағынның (Германияның экономика жөнінен де, саясат жөнінен де 1848 ж. артта қалғандығы — мемлекеттік бытыраңқылығы салдарынан) қаншалық аз білінгенін көрсетеді. Маркстің, сол замандағы және біраз кейініректегі, пролетариат партиясының дербес ұйымы болуы қажеттігі туралы толып жатқан сөздеріне баға берерде мұны ұмытпау керек (мысалы, Плехановтың ұмытып жүргені сияқты *). Маркс тек демократиялық революцияның тәжірибесінен ғана, бір жылдай өткен соң, іс жүзінде осы қорытындыны шығарды: ол кезде Германиядағы бүкіл жағдай соншалық мещандық, ұсақ буржуазиялық жағдай еді. Біз үшін бұл қорытынды — халықаралық социал-демократияның жарты ғасыр бойындағы тәжірибесінің әлдеқашанғы берік табысы,— біз Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын ұйымдастыру ісін осы табыстан *бастадық*. Бізде, мысалы, пролетариаттың революциялық газеттерінің пролетариаттың социал-демократиялық партиясынан тысқары болуы туралы, олардың тіпті бір минут болса да «демократия органы» ретінде ғана шыға алуы туралы сөз де болуы мүмкін емес.

Бірақ біздің: революцияның демократиялық тасқынындағы пролетарлық ағын неғұрлым күштірек болған сайын, Маркс пен Стефан Борнның арасындағы әрең біліне бастаған қарама-қарсылық бізде соғұрлым дамыған түрде болып отыр. Стефан Борнның үгітіне Маркс пен Энгельстің ықтимал наразылығы туралы айтқанда, Меринг тым жұмсақ және жалтақ сөйлейді. Энгельс 1885 жылы Борн туралы («Enthüllungen über den Kommun-

* Жақша ішіндегі текст басылып шыққан басылымдарда алынып тасталған. *Ред.*

istenprozeß zu Köln». Zürich. 1885*. деген кітапқа арналған алғы сөзде) былай деп жазды:

Коммунистер Одағының [63] мүшелері, Одақ революциялық істің тамаша мектебі болғанын дәлелдеп, барлық жерде барып тұрған демократиялық қозғалыстың басында болып отырды. «Брюссель мен Парижде Одақтың жігерлі мүшесі болған әріп теруші Стефан Борн Берлинде «жұмысшы бауырластығын» («Arbeiterverbrüderung») ұйымдастырды, бұл ұйым едәуір тамырын жайып, 1850 жылға дейін өмір сүрді. Жас та болса талапты Борн, алайда, саяси қайраткер есебінде көрінуге өте асығыстық жасады. Өз төңірегіне әйтеуір топ жинап алу үшін ол әр түрлі пағыз қағылған-соғылғандармен (Kreti und Plethi) «бауырласты». Ол тіпті де қарама-қарсы талаптарға бірлік енгізе алатын, былықты ажырата алатын адам емес еді. Сондықтан оның бауырластығының ресми жария сөздерінде теріс түсінік және «Коммунистік Манифестің» козқарастарын цехтық естеліктермен және тілектермен, Луи Блан мен Прудон көзқарастарының үзінділерімен, протекционизмді қорғаумен және т. б. шатастырушылық үнемі кездесіп отырды,— қысқасы, бұл адамдар бәріне де жақсы көрінуге тырысты (Allen alles sein). *Олар көбінесе стачкалар жасаумен, кәсіпшілік одақтар ұйымдастырумен, өндіргіш серіктіктер құрумен шұғылданды, сөйтіп міндеттің ең алдымен саяси жеңіс арқылы әуелі* осындай заттар берік, сенімді түрде жүзеге асырыла алатын *майдан жеңіп алуда екенін ұмытып отырды* (курсив біздікі). Сонымен, реакцияның табыстары бұл бауырластықтың басшыларына революциялық күреске тура қатысудың қажеттігін сезуге мәжбүр еткен кезде, міне осы кезде, әрине, олардың төңірегіне топталған қараңғы бұқара оларды тастап кетті. Борн 1849 жылғы майдағы Дрезден көтерілісіне қатысып, одан әлдеқалай аман қалды. Ал жұмысшы бауырластығы бөлекше одақ есебінде, пролетариаттың ұлы саяси қозғалысынан аулақ тұрды, ол көбінесе қағаз жүзінде өмір сүрді және оның екінші дәрежелі роль атқарғандығы соншалық — реак-

*— «Кёльндегі коммунистер процесі туралы әшкерелеулер». Цюрих, 1885. *Ред.*

ция оны тек 1850 жылы ғана, ал оның филиалдық бөлімшелерін — көп жылдан кейін ғана жабуды керек деп тапты. Борн (шын фамилиясы Buttermilch) * ірі саяси қайраткер бола алмай, кішкене ғана швейцарлық профессор болып қалды, қазір ол цехтық тілге Марксті аударып жатқан жоқ, өзінің тәтті неміс тіліне ақпейіл Ренанды аударып жатыр» [65].

Энгельс социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасын міне осылай бағалады!

Біздің жаңа искрашылдар да орынсыз тыраштанып, «экономизмге» қарай жанын сала ыңғайланып, өзінің «ақ-қараны айыра білгені» үшін монархиялық буржуазияның мадағына лайықты болып отыр. Бұлар да, «экономистерге» жағынып, «талапкерлік», «демократизм», «автономия», т. т. және т. с. ұрандар арқылы көптірме сөзбен қараңғы бұқараны тартып, өз маңына әртекті адамдарды жинап жатыр. Бұлардың жұмысшы одақтары да көбінесе хлестаковтық жаңа «Искраның» бетінде ғана өмір сүріп отыр. Бұлардың ұрандары мен қарарлары да «пролетариаттың ұлы саяси қозғалысының» міндеттерін тап осындай ұғынбаушылықты көрсетеді.

---

* Энгельсті аударғанда, мен кітаптың бірінші басылымында Buttermilch (ашыған сүт. *Ред.)* деген сөзді кісінің шын аты деп түсінбей, жалған аты деп түсініп, сол жерде қате жібердім. Бұл қатеге меньшевиктер, әрине, тамаша мәз-мейрам болып қалды. Кольцов мен туралы «Энгельсті тереңдетті» деп жазды («Екі жыл ішінде» деген жинақта көшіріліп басылды), Плеханов бұл қатені қазірдің өзінде де «Товарищте» [64] еске түсіріп қоянды,— бір сөзбен айтқанда, Германиядағы 1848 жылғы *жұмысшы қозғалысындағы екі тенденция туралы мәселені*, Борнның тенденциясы (біздің «экономистер» тәрізді) мен марксгік тенденция туралы мәселені *бүркемелеуге жақсы сылтау* табылып қалды. Оппоненттің қатесін, Борнның фамилиясы туралы мәселе жөніндегі қатесін болса да, пайдалану әбден табиғи нәрсе. Бірақ аудармаға түзету енгізу арқылы екі тактика туралы мәселенің мәнін бүркемелеу — шынына келгенде таластан бас тарту деген сөз. (Автордың 1907 жылғы басылымына ескертуі. *Ред.)*

А. В. ЛУНАЧАРСКИЙДІҢ «ПАРИЖ КОММУНАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДИКТАТУРАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ [66]

Бұл анықтама бізді, ең алдымен, социалистік пролетариат өкілдерінің ұсақ буржуазиямен бірге революциялық үкіметке қатысуына принцип жағынан әбден болады, ал белгілі бір жағдайларда тура міндетті деп үйретеді. Одан әрі бұл анықтама бізге Коммунаның іске асыруына тура келген нақты міндет ең алдымен социалистік диктатураны емес, демократиялық диктатураны жүзеге асыру, біздің «программа-минимумды» жүргізу болғандығын көрсетеді. Ақырында, бұл анықтама бізге Париж Коммунасынан өзіміз үшін сабақ алып, біз оның қателеріне еліктемей (француз банкін алмады, Версальға шабуыл жасамады, айқын программасы болмады, т. т.), қайта оның дұрыс жолды белгілейтін практикалық сәтті қадамдарына еліктеуге тиіс екенімізді еске салады. Біз 1871 жылдың ұлы күрескерлерімен «коммуна» деген сөзді алуға, олардың әрбір ұранын бет алды қайталай беруге тиіс емеспіз, Россиядағы істің жайына сай келетін және пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы деген сөздермен тұжырымдалатын программалық, практикалық ұрандарды айқын ажырата ала білуге тиіспіз.

«Пролетарий» № 8,
17 (4) июль, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯ ҮЙРЕТЕДІ [67]

Саяси партиялар ішіндегі және саяси партиялар арасындағы алауыздықтар әдетте тек принципті айтыстар арқылы ғана шешілмейді, саяси өмірдің өзінің дамуы арқылы да шешіледі, бәлкім, керек десеңіз, біріншісінен гөрі, екіншісі арқылы шешіледі деген дұрысырақ болар. Әсіресе партияның тактикасына, яғни оның саяси құлқына қатысты алауыздықтар теріс ойлайтындардың өмір сабақтарының ықпалы арқылы, оқиғалар барысының қысымы арқылы іс жүзінде күрестің дұрыс жолына көшуімен бітеді, ал оқиғалардың барысы дұрыс жолға түсуге мәжбүр етеді, қате пікірлерді жай ғана ысырып тастайды, бұл пікірлерге негіз қалдырмайды, оларды мазмұнынан айырып, құрытып бітіреді, ешкімге қызықсыз етеді. Бұл, әрине, тактика мәселелері жөніндегі принциптік алауыздықтардың елеулі мәні болмасын деген, партияны оның теориялық сенімдері дәрежесінде ұстаудың бірден-бір жолы—мәселеге принциптік түсініктер беруді талап етпесін деген сөз емес. Жоқ. Бұл күні бұрын қабылданған тактикалық шешімдерді жаңа саяси оқиғалардың негізінде мүмкіндігінше жиі *тексеріп тұру* қажет деген сөз ғана. Мұндай тексеру теория жағынан да, практика жағынан да қажет: теория жағынан қажет дейтініміз, алынған шешімдер дұрыс па және нақ қаншалықты дұрыс екендігіне, бұл шешімдерден кейінгі саяси оқиғалар оларға қандай түзетулер енгізуге мәжбүр ететіндігіне іс жүзінде, тәжірибеде көз жеткізу үшін керек;— практика жағынан қажет дейтініміз, осы шешімдерді шын басшылыққа алу-

ға үйрену үшін, оларды іс жүзінде тікелей, дереу қолдануға жататын директивалар деп қарауға үйрену үшін керек.

Саяси дамудың орасан тездігі, орши түсіп, ашылып және шешіліп жататын саяси қақтығыстардың күштілігі арқасында бұлайша тексеріп алу үшін керекті материалды басқа заманның қайсысынан болсын революциялық заман көбірек береді. Ескі «қондырма» революциялық заманда қирайды, ал жаңа қондырма өзінің шын жаратылысын іс үстінде көрсететін алуан түрлі әлеуметтік күштердің талапкерлігімен барша жұрттың көз алдында құрылады.

Орыс революциясы да күні бұрын белгілеген тактикалық шешімдерімізді тексеру үшін және бүкіл практикалық ісіміз жөнінен нағыз ғибратты сабақ алуымыз үшін бізге апта сайын дерлік ғажап мол саяси материал беріп отыр. Одесса оқиғаларын алыңыз. Көтеріліс жасау әрекеттерінің бірі сәтсіздікпен бітті. Революциялық армия отрядтарының бірі жеңіліске ұшырады, рас, жау оны құрыта алған жоқ, бірақ бейтарап территорияға ығыстырып тастады да (1870—1871 жылғы соғыста француздың бір армиясын немістердің Швейцарияға ығыстырып тастағаны сияқты), бейтарап мемлекет қарусыздандырды. Күйінішті сәтсіздік, ауыр жеңіліс. Бірақ күрестегі бұл сәтсіздікті саудагерлікке салынудағы Шиповтар, Трубецкойлар, Петрункевичтер, Струве сияқты мырзалардың және патшаның бүкіл осы буржуазиялық малайларының бастарына үйіп-төгілген сәтсіздіктен қандай тұңғиық болып тұр десеңізші! Энгельс бір ретінде: талқандалған армиялар тамаша үйреніп шығады [68] деген болатын. Осы тамаша сөздерді қайсыбір ұлттың армиясынан гөрі, алдыңғы қатарлы таптардың өкілдерімен толықтырылып отыратын революциялық армиялар жөнінде анағұрлым орынды қолдануға болады. Өзінің іріп-шіруін бүкіл халыққа жұқтыратын ескі, шіріген қондырманы қашан құлатып тастағанша,— соған дейін жаңа жеңілістің қайсысы болсын күрескерлердің жаңа армияларын үсті-үстіне туғызып, оларды қозғалысқа тартады, өз жолдастарының тәжірибесімен олардың көзін ашады, оларды күрестің жаңа және ең шебер

тәсілдеріне үйретеді. Әрине, халықаралық демократия мен халықаралық социал-демократия тарихында із қалдырған, революциялық ой-пікірдің алдыңғы қатарлы өкілдері баянды еткен адамзаттың мұнан басқа да анағұрлым кең коллективтік тәжірибесі тағы бар. Біздің партия күнделікті насихат пен үгітке керекті материалды осы тәжірибеден алып отырады. Бірақ әзірге қоғам миллиондаған еңбекшілерді езуге және қанауға негізделіп отырғанда, тікелей бұл тәжірибеден тек азын-аулақ адамдар ғана үйрене алады. Әрбір сабақтың, азаттық жолындағы әрбір жаңа сатының өтеуіне ауыр құрбандықтар жасай отырып, бұқараға көбінесе өз тәжірибесінен үйренуіне тура келеді. 9-январьдың сабағы ауыр болды, бірақ ол бүкіл Россияның барлық пролетариатының пиғылын революцияландырды. Одесса көтерілісінің сабағы ауыр болды, ол революцияшылданған пиғылдың негізінде енді революцияшыл пролетариатты күресуге үйрететінін былай тұрсын, тіпті жеңуге де үйретеді. Одесса оқиғалары жөнінде біз былай дейміз: революциялық армия талқандалды,— революциялық армия жасасын!

Газетіміздің 7-номерінде біз: революциялық армия мен революциялық үкімет деген ұранымызға Одесса көтерілісінің қалай жаңа сәуле түсіргені туралы айтқан болатынбыз *. Соның алдындағы номерде біз көтерілістен алған әскери сабақтар туралы айтқанбыз[69] (В. С. жолдастың мақаласы). Бұл номерде біз оның кейбір саяси сабақтарына тағы да тоқталамыз («Қалалық революция» деген мақала). Енді өзіміздің жуық арадағы тактикалық шешімдерімізді жоғарыда айтылған екі мағынада: теория жағынан дұрыстығы мен практика жағынан қолайлылығы жөнінде тексеруге тағы да тоқталып өту керек болады.

Қазіргі кезеңнің көкейтесті саяси мәселелері — көтеріліс және революциялық үкімет. Социал-демократтар бәрінен де гөрі осы мәселелер жайында өзара көп әңгіме етіп, көп таласты. РСДРП III съезінің және партияның бөлініп шыққан бөлегі конференциясының басты

* Қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 10-том, 355—364-беттер. *Ред.*

қарарлары осы мәселелерге арналды. Россия социал-демократиясының ішіндегі басты тактикалық алауыздықтар осы мәселелер төңірегінде болып отыр. Қазір мынадай сұрақ туады: Одесса көтерілісінен *кейін* бұл алауыздықтар қандай түрғыда болып отыр? Қазір, бір жағынан, осы көтеріліс жөніндегі пікірлер мен мақалаларды, екінші жағынан, партия съезі мен жаңа искрашылдар конференциясының көтеріліс туралы және уақытша үкімет туралы мәселелерге арналған төрт қарарын қайта оқып шығуға ерінбеген әрбір адам оқиғалардың әсерімен жаңа искрашылдар *іс жүзінде* өз оппоненттері жағына шыға бастағанын, яғни өз қарарларына сәйкес емес, III съездің қарарларына сәйкес әрекет ете бастағанын сол сәтінде-ақ көреді. Қате доктринаны сынауға келгенде революциялық оқиғалардың барысынан артық сыншы жоқ.

Осы оқиғалардың әсерімен «Искра» редакциясы: «Революцияның алғашқы жеңісі» деген атпен «Россия азаматтарына, жұмысшылары мен шаруаларына» арналған листок басып шығарды. Бұл листоктың ең мәнді бөлігі мынау:

«Батыл қимыл жасайтын және солдаттардың батыл көтерілісін барлық күшпен қолдайтын мезгіл жетті. Қазіргі уақытта батылдық жеңеді!

Ендеше халықтың ашық жиналыстарын шақырыңдар, патша өкіметінің әскери тірегінің күйрегені туралы хабарды оған жеткізіңдер! Мүмкін болған жердің бәрінде қалалық мекемелерді басып алып, оларды халықтың революциялық өзін өзі басқаруының тірегі етіңдер! Патша чиновниктерін қуып шығып, революциялық өзін өзі басқару мекемелеріне бүкіл халықтық сайлау өткізіңдер, патша үкіметін біржолата жеңіп шығып, жаңа мемлекеттік тәртіп орнатқанға дейін қоғамдық істерді уақытша басқаруды соларға тапсырыңдар. Мемлекеттік банк бөлімшелерін, қару-жарақ қоймаларын басып алып, бүкіл халықты қаруландырыңдар! Қалалар арасында, қала мен деревня арасында байланыс орнатыңдар және қаруланған азаматтар көмек керек жердің бәрінде біріне-бірі көмектесуге асығатын болсын! Түрмелерді қолға алып, ондағы біздің ісіміз үшін тұтқынға алынған күрескерлерді азат етіңдер: сіздер өз қатарларыңызды солармен күшейтесіздер! Барлық жерде патша монархиясының құлатылғанын, оның еркін демократиялық республикамен ауыстырылғанын жарияланыздар! Аттаныңыздар, азаматтар! Азаттық алатын мезгіл жетті! Революция жасасын! Де-

мократиялық республика жасасын! Революцияшыл әскер жасасын! Самодержавие жойылсын!»

Сонымен, біз бүкіл халықтық қарулы көтеріліске шақырған батыл, ашық, айқын үндеуді көріп отырмыз. Біз революциялық уақытша үкімет құруға шақырған, бірақ, амал не, бүркемеленген, жеріне жеткізе айтылмаған болса да, батыл үндеуді көріп отырмыз. Әуелі көтеріліс туралы мәселені қарастыралық.

Бұл мәселені III съезд бен конференцияның шешуі арасында принциптік айырмашылық бар ма? Күмән жоқ, бар. Біз бұл жайында «Пролетарийдің» 6-номерінің өзінде-ақ айтқанбыз («Үшінші адым кейін») *, ал қазір оның үстіне «Освобождениенің» сабақ боларлық дәлелін келтіреміз. Біз оның 72-номерінен мынаны оқимыз: «көпшілік» «дерексіз революционизмге, бүлікшілдікке, қандай құралдармен болса да халық бұқарасын көтеріліске шығарып, соның атынан өкіметті дереу басып алуға тырысушылыққа» бой ұрып отыр. «Мұның керісінше, азшылық, марксизмнің догмасын қатты ұстап, сонымен қатар маркстік дүние танудың реалистік элементтерін де сақтап отыр». Марксизмнің даярлық мектебінен және бернштейншілдіктен өткен либералдардың бұл пікірі өте-мөте бағалы. Либерал буржуа социал-демократияның революциялық қанатын «дерексіз революционизмі мен бүлікшілдігі» үшін әрқашан кінәлап келді, ал оппортунистік қанатты мәселе қойысының «реализмі» үшін әрқашан мақтап келді. Освобождениешілдердің тілінде «реалистік» дегеннің *«оппортунистік»* деген сөз екенін «Искраның» өзі мойындауға мәжбүр болды (қараңыз: № 73, Акимов жолдастың кітапшасының «реализмін» Струве мырзаның мақұлдауы жөніндегі ескерту). Освобождениешіл мырзалар тұрлаусыз реализмнен басқа реализмді білмейді; алдыңғы қатарлы таптың айбынды міндеттерін баса көрсететін, осы күнгі тәртіпте сол тәртіптің өзін құлататын элементтердің бар екенін ашып беретін маркстік реализмнің революциялық диалектикасы оларға мүлде жат. Сондықтан «Освобождениенің» социал-демократиядағы екі ағымға бер-

* Қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер. *Ред.*

ген сипаттамасы біздің әдебиетімізде дәлелденген фактіні: «көпшілік» орыс социал-демократиясының революциялық қанаты, ал «азшылық» оның оппортунистік қанаты екенін тағы бір рет дәлелдеп отыр.

Съезге қарағанда «азшылық конференциясы қарулы көтеріліске мүлде басқаша қарайды» деп «Освобождение» үзілді-кесілді мойындайды. Ал, шынына келгенде, конференцияның қарары, біріншіден, біресе жоспарлы түрде көтеріліс жасаудың мүмкіндігін теріске шығарып (п. 1), біресе оны мойындап (п. d), өзін өзі соққылайды, ал, екіншіден, «көтерілісті дайындаудың» *жалпы* шарттарын, атап айтқанда: a) үгітті кеңейту, b) бұқара қозғалысымен байланысты ныгайту, c) революциялық сананы дамыту, d) түрлі жергілікті орындардың бірімен бірінің байланысын орнату, e) пролетар емес топтарды пролетариатты қолдауға тарту сияқты шарттарын тізумен ғана шектеледі. Съездің қарары, мұның керісінше, тура позитивті ұрандарды ұсынады, қозғалыс *қазірдің өзінде-ақ* көтеріліс жасау қажеттігіне *әкеп отырғандығын* мойындап, тікелей күрес жүргізу үшін пролетариатты ұйымдастыруға, оны қаруландыруға барынша жігерлі шаралар қолдануға, насихат пен үгіт жұмысында көтерілістің «тек саяси мацызын ғана емес» (конференцияның қарары, шын мәнісінде, осымен шектеледі), сонымен қатар оның практикалық-ұйымдастыру жағын да түсіндіруге шақырады.

Мәселенің осы екі түрлі шешімінің айырмашылығын айқынырақ түсіну үшін жалпай жұмысшы қозғалысы туған кезден бастап көтеріліс туралы мәселе жөнінде социал-демократиялық көзқарастардың қалай дамығанын еске түсірейік. Бірінші саты. 1897 жыл. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттерінен» мынаны оқимыз: «Самодержавиені тура құлату үшін социал-демократияның қандай құрал қолданатыны, ал көтерілісті немесе жаппай саяси стачканы қолайлы деп таба ма, әлде шабуыл жасаудың басқа бір тәсілін қолайлы деп таба ма — бұл мәселені қазір шешу, генералдардың армияны жинамай тұрып, әскери кеңес ашқаны сияқты болар еді» (18-бет) *. Мұнда, көріп отырғанымыздай,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 501-бет. *Ред.*

көтерілісті әзірлеу туралы тіпті сөз де жоқ, тек армияны жинау туралы, яғни жалпы насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмысы ғана сөз болып отыр.

Екінші саты. 1902 жыл. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабынан мынаны оқимыз:

«... Халық көтерілісін алып қараңыз. Қазіргі кезде (февраль, 1902 жыл) ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге, сірә, жұрттың бәрі де қосылар деймін. Бірақ *қалай* дайындалу керек? Көтерілісті дайындау үшін Орталық Комитет барлық жерлерге агенттер белгілей алмайды ғой! Бізде Орталық Комитет болған күнде де орыс елінің қазіргі жағдайында оның агенттер тағайындаумен тіпті еш нәрсеге қолы жетпес еді. Қайта, ортақ газетті жолға қою және оны тарату жөніндегі жұмыс үстінде өзінен-өзі құрылатын агенттер тобы көтеріліске шақыратын ұранды «күтіп, қарап отыра беруге» тиіс болмас еді, көтеріліс бола қалған күнде өзінің жеңіске жетуіне барынша көбірек кепілдік беретін ұдайы жұмыс істер еді. Нақ осындай жұмыс жұмысшылардың нағыз қалың бұқарасымен де, самодержавиеге наразы топтардың бәрімен де байланысты нығайтқан болар еді, ал мұның көтеріліс үшін өте зор маңызы бар. Жалпы саяси жағдайды дұрыс бағалау қабілеті, олай болса, көтеріліс үшін қолайлы мезгілді таңдап алу қабілеті нақ осындай жұмыстың үстінде жасалар еді. Нақ осындай жұмыс бүкіл Россияны толғандырып отырған белгілі бір саяси мәселелерге, сондай жағдайлар мен оқиғаларға бір уақыт ішінде үн қосуға, бұл «оқиғаларға» мүмкін болғанынша жігерлірек, мүмкін болғанынша бірыңғай, қолайлырақ жауап беруге *барлық* жергілікті ұйымдарды үйретер еді,— ал көтерілістің өзі, асылында, бүкіл халықтың үкіметке нағыз жігерлі, нағыз бірыңғай, нағыз қолайлы түрде «жауап» беруі ғой. Нақ осындай жұмыс, ақыр аяғында, Россияның барлық жерлеріндегі барлық революциялық ұйымдарға партияның *іс жүзіндегі* бірлігін жасайтын нағыз тұрақты, сонымен бірге нағыз астыртын қарым-қатынастар жүргізуді үйретер еді,— ал мұндай қарым-қатынастарсыз көтерілістің жоспарын бірлесіп талқылау, көтерілістің қарсаңында өте құпия ұсталуға тиіс қа-

жетті дайындық шараларын қолдану деген мүмкін емес» (136—137-беттер) *.

Бұл пікір көтеріліс туралы мәселе жөнінде қандай қағидаларды ұсынады? 1) Ұрандарды «күтіп, қарап отыра беретін» ерекше агенттер белгілеу мағынасында көтерілісті «дайындау» идеяларының өрескелдігі. 2) Ұдайы жұмыс жүргізіп жатқан адамдар мен ұйымдардың арасында *жалпы жұмыс үстінде құрылатын* байланыстың қажеттігі. 3) Осындай іс үстінде пролетарлық (жұмысшылар) топтар мен пролетарлық емес (барлық наразы) топтар арасында байланысты нығайтудың қажеттігі. 4) Саяси жағдайды қатесіз дұрыс бағалау, саяси оқиғаларға негұрлым орынды «үн қосу» қабілетін бірлесіп қалыптастыру қажеттігі. 5) Барлық жергілікті революциялық ұйымдардың іс жүзінде бірігу қажеттігі.

Демек, қазірдің өзінде біздің алдымызға *көтерілісті дайындау* ұраны ашық қойылып отыр, бірақ әлі тура көтеріліске шақыру жоқ, қозғалыстың «қазірдің өзінде-ақ» көтерілістің қажеттігіне «әкеліп таяғандығы», тап осы сәтте каруланудың, жауынгер топтарға ұйымдасудың, т. т. қажеттігі әлі мойындалған жоқ. Біздің алдымызда — көтерілісті дайындаудың конференция карарында (1905 жылы!!) *тура сөзбе-сөз дерлік қайталанған* шарттарына, дәл осы шарттарына талдау жасалып отыр.

Үшінші саты. 1905 жыл. «Вперед» газетінде және сонан кейін III съездің қарарында ілгері қарай тағы бір қадам жасалды: көтерілісті жалпы саяси жағынан әзірлеуден *басқа* көтеріліс үшін дереу ұйымдастырудың, каруланудың, ерекше (жауынгер) топтар құрудың *тікелей ұраны* ұсынылады, өйткені қозғалыс «қазірдің өзінде-ақ карулы көтерілістің қажеттігіне бастап әкелді» (съезд қарарының 2-пункті).

Осы шағын тарихи анықтама күмәнсыз үш қорытындыға әкеледі: 1) Либерал буржуаның, освобождениешілдердің бізді *«дерексіз* революционизмге, бүлікшілдікке» түсіп отыр деген пікірі түп-тура жалған. Біз бұл мәселені алға қойғанда, оны 1897, 1902 және 1905 жылда-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 196—197-беттер. *Ред.*

ры түрліше шешіп, шынында «дерексіз» түрде қойғанымыз жоқ, әрқашан *нақты негізде* қойып келдік және қойып келеміз. Бүлікшіл деп айыптау самодержавиеге қарсы батыл күрес жүргізіп отырған заманда революция мүдделерін сатуға және оған опасыздық жасауға дайындалған либерал буржуа мырзалардың оппортунистік құрғақ сөзі. 2) Жаңа искрашылдардың конференциясы көтеріліс туралы мәселені дамытудың екінші сатысында тоқтап қалды. Ол 1905 жылы тек 1902 жылға лайықты нәрсені ғана қайталады. Ол революциялық дамудан үш жылдай *артта қалып қойды.* 3) Өмір сабақтарының, атап айтқанда Одесса көтерілісінің, әсерімен жаңа искрашылдар, өз қарарының емес, съезд қарарының нұсқаулары бойынша қимыл жасаудың қажеттігін іс жүзінде мойындады, яғни көтеріліс міндетін кейінге қалдыруға болмайтын міндет деп білді, жұртты көтеріліс пен қарулану ісін қолма-қол ұйымдастыруға тура, дереу шақыру сөзсіз қажет деп таныды.

Артта қалған социал-демократиялық доктринаны революция салған жерден ығыстырып тастады. Жалпы жұмыс үстінде жаңа искрашылдармен практика жүзінде бірігу үшін бізде тағы бір кедергі кеміді, бірақ бұдан әлі принципті алауыздықтар толық жойылды деген мағына тумайтыны апық. Тактикалық ұрандарымыздың өтіп кеткен оқиғаларға бейімделіп, оқиғалардың соңында қалуына біз қанағаттана алмаймыз. Біз бұл ұрандардың өзімізді ілгері жетектеуіне, алдағы жолымызға жарық түсіруіне, кезеңнің минуттық міндеттерінен бізді жоғары қоюына тырысуға тиістіміз. Дәйекті, ұстамды күрес жүргізу үшін пролетариат партиясы өз тактикасын оқта-текте белгілемейді. Ол өзінің тактикалық шешімдерінде марксизм принциптеріне адалдығын революцияшыл таптың озық міндеттерін дұрыс есепке алумен біріктіріп отыруға тиіс.

Революциялық уақытша үкімет туралы екінші бір көкейтесті саяси мәселені алыңыз. Біз бұл арада «Искра» редакциясы өз листогында конференция ұрандарынан іс жүзінде қол үзіп, III съездің тактикалық ұрандарын қабылдағанын, бәлкім, анағұрлым айқынырақ көріп отырған болармыз. «Өкіметті басып алуды» (демокра-

тиялық төңкеріс үшін) «немесе уақытша үкіметте өкімет билігін бөлісуді өзіне мақсат етіп қоймау керек» деген сорақы теория керексіз етілді, өйткені листок «қалалық мекемелерді басып алуға» және «қоғамдық істерді уақытша басқаруды» ұйымдастыруға тура шақырып отыр. «Нағыз революцияшыл оппозиция партиясы болып қалу керек» деген сорақы (тек парламентарлық күрес заманы үшін әбден дұрыс болса да, революция заманында сорақы) ұран іс жүзінде архивке өткізілді, өйткені Одесса оқиғалары «Искраны» көтеріліс уақытында осы ұранмен шектелудің күлкілі болатынын, жұртты көтеріліс жасауға, көтерілісті мейлінше жігерілі түрде жүргізуге және революциялық өкіметті пайдалануға белсене шақыру керек екенін түсінуге мәжбүр етті. «Революциялық коммуналар болсын» деген сорақы ұран да лақтырылып тасталды, өйткені Одессадағы оқиғалар «Искраны» бұл ұранның демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті шатастыруды тек қана жеңілдететінін түсінуге мәжбүр етті. Ал осы мүлдем екі басқа нәрсені шатастыру теориялық ойдың мүлдем күңгірттігін дәлелдейтін және жұмысшы табының демократиялық республикада социализм үшін күресін жеңілдетуге тиісті мейлінше қажет практикалық шараларды жүзеге асыруды қиындатып жібере алатын авантюризм болып қана шығар еді.

Жаңа «Искраның» «Впередпен» айтысын, «Впередтің» «төменнен де, жоғарыдан да» деген тактикасына қарама-қарсы «Искраның» «тек төменнен» деген тактикасын еске түсіріп қараңыз,— сонда сіз «Искраның» жоғарыдан қимыл жасауға енді тұп-тура өзі шақырып, мәселені біздіңше шешуді қабылдағанын көресіз. Казначейлік үшін, финанс, т. с. үшін жауапкер болу арқылы өз беделін түсіріп алмас па екен деп біз жөнінде «Искраның» қауіптенгенін еске түсіріп қараңыз,— сонда сіз, егер біздің дәлелдеріміз «Искраның» көзін жеткізбеген болса, бұл дәлелдердің дұрыстығына оқиғалардың өзі оның көзін жеткізгенін көресіз, өйткені жоғарыда келтірілген листокта «Искра» «мемлекеттік банк бөлімшелерін басып алуды» турадан-тура ұсынып отыр. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демокра-

тиялық диктатурасы, революциялық уақытша үкіметке олардың бірігіп қатысуы «пролетариатқа опасыздық жасау» немесе «тұрпайы жоресизм (мильеранизм)» болып табылады-мыс деген сорақы теорияны — жаңа искрашылдар жай ескерусіз қалдырды, қазір олардың өздері қалалық мекемелерді, мемлекеттік банк бөлімшелерін, қару-жарақ коймаларын басып алуға, «бүкіл халықты каруландыруға» (қазір енді «өзін өзі каруландырудың көкейтесті қажеттігімен» ғана емес, *қару-жарақпен* каруландыру керек екені анық), патша монархиясын құлатуды, т. т. жариялауға шақырып,— қысқасы, бүтіндей III съездің қарарындағы программаға толық сәйкес қимыл жасауға, революциялық-демократиялық диктатура мен революциялық уақытша үкімет ұраны қалай көрсетсе дәл солай қимыл жасауға шақырып, нақ жұмысшылар мен шаруалардың өздеріне жар салып отыр.

Рас, «Искра» өзінің листогында бұл ұранның бірдебірін атамайды. Ол революциялық уақытша үкіметке тән қимылдардың бәрін түгел атап өтіп, оларды суреттейді, бірақ ол осы бір сөзге жоламайды. Ал оның мұнысы бекер. Ол іс жүзінде осы ұранды өзі қабылдап отыр ғой. Ал айқын терминнің болмауы күрескерлердің ойына тек ауытқушылық, жалтақтық енгізеді, шатастырады. «Революциялық үкімет», «революциялық өкімет» деген *сөздерден* қорқу таза анархистік, марксиске лайықсыз қорқақтық болып шығады. Мекемелер мен банктерді «басып алу» үшін, «сайлау белгілеу» үшін, «уақытша іс жүргізуді» тапсыру үшін, «монархияны құлатуды жариялау» үшін,— бұл үшін ең алдымен революциялық уақытша үкіметті — революцияшыл халықтың бүкіл әскери және саяси іс-әрекеттерін біріктіріп, бір мақсатқа бағыттайтын үкіметті жүзеге асыру, жариялау сөзсіз қажет. Осылай біріктірмейінше, революцияшыл халық уақытша үкіметті жаппай танымайынша, барлық өкімет билігі оның қолына өтпейінше, мекемелерді «басып алудың» қандайы болса да, республиканы «жариялаудың» қандайы болса да жай, құр бос бүлікшілдік әрекет болып қала береді. Халықтың революциялық үкімет бір жерге шоғырландырмаған революциялық жігері көтерілістің алғашқы сәтті қадамы-

ның артынша-ақ бөлшектеніп кетеді, быт-шыт болып ыдырайды, жалпы ұлттық құлашынан айрылады, басып алғанын ұстап қалу, жарияланғанын жүзеге асыру міндеттерін атқара алмайды.

Қайталап айтайық: РСДРП III съезінің қарарларын мойындамайтын социал-демократтар шынында, іс жүзінде, оқиғалардың барысы арқылы конференцияның ұрандарын керексіз етіп, тура съезд берген ұрандар бойынша қимыл жасауға мәжбүр болды. Революция үйретеді. Біздің міндетіміз — оның сабақтарын сарқа пайдалану, өзіміздің тактикалық ұрандарымызды өзіміздің ісімізбен, таяудағы міндеттерімізбен үйлестіру, осы таяудағы міндеттерді дұрыс ұғынуды бұқара арасына тарату, көтерілістің жауынгерлік мақсаттары үшін, революциялық армия құру үшін және революциялық уақытша үкімет құру үшін барлық жерде бірдей жұмысшыларды ұйымдастыруға мейлінше кеңінен кірісу!

«Пролетарий» № 9,
26 (13) июль, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

АШУЛЫ ӘЛСІЗДІК

«Искраның» 104-номерінде біздің «Үшінші адым кейін» («Пролетарий» № 6) * деген фельетонымыз жөнінде заметка басылған. Онда біз жаңа искрашылдардың партия атынан баспахананы, қойманы, ақшаны пайдаланып, бірақ партия мүлкін тапсырудан жалтаруды артық көргенін өте байсалды баяндағанбыз. Осы мәлімдеме жөніндегі ызаның «Искраны» қандай халге жеткізгені оның бундшылдардың естен кетпес «арамдығы» рухындағы сөздерінен көрінеді. «Искра» «лас сыпырғыш» дегенді де, «жалақор қорқақтар» дегенді де, т. т., т. с. бізге сыпайыгершілікпен алға тартып отыр. Энгельс бір кезде эмигранттардың белгілі бір түрінің айтысын: «Әрбір сөзі — түнгі дәрет құмырасы, және де бос құмыра емес» (Jedes Wort—ein Nachttopf und kein leerer) [70] деп сипаттаса, дәл солай шығып отыр. Біз француздың: балағаттау дегеніміз дәлелі жоқтардың сылтауы деген нақыл сөзін, әрине, ұмытқанымыз жоқ. Біз айқай-шудың неден шығып отырғанын сабырмен ақылға салып көруді әділ оқушыға қазір де ұсынамыз. III съезден кейін партия мүлкін тапсыруды ұсынған Орталық Комитеттің хатына жаңа искрашылдар жауап бермеді. Олар III съезді танымайды, Орталық Комитеттің большевиктерге бет бұрғанын мойындамайды. Солай-ақ болсын. Бірақ осы мойындамаудан шығатын қорытынды: жаңа искрашылдар, өздерінің тұрғысынан қа-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер. *Ред.*

рағанда, партия мүлкінің бәрін емес, белгілі бір бөлегін тапсыруы керек еді. Мұның айқындығы сонша — «барлық партия мүлкін бөлісу мүмкіндігі» туралы қазір өз заметкасында «Искраның» өзі-ақ айтып отыр. Егер олай болса, біздің сүйкімді дұшпандарымыз, онда сіздер Орталық Комитеттің хатына тиісті жауап неге бермей отырсыздар? Әйтпесе, сіздердің балағатыңыз қаншама күшті болғанымен, көпшілік III съездің протоколдарын басып шығарып, барлық жайлар жөнінде жұрт алдында есеп беріп отырғанда, ал сіздер өздеріңіздің партия мүлкін пайдаланып отырғандарыңыз туралы ешкімге ешқандай есеп бермей, еш бір протоколды басып шығармай, тек тілдей беретіндеріңіз күмәнсыз факт болып отыр ғой. Тыныш кезде ойлапып бір қараңызшы, ойлай білетін жұрт мұндай қылықтан қандай әсер алмақшы!

Сонан соң. Орталық Комитеттің съезд жағына бет бұрып кетуі «Искраға» ұнамайды. Бұл табиғи нәрсе. Бірақ бұл оның бірінші бет бұруы емес қой. Бір жыл бұрын, 1904 жылы августа, Орталық Комитет азшылыққа қарай бұрылды. Бір жыл бұрын біз Орталық Комитеттің әрекетін заңды деп танымайтынымызды баспасөз бетінде, жұрт алдында мәлімдедік. Сонда партия мүлкі жөнінде біз қалай еттік? деген сұрақ туады. *Біз баспахананы да, қойманы да, кассаны да меньшевиктерге бердік.* «Искра» қанша тілдесе де мейлі, бірақ бұл шындық шындық болып қала береді. Біз дұшпандарымызға есеп бердік, мүлікті тапсырдық, съезд шақыруға күш салып, партиялық әдіспен күрескіміз келді. Біздің дұшпандарымыз съезден бой тасалап, ешкімге ешқандай есеп бермеді (тек өз жақтастарына ғана есеп берді, олардың өзіне де жасырып берді, өйткені, біріншіден, «конференцияның» протоколдары жоқ, ал, екіншіден, оның күн тәртібі де, оның билігінің шегі де, яғни оның шешімдерінің меньшевиктердің өздері үшін міндеттілігінің шегі де белгісіз).

Партия ішіндегі күресіміз жікке бөліпумен тынды; енді бір партияның ұйым-процесс күйіндегі екінші бір партияға қарсы күресі ғана бар. Енді, міне, жікке бөлінгенге дейінгі күрес тарихын жалпы шолып өткенде, кім де кім болсын (әрине, Россиядан келгендердің ішін-

де көбінің істейтіні сияқты, жалған қауесетпен қанағаттанбай, өз партиясының тарихын документтер бойынша *зерттейтіндер)* — күрестің жалпы сипатын айқын көре алады. «Формализмге», «бюрократизмге», тағы басқаларға бой ұрды деп айыпталып жүрген көпшілік формальды артықшылықтарының *бәрін,* бюрократиялық мекемелердің бәрін: әуелі Орталық Орган редакциясын, сонан соң Партия советін, ақыр аягында, Орталық Комитетті де өз дұшпандарының қолына берді. Тек съезді ғана бермеді, бермей қалды. Сөйтіп, былай болып шықты: большевиктер партияны қалпына келтірді (немесе, әрине, жаңа искрашылдардың ойлайтынындай, өз партиясын құрды), партия қызметкерлерінің ерікті ризалығымен өзінің *барлық* партиялық мекемелерін — әуелі Көпшілік Комитеттерінің Бюросын [71], сонан соң «Вперёдті» құрды, ақыр аяғында, партияның III съезін шақырды. Керісінше, біздің оппоненттеріміз, жан ашығандықтан өздеріне берілген нақ сол формальды артықшылықтар мен бюрократиялық мекемелерге жармасып отыр! Шынында да, қарап көріңіздерші: «Орталық Орган редакциясын» оларға Ленин мен Плеханов сыйлаған жоқ па еді? «Пролетарий» өзін «партияның Орталық Органымын» деп атағанда III съездің шешімдеріне — меньшевиктер мойындамайтын, бірақ партияның көпшілігі айқын, дәл және анық мойындаған шешімдеріне сүйенеді, ал съездің құрамы баршаға белгілі. «Искра» болса өзін «партияның Орталық Органымын» деп атағанда II съездің шешімдеріне — қазір большевиктер де (біз оларды III съездің шешімдерімен ауыстырдық), *меньшевиктер де* мойындамайтын шешімдеріне сүйенеді!! Әңгіменің мәні осында ғой! II съездің уставын меньшевиктер конференциясының өзі бұзды ғой. *Енді қазір* жаңа искрашылдар өз жақтастары бұзған *тақырыпқа жабысып отыр ғой!*

Жаңа искрашылдармен принцип жағынан еш уақытта да толық қосыла алмаған, алайда өз басы соларға үнемі кеңшілік жасай берген, большевиктерге үсті-үстіне тиісе берген, осынысы үшін өзіне жаңа искрашылдар әрдайым бас иген және бас иіп отырған Плехановтың өзі — тіпті соның өзі конференцияның орталық меке-

мелерге өлтіре соққы бергенін мәлімдеп, өз басы күнәдан аулақ болғанды артық көрді. Ал жаңа искрашылдар әлі де өздерін «Орталық Органбыз» деп атап, олардың бүкіл партиялық позициясының дұрыс еместігін көрсету былай тұрсын, тіпті оның мүлде лайықсыз екенін көрсеткен адамдарды да балағаттап сөгумен болады. Біздің осынша әңгіме қозғауымызға себеп болған осы бір балағаттау, атап айтқанда, өздерінің сол лайықсыздықты айқын сезіне білмеуінен лажсыз туған психологиялық салдар болып табылады. Еске түсірейік *, Староверді де, Акимовты да, Мартыновты да, жалпы алғанда жаңа искрашылдық тенденцияларды да, атап айтқанда олардың конференциясын да, *принцип* жағынан ұнатпайтынын талай айтқан тіпті Струве мырзаның өзі де олардың позициясы онша орынды емес екенін немесе, дұрысырағы, мүлде орынсыз екенін кезінде мойындауға тиіс болды (қараңыз: «Освобождение», № 57).

Социал-демократтардың, әсіресе жұмысшылардың қалың көпшілігі жікке бөлінуге қатты наразы екені (оған кім разы болушы еді?), бұдан құтылудың жолын *«қайдан болса да»* іздеуге дайын, біз мұны жақсы білеміз. Біз бұл пиғылды әбден түсінеміз және сөзсіз құрметтейміз. Бірақ біз бір ғана пиғылдың жеткіліксіз екенін барша жұртқа және әркімге ескертеміз. «Қайдан болса да» деген тұжырым түкке де жарамайды, өйткені мұнда басты нәрсе: жікке бөлінуді тоқтатудың *амалдарын* түсінушілік жоқ. Ащы сөздердің қандайының болса да, большевиктік те емес, меньшевиктік те емес «үшінші» бір нәрсені құру әрекеттерінің қандайының болса да іске тигізер септігі жоқ, тек оны бұрынғысынан бетер шатастырады. Плеханов сияқты күшті деген адамның үлгісі екі жыл бойғы тәжірибеде мұны іс жүзінде дәлелдеді. К. Каутский сияқты, біздегі жікке бөлінудің жайын көбінесе сыңар жақ әңгімелерден есітіп білетін неміс социал-демократтары-ақ, мейлі, ащы сөздермен құтыла берсін. Олардың білмеуі әлі кешірімді нәрсе — бірақ, әрине, олардың өздері білмейтін нәрсе жөнінде төрелік айтуға тырысуы кешірімсіз-ақ. Орыс социал-де-

* Қолжазбада бұдан әрі «Троцкийді де» деген сөз сызылып тасталған. *Ред.*

мократтары, ақырында, ащы сөздермен құтылуға шебер, бір жақтан екінші жаққа бұра тартқыш «татулық» жайында даурыққанымен, сол татулық үшін аз да болса нақты бірдеңе қолынан келмейтін адамдарды жек көре білуді үйренуге тиіс. Партияның татулығына және бірлігіне жеткізетін нақты жол — жаңа дау-жанжалдарға, істі тағы да оңдырмай шатастыруға бастайтын атүсті келісімдер емес, ал партияның екі бөлегінің тактикалық және ұйымдық тенденцияларын *іс жүзінде* толық *анықтап* алу. Біз бұл жөнінде жаңа искрашылдардың конференциясына дән ризамыз. Конференция жаңа искрашылдықтың біржолата ыдырауын дәлелдеп берді. Революция олардың тактикалық хвостизмін күл-талқан етті. Олардың «ұйым-процесі» барша жұртқа мазақ болып отыр. Бір жағынан, ұйымдастыру мағынасы жөнінде ғана емес, сонымен бірге жаңа искрашылдардың принциптілігі жөнінде де, сірә, конференция «көзін ашқан» Плеханов олардан шығып қалып отыр. Екінші жағынан, Петербург меньшевиктерінің уәделерін немесе «принциптерін» * *«бос сөз»* деп жариялаушы («Последние Известия» [72], № 235) Акимов олардан шығып қалып отыр. Партияның үшінші съезі партияның бір жақ бөлегін тығыз топтастырды. Екінші жағын конференция өзі талқандады. Бізге енді «ымырашылдарға» тек былай деп кеңес беру ғана қалып отыр: жікке бөлінудің тарихын зерттеңіздер, жолдастар, плехановтық ымырашылдықтың сәтсіздікке ұшыраған себептерін ашып алыңыздар, жаңа ашытқан шарапты ескі торсыққа құя көрмеңіздер!

«Пролетарий» № 9
26 (13) июль, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада «Петербург меньшевиктерінің уәделері немесе «принциптері»» деген сөздердің орнына «олардың демократизм, талапкерлік және т. т. туралы сөзсымақтарының бәрі» деп жазылған». *Ред.*

ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСУДЕ, БУРЖУАЗИЯ ҰРЛАНЫП ӨКІМЕТКЕ ҰМТЫЛУДА

Соғыс уақытында дипломатияға істейтін ештеңе жоқ. Соғыс қимылдары біткеннен кейін дипломаттар алдыңғы жаққа шығып, қорытындылар жасайды, есеп-қисабын шығарысады, адал делдалдыққа жаттығады.

Орыс революциясында да осы тәрізді бірдемелер болып жатыр. Халықтың самодержавиеге қарсы соғыс қақтығыстары уақытында либерал буржуа өз ініне қашып тығылады. Олар жоғарыдан да, төменнен де болатын зорлыққа қарсы, олар өкіметтің озбырлығына да, қара халықтың анархиясына да қас. Олар сахнаға соғыс қимылдары біткен соң шығады және олардың саяси шешімдерінде осы соғыс қимылдары туғызған саяси жағдайдағы өзгерістер айқын көрінеді. Либерал буржуазия 9 январьдан кейін «қызғылттана» бастаған-ды; енді революцияның жарты жылында самодержавиеге қарсы халық көтерілісінің (Кавказдағы, Польшадағы оқиғаларға, т. т. байланысты) қатты өскенін көрсеткен Одесса оқиғаларынан кейін ол «қызара» бастады.

Либералдардың жуырда ғана болып өткен үш съезі бұл жөнінде өте-мөте ғибрат аларлық болды. Өнеркәсіпшілер мен саудагерлердің съезі бәрінен де керітартпалау съезд болды [73]. Самодержавие бәрінен де гөрі осыларға көбірек сенеді. Полиция бұларды мазаламайды. Бұлар Булыгин жобасын сынайды, оны жазғырады, конституцияны талап етеді, бірақ, қолымыздағы толық емес мәліметтерге сүйеніп пікір айтатын болсақ, тіпті булыгиндік сайлауға бойкот жасау туралы да мәселе кө-

термей отыр. Ең батылы— «Одақтар одағы»[74] делегаттарының съезі болды. Бұл съезд қазір Питердің дәл қасында болса да, орыс жерінен басқа территорияда, Финляндияда, жасырын өтіп жатыр. Жұрттың айтуынша, съездің мүшелері сақтық үшін қағаздарын жасырып ұстағандықтан, полицейлердің шекарадағы тінтуі полицияға ешқандай мәлімет бере алмай отырған көрінеді. Бұл съезд көпшілік дауыспен (сірә, едәуір азшылыққа қарсы) булыгиндік сайлауға толық, батыл бойкот жасауды, жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру жолында кең көлемді үгіт жүргізуді жақтап шығыпты.

Земство және қала қайраткерлерінің ең «ықпалды», салтанатты және әйгілі съезі[75] аралық орында. Бұл съезд жария дерлік жағдайда өткен: полицияның жай көз қылып протокол жасап, тараңдар деген талабы езу тартып қарсы алыныпты. Бұл съезд туралы хабар баса бастаған газеттер жазалау ретінде тоқтатылады («Слово»[76]) немесе ескертіледі («Русские Ведомости»). Петр Долгоруков мырзаның «Times»-те[77] басылған қорытынды есебі бойынша, бұл съезде 216 делегат болған. Шетел газеттерінің тілшілері дүние жүзінің түкпір-түкпіріне съезд жайында телеграммалар жіберіп жатыр. Булыгин «конституциясына» бойкот жасау керек пе деген басты саяси мәселе жөнінде съезд ешқандай пікір айтпай отыр. Ағылшын газеттерінің хабарына қарағанда, көпшілік бойкот жасауды жақтаған, ал съездің ұйымдастыру комитеті қарсы болған. Булыгин жобасы жарияланғанға дейін мәселе ашық қалдырылсын, ал жарияланғаннан кейін телеграф арқылы жаңадан съезд шақырылсын деген ымыраға келген. Әлбетте, конституцияның «освобождениелік» жобасын (монархия және екі палаталы система) қабылдайтын Булыгин жобасын съезд үзілді-кесілді керексіз деп табады, патшаға үндеу жолдауды қабылдамайды, «халыққа үндеу қабылдансын» деп қаулы етеді.

Бұл үндеудің тексті бізде әзірше жоқ. Шетел газеттерінің хабарына қарағанда, үндеу земствошылардың ноябрьдегі съезінен бергі оқиғалардың ұстамды жазылған очеркі, үкіметтің арам ниетпен істі созбұйдаға салып отырғанын, оның уәделерін бұзғанын, жұртшылық

пікірінің талаптарына екіжүзділікпен немқұрайды қарайтындығын көрсететін фактілердің тізбегі көрінеді. Халыққа арналған үндеуден басқа үкіметтің озбырлық, әділетсіз әрекеттеріне қарсылық көрсету туралы да біраауыздан дерлік қарар қабылданған. Бұл қарар былай дейді: «әкімшілік озбырлық әрекеттер жасап, қоғам праволарын ұдайы бұзып отырғандықтан съезд әрбір адамның табиғи праволарын бейбіт құралдармен қорғау барша жұрттың борышы деп есептейді, осы праволарды бұзатын өкімет орындарының әрекеттеріне, бұл әрекеттер заңға негізделген күнде де, қарсылық жасау да осыған жатады» (цитатты «Times»-тен келтіріп отырмыз).

Сонымен, біздің либерал буржуазияның солға қарай бір адым басқаны күмәнсыз. Революция ілгері басып барады, оның соңынан буржуазиялық демократия да сүйретіліп келеді. Дәулетті таптардың мүдделерін көздейтін, бостандық ісін дәйексіз және өз құлқыны үшін жақтайтын *буржуазиялық* демократия ретінде бұл демократияның шын сипаты, буржуазиялық демократияның «қызара бастағанына», оның кейде «революциялық дерлік» тілмен сөйлеуге тырысатынына қарамастан, біртіндеп айқындалып келеді.

Шындығында, булыгиндік конституцияға бойкот жасау туралы мәселені шешуді кейінге қалдыру нені көрсетеді? Самодержавиемен әлі де саудаласа тұрғысы келетіндікті көрсетеді. Бойкот жасау пайдасына қалыптаспақ болған көпшіліктің өзіне сенімі жоқтығын көрсетеді. Помещиктер мен купес мырзалар конституцияны сұрап отыр, бірақ олар, бәлкім, бұдан кемге де келісер дегенді үндемей мойындағандықты көрсетеді. Егер либерал буржуа съезінің өзі самодержавие мен Булыгин комедиясынан бірден қол үзуге батылы бармаса, онда барлық буржуа атаулылардың съезінен, булыгиндік «Дума» деп аталатын және самодержавиелік үкіметтің алуан түрлі тізе батыру тәсілдері нәтижесінде сайланатын съезінен (егер съезд әйтеуір бір сайланатын болса!) нені күтуге болады?

Самодержавиелік үкімет бұл әрекетті буржуазиялық саудагерлік эпизодтарының бірі ғана деп есептеп, ли-

бералдардың бұл шешіміне осылай қарап та отыр. Бір жағынан, самодержавие либералдардың наразылығын көрген соң, аз-аздап өз тарапынан уәделерін «көбейтіп»: шетел газеттері Булыгин жобасына «либералдық» бірсыпыра жаңа өзгерістер енгізілмек деп хабарлайды. Екінші жағынан, самодержавие земствошылардың наразылығына жаңа қоқан-лоққымен жауап береді. Бұл жөнінде *«Таймс»* тілшісінің мынадай хабары назар аударарлық: Булыгин мен Горемыкин земстволық «радикализмге» жауап ретінде, патшаның атынан шаруаларға кесінді жер беруге уәде етіп, сословиелік немесе сословиелік емес сайлаулар жөнінде «халықтық» плебисцит (земство бастықтарының көмегімен) өткізіп, шаруаларды «бариндерге» айдап салуды ұсынады. Әлбетте, бұл хабар — тек лақап, әдейі таратылған лақап болуы керек. Бірақ бір нәрсе күмәнсыз: үкімет демагогияның ең жабайы, дөрекі және айуандық түрлерінен қорықпайды, «тағыланған бұқара» мен халық ішіндегі азғындардың көтерілісінен қорықпайды, ал либералдар зорлықшыларға қарсы, тонаудың, талаудың және түрікше айуандықтың батырларына қарсы халық көтерілісінен қорқады. Үкімет сұрапыл және жан түршігерлік қан төгуді әлдеқашан-ақ бастады. Ал либералдар қан төгуден аулақ болғымыз келеді деп жауап береді! Мұндай жауаптан кейін әрбір жалдама қанішер оларды буржуазиялық саудагерлер деп қорлауға праволы емес пе? Осыдан кейін озбырлық пен зорлыққа «бейбіт қарсыласуды» мойындап, халыққа үндеу тарату туралы қарар алу күлкілі-ақ емес пе? Үкімет «жойттерді», «демократтарды», армяндарды, поляктарды және т. б. сабауға, өлтіруге кім көрінгенді жалдап алып, қаруды оңды-солды үлестіріп жатыр. Ал біздің «демократтар» «бейбіт қарсыласу» үшін үгіт жүргізуді «революциялық» қадам деп санайды!

Біз жаңа ғана алған «Освобождениенің» 73-номерінде Струве мырза Суворин мырзаға ыза болады, ал Суворин мырза Иван Петрункевич мырзаны қолпаштап иығынан қағып қойып, мұндай либералдарды тыныштандыру үшін оларды министрліктер мен департаменттерге отырғызып қоюды ұсынады. Струве мырза ызалы, өйткені

нақ Петрункевич мырза мен оның земстводағы («өздерін программа арқылы» — қандай? қай жерде?— «тарих пен ұлт алдында міндеткер еткеп») сыбайластарын ол конституциялық-демократиялық партияның келешек министрлігіне ұйғарып отыр. Біздің ойымызша, патшаның қабылдауында да, 6 (19) июльдегі земство съезінде де Петрункевич мырзалардың көрсеткен мінезі мұндай «демократтарды» жиреніппен қорлауға керек десе Суворипдерге де толық право береді. Струве мырза: «Россиядағы әрбір адал және зерделі либерал революцияны талап етеді» деп жазады. Ал біз былай дейміз: 1905 жылғы июльде «революцияны» осылай «талап ету» қарсыласудың бейбіт құралдары туралы қарар арқылы білдірілетіп болса, онда мұндай «талапқа жәпе мұндай «революционерлерге» жиренішпен мазақ етіп қарауға Суворипдердің толық правосы бар.

Струве мырза, бәлкім, біздің либералдарды осы кезге дейін солға қарай жылжытып келген оқиғалар келешекте оларды бұдан да әрі жылжытады деп қарсы болар. Ол «Освобождениенің» сол 73-номерінде былай дейді: «Саяси курске армияның күшпен араласуы үшін жағдай самодержавиелік монархия халық өкілдігіне ұйымдасқан ұлтпен соқтығысқанда ғана шындап туады. Онда армия не үкіметті, не ұлтты таңдауға тиісті болады, бұлардың бірін таңдап алу қиынға түспейді және қатесіз таңдап алады да».

Бұл бейбіт идиллия революцияны грек календыпа [78] дейін кейінге қалдыра тұруға өте ұқсас. Ал ұлтты халықтық өкілдікке кім ұйымдастырады? Самодержавие ме? Бірақ ол Булыгин Думасын ғана ұйымдастыруға келісіп отыр ғой, ол Думаны халық өкілдігі емес деп танып, оған сіздер өздеріңіз қарсы болып отырсыздар ғой! Әлде халық өкілдігін «ұлттың» өзі ұйымдастыра ма? Егер олай болса, революциялық армияға ғана сүйене алатын революциялық уақытша үкімет туралы либералдардың есіткісі де келмей отырған себебі не? Олар өзінің съезінде халық атынан сөз сөйлеп, алайда, ұлттың халық өкілдігіне ұйымдасқандығын дәлелдейтін қадам жасамай отырған себебі не? Егер сіздер, мырзалар, революцияда халық мүдделерін сатып кететін буржуазия-

ның өкілдері болмай, шын халық өкілдері болсаңыздар, онда сіздер неліктен армияға үн қатпайсыздар? самодержавиелік монархиядан қол үзетіндеріңізді неге жарияламайсыздар? революциялық армия мен патша армиясы арасында үзілді-кесілді күрестің болмай қоймайтындығына сіздер неліктен көз жұмып қарайсыздар?

Оның себебі: сіздер революцияшыл халықтан қорқасыздар, оны бос сөзбен алдарқатып, іс жүзінде самодержавиемен санасасыздар, сонымен саудаласасыздар. Бұған тағы бір дәлел: земство съезін ұйымдастыру комитетінің председателі Головин мырзаның Москва генерал-губернаторы Козловпен келіс сөздер жүргізуі. Головин мырза Козловты бұл съезді құрылтай жиналысына айналдыру ниеті туралы тарап жүрген лақап бос нәрсе деп сендірді. Бұл не деген сөз? Мұның мәнісі — ұйымдасқан буржуазиялық демократияның өкілі самодержавиенің өкіліне буржуазия самодержавиемен ажырасуға бармайды деп кепілдік берді деген сөз! Съезді құрылтай жиналысы деп жарияламауға уәде беру шын революциялық шаралар қолданбауға уәде берумен барабар екенін тек саясаттағы сәбилер ғана түсінбеуі мүмкін,— өйткені Козлов, әлбетте, құрылтай жиналысы деген сөздерден емес, жанжалды шиеленістіріп, халық пен армияның патша өкіметіне қарсы үзілді-кесілді күресін туғыза алатын *істерден* қорықты! Сіздер сөз жүзінде өздеріңді революционерлерміз деп атайсыздар, халыққа жар салу туралы сөз етіп, патшаға сенім атаулыны енді қойдық деп, ал іс жүзінде өз ниеттеріңіз жөнінде патшаның малайларын жұбатып отырғандарыңыз, міне бұл өзі саяси екіжүзділік емес пе екен?

Әй, осы бір либералдық көпірме сөздер-ай! «Конституциялық-демократиялық» партияның көсемі И. Петрункевич мырза осы сөздерді съезде қаншама айтып-ақ баққан! Қандай мәлімдемелер арқылы «ол өзін тарих пен ұлт алдында міндеткер» ететінін қарастырып көрелік. *«Таймстағы»* корреспонденциялардан цитат келтірелік.

Де-Роберти мырза патшаға петиция жазуды жақтап отыр. Петрункевич, Новосильцев, Шаховской, Родичев бұған қарсы сойледі. Дауысқа қойғанда петицияны ал-

ты адам ғана жақтады. Петрункевич мырзаның сөзінен: «Біз 6 (19) июньде Петергофқа бара жатқанымызда, патша жағдайдың өте қауіпті екенін түсініп, оның алдын алу үшін бірдеме істер деген үмітте болып едік. Енді мұндай үміттің бәрінен күдер үзу керек. Бір ғана жол қалды. Біз осыған дейін реформаны жоғарыдан күткен едік, бүгіннен бастап біздің бірден-бір үмітіміз — халық. (Қатты қол шапалақтау.) Біз қарапайым және айқын сөздермен халыққа шындықты айтып беруге тиістіміз. Үкіметтің қабілетсіздігі мен әлсіздігі революцияны туғызды. Бұл барша жұрт мойындауға тиісті факт. Біздің борышымыз — қан төгіске жол бермеу үшін бар күшті жұмсау. Біздің көпшілігіміз ұзақ жылдар бойы отанға қызмет еттік. Енді біз патшаға емес, халыққа батыл баруға тиіспіз». Петрункевич мырза келесі күні былай деді: «Біз қызметіміздің тар шеңберін бұзып, шаруаға баруға тиіспіз. Біз осыған дейін реформаны жоғарыдан күтіп едік, бірақ, біз осылай күтіп жүргенде, уақыт өз дегенін істеді. Шапшаңдауына үкімет өзі себеп болған революция бізді басып озды. Революция деген сөздің кеше осында біздің екі мүшемізді қорқытқаны сонша, олар съезден кетіп қалды. Бірақ біз шындыққа тайсалмай тура қарауға тиіспіз. Біз қол қусырып қарап отыра алмаймыз. Земстволар мен думалардың халыққа жар салуы лаң салатын үгіт болады деп бізге қарсы шығушылар болды. Алайда деревняларда тыныштық па екен? Жоқ, онда қазірдің өзінде лаңдатып жатыр және оның ең жаман түрі. Біз дауылды тоқтата алмаймыз, бірақ қайткен күнде де сілкіністің тым үлкен болмауын қарастыруға тиіспіз. Біз фабрикалар мен экономияны қиратудың пайдасыз екенін халыққа айтуға тиіспіз. Біз мұндай қиратуға жай вандализм деп қарамауымыз керек. Мұның өзі — зұлымдықты іштей сезсе де, түсінуге дәрмені жоқ шаруалардың зұлымдыққа көмектесетін жөн-жосықсыз надан әдісі. Мейлі өкімет орындары оларға бастарына қамшы ойнатумен жауап бере берсін. Әйтсе де біздің борышымыз — халыққа бару. Біз мұны ертерек істеуге тиіс едік. Земстволар шаруалармен тығыз, сыр ашысып жақындаспай 40 жыл өмір сүрді. Осы қатені түзету үшін

уақытты босқа өткізбейтін болайық. Біз өзіміздің шаруалармен бірге екенімізді оларға айтуға тиіспіз».

Өте тамаша, Петрункевич мырза! Біз шаруалармен біргеміз, біз халықпен біргеміз, біз революцияны факт деп танимыз, біз патшаға деген сенім атаулының бәрін қойдық... Талаптарың оң болсын, мырзалар! Алайда... алайда бұл өзі қалайша осылай болып отыр? Патшамен емес, халықпен біргеміз дейсіз, *сондықтан да* генерал-губернатор Козловқа съезд құрылтай жиналысы ретінде, яғни нағыз халықтық, шын халықтық өкілдік ретінде әрекет етпейді деп уәде беру керек пе? Революцияны мойындау керек дейсіз, *сондықтан да* үкімет малайларының айуандығына, кісі өлтіруіне, талауына қарсыласудың бейбіт құралдарымен жауап беру керек пе? Шаруаларға жақындау керек, шаруалармен бірге болу керек дейсіз, *сондықтан да* помещиктердің ризалығымен жерді тек *құнын төлеп* алуға ғана уәде беретін мейлінше екіұшты программамен құтылғыңыз келеді! Патшамен емес, халықпен бірге болу керек дейсіз, *сондықтан да,* біріншіден, монархияны, әскерлер мен чиновниктерге патша билігін сақтауды қамтамасыз ететін, ал екіншіден, помещиктер мен ірі буржуазияның саяси үстемдігін жоғарғы палата арқылы күні бұрын қамтамасыз ететін конституцияның жобасын қабылдау керек екен ғой *.

Либерал буржуазия халыққа жақындауда. Бұл рас. Халыққа жақындауға ол мәжбүр, өйткені халық болмаса самодержавиемен күресуге ол дәрменсіз. Бірақ ол революцияшыл халықтан қорқады, сондықтан ол халыққа оның мүдделерінің өкілі ретінде, жалынды жаңа жауынгер жолдасы ретінде жақындамайды, соғысушы жақтардың бірін тастап екіншісіне жалбақтаушы делдал, саудагер ретінде жақындайды. Бүгін ол патшада болып, одан «халық» атынан монархиялық конституция сұрайды, сонымен бірге ол халықтан, «лаңнан», «бүліншіліктен», революциядан үрейі ұшып, ат-тонын ала қашады. Ертең ол өз съезінен патшаға күш көрсетеді,

* Біздің газетіміз басып шығарған «Үш конституция» деген листокты қараңыз. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 352—354-беттер. *Ред.)*

патшаны монархиялық конституциямен және найзаға қарсы бейбіт қарсыласумен қорқытады. Ал сіздердің қоян жүрек, екіжүзді пасықтықтарыңды патша малайларының біліп алғанына сіздер, мырзалар, енді де таңырқайсыздар ма? Сіздер патшасыз қалудан қорқасыздар. Патша сіздерсіз қалудан қорықпайды. Сіздер үзілді-кесілді күрестен қорқасыздар. Патша одан қорықпайды, қайта күресті тілейді, күресті өзі туғызып, өзі бастайды, ол жеңілдік жасамас бұрын күш сынасып көргісі келеді. Патшаның сіздерді жек көретіні әбден табиғи нәрсе. Сіздерге бұл жек көрушілікті патшаның малайлары, Суворин мырзалар, өздеріңіздің Петрункевичіңізді қолшаштан ыңғынан қағу арқылы көрсетіп отырғаны әбден табиғи нәрсе. Сіздер осылай жек көруге лайықтысыздар, өйткені сіздер халықпен бірге күреспейсіздер, тек қана революцияшыл халықтың тасасымен ұрланып барып, өкімет билігіне ұмтыласыздар.

Шетел тілшілері мен буржуазия публицистері істің бұл сияқты мәнін мүлде өзінше ерекше көрсеткенімен, кейде соның айтарлықтай дәл үстінен түседі. Гастон Леру мырза *«Matin»*-де [79] земствошылардың көзқарастарын баяндамақшы болады. «Жоғарыда тәртіпсіздік, төменде тәртіпсіздік, тәртіп өкілдері — біздер ғана». Земствошылардың көзқарастары шынында осындай. Ал тура орыс тіліне аударғанда бұл былай деген сөз: жоғарғы жақ пен төменгі жақ күресуге әзір, ал біз — адал делдалдармыз, біз ұрланып өкімет билігіне ұмтыламыз. Бізде де 18 март болмас па екен, көшедегі ұрыста халық бір рет болса да үкіметті жеңбес пе екен, халықтың бірінші жеңісінен кейін өкіметті қолға алу үшін, неміс либерал буржуазиясына туғаны сияқты, бізге де мүмкіншілік тумас па екен деп біз күтіп отырмыз. Ал біз самодержавиеге қарсы күш болып алған кезде, біз революцияшыл халыққа қарсы теріс бұрылып, халыққа қарсы патшамен келісім жасаймыз. Біздің конституция жобамыз — осындай келісімнің әзір тұрған программасы.

Есеп дұрыс-ақ. Римдіктердің Аннибал жөнінде айтқанын кейде революцияшыл халық жөнінде айтуға тура келеді: сен жеңе білесің, бірақ жеңісті пайдалана біл-

мейсің! Көтерілістің жеңуі,— егер ол революциялық төңкеріске, самодержавиені толық құлатуға, дәйексіз және құлқыншыл буржуазияны шеттетуге, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасына жеткізбейтін болса,— ол әлі халықтың жеңуі болмайды.

Француздың кертартпа буржуазиясының органы, «Temps» [80], патшамен *келісім жасап,* жанжалды тезірек бітіру керек деп земствошыларға тура кеңес береді (жаңаша 24 июльдегі бас мақала). Моральдық, материалдық күшті біріктірмейінше реформа мүмкін емес, дейді ол. Материалдық күш тек үкіметте ғана бар. Моральдық күш — земствошыларда, дейді.

Буржуазиялық көзқарастардың тамаша тұжырымы — земствошылар саясатын біздің талдауымыздың тамаша дәлелдемесі. Буржуа ұсақ-түйекті, халықты есінен шығарған, өздерінің еңбегімен буржуазияның бар байлығын жасап отырған, өздеріне күн мен ауа қандай қажет болса, сондай қажет азаттық үшін күресіп отырған ондаған миллион жұмысшылар мен шаруаларды есінен шығарған. Олар үкіметті жеңумен өздерінің «материалдық күшін» әлі көрсетпегендіктен буржуаның оларды ұмытуға правосы бар. Тарихта бірде-бір ірі мәселе «материалдық күштен» басқаша күшпен шешілген емес, сондықтан патша самодержавиесі, қайталап айтайық, халықты өзімен күш сынасуға шақырып, күресті өзі бастайды.

Франция буржуазиясы Россия буржуазиясына патшамен тезірек келісімге кел деп кеңес береді. Ол батыл күрестен қорқады, қатты қорқады. Халық жеңе қалған күнде, ұрланып өкімет басына ұмтылып отырған Петрункевич мырзаларды халық өкімет басына жібере ме, жоқ па — бұл әлі белгісіз! Жеңістің қаншалықты батыл жеңіс болатынын және оның нәтижелері қандай болатынын алдын ала есепке алу мүмкін емес,— буржуазияның қорқақтай соғуының бар себебі осы.

Пролетариат осы батыл күреске бүкіл Россияда әзірленіп жатыр. Ол күш жинап жатыр, ол осы уақытқа дейін сәтсіздікпен аяқталып келген, бірақ үнемі неғұрлым күшті жаңа шабуылдарға бастап келген әрбір жа-

ңа шайқастан сабақ алып, нығайып келеді. Пролетариат жеңіске қарай бара жатыр. Ол өзінің соңынан шаруаларды көтеріп отыр. Шаруаларға сүйеніп, ол буржуазияның тұрақсыздығы мен опасыздығын әлсіретеді, оның дәмегөйлерін ығыстырып шығарып, самодержавиені күшпен жапыштайды, қаргыс атқан крепостниктік тәртіптің барлық сарқыншақтарын орыс өмірінен түп-тамырымен жұлып тастайды. Ал сонда біздің халық үшін жеңіп алатынымыз буржуазияның саяси артықшылықтарын қамтамасыз ететін монархиялық конституция болмайды. Біз Россияга бүкіл езілген ұсақ халықтарга толық бостандық беретін, шаруалар мен жұмысшыларга толық бостандық беретін республиканы жеңіп әпереміз. Біз сонда социализм жолындагы, барлық еңбекшілерді қанау атаулыдан толық азат ету жолындағы ең үлкен және ең батыл күрес үшін пролетариаттың революциялық жігерін түгел пайдаланатын боламыз.

«Пролетарий» № 10
2 август (20 июль), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылган тексті бойынша басылып отыр

«ЖҰМЫСШЫЛАР ПАРТИЯНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ ТУРАЛЫ» [81] ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Біз «Көп жұмысшының ішіндегі бір жұмысшы» жолдастың хатын «Пролетарийде» (№ 8) толық басып шығарамыз деп уәде бергенімізде, оның кім екені жөнінде ешбір түсінігіміз жоқ еді. Біз оның айтқан ойларына көптеген жұмысшылардың қосылатынын білеміз, сондықтан оның хатын басып шығаруға ұйғару үшін осының өзі жеткілікті болды. Енді біз хат авторының «өзін бұрын азшылыққа қосқандығын», ол «көпшілік дейтіннің ежелгі қас дұшпаны» екенін «Искраның» 105-номерінен біліп отырмыз. Тіпті жақсы. Осы бұрынғы меньшевиктің «пролетарлық талапкерлік» жөніндегі ізгі ниеттердің «жылтыр сөздерге» айналғанын мойындағаны біз үшін сондай бағалы. Оның интеллигенттік «маниловшылдықты» батыл айыптауы сондай құнды. Мұның өзі — меньшевиктер демагогиясының, олардың алуан түрлі жақсылықтар: автономия, талапкерлік, демократизм, т. с. жөнінде оңды-солды берген уәделерінің — саналы жұмысшыларды мезі қыла бастауының, олардың заңды түрде сенімсіздік білдіруін және сынауын туғыза бастауының күмәнсыз белгісі, бұл осылай болуға тиіс те еді.

Әлі бірқатар жұмысшы меньшевиктерді «бұрынғы меньшевиктер» ететін, бұған біздің күмәнымыз жоқ, факті де,— Жұмысшының бұл хатын «Искраның» «төменнен сілтелген жұдырық» деп таңқан фактісі де — өте-мөте назар аударарлық нәрсе! Бұл факт жайында өте-мөте ойлануға тұрады.

Шынында да, бұл арада «жұдырықтың» қандай қатысы бар? Меньшевиктер соншалық сілікпесін шығарған осы бір «қорқынышты сөз» белгілі бір нақты ұйымдық ұғымды көрсете ме әлде интеллигенттік еркелікті байлап-матап ұстайтын берік ұйым атаулыға қарсы жай интеллигенттік өкінішті, қиқарлықты көрсете ме?

Хаттың авторы нені тілеп отыр? Жікке бөлінуді тоқтатуды тілейді. «Искра» бұл мақсатқа тілектес пе? Иә, мұны ол тура айтып отыр. Ол мұны дәл қазір жүзеге асыруды мүмкін деп есептей ме? Иә, мүмкін деп есептейді, өйткені ол: «жікке бөлмеуді ақтайтындай, алауыздық (тактикалық) онша зор емес» дейді.

Егер олай болса, онда тіпті «Искраның» «тек партия мүшелері үшін» жарияланған листоктарында және Плехановтың «астыртын» кітапшасында жауып тасталған «Земство науқанының жоспарын» еске түсіріп, «Искра» Жұмысшыға берген жауабында тактикалық алауыздықтарды қайта неге жаңғыртып отыр? Не үшін керек бұл? Айтыстар мен таластардың қажеттігін Жұмысшы да теріске шығарып отырған жоқ қой, мұны большевиктер де теріске шығармайды! III съезд қабылдаған партия уставы әрбір комитеттің әдебиет шығару правосын дәл анықтап берді ғой! Мәселе тактикалық алауыздықтардың жікке бөлінуге, яғни ұйымдық байланысты бұзуға апарып соқтырмауы үшін қалай ету керек екені туралы болып отырған жоқ па? «Искра» осы айқын қойылған сұрақтан іске қатысы жоқ тактикалық алауыздықтар туралы пікірлер арқылы неге *жалтарады?* Жұмысшы «жұдырығының» мәнісі іске қатысы жоқ мылжыңды болдырмауда болып отырған жоқ па екен?

Жікке бөлінуді тоқтату үшін оның тоқтауын тілеу аз. Мұны *қалай* істеуді білу керек. Жікке бөлінуді тоқтату дегеніміз — *бір* ұйымға бірігу деген сөз. Сондықтан кімде-кім жікке бөлінуді тоқтатуды шынымен жақындатқысы келсе, ол адам (Жұмысшының, сондай-ақ, мысалы, Плеханов та өзінің батпақта болған уақытынан бері қарай осымен шектеліп отырғанындай) жік жөнінде шағым айтумен, кінәлаумен, бетке басумен, айқай салумен, жаттанды сөздер айтумен шектелмеуге тиіс,— ол

адам осы ортақ, бірыңғай ұйымның үлгісін *жасап шығаруды* дереу қолға алуға тиіс.

Жұмысшы хатының нашар жері — атап айтқанда, автор жікке бөліну жөнінде *тек қынжылады* да қояды, ал *белгілі бір* ұйымдық нормаларды қолдану арқылы оны тоқтатуға тікелей ұсыныстар жасамайды. Осы кемшілікті түзетудің орнына, «Искра» жалпы ұйымдық ортақ нормаларды міндетті түрде мойындау жөніндегі Жұмысшының тек бір ғана *ойы* турасында «қатты үрейленгендіктен» «жұдырық!» деп айқайлап қоя беріп, сол кемшілікті *ұлғайта түсіп* отыр!! Жікке бөлінуді алауыздықтармен ақтауға болмайды, дейді Жұмысшы. Дұрыс, дейді «Искра» онымен келісіп. Демек, енді сондай мықты арқан есу керек (ай-ай! қалайша мен беталды оғаш сөйлеп отырмын! қандай «кулактық» идея десейші! Бірақ «Искрадағы» жолдастар, сәл сабыр етіңіздер, «буындырып тастайтын тұзақ» және тағы басқа сұмдықтар жөнінде талып қалып жүрмеңіздер!), бұл арқан екі жақты тас қылып байлап, тактикалық алауыздықтарға *қарамастан,* оларды байлаулы күйде ұстап тұрар еді,— дейді Жұмысшы.

Бұған «Искра» тағы да шала бүлініп жұдырық! деп, айқай салып жауап береді.

Ал біз бұған былай деп жауап береміз: дұрыс, Жұмысшы жолдас! Дұрыс айтып отырсыз. Жаңа, мықты арқан керек. Бірақ ілгері қарай жүріңіз, тағы бір қадам басыңыз: бұл арқан *дәл қандай* болуға тиіс, екі жақ үшін де *міндетті* (қарауыл! тағы да жұдырық!) *ортақ* ұйым *дәл қандай* болуға тиіс? міне осы жағын ойлай бастаңыз.

Жұмысшы жолдас өзінің *ұйымдық* ұсыныстарының айқындығы жағынан *онша* алысқа кеткен жоқ (өйткені, *егер* тактикалық алауыздықтардың жікке бөлінуге дәлел бола алмайтынын *екі жақ та* мойындаса, онда жікке бөлінуді тоқтату туралы мәселе тек ұйымдық мәселе болып табылады!),— ал «Искра» оны тым алысқа кетті деп біледі, оның алысқа кеткендігі сонщалық, «Искра» жұдырық туралы тағы да шу көтеріп отыр!!

Біз оқушылардан тағы да сұраймыз: шынында да, жаңа «Искраны» «есінен тандыра» қорқытады деуге бола-

тын осы атышулы жұдырық дегеніміздің мәнісі не? Бұл жұдырық белгілі бір ұйымдық идеяларды көрсете ме, әлде партияның барлық мүшелері үшін *міндетті әрбір* ұйымның *әрбір* «дәнекерлеріпен» қорқатын, тек күлкі келтіретін көзсіз интеллигенттік қорқынышты көрсете ме?

Бұл мәселені саналы жұмысшылардың шешуіне берейік те, ал өзіміз ілгері барайық.

Егер екі жағы да бірігуді шынымен тілейді деп жорамалдайтын болсақ, онда бірігудің шын қиыншылығы мынада. 1-ден, ұйымдық нормаларды, барлық партия мүшелері үшін сөзсіз міндетті партия уставын, жасау керек; 2-ден, партияның қатарлас, бәсекелес жергілікті және орталық ұйымдары мен мекемелерінің бәрін қосу керек.

Осы кезге дейін бірінші міндетті шешуге РСДРП III съезі *ғана* әрекет жасады, бұл съезд қандай болсын азшылықтың праволарына конституциялық кепілдік беретін устав жасады. III съезд партия ішіндегі әрбір азшылық үшін — программаны, тактиканы және ұйымдық тәртіпті мойындайтын әрбір азшылық үшін орын болуына, егер оны осылай орын деуге болатын болса, қамқорлық жасады. Большевиктер біртұтас партияда меньшевиктерге де белгілі орын берілуіне қамқорлық жасады. Меньшевиктер тарапынан біз мұны көрмей отырмыз: олардың уставы партия ішіндегі әрбір азшылықтың праволарына ешқандай конституциялық кепілдік бермейді.

Бірде-бір большевик III съезде қабылданған уставты өте жақсы, мүлде мінсіз деп есептемейді, бұл өзінен-өзі түсінікті. Кімде-кім оны өзгертуді қажет деп тапса, ол адам дәл белгіленген өзгертулердің жобасымен шығуға тиіс,— мұның өзі жікке бөлінуді тоқтату жөнінде *дұрыс* қадам жасау болады, мұның өзі шағым айтудан, кінә тағудан гөрі маңыздырақ нәрсе болады.

Бізге, бәлкім, былай дер: «конференцияның» уставы жөнінде осы істі өздеріңіз неге бастамайсыздар? Біз бұған оны бастадық деп жауап береміз: қараңыз: «Пролетарий» № 6, «Үшінші адым кейін» *. Біздің ойымыз-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер. *Ред.*

ша, қосылу үшін танылуы қажет *негізгі ұйымдық принциптерді* біз тағы да қайталауға әзірміз: 1) Азшылықтың көпшілікке бағынуы (тырнақшаға алынатын азшылықпен және көпшілікпен шатастырмау керек! әңгіме «азшылық» пен «көпшілікті» қосу туралы емес, жалпы партияның ұйымдық принципі туралы болып отыр, бұл жайында кейінірек сөз болады. Жалпылай айтқанда, «меньшевиктер» де, «большевиктер» де тепе-тең болып отырған күйде қосылуға болады деп ойлалық, бірақ азшылықтың көпшілікке бағынуының *принципі мен міндеттілігін* мойындамайынша мұндай қосылу да *мүмкін емес)*. 2) Партияның жоғарғы органы съезд, яғни барлық толық праволы ұйымдардан сайланғандардың жиналысы болуға тиіс, оның үстіне осы сайланғандардың шешімі ақырғы шешім болуға тиіс (мұның мәнісі — кеңесші конференциялардың негізіне және олардың шешімдерін ұйымдар бойынша дауысқа қоюға, яғни плебисцитке қарама-қарсы демократиялық өкілдік принципінің болуы). 3) Партияның орталық мекемесінің (немесе оның орталық мекемелерінің) сайлаулары төте болуға тиіс және съезде өтуге тиіс. Съезде болмаған сайлауға, екі сатылы, т. с. сайлауларға жол берілмейді. 4) Бүкіл партиялық әдебиет, жергілікті әдебиет болсын, орталық әдебиет болсын, партия съезіне де, партияның тиісті орталық немесе жергілікті ұйымына да сөзсіз бағынышты болуға тиіс. Ұйымдық жағынан партиямен байланысты емес партиялық әдебиеттің болуына жол берілмейді. 5) Партия мүшелігі жөніндегі ұғым әбден дәл анықталған болуға тиіс. 6) Әрбір партиялық азшылықтың праволары да партия уставында нақ сондай дәл белгіленген болуға тиіс.

Біздің ойымызша, сөзсіз міндетті ұйымдық принциптер осындай, бұларды мойындамайынша қосылу мүмкін емес. Біз бұл мәселе жөнінде «Көп жұмысшының ішіндегі бір жұмысшы» жолдастың және жалпы қосылуды жақтаушылардың бәрінің пікірін тыңдағымыз келеді.

Ал комитеттердің перифериялларға көзқарасы жөніндегі мәселе ше? сайлау негізі туралы мәселе ше? деп сұрар бізден. Біз бұған: сайлау негізін сөзсіз іске асыру ұсынылмай отырғандықтан, бұл мәселені негізгі

ұйымдық принциптер деп қарауға болмайды деп жауап береміз. Ал меньшевиктер мұны ұсынған жоқ. Саяси бостандық кезінде сайлау өткізу қажет болады, ал қазір мұны комитеттер үшін «конференцияның» уставы да енгізбей отыр. Перифериянық праволары мен өкілдіктерін белгілі бір түрде анықтау — принцип мәселесі емес (әлбетте, егер не туралы айтылса, соны іс жүзіне асыратын болса, егер демагогияға салынбаса, «жылтыр сөздерді» ғана айтумен болмаса). РСДРП үшінші съезі комитет пен периферия ұғымын дәл анықтауға, олардың арасындағы қатынасты анықтауға әрекеттенді. Белгілі бір өзгерістер, қосымшалар, қысқартулар жөніндегі ұсыныстардың қай-қайсысын болсын әрбір большевик әбден сабырлы түрде талқылаған болар еді. Біздің арамызда бұл мәселеде белгілі бір пункт жөнінде «ымыраға» келмейтіндер, менің білуімше, жоқ және III съездің протоколдары да осы пікірді растап отыр.

Осыдан кейінгі тағы да бір қиын мәселе: қатарлас ұйымдардың бәрін нақ қалай қосу керек? деген мәселе. Саяси бостандықтың тұсында мүшелерінің саны дәл анық партия ұйымдары белгілі болатындықтан мұны істеу жеңіл болар еді. Жасырын ұйымның тұсында бұлай болмайды. Мүшелікті анықтау кейде бұл мүшелікті жеңіл-желпі түсінген сайын, екінің бірінде демагогияға, сапасыздарды партияға өтірік енгізуге ұмтылған сайын әлдеқайда қиынға соғады. Біздің ойымызша, бұл қиыншылықтарды жеңу жолдары туралы мәселеде істің жайын жақсы білетін жергілікті жолдастардың пікірі шешуші дауыс болуға тиіс. Ұйым мүшелерін түрмеге, айдауға, шетелге «командировкаға» уақытша алып кету де — еске алуды керек ететін қиын жағдай. Сонан соң, орталық мекемелердің қосылуы да, әлбетте, аз қиыншылық туғызбайды. Бірыңғай басшы орталық болмайынша, бірыңғай орталық орган болмайынша партияның шын бірлігі болуы мүмкін емес. Бұл арада мәселе былай қойылып отыр: не сапалы жұмысшылар іс жүзінде партия азшылығы болып отырғандарды өздерінің көзқарастарын жергілікті комитеттердің органдарында, конференцияларда, съездерде, жиналыстарда, т. т. жұмысқа іріткі салмай жүргізуге («жұдырық» туралы бай-

балам салушылықтың ешқандайынан қаймықпай-ақ) мәжбүр ете алатын болады. Немесе саналы жұмысшы социал-демократтар қазір бұл міндетті орындай алмайды екен (жалпы айтқанда, олар бұл міндетті даусыз және сөзсіз орындай алады: бұған Россияның бүкіл жұмысшы қозғалысы кепіл),— онда бәсекелесуші орталықтардың арасында, бәсекелесуші органдар арасында қосылу емес, тек келісім жасасу ғана мүмкін болады.

Қорытындысында тағы қайталап айтарымыз: Жұмысшы жолдас және оның пікірлестері өз мақсаттарын шағыну мен айыптаулар арқылы, жаңа, үшінші бір партияларды немесе топтарды, үйірмелерді, т. т. (қазір Плехановтың партиядан тыс өзінің партиялық баспасын [82] құрып отырғаны сияқты бірдемені) құру арқылы жүзеге асыруға әрекеттенбеуі керек. Үшінші партия немесе жаңа топтар құру ісі тек қиындатып, шатастыра түседі. Қосылудың нақты шарттарын талдап жасауды қолға алу керек: партияның барлық топтары мен ұйымдары, барлық саналы жұмысшылар осыны қолға алатын болса, олар дұрыс шарттарды сөзсіз және күмәнсыз жасап шығара алады, жасап шығарып қана қоймайды, сонымен бірге партияның жоғарғы орнын да (жұдырық туралы байбалам салудан қаймықпай-ақ) осы шарттарға бағынуға мәжбүр ете алады.

Біз Жұмысшы жолдастың хатына қосымша РСДРП Орталық Комитетінің Ұйымдастыру комиссиясына жазған Ашық хатын жікке бөлінуді тоқтату мүмкіншілігі туралы мәселені дұрыс шешудің бірінші кіріспесі ретінде басып отырмыз.

«Пролетарий» редакциясы

Июль 1905 ж.

1905 ж. августа РСДРП Орталық Комитеті Женевада шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

БУЛЫГИН ДУМАСЫНА БОЙКОТ ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ КӨТЕРІЛІС

Россиядағы қазіргі саяси жағдай мынадай. Жақын арада Булыгин Думасының, яғни халық өкілдігі идеясын турадан-тура қорлайтын дөрекі цензді, сословиелік және төте емес сайлау правосы негізінде самодержавие үкіметі малайларының бақылауы және солардың жәрдемімен сайланған помещиктер мен ірі буржуазия өкілдерінің кеңесші жиналысының шақырылуы мүмкін. Осы Дума жөнінде біз өзімізді қалай ұстауымыз керек? Бұл сұраққа либералдық демократия екі түрлі жауап береді: оның сол қанаты, атап айтқанда, «Одақтар одағы», яғни көбінесе буржуазия интеллигенциясының өкілдері Думаға бойкот жариялау жағында, сайлауға қатыспау және бұл жағдайды жалпыға бірдей сайлау правосына негізделген демократиялық конституцияның пайдасына пәрменді үгіт жүргізу үшін пайдалану жағында. Оның оң қанаты, атап айтқанда, земстволық және қалалық қайраткерлердің июльде болған съезі немесе, дұрысырағын айтқанда, сол съездің белгілі бір бөлігі,— бойкотқа қарсы, сайлауға қатысуды, Думаға мүмкін болғанынша оз кандидаттарын көбірек өткізуді жақтайды. Рас, съезд бұл мәселе жайында әлі ешқандай шешім шығарған жоқ, мәселені келесі съезге қалдырды, ол съезд Булыгин «конституциясы» жариялағаннан кейін телеграфпен шақырылмақ. Бірақ либералдық демократия оң қанатының пікірі қазір-ақ белгілі болып қалды.

Революциялық демократия, яғни көбінесе пролетариат пен оның пікірін саналы түрде білдіруші, социал-демократия, жалпы алғанда және бүтіндей көтерілісті сөзсіз жақтап отыр. Тактиканың бұлай түрліше болуын либерал-монархияшыл буржуазияның органы «Освобождение» тап басып дұрыс аңғарды, оның соңғы (74) номерінде, бір жағынан, «қарулы көтерілісті ашықтан-ашық уағыздау» «ақылсыздық және қылмыс» болып табылады деп батыл айыпталып отырса, екінші жағынан, «практика жүзінде жеміссіз» деп бойкот идеясы сыналып отыр, сөйтіп конституциялық-«демократиялық» (монархияшыл деп оқы) партияның земстволық фракциясы ғана емес, сонымен қатар одақтар одағы да «өзінің мемлекеттік емтиханынан өте алады», яғни бойкот идеясынан бас тартады деген сенім білдіріліп отыр.

Мұнан саналы пролетариат партиясы бойкот идеясына қалай қарауы керек және халық бұқарасы алдына бірінші орынға қандай тактикалық ұран ұсынуы керек? деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, Булыгин «конституциясының» мәні және оның негізгі маңызы неде екенін еске түсіру керек. Оның мәні патша өкіметінің помещиктермен және ірі буржуамен келісімге келуінде; самодержавие үшін ешбір зиянсыз жай бір конституциялық садақамен помещиктер және ірі буржуа біртіндеп революциядан, яғни күресуші халықтан ажыратылуға, сөйтіп самодержавиемен ымыраласуға тиісті-міс. Біздің бүкіл конституциялық-«демократиялық» партия монархия мен жоғарғы палатаны сақтап қалуға (яғни еліміздің мемлекеттік құрылысында «жоғарғы топтағы он мың» байдың саяси артықшылықтары мен саяси үстемдігін күні бұрын қамтамасыз етіп қоюды) аңсап отырғандықтан, мұндай келісімнің мүмкін екенінде күмән жоқ. Ол ол ма: қалайда буржуазияның бір бөлегімен ерте ме, кеш пе, белгілі бір формада, осындай келісімнің болатындығы сөзсіз, өйткені капиталистік құрылыс тұсында буржуазияның таптық жағдайының өзі осыны істетеді. Мәселе осы келісімнің қашан және қалай болатынында ғана, сондықтан пролетариат партиясының барлық міндеті — мүмкіндігінше осы келісімнің жасалатын уақытын алыстату,

мүмкіндігінше буржуазияны бөліп тастау, буржуазияның халыққа уақытша арнаған үндеуінен революция үшін көбірек пайда тауып қалу, осы дәуірдің ішінде революцияшыл халықтың (пролетариат пен шаруалардың) күшін самодержавиені күшпен құлату үшін және сатқын буржуазияны ығыстырып, бейтарап етіп тастау үшін даярлау.

Шынында да, біздің талай рет айтқанымыздай, буржуазияның саяси жағдайының мәні мынадай: күресіп жатқан халықтың сыртынан тасалап барып, өкімет басына ұрланып келуді көздеген буржуазия адал делдалдық ролін атқаргысы келіп, патша мен халықтың екі арасында тұр. Сондықтан буржуазия сөзін бүгін патшаға арнаса, ертеңінде халыққа арнайды, біріншісіне — саяси жалдаптықтың «маңызды, іскерлік» ұсыныстарын жасаса, екіншісіне — бостандық туралы бос сөздерін айтады (июль съезіндегі И. Петрункевич мырзаның сөздері). Бізге буржуазияның халыққа арнап сөз сөйлегені пайдалы, өйткені оның халыққа арнаған бұл сөздері артта қалған қалың бұқараның саяси сезімінің оянуына, олардың саяси сауатының ашылуына материал береді, ал сол бұқараны социал-демократиялық үгітпен қамтуға тырысу әзірше бос қиял болар еді. Мейлі, буржуазия өте-мөте артта қалғандарды сергіте берсін, кей жерде топырақты қопсыта берсін,— біз сол топыраққа социал-демократия ұрығын жалықпай себе береміз. Батыста қай жерде болмасын самодержавиемен күресу үшін буржуазия халықтың саяси сана-сезімін оятуға мәжбүр болды, сонымен қабат ол жұмысшы табы арасына буржуазиялық теориялардың ұрығын себуге де тырысты. Біздің істейтін ісіміз — буржуазияның самодержавие жөніндегі қирату жұмысын пайдаланып қалу, жұмысшы табының социалистік міндеттері жайында және оның мүдделерінің буржуазия мүддесімен ымыраға келмейтіндей қас екені жайында оның үнемі көзін ашып, түсіндіріп отыру.

Қазіргі кезеңдегі біздің тактикамыз, біріншіден, бойкот идеясын қолдау болу керек екені осыдан айқын көрінеді. Осы бойкот туралы мәселенің өзі буржуазиялық демократияның ішкі мәселесі болмақ. Бұған жұ-

мысшы табы тікелей мүдделі емес, бірақ ол буржуазиялық демократияның революцияшылдығы басым жағын қолдауға сөзсіз мүдделі, ол саяси үгіттің кең өріс алып, күшейе беруіне мүдделі. Думаға бойкот жариялау дегеніміз — буржуазияның халыққа жар салуының күшейе түсуі деген сөз, оның үгітін өршіту, біздің үгітіміз үшін сылтауды көбейту деген сөз, саяси дағдарысты, яғни революциялық қозғалыстың қайнар көзін тереңдету деген сөз. Либерал буржуазияның Думаға қатысуы — оның қазіргі уақытта үгітінің пашарлағандығы, халықтан гөрі оның патшаға көбірек бет бұрғандығы, патша мен буржуазияның арасында контрреволюциялық келісімге келудің жақындағандығы.

Дау жоқ, Булыгин Думасы, оны тіпті «болдырмай тастаудың» сәті түспегеннің өзінде де, келешекте сөзсіз болатын саяси жанжалдарды өзі туғызады, оларды пролетариат қайткенде де пайдаланып қалуы керек, бірақ бұл — келешектің мәселесі. Үгіт және күрес мақсаты үшін буржуазиялық-чиновниктік Думаны пайдаланудан «безу» күлкі болар еді, бірақ қазір мәселе мұнда емес. Қазір буржуазиялық демократияның сол қанатының өзі бойкот жариялау жолымен Думаға қарсы тікелей, қолма-қол күресу мәселесін қойып отыр, сондықтан біз бұл секілді неғұрлым батыл тегеурінге жәрдемдесу үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Біз буржуазияшыл демократтарды, освобожденисшілдерді, өз сөзінен ұстауымыз керек: халыққа жар салу жайындағы олардың «петрункевичтік» құрғақ сөздерін мүмкін болғанынша кең таратып, осы құрғақ сөздерді іс жүзінде бірінші рет және аздап қана тексеретін нәрсе нақ осы Думаға бойкот жариялау керек пе, яғни оған наразылық білдіріп, халыққа үн қату керек пе, болмаса Думаны қабыл алу керек пе, яғни наразылық білдіруден бас тартып, тағы да патшаға барып, халық өкілдігін қорлаушылықты қабыл аламыз ба деген мәселе екенін көрсете отырып, халық алдында оларды әшкерелеу керек.

Одан соң, екіншіден, бойкот жариялау ісі селқостықпен сайлаудан құр шеттеп қалу болып шықпай, үгітті кеңейту және тереңдету мағынасында нақты пайда кел-

тіретін болу үшін біз барлық күшімізді салуға тиіспіз. Егер біз қателеспесек, Россияда жұмыс жүргізіп жатқан өз пікірлерін *белсенді* бойкот деген сөздермен білдіретін жолдастардың арасында бұл идея барынша кең жайылған сияқты. Енжарлық істеп, сайлаудан шеттеп қалушылыққа қарама-қарсы, белсенді бойкот дегеніміз — үгітті он есселеп күшейту, жер-жердің бәрінде жиналыстар өткізу, күшпен болса да сайлау жиналыстарына кіріп, оларды утилизациялау, демонстрациялар, саяси ереуілдер т. б. және т. с. жасау деген сөз болуға тиіс. Мұндай реттерде үгіттеу және күрес жүргізу мақсатымен біздің партиямыздың бірсыпыра шешімдерінде революциялық буржуазиялық демократияның белгілі бір топтарымен жалпы уақытша келісім жасауға жол берілгендігі өте-мөте орынды, бұл өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Бұл ретте біз, бір жағынан, буржуазиялық одақтастарымызды социал-демократиялық сынға алып отыруды бір минут та тоқтатпай, пролетариат партиясының таптық ерекшелігін бұлжытпай қорғап отыруымыз керек. Екінші жағынан, егер демократиялық революцияның қазіргі кезеңінде үгітімізде алдыңғы қатарлы революциялық ұран ұсына алмасақ, онда біз алдыңғы қатардағы таптың партиясы ретінде өз борышымызды орындай алмаған болар едік.

Бұл біздің тікелей қолға алатын және ең таяудағы үшінші саяси міндетіміз болып табылады. «Белсенді бойкот» дегеніміз, жоғарыда өзіміз айтқандай,— революцияшыл күштерді кең көлемде, екі есе жігермен, үш есе тегеуріцмен үгіттеу, жинау, ұйымдастыру деген сөз. Бірақ мұндай жұмыс * айқын, дәл, тура ұран болмайынша мүмкін емес. Тек қарулы көтеріліс қана осындай ұран бола алады. Нағыз халық өкілдігі жолында үгіт жүргізу үшін, бұл нағыз халық өкілдігін шақыру қазір (патшаның осыншалық алдауынан кейін және халықты осыншалық қорлауынан кейін) тек революциялық уақытша үкіметтің ғана қолынан келетіндігін, ондай үкіметті құру үшін қарулы көтерілістің жеңуі және патша өкіметінің іс жүзінде құлатылуы қажет екенді-

* Қолжазбада бұдан әрі: «оны біріктіріп, кезеңнің міндеттерін білдіретін» деген сөздер бар. *Ред.*

гін қалың бұқараға түсіндіру үшін үкіметтің дөрекі жалған «халық» өкілдігін шақыруы тамаша сылтау болады. Көтеріліс жасау үшін кеңінен үгіт жүргізуге мұнан артық қолайлы кезең табылады екен деп ойлауға болмайды және мұндай үгіт үшін революциялық уақытша үкіметтің программасы жөнінде де толық айқындық болуы қажет. Мұндай программа өзіміз бұрын белгілеген («Пролетарий» № 7, «Революциялық армия және революциялық үкімет») *алты* пункт болуға тиіс *: 1) бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру; 2) халықты қаруландыру; 3) саяси бостандық — бұған қайшы келетін барлық заңдарды дереу бұзу; 4) барлық езілген және толық правосыз халықтарға толық, мәдени және саяси бостандық беру. Басқа халықтардың бостандығы үшін күреспейінше, орыс халқы өзіне бостандық ала алмайды; 5) сегіз сағаттық жұмыс күні; 6) барлық демократиялық өзгерістерді, соның ішінде помещиктердің жерлерін конфискелеуге дейін баратын жер мәселесіндегі өзгерістерді қолдау және оны жүзеге асыру үшін шаруалар комитеттерін құру.

Сонымен: бойкот идеясын мейлінше жігерлі түрде жақтау; ол идеяны қабылдамай отырған буржуазиялық демократияның оң қанатының сатқындығын әшкерелеу; бұл бойкотты пәрменді ету, яғни үгітті мейлінше кең түрде өрістету; қарулы көтеріліс жасауды уағыздау, самодержавиені құлатып, революциялық уақытша үкіметті орнату үшін дереу жасақтар құруға және революциялық армия отрядтарын ұйымдастыруға шақыру; осы революциялық уақытша үкіметтің негізгі және сөзсіз міндетті программасын жұртқа тарату және түсіндіру; бұл программа көтерілістің туы болуға тиіс және Одесса оқиғалары келешекте қайталанатын реттердің бәріне үлгі болуға тиіс.

Саналы пролетариат партиясының тактикасы осындай болуға тиіс. Бұл тактиканы толық анықтау және оның бірыңғай болуына жету мақсатымен біз әлі «Исканың» тактикасына тоқталып өтуге тиіспіз. Ол тактика 106-номердегі «Қорғану ма әлде шабуыл ма» деген

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 362-бет. *Ред.*

мақалада баяндалған. Іске көшуге алғаш талаптанған бойда өзінен-өзі түсіп қалатын ұсақ-түйек, жеке алауыздықтарға тоқталмай-ақ, негізгі алауыздықтарды атап өтелік. Енжар бойкотты әділ кінәлай келіп «Искра» оған «көтерілістің ықтимал бастамасы» ретінде дереу «революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру» идеясын қарсы қояды. «Искраның» ойынша, біз «жұмысшылардың үгітші комитеттерін құру арқылы сайлау үгітін жүргізу правосын қолға түсіріп алуымыз» керек. Бұл комитеттер «халық өзінің уәкілетті революцияшыл депутаттарын министрліктің жобалары белгілейтін «заңды» шектен тыс өзі сайлауын ұйымдастыруды өздеріне мақсат етіп қоюлары керек», біз «революциялық өзін өзі басқару органдары жүйесімен елді жаппай қамтуымыз керек».

Бұл сияқты ұран түкке жарамайды. Мұның өзі жалпы алғанда саяси міндеттер тұрғысынан қарағанда былық болады, ал қазіргі саяси жағдай тұрғысынан қарағанда освобожденниешілдіктің диірменіне су құяды. Революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру, халықтың өзі өкілдерін өздері сайлауын ұйымдастыру көтерілістің *прологы* емес, *эпилогы*. Осы ұйымдастыру істерін жүзеге асыруды қазір, көтерілістен бұрын, көтерілістен тыс мақсат етіп қою алға сорақы мақсат қойғандық жәпе революцияшыл пролетариаттың санасын былықтыру болады. Әуелі көтерілісте жеңіп шығып (тіпті жеке бір қалада болса да), революциялық уақытша үкімет орнату керек, ал бұл үкімет көтеріліс органы ретінде, революцияшыл халықтың танылған көсемі ретінде революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыруға кірісе алатын болады. Көтеріліс ұранын революциялық өзін өзі басқару ұранының тасасында қалдыру немесе оны кейінге болса да ысыра тұру — әуелі шыбынды ұстап алып, сонан кейін оған шыбын өлтіретін дәрі себу керек деп ақыл берген сияқты болып шығар еді. Егер атақты Одесса күндерінде одессалық жолдастарға көтерілістің бастамасы ретінде революцияшыл армияны ұйымдастырмай, Одесса халқының өз уәкілдерін сайлауын ұйымдастырыңдар деп кеңес берсе, онда одессалық жолдастар бұл сияқты ұсынысты, әрине, күлкі етер еді.

«Право үшін күресуді» самодержавиемен күресудің бастамасы деп танымақ болған «экономистердің» қатесін «Искра» қайталап отыр. Көтеріліс ұранын «демонстрациялардың ең жоғаргы типі» деген теорияның тасасында қалдырып, «земство науқанының» сәтсіз «жоспары» душар болған сорға «Искра» да қайта айналып соғып отыр.

«Исканың» осы тактикалық қатесінің қайдан шыққанына тоқталып жататын орын бұл емес,— оны білгісі келгендер Н. Лениннің: «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» * деген кітапшасын қарасын. Бұл арада жаңа искралық ұранның освобождениелік ұранға қалай ауып кеткенін көрсетіп өту маңыздырақ. Көтеріліс жеңбей тұрып халықтың өз уәкілдерін сайлауын ұйымдастыруға әрекет жасау практика жүзінде түгелдей освобождениешілдердің пайдасына шығады, социал-демократтардың освобождениешілдердің соңында қалуына әкеледі. Самодержавиенің орнына революциялық уақытша үкімет келмейінше самодержавие жұмысшылар мен халыққа қандай да болсын халық сайлауы деген атқа лайық ешқандай сайлау өткізуге ырық бермейді (ал самодержавие тұсында «халық» сайлауы деген комедияға социал-демократия бармайды),— ал освобождениешілдер, земствошылар, жергілікті үкімет мүшелері сайлауды өткізіп, оны ұялмай-қызармай «халықтық» деп, «революциялық өзін өзі басқару» деп көрсетеді. Қазір либерал-монархиялық буржуазияның барлық позициясы: көтеріліске соқпай өтуге әрекет жасау, патша өкіметін халық жеңіп шықпай-ақ земство сайлауын халық сайлауы деп тануды самодержавиеге мойындату, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды шын революциясыз-ақ «революциялық» (петрункевичтік мағынада) «өзін өзі басқаруға» айналдыру. «Освобождениенің» 74-номерінде бұл позиция тамаша айтылған. Көтерілісті уағыздау армияны да, халықты да «аздырады» деп нандырмақ болатын қоян жүрек буржуазияның осы идеологынан асқан оңбағанды ойлап табу да қиын! Мұның өзі орыс адамы мен солда-

* Қараңыз: осы том, 1—139-беттер. *Ред.*

ты көтеріліс жасау арқылы ғана өздерін біржола азғындаудан сақтап қала алатынын, өздерінің азаматтар қатарында болу правосын дәлелдей алатынын тіпті соқыр адам да көретіндей кезде айтылып отыр-ау әлі! Буржуазияшыл Манилов бір ғана «қоғамдық пікірдің» қысымымен «үкіметтің, ақырында, одан әрі барар жері қалмағанға дейін үсті-үстіне кеңшілік жасай беруіне тура келеді де, сойтіп ол қоғам талап етіп отырған жалпыға бірдей, тең, тоте және жасырын дауыс беру негізінде сайланатын құрылтай жиналысына билікті (! жоғарғы палатамен қоса ма?) амалсыздан беретін болады...» деп өзінше бейне бір Аркадия рахатын суреттейді. «Биліктің қазіргі үкіметтен мемлекеттік және үкіметтік билікті жаңа негізде қайта құратын жалпы халықтық құрылтай жиналысына осылай бейбіт (!!) көшуіне мүмкін болмайтындай түк те жоқ». Және де жағымпаз буржуазияның осы данышпансымақ философиясы мынадай кеңес берумен толықтырылады: армияны, әсіресе офицерлерді өз жағымызға тартуымыз керек, «алдын ала айтып жатпай-ақ» халық милициясын құруымыз керек, «болашақ уақытша үкіметтің элементтері» ретінде жергілікті өзін өзі басқару органдарын (помещиктер мен капиталистердің деп оқы) ұйымдастыруымыз керек.

Бұл былықта да мән бар. Буржуазия *халық көтерілісінсіз* өкіметтің «бейбіт» жолмен өз қолына көшуін ғана тілейді, әйтпесе халық көтерілісі жеңіп кетіп, оның республика мен нағыз бостандықты орнатуы, пролетариатты қаруландыруы, миллиондаған шаруаларды көтеруі мүмкін ғой. Көтеріліс ұранын тасада қалдыру, онан сылтау айтып қашу, басқаларды да қашқақтату, «бастама» түрінде дереу өзін өзі басқаруды (Трубецкойлар, Петрункевичтер, Федоровтар және К° ғана кіре алатын басқару орындарын) ұйымдастыруға кеңес беру,— міне, буржуазияның революцияға опасыздық жасауына, «қарапайым халыққа» *қарсы* патшамен келісім жасауына (монархия және жоғарғы палата) керек нәрсе атап айтқанда нақ осылар. Сондықтан либерал маниловшылдық ақша қапшығының көкейтесті ойлары мен оның ең терең мүдделерін білдіріп отыр.

«Искраның» социал-демократиялық маниловшылдығы социал-демократтардың бір бөлегінің шала түсінушілігін ғана және олардың пролетариаттың бірден-бір революциялық тактикасынан — патша өкіметі бейбіт түрде кеңшілік жасайды-мыс, өзін өзі басқару ісі самодержавиені құлатпай тұрып-ақ жүзеге асады-мыс, көтерілістің прологы ретінде халық өзінің уәкілдерін сайлай алады-мыс дейтін буржуазиялық-оппортунистік жалған үміттерді аяусыз әшкерелеу тактикасынан — жалтарып жүргендігін ғана көрсетеді. Жоқ, нақ қазіргі жағдайда көтеріліс жасау қажет екенін біз айқын және батыл көрсетуіміз керек, тұп-тура көтеріліске (оның мезгілін, әрине, күні бұрын белгілемей-ақ) шақыруымыз керек, дереу революциялық армия ұйымдастыруға шақыруымыз керек. Осындай армияны мейлінше батыл, мейлінше кеңінен ұйымдастыру ғана көтерілістің прологы бола алады. Тек көтеріліс қана революцияның жеңіп шығуын іс жүзінде қамтамасыз ете алады,—оның бер жағында, әлбетте, жергілікті жағдайды жақсы білетін адам көтеріліске мезгілінен бұрын әрекет жасаудан әрқашан да алдын ала сақтандырып отырады. Тек нағыз халықтық, нағыз өзін өзі басқару орындарын шындап ұйымдастыру ғана жеңімпаз көтерілістің эпилогы бола алады.

«Пролетарий» № 12,
16 (3) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМДАРЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫНА ЕСКЕРТУ [63]

Редакциядан. РСДРП Орталық Комитеті партияның бірлігіне қаншалықты жігерлі тырысатыны оның осы номердегі Ұйымдастыру комиссиясына жазған Ашық хатынан көрініп отыр. Бірігу үшін ортақ ұйымдық негіз керек екенін ғана еске саламыз. Мұндай негіз бізге осы уақытқа дейін партияның үшінші съезінде қабылданған жәпе азшылықтың заңды праволарын сақтауға толық кепіл болатын РСДРП уставы түрінде ғана мәлім.

«Пролетарий» № 12,
16 (3) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

П. НИКОЛАЕВТЫҢ «РОССИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫНА ЕСКЕРТУ [84]

Бұл кітапша 6 августқа дейін жазылған. Енді Мемлекеттік дума құрылып та отыр. Жұмысшы табының және барлық дәулетсіз халықтың Дума мүшелерін сайлауға мүлдем правосы жоқ. Бай помещиктер мен көпестер Дума мүшелерін губерниялық сайламшылар арқылы сайлайды. Шаруалар тіпті губерниялық сайламшыларды да бірден сайламайды, ал болыстық жиналыстарда сайланатын уездік сайламшылар арқылы сайлайды. Сайлау бостандығы, баспасөз, жиналыс бостандығы мүлде жоқ. Полиция толық өкте[illegible]лып отыр. Думаның шешімдері үкімет үшін міндетті емес, ол тек кеңесші мәні бар шешімдерді ғана қабылдайды, яғни Думаның мүлдем ешқандай билігі жоқ.

1905 ж. 6 (19) августан кешірек жазылған

РСДРП Орталық Комитеті Женевада 1905 ж. сентябрьде шығарған кітапшада басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

М. Н. ПОКРОВСКИЙДІҢ «ПРОФЕССИОНАЛ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ЕСКЕРТУ [85]

Редакциядан. Біздің байқауымызша, «Освобождениешілдер жұмысқа кірісті» деген мақаланың авторы мен «Учитель» жолдастың арасындағы пікір алалығы «Учительдің» ойлағанынан әлдеқайда шамалы. Революциялық қозғалысқа көптен қатысып жүрген адамның түрлі бағыттардың саяси күресіне еті үйренеді, оның өз көзқарастары да айқындалады, сөйтіп ол, әлбетте, басқалардың да көзқарасы айқын болады деп ұйғаруға, жеке мәселе жөніндегі белгілі бір пікірдің (немесе пікірі жоқтықтың) негізінде басқаларды не ол, не бұл «партияға» қосуға бейім тұрады. Дау жоқ, үгітшіге халық жиналыстарында «саяси» көзқарастардың үстіне «педагогикалық» көзқарасты да еске алғаны, өзін тыңдаушылардың жағдайына қойып көргені, «соққылаудан» гөрі көбірек түсіндіргені және т. б. пайдалы. Шектен шығып кету қай кезде де жақсы емес, бірақ егер екінің бірін таңдауға тура келетін болса,— біз жұмсақ, тайғақ түрлаусыздықтан гөрі шеңбері тар, төзімсіз айқындықты артық көрген болар едік. «Озбырлықтан» қорқушылық бізден тек былжыр, ынжық жандарды ғана бездіреді. Кімде-кім «уытты» болса, ол «ғажайып освобождениешіл» туралы тияпақты және батыл саяси пікірлердің әбден әділетті екенін және оның өзі бұл кәдімгі освобождениешілді саяси тәжірибесінің кемдігінен ғана «ғажайып» деп санағанын оның өзі тез-ақ көреді

және өмір оған көрсетеді де. Ортаны білетіндігі себепті өте пайдалы пікір айтып отырған «Учитель» жолдас «өзекті өртейтін ақиқатты игерудің» тездігін өзі атап кетіп отыр.

«Пролетарий» № 13,
22 (9) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

«ЖҰМЫСШЫ» ЖОЛДАСТЫҢ СҰРАУЛАРЫНА «ПРОЛЕТАРИЙ» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ЖАУАБЫ [86]

Редакциядан. Жолдастың сұрауларына жауап береміз: 1) иә, бүкіл халықтық құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін басшылық та етеді, басқарады да; 2) бұл қатысу «контрреволюциялық әрекеттердің бәріне қарсы аянбай күресу және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау» (III съездің қарарынан) мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларды; 3) III съездің көтеріліс туралы қарарында «насихат және үгіт жүргізу арқылы пролетариатқа алдағы қарулы көтерілістің саяси маңызы *ғана емес,* оның практикалық-ұйымдастыру *жағы да* түсіндірілсін» деп тура айтылған. Мұның мәнісі: бұқараның санасын дамыта түсу керек, оларға көтерілістің саяси маңызын айқындап беріп отыру керек деген сөз. Бірақ бұл жеткіліксіз. Мұның үстіне, бұқараны қарулы күреске шақыру керек, қазірден-ақ қарулана бастау керек, революциялық армияның отрядтарына ұйымдаса бастау керек. Сонан соң біз хаттың авторына съезд бен конференцияның революциялық уақытша үкімет туралы қарарларын түсіндіруге Н. Лениннің: «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген тұтас бір кітапшасы арналғандығын айта кетуіміз керек. Ақырында, жікке бөліну жөнінде біздің айтарымыз: автордың ашынуы әбден орынды. Оған біздің беретін кеңесеміз: партия ұйымының бірыңғай ережелерін жалпыға танытуға тырысу керек, жоғарыдан төнген жұдырық туралы болсын, төменнен төнген жұдырық туралы болсын ешқандай интеллигент-

тік зар қағушылықтан қаймықпастан тырысу керек, астыртын жолмен емес, айла-шарғы жолдарымен емес, жаңа топтар немесе жаңа партия құрып емес, қайта ашық, тура РСДРП ұйымдары бірінің шеңберінде осыған тырысу керек.

«Пролетарий» № 13,
22 (9) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

«ПАТШАНЫҢ ХАЛЫҚПЕН ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ПАТШАМЕН БІРІГУІ»

«Пролетарийдің» 3 (16) августа шыққан 12-номерінде біз Булыгин Думасының таяуда шақырылуы мүмкін екені туралы айтып, социал-демократияның ол жөніндегі тактикасын талдадық *. Енді Булыгин жобасы заңға айналды, ал 6 (19) августағы манифест «Мемлекеттік думаның» «1906 жылғы январьдың жартысынан кешіктірілмей» шақырылатындығын хабарлады.

Россияда революция басталғанын, оның жеңуі үшін тайсалмай шайқасуға бел байлағанын Петербург жұмысшылары қан төгіп есте қалдырған күні — 9 январьдың дәл бір жылдығы кезінде, осы ұлы күннің дәл бір жылдығы кезінде, патша помещиктердің, капиталистердің, бастықтар алдында құрдай жорғалап бас июші ат төбеліндей бай шаруалардың мейлінше дөрекілікпен еңі айналдырылған, полицейлік електен өткізілген жиналысын шақырмақшы болып отыр. Патша осы жиналысты «халық» өкілдерінің жиналысы деп есептеп, онымен кеңеспекші. Ал бүкіл жұмысшы табы, барлық миллиондаған еңбекшілер мен өзінің шаруашылығы жоқтар «халық өкілдерін» сайлауға ешбір қатыстырылмайды. Тірі болсақ көрерміз: жұмысшы табы дәрменсіз деп санап отырған патшаның бұл есебі ақтала қояр ма екен...

Революцияшыл пролетариат әлі қаруланбай тұрғанда және самодержавиелік үкіметті жеңбей тұрғанда, патша үшін келер-кетері жоқ, оны еш нәрсеге міндеттемей-

* Қараңыз: осы том, 176—185-беттер. *Ред.*

тін, ірі буржуазияға тартып отырған осы садақасынан басқа ештеме күтуге де болмаушы еді. Егер соғыс туралы немесе бітім туралы мәселе үрейді ұшырып төніп келе жатпаған болса, осы садақаның өзі де, сірә, қазіргі кезеңде беріле қоймаған болар еді. Помещиктермен, капиталистермен кеңесіп алмайынша соғысты ессіздікпен соза берудің ауыртпалығын халыққа жүктеуге де, соғыс шығындарының ауыртпалығын байлардан алып, түгелімен жұмысшылар мен шаруаларға артудың шараларын қолдануға да самодержавиелік үкіметтің батылы бармайды.

Мемлекеттік дума туралы заң мазмұнының өзіне келетін болсақ, ол осылай болады-ау деген ең жаман үміттің өзін толық растап шықты. Бұл Дума іс жүзінде әлі шақырыла ма, жоқ па — белгісіз,— мұндай садақаларды қайтып алу қиын емес, мұндай уәделерді әрбір елдің самодержавиелік монархтары ондаған рет беріп, ондаған рет бұзған;— шақырылмай қалып жүрмесе, шақырылған күнде бұл болашақ Дума халық бұқарасы арасында самодержавиеге қарсы жүргізілетін шын кең саяси үгіттің қаншалықты орталығы бола алатыны белгісіз. Ал Мемлекеттік дума туралы жаңа заңның мазмұны біздің үгітіміз үшін, самодержавиенің *мазмұнын* түсіндіру үшін, оның таптық негізін әшкерелеу үшін, оның мүдделері мен халықтың мүдделері мүлдем ымыраласа алмайтынын ашу үшін, біздің революциялық-демократиялық талаптарды жұртқа таратып, түсіндіру үшін өте мол материал беретіндігіне,— бұған титтей де күмән келтіруге болмайды. 6 (19) августағы манифест пен заң қазір әрбір саяси үгітшінің, әрбір саналы жұмысшының қолдан тастамайтын кітабы болуға тиіс, өйткені ол — Россияның күллі әлеуметтік және саяси құрылысын кеулеп отырған барлық пасықтықтың, жексұрындықтың, тағылықтың, зорлықтың, қанаушылықтың шын «айнасы» десек, бұл асырып айтқандық болмайды. Бұл манифест пен бұл заңның әрбір сөзі демократиялық ой-пікірді, революциялық сана-сезімді оятатын өте толық, аса мазмұнды саяси түсініктер беру үшін әзір тұрған әңгіме желісі десе де болады.

Қоқысты қозғама — иісі шығады, деген нақыл сөз бар. Мемлекеттік дума туралы манифест пен заңды оқи бастасаң-ақ біреулердің үйіліп жатқан атам заманғы қоқысты дәл алдыңа әкеп қопарыстыра бастағандай сезінесің.

Самодержавие еңбекші халықтың ғасырлар бойы езгіде болуы, оның қараңғылығы, қорғалақтығы, экономиканың және басқа мәдениет атаулының тоқырауы арқасында сақталып келді. Осы негізде «патшаның халықпен, халықтың патшамен ажырағысыз болып бірігуі» туралы ілім, патшаның самодержавиелік өкіметі халықтың барлық сословиелері мен таптарынан жоғары тұр дейтін, кедейлер мен байларға бөлінушіліктен жоғары тұр дейтін, ол бүкіл халықтың жалпы мүдделерін білдіреді дейтін ілім толассыз өсіп, екіжүзділікпен таратыла берді. Міне енді ең жасқаншақ, ең бастапқы формада, «бүкіл орыс жерінен сайланып келген адамдармен» жай *кеңесу* түрінде әлгі «бірігуді» *іс жүзінде* көрсетуге әрекет жасалып жатыр. Ал сонымен не болды? Бақсақ, «патшаның халықпен бірігуі» халыққа кигізілген тұмылдырықтың мықтылығын қорғайтын чиновниктер мен полицейлер армиясының жәрдемі арқасында ғана мүмкін болады екен. «Бірігу» үшін халық аузын ашпайтын болуы керек. Екі сатылы сайлауға қатыстырылатын помещиктер мен капиталистер ғана «халық» болып саналады (олар әуелі уездер немесе қалалық участкелер бойынша сайламшылар сайлайды, ал сайламшылар Мемлекеттік думаның мүшелерін сайлайды). *Үй иесі*-шаруалар дворян жетекшілерінің, земство бастықтарының, полиция чиновниктерінің бақылауымен, солардың жәрдемімен, ақыл айтуымен *төрт сатылы* сайлаудың елегінен өткенде ғана халық санатына қосылады. Үй иесі-шаруалар әуелі болыстық жиналыстардың мүшелерін сайлайды. Сонан соң, болыстық жиналыстар болыстардан уәкілдер сайлайды, олар әр жиналыстан екі-екіден сайланады. Содан кейін болыстардан барған бұл уәкілдер губерниялық сайламшыларды сайлайды. Ақырында, шаруалардан барған осы губерниялық сайламшылар помещиктер мен капиталистерден (қала тұрғындарынан) барған губерниялық сайламшы-

лармен бірге Мемлекеттік думаның мүшелерін сайлайды! Губерниялық сайламшылардың жалпы санында шаруалар барлық жерде дерлік азшылық. Олардың әрбір губерниядан шаруалардың тек өз арасынан Мемлекеттік думаға бір ғана мүшені сайлауы, яғни 412 орыннан 51 орын (Европалық Россияның 51 губерниясында) қамтамасыз етілген.

Бүкіл қалалық жұмысшы табы, бүкіл деревня кедейлері, батырақтар, үйсіз шаруалар ешқандай сайлауға мүлдем қатыспайды.

Патшаның халықпен бірігуі деген сөз — патшаның помещиктермен, капиталистермен, оған қосымша ат төбеліндей бай шаруалармен бірігуі және барлық сайлауды полицияның өте қатаң бақылауына бағындыру деген сөз. Сөз, баспасөз, жиналыс, одақ бостандығы туралы бір ауыз сөз жоқ, ал мұндай бостандық болмайынша сайлау дегеніңіз тап-таза комедия болып шығады.

Мемлекеттік думаның ешқандай правосы жоқ, өйткені оның барлық шешімдері міндетті емес, ал тек кеңесші сипаттағы шешімдер болады. Оның барлық шешімдері Мемлекеттік кеңеске, яғни бәз-баяғы чиновниктердің қарап, мақұлдауына түседі. Мұның өзі чиновниктік және полицейлік үлкен үйге жанастырып тұрғыза салған ойыншық күркө ғана. Мемлекеттік думаның мәжілістеріне жұрт жіберілмейді. Мемлекеттік думаның мәжілістері туралы толық хабарлар мәжіліс жабық деп жарияланбаған күнде ғана баспасөз бетіне шығады, ал мәжілісті жабық ету үшін чиновниктік жарлық болуы, яғни қаралатын мәселені министрдің мемлекеттік құпия қатарына жатқыза салуы жетіп жатыр.

Жаңа Мемлекеттік дума — сол бұрынғы россиялық полицейлік участкенің кеңейтілген түрі ғана. Бай помещик пен фабрикант-капиталист (анда-санда бай шаруа) «кеңесу» үшін полицейлік участкенің (немесе земство бастығының, немесе фабрика инспекторының және т. с.) «ашық» мәжілістеріне жіберіледі; олардың император тақсырдың... әйтпесе околотка надзирателінің «инабатты қарауына» өз пікірлерін білдіруіне әрқашан правосы бар. Ал «қара халық» қала жұмысшылары мен

деревняның аш-жалаңаш кедейлері, әрине, еш уақытта ешқандай «кеңестерге» жіберілмейді.

Айырмашылық тек полицейлік учаскелердің көптігінде және оларда жабулы қазан жабулы жатunion жатататынында. Ал Мемлекеттік дума — жалғыз, енді оның сайлау тәртібі мен праволарының шегін жариялауға тура келді. Қайталап айтамыз, мұны жариялаудың өзі патша самодержавиесінің бүкіл оңбағандығын керемет әшкерелегендік болып табылады.

Халық мүдделерінің тұрғысынан қарағанда, Мемлекеттік дума — «халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық. Оның үстіне, осы қорлауын әдейі баса түскісі келгендей, Дурново мырзаның сөзі, Милюков мырза мен $К^{0}$-ның тұтқынға алынуы, Шарапов мырзаның қылығы сияқты фактілер қалқып шығып отыр. Реакцияшыл баспасөз сүйсіне құттықтаған Москваның жаңа генерал-губернаторы Дурново өзінің сөзінде Мемлекеттік дума туралы 6 августағы манифеспен және заңмен бірге 1905 жылы 18 февральда шығарылған «Сенатқа указды» бұзу туралы нақ сол 6 августа указ шығарған үкіметтің шын пиғылын аңғырттықпен айтып салды. 18 февральдағы указ жеке адамдардың мемлекеттік құрылысты жақсарту мәселелері жөнінде жобалар мен болжаулар белгілеуіне жол беретін. Земствошылар мен интеллигенция өкілдері осы указға сүйеніп, полиция төзе алатын жиналыстар, кеңестер, съездер өткізді. Енді бұл указ жойылды. Енді «мемлекеттік құрылысты жақсарту мәселелері жөніндегі жобалар мен болжаулардың» бәрі «Мемлекеттік думаны құрарда тағайындалған тәртіп бойынша» самодержавиелік үкіметтің өзінен «шығып отыруға» тиіс! Мұның мәнісі — үгітке тыйым салынды, жиналыстар мен съездерге тыйым салынды деген сөз. Мемлекеттік дума бар екен, басқа жерде беталды сөздің қажеті жоқ. Бұдан әрі ешқандай земство съездеріне төзе алмаймыз деп жариялаған Дурново мырза нақ осылай деді.

Біздің «конституциялық-демократиялық» (монархиялық деп оқыңыз) партияның либералдары тағы бір рет ақымақ болып қалды. Олар конституциядан дәмеленіп еді, оларға қазір конституцияны мазақ ету болып табы-

латын осындай мекеменің «шығуы» жөнінде қандай болсын конституциялық үгіт жүргізудің өзіне тыйым салып тастады!

Ал Шарапов мырза тіпті бөсе түсті. Ол өзінің үкімет қаржысына шығатын газетінде («Русское Дело» [87]) осы Дума «орынсыз» қылық көрсете қалса керек болады деп... Думаның мәжілісі болатын сарайда *казактарды* даяр ұстауға тура ақыл беріп отыр. Патшаның халықпен бірігуі үшін халық өкілдері патшаның тілегіне сай сөйлеуі керек, соған сай әрекет етуі керек. Әйтпесе казактар Думаны қуып жібереді. Әйтпесе — Думаға тіпті кірмей жатып-ақ, Думаның мүшелерін казактарсыз-ақ тұтқындауға болады. Сенбі күні, 6 августа, патшаның халықпен бірігуі жөніндегі манифест шықты. Жексенбі күні, 7 августа, освобождениешілдердің немесе «конституциялық-демократиялық» (монархиялық деп оқыңыз) партияның *самарқау* қанаты көсемдерінің бірі, Милюков мырза, қасындағы он шақты саяси әріптестерімен бірге Питердің түбінде тұтқынға алынды. Оларды «Одақтардың одағына» қатысқаны үшін қудаламақшы. Оларды жуық арада босатуы ықтимал, бірақ олар үшін Думаның есігін жауып тастау оп-оңай: оларды «тергеуге немесе сотқа тартылды» деп жарияласа болғаны!..

Орыс халқы конституционализмнің бастапқы бір кішкентай сабағын алып отыр. *Нақты жеңіп алынған* халық самодержавиесі болмайынша, сөздің, баспасөздің, жиналыстардың, одақтардың толық бостандығы болмайынша, жеке басқа қол сұққызбауды қамтамасыз етерліктей азаматтарды каруландыру болмайынша, халық өкілдерін сайлау туралы қандай заңның болсын құны көк тиын тұрмайды. Мемлекеттік дума дегеніміз халық өкілдігін қорлаушылық болып табылады деп біз жоғарыда айттық. *Халық самодержавиесінің* теориясы тұрғысынан бұл өзі сөзсіз осылай. Бірақ бұл теорияны самодержавиелік үкімет те, монархияшыл либерал буржуазия да (освобождениешілдер немесе конституциялық-монархиялық партия) мойындап отырған жоқ. Қазіргі Россияда біздің алдымызда *үш* саяси теория бар, ол теориялардың маңызы жайында біз әлі талай рет айтамыз. 1) Патшаның халықпен *кеңесу* теориясы (не-

месе, 6 августағы манифесте айтылғанындай, «патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі» теориясы). 2) Патшаның халықпен *келісу* теориясы (освобождениешілдер мен земство съездерінің программасы). 3) *Халық самодержавиесінің* теориясы (социал-демократияның, сондай-ақ жалпы революциялық демократияның программасы).

Кеңесу теориясы тұрғысынан қарағанда, патшаның кімді қаласа, сонымен ғана кеңесетіні, қандай әдісті қаласа, сондай әдіспен ғана кеңесетіні әбден заңды нәрсе. Ал патшаның кіммен және қалай кеңескісі келетінін Мемлекеттік дума тамаша айқын көрсетіп отыр, *Келісу* теориясы тұрғысынан қарағанда, патша халықтың еркіне бағынышты емес, онымен тек санасып отыруға ғана тиісті. Бірақ, атап айтқанда, қалай санасуы керек, қандай мөлшерде санасуы керек,— «освобождениелік» «келісу» теориясынан мұны қорытып шығару мүмкін емес, сондықтан нақты өкімет билігі патшаның қолында тұрғанда, «освобождениелік» буржуазия халықтың жеңісін халыққа қарсы пайдаланып қалғысы келетін тілемсектің немесе делдалдың бишаралық халіне душар болмай коймайды. *Халықтың самодержавиесі* тұрғысынан қарағанда, әуелі үгіт пен сайлаудың іс жүзіндегі толық бостандығын қамтамасыз ету керек, содан соң шын бүкіл халықтық құрылтай жиналысын, яғни жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланатын барлық өкімет билігі, толық, біртұтас, еш біреумен бөле-жарыспайтын өкімет билігі өз қолында болатын, іс жүзінде халықтың самодержавиесін білдіретін құрылтай жиналысын шақыру керек.

Біз, сонымен, Мемлекеттік дума жөнінде үгіт жүргізу жайлы ұранымызға (РСДРП ұранына) жетіп отырмыз. Сайлау бостандығын және құрылтай жиналысының қолында толық өкімет билігі болуын іс жүзінде кім қамтамасыз ете алады? *Революциялық армияға* ұйымдасқан, патша армиясындағы барлық еті тірілер мен барлық адалдарды өз жағына аударып алған, патшаның күштерін жеңген және патшаның самодержавиелік өкіметінің орнына *революциялық уақытша үкімет* орнатқан қарулы халық қана қамтамасыз ете алады. Мемле-

кеттік думаның құрылуы, бір жағынан, халықты өкілдік тәртібімен басқару болады екен деген пікірмен «алдандырады», ал, екінші жағынан, халық өкілдігінің мейлінше өрескел түрде өңін айналдырушылық болып табылады,— міне, осының өзі бұқараның арасында мейлінше кең революциялық үгіт жүргізу үшін сарқылмас мол мүмкіншілік туғызады, жиналыстар, ереуілдер, саяси стачкалар жасауға және т. т, тамаша сылтау болады. Бүкіл осы үгіттің ұраны: қарулы көтеріліс, дереу революциялық армияның жасақтары мен отрядтарын құру, патша өкіметін құлату және бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру үшін революциялық уақытша үкімет құру. Көтерілістің уақытын белгілеу, әрине, жергілікті жағдайларға байланысты. Біз революцияшыл пролетариатқа қазір көтеріліс уақытын біраз кейінге қалдыра тұру тиімді екенін ғана айта аламыз: жұмысшыларды қаруландыру ісі біртіндеп алға жылжып келеді, әскердің пиғылы барған сайын сенімсіз болып барады, соғыс дағдарысы шешілу қарсаңында тұр (соғыс немесе ауыр шартты бітім), жағдай осылай болып отырғанда көтерілісті бастауға мезгілінен бұрын әрекет жасау орасан зор зиянға соқтыруы мүмкін.

Қорыта келгенде, бізге енді жоғарыда белгіленген тактика ұранып басқа ұрандармен қысқаша салыстырып шығу ғана қалады. «Пролетарийдің» 12-номерінде бұдан бұрып айтқанымыздай, біздің ұранымыз Россияда жұмыс істеуші жолдастардың көпшілігі «белсенді бойкот» дегенді қалай түсінсе, соған тұп-тура сәйкес келеді. Өзінің 106-номерінде көтерілістің ықтимал бастамасы ретінде халықтың революциялық өзін өзі басқаруын және өз өкілдерін сайлауын дереу ұйымдастыруды ұсынған «Искраның» тактикасы мүлде қате. Қарулы көтеріліс жасау үшін және оның жеңуі үшін жеткілікті күш болмай отырғанда, халықтың революциялық өзін өзі басқаруы туралы сөз етудің өзі күлкілі нәрсе. Бұл— көтерілістің прологы емес, эпилогы. Мұндай теріс тактика «освобождениелік» * буржуазияға ғана пайдалы болар еді, 1-ден, бұл тактика көтеріліс ұранын револю-

* Қолжазбада бұдан кейін: «монархиялық» деген сөз бар. *Ред.*

циялық өзін өзі басқару ұранымен бүркейді немесе оны кейінге ығыстырады; 2-ден, бұл тактика либералдық буржуаға *өздерінің* (земстволық жэне қалалық) сайлауын халық сайлауы деп көрсетуді жеңілдеткен болар еді, өйткені өкімет билігі патшаның қолында тұрғанда халық сайлауының болуы мүмкін емес, ал Дурново мырзалардың үрейлендіруіне қарамастан, либералдардың земстволық жэне қалалық сайлауларды өткізуі әлі мүмкін нэрсе.

Пролетариат Думаның сайлауына қатысудан шығарылып тасталды. Дұрысына келгенде, пролетариаттың Думаға бойкот жасайтын түгі де жоқ, өйткені осы патшалық Думаның өзі өзінің құрылуымен пролетариатқа бойкот жасап отыр. Бірақ пролетариатқа буржуазиялық демократияның, саудагершілікке емес, революциялық эрекеттерге бейім, Думаға бойкот жасауға, сол Думаға қарсы наразылық білдіру үшін халық ішінде пэрменді үгіт жүргізуге бейім бөлегін қолдағаны тиімді. Буржуазиялық демократияның өкілдері Думаға бойкот жасау туралы сөз етіп отырғанда (земствошылардың июльдегі съезінде бастапқы дауысқа қоюда бойкот жасауды тіпті *көпшілік* жақтап шыққан), патшаға емес, халыққа арнап жар салу туралы көпіре сөйлеп (И. Петрункевич мырзаның нақ сол съездегі сөзі), ал іс жүзінде халықтың талаптарын тағы да қорлауға қарсы шын мағынасында наразылық жасамай қалдыруға, кеңінен үгіттеусіз қалдыруға эзір тұрғанда, Думаға бойкот жасау туралы пікірді тастап, Думаға кіруге эзір тұрғанында, пролетариат буржуазиялық демократияның осы бірінші опасыздығын немесе дэйексіздігін елеусіз қалдыра алмайды. Бойкот жасау идеясына қарсы күресуге жұмылып отырған жария либералдық баспасөз бетіндегі мақалаларда (мэселен, 7 августағы «Русьті»[88] қараңыз) жиі кездесетін жалған сөздерге пролетариат тойтарыс бермей отыра алмайды. Либерал газетші мырзалар бейбіт жолдың мүмкіндігіне, «бейбіт пікір таласы» мүмкіндігіне сендірмек болып, халықты аздырып жүр (ал Милюков Шараповқа қарсы неліктен «бейбіт» күресе алмады екен, мырзалар, э?). Земствошылар «земство бастықтарының жэне жалпы жергілікті экімшілік тарапы-

нан шаруа сайлаушыларға жасайтын ықпалды белгілі мөлшерде (!) сөзсіз әлсірете алады (!!)» («Русь», сонда), деп мәлімдеп либерал газетші мырзалар халықты алдап жүр. Мемлекеттік думаны Бисмарк тұсында болған (1863 ж.) [89] бюджет жанжалы дәуіріндегі Пруссия палатасымен салыстырып, либерал газетшілер бұл Думаның орыс революциясы барысындағы маңызын түбірімен бұрмалап отыр. Шынында, егер салыстырады екенсің, онда мысалға конституциялық дәуірді емес, конституция үшін күресу дәуірін, революцияның басталу дәуірін алу керек. Басқаша істеу деген сөз — революцияшыл буржуазияның дәуірінен реакциямен ымыраласқан буржуазияның дәуіріне тура аттап өткендік болып шығады. (Біздің Петрункевич мырзалар мен «бұрынғы революционер» — кейінгі министр Андрашидің ұқсастығы туралы «Пролетарийдің» 5-номерін салыстырыңыз *.) Мемлекеттік дума *1847 жылы* 3 февральда, революциядан бір жыл бұрын, құрылған пруссиялық «Біріккен ландтагқа» (сеймге) ұқсайды. Пруссиялық либералдар да ол кезде осы кеңесші помещиктік палатаға бойкот жасамақшы болды, бірақ бұдан ештеңе шығара алмай, халықтан: «Annehmen oder ablehnen?» («Қабылдау керек пе, әлде қабылдамай тастау керек пе?» — буржуазиялық либерал Генрих Симонның 1847 жылы шыққан кітабының аты) деп сұрады. Пруссиялық Біріккен ландтаг жиналды (бірінші сессиясы 1847 ж. 11 апрельде ашылды, 1847 ж. 26 июньде жабылды), сөйтіп конституционалистер мен самодержавиелік өкіметтің арасында бір қатар жанжалдарға әкеп соқтырды, бірақ *Берлин пролетариаты бастаған революцияшыл халық 1848 жылғы 18 марттағы көтерілісте* корольдің әскерлерін жеңгенге дейін ол өлі мекеме болып қала берді. Сонда барып Мемлекеттік думаның... яғни Біріккен ландтагтың аяғы аспаннан келді. Сонда барып біршама үгіт бостандығы жағдайында жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде өкілдердің халықтық жиналысы шақырылды (бірақ, амал не, мұны революциялық үкімет емес, Берлиннің ер жүрек жұмысшыла-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 316—321-беттер. *Ред.*

ры «біржолата жайратып салмаған» король шақырды).

Революцияның буржуазиялық сатқындары іштен өлі туған осы Мемлекеттік думаға мейлі бара берсін. Россия пролетариаты біздің орыстық 1848 ж. 18 мартты (немесе ең жақсысы: 1792 жылғы 10 августы) тудыру үшін үгітті пәрменді жүргізуді және оны әзірлеуді қолға алады.

«Пролетарий» № 14,
29 (16) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ҚАРАЖҮЗДІКТЕР ЖӘНЕ КӨТЕРІЛІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Нижний Новгород пен Балашовтағы [90] оқиғалар өзіне жалпы жұрттың назарын аударды. Бұдан бұрынғы номерде біз Нижний Новгородтағы қырғын туралы толық әңгіме басқанбыз, бұл номерде Балашовтағы қырғын туралы әңгіме басып отырмыз. Қаражүздіктердің сойқандығы барған сайын өрши түсуде. Революциялық дамудың жалпы барысында бұл құбылыстың қандай маңызы бар екеніне социал-демократияның назар аударуы керек. Самарадан алынған корреспонденцияға қоса РСДРП Борисоглебск тобы шығарған тағы бір назар аударарлық листок мынау:

«Борисоглебск қаласының жұмысшылары мен тұрғындары! Балашов пен Нижний Новгород оқиғалары, бұл оқиғалар кезінде полицияның өзгеше пікірдегілердің бәрін соққыға жығуды ұйымдастыруға шебер екенін көрсетуі, революция біздің алдымызға тартқан кезеңнің мейлінше елеулілігін көрсетіп отыр. Бос сөз бен құрғақ сынның мезгілі өтті. Үкімет өзінің әрекетімен бізді сөзден іске көшуге итермелеп отыр. Осыған дейін революциялық қозғалысқа қарсы күресумен тек полиция және жандармерия ғана айналысып келген болса, енді революциялық қозғалыстың бұл жағдайдан шыққанын үкімет көріп отыр. «Ішкі жауға» қарсы күресте ішкі істер министрлігінің тұрақты әскерлерінің жетпейтінін үкімет сезді. Россия империясының барлық халқы «ішкі жау», «бүлікші» болып алды, сондықтан үкімет тұрақты армияның қатарына волонтерлерді-еріктілерді ала бастауға мәжбүр болды. Ал жалаң аяқтарды, бұзақыларды, тархандарды, ешқандай бюрократтық тежеу дегеннен іркілмейтін — солар сияқтыларды «мемлекеттік қызметке» жаппай ала бастап, біздің үкімет бұқараға ықпал жасаудың ежелгі тәсілдерін де, революцияға қарсы тікелей күресудің ежелгі астыртын

тәсілдерін де өзгертуге мәжбүр болды. Неден жарақаттансаң, сонымен емдел деген. Бұған дейін біздің үкімет баспасөзге қарсы күресіп қана келіп еді. Енді оның өзі «Московские Ведомостиде», «Русское Делода», «Гражданинде», «Днода» және басқа ресми органдарда прокламациялар баса бастады. Бұған дейін біздің үкімет үгітшілерді қудалап қана келіп еді. Енді оның өзі архиерейлерді, генералдарды, Шараповтарды, Грингмуттарды және басқа үгітшілерін халық арасында үгіт жүргізуге жұмсайтын болды. Бұған дейін біздің үкімет ұйымды тұншықтырып қана келіп еді. Енді оның өзі орыс адамдарының одақтарын, патриоттар лигаларын, монархистер одақтарын ұйымдастырып отыр. Бұған дейін біздің үкімет көтеріліс туралы ойласа-ақ зәрессі кететін. Енді оның өзі қаражүздіктердің көтерілісін ұйымдастырып отыр, оның өзі азамат соғысып бастауға үміттенеді. Болашақ революциядан зәресі ұшқан үкімет сол революцияның қаруын: ұйымдастыруды, насихатты, үгітті қолына алып отыр. Екі жүзі бірдей өткір осы қарудың көмегімен, қаражүздіктердің жәрдемімен үкімет халықтың ашынуы сияқты, контрреволюция сияқты көріністер жасай бастады. «Тырнақалдысын» шет аймақтарда байқап көрген ол енді Россияның орталығында да сойқандық жасай бастады. Жақында біз осындай оқиғалардың Нижний мен Балашовта болғанын көрдік және де бұл жерлерде де самодержавие нәтижеге жетпеді деуге болмайды. Күрестің «революциялық» тәсілдері іс жүзінде жарамды болып шықты: самодержавиенің көптеген жаулары өлтірілді және соққыға жығылды, ал халық біздің үкіметтің бұл заңды террорынан шошынайын деді.

Осыдан кейін эксперименттің бұдан әрі де етек ала түсетініне күмән жоқ. Қайсыбір қаражүздіктердің даңқын естіген соң, екінші бір қаражүздіктер өз күшін сынап көрмейінше тыным таппайды. Революция бар жерде контрреволюция да бар, ендеше, қаражүздік бағыттың үздік өкілдерінің ұйымдастырушылық қабілетін өз тәжірибесінде байқап көруге Борисоглебскінің де әзірленуі керек. Борисоглебскіде де еврей қырғыны да, жұмысшы қырғыны да, интеллигенттер қырғыны да болады деп күтуге біздің дәлеліміз бар, сондықтан үкіметтің революциялық қозғалысты жаныштап тастауға тырысатын барлық «құпия шараларына» тиісті тойтарыс беруге әзірленудің қамын істеп, Борисоглебск тобы қарулы қорғаныс ұйымдастыруға қаражат жинауды бастай отырып, үкімет пен қаражүздікке тілеулес еместердің бәрін қорғаныс үйірмелері ұйымдарына қаржымен, қаруымен жәрдемдесуге шақырады».

Шынында да, азамат соғысын халыққа үкіметтің өзі таңғалы отыр. Шынында да, «жалаң аяқтар, бұзақылар мен тархандар» мемлекет қызметіне алынып жатыр. Осындай жағдайда көтерілісті уағыздаудың қылмыс жасау, ессіздік екені туралы, қорғаныс ұйымдастырудың

зияндылығы туралы («Освобождениенің» 74-номері) освобожденниешілдердің буржуазиялық сөздері шектен шыққан саяси азғындық қана емес, самодержавиені ақтап шығу және (іс жүзінде) «Московские Ведомостиге» құлшылық ету ғана болып қоймайды. Жоқ, тек бұл ғана емес, бұл сөздер революциялық қозғалыстың өзі аяусыз «өмірден ысырып» тастайтын, өзінің ең лайықты орнына — көне заттар архивіне тапсыратын освобождениешіл өлекселердің жай сүлесоқ күңкілі. Көтерілістің қажеттігі туралы теориялық таластар жүргізуге болады және жүргізілуіне тиіс, бұл мәселе жөніндегі тактикалық қарарларды мұқият ойластырып, қарастыру қажет, бірақ осылардың бәрімен әуестеніп кетіп, қаншама данасынғанмен істің стихиялық барысы бұзыпжарып өзіне жол салатынын ұмыт қалдырмау керек. Орыс өміріндегі ғасырлар бойы жиналған аса терең қайшылықтардың бәрі ырық бермес күшпен дамып келе жатқанын, өмір сахнасына халық бұқарасын шығарып, бейбіт прогресс туралы жансыз, өлі ілімдерді күл-қоқыстың үйіндісіне сыпырып тастап отырғанын ұмытуға болмайды. Оппортунист атаулылардың бәрі бізге өмірден үйреніңдер деуді жақсы көреді. Бірақ, амал не, олар бейбіт кезеңдердің батпағын ғана, өмір әрең ілгері жылжыған тоқыраушылық кезеңдерді ғана өмір деп түсінеді. Осы су қараңғы соқыр жандар *революциялық* өмір сабағынан әрқашан *артта қалып отырады*. Олардың өлі доктриналары өмірдің ең көкейтесті тілектерін көрсететін, халық бұқарасының неғұрлым түбегейлі мүдделерін қозғайтын революцияның күшті тасқынынан әрқашан кейін қалып қоя береді.

Қараңыздаршы, мысалы, көтеріліске заговорлық көзқарастың қауіптілігі туралы, оның қажеттігіне тар шеңберлі «якобиншілдік» баға берушілік туралы, материалдық күштің болашақ саяси оқиғалардағы маңызы мен ролін асыра бағалаушылық туралы социал-демократияның кейбір бөлегінің безектеп зар қағуы енді, өмірден осындай тағылым алып отырғанда, қандай күлкілі десеңші. Бұл зар қағу көтерілістің өзі халықтың нағыз және өмірлік тілегі болып отырған кездің, «заговор» атаулының бәрінен өте-мөте аулақ тұратын бұ-

қараның өзі қаражүздіктердің сойқандықтарын көріп, көтеріліске қосыла бастаған кездің нақ қарсаңында шығып отыр. *Жаман доктринаны жақсы революция тамаша түзетіп жатыр.* Арнаулы әскери кітапшада революцияның соғыс мәселелері талданатыны, күндізгі және түнгі атакалар туралы мәселеге дейін талданатыны жайында немесе көтерілістің штаб-пәтерлері туралы, қандай да болсын қырғын туралы, «дұшпанның» қандай да болсын қимыл-әрекеті туралы дер кезінде біліп отыра алатын біздің жауынгер күштерімізге, ұйымдасқан революцияшыл пролетариатқа дер кезінде тиісті бұйрықтар бере алатын ұйымның «кезекші» мүшелерін тағайындау туралы ойластыруға тура келетіні жайында жаңа «Искраның» бетінен азусыз, тура бурениндік кекесіндерді [91] (әлде мысқылды ма?) оқуларыңызға болады. Ал нақ сол кезде, шетелдегі меньшевиктердің өлі доктринасын бейне бір келемеж еткендей, орыс меньшевиктерінің әрекеттерін көріп отырмыз. Біз Екатеринослав туралы оқимыз («Пролетарийдің» 13-номерін қараңыз), онда қызу оқиғалар кезінде (қаражүздіктердің қырғынын күтіп еді! Россияда осы сияқты бірдемені күтпейтін қала немесе поселке қазір бар ма екен, сірә?) большевиктер меньшевиктермен де, Бундпен де келісім жасады делінген. «Қару-жараққа қаржының ортақ жиналуы, қимыл жасаудың ортақ жоспары және т. т.». Ал бұл жоспардың қандай жоспар екенін мынадан көреміз: мысалы, Брянск заводында социал-демократтар жұмысшылардың 500 адам жиналған митингісінде тойтарыс беруді ұйымдастыруға шақырған. «Бұдан кейін Брянск заводының ұйымдасқан жұмысшылары кешке кейбір үйлерге пәтерге орналастырылды; күзетшілер тобы қойылды, бас штаб тағайындалды және т. т.,— қысқасы, біз толық жауынгерлік әзірлікте болдық» (айта кетейік, жоғарыда аталған үш «ұйымның әрқайсысының бас штабтарының тұрған жерлерін» біріне-бірі хабарлап отырды).

Жаңа искрашыл публицистер өздерінің практик-жолдастарын,.. мысқыл етеді!

Түнгі атакалар және сол сияқты тар шеңберлі тактикалық соғыс мәселелері туралы мәселе жөнінде сіздер

қаншама жиреніп мұрын тыжырайтқаныңызбен, мырзалар, қауырт соғыс әрекеттері бола қалған күнде ұйымның кезекті секретарьларын немесе тегі ұйым мүшелерін тағайындау «жоспары» жөнінде қаншама қалжақтағаныңызбен,— өмір өз дегенін істетеді, революция сіресксн педанттарды ширатып, сілкіндіріп, үйретіп отырады. Соғыс мәселелерін, ең ұсақ-түйегіне дейін, азамат соғысының үстінде үйренуге *тура келеді,* сондықтан жұмысшылардың бұл мәселелерге зейін қоюы — өте заңды және барынша орынды құбылыс. Бас штабтарды (немесе ұйымның кезекші мүшелерін) ұйымдастыруға *тура келеді.* Күзетшілер топтарын қою, отрядтарды пәтерлерге орналастыру — осының бәрі де бірыңғай әскери міндеттер, осының бәрі де *революциялық армияның* бастапқы қимылдары, осының бәрі де қарулы көтерілісті ұйымдастыру болып табылады, осындай шағын әзірліктерде, осындай жеңіл-желпі соқтығыстарда ер жетіп, нығайып отырған, өз күштерін сынап, соғысуға үйреніп, жеңіске,— жеңіс болғанда жалпы саяси дағдарыс неғұрлым терең болған сайын, патша армиясының қатарында толқушылық, наразылық және қобалжу неғұрлым күшті болған сайын, соғұрлым жақын, соғұрлым кәміл жеңіске әзірленіп отырған *революциялық өкіметті* ұйымдастыру болып табылады.

Екатеринославтағы және Борисоглебскідегі жолдастардан бүкіл Россиядағы социал-демократ жолдастар барған сайын кең көлемде үлгі алуға тиіс және үлгі алады да. Ақшамен де, қарумен де жәрдем көрсетуге шақыру нағыз мезгілінде істеліп отыр. «Жоспар» атаулыны, тіпті революция идеялары атаулыны мүлдем жат санайтын, полицияның, казактардың және қаражүздіктердің қарусыз азаматтарға істеген айуандықтарын көргенде қарулы күрестің қажеттігін *көретін, сезетін* адамдардың саны барған сайын өсе береді, өсе бермекші де. Таңдайтын жол жоқ, қалған жолдардың бәрі жабық. Қазір Россияда болып жатқан оқиғалардан тебіренбеуге, соғыс туралы және революция туралы ойламауға болмайды, ал кімде-кім тебіренетін болса, ойлайтын болса, зейін қоятын болса, ол — қарулы лагерьлердің не онысына, не мұнысына шығуға *мәжбүр бола-*

ды. Сіздің әрекеттеріңіздің мейлінше бейбіттігіне, ұсақ-түйегіне дейін жариялылығына қарамастан, сізді сабайды, мертіктіреді, өлтіреді. Революция бейтараптар дегенді танымайды. Күрес қазір тұтанды да. Күрес өліспей беріспейтін жағдайда жүріп жатыр, бұл — құлдықтың, крепостниктіктің, самодержавиенің ескі Россиясы мен жаңа, жас, халықтық Россияның, кейін адамзатты езушілік атаулыдан, қанаушылық атаулыдан толық азат ету жолындағы тағы да күрес бастау үшін жарық сәулеге, бостандыққа ұмтылған еңбекші бұқара Россиясының арасындағы күрес.

Қарулы халықтық көтеріліс жақындай түссін!

«Пролетарий» № 14,
29 (16) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

«КАВКАЗ МЕНЬШЕВИКТЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗД ЖӨНІНДЕГІ ПІКІРІ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА РЕДАКЦИЯЛЫҚ СОҢҒЫ СӨЗ

Редакциядан. Бұл мақаланы РСДРП Кавказ одағының органынан алып баса отырып («Борьба Пролетариата»[92] № 1, орыс тілінде; армян тілінде 6-номері, грузин тілінде 9-номері шықты), біз өз тарапымыздан мынаны айта кетеміз: Кавказ меньшевиктері съезді (жаңа «Искраның» рухында) бет алды балағаттап қана емес, партияның анық белгілі комитеттерінің өкілдігіне қарсы дауласуға тырысып бірінші болып дерлік баспасөз бетінде әрекет жасап отыр. Кавказ одағы өзінің органында, меньшевиктердің дәлелдерін байыпты және тиянақты түрде бекерге шығара отырып, РСДРП III съезінің толық заңды екенін, меньшевиктер қарсы болып отырған бес мандат тіпті жарамсыз деп танылған күнде де толық заңды екенін тамаша дәлелдеді.

«Пролетарий» № 14,
29 (16) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

«ЛИБЕРАЛ» ЗЕМСТВОШЫЛАР ӘЛДЕН-АҚ ШЕГІНШЕКТЕГЕНІ МЕ?

Біз жаңа ғана либерал-буржуазиялық 8 (21) августағы «Франкфурт Газетінен» оның Петербургтегі тілшісінің июль съезінің шешімі бойынша Булыгин жобасы жарияланысымен шақырылмақшы болған және августың аяғында шақырылатын болып қойған земство және қала қайраткерлерінің съезі *болмайтын болды* деген хабарын оқыдық. Сіздер қалай деп ойлайсыздар, бұл неліктен? Мұның себебі: патша 1905 жылы 18 февральда өзінің сенатқа берген указын 6 августа бұзды![93] Тілші тағы былай дейді: «Земствошылардың мүлдем түсініксіз *(?? «Пролетарийдің» редакциясы)* бұл қорқақтығына мұндағы саяси топтар жаппай таңқалуда, өйткені қазіргідей кезеңде жұрт земствошылардан мұндай болжырлықты күте қоймаған еді. Сондықтан менің жіберген хабарыма әлі толық сене қоймайды және бұған әзірше сақтықпен қарайды». Либерал буржуйларды үкіметтің өз жағына тартуы және оларды «революция ісінен жалт беруге» көндіруі қиын емес деп біз әлдеқашан айтқан болатынбыз.

«Пролетарий» № 14,
29 (16) август, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

МОНАРХИЯЛЫҚ БУРЖУАЗИЯНЫҢ СОҢЫНДА БОЛУ КЕРЕК ПЕ ӘЛДЕ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫ БАСТАУ КЕРЕК ПЕ?

Социал-демократияның Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі тактикасы революциялық күрестің барлық басқа мәселелерінің ең басында әлі де күн тәртібінде тұр. Бұл тактика жөнінде РСДРП-ның оппортунистік қанаты («Искра») мен революциялық қанатының («Пролетарий») арасында көрініп отырған алауыздықтарды барынша мұқият талдау керек; талдағанда мұның өзі біреуді біреу іліп-шалып (кейде ұрыс-керіске айналып кететін) айтысу мақсатымен емес, мәселені толық анықтап алу және мүмкін қадерінше дәл, тиянақты, бірыңғай ұрандар белгілеуде жергілікті қызметкерлерге көмектесу мақсаты үшін істелуге тиіс.

Ең әуелі бұл алауыздықтардың қалай туғаны туралы бірер сөз. «Пролетарийдің» 12-номерінде, Мемлекеттік Дума туралы заң әлі шықпай тұрып, біз өз тактикамыздың және «Искрамен» екі арамыздағы қайшылықтардың негіздерін баяндадық *. Біз мынаны талап еттік: 1) үгітті және халыққа арнаған сөзді күшейту мағынасында, буржуазиялық демократияның сол қанатын пролетариаттың қолдауы және оның оң қанатының сатқындығын үздіксіз әшкерелеу мағынасында бойкот идеясын қолдауды; 2) «енжарлықпен құр шеттетуді» емес, қалай да белсенді түрдегі бойкотты, яғни «сайлау жиналыстарына күшпен кіруге» дейін «үгітті он еселеп күшейтуді» және, ақырында, 3) «үгіт-

* Қараңыз: осы том, 176—185-беттер. *Ред.*

тің айқын, дәл, тура ұранын», атап айтқанда: қарулы көтерілісті, революциялық армияны, революциялық уақытша үкіметті талап еттік. Біз «Исжраның» (№ 106): «революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру» ұранын былыққан ұран және освобожденциешілдерге, яғни монархиялық буржуазияға тиімді ұран ретінде үзілді-кесілді қабылдамай тастадық. «Искраның» алауыздықтарды тағы да «қоздата беретінін» күні бұрын болжағандай, енжар бойкот идеясын «Искраның» теріс деп табатынына қосылатынымызды салғаннан-ақ ескерттік.

Сондықтан, қазір «Искра» 108-номерінде «қол сұқпаушылық», «абсентеизм», «тартыншу», «айқас түскен қолдар» теориясына және тағы сондайларға қайдағы бір тұспалдар айтып отырған болса, біз ең алдымен мұндай «қарсылықтарды» кейін ысырып тастаймыз, өйткені мұның өзі айтыс емес, оппонентті «бетінен тырнауға» оқталғандық қана болады. «Айтыстың» мұндай тәсілдерімен,— кейбір көсемдер өздері уақытша үкіметке еніп алғысы келеді-міс деп өсектеумен тынатын тәсілдерімен,— жаңа «Искра» көптен бері-ақ социал-демократияның ең қалың топтарының арасында өзі жөнінде әбден айқын көзқарас тудырып алған-ды.

Сонымен, алауыздықтардың мәнісі мынаған келіп тіреледі: біздің басты ұран деп санайтын үгіт ұранымызды (қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет) «Искра» қабылдамай отыр. Ал «Пролетарий» «көтеріліс ұранын революциялық өзін өзі басқару ұранының тасасында қалдыру немесе оны кейінге болса да ысыра тұру» сөзсіз болмайды деп санайды («Пролетарий» № 12) *. Алауыздықтардың барлық басқа пункттерінің маңызы біршама төмен. Керісінше, содан соң, ерекше маңызды нәрсе мынау: 108-номерінде «Искра» шегіншектей, қиқаңдай бастайды, бұлтара бастайды (мұндайды ол бұрын сан рет істеген): революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру ұранына ол «халық бұқарасының белсенді жауынгерлік бас көтеруі» ұранын қосады (мұның қарулы көтерілістен қандай айырмасы бар екенін бір алла өзі білсін).

* Қараңыз: осы том, 182-бет. *Ред.*

«Искра» керек десеңіз «революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру дегеніміз — бұл бүкіл халықтық көтерілісті шын «ұйымдастырудың» бірден-бір әдісі» дегенді айтуға дейін барып отыр. «Искраның» 108-номерінде 13 (26) август деп көрсетілген, ал жаңаша 24 августа Венаның «Жұмысшы Газетінде»[94] Мартов жолдастың мақаласы шықты, бұл мақала «Искраның» жоспарын 108-номердің «түзетулері» рухында емес, толығынан 106-номердің рухында баяндайды. Мартов жолдастың бұл құнды мақаласының басты бөлімін біз «социал-демократиялық маниловшылдықтың» үлгісі ретінде төменде аударып басып отырмыз *.

Бұл шатысуды анықтап ажыратып көрелік.

Істің анығына жету үшін ең алдымен қазіргі кезеңде қандай күштердің және нақ қалайша орыс революциясының «тарихын жасап жатқаны» жөнінде өзіңе-өзің есеп беруің керек. Самодержавие патшаның халықпен «кеңесуі» теориясын қабылдады. Полициялық бақылау арқылы екшелген, помещиктер мен дүкен ұстаушылардан сайланған бір топ адаммен кеңескісі келіп, самодержавие революцияны жанталасқан қаталдықпен жаныштай бастап отыр. Монархиялық буржуазияның неғұрлым қалың топтары патшаның халықпен келісуі теориясы жағында (освобождениешілдер немесе конституциялық-«демократиялық» партия). Бұл теория арқылы буржуазия революцияны сатып кеткендігін, әуелі оны қолдауға, ал кейін оған қарсы шығып, реакциямен қосылуға әзір отырғандығын білдіреді. Социал-демократия басшылық етіп отырғандықтан революцияшыл пролетариат *халық самодержавиесі* болуын, яғни реакцияның күштерін толығынан құртуды және бәрінен бұрын патша үкіметін іс жүзінде құлатып, оны революциялық уақытша үкіметпен ауыстыруды талап етеді. Пролетариат шаруаларды өзіне қосып алуға және, буржуазияның тұрлаусыздығына, сатқындығына қарамастан, сол шаруалардың жәрдемімен революцияны толық жеңіске жеткізуге тырысады (көбінесе саналы түрде емес, бі-

* Қараңыз: осы том, 226—227-беттер. *Ред.*

рақ бұлжымастан және жігерлі түрде осыған тырысады).

Мемлекеттік дума революцияға жасалып отырған кеңшілік екені күмәнсыз, бірақ ол революцияны жаныштау және конституцияны бермеу мақсатымен жасалған кеңшілік (мұнысы одан бетер күмәнсыз). Буржуазияшыл «келісімпаздар» конституцияға жетуді тілегенде революцияны басып тастау мақсатын көздейді. Виноградов мырза («Русские Ведомостиде») либерал буржуазияның таптық жағдайынан тумай қоймайтын бұл талабын ерекше айқын білдірді.

Енді мынадай сұрақ туады: істің жайы осылай болып отырғанда, «Одақтар одағының», яғни буржуазиялық интеллигенцияның ең кең ұйымының Думаға бойкот жасауға шешім қабылдауының («Пролетарийдің» 14-номерін қараңыз) қандай маңызы бар? Жалпы және тұтас алғанда, буржуазиялық интеллигенция да «келісуді» қалайды. Сондықтан ол да, «Пролетарийдің» бұдан бұрын сан рет көрсеткеніндей, реакция мен революцияның арасында, саудагерлік пен күрестің арасында, патшамен келісімге бару мен патшаға қарсы көтеріліс жасаудың арасында ауытқуда. Буржуазиялық интеллигенцияның таптық жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес. Бірақ бұл интеллигенция, буржуазияның «жоғары топтарының» ғана уақытша және тар шеңберлі мүдделерінен өзгеше, бүкіл буржуазия табының кеңінен түсінілген, негізгі мүдделерін білдіруге өте-мөте қабілетті екенін ұмыту қате болар еді. Интеллигенция ұсақ буржуазия мен шаруалардың қалың бұқарасының мүдделерін білдіруге өте-мөте қабілетті. Сондықтан, оның барлық тұрақсыздығына қарамастан, ол самодержавиеге қарсы революциялық күрес жүргізуге өте-мөте қабілетті және ол *халықпен жақындасқан жағдайда* бұл күресте ірі күш бола алады. Өздігінен дәрменсіз бола тұрып, ол ұсақ буржуа мен шаруалардың едәуір үлкен тобына, оған не жетпейтін болса, нақ соны: білімді, программаны, басшылықты, ұйымды бере алған болар еді.

Демек, «Одақтар одағында» туған «бойкот» идеясының мәнісі мынада: *ірі буржуазияның патшамен кеңе-*

суге — келісуге қарай басқан алғашқы қадамы ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның революцияшыл халықпен жақындасуға қарай алғаш қадам басуын тудырмай қоймады. Помещиктер мен капиталистер оңға қарай ауытқыды, ұсақ буржуазияның өкілі — буржуазиялық интеллигенция солға қарай ауытқыды. Біріншілер патшаны халықтың күшімен әлі де сан рет қорқытудан тіпті де бас тартпай, патшаға бара жатыр. Екіншілер, «келісу» теориясынан әлі де біржола қол үзіп кетпей және революциялық жолға *толық* түсе де қоймай, біздің халық жағына баруымыз керек емес пе екен деп ойлану үстінде.

Біз «Пролетарийдің» 12-номерінде айтқан, буржуазиялық демократияның ішінде туған бойкот идеясының мәнісі, міне, осы. Тек мүлдем болжамсыз, үстірт адамдар ғана бұл идеяны қол сұқпаушылық, абсентеизм, тартыну және т. с. деп қарауы мүмкін. Буржуазиялық интеллигенцияның *тартына*тын да түгі жоқ, өйткені жоғары цензідің өзі оны Мемлекеттік думадан аулақтатып *ұс*тайды. Буржуазиялық интеллигенция өзінің бойкот туралы қарарында «елдің барлық демократиялық элементтерін жұмылдыруды» бірінші кезекке қояды. Буржуазиялық интеллигенция освобождениелік, конституциялық-«демократиялық» партияның ең еті тірі, батыл және жауынгер элементі болып табылады. Бойкот идеясы үшін бұл интеллигенцияны тартыншақ деп және т. с. деп айыптау немесе тіпті бұл интеллигенцияның идеясын және ол *идеяны дамытуын* қолдаудан бас тарту деген сөз,— тереңірек үңіліп көре білмегендіктен, ірі монархиялық буржуазияға қызмет ету деген сөз; ал осы монархиялық буржуазияның органы «Освобождениенің» бойкот идеясына қарсы күресіп отырғаны тегін емес.

Осы айтылған пікірдің дұрыстығын, жалпы және негізгі пікірлердің үстіне, *С. С.* 95 мырзаның «Освобождениенің» 75-номерінде мойындаған бағалы пікірлері дәлелдейді. *С. С.* мырзаның бойкот идеясын жақтаушыларды «батыл» топқа, ал оған қарсыларды баяу топқа жатқызатыны өте-мөте көзге түседі. Біріншілерді ол «халық ерікшілдік» деп, «белсенді революциялық топ-

тардың» қателерін қайталады деп айыптайды (бұл айыпты «Освобождение» кімге тағып отырса, сол үшін бұл құрметті айып); екіншілер жөнінде ол тұп-тура былай дейді: олар екі оттың арасында — самодержавие мен «әлеуметтік (sic!) революцияның» арасында тұр дейді, сонымен бірге бишара *С. С.* мырза зәресі кетіп, керек десе демократиялық республиканы әлеуметтік революциямен шатастырып ала жаздайды! *С. С.* мырзаның мойындаған пікірінің ең бағалысы мынау: «Одақтар одағының» съезін земствошылардың съезімен салыстыра келіп, ол: батыл топ үшін «ең маңыздысы (тыңдаңыз!) сайлау системасын өзгерту талабы болды, *ал неғұрлым баяу топ үшін ең бастысы — Думаның праволарын кеңейту болды»* дейді.

Осында бәрі де айтылып отыр! *С. С.* мырза помещиктер мен капиталистердің өзіміз жүздеген рет әшкерелеген құпия «сырын» айтып салды. Бұлар үшін «ең басты мүдде» халықты сайлауға қатыстыру емес (олар бұдан қорқады), *Думаның праволарын кеңейту*, яғни *ірі буржуазиялық* жиналысты заң жөнінде кеңесші жиналыстан заң шығарушы жиналысқа айналдыру болып отыр. Міне, пәленің басы қайда жатыр. Ірі буржуазия «заң жөнінде кеңесші» Думамен еш уақытта қанағаттана алмайды. Мемлекеттік думаның ішінде конституциялық жанжалдардың болмай қоймайтыны осыдан келіп туады. Бірақ ірі буржуазия *еш уақытта да халық самодержавиесінің* сенімді және адал жақтаушысы *бола алмайды*. Ол әрқашан бір қолымен конституцияны (өзі үшін) алып отырады да, екінші қолымен халықтың праволарын *тартып алып отырады* немесе халықтың праволарын кеңейтуге қарсы әрекет істеп отырады. Ол ірі буржуазияның артықшылықтарын қамтамасыз ететін конституцияға ұмтылмай тұра алмайды. Радикал интеллигенция ұсақ буржуазия мен шаруалардың неғұрлым қалың топтарының мүдделерін білдіруге ұмтылмай тұра алмайды. Аспандағы тырнадан қолдағы сары шымшық артық дегендей, буржуазиялық демократияның оң қанаты сары шымшық қолына тиген бойда «ақылды бола» бастады және, біздің көргеніміздей, «жасырын» съездерден қазірдің өзінде-ақ бас тартып отыр.

Сол қанат тіпті сары шымшықсыз да қалғанын, помещиктер мен капиталистер «3-элементтің» қызметін (үгіт, насихат, баспасөзді ұйымдастыру және т. б.) пайдаланып, оларды *сатып кетуге* әзір отырғанын, Мемлекеттік думада халық праволарын қорғауға емес, *өздерінің* халыққа қарсы праволарын қорғауға күш салып отырғанын көрді. Сөйтіп, сатқындықтың басталғанын сезген буржуазиялық интеллигенция Мемлекеттік думаны үкімет тарапынан Россияның барлық халықтарын «өрескел қорлау» деп лағынет айтып, оған бойкот жариялап, «демократиялық элементтерді жұмылдыру» керек деп кеңес беріп отыр.

Істің жайы осылай болып отырғанда, бойкот идеясына шүйілу социал-демократияның тарапынан саяси аңқаулардың ролін атқарғандық болар еді. Революцияшыл пролетариаттың айнымас таптық түйсігі россиялық жолдастардың көпшілігінің есіне *белсенді* бойкот идеясын салды. Мұның мәнісі: сол қанатты қолдап, *оны өзіңе қарай тарту, революциялық демократияның* элементтерін бөліп әкетуге тырысу, онымен бірлесе отырып самодержавиеге соққы беру үшін осылай істеу керек деген сөз. Радикал интеллигенция бізге саусағын созып отыр,— сен оны шап беріп қолынан ұста! Егер бойкот жариялау бос мақтан болмаса, егер жұмылдыру деген бос сөз болмаса, егер өрескел қорлауға ашыну деген актерлік болмаса,— онда сіздер «келісімпаздардан» қол үзуіңіз керек, халық самодержавиесі теориясының жағына шығуыңыз керек, революциялық демократияның: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген бірден-бір дәйекті және тыңғылықты ұрандарын қабылдауыңыз, *іс жүзінде* қабылдауыңыз керек. Бұл ұрандарды іс жүзінде қабылдайтындарды өзіне қосып алу, «келісімпаздардың» жағында қалып қоятындарды бүкіл халық алдында жүзі қара ету,— революцияшыл пролетариаттың бірден-бір дұрыс тактикасы осылай.

Біздің жаңа искрашылдар аспанға... оқ атқылап жүріп, бойкот идеясының таптық тегін де, нақты саяси маңызын да аңғара алмай қалды. Череванин жолдас 108-номерде былай деп жазады: «Дон комитетінің жә-

не С.-Петербург тобының листоктарына қарағанда, бұл екі ұйымның екеуі де» (NB: *меньшевиктік*. «Пролетарий» редакциясының ескертуі) «бойкот жасауды жақтап шықты. Мұндай Думаның сайлауына қатысуды олар масқаралық, революцияның ісіне опасыздық жасау деп санайды және сайлауға қатысатын либералдарға күні бұрын лағынет айтады. *Сонымен, Мемлекеттік думаны демократиялық революцияның құралы ету мүмкіндігі болмайтын нәрсе деп танылады және осыған қарай бағытталған үгіт, тегі, қабылданылмайды»*. Біз астын сызған осы сөздер нақ қазір бейнеленген қатені көрсетеді *. Кімде-кім «қол сұқпаушылыққа» қарсы тақылдай берсе, ол адам қол сұғу *тәсілдері* туралы нағыз маңызды мәселені тек *көлегейлейді*. Қол сұғудың екі тәсілі, ұранның екі түрі бар. Бірінші тәсіл: «үгітті он еселеп күшейту, жер-жердің бәрінде жиналыстар өткізу, күшпен болса да сайлау жиналыстарына кіріп, оларды пайдалану, демонстрациялар, саяси ереуілдер т. т. және т. с.» жасау («Пролетарий» № 12). *Осы* үгіт науқанының ұрандарын біз бұрын баяндағанбыз. Екінші тәсіл: «Мемлекеттік думаның самодержавиені құлататын және құрылтай жиналысын шақыратын революциялық жиналысқа айналуына күш салатын болып Мемлекеттік думаға баруға революциялық міндеттемелер алу» (Череванин жолдас «Искраның» 108-номерінде), немесе «Думаға демократиялық және еркін өкілдікті батыл жақтайтындарды ғана сайлайтын етуді көздеп, сайламшыларға қысым жасау» (Мартов жолдас Венаның «Жұмысшы Газетінде»).

*Осыдан кейін қолжазбада сызылып тасталған мынадай тексті келеді: «Мемлекеттік думаны «демократиялық революцияның құралы» етуге болмайды және ететін түгі де жоқ, өйткені Мемлекеттік дума ылажсыз және қайсыбір жағдайда болсын *ішінара* соның құралы болады. Ішінара, яғни оның ішінде *ірі буржуазияның* патшамен конституциялық жанжалдары болмай тұрмайтындықтан. Бірақ біз үшін салмақтың ауыр жағы мұнда жатуға тиісті емес, өйткені ірі буржуазия пролетариатты сатып кетпей тұрмайды, шаруалар бұқарасы жағында және осы бұқарамен жақындауға қабілеті бар радикал интеллигенция жағында жатуға тиісті. Қайсысы маңызды: помещиктердің патшамен келісіміне кедергі жасау ма, әлде шаруалардың пролетариатпен келісіміне көмектесу ме? Череванин жолдас: мейлі, екіншісі-ақ маңызды болып, бірақ біріншісін де жасау керек деп, қарсы болады. Тіпті жақсы. Олай болса, мұны *қалай* жасау керек екенін қарап көрелік». *Ред.*

Міне тәсілдердің осы айырмашылығы социал-демократияның «екі тактикасының» айырмашылығын көрсетіп те отыр. Социал-демократияның оппортунистік қанаты буржуазиялық демократияға оған *міндеттемелер алғызу* арқылы «қысым» жасауға бейім тұрады. Социал-демократияның революциялық қанаты буржуазиялық демократияға «қысым жасайды» және *оңға қарай бұрылғаны үшін оған лағынет айтумен*, барынша батыл революцияның ұрандарын бұқара арасына таратумен буржуазиялық демократияны солға қарай итермелейді. «Міндеттемелер алғызу» теориясы, староверлік *лакмус қағазының* атышулы осы теориясы, пролетариаттың арасына ылаң салатын және оны тек азғындататын барып тұрған аңқаулық. Череванин жолдас оның алған «міндеттемелерін» орындатуды кімнен сұрар екен? Бір тәңірінің өзінен бе, әлде? Таптың материалдық мүдделерінің қысымымен міндеттеме *атаулының бәрінің де* аяғы аспаннан келетінін Череванин жолдас шыныменақ білмей ме екен? Тағы да сол Череванин жолдастың Мемлекеттік думаның буржуазиялық депутаттарын «императивтік мандаттар» арқылы революцияшыл пролетариатпен байланыстыру керек деген пікірі балалық емей немене? Егер де Мартов жолдас өзінің жоспарын *іс жүзінде* орындай бастаған болса, помещиктердің пәлендей жиналысындағы N. N. немесе M. M. «еркін және демократиялық өкілдіктің батыл жақтаушылары» болып табылады деп жұмысшы табы алдында оның *мәлімдеп отыруына* тура келген болар еді ғой! Мұндай мәлімдемелер жасау деген барып тұрған саяси азғындықты тарату болар еді!

Тағы мынаны ескеріңіздер: Петрункевичтер, Родичевтер мырзалардың және tutti quanti *, осы «революциялық міндеттемелерінің» бәрі, осы «императивтік мандаттардың» бәрі, «демократиялық және еркін өкілдікті батыл қолдау» (бұдан асқан жалпылама, күңгірт, көмескі термин іздесең табылар ма екен?) туралы осы қол хаттардың бәрі *пролетариаттың сыртынан социал-демократияның атынан* алынған болар еді де, солай бе-

* — және солар сияқтылардың. *Ред.*

рілген болар еді. Мұны ашық істеуге болмайды да ғой, тіпті еркін елдерде ашық үгіт жүргізген жағдайда да саяси қайраткерлер жеке келісулер арқылы міндеттенгеннен гөрі, *партиялардың* программалары арқылы көбірек міндеттенеді емес пе, ал бізде Мемлекеттік думаның сайлауы тұсында тиянақты және қалыптасқан партиялар *болмай отыр ғой және болмайды да ғой!* Жаңа искрашыл жолдастар, тағы да батпаққа қалай түскендеріңізді қараңыздаршы: сөз жүзінде сіздер ылғи «бұқара», «бұқараның алдында», «бұқараның қатысуымен», «бұқараның талапкерлігі» дейсіздер, ал іс жүзінде сіздердің «жоспарыңыз» Петрункевич мырзаны революцияның сатқыны болмай, қайта революцияның «батыл» жақтаушысы болуға міндеттеу туралы құпия келісімдер жасауға барып тіреледі!

Жаңа искрашылдар өздерін өздері рабайсыз жағдайға ұшыратып отыр. Мұндай өрескел «революциялық міндеттемелер» жасауды Россияда ешкім, еш уақытта, тіпті олардың жақтастары да ойламайды. Жоқ. Араласқанда бұлай араласу керек емес. Келісім теориясына және буржуазиялық келісімпаздарға, барлық әлгі Петрункевичтерде және тағы сондайларға мейлінше аяусыз *лағынет айтумен* араласу керек. Олардың революцияға істеп отырған буржуазиялық сатқындығын әшкерелеп отыру керек, революциялық күштерді *көтеріліс үшін* самодержавиеге қарсы *(керек бола қалған жағдайда Думаға да қарсы)* біріктіріп отыру керек — Думаға іс жүзінде «қысым жасаудың», революцияның жеңуін іс жүзінде әзірлеудің бірден-бір сенімді әдісі міне осы. Сайлау үгітіне біз тек осы ұранмен араласуымыз керек, мұның өзі сайлау маневрлері, келісімдер, міндеттемелер үшін емес, көтерілісті уағыздау үшін керек. Және Мемлекеттік думаның ішінде немесе Мемлекеттік думаның патшамен екі арасында болып қалуы мүмкін және болуы әбден ықтимал жанжалдарды революцияның пайдасына (тар шеңберлі буржуазиялық конституцияның пайдасына емес) пайдалану мүмкіндігін қарулы халықтың іс жүзіндегі күші ғана тудырады. Мемлекеттік думаға кемірек сеніп, қарулапып жатқан пролетариаттың күштеріне көбірек сенейік, мырзалар!

Біз енді революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру ұранын қарастыруға да таяп келдік. Біз мұны мұқиятырақ қарастыралық.

Біріншіден, халық самодержавиесі ұранының орнына революциялық өзін өзі басқару ұранын бірінші кезекке қою бірыңғай теориялық жағынан алғанда дұрыс емес. Революциялық өзін өзі басқару ұраны басқаруға жатады, халық самодержавиесі ұраны мемлекет құрылысына жатады. Сондықтан революциялық өзін өзі басқару ұраны сатқындық буржуазиялық «келісім» теориясымен сыйысады (патша бастаған өзін өзі басқаратын халық; мұнда патша «басқармайды, тек патшалық етеді»), халық самодержавиесі ұраны сөзсіз сыйыспайды. Біріншісі — освобождениешілдер үшін қолайлы, екіншісі — қолайсыз.

Екіншіден, революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыруды бүкіл халықтық көтерілісті ұйымдастырумен барабар деп қарау мүлдем сорақы. Көтеріліс дегеніміз — азамат соғысы, ал соғыс армияның болуын талап етеді. Оның бер жағында, өзін өзі басқару өздігінше армияны талап етпейді. Өзін өзі басқару тәртібі қолданылатын, бірақ армиясы жоқ елдер бар. Сондықтан революция Норвегияның үлгісімен жүргізілетін жерде,— онда корольді «тайдырды» да, халықтың пікірін сұрады,— мұндайда революциялық өзін өзі басқару революциялық армияны керек етпейді. Бірақ халық армияға сүйенуші және азамат соғысын бастаушы деспотизмнің езгісінде отырғанда революциялық өзін өзі басқаруды революциялық армиямен барабар деп қарау, біріншісін алға шығарып, екіншісі жайында үндемеу — не революцияға опасыздықты, не барып тұрған түсінбеушілікті көрсететін тұп-тура адам айтқысыз пасықтық.

Үшіншіден, көтерілістің толық және үзілді-кесілді жеңуі ғана шын өзін өзі басқаруды ұйымдастыру мүмкіндігін әбден қамтамасыз етеді деген ақиқатты, айта кетелік, өзінен-өзі айқын ақиқатты, тарихтың өзі де растайды. Егер де 14 июльде көтеріліске шыққан және қаруланған Париж патша әскерлерін жеңбесе, Бастилияны алмаса, самодержавиенің қарсылығын түбірімен

жоймаса, 1789 жылы июльде Францияда муниципалдық революцияның болуы мүмкін болар ма еді? Немесе, мүмкін, жаңа искрашылдар бұл арада муниципалдық революция, өзін өзі басқаруды ұйымдастыру бейбіт жолмен өткен, өзінің құлатылуына өзі соншалық көмектесіп ықылас білдіргені үшін интендантына керек десеңіз алғыс айту дауысқа қойылған Монпелье қаласын мысалға келтіріп отырған болар? Жаңа «Искра» Думаның сайлауы тұсындағы үгіт жұмысымыздың кезінде орыс Бастилияларын *алғанға дейін* өздерін өздері орындарынан түсіргендігі үшін губернаторларға біздер алғыс айтады деп күтіп отырған жоқ па екен? 1789 жылғы Францияда муниципалдық революцияның уақыты — *реакционерлердің эмиграцияға* кете бастаған уақыты екені, ал бізде *революционерлер әлі эмиграцияда* жүргенде көтеріліс ұранының *орнына* революциялық өзін өзі басқару ұраны ұсынылып отырғаны ерекше сипаты бар нәрсе емес пе? Бір орыс ұлығынан 6 августа не себептен амнистия берілмеді деп сұрағанда, ол былай деп жауап берген: «тұтқынға алуы бізге өте қиынға түскен және күні ертең-ақ бізге қарсы жанталаса күрес жүргізе бастайтын 10 000 адамды босатуымыздың жөні қайсы?». Бұл ұлық ақылды сөз айтып отыр, ал осы 10 000 адам азат етілгенге дейін «революциялық өзін өзі басқару» туралы сөйлеп отырғандардікі ақылсыздық.

Төртіншіден, қазіргі орыс жағдайы «революциялық өзін өзі басқару» ұранының жеткіліксіздігін және көтерілістің тура әрі дәл ұраны керек екендігін айқын көрсетіп отыр. Ескіше 2 августа Смоленскіде не болғанына көз жіберіңіздерші. Қалалық дума казактарды қала ішіне орналастыруды заңсыз деп тапты, оларға ақша беруді тоқтатты, халықты қорғау үшін қалалық милиция ұйымдастырды, азаматтарға зорлық-зомбылық жасауға қарсы солдаттарға үндеу жазды. Біз мынаны білгіміз келеді: біздің ақ көңіл жаңа искрашылдар осыны жеткілікті деп таба ма екен? Осы милицияны *революциялық армия* деп, қорғанудың ғана емес, шабуылдың да, шабуыл болғанда Смоленскінің казактар жүздігіне ға-

на емес, жалпы самодержавиелік үкіметке қарсы шабуылдың органы деп қарау керек емес пе екен? Революциялық армия құрылды деп жариялау туралы және оның міндеттері туралы осы идеяны насихаттау керек емес пе екен? Революциялық армия патша армиясын үзілді-кесілді жеңбей тұрып, Смоленск қаласының шын *халықтық* өзін өзі басқаруы қамтамасыз етілген деп санауға болар ма екен?

Бесіншіден, революциялық өзін өзі басқару ұранының котеріліс ұраны орнына немесе көтеріліс ұраны мағынасында (?) освобождениешілдер үшін «қолайлы» екені былай тұрсын, олардың мұны тіпті *қабылдап алғанын* фактілер даусыз дәлелдеп отыр. «Освобождениенің» 74-номерін алып қараңыз. Сіз онан «ессіздік жасап жәпе қылмысты түрде қарулы көтерілісті уағыздауды» үзілді-кесілді теріс деп тапқандықты, сонымен қабат қалалық милицияларды және болашақ уақытша үкіметтің элементтері ретінде жергілікті өзін өзі басқару органдарын ұйымдастыруды қорғағандықты көресіз («Пролетарийдің» 12-номерін салыстырыңыз).

Сіз мәселеге қай жағынан қарасаңыз да,— жаңа «Искраның» жаңа ұраны айнымайтын освобождениешілдік ұран болып шығады. Қарулы көтеріліс, революциялық армия, уақытша үкімет ұранын революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру ұранының тасасында қалдыратын немесе кейінге ығыстыратын социал-демократтар революцияшыл пролетариат пен шаруалардың басшысы болудың орнына, монархиялық буржуазияның соңында сүйретіліп келеді.

Бізді ылғи да бір ұранды коймастан «құлаққа құя береді» деп жазғырады. Бұл жазғыруды біз мақтау деп есептейміз. Біздің міндетіміздің өзі социал-демократиялық программаның жалпы ақиқаттарымен қатар көкейтесті саяси ұрандарды қажымай-талмай құлаққа құя беру болып отыр. Либералдар жек көретін «төрт талапты» (жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын дауыс беру) біз мейлінше кеңінен тараттық. Біз жұмысшы бұқарасын саяси бостандықтың «алтылығымен» (сөз, ұждан, баспасөз, жиналыстар, одақтар, стачкалар бос-

тандығы) таныстырдық. Енді біз ең таяудағы революциялық міндеттердің «үштігін» (қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет) миллион және миллиард рет қайталап отыруға тиістіміз. Осы міндеттерді орындау үшін халық күштері күн сайын емес, тіпті сағат сайын стихиялық жолмен өсуде. Көтеріліс әрекеттері көбеюде, оның ұйымдары өсуде, қаруландыру ісі ілгері басуда. Шекпен, пиджак, мундир киген жұмысшылар мен шаруалардың арасынан ғажап ерлер шығып, халық тобымен құрыштай біте қайнасты және халықты азат етудің ізгі фанатизміне барған сайын беріле бой уруда. Біздің ісіміз — осы бұлақтардың бәрі күшті тасқынға қосылатын болуына, стихиялық қозғалыстың күшін ондаған есе арттыра отырып, оған біздің ең таяудағы міндеттеріміздің саналы, тура, айқын және дәл революциялық программасының жарық сәулесі түсетін болуына қам жасау.

Қорытындылар. Мемлекеттік дума жөніндегі біздің тактикамызды бес пунктпен айтуға болады: 1) Мемлекеттік дума туралы заң жөнінде және оған сайлау жөнінде жүргізілетін үгітті күшейту, жиналыстар өткізу, сайлау үгітін, демонстрацияларды және басқаларды пайдалану т. т.; 2) бүкіл осы үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандардың төңірегіне шоғырландыру; осы уақытша үкіметтің программасын тарату; 3) осы үгіт үшін және қарулы күрес үшін революциялық демократия элементтерінің бәрін және тек осыларды ғана, яғни жоғарыда айтылған ұрандарды іс жүзінде қабылдайтындарды ғана қосып алу; 4) буржуазиялық демократияның сол қанатында пайда болған бойкот идеясын қолдау, сөйтіп мұның өзі жоғарыда бейнеленген мейлінше кең үгіт мағынасында белсенді бойкот болатын ету. Буржуазиялық демократияның солшыл өкілдерін революциялық-демократиялық программаның жағына және оларды ұсақ буржуазиямен және шаруалармен жақындастыратын іске тарту; 5) буржуазиялық «келісім» теориясын және буржуазиялық «келісімпаздарды» жұмысшылар мен шаруалардың ең қалың бұқарасының

алдында аяусыз әшкерелеп, лағынет айтып отыру; олардың Думаға дейінгі де, Дума ішіндегі де әрбір сатқындық, солқылдақ қадамын әйгілеп, жұртқа түсіндіріп отыру; жұмысшы табын революцияның осы буржуазиялық сатқындарынан сақтандыру.

«Пролетарий» № 15,
5 сентябрь (23 август), 1905 ж

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ЕҢ БЫЛЫҚ ЖОСПАРДЫ ЕҢ АЙҚЫН БАЯНДАУ

Бас мақалада * біз жаңа «Искраның» «думалық науқанының» жаңа жоспары былық екенін көрсеткен едік. Венаның «Жұмысшы Газетінде» (жаңаша 24 августа) ол жоспарды Мартовтың өзінің ең айқын баяндауы мынау. (Цитаттағы курсив барлық жерде де Мартовтың өзінікі).

«Жоспар мынау,— дейді Мартов жолдас, «оны көптеген орыс ұйымдарының қолдағанын» айта отырып:— «Патша реформасына қанағаттанбаған халықтың барлық элементтері сайлауға тиісті болатын *халықтық үгіт комитеттерін* құру инициативасын жұмысшы ұйымдары өз міндетіне алады. Мұндай комитеттердің міндеті ең алдымен бүкіл елде шын халық өкілдігі болуы үшін үгітті өрістету болып табылады. Бұл комитеттер форма жағынан халық бұқарасының алдағы сайлауға қатысуы мақсатымен құрылады. Олар сайлау заңы бойынша сайлауға *тікелей* қатысудан шығарылып тасталғандықтан мемлекеттің азаматтары өздерінің пікірлері мен талаптарын артықшылығы бар сайлаушылардың негұрлым шағын коллегияларына мәлімдей отырып, сайлауға жанамалап қатыса алады. Комитеттер Думаға *демократияның және еркін өкілдіктің батыл жақтастары ғана* сайланатын болуы мағынасында сайлаушылар коллегиясына қысым көрсете алады. Бұл арада комитеттер «жария» өкілдіктен тыс *жасырын өкілдік* құруға тырысады; бұл жасырын өкілдік белгілі бір кезеңде ел алдында *халық еркінің уақытша органы болып шыға алар еді*. Комитеттер халықты өз өкілдерін *жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайлауға* шақырып отырады; бұл өкілдер *белгілі бір кезеңде бір қалаға жиналып, өздерін құрылтай жиналысымыз деп жариялауға* тиіс. Бұл науқанның, былайынша айтқанда, тамаша мақсаты осындай. Бұл өзі сол мақ-

* Қараңыз: осы том, 211—225-беттер. *Ред.*

сатқа жете ме, жоқ па — бәрібір, осы жолдағы қозғалыс революциялық өзін өзі басқару ұйымын құрады, ол ұйым патшалық жариялылықтың шеңберін бұзып, революцияның болашақ жеңісіне негіз салады. Мұндай революциялық өзін өзі басқарудың элементтері аз-аздап бүкіл Россияда құрылады, мысалы, қазірдің өзінде-ақ *Кавказдың екі губерниясында* ресми өкімет орындарына бүкіл халық бойкот жариялап отыр және халықты оның өзі сайлаған өкімет орындары басқарады. (Жақшаның ішінде: *Гурияның шаруалары осы өкімет орындарын біздің комитеттерімiздің бекітуін* талап етіп отыр.)

Осындай, барлық жерде ашық қызмет жүргізетін, өзін өзі басқару ұйымы өз еркімен конституциялық заманды ашқысы (инаугурациялағысы) келмейтін самодержавиені жоюға тиісті ұйымның формасы болып табылады. Мұндай істі ұйымдастыру мүмкіндігінің өзі үкімет аппаратының берекесіздігінің өсуімен және халық ішінде пәрменді күштің (wirkenden Kraft) өсіп отырғандығымен жасалатыны өзінен-өзі түсінікті».

Теңдесі жоқ бұл жоспарды *монархиялық* (освобожделік) *буржуазияның тамаша мақсаты* ретінде, *либерал помещиктердің орыс пролетарлық-шаруа революциясын жоюының тамаша мақсаты* ретінде жолдастарға ұсынамыз.

Бұрын жүздеген рет айтқанымыздай, освобождениелік, яғни монархиялық буржуазия нақ осылай «жоюды», өкіметтің буржуазияға көшуі халық көтерілісінсіз немесе тым құрығанда халық көтерілісінің толық жеңуінсіз болуын тілейді. Өкімет самодержавиенің қолында тұрғанда «сайлау» жүргізудің маниловтық жоспарлары *бүтіндей либерал буржуазияға тиімді болып шығады,* өйткені тым болмаса осындай сайлауға жуысатын бірдемені істеу бір ғана соның қолынан келеді.

Кісі күлерлік бұл жоспардың жеке жақтарына біз қысқаша ғана тоқталамыз. Кавказда (екі губернияда емес, бірнеше болыста) өзін өзі басқарудың *қарулы көтеріліске* сүйеніп отырғандығын ұмыту аңқаулық емес пе? Қиыр шет аймақтың таулы өңіріндегі бірнеше селода мүмкін болған нәрсе халық самодержавиені жеңбейінше Россияның орталығында мүмкін болады деп ойлау балалық емес пе? *Өкімет билігі самодержавиелік үкіметтің қолында тұрған жағдайда* көп сатылы «сайлау» жүргізудің әлгі жоспары *мінсіз педанттық* болып табылмай ма? «Халықтың наразы элементтері» (?) халықтық үгіт комитеттерін сайламақшы (программа-

сыз, айқын ұрандарсыз). Комитеттер «жасырын өкілдік» құрмақшы (ол өзі, сірә, *социалистік* жұмысшы партиясының құпия ұйымын жай *освобождениелік* ұйыммен ауыстыра салатын болса керек!). *«Көтеріліс органы ретіндегі уақытша үкімет»* деген айқын революциялық терминді *«халық еркінің органы»* деген көмескі терминмен ауыстыру бүтіндей земстволық-буржуазиялық партияға тиімді екені айдан анық. «Жасырын» комитеттердің инициативасы бойынша және өкімет билігі Треповтар мен К⁰-пың қолында тұрғанда құрылтай жиналысының *жалпыға бірдей* сайлауы дегеніңіз мүлдем балалық идея.

Талас үстінде кейде өрескел көзқарастың, бар жұрт қабылдамай тастаған көзқарастың қорғаушысы — «сайтанның адвокаты» пайдалы болады. Бұл рольді енді «Искра» алып отыр. Оның жоспары үйірмелерде, жедел жиындарда, шағын жиындарда және т. б. өрескелдікті теріске шығаруды үйрену мақсаттары үшін, революцияшыл пролетариаттың ұрандары мен монархиялық либерал буржуазияның ұрандарын айқын қарама-қарсы қою үшін өте қолайлы.

«Пролетарий» № 15,
5 сентябрь (23 август), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ІСТЕРІМІЗ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Біздің партиялық істеріміз туралы *халықаралық социал-демократияны хабардар ету* — шетелдерде тұратын барлық социал-демократтардың ең елеулі міндеттерінің бірі. Біз осыны жолдастардың есіне саламыз және РСДРП III съезінің позицияларын қорғауға мейлінше жігерлі үгіт жүргізуге шақырамыз. Үгіт тоқтаусыз жүргізілуге тиіс, әрбір себеп бойынша, әрбір қолайлы жағдайда, шетелдік жұмысшы үйірмелерінің бірін қалдырмай баршасының алдында және шетелдік социал-демократиялық партиялардың жеке мүшелерінің алдында жүргізілуге тиіс. Үгіт саналы социал-демократтар мен жұмысшы партиясының мүшелеріне лайықты әдістермен жүргізілуге тиіс. Істі *документтік* жағынан *толық* хабардар ету үгіттің негізіне алынуға тиіс. Бұл арада РСДРП III съезінің біз *французша да* шығарған (1905 жылғы 25 июньдегі «Le Socialiste» газетіне қосымша. Француз социалистерінің орталық органы «Le Socialiste» газетінің адресі: Rue de la Corderie 16. Paris) және *немісше* де шығарған («Bericht über den 3. Parteitag» деген кітапша. Басып шығарушының адресі: Birk et C⁰, Buchdruckerei und Verlagsanstalt in München, Vittelsbacherplatz 2. Preis 20 pf. *) қарарларын тарату бірінші кезектеп орын алады. Қарарлардың французша ау-

* — «Партияның III съезі туралы есеп». Бастырушының адресі: Бирк және К°, баспахана және баспа Мюнхенде, Виттельсбах алаңы 2. Бағасы 20 пфенниг. *Ред.*

дармасын да, немісше аудармасып да біздің партиямыздың экспедициясынан да алуға болады.

Осы негізгі материалға қосымша ретінде біздің әдебиетімізден аса маңызды документтер мен мақалаларды аудару керек. Мұнда хлестаковтық жаңа «Искраның» барлық әдепсіздігін үнемі әшкерелеп отыру керек. «Искра» өз конференциясы қарарларының толық текстін (Орталық Орган деген атты өз бетімен және зорлықпен иемденіп отырғанын әйгілейтін текстіп) немісше де, французша да шығармай отыр. Европалық социал-демократиялық баспасөз бетінде «Искра» ұйымдасқан жұмысшылардың тек қана күлкіңді келтіретін «статистикасын» бастырып тұрады (мынаны айтса да жетеді: жаңа «Искра» масқара болудан қорқып, бұл «статистиканы» орысша жариялауға осы күнге дейін бата алмай келді, бірақ біз «Пролетарийдің» 9-номерінде бұл статистиканы тұтас алып бастық [96]). «Искра» қазір шетелдегі барлық колонияларға редакцияның қолын қойып хат жіберіп жатыр, бұл хатта азшылықтың күші жөнінде, біздің социал-демократиялық газеттердің орыс оқушыларынан қаймығып жасырып келген күші жөнінде өздерінің соншама күлкілі хлестаковтық сенімін білдіреді. Жарнамашыларға қарсы барлық күшті салып күресу керек, бірақ істің жайы жөнінде жұртты *толық хабардар етіп,* түсіндіре отырып, ешбір мақтаншылық жасамай және әдеби бөспелік көрсетпей, лайықты түрде күресу керек, жариялылықтың жарық сәулесінен қорқатын өсектер мен көлденең хабарлар дәрежесіне әсте түсіп кетпеу керек.

«Пролетарий» № 15,
5 сентябрь (23 август), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

«РОССИЯНЫҢ ФИНАНСЫ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЕСКЕРТУ [97]

Редакциядан. Рудольф Мартинның «Россия мен Жапонияның болашағы» деген атпен жақында ғана Берлинде шыққан кітабы автордың қорытындыларын тамаша растайды. Біздің әлі бұл кітаппен танысуға мүмкіндігіміз болмай жатыр, сондықтан әзірге, шетел газеттерінің деректері негізінде, оның басты қорытындыларын ғана атап өтеміз. Автор саяси әуестіктің қандайына болса да жат, таза іскерлік тұрғысынан қарайды. Мамандығы статистик ол Россияның финанс жағдайын ұқыптылықпен талдайды және соғысты жүргізе берген күнде де, бітім жасаған жағдайда да банкроттықтың жария болатыны сөзсіз деген қорытындыға келеді. Орыс егін шаруашылығы әбден құлдыраған, ал оны аяғынан тік бастыру үшін 50 миллиард сом қаржы керек. Бюджеттегі дефицит ең таяудағы он жылдың ішінде жылына кемінде 300 миллион сом болады. Автордың есебі бойынша қазір 8 миллиард сомға дейін барған Россияның мемлекеттік борышы 5 жылдан кейін 12 миллиардқа дейін артуға тиіс. Заемдардың проценттерін өтейтін ештеме болмай отыр, өйткені қазір Россияға ешкім ақша бермейді. 1905 жылғы Россия мен XVI Людовик тұсындағы Францияның арасындағы параллель таңқаларлық. Рудольф Мартин бір жарым миллиард сомдай неміс ақшасы салынған орыс заемынан жылдамырақ құтылу (мүмкіндігі болса, Америкаға өткізу) керек деп Германияға мықтап кеңес береді. Орыстардағы күйреудің болмай коймайтынын күні ілгері болжаған европалық буржуазия сытылып шығуға асығуда.

«Пролетарий» № 15,
5 сентябрь (23 август), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫНА КӨЗҚАРАСЫ

Шаруалар қозғалысының Россия бастан кешіріп отырған демократиялық революциядағы орасан зор маңызы бүкіл социал-демократиялық баспасөз бетінде бұрын сан рет қайталап түсіндірілді. Саналы пролетариаттың бүкіл партиясының нақ қазіргі шаруалар қозғалысы жөніндегі жұмысын дәлірек белгілеп, біріктіру үшін РСДРП үшінші съезі бұл мәселе жөнінде айрықша қарар қабылдағаны белгілі. Бұл қарардың күні бұрын әзірленгеніне қарамастан (бірінші жоба «Вперед» газетінің осы жылғы 10 (23) марттағы 11-номерінде басылған *), бүкіл россиялық социал-демократияның сол кездің өзінде-ақ қалыптасқан көзқарасын тұжырымдауға тырысқан партия съезінің ол қарарды мұқият өңдегеніне қарамастан,— міне осыған қарамастан, бұл қарар Россияда істеп жүрген бірқатар жолдастардың арасында түсінбеушілік туғызды. Саратов комитеті бұл қарарды бірауыздан қолайлы емес деп таныды («Пролетарийдің» 10-номерін қараңыз). Амал не, бұл үкім жөнінде түсінік алуға сол кезде білдірген тілегіміз әзірге іске аспай қалып отыр. Тек біздің білетініміз: Саратов комитеті жаңа искралық конференцияның аграрлық қарарын да қолайлы емес деп таныған,— демек, оны екі қарардың бірінен бірінің айырмашылығы емес, олардың екеуіне бірдей ортақ жайлар қанағаттандырмай отыр.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 378—379-беттер. *Ред.*

Москвалық жолдастың бізге жеткізілген (гектографта басылып, листок түрінде шығарылған) хаты осы мәселе жөніндегі жаңа материал болып табылады. Сол хатты толық басып отырмыз:

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ ЖӘНЕ ДЕРЕВНЯДА ЖҰМЫС ІСТЕУШІ ЖОЛДАСТАРҒА АШЫҚ ХАТ

Жолдастар! Москва комитетінің округтік ұйымы шаруалар арасындағы жұмысқа қолма-қол кіріскелі отыр. Жұмыстың мұндай түрін ұйымдастыруда тәжірибенің жеткіліксіздігі, біздің орталық өңірдегі деревняның ерекше жағдайлары, сол сияқты III съездің бұл мәселе жөніндегі қарарлары директиваларының жете айқын еместігі және мезгілді баспасөзде болсын, жалпы баспасөзде болсын, шаруалар арасындағы жұмыс туралы әдебиеттің мүлде дерлік жоқтығы принциптік сипатта, сол сияқты практикалық сипатта бізге нақты директивалар жіберуді сұрап Орталық Комитетке хат жазуға бізді мәжбүр етіп отыр, ал жұмыстас жолдастар, сіздерден өз тәжірибелеріңізден алған практикалық мағлұматтарыңызбен бізді таныстыруларыңызды сұраймыз.

III съездің «шаруалар қозғалысына көзқарас туралы» қарарын оқығанда біздің арамызда туған түсініспеушіліктерді және өзіміздің деревняда қазірдің өзінде-ақ қолдана бастаған ұйымдық жоспарымызды ортаға салуды қажет деп санаймыз.

«§ а) Шаруалардың жағдайын жақсарта алатын, помещиктік, қазыналық, шіркеулік, монастырьлық және удельдік жерлерді конфискелеуге дейін баратын шаруалардың барлық революциялық шараларын ең жігерлі түрде қолдауды социал-демократия өзінің міндеті деп білетіндігі халықтың қалың топтарына насихатталсын» (РСДРП III съезінің қарарынан).

Бұл параграфта ең алдымен партия насихатты қалайша жүргізетіні және қалайша жүргізуге тиіс екені айқын емес. Насихат ең алдымен кімді насихаттағысы келсе, соған өте жақын тұрған ұйымның болуын керек етеді. Мұндай ұйым селолық пролетариаттан құрылған комитеттер бола ма әлде ауызша насихат үшін де, жазба насихат үшін де басқа ұйымдық жолдар болуы мүмкін бе,— бұл мәселе ашық қалып отыр.

Жігерлі түрде қолдауға берілген уәде жайында да тап осыны айтуға болады. Қолдау, оның үстіне жігерлі түрде қолдау жергілікті орындарда ұйым болған жағдайда ғана мүмкін. «Жігерлі түрде қолдау» туралы мәселе бізге тегі өте-мөте көмескі сияқты. Машиналар, жоғары дақылдар және т. т. пайдаланылып, интенсивті әдіспен өңделетін помещиктік жерлерді экспроприациялауды социал-демократия қолдай ала ма? Ұсақ буржуазиялық меншік иелерінің жағдайын жақсарту қаншама маңызды бола тұрса да, мұндай жерлердің олардың қолына көшуі сол шаруашылықтардың капиталистік дамуы мағынасында бір адым

кері басқандық болады. Сондықтан біз, социал-демократ бола отырып, «қолдау» туралы бұл пунктке, біздің пікірімізше, мынадай: «егер де бұл жерлерді шаруа (ұсақ буржуазиялық) меншігіне экспроприациялау сол шаруашылықтың сол жердегі дамуының жоғарғы формасы болатын болса» деген ескерту жасауға тиісті болар едік.

Ал енді бұдан әрі:

«§ г) Село пролетариатын дербес ұйымдастыруға, оны социал-демократиялық партияның туы астында қала пролетариатымен біріктіруге және оның өкілдерін шаруа комитеттеріне өткізуге күш салынсын».

Бұл параграфтың соңғы бөлімі жөнінде күмән туады. Әңгіме мынада: «Шаруалар одағы» сияқты буржуазиялық-демократиялық ұйымдар және социалист-революционерлер сияқты реакциялық-утопиялық ұйымдар өздерінің туы астына шаруалардың буржуазиялық элементтерін де, пролетарлық элементтерін де ұйымдастырып отыр. Село пролетариаты ұйымдарынан өз өкілдерімізді мұндай «шаруа» комитеттеріне енгізіп, біз өзімізге өзіміз, bloc жөнінде көзқарасымызға және т. т. қайшы келеміз.

Бұл арада да, біздің байқауымызша, түзетулер енгізу керек, түзету болғанда өте үлкен түзетулер керек.

III съездің қарарлары жөніндегі кейбір жалпы ескертулер осы. Бұл ескертулерді мүмкін болғанынша жылдамырақ және мүмкін болғанынша егжей-тегжейіне дейін талдаған мақұл болар еді.

Біздің Округтік ұйымдарымыздағы «деревнялық» ұйым жоспарының жайына келетін болсақ, III съездің қарарларында мүлдем ескерілмеген жағдайларда жұмыс істеуімізге тура келіп отыр. Ең алдымен мынаны атап көрсету керек: біз жұмыс істейтін ауданда Москва губерниясы және көршілес губерниялардың оған жапсарлас уездерінде — халық көбінесе индустриялы өнеркәсіпте істейді, майдагерлік кәсіптер біршама нашар өркендеген, *тек қана* ауыл шаруашылығымен айналысатын халық өте аз. 10 мың — 15 мың жұмысшысы бар ірі мануфактуралар меңіреу түкпірдегі селолар мен деревнялардағы 500—1000 адамы бар бытыранды ұсақ фабрикалармен араласып жатыр. Мұндай жағдайда социал-демократия осыған өзіне өте қолайлы негіз табатын сияқты болып көрінеді, бірақ сәл ғана биіктен шолып шыққанда-ақ бұл алғы шарттардың тіпті сын көтермейтіндігін іс жайы көрсетіп отыр. Кейбір фабрикалардың 40—50 жылдан бері келе жатқандығына қарамастан, біздің «пролетариаттың» басым көпшілігі әлі күнге дейін жерден қол үзбеген. «Деревняның» оған жабысып қалғаны соншалық — коллективтік еңбек процесінде «таза» пролетариатта пайда болатын психологиялық және басқа алғы шарттар біздің пролетариатта дамымайды. Біздің «пролетарлардың» егіншілік шаруашылығы шала-шарпы бірдеме. Фабрикадағы тоқымашы өзінің алақандай жерін өңдеуге батырақ жалдайды. Сол алақандай жерде оның әйелі (егер де фабрикада жұмыс істемейтін болса), балалары, қарттар, мүге-

дектер жұмыс істейді, қартайғанында, жарымжан бола қалған күнде немесе сотқарлық нә сенімсіздік қылығы үшін қуылған кезінде сол жерде оның өзі де жұмыс істейді. Мұндай «пролетарларды» пролетар деп атау қиын. Өздерінің экономикалық жағдайы жағынан бұлар — пауперлер. Өздерінің идеологиясы жағынан — ұсақ буржуа. Бұлар надан және кертартпа келеді. «Қаражүздік» элементтер осылардан жасақталады. Бірақ соңғы уақытта бұлардың да сана-сезімі ояна бастады. Біз «таза» пролетариаттың ішіндегі мүмкіндіктерді пайдаланып, осы қараңғы бұқараны мәңгілік ұйқысынан оятудамыз, онымыз нәтижесіз де емес. Мұндай мүмкіндік көбейіп, кейбір жерлерде нығайып келеді, пауперлер біздің ықпалымызға бағынып, фабрикада да, деревняда да біздің идеологиямызды қабылдауда. Сондықтан біздің ойымызша, «таза» пролетарлық емес ортада ұйымдар құру ортодокстық емес болып шықпайды. Бізде басқа орта жоқ, сондықтан егер біз ортодокстықты талап ететін болсақ, тек қана селолық «пролетариатты» ұйымдастыратын болсақ, онда біздің ұйымды және бізбен көршілес ұйымдарды таратып жіберуімізге тура келеді. Помещик пайдаланбай тастаған егістік және басқа жерлерді немесе басына·клобук, үстіне ряса киген діни адамдардың шаруашылықты жөндеп жолға қоя алмаған жерлерін экспроприациялауға құштарлықпен күресу бізге қиын болатынын білеміз. Буржуазиялық демократия басы «демократиялық-монархиялық» фракция (мұндай фракция Рузск уезінде бар), аяғы «шаруалар» одағы болып «пауперлерге» ықпал жасау үшін бізге қарсы күресетінін біз білеміз, бірақ біз соңғыларды біріншілерге қарсы қаруландырамыз. «Пауперлерден» құралған социал-демократиялық комитеттерімізді жолға қойып, нығайту үшін біз округтегі барлық социал-демократиялық күштерді, интеллигенттік күштерді де, пролетарлық-жұмысшы күштерді де пайдаланамыз. Біз мұны мынадай жоспар бойынша істейміз. Әрбір уездік қалада немесе үлкен өнеркәсіп орталығында біз Округтік ұйым топтарының уездік комитеттерін қоямыз. Уездік комитет, өз ауданындағы фабрикалар мен заводтардан басқа, «шаруа» комитеттерін құрады. Астыртын жұмыс жағдайына байланысты, мұндай комитеттердің саны көп болмауға тиіс және олардың құрамына неғұрлым революцияшыл пиғылдағы және неғұрлым іскер паупер-шаруалар кіретін болуға тиіс. Әрі фабрикалар, әрі шаруалар бар жерде оларды көмекші топтың бір комитетіне біріктіріп ұйымдастыру керек.

Мұндай комитет ең алдымен төңіректегі жағдайды айқын, анық айыра білетін болуға тиіс: А) Жер жөніндегі қатынастар: 1) шаруалардың үлес жерлері, аренда, иемдену формасы (қауым болып, үй басына бөліп және т. т.). 2) Маңайдағы жерлер: а) кімнің қарауында; б) қанша жер; в) шаруалардың бұл жерлерге қатысы қандай; г) бұл жерлерді пайдалану шарттары қандай: 1) жұмыспен өтеу; 2) «кесінділер» үшін шамадан тыс аренда ақысын төлеу және т. т.; д) кулактарға, помещиктерге және басқаларына берескі борыштар. Б) Алымдар, салықтар, ша-

руалар мен помещиктердің жерлеріне жер салығын салудың мөлшері. В) Шет кәсіпке шығу және майдагерлік кәсіп, паспорттар, қыста кісі жалдау жоқ па және басқалары. Г) Жергілікті фабрикалар мен заводтар: олардағы жұмыс жағдайы: 1) жалақы, 2) жұмыс күні, 3) әкімшілік қалай қарайды, 4) тұрғын үй жағдайлары және т. т. Д) Әкімшілік: земство бастықтары, старшина, хатшы, болыстық судьялар, қарауылдар, поп. Е) Земство: шаруалардан болған жергілікті өкімет мүшелері, земство қызметшілері: мұғалім, дәрігер, кітапханалар, мектептер, шайханалар. Ж) Болыстық жиындар: олардың құрамы және істің жүргізілуі. З) Ұйымдар: «Шаруалар одағы», социалист-революционерлер, социал-демократтар.

Осы мәліметтермен танысып алып, шаруалардың социал-демократиялық комитеті жиындарда істің не ондай, не мұндай дұрыс емес жағдайынан туатын қаулыларды өткізіп отыруға міндетті. Осымен қатар мұндай комитет социал-демократияның идеяларын бұқара ішінде күшейте насихаттап, үгіттеп отырады, үйірмелер құрады, жедел жиындар, шағын жиындар өткізіп отырады, үндеу хаттар мен әдебиет таратады, партия кассасына ақша жинайды және уездік топ арқылы Округтік ұйыммен қатынас жасап отырады.

Егер де біз осындай бірсыпыра комитеттерді жолға қоя алсақ, онда социал-демократияның табысқа жетуі қамтамасыз етіледі.

Округтік ұйымдастырушы.

Әрине, бұл жолдастың айтып отырғанындай, егжей-тегжейлі практикалық директиваларжасап беруді біз өз міндетімізге алмайтынымыз өзінен-өзі түсінікті: бұл — жергілікті орындардағы қызметкерлердің және практикалық басшылық ететін орыс орталығының ісі. Біз москвалық жолдастың осы мазмұнды хатын III съездің қарарлары мен жалпы партияның көкейтесті міндеттерін түсіндіру үшін пайдаланбақшымыз. Хатқа қарағанда, III съездің қарарлары жөніндегі түсініспеушіліктер тек кейбір теориялық күдіктерден туған. Бұл түсініспеушіліктерді туғызған екінші нәрсе — шаруалар арасында жұмыс істейтін «революциялық шаруа комитеттері» мен *«социал-демократиялық комитеттердің»* арақатынасы туралы бұрын көтерілмеген, *тың мәселе.* Осы соңғы мәселенің қойылысының өзі-ақ шаруалар арасындағы социал-демократиялық жұмыстың едәуір алға басқандығын дәлелдейді. Нығая бастаған, берік, тұрақты формаларға құйылып қалыптаса бастаған «деревнялық» үгіттің практикалық тілектерінен

туған біршама толығырақ мәселелер қазірдің өзінде-ақ күн тәртібіне қойылып отыр. Сондықтан хаттың авторы қайта-қайта мынаны ұмыта береді: съездің қарарын айқын емес деп кінәлай отырып, ол партия съезі тегі көтермеген және көтере де алмайтын мәселеге жауап іздейді.

Сонымен, мысалы, біздің идеяларымызды насихаттау да, шаруалар қозғалысын қолдау да жергілікті орындарда ұйым болғанда «ғана» мүмкін нәрсе деген автордың пікірі онша дұрыс емес. Әрине, мұндай ұйымдардың болғаны жақсы және жұмыс көбейген жағдайында керек те, бірақ жоғарыда айтылған жұмысты мұндай ұйымдар тіпті жоқ жерде де істеуге болады және істеу керек. Тіпті қалалық пролетариаттың бір өзінің арасында жүргізетін барлық жұмысымызда да біз шаруа мәселесін естен шығармауымыз керек және *саналы пролетариаттың бүкіл партиясының* III съезд арқылы айтқан: біз шаруалар көтерілісін қолдаймыз деген мәлімдемесін жұртқа таратуымыз керек. Шаруалар мұны білуге тиіс — әдебиет арқылы, жұмысшылар арқылы, айрықша ұйымдар және т. т. арқылы білуге тиіс. Бұл қолдауында социал-демократиялық пролетариаттың жерді қандай конфискелеуден (яғни меншік иелеріне ештеңе төлемей экспроприациялаудан) болса да *тайынбайтындығын* шаруалар білуге тиіс.

Хаттың авторы бұл арада бір теориялық мәселені көтереді: ірі имениелерді «шаруалардың ұсақ буржуазиялық меншігіне экспроприациялауды ерекше ескертумен шектеу керек емес пе, дейді. Бірақ, мұндай ескертуді ұсына отырып, автор III съезд қарарының мағынасын өз бетінше тарылтып отыр. Қарарда конфискеленген жерлердің нақ ұсақ буржуазиялық меншік иелерінің қолына көшуін қолдауға социал-демократиялық партия міндеттенетіні жайында *бірауыз сөз айтылмайды.* Қарар былай дейді: біз «тура конфискелеуге дейін», яғни жерді ештеңе төлеместен тартып алуға дейін қолдаймыз, дейді, бірақ тартып алынған жерді кімге беру мәселесін қарар әсте шешпейді. Бұл мәселенің шешпей ашық қалдырылуы кездейсоқ емес: «Впе-

ред» газетінің (№№ 11, 12, 15) * мақалаларынан бұл мәселені күні бұрын шешу жөн болмайды деп танылғанын көреміз. Онда, мысалы, демократиялық республика тұсында социал-демократияның жерді национализациялауға көзқарасы жөнінде серт етіп, өз қолын өзі байлай алмайтыны айтылды.

Шынында да, ұсақ буржуазиялық социалист-революционерлерден емес, біз үшін ең бастысы *қазір* — шаруа көтерілістерінің революциялық-демократиялық жағы және село пролетариатын таптық партияға айрықша ұйымдастыру болып отыр. Қазір мәселенің мәні «қаралай бөлістің» жобаларында немесе национализациялауда болып отырған жоқ, шаруалардың ескі тәртіпті *революциялық* жолмен бұзу керектігін ұғынып, оны жүзеге асыруында болып отыр. Сондықтан социалист-революционерлер «социализацияға» және тағы сондайларға баса күш жұмсайды, ал біз *революциялық шаруа комитеттеріне* баса күш жұмсаймыз: оларсыз барлық өзгерістеріміз түкке тұрмайды, дейміз біз. *Шаруалар көтерілісі* солармен бірге және соларға сүйеніп қана *жеңе* алады.

Шаруалар қозғалысына біз барынша көмектесуіміз керек, көмектескенде *әсте әр түрлі ұсақ буржуазиялық жобаларға дейін емес,* жерді тура конфискелеуге дейін барып көмектесуіміз керек. Шаруалар қозғалысы революциялық-демократиялық қозғалыс болғандықтан біз оны қолдаймыз. Шаруалар қозғалысы реакцияшыл, пролетариатқа қарсы қозғалыс болып шығатындықтан, біз оған қарсы күресуге әзірленеміз (қазір-ақ, дереу әзірленеміз). Марксизмнің барлық мәні бұл міндеттің осы екі жақтылығында, бұл міндетті оңайлату немесе сығып әкеліп бірыңғай, жай міндетке айналдыру марксизмді түсінбейтін адамдардың ғана қолынан келеді.

Нақты мысал алайық. Айталық, шаруалар көтерілісі жеңді. Революциялық шаруа комитеттері мен революциялық уақытша үкімет (ішінара нақ сол комитеттерге сүйенетін үкімет) ірі меншікті конфискелеудің қан-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 373—379, 389—394-беттер және 10-том, 49—65-беттер. *Ред.*

дайын болса да жүргізе алады. Біз конфискелеуді жақтаймыз, біз мұны айттық та. Бірақ біз конфискеленген жер кімге берілсін деп ақыл айтамыз? Бұл араға келгенде біз, хат авторының абайсыз ұсынып отырғанындай мәлімдемелермен өз қолымызды өзіміз байламадық және еш уақытта байламаймыз да. III съездің сол қарарында *«шаруалар қозғалысының революциялық-демократиялық мазмұнын әр түрлі реакциялық қосындылардан тазарту»* туралы айтылатынын, бұл бір, ал екіншіден: *«барлық реттерде және барлық жағдайларда да село пролетариатының дербес ұйымының»* керек екені туралы айтылатынын автор ұмытып кеткен. Біздің директиваларымыз осы. Реакциялық қосындылар шаруалар қозғалысында әрқашан болып тұрады, сондықтан біз ол қосындыларға қарсы күні бұрын күрес жариялаймыз. Село пролетариаты мен шаруалар буржуазиясының арасында таптық антагонизм болмай қоймайды, сондықтан біз оны күні бұрын ашамыз, оны түсіндіреміз, *соның негізінде күресуге әзірленеміз.* Мұндай: күрестің себептерінің бірі: конфискеленген жерлерді кімге және қалай беру керек? деген мәселе болуы өте-мөте мүмкін нәрсе. Сондықтан біз бұл мәселені көмескілемейміз, тең бөлуге, «социализациялауға» және т. с. уәде бермейміз, қайта біз былай дейміз: онда біз әлі күресіп көреміз, тағы да күресіп көреміз, жаңа майданда және өзге одақтастармен бірге күресіп көреміз: онда біз селолық пролетариатпен, барлық жұмысшы табымен сөзсіз бірге болып, шаруалар буржуазиясына *қарсы* шығамыз. Практика жүзінде мұның мәнісі: кіріптарлық, крепостниктік ірі меншік басым жерде, ірі социалистік өндірістің материалдық жағдайлары әлі жоқ жерде жердің ұсақ қожайын-шаруалар табына көшуі де мүмкін деген сөз, демократиялық революция толық жеңген жағдайда национализациялау болуы да мүмкін, ірі капиталистік имениелерді *жұмысшылардың ассоциацияларына* беретін болуы да мүмкін деген сөз, өйткені біз демократиялық революциядан күшіміздің, саналы және ұйымдасқан пролетариат күшінің, шамасына қарай, дереу социалистік революцияға көше бастаймыз. Біз үздіксіз революцияны жақтаймыз. Біз

жарты жолда тоқтамаймыз. Егер біз әр түрлі «социализацияларды» жүргізуге қазір-ақ және дереу уәде беріп отырмаған болсақ, оның себебі, атап айтқанда, біз бұл міндеттің шын жағдайларын білеміз және шаруалардың арасында пісіп келе жатқан жаңа таптық күресті бүркемелемейміз, қайта әйгілейміз.

Біз әуелі шаруаны жалпы ақырына дейін, барлық шаралармен, конфискелеуге дейін, помещикке қарсы қолдаймыз, ал сонан кейін (тіпті кейін де емес-ау, сол уақыттың өзінде) біз пролетариатты жалпы шаруаға қарсы қолдаймыз. Революциядан (демократиялық революциядан) кейін «келесі күні» шаруалардың ішінде болатын күштер комбинациясының есебін *қазір* алу деген — бос қиял. Авантюризмге салынбай, ғылыми ұжданымызға қиянат жасамай, арзан атақтың соңына түспей, біз *бір ғана нәрсені* айта аламыз және айтамыз: бізге, пролетариат партиясына, неғұрлым тезірек жаңа және жоғары міндетке — социалистік революцияға — көшу *жеңіл болуы үшін*, барлық шаруалардың демократиялық революция жасауына бар күшімізді салып көмектесеміз. Біз шаруалардың *қазіргі* көтерілісінің жеңісінен ешқандай үйлестілікті, ешқандай теңгерме-лікті, ешқандай «социализацияны» уәде етпейміз,— қайта керісінше, біз жаңа күресті, жаңа теңсіздікті, жаңа революцияны «уәде етеміз» және сол революцияға ұмтылып та отырмыз. Социалист-революционерлердің ойдан шығарып соғатын сөздеріндей емес, біздің ілімі-міздің «тәттілігі» шамалы, бірақ кімде-кім өзін үнемі тәттімен *сусындатуды* тілесе, ол адам социалист-революционерлерге-ақ барсын; ондайларға біз: алдыңнан жарылқасын дейміз.

Біздің ойымызша, бұл маркстік көзқарас комитеттер туралы мәселені де шешеді. Біздің ойымызша, *социал-демократиялық* шаруа комитеттері *болмасқа тиіс*, егер социал-демократиялық болса, тек қана шаруалық емес * деген сөз; егер шаруалық болса, таза пролетарлық емес, социал-демократиялық емес деген сөз. Бұл екі кәсіпті шатастыруға құмарлар көп-ақ, бірақ біз

* Қолжазбада бұдан әрі былай делінген: «және әсте шаруалардың ерекше өзіне ғана тән емес». *Ред.*

олардан емеспіз. Мүмкін болған жердің бәрінде біз өз комитеттерімізді, *социал-демократиялық жұмысшы партиясының* комитеттерін, ұйымдастыруға тырысамыз. Бұған шаруалар да, пауперлер де, интеллигенттер де, жезөкшелер де (жақында бір жұмысшы өзінің хатында бізден жезөкшелердің арасында неліктен үгіт жүргізбеске деп сұраған), солдаттар да, мұғалімдер де, жұмысшылар да кіреді,— қысқасы, *барлық социал-демократтар кіреді, социал-демократтардан басқа ешкім* кірмейді. Бұл комитеттер бүкіл социал-демократиялық жұмысты мейлінше кең көлемде жүргізіп отырады, бірақ селолық пролетариатты әдейілеп және айрықша ұйымдастыруға тырысады, өйткені социал-демократия пролетариаттың таптық партиясы болып табылады, Ескіліктің түрлі қалдықтарынан толық тазарып болмаған пролетариатты ұйымдастыру ісін «ортодокстық емес» деп табу *барып тұрған адасушылық*, сондықтан біз хаттың бұған қатысты жерлерін жай түсініспеушілікке негізделген деп ойлағымыз келеді. Қалалық және өнеркәсіптік пролетариат біздің социал-демократиялық партияның негізгі ұйытқысы болмай қоймайды, бірақ, біздің программамызда да айтылғанындай, барлық еңбекшілер мен қаналушыларды, бәрін түгел: майдагерлерді де, пауперлерді де, қайыршыларды да, үй қызметшілерін де, жалаңаяқтарды да, жезөкшелерді де соған тартып, оларға білім беріп, ұйымдастырып отыруымыз керек,— әрине, бұл арада мынадай қажетті және міндетті шарт бар: социал-демократия оларға емес, олар социал-демократияға қосылулары керек, пролетариат олардың көзқарасына емес, олар пролетариаттың көзқарасына көшулері керек.

Онда революциялық шаруа комитеттерінің бұл арада не қажеті бар?— деп сұрайды оқушы. Ендеше, олар керек емес шығар? Жоқ, керек. Біздің мақсатымыз: деревняларда барлық жерде бірдей таза социал-демократиялық комитеттер болсын, ал содан кейін олар революциялық шаруа комитеттерін құру үшін шаруалардың *барлық* революциялық-демократиялық элементтерімен, топтарымен, үйірмелерімен келісім жасасын. Бұл арада қаладағы социал-демократиялық жұмысшы

партиясының дербестігімен және оның көтеріліс жасау мақсаты үшін барлық революцияшыл демократтармен одақтасуымен толық ұқсастық бар *. Біз — шаруалардың көтерілісін жақтаймыз. Біз әртекті таптық элементтер мен әртекті партияларды араластыруға және қосуға сөзсіз қарсымыз. Біз көтеріліс мақсаты үшін социал-демократияның *барлық* революциялық демократияны итермелеп отыруып, оның *түгел* ұйымдасуына көмектесіп отыруып, онымен *қатар жүре* отырып, бірақ онымен қосылып кетпей, қалаларда баррикадаларға баруып, деревняларда помещиктер мен полицияға қарсы баруып жақтаймыз.

Самодержавиеге қарсы қалалардағы және деревнялардағы көтеріліс жасасын! Бүкіл революциялық демократияның қазіргі революциядағы алдыңғы отряды — революциялық социал-демократия жасасын!

«Пролетарий» № 16, 14 (1) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

* Қолжазбада бұдан әрі «Шаруалар қозғалысы — шаруалар көтерілісінің басы» делінген. *Ред.*

БІЗДІҢ ЛИБЕРАЛ БУРЖУА НЕ ТІЛЕЙДІ ЖӘНЕ НЕДЕН ҚОРҚАДЫ?

Біздің Россияда халық пен интеллигенцияны саяси тәрбиелеу әлі жоқтың қасы. Бізде айқын саяси сенім мен берік партиялық көзқарастар әлі қалыптаспаған десе де болғандай. Бізде самодержавиеге қарсы наразылық атаулыға оп-оңай сене қоюшылық бар, бұл наразылықтың сипаты мен мазмұны азаттық қозғалысын ыдырататын залалды нәрсе деп сынаудың қандайын болса да жаратпаушылық бар. «Освобождениелік» либерализмнің таптық мазмұнына талдау жасауды жек көретін барлық және әр түрлі еркін ойлы интеллигенттер арасында азаттықтың осы жалпы туын жамылып, Струве мырзаның редакциялауымен шығып отырған «Освобождение» де кең тарап отырғаны да таңданарлық нәрсе емес.

Ал шынында освобождениелік либерализм — бүкіл орыс либерализмінің негізгі сипаттарының неғұрлым жүйелі, цензураға түспейтін түрі ғана ғой. Революция неғұрлым ілгері басып, дамыған сайын бұл либерализм өзін соғұрлым көбірек әшкерелей түседі, ақиқаттың бетіне тіке қараудан қорқушылық, бұл либерализмнің шын мазмұнын түсінуден қорқушылық соғұрлым кешіргісіз бола береді. Бұл жөнінде белгілі тарихшы Павел Виноградов мырзаның белгілі либералдық органда, «Русские Ведомостиде» (5 августа), басылған «Саяси хаттары» өте-мөте назар аударарлық. Ал «Наша Жизнь» сияқты басқа либералдық газеттердің біраууыз болса да ашу-ыза білдірместен осы сыйлы шығарма-

дан үзінділер алып басуы да көңіл бөлерліктей. Павел Виноградов мырза құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді: оның бүкпесіз ашық кетуін, бәлкім, қайсыбір тым жылпос либералдар орынсыз деп санауы мүмкін, бірақ оның осы істеп отырғаны саналы жұмысшылар үшін сонұрлым құнды. Виноградов мырзаның мақаласының бүкіл түйінін көрсететін қорытынды сөздері мынау:

«Россия жаңа құрылысқа 1848 жылы Германияның өткен жолына жақын жолмен өте алар ма екен, мен онысын білмеймін, бірақ 1789 жылы Франция қалап түскен жолға түспей, Германия түскен жолға шығуға бар күшті жұмсау керек екеніне күмәнданбаймын.

Шикі, топтасуы нашар, өзара өштігі көп орыс қоғамына Франция түскен жолда, мерт болып кетпеген күнде, құлақ естімеген қауіп төніп тұр. Өкімет, тәртіп, ұлт бірлігі, қоғамдық ұйым туралы тақырыпта берілетін нақты сабақтарға дейін жетудің керегі жоқ-ақ, әсіресе, бұл нақты сабақтарды жаңадан күш жинап алған не урядник, не немістің вахмистрі береді, ал Россиядағы анархия вахмистрге тағдыр жазған миссияны береді».

Міне, орыс буржуасының көбінесе ойлайтыны осы: 1789 жылғы «жолдың» адам естімеген қауіптері! Буржуа Германияның 1848 жылғы жолынан қашпайды, бірақ Францияның жолына түспеу үшін ол «бар күшін» жұмсайды. Бұл — өте-мөте ойландырарлық ұлағатты сөз.

Бұл екі жолдың арасындағы түпкі айырма неде? Айырма мынау: Францияда 1789 жылы, Германияда 1848 жылы жүзеге асырылған буржуазиялық-демократиялық төңкеріс Францияда аяқталып, Германияда аяқталмады;— Францияда республикаға және толық бостандыққа дейін жетті, ал Германияда монархия мен реакцияны күйретпестен тоқтап қалды;— Германияда төңкеріс көбінесе әбден бекініп жетпеген жұмысшы табын соңына ерткен либерал буржуаның басшылығымен өтті, Францияда төңкерісті белгілі дәрежеде болса да сыйлы, самарқау буржуазияны уақытша болса да шетке ығыстырған халықтың, жұмысшылар мен шаруалардың белсенді-революцияшыл бұқарасы өткізді;—

Германияда елді тез «тыныштандырып» тастады, яғни революцияшыл халықты басып тастауға, «урядник пен вахмистрдің» үстем болуына жеткізді, Францияда «урядниктер мен вахмистрлердің» қарсылығын жаныштаған революцияшыл халыққа белгілі дәуірге үстемдік әперді.

Міне, сөйтіп, Россия буржуазиясының оқымысты малайы «аса құрметті» либералдық органда бірінші жолдан, «француз» жолынан, сақтандырып отыр. Оқымысты тарихшы — «неміс» жолын қалайды және мұнысын тура айтады. Неміс жолы халықтың қарулы көтерілісінсіз болмағанын ол өте жақсы біледі. 1848 және 1849 жылдарда Германияда әлденеше көтерілістер және тіпті әлденеше революциялық уақытша үкіметтер болды. *Бірақ бұл көтерілістердің бірде-бірі толық жеңген көтеріліс болған жоқ.* Ең нәтижелі көтеріліс, 1848 жылы 18 мартта Берлинде болған көтеріліс, король өкіметін құлатумен аяқталған жоқ, өзінің өкіметін сақтап қалған корольдің *жеңілдік* жасауымен аяқталды, ал король ішінара жеңілістен кейін өте тез есін жиып үлгіріп, әлгі берген жеңілдіктерінің бәрін кері қайтарып алды.

Сөйтіп, буржуазияның оқымысты тарихшысы халық көтерілістерінен қорықпайды. *Ол халықтың жеңуінен қорқады.* Ол реакция мен бюрократияға, өзінің жаны қас бюрократияға, халық аздап сазайын тартқызып қоюынан қорықпайды. *Ол реакциялық өкіметті халықтың құлатуынан қорқады.* Самодержавиеге оның жаны қас және жан-тәнімен оны құлатуды тілейді, бірақ Россияның *апатқа ұшырауын* ол самодержавиенің сақталып қалуынан күтпейді, монархиялық өкіметтің өлтіріліп бітпеген паразитінің біртіндеп шіруі салдарынан халық денесінің улануынан күтпейді, *халықтың толық жеңіп шығуынан күтеді.*

Соқыр тиындық құны жоқ ғылымның иесі революция уақыты халық үшін нақты сабақ боларлық уақыт екенін біледі, сондықтан *ол революцияны құрту* жөніндегі нақты сабақтармен бізді қорқытып, *реакцияны жою* жөніндегі нақты сабақтарды керек қылмайды. Ол революцияны аз уақыт болса да толық жеңіске бастайтын жолдан оттан бетер қорқады, сондықтан ол — не-

містерде болғаны сияқты, реакция ұзақ дәуір бойына толық жеңіп тұрғанын жан-тәнімен көксейді.

Ол Россиядағы революцияны құттықтамайды, тек оның кінәсын жеңілдетуге тырысады. Ол жеңімпаз революцияны тілемейді, сәтсіздікке ұшыраған революцияны тілейді. Ол реакцияны заңды және правоға сай, табиғи және берік, сенімді және ақылға сыйымды құбылыс деп есептейді. Ол революцияны заңсыз, құр қиялдағы, правоға сай келмейтін құбылыс деп есептейді, ең оңдағанда самодержавиелік үкіметтің тұрақсыздығымен, «әлсіздігімен», «орнына лайық еместігімен» белгілі дәрежеде *ақтауға* болатын құбылыс деп есептейді. Бұл «объективті» тарихшы революцияны халықтың барынша заңды правосы деп танымайды, тек реакцияның шектен шығып кетуін түзетудің күнәкарлыққа бастайтын және қауіпті әдісі деп қана таниды. Ол үшін толық жеңіп шыққан революция — «анархия» болып табылады, ал толығынан жеңіп шыққан реакция — анархия емес, мемлекеттің белгілі бір қажет қызметтерін біраз асыра сілтеу ғана болып табылады. Ол монархиялықтан басқа «өкіметті», буржуазиялықтан басқа «тәртіпті» және буржуазиялықтан басқа «қоғамдық ұйымды» білмейді. Россиядағы революция «тағдыр жазған миссияға жол ашатын» европалық күштердің ішінен оның білетіні тек «неміс вахмистрі», ал *неміс социал-демократ жұмысшысын* білмейді және білгісі де келмейді. «Батыс буржуазиясын басып озбақшы болғандардың» «әр кокіректігі» оған бәрінен де гөрі жиренішті (профессор мырза европалық,— ев-ро-па-лық,— мәдениетке қолданатын бір өрескел терминді тапқан екенсіздер! дегендей болып: буржуазия деген сөзді кекесін тырнақшалармен қоршап жазады). Бұл «объективті» тарихшы, атап айтқанда, Россиядағы тозығы жеткен самодержавиелік жексұрындықтың салдарынан Европа міне ондаған жылдар бойы саясат жөнінде бір орында тапжылмай тұрып қалғанын немесе кейін шегініп бара жатқанын жайбарақат көрмей отыр. Ол «жаңа күштер жинаған урядниктің» нақты сабақтарынан қорқады және сондықтан ол бәрінен де гөрі қазіргі урядниктің

барлық «күшін» батыл қиратудан қатты сақтандырады,— о, халық көсемі-ай! о, саясат қайраткері! Не деген жексұрын малайлық келбет десеңші! Мәселені ғылыми қараған болып, объективті қараған болып революцияны зұлымдықпен қалай сатып кетіп отыр десеңші! Орысты сәл шұқып көрсеңіз, татарды көресіз деген екен Наполеон. Россияның либерал буржуасын сәл шұқып көрсеңіз, сіз жаңа мундир киген урядникті табасыз,— дейміз біз,— урядник болғанда, әлгі терең ойлы «ғылыми», «объективті» пікір бойынша, оның *ескі* күшінің $^9/_{10}$ бөлігін өзінде қалдыратын урядникті табасыз, әйтпесе ол, бәлкім, *«жаңа* күштерін жинап алғысы» келіп те жүрер! Буржуазияның әрбір идеологының тұла бойын саудагерлік қулық жайлап алған; ол реакцияның *күштерін* және «урядникті» жоюды ойламайды, қайта онымен тезірек келісім жасау арқылы сол урядникті сатып алуды, оның аузын майлап қоюды, жұмсартуды ойлайды.

Россия либерализмінің мәні мен сипаты жайында «Пролетарийде» біздің осыдан бұрын әлденеше рет айтқанымызды буржуазияның мына білгірсіген идеологы қалай тамаша дәлелдеп отыр. Өз уақытында революцияшыл болған, ал ондаған жылдар өткен соң реакция жағына шыққан европалық буржуазиядан біздің қолтума данасымақтарымыздың өзгешелігі — олар революциядан аттап өтіп, не аттап өткісі келіп, реакциялық буржуазияның баяу әрі ұқыпты үстемдігіне бірден түскісі келеді. Буржуазия революцияны тілемейді және өзінің таптық жағдайы бойынша революцияны тілей алмайды да. Ол революцияшыл халыққа қарсы монархиямен келісім жасауды ғана тілейді, ол осы халықтың тасасымен өкіметке ұрланып жетуді ғана тілейді.

Кавказдың жаңа искрашылдары шығарған және «Искраның» редакциясы жеке листогында *ерекше мақұлдаған* төмендегі қарарға келіскен социал-демократия доктринерлеріне либерал буржуазияның бұл ақылгөйі қандай тағылым боларлық сабақ беріп отыр десеңізші. Бұл қарар («Искраның» мақұлдауымен бірге) Н. Лениннің «Екі тактика» деген кітапшасында то-

лығымен көшіріліп басылды (68—69-беттер) *, бірақ бұл қарар Россиядағы жолдастарға көп таныс болмағандықтан, «Искраның» редакциясы оның ойынша «аса сәтті» шыққан осы қарарды өз газетіне басқысы келмегендіктен, біз бұл жерде социал-демократтардың бәріне сабақ болсын деп және «Искраны» масқаралау үшін оны толық басып отырмыз:

«Революциялық кезеңді пролетариаттың социал-демократиялық санасын тереңдету үшін пайдалануды өз міндеті деп санай отырып, конференция (жаңа искрашылдардың кавказдық конференциясы) туып келе жатқан буржуазиялық-мемлекеттік құрылысты сынау жөнінде партияға мейлінше толық бостандық беруді қамтамасыз ету мақсатымен социал-демократиялық уақытша үкіметті құруға және оның құрамына енуге қарсы шығады, қайта мемлекеттік құрылысты мүмкін қадерінше демократияландыру үшін буржуазиялық уақытша үкіметке сырттан қысым жасауды неғұрлым қолайлы деп санайды. Конференция былай деп біледі: социал-демократтардың уақытша үкімет құруы немесе оның құрамына енуі, біріншi жағынан, социал-демократиялық партиядан көңілі қалған пролетариаттың қалың бұқарасын осы партиядан кетіруі мүмкін, өйткені социал-демократия, өкіметті басып алғанымен, жұмысшы табының көкейтесті мұқтаждарын қашан социализмді жүзеге асырғанша қанағаттандыра алмайды, екінші жағынан, *буржуазиялық таптарды революция ісінен жалтарып кетуге мәжбүр етеді, сөйтіп революцияның қарқынын әлсіретеді»*.

Бұл қарар — масқара қарар, өйткені ол (оппортунизмнің тайғақ жолына түскен осы қарарды жазушылардың ырқынан, санасынан тыс) жұмысшы табының мүдделерін буржуазияға сатып кетушілікті көрсетеді. Бұл қарар демократиялық революция дәуірінде пролетариаттың буржуазияның құйыршығы болуын қастерлейді. Жаңа искрашылдардың қандай батпаққа кіргенін көру үшін бұл қарарды жоғарыда Виноградов мырзадан алынып келтірілген цитатпен (ал мұндай цитаттарды тілеген адам либералдық публицистикадан жүздеп, мыңдап табады) қатар қойып қараса болғаны. Буржуазияның нағыз идеологы Виноградов мырза революция ісінен *әлдеқашан жалт беріп кетті де ғой*. Жаңа искрашыл мырзалар, ол осынысымен «революцияның

* Қараңыз: осы том, 87—88-беттер. *Ред.*

құлашын» тарылтып жіберген жоқ па? Сіздердің Виноградов мырзаларға барып бас иіп және *өздеріңіздің революцияны басқарудан бой тартуыңыз арқылы олардан* «революция ісінен жалт бере көрмеңдер» деп жалынғандарыңыз жөн болмас па еді?

«Пролетарий» № 16, 14 (1) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ӨЗ БЕТІНШЕ ТУУ ТЕОРИЯСЫ

««Искра» құрылтай жиналысының қандай да болса үкіметтің, демек, уақытша үкіметтің де көмегінсіз, өз бетінше туу жолымен құрыла алатындығын көрсетті. Бұдан былай осы сұмдық мәселені бітті деп санауға болады, сондықтан бұған сабақтас барлық таластар тоқтатылуға тиіс».

1 сентябрь (19 август) деп көрсетілген «Последние Известияның» 247-номерінде Бунд [98] осылай деп жазады. Егерде мұнысы кекету болмаса, онда искралық көзқарастарды бұдан асырып «дамытуды» ойлап табуға болмайды. Қалай болған күнде де «өз бетінше туу» теориясы белгіленді, «сұмдық мәселе» бітті, таластар «тоқтатылуға тиіс». Қандай рақат! Біз енді осы сұмдық мәселе туралы талассыз өмір сүретін боламыз, осы жаңа, әлгінде ғана ашылған, қарапайым жас нәрестенің көзіндей мөлдіреген ап-айқын теорияны, «өз бетінше туу» теориясын, әлпештейтін боламыз. Рас, бұл өз бетінше туу теориясы өз бетінше туған жоқ, қайта, жұрттың көз алдында, Бундтың жаңа «Искрамен» некесіз қосылуының нәтижесі болды,— бірақ керегі теорияның шыққан тегі емес, оның құндылығы ғой!

«Сұмдық мәселені» РСДРП III съезінде де, жаңа искрашылдардың конференциясында да талқылаған әлгі сорлы россиялық социал-демократтардың өзі неткен аңқау адамдар болған десеңші: біреулер құрылтай жиналысының тууы *үшін*, өз бетінше тууы емес, уақытша үкімет жайында үнемі айтумен болды; енді біреулері

«революцияның патша өкіметін үзілді-кесілді жеңуі» «халықтың тікелей революциялық қысымымен қайсыбір өкілдік мекеменің құрылтай жиналысын шақыруға ұйғаруымен» де «бола алады» деген пікірді қолдады (конференцияның қарары), ал ешкімнің, керек десеңіз Плехановпен бірге конференцияда болған жаңа «Искраның» бүкіл редакциясының да, енді міне *«Искра көрсеткен»*, Бунд қорытындылап, баянды етіп, тәуір сөзбен ат қойған мәселе жөнінде ойларына кіріп те шыққан жоқ. Жаңадан табылған данышпандық жаңалықтардың бәрі секілді, *құрылтай жиналысының өз бетінше туу теориясы* бүкіл астан-кестені шыққан дүниеге бірден жарық сәуле түсірді. Енді бәрі де ап-айқын болып шыға келді. Революциялық уақытша үкімет туралы ойлаудың түкке қажеті жоқ («Искраның»: «жасасын» және «үкімет» деген сөздердің қосылып айтылуы ауызыңызды ластамайтын болсын деген атышулы нақыл сөзін естеріңізге түсіріңіздер!), Мемлекеттік думаның мүшелерінен «Мемлекеттік думаны революциялық жиналысқа айналдыруға» «революциялық міндеттеме» алудың (Череванин «Искраның» 108-номерінде) түкке қажеті жоқ. *Құрылтай жиналысы өз бетінше туа алады!!* Мұның өзі үкіметтің, тіпті уақытша үкіметтің болса да, тіпті революциялық үкіметтің болса да «делдалдығымен» өзін ластамайтын халықтың өзінен туған таза туыс болады. Мұның өзі өкімет үшін ешқандай «якобиншілдік» күрес жүргізбей-ақ, буржуазиялық өкілдік жиналыстардың сатқындығымен қасиетті істі ешбір ластамай-ақ, бұған дейін осы былғаныш, күнәкар, лас дүниеде ескі қоғам жаңа қоғамға жүкті болған сайын сахнаға шыға келетін тіпті қайдағы бір дөрекі акушеркаларсыз-ақ жалпыға бірдей сайлаудың таза жолымен туған, «бұзылмайтын болып» туған туыс болады.

Өз бетімен туу жасасын! Бүкіл Россияның барлық революциялық халықтары бостандыққа жетудің ең қолайлы, жеңіл, оңай жолы ретінде мұның өзі *өздері үшін* «мүмкін» екенін, ал олай болса, қажет екенін де енді бағалайтын болсын! Өз бетінше туу теориясын өз бе-

тінше тудырушы Бунд пен жаңа «Искраның» құрметіне жылдамырақ ескерткіш орнатылсын!

Бірақ, осы тыңнан табылған ғылыми жаңалықтың жарқыраған сәулесі көзімізді қаншама шағылдырса да, бұл маңызды туындының кейбір арамзалық ерекшеліктеріне жұқалап тоқтап өтуге тиістіміз. Егер Гамбургта айды мүлде оңдырмай жасайтын болса [99], онда «Последние Известияның» редакциясында жаңа теорияларды да онша мұқият жасап шығармайды. Рецепт оп-оңай, бір де бір нәрсені еш уақытта өздігінен ойлап шығарып көрмеген адамдардың ежелден әуес рецепті: қарама-қарсы көзқарастарды алады да, қосып араластырып жібереді, қақ боледі! «Пролетарийден» самодержавие тұсындағы халықтық сайлауды сынауды, «Искрадан» «сұмдық мәселені» теріс деп табушылықты аламыз; «Пролетарийден» белсенді бойкот жасауды, «Искрадан» көтерілістің ұран ретінде жарамсыздығын аламыз... «бал арасының әрбір гүлдің басынан бал жинағаны тәрізді» [100]. Сөйтіп, мейірбан бундшылдар сұмдық мәселе туралы таластың тоқтағанына қуанып, өздеріне өздері сүйсінеді, олар таласушы екі жақтың екеуінің де көзқарастарының тар өрістілігінен, сыңар жақтылығынан қалай асып түстік! деп мәз-мейрам болады.

Сіздердің бұларыңыз жұп-жұмыр болып шықпай тұр, Бундтағы жолдастар. Сіздер «өз бетінше туудың» жаңа искралық «жолынан» басқаны көрсетпедіңіздер. Ал жаңа искралық жол жөнінде сіздер «самодержавие жағдайында және бүкіл мемлекеттік машинаны өз қолында ұстап отырған үкіметтің еркіне қарсы» халық өкілдерінің сайлауы тек *ойыншық* сайлау бола алады деп өздеріңіз мойындауға тиісті едіңіздер. О, жаңа теорияны жасаушылар, бізді жарты жолға тастай көрмеңіздер: айтыңыздаршы, сіздер «өз бетінше туу» жаңа искралық жолдан басқа қандай «жолмен» болады деп «ойлайсыздар»?

Самодержавие тұсында сайлауды освобождениешілдер ғана өткізе алады, бұл сайлауды олар халық сайлауы деп көрсетуге * әзір тұрады, деп «Пролетарий»

---

* Қараңыз: осы том, 199—200-беттер. *Ред.*

«Искраға» қарсы жазған-ды. Бунд былай деп жауап береді: «Бұл дәлел түкке тұрмайды, өйткені сайлауды заң тағайындаған шектерден тыс жүргізуге самодержавиенің ешкімге — соның ішінде освобождениешілдерге де — жол бермейтінінде еш күмән жоқ». Біз құрметпенен ескертейік: земствошылар, қалалық өкімет мүшелері, «одақтардың» мүшелері сайлауды жүргізді және жүргізіп жатыр. Бұл факт. Дәлел айдан анық: олардың көптеген бюролары.

Бунд былай деп жазады: «Жалпы алғанда (!) қарулы көтерілісті жақтап Думаға қарсы үгіт жүргізуге болмайды, өйткені көтеріліс, саяси төңкеріс жасаудың құралы ғана болғандықтан, бұл ретте» («жалпы алғанда» емес пе?) «үгіт ұраны бола алмайды. Жалпыға бірдей және т. б. дауыс беру негізінде құрылтай жиналысын шақыру үшін саяси үгітті кеңейтумен, тереңдетумен Думаға жауап беруге болады және жауап беру керек те». Біз былай деп жауап қайырамыз: біріншіден егерде бундшылдар біраз ойлаған болса немесе тіпті біздің партиялық программамызды жай қарап шыққан болса, құрылтай жиналысының да тек «құрал» ғана болып табылатындығын олар көрген болар еді. Бір «құралды» ұран үшін жарамды деп, ал екіншісін «жалпы алғанда» жарамсыз деп жариялау жөн емес. Екіншіден, құрылтай жиналысын шақыру ұранының бір өзі ештемеге жарамайды, өйткені ол освобождениелік ұранға, буржуазиялық «келісімпаздардың» ұранына айналды деп біз көптен бері және сан рет ыждағаттап түсіндіріп келеміз («Пролетарийдің» 3 және 4-номерлерін қараңыз) *. Либерал-монархиялық буржуазияның құрылтай жиналысын шақыру *әдісі* туралы мәселені *көмескі қалдыратыны* оның тарапынан *әбден табиғи нәрсе.* Революцияшыл пролетариаттың тарапынан бұл мүлдем кешірімсіз. Біріншілерге өз бетінше туу теориясы әбден лайық. Екіншілерді ол саналы жұмысшылар алдында тек масқаралайды.

Бундтың ақырғы дәлелі: «Қарулы көтеріліс қажет, оған әзірлену керек, әзірленген үстіне әзірлену керек.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 278, 285—293-беттер. *Ред.*

Бірақ әзірге біздің оны тудыруға күшіміз жетпейді, сондықтан (!!) оны Думамен байланыстырудың қажеті де жоқ». Біз былай деп жауап береміз: 1) Көтерілістің және оған әзірленудің керектігін мойындау, ал сонымен қабат «жасақтар» («впередтік арсеналдан алынған» деп жазады Бунд) туралы мәселе жөнінде жиреніп мұрын тыржиту дегеніміз — өзіңді өзің соққылау деген сөз, өз шимай-шатақтарыңыздың ойланылмағандығын дәлелдеу деген сөз. 2) Революциялық уақытша үкімет көтеріліс органы болып табылады. III съездің қарарында тура айтылған бұл қағиданың негізгі мазмұнын жаңа искралық конференция да қабылдады, бірақ оның айтылуы, біздің ойымызша, онша сәтті шықпаған («жеңімпаз халық көтерілісінен туатын» революциялық уақытша үкімет дейді: революциялық уақытша үкіметтің мүлдем жеңімпаз емес немесе толық жеңімпаз емес көтерілістің органы бола алатындығын логика да, тарихи тәжірибе де көрсетіп отыр; оның үстіне, революциялық уақытша үкімет көтерілістен «туып» қана қоймайды, көтерілісті бастайды да). Бундшылдар бұл қағидаға қарсы таласқысы келмейді және бұған қарсы таласуға да болмайды. Көтерілістің және оған әзірленудің қажеттігін мойындау және сонымен қабат уақытша үкімет туралы «сұмдық мәселе» жөніндегі таластың тоқтатылуын талап ету — ойламай жазу деген сөз. 3) «Қандай болмасын үкіметтің, олай болса, уақытша үкіметтің де көмегінсіз» құрылтай жиналысын құру туралы сөз *анархиялық* сөз болып табылады. Ол бүтіндей «жасасын» және «үкімет» деген сөздерді қосып айту ауызды «ластау» болады дейтін атышулы искралық сөздің дәрежесінде тұр. Мұның өзі саяси төңкеріс жасаудың аса ұлы, ең жоғарғы *«құралдарының»* бірі болып табылатын революциялық өкіметтің маңызын түсінбейтіндікті көрсетеді. Бұл арада «Искраға» ілесе Бундтың көлбеңдетіп алға тартып отырған арзанқол «либерализмі» (мүлдем үкіметсіз, тіпті уақытша үкіметсіз де, деуі!) атап айтқанда анархиялық либерализм болып табылады. Құрылтай жиналысын көтерілістің *жәрдемінсіз* құру деген ой — буржуазиялық пасықтарға ғана лайықты, мұны бундшыл жолдастар

да көріп отыр. Ал көтеріліс революциялық уақытша үкіметтің *жәрдемінсіз* жалпы халықтық та бола алмайды, жеңімпаз да бола алмайды. Бундшылдар сөзінің мүлдем дәйексіздігін біз, амал не, айтқан үстіне айтуға тиістіміз. 4) Егерде көтеріліске әзірлену керек болса, онда халықтың қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет ұрандарын тарату және түсіндіру осы әзірлікке қажетті түрде енеді. Біздің өзіміз де күрестің жаңа тәсілдерін, олардың жағдайларын, олардың формаларын, олардың қаупін, олардың практикада жүзеге асырылуын және т. т. үйреніп отыруымыз керек және осыларды бұқараға түсіндіріп отыруымыз керек. 5) «Біздің әзір көтеріліс тудыруға күшіміз жетпейді» деген қағида дұрыс емес. «Потемкинде» болған оқиға *әзірленіп жатқан көтерілістің мезгілінен бұрын бұрқ ете түсуін тоқтатуға біздің шамамыз келмейтінін* қайта көбірек көрсетіп отыр. «Потемкин» матростарының әзірлігі басқа кемелердегі матростардың әзірлігінен кем еді, сондықтан да толық көтеріліс болып шыға алатын көтеріліс толық болмай сәлдеу болып шықты. Бұдан қандай қорытынды шығады? Көтерілісті әзірлеу міндетіне әзірленіп жатқан немесе әзірленіліп болды дерлік көтерілістің мезгілінен бұрын бұрқ ете түсуіне жібермеу міндеті кіреді деген қорытынды шығады. Стихиялық жолмен өршіп отырған көтеріліс біздің оны әзірлеу жөніндегі саналы және жоспарлы жұмысымызды *басып озады* деген қорытынды шығады. Сондықтан қазір біздің бытыранды, бөлек-бөлек, стихиялы түрде біресе онда, біресе мұнда бұрқ етіп жатқан көтерілістерді тоқтатуға күшіміз жетпейді. Біз ойдағыдай жасалатын көтерілістің барлық саяси міндеттері мен саяси шарттарын тарату және түсіндіру ісінде соғұрлым *асығуға* міндеттіміз. Ендеше, уақытша үкімет жөніндегі «сұмдық мәселе» туралы таластар тоқтатылсын деп ұсыну соғұрлым ақылсыздық болады. 6) «Көтерілісті Думамен байланыстырудың қажеті жоқ» деген пікір дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Көтерілістің кезеңін күн ілгері белгілеу,— әсіресе мұндағы, шетелдегі, біздер үшін қисыны жоқ нәрсе. «Пролетарийдің» сан рет көрсеткеніндей, бұл мағынада «байла-

ныстыру» туралы сөз де болып отырған жоқ. Бірақ *көтерілісті жақтап* жүргізілетін *үгітті*, оның қажеттігін *уағыздауды* барлық маңызды және халықтың жүрегін қозғайтын саяси оқиғалармен «байланыстырып отыру» керек. «Думалық» науқандағы бүкіл үгіт жұмысымызда қандай үгіт ұраны басты орын алуға тиіс,— міне қазір біздегі барлық талас, атап айтқанда, осы жөнінде болып отыр. Дума осындай оқиға болып табыла ма? Сөз жоқ, солай. Думаға бәрінен де гөрі қалай жауап берген жақсы деп жұмысшылар мен шаруалар бізден сұрай ма? Сөзсіз сұрайды және сұрап та жатыр. Бұл сұрауларға қалай жауап беру керек? Өз бетінше туу дегенге сілтей салмай, (бұл тек күлкі үшін жарайды), *көтерілістің* шарттарын, формаларын, алғы шарттарын, міндеттерін, органдарын *түсіндірумен* жауап беру керек. Осындай түсіндіру жұмысы арқылы біз неғұрлым көп табысқа жетсек, бұрқ етіп шықпай қоймайтын көтерілістердің ойдағыдай, жеңімпаз көтеріліске оңайырақ және жылдамырақ ұласуы соғұрлым ықтимал бола түседі.

«Пролетарий» № 16,
14 (1) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ДОСТАРДЫҢ КЕЗДЕСУІ

Россиядағы саяси дағдарысты өте мұқият қадағалап отырған шетел газеттері соңғы күндері земствошылар мен освобождениешілдердің әрекеттері туралы бірсыпыра қызықты хабарлар әкелді. Ол хабарлар мынау.

«Петербургте дворян жетекшілерінің конференциясы екі сағат пікір алысқаннан кейін» Мемлекеттік думаның «сайлауы жөнінде ішкі істер министрімен толық келісімге келді» («Vossische Zeitung»[101], 16 сентябрь). «Сайлаушылардың көпшілігі өздеріне берілген саяси праволарға мүлдем немқұрайды қарайтындығы туралы барлық орыс губернияларымен қалаларынан хабарлар түсіп жатыр» (бұл да сонда). Головин (Москва губерниялық земство басқармасының председателі) земствошылардың съезіне рұқсат ету туралы Дурновомен (Москваның генерал-губернаторы) келіс сөз жүргізіп жатыр. Дурново земствошыларға толық тілектеспін, бірақ съезге барлық күшті жұмсап бөгет жасауға маған бұйрық етілді депті Головинге. Головин профессорлардың съезін мысалға келтірген. Дурново бұған: «ол мүлдем басқаша нәрсе, өйткені сабақты қайтадан бастауға студенттерді қайткен күнде де көндіру керек болды» депті («Frankfurter Zeitung», 17 сентябрь). «Сайлау программасын талқылау мақсатымен земствошылардың съезін Москвада 25 сентябрьде шақыруға рұқсат етілді, съезд тек осы мәселенің шеңберінен шықпайтын болсын делінді» («Times», 18 сентябрь, С.-Петербургтен алынған телеграмма). «Головин мырза зем-

ствошылардың алдағы съезі туралы келіс сөз жүргізу үшін бүгін генерал-губернаторға жолықты. Ұлы мәртебелі ол съездің рұқсат етілгендігін, бірақ оның программасында тек мына үш мәселе болуға тиіс екенін айтты: 1) земстволар мен қалалардың Мемлекеттік дума сайлауына қатысуы; 2) сайлау науқанын ұйымдастыру; 3) земстволар мен қалалардың ашыққандарға жәрдемдесуге қатысуы» (бұл да сонда, Москвадан алынған телеграмма).

Достар кездесті де, достар сөз байласты. Головин (земство партиясының көсемі) мен Дурново арасында келісім жасалды. Келісімнің өзара кеңшілік жасасуға, do ut des (мен саған берейін, сен маған бер) деген принципке негізделгенін тек сәбилер ғана көрмеуі мүмкін. Самодержавиенің қандай кеңшілік жасағаны айқын: ол съезд шақыруға рұқсат етті. Ал земстволық (әлде освобождениелік пе? Оларды бір алланың өзі айырып алар! Ал оларды айырып жатудың қажеті бар ма еді?) партияның қандай кеңшілік жасағанын ешкім айтпайды. Өзінің самодержавиемен жүргізіп жатқан келіс сөздерін жасыруға буржуазияның дәлелдері толық. Бірақ біз буржуазияның жасаған кеңшіліктерінің егжей-тегжейіне дейін толық білмесек те, оның *мазмұнын* өте жақсы білеміз. *Буржуазия самодержавиеге өзінің революциялық аптығын бәсеңсітуге уәде етті,* ал оның барлық революциялық аптығы — Петрункевичті патша сарайында бұрынғы революционер деп санағандығы еді... *Буржуазия жеңілдікке жеңілдікпен жауап беруге уәде етті.* Жеңілдіктің мөлшері бізге белгісіз. Бірақ біз буржуазияның «сұрар бағасы» екі түрлі болғанын білеміз: халық үшін — екі палаталы монархиялық конституция, патша үшін — халық өкілдерін шақыру ғана (өйткені земствошылардың әйгілі делегациясының II Николайға бұдан артықты айтуға батылы бармады). Буржуазия міне осы екі түрлі сұрар бағасынан қазір жеңілдік жасамақ болып самодержавиеге уәде беріп отыр. *Буржуазия патшаға шын берілген, адал ниетті, жария болуға уәде етті* *.

---

* Жақаша 21 сентябрьдегі шетел газеттерінде Петербургтен мынадай хабар басылды: земство съезінің бюросы *съездің программасын*

Достар кездесті де, достар келісті.

Дәл сол мезгіл шамасында басқа достар да кездесіп, келісе бастады. Биржалық «Франкфурт Газетінің» Петербургтегі тілшісі (15 сентябрьде) «Азаттық одағының» астыртын съезі болды деп хабарлады, сірә, Москвада[102] болса керек. «Жиналыста «Азаттық одағын» *демократиялық-конституциялық партияға* айналдыруға шешім қабылдаған. Бұл ұсынысты жасаған «Азаттық одағына» жататын земствошылар, ал съезд (әлде конференция ма?) ол ұсынысты бірауыздан қабылдапты. Содан соң *партияның программасын* жасау үшін және оны редакциялау үшін «Азаттық одағының» 40 мүшесі сайланған. Бұл комиссия көп ұзамай өз жұмысын бастайды». Мемлекеттік дума туралы мәселе талқылаған. Қызу айтыстан кейін *сайлауға қатысуға* ұйғарысыпты, «бірақ партияның сайланған мүшелері Мемлекеттік думаға күнделікті істермен шұғылдану мақсатымен емес, Думаның өз ішінде күресті жүргізе беру мақсатымен қатысатын болу шарты қойылыпты». Айтыста кеңінен (немесе барлық жағынан бірдей, weitgehender) бойкот жасау мүмкін емес, ал тек осындай бойкот жасаудың мәні болар еді деп көрсетілген. (Мырзалар, сіздердің жиналысыңызда: істей алмаймын деме, істегім келмейді де деп шынымен-ақ ешкім айқайламады ма? «Пролетарий» редакциясының ескертуі.) Бірақ жиналыс Мемлекеттік думаны демократиялық идеяны насихаттау үшін ең жақсы орын деп біледі. «Халықтың кез келген шын досы,— делінген жиналыстың протоколында,— бостандықтың кез келген досы конституциялық мемлекет жолында күресу үшін ғана Мемлекеттік думаға барады». (Радикал интеллигенция үшін басты нәрсе — сайлау правосын кеңейту, ал земствошылар үшін, помещиктер мен капиталистер үшін — Мемлекеттік думаның праволарын кеңейту деп барлық жұртқа және

үкімет көп қысқартып тастады деген дәлелмен 25 сентябрьдегі съезге қатысудан бас тартқан хабарларды көп алып жатыр. Бұл хабардың дұрыстығына кепіл болмаймыз, бірақ тіпті лақап ретінде де бұл хабар Головиннің Дурновомен жүргізген келіс сөзінің маңызына біздің көзқарасымызды сөзсіз қуаттайды.

әркімге түсіндіріп отырған освобождениелік *С. С.*-ті еске түсіріңдер. «Пролетарий» редакциясы.) «Бұл арада жиналыс Думаның демократияшыл мүшелері бұл күресте *қазіргі үкіметпен қатынасты толық үзуді* (курсив түпнұсқанікі) есте ұстауы керек және қатынасты үзуден қорықпауға тиіс, деп көрсеткен. Жиналыстың бұл шешімдері, әрине, бастырылады және таратылады». («Пролетарий» редакциясының қолында әзір бұл листок та, бұл туралы Россиядан хабар да жоқ). ««Освобождениешілдердің», «Азаттық одағының» мүшелері өздеріп осылай деп атайды, ықпалы өте зор. Олардың қатарында қоғамның сан алуан топтарының өкілдері бар, оларды басқарып отырғандар земство қайраткерлері. Сондықтан олардың өздеріне жақын тұрған, ценз талаптарын қанағаттандыратын қоғам топтарының арасында жүргізіп отырған сайлау жөніндегі үгітінің маңызы зор. Освобождениешілдердің берік ұйтқысы Мемлекеттік думаға өтіп алатынына және Мемлекеттік дума нағыз халық өкілдігіне айналысымен оның сол жақ бөлегі болатынына ешқандай күмән жоқ. Егерде бұл радикалдар самарқау земстволар мен қалалардың кандидаттарын өз жағына аударып алатын болса, онда әңгіме құрылтай жиналысын жариялауға дейін баруы ықтимал.

Сонымен, орыстың саяси партияларының сайлауға қатысуы, сірә, шешілген мәселе болса керек, өйткені, ақыр-аяғында, «Одақтар одағы» да сайлауға қатысуды жақтап шықты. Тек еврейлік Бунд қана Думаның сайлауына қарсы үгіт жүргізіп отыр және түрлі қалалардағы жұмысшылар өздері шығарылып тасталған Мемлекеттік думаға *қарсы* үзілді-кесілді наразылық білдіріп, үлкен митингілер өткізуде»...

Орыс революциясының тарихын неміс буржуазиялық газетінің тілшісі осылай жазады. Оның хабарларында жеке қателер болуы ықтимал, бірақ жалпы және тұтас алғанда бұл хабарлардың шындыққа жақын екені күмәнсыз,— әрине, мұның болжауларға емес, фактілерге ғана қатысты жағын алсақ.

Ал оның жоғарыда баяндаған фактілерінің шын мәнісі қандай?

Біздің бұдан бұрын жүз мәрте қайталап айтқанымыздай, россиялық буржуазия өзінің таптық мүдделері үшін өкіметті *өз* қолына алуды қамтамасыз етуге революцияны пайдаланбақшы болып, патша мен халықтың арасында, өкімет пен революцияның арасында делдалдық істеп жүр. Сондықтан, әзір өкіметке қолы жетпей тұрғанда, ол патшамен де, революциямен де «дос болуға» тырысуға *тиіс*. Міне, ол тырысып та отыр. Әйгілі Головинді ол Дурновомен достасуға жұмсайды. Аноним шимайшыны ол «халықпен», революциямен достасуға жұмсайды. Ана жақта достар кездесті де, келісті. Бұл жақта — біріне-бірі қол созысады, жылы жүзбен бас изеседі, халықтың шын достары болуға, бостандықтың достары болуға уәде беріседі, күресу үшін ғана, тек қана күресу үшін Думаға қатысуға серттеседі, осы күнгі үкіметпен қатынасты мүлдем үземіз, бір жолата үземіз деп ант ішіседі, тіпті құрылтай жиналысын жариялау перспективасына уәде етеді. Олар радикал болғансиды, революционерлердің алдында жарамсақтанады, халықтың және бостандықтың достары атағын алу үшін революционерлерге жағымпаздanады, олар: *бәлкім, қармаққа қауып та қалар!* — деген оймен нені болса да уәде етуге дайын тұрады.

Қапты да. Қармаққа Парвус бас болып жаңа «Искра» қапты. Достар кездесті де, келісім жасау туралы келіс сөз жүргізе бастады. Думаға бара жатқан освобождениешілдерден революциялық міндеттеме алу керек,— деп айқайлайды Череванин («Искра» № 108).— Біз келісеміз, әбден келісеміз,— деп жауап береді освобождениешілдер.— Біз құрылтай жиналысын жариялаймыз. Еркін және демократиялық өкілдіктің батыл жақтаушыларын ғана сайлайтын болуы үшін қысым жасау керек,— деп Мартов Череванинге қосарланады. (Вена-ның «Жұмысшы Газеті», «Пролетарийдің» 15-номерінде аударылды*).— Әрине, әрине,— деп жауап береді освобождениешілдер,— біз, құдайға нансаңыз, ең батылдармыз, біз осы күнгі үкіметпен қатынасты толық үзуден тайынбай отырмыз. Халық мүдделерін жақтау-

* Қараңыз: осы том, 226—227-беттер. *Ред.*

ға міндетті екенін олардың есіне салу керек, оларды халық мүдделерін жақтауға көндіру керек,— деп дүрілдейді біздің Ледрю-Роллен, Парвус.— О, дұрыс-ақ,— деп жауап қайырады освобождениешілдер.— Біз халықтың шын достары, бостандықтың достары екенімізді тіпті протоколға жазып та қойдық. Саяси партиялар құру керек,— деп талап етеді Парвус.— Құрылды,— деп жауап береді освобождениешілдер.— Біз қазірдің өзінде-ақ конституциялық-демократиялық партия болып аталамыз.— Айқын программа болуы керек,— деп дігерлейді Парвус.— Рақым етіңіз,— деп жауап береді освобождениешілдер,— біз программаны жазуға қырық адамды отырғыздық, тіпті қанша қаласаңыз да әзірміз, рақым етіңіз..!—Социал-демократтардың освобождениешілдерді қолдауы туралы келісім жасау керек,— деп жаңа искрашылдардың бәрі бір дауыспен қорытады. Освобождениешілдер іш-бауыры елжіреп, көздеріне жас алысады. Головин Дурновоны құттықтауға аттанады.

Бұл арада комедианттар кім, ақымақ боп қалғандар кім?

Дума туралы мәселеде искралық тактиканың барлық қателері қазір өзінің табиғи және ылажсыз тірелетін жеріне барып жетті. Белсенді түрде бойкот жасау идеясына қарсы жүргізген күресімен «Искраның» атқарған масқаралық ролі енді барлық жұртқа да, әркімге де белгілі болып отыр. Искралық тактика кімге *пайдасын тигізді,*— бұған қазір күмән келтіруге болмайды. Белсенді түрде бойкот жасау идеясын монархиялық буржуазияның көпшілігі коміп тастады. Искралық тактиканы россиялық социал-демократия көпшілігінің көметіні сөзсіз.

Парвустың бетімен лаққаны соншалық— ол освобождениешілдермен («демократтармен») формальды келісім жасау туралы, олар мен социал-демократтарды ортақ саяси жауапкерлікпен байланыстыру туралы, дәл белгіленген шарттар мен талаптардың негізінде социал-демократтардың освобождениешілдерді қолдауы туралы айта бастады,— бұл сорақылықтан, бұл масқарадан тіпті жаңа искрашылдар да ат-тонып ала қашатын болар.

Бірақ Парвус жаңа искрашылдықтың негізгі идеясын тым тіктеу, дөрекілеу білдірді. Парвус ұсынған формальды қолдау жаңа «Искраның» Думаны белсенді түрде бойкот жасауды жазғырып, Думаға демократтардың епу идеясын ақтап және қорғап, ешқандай парламент жоқ жағдайда парламентаризм ойынын ойнаумен шұғылданып, монархиялық буржуазияға жасап келген *моральдық* қолдауынан ылажсыз келіп туған қорытынды болып табылады. Бізде әлі парламент жоқ, бірақ парламенттік кретинизм қанша керек болса сонша баршылық, деп тегін айтылмаған еді.

Жаңа искрашылдардың негізгі қатесі өзін көрсетті. Олар *келісім жасау теориясын,* освобождениешілдіктің осы негізгі саяси теориясын, россиялық буржуазияның таптық позициясы мен таптық мүдделерінің осы өте терең, өте айқын белгісін ылғи көрмей, көздерін бүркеп келді. Бұлар істің бір ғана жағына, буржуазияның самодержавиемен жанжалдарына баса көңіл бөліп келді және баса көңіл бөліп отыр, бірақ істің екінші жағын: буржуазияның самодержавиемен келісімін, халыққа қарсы, пролетариатқа қарсы, революцияға қарсы *келісімін* тасада қалдырып отырды. Ал оның бер жағында істің нақ осы екінші жағы барған сайын бірінші қатарға шығып келеді, россиялық революция ілгері қадам басқан сайын, тәртіптің буржуазияшыл жақтаушылары үшін төзімсіз жағдай айдан айға созыла берген сайын ол неғұрлым түбірлі маңыз алып келе жатыр.

Жаңа искрашылдардың негізгі қатесі мынаған апарып соқты: социал-демократияның буржуазия мен самодержавие арасындағы жанжалдарды пайдалану әдістерін, бұл жанжалдарды өзіміз күш салып *өршіту* әдістерін олар мүлдем теріс бағалады. Иә, біз ол жанжалдарды сөзсіз және әрқашан, Думасыз да, Думаға дейін де, егер шақырыла қалса, Думаның ішінде де өршітіп отыруға міндеттіміз. Ал бірақ оны өршітудің *құралын* жаңа искрашылдар керек жерінен іздемей, мүлдем басқа жақтан іздеп жүр. Шоқты тұтатып, терезелерді қиратып тастап, жұмысшы көтерілістерінің еркін ауасы түйдектеп кіру үшін кең жол ашудың орнына, олар ойыншық көрік жасап, освобождениешілдерге

қойылатын кісі күлерлік талаптармен және шарттармен освобождениешілдердің революциялық аптығын қоздырмақ болып әлек болады.

Иә, буржуазия революцияшылдықпен бас көтерген кездің бәрінде біз оны қолдап отыруға міндеттіміз. Бірақ біздің бұл қолдауымыз әрқашан революциялық социал-демократияның ең алдымен және көбіне сол «демократиялық» буржуазия дейтін шіркіндердің әрбір жалған қадамын аяусыз әшкерелеп, масқаралап отыруында болды («Заря» мен ескі «Искраның» «Освобождениеге» көзқарасын еске түсіріңіздер) және әрқашан сондай болмақ. Біз буржуазияның демократизміне ықпал ете алатын болсақ, ол ықпал буржуазияшыл демократтың жұмысшылар алдында, саналы шаруалар алдында сөйлеген әрбір сөзі сол буржуазияның барлық опасыздықтарын, барлық қателерін жазалау, орындалмаған уәделері үшін, өмірдің өзі және барлық істер теріске шығарып отырған жылтыр сөздері үшін жазалау болған күнде ғана нақты ықпал болады. Бұл буржуазия күні кеше Думаға бойкот жасау туралы бүкіл Европаға айқай салып, бүгінгі күні оңбағандық жасап отырса, өз уәделерін қайтып алып, шешімдерін қайта қарап, қарарларын қайта жасап отырса, жария жұмыс жүргізу туралы барлық Дурноволармен мәмлеге келіп отырса,— онда біз бұл суайттарды және самодержавиенің малайларын моральдық жағынан қолдамауымыз керек, олардың құтылып кетуіне жол бермеуіміз керек, жұмысшылар арасына жаңа уәделермен (Дума заң жөнінде кеңесетін думадан заң шығаратын думаға айналған кезде босқа қалатын уәделермен) бас сұғуына жол бермеуіміз керек, жоқ, біз оларды масқаралап отыруымыз керек және бұл буржуазиялық «демократияның», конституцияны Треповпен, социал-демократияны освобождениешілдікпен келістірушілердің жаңа опасыздықтары ылажсыз екенін, ондай опасыздықтары болмай қоймайтынын бүкіл пролетариатқа түсіндіріп отыруымыз керек. Біз, басқасын былай қойғанда, буржуазияның бойкот туралы мәселе жөнінде де халықты алдап отырғанын айтып, әлгі барлық Петрункевичтер мен К⁰-нің әбден ер жеткен Кавеньяктар мен

Тьерлер екенін барлық жұмысшыларға дәлелдеп, көрсетіп отыруымыз керек.

Айталық, Дума дүниеге келгенге дейін оны болдырмай тастау міндетін орындауға біздің шамамыз келмейді екен делік. Айталық, Дума шақырылған екен делік. Оның ішінде конституциялық жанжалдар болмай қоймайды, өйткені буржуазия өкімет билігіне талпынбай тұрмайды. Біз сонда да оның осы талпынысын қолдауға міндеттіміз, өйткені конституциялық тәртіп пролетариатқа да азын-аулақ бірдеңе береді, өйткені буржуазияның тап ретіндегі үстемдігі біздің социализм жолында күресуіміз үшін жол ашады. Мұның өзі осылай. Бірақ біздің жаңа «Искрамен» екі арамыздағы түбірлі алшақтығымыз бұл арада бітпейді, қайта тек осы арадан басталады. Бұл алшақтық буржуазиялық демократизмді қолдау керек пе, жоқ па деген мәселе жөнінде емес, революция дәуірінде оны немен қолдау керек, оған қалай қысым жасау керек деген мәселе жөнінде болып отыр. Олардың сатқындығын ақтағанда немесе ол сатқындыққа көзді жұмып, онымен келісім жасауға ынтығып, парламентаризм ойынын ойнағанда, олардан уәделер, міндеттемелер алғанда сіздің табатыныңыз тек қана: *сіз оларға емес, олар сізге қысым жасайтын болады!* Біз революцияға келіп жеттік. Тек әдебиет арқылы ғана қысым жасау дәуірі өтті. Парламенттік жолмен қысымға алу дәуірі әлі туған жоқ. Ойыншық қысым емес, *шын* қысым жасай алатын *тек қана* көтеріліс. Азамат соғысы бүкіл елді шарпыған кезде — соғыс күшімен, тікелей шайқаспен қысым жасайды, сондықтан басқаша қысым жасау әрекетінің қандайы болса да түкке тұрғысыз бос сөз. Россия үшін көтеріліс дәуірі өтті деп айтуға әлі бірде-бір адамның батылы барған жоқ. Ал осылай болған соң көтеріліс міндетінен бойды аулақ салудың қандайы болса да, оның шұғыл қажеттігінен бас тартудың қандайы болса да, буржуазиялық демократияға көтеріліске қатысу жөнінде қоятын талаптарымызды «жеңілдетудің» қандайы болса да, — буржуазияның алдында қаруды тастағандық болып табылады, пролетариатты оның құйыршығына айналдыру болып табылады. Шын күрес бас-

талған кезде пролетариат дүние жүзінде әлі ешбір жерде және бірде-бір рет қолынан қаруын тастаған емес, жаумен күш сынасып көрмейінше, езушілік пен қанаушылықтың қарғыс атқан мұрасына әлі бірде-бір рет жол берген емес. Біздің қысым жасайтын құралымыз, қысым жасауға үмітіміз қазір міне осында. Күрестің немен тынарын ешкім болжап айта алмайды. Пролетариат жеңеді екен,— онда революцияны Головиндер мен Струвелер емес, жұмысшылар мен шаруалар жасайды. Пролетариат жеңіліп қалады екен,— онда буржуазия осы күресте самодержавиеге болысқаны үшін жаңа конституциялық наградтар алады. Сонда, тек сонда ғана, жаңа заман басталады, жаңа ұрпақ майданға шығады, Европаның тарихы қайталанады, парламентаризм біраз күнге бүкіл саясатты сынап көретін шын құралға айналады.

Сіздер қазір-ақ қысым жасағыларыңыз келе ме? — онда көтерілісті әзірлеңіздер, оны уағыздаңыздар, оны ұйымдастырыңыздар. Дума деген комедия орыс буржуазиялық революциясының ақыры болмай, қайта бүкіл дүние жүзінде пролетарлық революциялардың өртін тұтандыратын толық демократиялық төңкерістің басы болуының мүмкіндігі тек осында ғана. Біздің «біріккен ландтаг» франкфурттық түріндегі емес құрылтай жиналысының бастамасы болуының, революция тек 18 мартпен (1848) бітпейтіндігінің, бізде 14 июльдің (1789) болып қана қоймайтындығының, 10 августың да (1792) болатындығының кепілі тек осында ғана. Освобождениешілдердің қатарынан жекелеген Иоганн Якобилердің шығатындығына, бұларды, ақырында, головиндік құлшылықтың жексұрындығы бездіретініне, ақырғы минутта бұлардың пролетариат пен шаруалар қатарында революция жасау үшін шайқасқа шығатындығына кепілдік, освобождениешілдерден алынатын қол хаттарда емес, тек осында ғана.

«Пролетарий» № 18,
26 (13) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ТАКТИКА ТУРАЛЫ ТАЛАСА БЕРІҢІЗДЕР, БІРАҚ АЙҚЫН ҰРАНДАР ҰСЫНЫҢЫЗДАР!

Мемлекеттік дума жөніндегі тактика туралы талас барған сайын қыза түсуде. «Искра» мен «Пролетарийдің» арасындағы алауыздық әсіресе «Искрада» Парвустың мақаласы шыққаннан кейін тереңдеп барады.

Тактика туралы таласу қажет. Бірақ бұл арада барынша толық айқындық болуына жету міндетті нәрсе. Тактика мәселелері — бұл өзі партияның саяси іс-әрекетінің мәселелері болып табылады. Қандай да болса іс-әрекетті теориямен де, тарихи анықтамалармен де және барлық саяси жағдайды талдаумен де, т. т. дәлелдеу мүмкін және дәлелдеу *керек те.* Бірақ күресуші таптың партиясы осы таластардың бәрінде біздің саяси іс-әрекетіміздің нақтылы мәселелеріне: осылай ма, жоқ па? бізге нақ қазір, осы кезеңде, пәлендей істі істеу керек пе, немесе істемеу керек пе? — деген сұрақтарға *екіұшты мағына тудырмайтын,* әбден айқын жауап беруге міндетті.

Бұл айқын жауаптар алауыздықтарды асыра көрсетпеу үшін де, оларды шатастырмау үшін де керек, белгілі бір социал-демократтардың осы кезде, атап айтқанда, қандай нақты кеңестер беретінін жұмысшы табының мейлінше дәл білуі үшін де міндетті түрде керек.

«Искрамен» екі арадағы таластарымызға толық айқындық енгізу керек екенін еске алып, біз осы думалық үгіт науқанында социал-демократияның істейтін саяси іс-әрекетінің төмендегідей нақтылы мәселелерінің тізімін ұсынамыз. Бұл тізім мейлінше толық тізім

екен деп ешбір таласпастан, оны толықтырудың, өзгертудің немесе кейбір мәселелерді жіктеудің керек екенін көрсеткен пікірлердің бәрін де біз қуанышпен қарсы аламыз. Сайлау жиналыстарына қатысы бар мәселелердің жалпы барлық және қандай болсын жиналыс атаулының бәріне қатысты екені өзінен-өзі түсінікті.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАР ПРОЛЕТАРИАТҚА ҚАНДАЙ КЕҢЕСТЕР БЕРЕДІ?

	«Искра»	«Пролетарий»
1. Жұмысшылар сайлау жиналыстарына кіруі керек пе?	Иә.	Иә.
2. Жұмысшылар сайлау жиналыстарына тіпті күшпен болса да кіруі керек пе?	Иә.	Иә.
3. Осы жиналыстарда Мемлекеттік думаның мүлдем түкке жарамайтыны туралы және социал-демократияның барлық мақсаттары туралы, барлық программалары туралы айту керек пе?	Иә.	Иә.
4. Осы жиналыстарда жұмысшыларды және бүкіл халықты қарулы көтеріліске, революциялық армия мен революциялық уақытша үкімет құруға шақыру керек пе?	?	Иә.
5. Осы ұрандарды (4-пункт) біздің бүкіл «думалық» науқанымыздың басты пункті деу керек пе?	Жоқ.	Иә.
6. Мемлекеттік думаға қатыспақшы «освобождениешілдерді» (немесе «конституционалист-демократтарды») патшамен «келісім жасауды» іске асырушы буржуазиялық сатқындар деп әшкерелеу керек пе?	Жоқ.	Иә.
7. Мемлекеттік думаға Петрункевичтерді немесе Стаховичтерді және т. с. сайлағанның артықшылығы туралы біз-		

	«Искра»	«Пролетарий»
дер, социал-демократтар, халыққа айтуымыз керек пе?	Иә.	Жоқ.
8. Белгілі бір шарттар, талаптар, міндеттемелер жәпе т. с. негізінде освобождениешілдерді біздердің қолдауымыз туралы олармен нендей бір келісім жасау керек пе?	Иә.	Жоқ.
9. «Революциялық өзін өзі басқару» ұранын біздің үгітіміздің басты пункті ету керек пе?	Иә.	Жоқ.
10. Халықты жалпыға бірдей дауыс беру жолымен қазір-ақ революциялық өзін өзі басқару органдарын, ал осылар арқылы құрылтай жиналысын сайлауға шақыру керек пе?	Иә.	Жоқ.
11. Біз социал-демократиялық сайлау комитеттерін сайлауымыз керек пе? Мемлекеттік думаға біздің социал-демократиялық кандидатураларды ұсынуымыз керек пе?	Иә.	Жоқ.

«Пролетарий» № 18,
26 (13) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ОЙЫНЫ

Біз Мемлекеттік дума жөніндегі тактикамызды бірнеше рет толық білдіргенбіз (Мемлекеттік дума туралы заң шыққанға дейін «Пролетарийдің» 12-номерінде, 6 августан кейін 14—17-номерлерінде), енді Парвус айтқан жаңа көзқарастармен («Искраның» 110-номерінің жеке оттискісі, «Социал-демократия және Мемлекеттік дума» деген мақала) салыстыра отырып, ол тактиканы тағы да қарастырып шығуға тиіспіз.

Алдымен Парвустың негізгі ойына біртіндеп көз жүгіртіп көрелік. «Біз қолдан жасалған парламентке қарсы, оңбағандық пен бишаралықтың осы қойыртпағына қарсы ақырғы шекке дейін күресуге тиістіміз»,— деп бастайды ол өзінің мақаласын және ізінше осы әділ қағидаға әділдігі мұнан кем түспейтін мына қағиданы қосады: «Мемлекеттік думаны құлатуға... тек халық көтерілісі арқылы ғана шамамыз келеді. Үкіметке сайлау правосын өзгерттіруге және Думаның правосын кеңейттіруге біз тағы да тек халық көтерілісі арқылы жете аламыз». Тамаша. Сонда Мемлекеттік дума жөніндегі біздің *үгіт* ұрандарымыз қандай болуы тиіс? Оңбағандық пен бишаралықтың қойыртпағына қарсы күрес *ұйымдастырудың* басты және өте-мөте маңызды түрлері қандай? — деген сұраулар туады. Затында: «Көтерілісті даярлау үшін біздің өз тарапымыздан қоса алатынымыз — үгіт жүргізу және ұйымдастыру» дегенді айтқанда, Парвус та мәселені осылай қойып отыр. Ол

сайлау жиналыстарына көзқарас жөнінен бұл мәселенің бірінші бөлегін, міне, былайша шешеді.

«Егер біз бұл жиналыстарға кедергі жасасақ,— деп жазады Парвус,— егер біз оларды болғызбай тастасақ, біз тек үкімет пайдасына қызмет істеген боламыз».

Сонымен, Парвус сайлау жиналыстарында талқыланатын істерді ат төбеліндей помещиктер мен көпестердің оңбаған және бишара Мемлекеттік думамен *тежеуіне* жұмысшылардың *кедергі жасауына* қарсы болып отыр ма? Сайлау жиналыстарын жұмысшылардың «оңбаған» Мемлекеттік думаны сынау үшін және *өздерінің* социал-демократиялық көзқарастары мен өз ұрандарын дамыту үшін пайдалануына да Парвус қарсы ма?

Осылай болып шығып отыр, бірақ жоғарыда келтірілген сөзден кейін іле-шала Парвус енді басқаша сөйлейді: «Жұмысшыларға ықтиярмен берілмеген нәрсені,— деп жазылған оның мақаласында,— олар күшпен алуға тиісті. Олар сайлаушылардың жиындарына қалың топ құрап барып, сол жиындарды *жұмысшылардың жиналыстарына* айналдырулары керек (цитаттардағы курсивтің бәрі біздікі. *«Пролетарий» редакциясы)*. Иван Фомичті сайлау керек пе, әлде Фома Иванычты сайлау керек пе, деп талқылаудың *орнына,* олар саяси мәселелерді күн тәртібіне қоятын болады (Парвус, шамасы, социал-демократиялық мәселелер дегісі келген болар, өйткені Фоманы немесе Иванды сайлау мәселесі де саяси мәселе болып табылады). Біз бұл жерде үкіметтің саясатын да, либералдардың тактикасын да, таптық күресті де, Мемлекеттік думаның өзін де талқылай аламыз. Осының бәрі бұқараны революцияландыруға бастайды».

Қараңыздаршы, Парвустың айтуынша қалай болып шығып отыр. Бір жағынан, Трубецкойлардың, Петрункевичтердің, Стаховичтердің жиналыстарына кедергі жасамау керек. Бойкот идеясын Парвус өз мақаласының соңында айқын жазғырып шығады. Екінші жағынан, жиналысқа: 1) күш жұмсап кіру керек; 2) Петрункевичтер мен Стаховичтердің жиналыстарын «жұмысшы жиналысына» *«айналдыру керек»;* 3) жиналыс не үшін жиналды (Фома мен Иванның біреуін сайлау-

ға ма?) деп талқылаудың *орнына,* біздің социал-демократиялық мәселелерді, тап күресін де, социализмді де және, әрине, халық көтерілісінің қажеттігін, оның шарттарын, оның міндеттерін, оның амалдарын, әдістерін, каруларын, оның революциялық армия мен революциялық үкімет сияқты органдарын талқылау керек. Біз: әрине, дейміз, өйткені Парвустың өзі біз ақырғы шекке дейін күресуге тиістіміз деп, өзіміздің таяудағы мақсаттарымызға көтеріліс *арқылы ғана* жете аламыз деп мақаласының басында мойындайды, бірақ сөйтсе де сайлау жиналыстарында көтерілісті уағыздау туралы түк те айтпайды.

Парвустың әбден шатасқаны анық. Ол бойкот идеясына қарсы күреседі, ол жиналыстарға кедергі жасауға және оларды болдырмай тастауға кеңес бермейді, ал сөйте тұрып, табан астында жиналысқа *күшпен* кіру керек деп (мұнысы «болдырмау» деген сөз емес пе?), жиналыстарды жұмысшы жиналыстарына айналдыру керек деп (мұнысы Петрункевичтер мен Стаховичтерге «кедергі жасау» деген сөз емес пе?) кеңес береді, *думалық* мәселелерді емес, Петрункевичтердің шындап талқылағысы келмейтін, бірақ жұмысшылар мен сапалы шаруалар шын ықыласпен талқылайтын және талқыламай қоймайтын мәселелерді, өзіміздің, социал-демократиялық, революциялық мәселелерімізді талқылауға кеңес береді.

Парвустың шатасуы неліктен? Шатасатын себебі, ол талас мәселені жете түсінбеді. Ол бойкот дегеніміз тек шеттеп қалушылық деп, сайлау жиналыстарын *өзіміздің* үгітіміз үшін пайдалану ниетінен бас тарту деп жорып, бойкот идеясына қарсы күреспекші болды. Ал анығында, бұл сияқты енжар бойкотты ешкім де, тіпті құпия баспасөзді айтпағанның өзінде, жария баспасөзде де уағыздамайды. Парвус енжар бойкот пен белсенді бойкотты шатастырғанда, бойкот туралы пікір айтуға кірісіп, *белсенді бойкот* жайында ләм деп аузын ашпай қалғанда, ол орыстың саяси мәселелерін мүлдем білмейтінін көрсетеді.

Жұмысшылардың Мемлекеттік думаға бойкот жасайтын түгі жоқ екенін, өйткені Мемлекеттік думаның өзі

бұларға бойкот жасап отырғанын айта келіп, біз «белсенді бойкот» деген терминнің шартты мағынасын әлденеше рет көрсеткен болатынбыз. Бірақ біз осы шартты терминнің шын мазмұнын әуел бастан-ақ әбден айқын белгілегенбіз, бұдан ай жарым бұрын, Мемлекеттік дума туралы заң шықпастан бұрын, «Пролетарийдің» 12-номерінде былай деп жазғанбыз: «Енжарлық істеп, сайлаудан шеттеп қалушылыққа қарама-қарсы, белсенді бойкот дегеніміз — үгітті он еселеп күшейту, жер-жердің бәрінде жиналыстар өткізу, күшпен болса да сайлау жиналыстарына кіріп, оларды утилизациялау (пайдалану), демонстрациялар, саяси ереуілдер т. б. және т. с. жасау деген сөз болуға тиіс». Және одан біраз кейінірек былай деп жаздық: ««Белсенді бойкот» дегеніміз» (бұл терминді біз шартты термин ретінде тырнақшаға алғанбыз) «революцияшыл күштерді кең көлемде, екі есе жігермен, үш есе тегеурінмен үгіттеу, жинау, ұйымдастыру деген сөз» *.

Мұның айқын айтылғандығы сондай — мұны тек орыстың саяси мәселелеріне мүлдем жат адамдардың ғана немесе түзелместей әбден шатасқан, немістердің айтатынындай, Konfusionsräthe («шатасуға ақыл берушілер») адамдардың ғана түсінбеуі мүмкін.

Сонымен, ақырында, Парвус не тілейді? Сайлаушылардың жиналыстарына күшпен болса да кіруге, оларды жұмысшы жиналысына айналдыруға, «Иван Фомичті сайлау керек пе, әлде Фома Иванычты сайлау керек пе деп талқылаудың орнына» (байқап қалыңыз: сонымен бірге, сонымен қатар демейді, «орнына» деп отыр) социал-демократиялық мәселелер мен көтерілісті талқылауға кеңес береді — ендеше, ол нақ белсенді бойкотқа кеңес беріп отыр. Көріп отырсыздар, Парвус бір болмашы кеселге ұшыраған: ол кірер есігінен жаңылып, басқа есіктен кіріп кеткен. Ол бойкот идеясына қарсы күрес жариялады, ал өзі (сайлау жиналыстары туралы мәселе жөнінде) белсенді бойкотты, яғни орыстың саяси баспасөзінде талқыланған бойкоттың бірденбір түрін жақтап шықты.

* Қараңыз: осы том, 180-бет. *Ред.*

Әрине, шартты терминдер мен үшін міндетті емес, деп Парвустың қарсы болуы мүмкін. Мұндай қарсылық формальды жағынан дұрыс болып шығады, бірақ шын мәнінде түкке жарамайды. Әңгіме не туралы болып отырса, соны білу міндет. Бұл сөздер жайында таласып жатпаймыз, бірақ Россияда істің басы-қасында қалыптасқан саяси терминдер — іс жүзінде болған факт, сондықтан ол өзімен санасуға мәжбүр етеді. Істің басы-қасында қалыптасқан осы ұрандарды елемегісі келген шетелдегі социал-демократ жазушы ең саяз және дәрменсіз әдеби менмендігін ғана көрсеткен болар еді. Қайталап айтамыз: белсенді бойкоттан басқа ешбір бойкоттау туралы Россияда ешкім сөз еткен емес, революциялық баспасөз бетінде ешкім жазған емес. Терминді сынауға, қабылдамауға немесе оның шартты мазмұнын басқаша түсіндіруге және т. б. Парвустың толық правосы болған болар еді, бірақ оны елемеу немесе оның қалыптасып қалған мағынасын бұрмалау — мәселені шатастырғандық болады.

Парвустың: сонымен бірге демей, оның орнына дегенін біз жоғарыда атап көрсеттік. Парвус біздің социал-демократиялық мәселелер мен көтеріліс туралы мәселені Фоманы немесе Иванды сайлау туралы мәселемен бірге көтеруге емес, сайлау туралы мәселенің *орнына* тап күресі туралы және көтеріліс туралы мәселені көтеру керек деп кеңес береді. «Сонымен бірге емес, оның орнына» деген бұл айырмашылық өте маңызды, сондықтан да оған тоқтау өте қажет, өйткені Парвус, мақаласының кейінгі жағындағы мазмұнына қарағанда, өзін өзі түзетіп, оның орнына емес, сонымен бірге, деп айтуға ықтимал еді.

Біз екі мәселені қарауымыз керек: 1) сайлау жиналыстарында әрі Иванды немесе Фоманы сайлауды, әрі тап күресі, социализм көтеріліс мәселелерін «бірге» талқылау мүмкін бе? 2) егер мүмкін болса, бірінші мәселелер мен екінші мәселелерді бірге талқылаған жөн бе немесе біріншінің орнына екінші мәселелерді талқылау керек пе? Кімде кім орыс жағдайын білетін болса, ол адам екі сұрақтың екеуіне де жауап беруге қинала қояр ма екен. Сайлау жиналыстарына кімелеп кіру

және оларды жұмысшы жиналыстарына айналдыру үшін күш жұмсауға, яғни, ең алдымен, полиция мен әскердің қарсылығын басып тастап кіруге тура келеді. Азды-көпті ірі жұмысшы орталықтарында (социал-демократиялық жұмысшы партиясы тек осы орталықтарда ғана шын қалың, халықтық қозғалысқа басшылық етемін деп сене алады) полиция мен әскердің қарсылығы мейлінше күшті болады. Бұған көзді жұму біздің тараптан тұп-тура ессіздік болар еді. «Сайлау үгіті кез келген минутта революциялық көтеріліске айналып кетуі ықтимал» деп Парвустың өзі айтып отыр. Олай болса, Мемлекеттік думаға Иванның емес, Фоманың сайлануына ықпал жасауды мақсат етпей, біз өз күшімізді нақ *көтеріліс мақсатына* лайықтап, соған шақтап жұмсауға міндеттіміз. Олай болса, біздің бүкіл үгіттік думалық науқанымыздың басты және негізгі ұраны: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық үкімет деген ұран болуға тиіс. Олай болса, біз ең алдымен және бәрінен бұрын нақ осы ұрандарды жиналыс атаулының бәрінде уағыздап, түсіндіріп отыруға міндеттіміз. Олай болса, Парвус тағы да өзін өзі соққылап отыр, өйткені ол, бір жағынан, «кез келген минутта» көтерілісті күтеді, ал екінші жағынан, думалық науқанның «жүйке тамыры» ретінде көтерілісті уағыздау, оның жағдайларын, оның құралдары мен органдарын талдау туралы мүлдем ләм демейді.

Сонан соң. Жеке, әсіресе кішігірім орталықтарда, кездесуі мүмкін екінші бір жағдайды қарастырып көрелік. Айталық, жиналысқа күш жұмсап кіру әрекеті үкіметке қарсы елеулі күрес туғызбайды, көтеріліс дәрежесіне жетпейді делік. Бұл әрекеттер кейбір ретте табысты болып аяқталады делік. Ол уақытта, біріншіден, *соғыс жағдайы* деп аталатын нәрсенің белгіленетінін ұмытуға болмайды. Халықтың полиция мен әскерді ішінара жеңуі атаулыға үкімет соғыс жағдайын енгізумен жауап береді, бұдан тіпті Парвус та бейхабар болмасқа тиіс. Бұл перспектива бізді қорқыта ма? Жоқ, өйткені мұның өзі көтерілісті жақындататын және күрес атаулының бәрін шиеленістіре түсетін қадам. Мұның өзі жалпы алғанда земствошыларды және Дума

сайламшыларын қорқыта ма? Сөзсіз қорқытады, өйткені мұның өзі Милюковтарды тұтқынға алуды оңайлатады, өйткені бұл өзі сайлау жиналыстарының бірсыпырасын, бәлкім, тіпті жиналыстардың бәрін және бүкіл Думаны жабуға үкіметке желеу тауып береді! Ендеше, іс тағы да мынаған барып тіреледі: біреулер көтерілісті тілейді, оны уағыздайды, оны әзірлейді, сол үшін үгіттейді, көтеріліс отрядтарын ұйымдастырады және т. т., ал екінші біреулер көтерілісті тілемейді, көтеріліс идеясына қарсы күреседі, көтерілісті уағыздау ақылға сыйымсыз және қылмысты уағыз деп жазғырады, т. т. Осы «екінші біреулер дегеніміз» *түгелдей освобождениешілдер* екенін, яғни Думаға ілігуі мүмкін буржуазиялық демократтардың ішіндегі тіпті ең солшылдары да осылай екенін Парвус шынымен-ақ білмей ме екен??

Ал егер Парвус мұны білетін болса, онда ол мынаны да білуге тиіс (бұл екіншіден). Сайлау жиналыстарына күш жұмсап кіруге және оларды жұмысшы жиналыстарына айналдыруға тек полиция мен әскер ғана қарсылық көрсетіп қоймайды, сонымен қатар (қай кезде тіпті одан да басым) *земствошылардың өздері де, освобождениешілдердің өздері* де қарсылық көрсетеді. Бұған көз жұмып қарау тек балаларға ғана кешірімді. Земствошылар мен освобождениешілдер мәселені кейбір социал-демократтардан гөрі анығырақ және сәл тікесінен қояды. Не көтерілісті әзірлеу керек, сөйтіп оны үгіттің және барлық жұмыстың өзегі ету керек немесе Дума аукымына ауысып, оны бүкіл саяси күрестің негізі етіп алу керек. Земствошылар мен освобождениешілдер бұл мәселені қазірдің өзінде шешіп қойды, мұны біз «Пролетарийдің» 12-номерінен бастап-ақ сан рет айтып, баса көрсеткенбіз. Земствошылар мен освобождениешілдер жиналысқа барғанда Фоманың немесе Иванның, Петрункевичтің немесе Стаховичтің сайлануын талқылау үшін, тек сол үшін ғана барады, сөйтіп әсте көтеріліс арқылы емес, Думаның негізінде «күресудің» (тырнақшаға алынған күрестің, малайлар киетін ақ қолғапты киіп қолдың ұшымен ғана күресудің) программасын қабылдау үшін барады. Земствошылар мен освобождениешілдер (біз бұларды әдейі қо-

сып айтып отырмыз, өйткені бұларды саяси жағынан ажыратуға ешбір дәлел жоқ), егерде революционерлер мен социал-демократтардың арасынан Фоманы Иванға қарсы, Петрункевичті Стаховичке қарсы «қолдауға» уәде беретін ақылсыз адамдар табылатын болса, бұларды өздерінің жиналыстарына жіберуден (оншама көп күш жұмсамай істеуге болатын жерде және сондай жағдайда ғана!!), әрине, қашпайды. Бірақ *өздерінің* жиналысын «жұмысшы жиналысына айналдыруға», *өздерінің* жиналысын халықтық революциялық жиналысқа айналдыруға, *өздерінің* мінбесінен қарулы көтеріліске тура ашықтан-ашық шақыруға земствошылар еш уақытта да төзбейді. Осы ақиқат нәрсені ежіктеп түсіндіріп жатудың озі қолайсыз, бірақ Парвус пен «Искра» үшін оны ежіктеп түсіндіруге тура келеді. Земствошылар мен освобождениешілдер өздерінің жиналысын *бұлай* пайдалапуға сөзсіз қарсылық жасайды, бірақ бұл буржуазиялық жалдаптар, әрине, күшпен емес, неғұрлым қауіпсіздеу, «бейбіт» және жанама амалдармен қарсылық көрсетеді. Олар Стаховичке қарсы Петрункевичті, Грингмутқа қарсы Стаховичті «халық болып» қолдауға уәде еткен адамдармен келісім жасағанда әсте басқаша емес, тек сайлау жиналысын жұмысшы жиналысына айналдырмауды шарт етіп қана, жиналыс мінбесін көтеріліске шақыру үшін пайдаланбауды шарт етіп қойып қана келісім жасайды. Егер олар өздерінің жиналысына жұмысшылар келе жатқанын білсе (олар мұны әрқашан дерлік біліп отырады, өйткені бұқаралық демонстрацияны жасыра алмайсың), олардың біреулері тікелей бастықтарға жеткізеді, екіншілері мұны істетпеу үшін социал-демократтарды азғыруға кіріседі, үшіншілері: «біз бұған айыпты емеспіз», біз Думаны қалаймыз, біз Думаға барсақ дейміз, біз «сенімді серігіміз» Струве мырза арқылы котеріліс жөнінде «ақылға сыйымсыз, қылмысты» уағызды әрқашан теріс деп келдік дегенді айтып, губернаторды сендіруге жүгіреді; төртіншілері жиналыстың уақыты мен орнын ауыстыруға кеңес береді; бесіншілері, ең «жүректілері» мен саяси жағынан айлакерлері тасада тұрып күмілжіп: жұмысшылардың айтқанын тыңдауға

қуаныштымыз деседі, социал-демократиялық шешенге алғыс айтады, «халық» алдында жалпаңдап, бас иеді, әсерлі, әсем, жүрек тебірентерлік сөздермен барша жұртты және әрбір адамды: біз әрқашан халықты жақтаймыз, халық үшін жанымызды қиямыз деп, біз патшамен бірге емеспіз, халықпен біргеміз, мұны «біздің» Петрункевич әлдеқашан айтқан, біз Мемлекеттік думаның «оңбағандығы мен бишаралығы» жөніндегі социал-демократ шешеннің пікіріне «толық қосыламыз» деп, бірақ, социал-демократтардың католиктермен екі арадағы фольмарлық одағының парламенттік үлгісымағын парламенттік емес Россияға соншама орнын тауып көшірген, аса құрметті парламентшіл Парвустың тамаша сөздерімен айтқанда, «сайлау үгітіне кедергі жасамай, қайта оны кеңейте түсу керек» деп; ал үгітті кеңейту дегеніміз Мемлекеттік думаның тағдырын орынсыз тәуекелге тікпеу, Иваннан гөрі Фоманың, Стаховичтен гөрі Петрункевич пен Родичевтің, Грингмуттан гөрі Стаховичтің т. т. сайлануын бүкіл халық болып «қолдау» керек деген сөз деп сендірмек болады.

Қысқасы, земствошылар қаншалық ақылсыз және қорқақ болған сайын, олардың сайлау жиналысында Парвустың сөзін тыңдауына сенім соншалық аз. Земствошылар ақылды және батыл болған сайын, бұған сенім мол, сонымен бірге Иваннан гөрі Фоманы қолдаушы ролінде Парвустың ақымақ болып қалатындығына сенім мол.

Жоқ, қайырымды Парвус! Әзір Россияда парламент жоқ болып отырған жағдайда Россияға парламентаризмнің тактикасын көшіру лайықсыз түрде парламентаризм ойынын ойнау деген сөз, революцияшыл жұмысшылар мен саналы шаруалардың көсемінен помещиктердің құйыршығына айналу деген сөз. Бізде жоқ ашық саяси партиялардың уақытша келісімдерінің орнына Стаховичтен гөрі Родичевтер мен Петрункевичтерді қолдау туралы олармен астыртын келісім жасау деген сөз — жұмысшылардың арасына іріткі салу деген сөз. Ал социал-демократиялық партия бұқара алдында әзірге ашық шығып сөйлей алмайды, радикал-демократиялық партияның бір бөлегі сөйлей алмайды, бір бо-

легінің сөйлегісі келмейді және тіпті сөйлей алмайтынынан да сөйлегісі келмейтіні басым.

Земствошы-освобождениешілдердің: көтерілісті уағыздау қылмысы жойылсын, Думада және Дума арқылы жұмыс істейік деген тура айқын ұранына — біз: бостандықтың буржуазиялық сатқындары, освобождениешіл мырзалар мен олардың серіктестері жойылсын, Дума жойылсын және қарулы көтеріліс жасасын! — деген тура және айқын ұранмен жауап беруге тиіспіз!

Көтеріліс ұранын Фоманы немесе Иванды сайлауға «қатысумен» ұштастыру деген сөз үгітті «кең түрде» және «барлық жағынан» бірдей жүргізу, ұрандардың «икемділігі» және «қонымдылығы» деген сылтаумен тек қана былық туғызады, өйткені іс жүзінде бұл ұштастырушылық маниловшылдық болып табылады. Іс жүзінде Парвус пен Мартовтың земствошылар алдында Стаховичтен гөрі Петрункевичті «қолдап» сөйлеуі (мұның жүзеге асуы мүмкін болатын ерекше жағдайларды еске алғанда) халық бұқарасының алдында ашық сөйлеген сөз болмайды, қайта жұмысшылардың ақымақ болған көсемінің жұмысшылардың ат төбеліндей бір топ сатқындарының алдында жасырын сөйлеген сөзі болып шығады. Теория жүзінде немесе біздің тактикамыздың жалпы негіздері тұрғысынан қарағанда, бұл ұрандарды ұштастыру қазір, тап осы кезде, парламенттік кретинизмнің бір түрі болып табылады. Біз үшін, революцияшыл социал-демократтар үшін, көтеріліс абсолюттік ұран емес, нақтылы ұран. Біз оны 1897 жылы кейінге қалдырғанбыз, біз оны 1902 жылы жалпы әзірлік ретінде алға қойғанбыз, біз оны 1905 жылы ғана, 9-январьдан кейін, тікелей ұран ретінде қойып отырмыз. Маркстің 1848 жылы көтерілісті жақтағанын, ал 1850 жылы көтеріліс туралы[103] сандырақтар мен жел сөздерді сөккенін, Либкнехттің 1870—1871 жылғы соғысқа дейін рейхстагқа қатысуды мүлдем теріс деп тауып келгенін, ал соғыстан кейін оған өзі қатысқанын біз ұмытпаймыз. Думаның негізінде күресуден болашақта бас тартамыз деп ант-су ішу күлкі болатынын «Пролетарийдің» 12-номерінде біз бірден-ақ көрсеткенбіз*.

* Қараңыз: осы том, 179-бет. *Ред.*

Көтеріліс үшін мүмкіншілік жоқ кезде, парламент түгіл, парламенттің пародиясының өзі халықтық көтеріліс туралы сөз де болмай отырған кезеңнің барлық өне бойында бүкіл үгіттің басты орталығы бола алатынын біз білеміз.

Бірақ біз мәселенің түсініктi және айқын қойылуын талап етеміз. Егерде сіздер Россия үшін көтерілістер заманы өтіп кетті деп ойласаңыздар — осылай деп айтыңыздар және өз көзқарастарыңызды ашық қорғаңыздар. Біз оның тиісті бағасын береміз және нақтылы жағдайлардың тұрғысынан асықпай-саспай жан-жақты талқылаймыз. Бірақ көтерілістің «кез келген минутта» болу мүмкіндігі туралы, оның қажеттігі туралы өздеріңіз айтып отырсыздар,— сондықтан біз Думаға белсенді бойкот жасауға қарсы пікір атаулының бәрін сорлы маниловшылдық деп масқаралаймыз және масқаралай береміз. Егер көтеріліс мүмкін болса және қажет болса онда біз тап соның өзін дума төңірегіндегі барлық науқанымыздың басты ұраны етуге тиіспіз, онда жанын саудаға салған «франкфурттың парламент сөзуары» деп біз осы көтеріліс ұранынан қашқалақтаған әрбір освобождениешілді әшкерелеуге тиіспіз. Егер көтеріліс мүмкін болса және қажет болса,— онда көтерілістің мақсаты үшін жария күрес жүргізуге ешқандай жария орталық жоқ деген сөз, ал оның орнына маниловшылдық бос сөздер жүрмейді. Егер көтеріліс мүмкін болса және қажет болса,— онда үкімет *«найзаны күн тәртібінің ең басты мәселесі етіп қойғандығы»*, азамат соғысын ашқандығы, демократиялық сынға қарсы сын ретінде соғыс жағдайын жариялағандығы деген сөз, ал мұндай жағдайларда Мемлекеттік думаның «парламенттік дерлік» маңдайшасына шын көңіл бөліп, Петрункевичтермен төрт қол болып қараңғы тасада тұрып парламентаризм ойынын ойнай бастау деген сөз, революцияшыл пролетариаттың саясатын комедиант интеллигенттердің саясат құмарлығымен ауыстыру деген сөз!

Парвустың бүкіл позициясының негізгі жалғандығын көрсеткеннен кейін, біз бұл жалғандықтың жеке, неғұрлым айқын белгілеріне қысқаша ғана тоқтала аламыз. «Сайлаудан бұрын немесе сайлаудан кейін, Мемлекеттік думаға байланысты,— деп жазады Парвус,— саяси партиялардың өмір сүруіне заңды база жасалады». Өтірік. Іс жүзінде, *енді* үкіметтің сайлауды жалған түрде өткізуі үшін «заңды база» жасалуда. Бұл база былай аталады: 1) земствоның бастығы (шаруалардың сайлауы түгелімен соның қолында); 2) күзет (Милюковты тұтқынға алу); 3) соғыс жағдайы. «Саяси партиялардың» (соның ішінде РСДРП-ның да) «өмір сүруіне заңды база», жазушылардың тілінде емес, ал іс *жүзінде* жасалған күнде біз көтеріліс туралы бүкіл мәселені жаңадан қарауға міндетті боламыз, өйткені көтеріліс біз үшін социализм жолында күресудің еркін майданына шығып алу құралдарының ішінде әрқашан әсте міндетті бола бермейтін, бірақ маңызды құралдарының бірі ғана болып табылады.

«Қоғамдық жеке топтар ретінде емес, юристер, инженерлер, земствошылар ретінде емес, либералдық, демократиялық, социал-демократиялық партиялар ретінде — ресми және ашық түрде дереу іске кірісу қажет. Әр түрлі бағыттың өкілдері бұл тұрғыда парламенттің жеке фракциялары сияқты озара келісулеріне болады».

Иә, олардың мұны істеуі мүмкін, бірақ ашық істемейді,— өйткені, егер Парвус Треповты ұмытқан болса, Трепов Парвусты ұмытқан жоқ,— тек жасырын істейді. Парвустың парламенттік келісім деп отырғаны (*парламенті* бар елде социал-демократтар үшін кей жағдайларда бұл қажет те) осы күнгі Россияда, 1905 жылдың сентябрінде, жиреніште парламентаризм ойынын ойнағандық болады. Революцияның сатқындары қазір освобождениешілдер мен революционерлер арасында келісім жасалуын бірінші қатарға қойып отыр. Революцияны жақтаушылар — социал-демократтар мен барлық революцияшыл демократтар арасында, яғни көтерілісті жақтаушылар арасында, келісім жасалуын бірінші қатарға қояды. Егер жаңа «Искра», Парвус және

Плеханов * *енді* освобождениешілдермен «парламенттік» келісім жасаса (олардың партия құрғаны туралы жоғарыда: «Достардың кездесуі» ** деген мақаладан қараңыз), опда біз бұл социал-демократтар шындықты сезу қабілетінің бәрінен ада болған деп, олар лақтырылып тасталуға тиіс деп копшілік алдында мәлімдейміз. Онда біздер котерілісті жақтап, оны әзірлеуді, оны өткізуді жақтап бірге үгіт жүргізу негізінде революцияшыл демократтармен келісім жасаймыз.

Біз жаңа искралық қарарды талдау арқылы (Ленин: «Екі тактика») «Искраның» либералдық помещик деңгейіне дейін құлдыран кеткенін, ал «Пролетарийдің» революцияшыл шаруаны котеріп, серпілтетінін көрсеткен болатынбыз ***.

«Бүкіл елде сайлау жүргізу үшін әрбір партия өзінің сайлау комитетін ұйымдастыруы қажет. Ол партиялар сайлау кезінде сөз бостандығын, жиын бостандығын және басқаларды кеңейтудің практикалық шаралары жөнінде өзара келісулері қажет. Олар өздерін ортақ саяси жауаптылықпен байланыстырулары қажет (тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, жұмысшы жолдастар! Жаңа искрашылдар сіздерді Петрункевичтермен байланыстырғысы келіп отыр! Петрункевичтер жойылсын, жаңа искрашылдар жойылсын!), сөйтіп егер қандай да болса, бір саяси партияның ресми өкілі полицияның қуғынына немесе соттың жауабына душар болса, онда барлық басқа (!) партиялардың өкілдері олармен ынтымақтастығын жариялайтын болсын және бәрі бірігіп халықтық (??) қарсылық ұйымдастырсын, ал егер мүмкін болса, (тыңдаңыздар!) оны қорғау үшін халықтық көтеріліс ұйымдастыратын (!) болсын».

Жолың әне, құрметті Парвус! Петрункевичтермен (демократ), Стаховичтермен (либерал) бірігіп наразылықты, көтерілісті ұйымдастыра беріңдер — біздердің

* *Ескерту:* Біз Плехановты еске алып отырмыз, өйткені ол «Искраның» тактикасы «Пролетарийдің» тактикасынан жақсырақ деп баспасөз арқылы мәлімдеген болатын. Рас, бұл арада Плеханов *жаңа искрашылдардың және III съездің қарарлары туралы ләм деген жоқ,* бірақ социал-демократ жазушының бұқпантайлап, жалтаруы оның кінәсын жеңілдететін жағдай емес, қайта ауырлата түсетін жағдай.

** Қараңыз: осы том, 258—259-беттер. *Ред.*

*** Бұл да сонда, 35—36-беттер. *Ред.*

жолымыз екі басқа. Біз *муны* революцияшыл демократтармен бірге істейміз. Тек осыған орай өз ұрандарыңды да өзгерте көріңдер, «парламенттік келісімнің» аса құрметті батырлары: ұрандарыңды өзгертіп, «көтеріліс қажет» деген ұранның орнына былай деңіздер: «көтеріліс, *егерде мүмкін болса,* наразылықтың қосымшасы болуы керек». Сонда освобождениешілдер тегіс сіздерге қосылады! «Жалпыға бірдей, тең, тоте және жасырын дауыс беру» деген ұранның орнына: *«Егер мүмкін болса,* үкімет төте, тең, жалпыға бірдей және жасырын дауыс беруді қамтамасыз етуге тиіс» деген ұран ұсыныңыздар. Жолдарың әне, мырзалар! Парвус, Петрункевич, Стахович және Мартов Милюковты қорғау үшін, «халықтың қарсылығып және, егерде мүмкін болса, халық көтерілісін ұйымдастыруын» біз сабырмен күтеміз. Тұтқынға алынып жатқан және таяқ жеп қорлық көріп жүрген жүздеген, мыңдаған жұмысшылардан гөрі Милюков мырзаны қорғау біздің «парламенттік дерлік» заманымызда әбден мезгілі жеткен мәселе гой, мырзалар!..

Парвус: «Бізде Думаға өз өкілдерімізді өз бетімізбен өткізерлік ешқандай мүмкіндік жоқ» деп кесіп айтып отыр. Сөйте тұрып, ол былай деп жазады: «Егер сайлау комитеттері жүзеге аспайтын болып шықса, біз қайткен күнде де өз кандидатурамызды ұсынуға барлық күшімізді жұмсауымыз керек». Шарт қойылғанына қарамастан, деп ойлайды Парвус, «кейбір реттерде социал-демократ кандидатуралардың өтуі ғажап емес». «Қай жердегі болса да бір, екі социал-демократиялық кандидатура бүкіл ел үшін саяси ұран болады».

Ең болмаса айқын айтқаны үшін рақмет. Енді іс неге тіреліп тұр, мырзалар? *«Русь»* газеті өз кандидатураларын, Дурново мырзалардың табалдырығын тоздырып жүрген барлық әлгі Стаховичтерді, Петрункевичтерді, революцияны сатып кеткен басқа да сатқындарды әлдеқашан ұсынды. «Искра» газеті неге үндемейді? Сөзден іске неге көшпейді? Аксельродтың, Старовердің, Парвустың және Мартовтың кандидатураларын Мемлекеттік думаға неге ұсынбайды? Байқап көріңіздер,

мырзалар, тәжірибе жасаңдар, experimentum in corpore vili *. Байқап көріңіздер, сонда біздің қайсымыздікі дұрыс екенін бірден-ақ көреміз: бұл кандидаттар «бүкіл ел үшін ұран» болады деп ойлаған сіздердікі дұрыс па, әлде бұл кандидаттар қазіргі уақытта жұртқа күлкі диуананың роліп атқарады деп ойлаған біздікі дұрыс па?

Парвус былай деп жазады: «Үкімет ат төбеліндей бір топ адамға бүкіл халық ісін басқарарлық мекемені сайлау правосын берді. Мұның өзі көрінеу іріктеліп алынған сайлаушыларға өздерінің ерекше праволарын жеке басының қалауымен емес» (қайта таптық және партиялық мақсат бойынша ма?), «халық бұқарасының пікірімен санаса отырып пайдалану міндетін жүктейді. Бұл міндетін оларға ескертіп қою, оларға осы міндетін орындату (!!) — біздің міндетіміз, мұны жүзеге асыру үшін біз ешқандай амалдан тайынбауымыз керек».

Бойкот (белсенді) тактикасы «еліміздің революциялық күшіне» сенбеушілікті білдіреді (sic!) деп сендірумен толықтырылатын бұл пікір негізінен қате. Мұның өзі мәселені сентименталдық-буржуазиялық түрде қоюдың үлгісі, барлық социал-демократтар бұған қарсы шығуға тиіс. Парвустың пікірі буржуазиялық пікір, өйткені ол Думаның таптық мәнін — буржуазияның самодержавиемен келісім жасап отырғанын көрмейді. Парвустың пікірі — сентименталдық бос сөз, өйткені ол освобождениешілдердің «халық бұқарасы пікірімен санасу керек» деген жалған сөздерін бір сәтке болса да шын көреді. Құрметті Парвус үш жылға кешіккен. Либералдардың органы да, құпия ұйымы да болмаған кезде, ал бізде мұның ексуі де болған кезде, біз олардың саяси дамуына көмектесіп отырдық. Бұл сіңірген еңбекті социал-демократияның қызметінен өшіріп тастамайды. Бірақ қазір либералдар саясаттың сәбилерінен саясат жасаушы басты ісмерлер болып алды, революцияны сатушылар екенін іс жүзінде көрсетті. *Енді келіп* басты назарды буржуазиялық «келісімпаздардың» сатқындығын әшкерелеуге аудармай, *(буржуазияның*

* — күнсыз организмге тәжірибе жасаңыздар. *Ред.*

емес, қайта) бүкіл халық істерін басқару «міндеттерін» олардың есіне түсіруге аудару — освобождениешілдердің құйыршығына айналу деген сөз болады! Тек освобождениешілдер ғана «елдің революциялық күштерінің» көрінісін Мемлекеттік думадан шындап іздей алады. Енді біздің қолымыздан не келетінін социал-демократия жақсы біледі, ол ең абзалы: буржуазияның сатқындық әрекеттерін бейтараптандыру, күрмеу болып табылады. Земствошылар мен освобождениешілдер — «елдің революциялық күші» емес, мұны білмеу ұят, Парвус жолдас. Қазір, демократиялық революцияда, революциялық күш — тек қапа пролетариат және помещиктерге қарсы күресіп жатқан шаруалар.

Парвустың тамаша мақаласындағы асыл сөздерінің ішінен ең асылы — пролетариаттың освобождениешілдерді қолдау *шарттарын* тұжырымдауы болып табылады. «Біздің қолдауымызбен пайдаланғысы келетін, оппозицияның кандидаттарын,— деп жазады Парвус,— белгілі бір саяси талаптарға міндеттеу қажет». (Бұл орыс тілі емес, неміс тілінен нашар аударма, бірақ, дегенмен мағынасы түсінікті.) «Мұндай талаптар, мысалы, мынадай болуы мүмкін: 1) Думаның өз ішінде оның дереу таратылуын және жалпыға бірдей, т. т. сайлау правосының негізінде құрылтай жиналысын шақыруды талап ету; 2) осы талап орындалғанша, үкіметке барлық соғыс қаржысы мен финанс қаржысын беруден бас тарту».

Құлдырай беру деген осы. Бір рет тайып кетіп, төмен қарай құлдырай бастаған адам тоқтаусыз домалай береді. Партияның екі бөлегінен де тыс тұрған, Парвус және Плеханов сияқты асқын адамдар моральдық және саяси жағынан өздері жауапты болатын қарарларды — жаңа искрашылдардың қарарларын өркөкіректікпен елемейді. Бұл асқын адамдар өздерін «көпшіліктен» де және «азшылықтан» да жоғары санайды: шындығында, бұлар осылардың екеуінен де *төмен,* өйткені көпшіліктің барлық кемшіліктеріне олар азшылықтың барлық кемшіліктерін *және қашқындардың барлық кемшіліктерін* қосып ала білді.

Парвусты алыңыз. Земство науқанының жоспары

мен тоғызыншы январь «Искраның» оппортунистік позицияда екеніне аз-кем болса да оның көзін жеткізсе де, ол үнемі сол «Искрамен» қол ұстасып келді. Осылай бола тұрса да, Парвустың «ымырашыл» болып есептелгісі келді, ондағысы — ол 9 январьдан кейін уақытша үкіметтің ұрандарын ұсынған кезде, оның пікірін большевиктердің түзетуіне және оның ұрандарында сөзуарлық белгілер бар екенін көрсетуіне тура келгендіктен болу керек. Патша болмасын, үкімет жұмысшылардікі болсын! деп, Парвус 9 январьдың әсерімен айқай салды. Оның 6 августан кейінгі «тактикасы» — халық қатыспасын және Дума либералдық болсын! дегенге келіп тіреледі. Жоқ, жолдас, біз тактикамызды бір сәттегі көңіл күйіне, бір сәтке мәз болып оған құлдық ұруға лайықтап құра алмаймыз!

Парвус енді либералдар үшін «жаңа» *шарттар* жасап шығарды. Жаңа искрашыл байғұстар-ай, освобожденниешілдермен келісудің «шарттарын» жасаумен шаршап-ақ болды-ау! Старовер II съезде (оның III съезд бұзған қарарын қараңыз) бір түрлі шарттар ұсынды, бұл шарттардың аягы аспаннан келді, өйткені земство науқанының жоспарында болсын, қазірдің өзінде болсын освобожденниешілдермен «келісім жасау» туралы жазған жаңа искрашылдардың ешкімі де бұл шарттарды толық ұсынған жоқ. Жаңа искрашылдардың конференциясы либералдарға көзқарас туралы қарарында басқа, будан гөрі қатаң шарттар ұсынды. Жаңа искрашыл Парвус бұл қарар үшін моральдық жағынан жауапты,— бірақ, пролетариаттың жауапты өкілдерінің қатысуымен талданып жасалған қайдағы бір қарарларда әдебиетші-асқын адамдардың қандай ісі бар! Асқын адамдар партиялық қарарларға пысқырып та қарамайды!

Жаңа искрашылдардың *оппозициялық* партияларға көзқарас туралы қарарында социал-демократияның «патша өкіметінің барлық жауларынан нені талап ететіні» тайға таңба басқандай жазылған:

«1) Ұйымдасқан пролетариаттың патша өкіметіне жаңа соққылар беруге бағытталған қандай да болсын батыл қимылын жігерлі және бұлтарусыз қолдауды талап ету».

Парвус мұның бірін де талап етпестен, освобождениешілдермен «келісім жасауды» және оларды «қолдауға» деген уәдесін ұсынады.

«2) Жалпыға бірдей және т. б. дауыс беру негізінде бүкіл халықтық құрылтай жиналысын талап етуді ашық мойындап, сөзсіз қолдауды, сайлау правосын тежеу жолымен болсын, немесе құрылтай жиналысын жоғарыдан берілген монархиялық конституциямен ауыстыру жолымен болсын *халықтың праволарын қысқартуға тырысатын барлық партиялар мен топтарға ашық қарсы шығуды талап ету».*

Бұл шарттардың екінші бөлігін Парвус түгелімен мойындамайды. Освобождениешілдер Думада құрылтай жиналысын «шақыруды» кімнен «талап етуі» тиіс екені туралы мәселені ол керек десеңіз мүлдем қағыс қалдырады. Патшадан болар, әрине? Оны өздеріңіз неге шақырмасқа? ә, «парламенттік келісімдердің» құрметті батырлары? Немесе сіздер *«жоғарыдан берілуіне»* қазірдің өзінде қарсы емессіздер ме?

«3) Жұмысшы табының стачкалар мен одақтар бостандығы үшін үкіметке және капитал шонжарларына қарсы күресін батыл түрде қолдауды талап ету».

Бұл «шарттан» Парвус освобождениешілдерді босатады, босатқанда, шамасы, Думаның шақырылуы себепті және «жаман болған сайын, жақсы болмақшы» деген тактиканың зияндылығы себепті босататын болар (бірақ осының артынша Парвус өз оқушыларын мазақ етіп, егер Думаның қолында заң шығару правосы болса, бұл жаман болған болар еді, яғни жақсылыққа басқан бір адым, атап айтқанда, освобождениешілдер басқызатын бір адым, жамандыққа қарай басқан адым болып табылады деп сендірмек болады!!).

«4) Шаруалардың жеке басын айуандықпен қорлау және мал-мүлкіне зорлық жасау шараларын қолданып, шаруалардың революциялық қозғалысын тұншықтыруға тырысқан үкімет пен дворян-феодалдар әрекеттерінің бәріне қарсы ашық қимыл көрсетуді талап ету».

Қайырымды Парвус, бұл шартты сіз неге ұмыттыңыз? Әлде сіз енді осы тамаша талаптарды қоюға қар-

сысыз ба: Петрункевичке? Стаховичке? Родичевке? Милюковқа? Струвеге? қоюға қарсысыз ба?

«5) Еркін Россияда жеке ұлттардың праволарына қандай да болсын шек қоюды және ұлттық езушіліктің қандай да болсын іздерін сақтауды мақсат ететін шаралардың қандайын болса да қолдаудан бас тартуды талап ету;

және 6) реакцияға қарсы күресу үшін халықтың өзін өзі қаруландыруы ісіне белсене қатысуды және социал-демократияның бұқаралық қарулы күрес ұйымдастыру әрекеттерін қолдауды талап ету».

Қайырымды Парвус, сіз бұл шарттарды неге ұмыттыңыз?

«Пролетарий» № 18,
26 (13) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ [104]

Интеллигенция «кәсіпшілік» одақтарының пролетариат үшін қандай маңызы бар және бізге, социал-демократтарға, жұмысшылардың таптық санасын күңгірттендіруге қарсы күресу үшін осы одақтарға кіру керек емес пе?

Интеллигенцияның «кәсіпшілік» одақтары және «Одақтар одағы» саяси ұйымдар болып табылады. Іс жүзінде бұлар *либералдық* одақтар. Жалпы және тұтас алғанда бұлар — конституциялық-демократиялық, яғни буржуазиялық-либералдық партия дейтіннің ұйтқысы болып табылатын одақтар. Бізге қазір аса үлкен міндет жүктеліп отыр, ол — пролетариаттың *партиялық* тәрбие алуына, оның алдыңғы қатардағы отрядының барлық басқа партиялардан *сөзсіз* тәуелсіз, сөзсіз дербес нағыз саяси партия болып ұйымдасуына барлық күшпен жәрдемдесу міндеті. Сондықтан біз партияның айқын және анықталған қатынастарын шатастыратын қадамдарға өте сақ болуымыз керек. Пролетариаттың өз алдына толық дербес таптық партиясын құруға бөгет жасау үшін, демократизмнің *буржуазиялық* сипатын бүркеуге бола *барлық* «азаттық» қозғалысты демократизмнің бір арнасына «біріктіріп», «қосу» үшін қазір бүкіл либерал буржуазия жанталаса тырысып отыр.

Мұндай жағдайда либералдық одақтарға кіру социал-демократиялық партияның мүшелері тарапынан үлкен қателік болар еді, бұл олардың әр түрлі және бірі бірі-

мен жауласушы екі партияға бірдей мүше болып шығатын өте қолайсыз жағдайда қалуына әкеп соқтырар еді. Екі құдайға бірдей табынуға болмайды. Екі партияға бірдей мүше болуға болмайды. Саяси бостандық болмай тұрған жағдайда, самодержавиелік құрылыстың қара түнек күндерінде партияларды араластырып алу оп-оңай, сондықтан буржуазияның мүдделері осындай араластырып жіберуді *талап етіп отыр*. Пролетариаттың мүдделері партиялардың дәл және айқын ажыратылуын керек етеді. Ал социал-демократияның топтары интеллигенттердің «кәсіпшілік» одақтарына кіре тұрып, өздерінің толық дербестігін сақтай алуына, басқа ешқандай партияның емес, тек қана РСДРП-ның мүшелері болып қалуына, өзінің әрбір істеген ісі туралы *өзінің* партия ұйымына есеп беріп отыруына кепілдіктің — сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі кепілдіктің — қазіргі уақытта берілуі мүмкін емес. Мүмкіншіліктің жүзден тоқсан тоғызы мұндай мүшелер өздерінің дербестігін сақтай алмайтындығын және де нәтижесі жағынан алып қарағанда пайдасыз, жұмысшылардың әлі өсіп жетпеген *партиялық* санасын аздыру жағынан алып қарағанда зиянды «қулыққа» салынуға мәжбүр болатындығын көрсетеді.

«Пролетарий» № 18,
26 (13) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ҚОРҒАНЫСТАН ШАБУЫЛҒА КӨШУ

«Temps» деген консервативтік үлкен газеттің арнаулы тілшісі 21 (8) септябрьде осы газетке Петербургтен телеграфпен мынадай хабар берген:

«Бұрнағы күні түнде 70 адамнан құралған топ Риганың орталық түрмесіне шабуыл жасады, телефон сымдарын кесіп тастап, арқан басқыштармен түрменің ауласына түсті, аула ішінде қызу шайқас болып, түрме күзетшілерінен екі адам өлді, үш адам ауыр жараланды. Манифестанттар сол жолы әскери соттың тергеуінде өлім жазасын күтіп отырған екі саяси тұтқынды босатып жіберді. Манифестанттарды қуғындау кезінде олардың екеуі тұтқынға алынды, басқалары жасырынып үлгерді, бір агент өлтірілді және бірнеше полицейлер жаралы болды».

Сөйтіп, іс дегенмен де ілгері басып келеді! Баяндап беруге тіл жетпейтін, адам айтқысыз қиындықтарға қарамастан, қарулану ісі қалай да өрлей бастады. Интеллигенттік әлсіздік туғызған жеке-дара террордың күні өтіп барады. Қайдағы бір Сергейді [105] (Москваны, бәлкім, көп революционерлерден гөрі артығырақ революцияландырған Сергейді) өлтіруге, өлтіргенде «халық атынан» өлтіруге, ондаған мың сом ақша мен толып жатқан революциялық күштерді шашудың орнына,— мұның орнына *халықпен бірлескен* соғыс қимылдары басталып отыр. Міне, қарулы күрестің пионерлері тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде, бұқарамен осылай бірігіп отыр, пролетариаттың жасақтары мен отрядтарын басқаруға кірісіп жатыр, азамат соғысының отжалынында *ондаған халық көсемдерін* осылай тәрбие-

леп шығарып жатыр, бұлар ертең, жұмысшы көтерілісі басталған күні өздерінің тәжірибесімен және ер жүректігімен мыңдаған, он мыңдаған жұмысшыларга жәрдем ете алады.

Революциялық ригалық отрядтың ерлеріне сәлем! Олардың табысы бүкіл Россиядағы социал-демократ жұмысшыларға рух беретін болсын және үлгі болсын. Халықтық революциялық армияны бастаушылар жасасын!

Қарацыздаршы, ригалықтардың бастаған ісі, тіпті таза соғыс тұргысынан қарағанда да, қандай табыспен аяқталып отыр. Жау жагынан үш адам өлген және, шамасы, 5—10 адам жараланған. Біздің шығынымыз: сірә, жараланып қалғандықтан ғана жау қолына түскен екі адам көрінеді. Біздің олжамыз — тұтқыннан босатылған революцияшыл екі көсем. Мұның өзі тамаша жеңіс емес пе!! Мұның өзі — бақайшағына дейін қаруланған дұшпанға қарсы шайқастағы шын жеңіс. Мұның өзі енді қайдағы бір жек көрген жеке адамға қарсы заговор емес, кек алу үшін істелген іс емес, тарыққандықтан істелген іс емес, жай «қорқыту» емес, жоқ, бұл — революциялық армия отрядтарының әбден ойланып және дайындалып, күштердің арасалмағы тұрғысынан есептеліп істелген қимылдарының бастамасы. Мұндай 25—75 адамнан құралған отрядтарды әрбір ірі қалада, көбінесе ірі қаланың атыраптарында әлденеше ондап құруға болады. Жұмысшылар бұл отрядтарға жүздеп кіреді, тек бұл идеяны кең түрде насихаттауға, бұл отрядтарды құруға, оларды қанжар мен алтыатардан бастап, бомбаға дейін қарудың барлық түрімен жабдықтауға, бұл отрядтарга соғыс өнерін үйретуге, әскери тәрбие беруге дереу кірісу керек.

Біздің бақытымызға қарай, революциялық халық болмаған соң, революцияшыл жеке-дара террористер революция «жасайтын» уақыт өтті. Бомба жеке-дара «бомбашының» қаруы болудан қалды. *Бомба халықтың қарулануына өте қажет қаруға* айналып келеді. Соғыс техникасының өзгеруімен бірге көше бойындағы күрестің әдістері мен түрлері де өзгереді және өзгеруге тиісті. Қазір біз бәріміз де баррикадалар жасауды және

оларды қорғау өнерін үйреніп жүрміз (және үйреніп жүргеніміз жақсы да). Бірақ осы соғыс техникасының жаңа қадамдары пайдалы деген ескі жұмыстың тасасында ұмыт қалмауы керек. Жарылғыш заттарды қолданудың ілгері басуы артиллерия ісіне бірталай жаңалықтар ендірді. Жапондардың орыстардан күштірек болып шыққан себептерінің бірі де — олардың жарылғыш заттарды пайдалануға анағұрлым шеберлігі болды. Өте күшті жарылғыш заттарды кеңінен қолдану — соңғы соғыстың өте-мөте ерекше белгілерінің бірі. Ал соғыс ісінің шеберлері деп осы күні бүкіл дүние жүзі мойындап отырған жапондар да *қол бомбасына* көшті, мұндай бомбаны олар Порт-Артурға қарсы өте жақсы пайдаланды. Ендеше, жапондардан үйренелік те! Қаруды көптеп жеткізу ісіндегі ауыр сәтсіздіктерден еңсеміз түспесін. Революцияшыл таппен өзінің тығыз байланысын сезіп, оны іс жүзінде көріп отырған, олардың күрестегі таяу мақсаттары үшін қазір шынында бүкіл халықтың көтерілгенін түсінген адамдардың жігерін ешқандай сәтсіздік жасыта алмайды. Бомбаны қай жерде болмасын жасап шығаруға болады. Қазір Россияда бомба біздің қай-қайсымыздың болсын білетінімізден гөрі анағұрлым кең көлемде жасалуда (ал социал-демократиялық ұйымның әрбір мүшесі талай шеберхананың құрылғанын, сірә, білетін болар). Бомба жасау полицияның білетінінен анағұрлым артық мөлшерде болып отыр (ал полиция жеке ұйымдардағы революционерлердің білгенінен көп білетін болса керек). Бомбалармен қаруланатын революциялық армия отрядтарына ешбір күш қарсы тұра алмайды, бұлар сәтті бір түнде, Ригадағы сияқты, бірнеше жерден бірдей шабуылға шығады, бұл отрядтардың соңынан «бейбіт» тоғызыншы январьды ұмытпаған және *қарулы* тоғызыншы январьды мейлінше аңсаған жүз мыңдаған жұмысшылар ілесе көтеріледі,— бұл ең соңғы және ең маңызды шарт.

Россияда істің жайы осыған айқын бет алып келеді. Пароходтардағы бейбіт жолаушылардың себеттерінен табылған бомбалар туралы жария газеттердің осы хабарлары жайлы ойлап қараңыздаршы. Соңғы екі айдың ішінде полицейлер мен әскерлерге жасалған *жүз-*

деген шабуыл туралы, *он-ондап* өлтірілгендер мен ондаған ауыр жаралылар туралы хабарларды мұқият оқып көріңіздерші. Қарулы көтерілісті уағыздауды «ақылсыздық» және «қылмысты» уағыз деп жазғырумен болатын сатқын-буржуазиялық «Освобождение» тілшілерінің өзі де — қайғылы оқиғалар еш уақытта нақ қазірдегідей жақын тоніп келмеп еді деп мойындап отыр.

Іске кіріселік, жолдастар! Әркім өз орнында болсын. Әрбір жұмысшы үйірмесі оқиғалардың одан бүгін, болмаса ертең ақырғы, шешуші шайқасқа басшы болып қатысуды талап ететінін есінде сақтасын.

«Пролетарий» № 18,
26 (13) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӨНІНДЕ

«Пролетарийдің» 15-номерінде «революциялық өзін өзі басқару» дейтіннің (мұны «Искра» халық көтерілісі ұранымен шатастырып жүр) үлгісі ретінде Смоленск думасының батыл әрекеті атап көрсетілген болатын *; бұл дума казактарды қала ішіне орналастыруды заңсыз деп тапты, оларға ақша беруді тоқтатты, халықты қорғау үшін қалалық милиция ұйымдастырды және азаматтарға зорлық-зомбылық жасалуына қарсы солдаттарға прокламация жазды. Нақ сол идеяға тағы бір мысал ретінде және қазіргі кезеңді сипаттау үшін «L'Humanité»-ден алып, мына қарарды басып отырмыз, оны Керчь думасы қалада жақында болған ойран жөнінде қабылдаған.

Дума былай деп қаулы етті: 1) еврей халқының (өлгені бар, жараланғаны бар) қазаға ұшырағанына және материалдық зиян шеккеніне байланысты оған көңіл айтылсын; 2) ойрандау кезінде қаза тапқан шәкірттерді есте қалдыру құрметіне жергілікті гимназияда екі стипендия тағайындалсын; 3) халықтың өмірі мен мүлкін қорғауға жергілікті өкімет орындары қабілетсіз болып шыққандықтан және дұрыс ниеті болмағандықтан қалалық қаржыдан полицияның керегіне ақша беру дереу тоқтатылсын; 4) ойрандаудан аса көп зардап шеккен кедей еврейлерге бөліп беруге 1 500 сом бөлінсін; 5) жергілікті чиновниктердің ішінен жалғыз өзі

* Қараңыз: осы том, 222-бет. *Ред.*

ғана жаппай соққыға жығудың бетін қайтарып, зор жігермен адамгершілік көрсеткен порт бастығына тілеулестік білдірілсін; 6) ойрандау кезінде өкімет орындары заңға қарсы әрекет жасағаны ішкі істер министріне хабарланып, сенаттың тергеу жүргізуі талап етілсін.

Керчь думасы өзіне заң бойынша белгіленген думалық компетенция шеңберінен асыра өз бетімен әрекет жасап отырғандықтан, ол бүкіл мемлекеттің жалпы революциялық өміріне қатысып отырғандықтан,— сондықтан ол нағыз «революциялық өзін өзі басқару» жолына түсіп отыр. Бірақ бұл өзін өзі басқарудың *«халықтық»* болып шығатындығына *кепілдік* қайда? Сондықтан біздің, социал-демократтардың, осы «революцияның бір ғана бөлшегін» үгіттің басты ұраны етіп баса көрсетуі керек пе? немесе көтеріліссіз мүмкін болмайтын революцияның толық және біржолата жеңуін уағыздауы керек пе?

«Пролетарий» № 18,
26 (13) сентябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЗЕМСТВО СЪЕЗІ

12 (25) сентябрьде, дүйсенбі күні, Москвада земство және қала қайраткерлерінің Думаға көзқарас туралы мәселені талқылап, оны біржола шешкен съезі ашылды. Бұрынғы земстволық съездер сияқты, бұл съезд де Россия буржуазиясының саяси даму және саяси ұйымдасу жолында жаңа қадам жасағанын көрсетеді. Сондықтан әрбір саналы жұмысшы буржуазиялық конституциялық партияның осылайша тууына мұқият зейін сала қарауы тиіс. Пролетариаттың тап ретінде саяси дамуы буржуазияның тап ретіндегі саяси дамуымен әрқашан және қайда болмасын қатарласа отіп келді.

Бірақ земстволық съездің осы жалпы маңызынан басқа, Думаға біздің көзқарасымыз туралы айрықша мәні бар мәселе жөнінде де оның маңызы зор. Буржуазияның патша өкіметімен келісуі ме немесе біріншінің екіншімен неғұрлым батыл күресі ме?—жұртқа мәлім, социал-демократияның тактикасында да алауыздық туғызатын бұл мәселенің мәні міне осында.

Ең алдымен ескерте кетелік, өздерінің бұдан бұрынғы съезінде земствошылар Булыгин Думасын біржола айыптап, конституцияның белгілі освобожденниелік жобасын (монархия және екі палаталы система) қабылдады. Думаға бойкот жасау туралы мәселе алғашында копшілік дауыспен мақұлдап шешілген еді, бірақ кейіннен мәселе қайта қаралып, келесі съезге қалдырылды, ал бұл съезд Мемлекеттік дума туралы заң жарияланғаннан кейін *дереу* шақырылуға тиіс болатын,— ке-

рек десеңіз оны телеграф арқылы шақыру туралы да айтылып жүрді. Шындығында, съезд өте кешігіп шақырылды. Алғашында земствошылардың оны шақырмайтыны жайында лақап тарады, біз мұны «Пролетарийдің» 14-номерінде * айтқанбыз. Сонан соң Головин мырзаның Дурновомен келіс сөздері мәлім болды, полицияның съезге рұқсат етуімен аяқталған бұл келіс сөздер туралы біз «Пролетарийдің» өткен номерінде жазып, оған баға бердік **. Сонымен, өткен съезге қарағанда, бұл съезд мүлде басқаша өтті: полиция ол жолы съезге тыйым салып, таратып жібереміз деп қорқытып, протокол жасап, съезден соң сенаторлық тергеу жүргізуді белгілеген болатын. Енді земствошылар мен полиция өзара түсінісіп, алдын ала *келісімге келді.*

Бұрынғы мен қазіргінің арасындағы осы айырмашылықтың барлық маңызын оқушыға айқынырақ көрсету үшін «Освобождениенің» соңғы номерінің мәлімдемелерін еске түсірейік. «Индепендент» мырза (— «тәуелсіз», тегі, полицияға тәуелді болмауы керек?) 76-номерде сол номердегі бас мақаланың авторымен толық келісіп, былай деп жазды: «Ешқандай ымыраға келу туралы сөз болуға да тиіс емес. Бостандықты жалбарынып сұрап алмайды... оны бұрынғыша жеңіп алуға тура келеді. Күрестің бұрынғы тәсілдерінен де, қазірдің өзінде жеңіп алған позициялардан да бір минут та бас тартпау керек,— және де мұның өзі аса маңызды нәрсе. Егер бұл арада да ымыраға келу мүмкіншілігі бар болса, ол мүмкіншілік бірден және батыл түрде жойылуы керек. Азаттық күштеріп ұйымдастыру үшін осы кезге дейін істеліп келген нәрсенің бәрі алда да істелуге тиіс... Съездердің, одақтардың, жиналыстардың жұмысы бұрын қалай болса, дәл сол рухта және сол бағытта жүре беруге тиіс».

Бұдан да гөрі айқынырақ айту қиын. Земстволық немесе «конституциялық-демократиялық» партияның органы 6 августан кейін *күрестің бұрынғы тәсілдерінен бас тартуға* батыл және сөзсіз қарсы шығып отыр. Бірақ либерал буржуазияның жалған позициясының мә-

* Қараңыз: осы том, 210-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 257—266-беттер. *Ред.*

ні де дәл осында: оның бостандықты көксеуінен патша өкіметімен келісім жасауды көксеуі эсте кем түспейді. Сондықтан сөз жүзінде бір түрлі, іс жүзінде — екінші түрлі болады. «Күрестің бұрынғы тәсілдерінен бас тартпау» үшін Думаға бойкот жасау керек еді. Бойкот жасаудан бас тартқандықтан «күрестің бұрынғы тәсілдерінің» *кейбіреулерінен де* логикалық жағынан лажсыз *бас тартуға* тура келді. Головин Дурновомен ымыраға келіп, нақ келісім жасаған кезде, «Освобождение» мұндай келісімдерді талқандай бастады. Земство съезі өз мәжілістерінің бұрынғы еркіндігінен дәл бас тартқан кезде, «Освобождение» «бір минут та бас тартпау керек» деп айқай салды. Думаны, азаттықтың бастамасы сияқты-мыс осы бір нәрсені, «сыйға» тартуға байланысты земствошылар кеңесін қысылшаң жағдайда өткізуге риза болды.

Шынына келгенде: 1) съездің программасын Дурново мырза, ягни полиция, кесіп тастады; 2) полиция рұқсат еткен программадан тыс мәселелер талқылана қалған жағдайда председатель съезді жабуға міндеттенді; 3) съезд Дурновоның делегаты (канцелярияның басқарушысы) — полицейдің қатысуымен мәжіліс жасауға келісті, Головин мырзаның Дурново мырзамен келіскен «шарттары» бұзылған күнде съезді жабуға полицейдің уәкілдігі болды; 4) полиция съезді жауып тастаймыз деп қорқытып онда «бүлікшіл ұрандар» көтеруге тыйым салды (консервативтік «Temps» газетінің арнаулы тілшісінің телеграммасында осы шарттардың бәрі *қалтқысыз орындалды* деп қоса жазылған).

Мәліметтеріміз шетел газеттерінен алынғандықтан, олардың сөзсіз растығына және мейлінше толықтығына кепіл бола алмаймыз, бұл өзінен-өзі түсінікті. Бірақ жалпы және тұтас алғанда олардың рас екеніне күмәндануға ешқандай негіз жоқ. Қайта Головин мырза (әрине, ол Дурновомен жүргізген өзінің келіс сөздерін жалпы жұртқа арнаған жоқ!), бәлкім, земствошылардың ниеті адал екені жөнінде полицияға бұдан молырақ та уәде берген болар!

Даусыз факт. «Освобождениенің» сөздері освобожденешілердің істерімен мүлде үйлеспейді. «Освобожде-

ниенің» жазушылары полицияға қарсы бөсе береді, ал іс басындағылары полициямен шүйіркелесіп, ісін бітіре береді. Дума сайлауының земстволық науқанының басы земстволық буржуазияның самодержавиемен келісім жасай бастауына дөп келді.

Шетел тілшілері бұрынғы съезбен салыстырғанда земствошылардың бұл съезінің *бейбіт* сипатын бірауыздан айтып отыр. Думаға бойкот жасауды жақтап тек бір ғана шешен, екінші бір мәлімет бойынша — екі шешен сойлеген. Көпшілік қатысуды жақтаған (Дума туралы заң шықпастан бұрын біз «Пролетарийдің» 12-номерінде *: земствошылардың оң қанатының бұл мәселе жөнінде пікірі белгілепіп те қойғапын айтқанбыз). Көпшілік сайлауға қатыспау — «жасқаншақтықтың белгісі» болар еді деп тапқан,— біздің білуімізше,— бұл — Парвус пен жаңа «Искраның» толық қосылатын көзқарасы. Полициямен келісуде біздің земствошылар, керісінше, *батылдық* көрсеткен...

Съезд қарар қабылдады, онда Думаны айыптаудың орнына тек қана: «Дума — сөздің дәл мағынасында алғанда халықтық өкілдік болып табылмайды» делінген (жасқаншақтықпен бе әлде батылдықпен бе, мұны білмейміз?). Орыс азаматтарын земство съездерінің бұрын қабылдаған программалары негізінде бірігіп, Дума шеңберінде күресуге шақырады. Думадан тыс және Думадан бөлек күрес жүргізу туралы қарарда бір ауыз сөз жоқ: полицияға «тәуелді емес» освобождениешілдің сөздері бойынша «күрестің бұрынғы тәсілдерінен бір минут та бас тартпау керек» деген осындай болады...

Өзінің бұрынғы орыпсыз «революциялық» екпінін тежеп, земсвошылар Дума жөніндегі «тиімді» жұмысқа күш салды. Олар саяси программаны егжей-тегжейлі талдап жасап шықты (оның толық тексті бізде әлі жоқ); олар өздерінің демократиядан кейін шегінгенін самарқау конституционализмнің негізгі пункттерін қайталаумен бүркеуге әрекет жасады, олар сайлау нау-

---

* Қараңыз: осы том, 176—185-беттер. *Ред.*

қаны туралы, жергілікті және орталық сайлау комитеттерін ұйымдастыру туралы, кандидаттардың тізімдерін, т. с. жасау туралы мәселені толық қарастырып шешті.

Земствошылар мен освобождениешілдердің помещиктік және көпестік либерализмінің қайда ойысқаны осыдан кейін де әлі айқын емес пе?

Демократияның жауынгерлік талаптарын бірінен соң бірін, революцияшыл халықтың правосын қамтамасыз ететін, бостандық жолындағы күресті дамытып, кеңейтетін жайлардың бәрі лақтырылып тасталады (қарарда Думадан бөлек күресті жүргізе беру туралы, т. т. туралы айтылмайды)! Өкімет билігі буржуазияның ғана қолында болуын қамтамасыз ететін демократия талаптарының бәрін ныгайта бастайды (ең алдымен Думадағы орынға ұмтылады)! Халық арасындағы үгіт неғұрлым аз болсын, Дума ішіндегі іскерлік арта берсін! дейді.

Самодержавиеге күні кеше бас иіп жүрген «либерал» Вильям Стэд (26 сентябрьдегі *«Times»*-тегі оның хатын қараңыз) сыртқы бітім ішкі бітімді, патша мен либерал буржуазия арасындағы, 6 августағы заңның жариялаған бітімін талап етті деп өте тауып айтты! Земствошылар, әрине, тіпті салған жерден болмаса да, барлық жайлар жөнінде бітім жасамаған күнде де, *өздерінің бітім жасамақшы екенін мінез-құлықтарымен* дәлелдеп отыр. «Шиповтың досы және қызметкері Михаил Стахович мырза,— деп жазады «Temps»-тің тілшісі 27 сентябрьде,— самодержавиені де, кеңесші Думаны да жақтайтын центр партиясын құруды көздейді; ол әсіре партиялардың көптеген мүшелері (!! освобождениешілдердің атына айтылған қандай қорлаушылық! *«Пролетарий» редакциясы)* осы партияға қосылуға дайын дейді». Стахович мырзаның пайымдауы көптеген жария газеттердің сөздерімен ғана емес, тіпті земствошы мырзалардың *істерімен де* онан бетер расталып отыр. М. Стахович мырза съезге қатысты — деп хабарлайды 26 сентябрьде «Times»-тің тілшісі. «Ол самарқау элементтердің жеңуіне кәміл сенеді; және, шындығында Кавказдағы сұмдықтардың әлдеқалай (!!) айтылып

қалғаны болмаса, үкіметке әдеттегідей қызу шабуыл жасаудың (fiery denunciations) мүлдем дерлік болмауы оның болжауын (forecast) растайтын сияқты (rather confirms)». Ағылшын консервативтік газетінің әлгі тілшісі былай деп телеграмма соғады: «Думаға бойкот жасауды делегаттарының көпшілігі жақтаған кезбен, июль съезінде үстем болған жағдаймен салыстырғанда, бұл съездегі жағдайда таң қаларлықтай қарама-қарсылық бар екені байқалады».

Бойкот жасауды жақтайтындар енжарлықпен бойын аулақ салуды тіледі, ал қатысуды жақтайтын Стаховичтер шын күресуді тілейді деген өзінің қате пікірінен «Искра» енді де бас тартпас па екен? Парвуспен бірге «Искра» тіпті енді де, освобожденшілдер Дурново мырзалармен көріне келісе бастағаннан кейін де, олармен келісімге келуді және оларды қолдауды шынымен-ақ жақтар ма екен?

P. S. Орыс жаңа искрашылдарының жаңа «Искрамен» келіспейтіндігі туралы үсті-үстіне жаңа мәліметтер түсіп жатқандығын айтуды әділдік талап етеді. Біз жаңа ғана С.-Петербург тобының (меньшевиктік) «Мемлекеттік дума немесе құрылтай жиналысы» деген листогын алдық. Біз мұнан Думаны сынаумен қатар, «жойылсын Дума!» деген ұранды кездестіріп отырмыз. Жұмысшылардың өкілдерін либералдарға былай деп айтуға: «сіздер Мемлекеттік думаны мойындамауға тиіссіз», «сіздер Думаға өздеріңіздің сайлану (листокта көмескі басылған) правоңыздан бас тартуға міндеттісіз», сіздер «қаражүздіктер мен Мемлекеттік думаға қарсы күресу үшін қаруландыруға» жұмысшыларға көмектесуге тиіссіздер деп айтуға шақырады. Сонымен, Петербург меньшевиктері белсенді бойкот ұранын қабылдап отыр. «Земство науқанының жоспары» жөніндегі атақты оқиға тұсында болғаны сияқты, «Искра» өзінің орыс жақтастарымен келісе алмай отыр. Петербург меньшевиктері бір жағынан ғана «Искраға» жақындайды: олар жұмысшыларды «Шидловский комиссиясына [106] сайлағандағы сияқты, дереу фабрикалар, шеберханалар, цехтар бойынша өкілдер» сайлауға шақырады... «Шидловский комиссиясына сайланған адам-

дарымыздың самодержавиенің осы айлалы қақпанына қарсы күрескені сияқты, біздің өкілдеріміз де бір жерге бас қосып, Мемлекеттік думаға қарсы күрес жүргізе берсін». Бұл ұран — «революциялық өзін өзі басқару» дейтін искралық ұранға өте ұқсас болып тұрса да, С.-Петербург тобындағы жолдастар бұл орынсыз даурықпа сөзді, әрине, қолданбайды. Петербург жұмысшылары бұл ұранның қате екенін және Шидловский комиссиясымен салыстыру дұрыс емес екенін түсінетіндігіне біз күмәнданбаймыз. Ол кезде жұмысшылар комиссияға бойкот жасап еді, енді, Дума жұмысшыларға бойкот жасап отыр.

Өкімет патшаның қолында тұрғанда революциялық өзін өзі басқару революцияның болмашы бір бөлшегі ғана бола алады (Смоленск қалалық думасының шешімі және т. с.). Мұнан революцияшыл пролетариаттың басты ұранын жасау — шатастыру, освобождениешілдердің отына май құю болып табылады. Пролетариат пен шаруалардың *революциялық* күштері ұйымын дамыта, кеңейте, нығайта және көбейте отырып, біз бұл соғыс ұйымын, көтеріліс ұйымын *өзін өзі басқарумен* шатастырмауға тиіспіз. Өзінің міндеті жағынан да, қалай пайда болуы жағынан да, сипаты жағынан да қарулы көтеріліс ұйымы, революциялық армия ұйымы революциялық өзін өзі басқару ұйымына *мүлде ұқсамайды*. Либерал буржуа, освобождениешілдер, дәйекті революциялық-демократиялық ұрандарды кемітуге, мұқалтуға, шұнтитуға жан сала тырысқан сайын, біз ол ұрандарды: революциялық уақытша үкіметтің бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруы, патша өкіметін құлату үшін қарулы көтеріліс және революциялық армия ұйымдастыру ұрандарын соғұрлым айқын, соғұрлым тура қоюға тиіспіз.

«Пролетарий» № 19,
3 октябрь (20 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БИКЕШ

«Освобождениенің» құптауымен Старовер жолдас өзінің ескі «Искраға» қатысу (білместіктен) арқылы жасаған күнәларын айтып, жаңа «Искрада» әлі өкініп жүр. Старовер жолдас Чеховтың «Бикеш» [107] деген әңгімесіндегі бас кейіпкерге тым ұқсайды. Бикеш әуелі антрепренермен тұрмыс құрады да: біз Ванечка екеуміз әжептәуір пьесалар қойып жүрміз дейді. Сонан соң, ол ағашпен сауда жасаушы саудагермен отасады да: Васечка екеуміз ағаш нарқының көтерілуіне наразымыз, дейді. Ақырында, мал дәрігерімен қосылады да: біз Колечка екеуміз жылқы емдеп жүрміз, дейді. Старовер жолдас та дәл сол секілді. «Біз Ленин екеуміз» Мартыновқа ұрыстық. «Біз Мартынов екеуміз» Ленинге ұрсып жүрміз. Социал-демократиялық сүйкімді бикеш-ай! ертең кімнің құшағында болар екенсің сен?

1905 ж. 24 сентябрьден
(7 октябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің
V жинағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР

Россия басынан кешіріп отырған революция жалпы халықтық революция болып табылады. Бүкіл халық мүдделері самодержавиелік үкіметті құрайтын және оны қолдайтын ат төбеліндей аз ғана таптың мүдделерімен бітіспес қайшылыққа келіп отыр. Товар шаруашылығы негізінде құрылған қазіргі қоғамның өмір сүруінің өзі, түрлі таптар мен халық топтары мүдделерінің орасан зор айырмашылығы және қайшылығы болып отырғанда, самодержавиені жоюды, саяси бостандықты талап етеді, мемлекет құрылымында және оны басқаруда үстем таптардың мүдделерін ашық, тікелей білдіруді талап етеді. Өзінің қоғамдық-экономикалық мәні жағынан буржуазиялық төңкеріс болып табылатын демократиялық төңкеріс бүкіл буржуазиялық қоғамның қажеттерін білдірмей отыра алмайды.

Бірақ қазір самодержавиеге қарсы күресте бірыңғай және біртұтас сияқты көрінетін бұл қоғамның өзі капитал мен еңбектің арасындағы терең тұңғиықпен біржолата екіге жарылып отыр. Самодержавиеге қарсы көтерілген халық — бірыңғай халық емес. Меншікшілер мен жалдама жұмысшылар, азғана байлар («жоғарғы он мың») — және ондаған миллион кедейлер мен еңбекшілер, шынында, бұл XIX ғасырдың бірінші жартысында көреген бір ағылшынның айтқанындай, «екі ұлт» [108]. Пролетариат пен буржуазия арасындағы күрес бүкіл Европада күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл күрес Россияға да әлдеқашан жетті. Қазіргі Россияда революцияның мазмұны болып отырған күресуші екі күш

емес, қайта әр түрлі және әртекті әлеуметтік екі соғыс: мұның бірі қазіргі самодержавиелік-крепостниктік құрылыс қойнауындағы соғыс, енді біреуі біздің көз алдымызда туып келе жатқан болашақ буржуазиялық-демократиялық құрылыс қойнауындағы соғыс. Біреуі — бостандық үшін (буржуазиялық қоғамдағы бостандық үшін), демократия үшін, яғни халық самодержавиесі үшін жалпы халықтық күрес, екіншісі — қоғамның социалистік құрылымы үшін пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі.

Сонымен, социалистерге ауыр әрі қиын міндет жүктеліп отыр — сипаты жағынан да, мақсаттары жағынан да, жоғарыда айтылған екі соғыстың қайсысына да батыл қатыса алатын әлеуметтік күштердің құрамы жағынан да мүлдем әр қилы екі соғысты бір мезгілде жүргізу міндеті жүктеліп отыр. Социал-демократия осы қиын міндетті айқын алға қойып, тиянақты шешті, бұған ол өзінің бүкіл программасының негізі етіп ғылыми социализмді, яғни марксизмді алғандықтан, мейлінше әр алуан европалық елдердің демократиялық және социалистік қозғалыстарының бірқыдыру ұзақ тәжірибесіне сүйене отырып, марксизм қағидаларын тексеріп көрген, растаған, түсіндірген және егжей-тегжейлі дамытқан бүкіл дүние жүзілік социал-демократия армиясына оның бір отряды ретінде кіргендіктен жетті.

Революциялық социал-демократия орыс демократизмінің буржуазиялық сипатын, либерал-халықшылдықтан бастап, «освобожденниелік» тұжырымдаумен аяқталатын сипатын көптен-ақ көрсетіп келген және көрсетті. Ол буржуазиялық демократизмнің лажсыз жартыкештігін, шектеулілігін және тар өрістілігін әрқашан көрсетіп келді. Ол демократиялық революция дәуірінде социалистік пролетариаттың алдына: шаруалар бұқарасын өз жағына тартып алып, буржуазияның тұрақсыздығын күрмеп, самодержавиені күйрету және жапыстау міндетін қойды. Демократиялық революцияның үзілді-кесілді жеңісі — пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы түрінде ғана мүмкін. Бірақ бұл жеңіс неғұрлым тезірек, то-



С1

Соціализмъ и крестьянство

Революція, переживаемая Россіей, есть революція общенародная. Интересы всего народа пришли в непримиримое противорѣчіе съ интересами кучки лицъ, составляющихъ самодержавное правительство и поддерживающихъ его. Самое существованіе современнаго общества, построеннаго на основѣ товарнаго хозяйства при громадномъ различіи и противоположности интересовъ разныхъ классовъ и группъ населенія, требуетъ уничтоженія самодержавія, политической свободы, открытаго и непосредственнаго выраженія интересовъ господствующихъ классовъ в устройствѣ и управленіи государствомъ. Демократическій переворотъ, буржуазный по своему общественно-экономическому существу, не можетъ не выражать нужды всего буржуазнаго общества.

Но само это общество, кажущееся единымъ и цѣльнымъ въ борьбѣ противъ самодержавія, раскололось безповоротно пропастью между капиталомъ и трудомъ. Народъ, возставшій противъ самодержавія, — не единый народъ. Собственники и наемные рабочіе, незначительная часть („верхнія десять тысячъ") богатыхъ и десятки милліоновъ неимущихъ и трудящихся, это, поистинѣ, „двѣ націи", какъ сказалъ одинъ дальновидный англичанинъ еще въ первой половинѣ 19го вѣка. Борьба между пролетаріатомъ и буржуазіей стоитъ

В. И. Лениннің «Социализм және шаруалар» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1905 ж.

Кішірейтілген

лығырақ жүзеге асырылса, жаңа қайшылықтар мен жаңа тап күресі толығынан демократияланған буржуазиялық құрылыс жағдайында соғұрлым тезірек, терецірек дамиды. Біз демократиялық төңкерісті неғұрлым толығырақ жүзеге асырсақ, социалистік төңкерістің міндеттеріне соғұрлым бетпе-бет жақын келеміз, буржуазиялық қоғамның түпкі негіздеріне қарсы пролетариаттың күресі соғұрлым қаттырақ, күштірек болады.

Социал-демократия пролетариаттың революциялық-демократиялық және социалистік міндеттерінің осылайша қойылуынан ауытқу атаулының бәріне қарсы ұдайы күрес жүргізуге тиіс. Қазіргі революцияның демократиялық, яғни түпкі негізі тұрғысынан буржуазиялық сипатын елемеу ақылға сыймайды, сондықтан революциялық коммуналар ұйымдастыру сияқты ұрандар қою да ақылға сыймайды. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы ұранынан болса да шошынып, демократиялық революцияға пролетариаттың қатысу міндетін, қатысқанда басшы ретінде қатысу міндетін кемсіту ақылға сыймайды және реакцияшылдық болып шығады. Қайталап айтайық, өзінің сипаты жағынан да, қатысушы күштердің құрамы жағынан да әр түрлі демократиялық және социалистік революциялардың шарттары мен міндеттерін шатастыру ақылға сыймайды.

Біз енді осы соңғы қателікке толығырақ тоқталғымыз келеді. Жалпы халық ішінде, әсіресе шаруалар ішінде, тап қайшылықтарының дамымағандығы капитализмнің шын кең дамуына алғаш рет негіз жасайтын демократиялық революция дәуірінде болмай қоймайтын құбылыс. Ал экономиканың осы дамымағандығы социализмнің мешеу формаларын белгілі бір формада бастан кешіруді және олардың қайта тірілуін туғызады, бұл социализм ұсақ буржуазиялық социализм болып табылады, өйткені ол ұсақ буржуазиялық қатынастардың шеңберінен шықпайтын өзгерістерді дәріптейді. Ең толық «еріктің» өзі және тіпті барлық жерді болсын барынша «әділ» бөлудің өзі капитализмді жоймайтыны былай тұрсын, қайта, оның ерекше кең және күшті дамуына жағдай жасайтынын шаруалар бұқара-

сы түсінбейді және түсіне де алмайды. Социал-демократия осы мужиктік талаптардың тек революциялық-демократиялық мазмұнын бөліп алып, қолдап отырса, ұсақ буржуазиялық социализм шын мәніндегі демократиялық және қиялдан шығарылған социалистік төңкерістің міндеттері мен шарттарын шатастырып немесе бір жерге үйіп-төгіп шаруалардың әлгі түсінбеушілігін теория дәрежесіне дейін көтереді.

Осы бұлдыр ұсақ буржуазиялық идеологияның ең айқын көрінісі программа,— дұрысырақ айтқанда, «социалист-революционерлер» программасының жобасы болып табылады, олар партиялылықтың формалары мен алғы шарттары өздерінде неғұрлым нашар дамыса, өздерін партиямыз деп жариялауға соғұрлым ерте асықты. Олардың программасының жобасын талдай келіп (қараңыз: «Вперед» № 3 *), социалист-революционерлер көзқарастарының түп тамыры — бұрынғы орыс халықшылдығы болып табылатынын бұдан бұрын көрсеткен болатынбыз. Бірақ Россияның бүкіл экономикалық дамуы, орыс революциясының бүкіл барысы таза халықшылдықтың түпкі тамырларын күн санап, сағат санап аяусыз да рақымсыз жұлып, шайып әкетіп жатқандықтан социалист-революционерлердің көзқарастары лажсыз эклектикалық көзқарас болады. Олар халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен бітеуге тырысады, бірақ мұнымен тозығы жеткен бұйым бүтінделе қоймайды. Жалпы және тұтас алғанда, олардың программасы — орыс социализмі тарихындағы крепостниктік Россиядан буржуазиялық Россияға өтер жолдың, «халықшылдықтан марксизмге» өтер жолдың бір кезеңін ғана көрсететін, тірлік белгісінен ада болған, ішкі қайшылықтары бар бірдеңе болып табылады. Осы анықтама — қазіргі революциялық ой-пікірдің толып жатқан үлкенді-кішілі ұсақ салаларына тән анықтама — Поляк социалистік партиясы (ППС) [109] аграрлық программасының «Przedświt»-тің [110] 6—8-номерлерінде басылған ең жаңа жобасына да сай келеді.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 203—211-беттер. *Ред.*

Жоба аграрлық программаны екі бөлімге ажыратады. I бөлім — «жүзеге асыру үшін қоғамдық жағдайлар қазірдің өзінде-ақ пісіп жетілген реформаларды» баяндайды; II бөлім — «I бөлімде баяндалған аграрлық реформалардың аяқталуы мен интеграциясын тұжырымдайды». I бөлім өзінше үш тарауға бөлінеді: А) еңбекті қорғау — ауыл шаруашылық пролетариатының пайдасына қойылатын талаптар; Б) аграрлық реформалар (тар мағынадағы, немесе, былайша айтқанда, шаруа талаптары) және В) село халықтарын қорғау (өзін өзі басқару және т. т.).

Бұл программадағы марксизмге қарай аяқ басқандық нәрсе мынау: онда программа-минимумды программа-максимумнан бөліп алу сияқты бірдеңеге әрекет жасалады,— сонан соң таза пролетарлық сипаттағы талаптардың мүлде дербес қойылуы,— содан кейін программаның дәлелдемелерінде «шаруа бұқарасының жеке меншікшіл түйсіктерін қолпаштау» социалиске мүлде лайықсыз екенін мойындау. Шындығын айтқанда, егер осы соңғы қағидадағы ақиқатты толық ойластырып, оны ақырына дейін дәйекті түрде дамытса, онда бұл нағыз маркстік программа болып шығар еді. Бірақ өзінің идеяларын марксизмді оппортунистік тұрғыдан сынаудың қазынасынан соншалықты ықыласпен алып отыратын ППС ұстамды пролетарлық партия болып табылмайды — бар пәле де міне осында. Біз программаның дәлелдемелерінен мынаны оқимыз: «Жер меншігінің шоғырлану тенденциясы әлі дәлелденбеуі салдарынан шаруашылықтың осы түрін шын ықыласпен, толық сеніммен қорғау, ұсақ шаруашылықтардың жойылмай қоймайтынына шаруаларды сендіру мүмкін емес».

Бұл — буржуазиялық саяси экономияның елесі, басқа түк те емес. Буржуазиялық экономистер ұсақ егінші-меншікшінің әлді-ауқатты болуына капитализм үйлес келеді деген идеяға ұсақ шаруаны сендіруге барынша күш салып бағады. Сондықтан олар товар шаруашылығы туралы, капиталдың езгісі туралы, ұсақ шаруа шаруашылығының құлдырауы мен төмендеуі туралы жалпы мәселені жер меншігінің шоғырлануы ту-

ралы жеке мәселенің тасасында қалдырады. Олар егіншіліктің саудаға қажетті арнаулы салаларында ірі өндіріс ұсақ жер меншігінде де, орташа жер меншігінде де дамитындығын, аренданың өсуі салдарынан да, ипотекалардың езгісі салдарынан да, өсімқорлықтың қысымы салдарынан да бұл меншіктің ыдырайтындығын көргісі келмейді. Олар егіншіліктегі ірі шаруашылықтың техника жағынан артықшылығы және капитализмге қарсы күресте шаруаның тұрмыс жағдайы төмендейтіні жайлы талассыз фактіні көлеңкеде қалдырады. ППС-тың сөздерінде осы күнгі Давидтер қайта жаңғыртып отырған осы буржуазиялық соқыр сенімді қайталаудан басқа ештеңе жоқ.

Теориялық көзқарастардың орнықсыздығы практикалық программадан да көрініп отыр. I бөлімді — тар мағынасындағы аграрлық реформаларды алып көріңіз. Бір жағынан, сіз мына пункттерді оқисыз: 5) «Үлесті жерлерді сатып алуда болатын тежеулердің бәрін жою және 6) шарварки [111] мен подводты (заттай салықтарды) жою». Бұл — таза маркстік минималды талаптар. Осы талаптарды қоя отырып (әсіресе, 5 п.), ППС біздің социалист-революционерлерге қарағанда бір адым ілгері басады; бұл соңғылар «Московские Ведомостимен» бірге атышулы «үлесті жерлердің алынбайтынына» үміт артады. ППС осы талаптарды қоя отырып, қазіргі шаруалар қозғалысының негізі және мазмұны ретінде, крепостниктік тәртіптің қалдықтарымен күресу жөніндегі марксизм идеясына жақындап келеді. Бірақ бұл идеяға жақындап келсе де, ППС оны толық және саналы түрде қабылдаудан алыс жатыр.

Біз қарастырып отырған программа-минимумның басты пункттері былай дейді: «1) удельдік, мемлекеттік имениелерді және дін басыларының меншігіндегі имениелерді конфискелеу жолымен национализациялау; 2) тікелей мұрагер болмаған күнде ірі жер меншігін национализациялау; 3) ормандарды, өзендер мен көлдерді национализациялау». Қазіргі уақыт үшін жерді национализациялау талабын бірінші кезекке қоятын программаның барлық кемшіліктері осы талаптарда да бар. Халықтың толық саяси бостандығы және халық

самодержавиесі болмайынша, демократиялық республика болмай тұрғанда, национализациялау талабын қою ертерек және ақылға сыйымсыз, өйткені национализация дегеніміз мемлекеттің қолына өту болып табылады, ал қазіргі мемлекет — полицейлік және таптық мемлекет, ертеңгі мемлекет бері салғанда таптық мемлекет болады. Демократияландыруға қарай бастайтын ұран ретінде алғанда бұл талап мүлде жарамсыз, өйткені мұндай талап мәселенің ауыр салмағын шаруалардың помещиктерге көзқарасына аудармайды (шаруалар помещиктердің жерін алады), қайта помещиктердің мемлекетке көзқарасына аударады. Шаруалар жер үшін помещиктермен де, помещиктердің мемлекетімен де революциялық жолмен күресіп жатқан кезең үшін мәселенің бұлай қойылуы түбірімен жалған. Конфискелеу үшін конфискелеу құралы ретінде революциялық шаруалар комитеттерін құру,— осындай кезеңге лайықты бірден-бір ұран және помещиктерге қарсы таптық күресті помещиктік мемлекетті революциялық жолмен талқандаумен тығыз байланыстыра отырып ілгері бастыратын бірден-бір ұран осы.

ППС жобасындағы аграрлық программа-минимумның қалған пункттері мыналар: «4) меншік правосын шектеу, өйткені егіншілікті жақсартуды (мелиорация) мүдделі адамдардың көпшілігі қажет деп табатын болса, меншік правосы егіншілікті жақсарту дегеннің бәріне кедергі келтіреді; ... 7) егінді өрттен, бұршақ соғып кетуден, ал малды түрлі індеттен қауіпсіздендіруді национализациялау; 8) егіншілік артельдері мен кооперацияларының құрылуына мемлекет тарапынан заң тұрғысынан көмектесу; 9) агрономиялық мектептер». Бұл пункттер социалист-революционерлер рухына немесе (бұл да сол) буржуазиялық реформаторлық рухына әбден сай келеді. Бұларда революциялық ештеңе жоқ. Бұлардың прогресшіл екендігіне, әрине, талас жоқ, бірақ меншікшілердің мүдделері тұрғысынан прогресшіл. Социалист тарапынан бұларды ұсыну — меншікшілдік түйсіктерді қолпаштау дегеннің нақ өзі. Бұларды ұсыну — трестерге, картельдерге, синдикаттарға, өнеркәсіпшілер қоғамдарына мемлекеттің көмектесуін

талап етумен бірдей, өйткені егіншіліктегі кооперацияларға, қамсыздандыруларға, т. с. қарағанда бұлардың «прогресшілдігі» кем емес. Мұның бәрі — капиталистік прогресс. Бұлардың қамын ойлау біздің ісіміз емес, қожайындардың, кәсіпкерлердің ісі. Пролетарлық социализмнің ұсақ буржуазиялық социализмнен өзгешелігі сол — қожайындар мен ұсақ қожайындар кооперациясының қамын ойлауды ол де-Рокиньи графтарға, земствошы-помещиктерге және т. с. береді де, өзі *қожайындарға қарсы күресу* мақсатымен *жалдама жұмысшылар* кооперациясының қамын ойлауды тұтасымен және бірыңғай өз қолына алады.

Енді программаның II бөліміне қараңыз. Ол төмендегі бір пункттен тұрады: «Ірі жер меншігін конфискелеу жолымен национализациялау. Халық осылайша алған егістіктер мен шабындықтар үлесті жерлерге бөлініп, жері жоқ және жері аз шаруаларға ұзақ мерзімге қамтамасыз етілген арендаға берілуге тиіс».

Несін айтасын, таптырмайтын «аяқтау»! Өзін социалистік партия деп атайтын партия «аграрлық реформаларды аяқтау және интеграциялау» түрінде тіпті де қоғамның социалистік құрылымын ұсынып отырған жоқ, ал қайдағы бір ұсақ буржуазиялық сорақы утопияны ұсынып отыр. Біз демократиялық және социалистік төңкерістерді әбден шатастырудың, олардың мақсаттары әртекті екенін мүлдем аңғармаудың ең айқын үлгісін көріп отырмыз. Жердің помещиктерден шаруаларға көшуі демократиялық төңкерістің құрамдас бір бөлігі, буржуазиялық революция кезеңдерінің бірі бола алады, — және Европаның барлық жерінде осылай болды,— бірақ оны аяқтау немесе ақырына дейін жеткізу деп тек буржуазиялық радикалдар ғана атай алады. Меншікшілердің белгілі бір топтарына, қожайындардың белгілі бір таптарына жерді қайтадан бөліп беру демократияның жеңіп шығуы үшін, крепостниктік тәртіптің сарқыншағын толық құрту үшін, бұқараның тұрмыс жағдайын көтеру, капитализмнің, т. т. дамуын шапшаңдату үшін пайдалы және қажет болуы мүмкін,— мұндай шараны мейлінше батыл қолдау демократиялық революция дәуірінде социалистік пролета-

риат үшін міндетті болуы мүмкін, бірақ ұсақ шаруалық өндіріс емес, тек *социалистік* өндіріс қана «аяқтау және ақырына дейін жеткізу» бола алады. Товар шаруашылығы мен капитализм сақталып тұрған жағдайда ұсақ шаруаларға аренданы «қамтамасыз ету» — реакцияшыл ұсақ буржуазиялық утопия, басқа түк те емес.

ППС-тың негізгі қатесі тек жалғыз оған ғана тән қате емес, бір ғана, кездейсоқ қате емес екенін біз енді көріп отырмыз. Бұл қате бүкіл орыс халықшылдығының, *бүкіл* орыс буржуазиялық либерализмі мен радикализмінің аграрлық мәселедегі *негізгі* қатесін, земствошылардың Москвада болған соңғы (сентябрьдегі) съезіндегі жарыс сөздің өзінде байқалған қатені неғұрлым айқын және әбден анықтап (социалист-революционерлердің өздері де түсінбейтін, атышулы «социализациясынан» да гөрі айқын) көрсетіп отыр.

Осы негізгі қатені былай айтуға болады:

ППС-тың программасы ең таяу міндеттерді қоюда революцияшыл емес. Өзінің түпкі мақсаттары жағынан ол социалистік емес.

Немесе басқаша айтқанда: демократиялық және социалистік төңкерістің арасындағы айырманы түсінбеушілік — демократиялық міндеттерде олардың шын революциялық жағының көрінбей қалуына, ал социалистік міндеттерге буржуазиялық-демократиялық дүние танымның барлық күңгірт жақтарының енгізілуіне апарып соғады. Демократ үшін — революциялық жағы жетімсіз ұран болып, социалист үшін — кешірімсіз былық ұран болып шығады.

Керісінше, социал-демократияның программасы шын революциялық демократизмді қолдаудың да, айқын социалистік мақсат қоюдың да барлық талаптарына жауап береді. Қазіргі шаруалар қозғалысынан біз крепостниктік тәртіпке қарсы күресті, помещиктерге және помещиктік мемлекетке қарсы күресті көреміз. Бұл күресті біз ақырына дейін қолдаймыз. Мұндай қолдау үшін бірден-бір дұрыс ұран: революцияшыл шаруа комитеттері арқылы конфискелеу. Конфискеленген жерді не істеу керек,— бұл екінші кезектегі мәселе. Оны біз шешпейміз, шаруалар шешеді. Нақ осы мәселені

шешу үстінде шаруалар ішіндегі пролетариат пен буржуазия арасында күрес басталады. Міне, сондықтан, біз бұл мәселені не ашық қалдырамыз (мұның өзі ұсақ буржуазиялық сәуегейлерге мүлде ұнамайды), не өз тарапымыздан кесінді жерлерді тартып алу түріндегі жолдың *басталуын* ғана көрсетіп береміз (социал-демократияның сан рет түсіндіргеніне қарамастан, оны саяз адамдар қозғалысқа жасалған кедергі деп біледі).

Қазіргі Россияда болмай қоймайтын аграрлық реформаның революциялық-демократиялық роль атқаруы үшін бір ғана құрал бар: помещиктер мен бюрократияға қарамастан, мемлекетке қарамастан, шаруалардың өздерінің революциялық инициативасымен реформа жасау, яғни революциялық жолмен реформа жасау. *Осындай* өзгерістен кейін жерді ең жаман бөлудің өзі қай жағынан алғанда да қазіргі бөлуден жақсы болып шығады. Сондықтан революциялық шаруа комитеттерін құру талабын басты талап етіп қойғанда, біз міне осы жолды сілтейміз.

Бірақ біз мұнымен қатар село пролетариатына былай дейміз: «Шаруалардың ең түбегейлі жеңісі — қазір бар күшіңді салып көмектесетін бұл жеңіс — сені жоқшылықтан құтқармайды. Бұл мақсат үшін тек бір ғана шара бар: бүкіл пролетариаттың — өнеркәсіп, ауыл шаруашылық пролетариатының — бүкіл буржуазияны жеңіп шығуы, социалистік қоғам құру».

Қожайын-шаруалармен бірге помещиктерге және помещиктік мемлекетке қарсы шығу, қала пролетариатымен бірге бүкіл буржуазияға, бүкіл қожайын-шаруаларға қарсы шығу. Деревняның саналы пролетариатының ұраны міне осы. Ал егер бұл ұранды ұсақ қожайындар бірден қабылдай қоймаса да, немесе тіпті мүлдем қабылдамаса да, оның есесіне бұл ұран жұмысшылардың ұраны болады, оны бүкіл революция сөзсіз дәлелдемей қоймайды, ол бізді ұсақ буржуазиялық жалған үміттерден арылтады, ол бізге өзіміздің социалистік мақсатымызды айқын және анық көрсетіп береді.

«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ТОЙҒАН БУРЖУАЗИЯ МЕН АРАНЫ АШЫЛҒАН БУРЖУАЗИЯ

«Le Temps» газеті — француз консервативтік буржуазиясының ең ықпалды органдарының бірі. Социализмге қарсы ол мейлінше жан таласа науқан жүргізуде, оның бетінен Маркстің, Бебельдің, Гедтің, Жорестің есімдерін кездестірмейтін күніңіз кемде-кем болады және бұларды түсіндіргенде ол өшігіп, зәрін шашпай тұра алмайды. «Le Temps» социализм десе аласұрып қалш-қалш етеді.

Ізгі ниетті европалықтардың сөзімен айтқанда, орыс «дағдарысын» бұл газет жіті қадағалап отырады, la nation amie et alliée — «тату әрі одақтас ұлтқа» өзінің ғибратты ақылын әрқашан айтып отырады. Енді ол земствошылардың соңғы съезіне де бір бас мақаласын арнап отыр. Ол мұның алдында болған июль съезін еске түсіріп, тіпті өтіп кетсе де ол съезге наразылығын білдірмей тұра алмайды. Бұл өзі, біле-білсеңіз, «шым-шытырық ойлар мен бұлдыр ниеттер әбден сапырылысқан бірдеңе болып» өтіпті: Булыгин жобасы мәлім бола тұрса да, делегаттар бойкот жасау керек пе, әлде қатысу керек пе дегенді шеше алмай, тек «қызу сөздермен» ғана шектеліпті. Француздың билеп-төстеуші буржуазиясының органы земствошыларға тіпті ызаланып, олардың мандаттары да жоқ еді деп ескертеді!

Бірақ оның есесіне саяси өкіметке тойған буржуа енді қалай қуана күледі! саяси өкіметке әзір тек араны ашылып, бірақ қазірдің өзінде өзінің «есейгенін» дәлелдеген сыбайласының марқабатты қолын құрметпен

қысуға қалай асығады десеңізші! Бойкот қабылданбады, мандаттардың жоқтығы да енді ескерілмейді. «Земствошылардың шешімі,— дейді «Le Temps»,— оларға абырой әпереді. Бұл шешім орыс халқының неғұрлым көзі ашық элементтерінің саяси тәрбиесі өсіп келе жатқанын, олардың қажетті эволюция жолына батыл түсіп, саяси сиқырлықтың бұлдыр жоспарларынан бас тартып отырғанын дәлелдейді».

Саяси өкіметке тойғап және халықтың, жұмысшылар мен шаруалардың революцияларда шын жеңіп шығуы неге әкеп соқтыратынны жөнінде талайды көрген буржуа либерал помещиктер мен кенестердің сентябрьдегі съезін эволюцияның революцияны жеңуі деп жариялауға әсте тайсалмайды.

Ол съездің «ынсаптылығын» мақтайды. Ол «жерді бөлшектеу» туралы және әйелдердің сайлау праволары туралы қарардың іске аспай қалғанын көріне қанағат тұтып айтып отыр. «Бұл шешімдердің даналығы мен ынсаптылығы әсіре партиялар пікірлерінің бұл съезде үстем болмағанын айқын көрсетеді. Бұлардың бәрі келіскен программа — *революционерлерді қарусыздандыру* үшін жеткілікті дәрежеде демократиялық программа. Ал земстволық съезд өз жобаларының жүзеге асуын тек қана заңды құралдарды қолданудан күтетін болғандықтан, оның программасы жеке таластары земстволық съездің мүшелерінен болмейтін реформистерді де қоса алады».

Тойған буржуа арапын ашқан буржуаны қошаметтеп, иығынан қағады: көз бояп, *революционерлерді қарусыздандыру* үшін «жеткілікті дәрежеде демократиялық» программаны ұсыну керек, сөйтіп жария жолға түсу керек,— яғни, орыстың қарапайым және тура тілімен айтқанда, Треповтермен-Романовтармен саудаласу керек, шын мемлекеттік даналық міне осы дейді.

Ал сұңғыла буржуаның аңғырт революционерлерден үміттенуі онша негізсіз емес екенін, мұны жаңа «Искрадағы» біздің ақылгөйлер дәлелдеді. Олар тізгінді қоя беріп, торға түсуге ұмтылды, қазір не нәрсеге болса да уәде беруге, не нәрсеге болса да міндеттенуге жантәнімен әзір самарқау буржуадан демократиялық мін-

деттемелер алуды дамылсыз ұсына берді. Бір-біріне дұшпан партиялардың арасындағы күресте ғана емес, сонымен бірге социалистік партиялардың ішіндегі күресте де (біздің бұған II съезден кейін тәжірибе жүзінде көзіміз жеткеніндей), күресушілердің азды-көпті маңызды мүдделерін қозғағандықтан уәделердің бәрінің күлі көкке ұшады. The promises like pie-crust are leaven to be broken, дейді ағылшын мәтелі. «Уәделер самсаның қабығы сияқты: самсаны пісіргенде кейін оны сындыру үшін пісіреді».

Дума жөнінде искралық тактика неге әкеліп соқты? Атап айтсақ: *революционерлерді* идея және тактика жағынан *қарусыздандыруға* әкеліп соқты. Оппортунистік «Искрадағы» ақылгөйлер осы қарусыздандыру жөнінде еңбектенді, белсенді бойкот идеясын быт-шыт қылды, белсенді бойкотты енжар бойкотпен (тұп-тура «Новое Время»[112] рухында және нақ сол сөздермен дерлік) ауыстырды, бірге ауыз жаласқан Милюковтар мен Стаховичтерге сену мен сенгіштікті уағыздады, көтерілістің революциялық ұранын «азаматтардың революциялық өзін өзі басқаруы» сияқты освобождениелік буржуазиялық шатпақпен ауыстырды.

«Искраның» қандай батпаққа батқанын енді тек көрсоқырлар ғана көрмес. Ол құпия баспасөздің ішінде жалғыз қалды, оны жақтайтын *тек «Освобождение»* ғана. Тіпті Мартов пен Аксельродтың өзі «впередтік арсеналды» ұнатады деп ойламайтын Бунд белсенді бойкотты батыл жақтады. Жария баспасөз бетінде арамзалардың бәрі және баяу либералдардың бәрі бойкотқа тілектес ниет білдірген, шаруалар жөнінде неғұрлым достық ниеттегі радикал буржуаға қарсы күреске бірікті.

Ал Ленин жаңа искралық қарарларды талдай келіп, өзінің «Екі тактикасында» *: «Пролетарий» революцияшыл шаруаларды көтеруге тырысып отырғанда, *«Искра» либерал помещиктердің дәрежесіне дейін құлдырап кетіп отыр* деп шындықты айтқан жоқ па?

---

* Қараңыз: осы том, 1—139-беттер. *Ред.*

Біз «Новое Времяны» атадық. Осы сатылғыш орган ғана емес, «Московские Ведомости» де бойкот идеясына қарсы жанталасқан күрес жүргізіп отыр, сол арқылы Думаның шын саяси маңызын бар жұртқа және әрбір адамға көрсетіп отыр. Үлгі үшін «Новое Времяның» өзіне тән бір қылығын алайық, оған біз ықыласпен тоқталамыз, өйткені ол тіпті «Русские Ведомости» сияқты «қадірмен» либерал органның буржуазиялық зұлымдығының түпсіз тұңғиығын жаңа жағынан көрсетеді.

Осы соңғы газеттің Берлиндегі белгілі тілшісі Иоллос мырза 247-номерде Иенадағы съезге тоқталады. Оның мещандық көңілі ең алдымен қайырымды да әділ буржуа-либерал Аббенің шыққанына қуанады, бұл бай барлық партиялардың, керек десеңіз социал-демократтардың да, еркін жиналыс өткізуі үшін Иена қаласына халық үйін сыйлапты. Осыдан келіп, Иоллос мырза өзінің моралын қорытады: «белгілі партиялық шеңберлерден тыс жүріп те халыққа пайда келтіруге болады» дейді. Әрине, бұл рас. Ал бірақ Россиядағы арпалысқан партиялық күрес заманында бейпартиялықты мақтап отырған жазушы туралы не айтуға болады? Осы арқылы өзінің барып тұрған саяси әдепсіздік жасап отырғанын, нововремяшылдықтың отына май құйып отырғанын Иоллос мырза қалай түсінбейді? Алайда бейпартиялыққа осы мещандық қуаныштың шын мағынасы Иоллос мырзаның келесі сөзінен оқушыға түсінікті болып шыға келеді:

«*Түпкілікті мақсаттарды* уақытша *қалтаға жасыра* тұрып, социализм мен либерализмнің ең таяудағы ортақ міндеттерін есте сақтаудың өзі пайдалы болып шығатын саяси жағдайлардың болатыны жайында айтып та отырған жоқпын».

Міне, бұл ашығын айту! Иоллос мырза, ең болмаса осы ашығын айтқаныңызға да рақмет! Бізге енді орыс либерализмінің *буржуазиялық* сипатын көрсету үшін, пролетариаттың буржуазияға, мейлі тіпті ең либералдық буржуазияға болса да, жаны қас *дербес* партиясының жұмысшыларға қажет екенін түсіндіру үшін, қай кезде болсын, қандай жағдайда болсын, жұмысшылардың алдында сөйленетін сөздердің бәрінде жоғарыдағыдай мәлімдемелерді пайдалану ғана қалып отыр.

Бірақ біздің «демократтың» барлық осы тирадасы тек гүлі ғана. Жемісі кейін піседі. Иоллос мырза «түпкі мақсаттарды уақытша қалтаға жасыра тұру», яғни социализмнен бас тарту жөнінде пролетариатқа кеңес берумен тоқтамайды, жоқ, ол оның үстіне қазіргі саяси революцияны ақырына дейін жеткізуден бас тарту керек деп ақыл айтады. Иоллос мырза Бебельдің сөзінен цитат келтіреді, сөйтіп бұл сөздің Россияны мәдениетті мемлекетке «сондайлық тез» айналдыра алатынымызға Бебельдің күмән келтіріп, сонымен қатар бұрынғы, самодержавиелік тәртіп енді қайтып оралмайды, «бұрынғы Россия енді мүмкін емес» дейтін жерін көлденең тартады. Сөздің осы бір жері турасында Иоллос мырза былай деп жазады:

«Мен Бебельді орыс істері жөнінде білгір деп есептемеймін, бірақ өз сөзінің осы бөлегінде оның Каутскийден және Revolution in Permanenz (үздіксіз революцияны) ұсынатын кейбір басқа доктринерлерден жақсы жағынан өзгешелігін көрсетуге тиіспін. Ұдайы анархиялық күйде болу халық өмірінде қандай нақты формалар алатынын білетін ақылды адам әрі саясатшыл болғандықтан Бебель жетістік ең алдымен мәдениет міндеттерін жүзеге асыру деп біледі және оның сөздерінен ең болмағанда адамның қарапайым праволарын жүзеге асырғанға дейін орыс интеллигенциясы мен орыс пролетариаты арасын бөліп-жарып айқын шек коймайтыны және бұлардың арасына дуал орната қоймайтыны айдан анық көрінеді».

Біріншіден, мұның өзі *Бебельге жабылған жала,* жала болғанда, тура нововремяшылдық жала. Бебель буржуазиялық демократизм мен пролетарлық демократизм арасына әрқашан да сөзсіз «айқын шек» қояды; Иоллос мырзаның мұны білмеуі мүмкін емес. Бебель буржуазиялық интеллигенция мен социал-демократиялық интеллигенцияны бірінен-бірін мейлінше ажыратып қарайды. Бебель «мәдениет» үшін күресе отырып, бір жағынан, буржуазиялық демократияның жалғандығы мен сатылғыштығын, екінші жағынан, жұмысшы табының социалистік мақсаттарын мейлі тіпті қай бір кезде болсын көлеңкеде қалдырады-мыс деп орыс оқушысын сендірмекші болу,— герман революциялық социал-демократиясының көсеміне оңдырмай жала жабу деген сөз.

Екіншіден, Бебельдің сөзінен ол орыс революциясына Каутскийден гөрі басқаша қарайды деген ұғым мүлде тумайды. Бұл жөнінде Бебельдің Каутскийден «жақсы жағынан өзгешелігі» Иоллос мырзаның жанынан шығарылған нәрсе, өйткені ол Бебельдің сөзінен бір үзіндіні жұлып алады да, оны бұрмалайды, бүтіндей орыс революциясын және оның үзілді-кесілді жеңісін жақтап айтқан толып жатқан мәлімдемелері туралы ләм демейді.

Үшіншіден,— біз үшін *«Русские Ведомости»* позициясының ең қызық ерекшелігінің өзі осынысында болып отыр,— Иоллос мырза осы қылығымен Россияда революцияның үзілді-кесілді жеңіп шығуынан нақ *қорқатындығын* көрсетіп отыр. «Ұдайы революцияны» Иоллос мырза «ұдайы анархия» деп атайды. Бұлай деу — революцияны бүліншілік деп атау деген сөз, бұлай деу — *революцияның сатқыны* болу деген сөз. Сондықтан «Освобождениенің» біздің сол жақтан тиісетін жауларымыз жоқ деп сендіруді ұнататын дипломаттары мұның өзі «Русские Ведомостидің» кездейсоқ қатесі деп айтпай-ақ қойсын. Онысы өтірік. Мұның өзі — либерал помещик пен либерал фабриканттың ең түпкі сезімдерінің және ең негізгі мүдделерінің көрінісі. Мұның өзі — орыс революциясының 1789 жылдың жолына түсуіне қарсы күресуге шақырған Виноградов мырзаның сөзімен тұп-тура бірдей. Мұның өзі — бүліншілікті өзінің жақтырмайтынын патшаға айтқан Трубецкой мырзаның құлдық ұруымен бірдей. Бұл — кездейсоқтық емес. Бұл — «ұдайы анархиядан» *шаршаған, тыныштық пен тәртіпке* ынтызар бола бастаған, «күресуден» (олар ешқашан күреспесе де) қазірдің өзінде *қалжыраған*, жұмысшылар мен шаруалардың тек жеңілуші ғана болмай, шайқасуды тілеп шын күреске шынымен көтерілгенін көргеннің өзінде-ақ революциядан үркіп *қаша да бастаған* біздің буржуазиялық демократтардың сансыз көп масқара істерінің сөзбен айтылған бірден-бір шындық тұжырымы. Буржуа-демократтар Треповтардың жүгенсіздіктеріне, қарусыздарды қырғынға ұшыратуына көзін жұмып қарауға әзір, олардың қорқатыны бұл емес, басқа «анархия», өкімет басында

Трепов және Петрункевич пен Родичевтер болмайтын, шаруалар мен жұмысшылар көтерілісі *жеңген* кездегі «анархиядан» қорқады. Буржуа-демократтар Думаға құмартып баратын себебі, олар мұны революцияны сатып кетудің кепілі деп біледі, революцияны,— осы бір сұмдық «ұдайы анархияны»,— толық жеңдірмей, алдып алудың кепілі деп біледі.

Либералдық психологияның осы мәнін біздің дұрыс көрсеткенімізге «Новое Время» кепіл. Треповтардың осы әккі болған малайлары «Русские Ведомостидің» бүкіл зұлымдығын бірден байқады, сондықтан сыбайластарын еміренe құшағына қысуға асықты. «Новое Время» 13 (26) сентябрьдегі номерінде Бебельдің Каутскийден «жақсы жағынан өзгешелігі» туралы Иоллос мырзаның нақ осы өтірігін іштей ұнатып цитатқа келтіріп, өз тарапынан былай деп ескертеді:

«Сонымен, біздің радикал-«абсентеистерге» өзінің одақтастары қатарынан Бебельді де шығарып тастауға тура келеді».

Әбден заңды қорытынды. «Новое Времяның» профессионал сатқындары «Русское Ведомостидің» «жаңылыс айтқан сөзінің» мәні мен мағынасын дұрыс бағалады. Ол ол ма. Саясатта ысылған «Новое Время» өзінше *Думаға лайықтап* қорытынды жасады. Иоллос мырза Бебельдің бойкотқа көзқарасы туралы бір ауыз сөз айтпаса да, «Новое Время» нақ сол бойкотты жақтаушыларға «абсентеистер» деп айдар тақты. «Новое Время» Бебельге жабылған жаланы «радикалдарға» жала жабумен толықтырды, алайда, атап айтқанда революцияның толық жеңіп шығу идеясы, үздіксіз революция идеясы «радикал-абсентеистердің» тактикасына жетекші болатын, ал «ұдайы анархиядан» қорқу Думаға баратын либералдарға жетекші болатыны жөнінде өте дұрыс пікірді білдіріп отыр. «Новое Времяныкі» дұрыс. Трепов малайының Иоллос мырзаны нақ сол жерде ұстап алып, оған былай деп айтуға толық негізі бар еді: егер «ұдайы анархияны» тілемейтін болсаң, демек, сен менің одақтасымсың, сондықтан ешқандай демократиялық даурықпа сөз менің сенімімді өзгерте алмайды. Біздің таласымыз — үй-ішіндік болмашы талас, бі-

рақ «доктринерлерге», «ұдайы анархияны» жақтаушыларға қарсы біз бірлесіп кетеміз!

«Искра» бойкотты жақтаушыларды бұлтарып қалды деп, *яғни абсентеизмге берілді* деп жазғырғанда, өзінің нововремяшылдарша сөйлегенін енді де түсінбес пе екен? Ол өз ұрандарының нововремялық ұрандармен осылай сәйкес келуі өзінің позициясында қандай болсын бір үлкен жалғандық барын дәлелдейтінін түсінбес пе екен?

Европаның тойынған буржуазиясы өкіметке аранын ашып отырған россиялық буржуазияны ынсаптылығы үшін мақтайды. Треповтың малайлары «Русские Ведомостиден» шыққан Иоллос мырзаны «ұдайы анархия» идеясын сөккені үшін мақтайды. Нововремяшылдар мен жаңа искрашылдар «абсентеизмге» күледі...

«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ПОМЕЩИКТЕР ДУМАҒА БОЙКОТ ЖАСАУ ТУРАЛЫ

«Освобождениенің» 76-номерінде земствошылардың июльдегі съезінің қысқаша протоколдары басылған. Қазір, Мемлекеттік дума жөніндегі тактика туралы мәселеге жаппай көңіл аударылып отырғанда, земствошылар мен освобождениешілдердің бойкот туралы *атап айтқанда қалай* ойлағанын көрсететін осы мазмұндағы бірден-бір бұл материалды атап өту өте қажет. Әрине, бітім жасауға дейін, Дума туралы заң шыққанға дейін, олардың қазіргіден гөрі революцияшылдау болғанына, немесе революцияшылдау болып көрінуге тырысқанына ешкім күмәндапбайды. Бірақ, дегенмен, олардың дәлелдерінің сипаты мәселеге біздің берген бағамызды тексеру үшін өте-мөте сабақ боларлықтай. Өйткені бұл нақты саяси шараларды оппозициялық партиялар да, революциялық партиялар да бірге талқылаған Россияның саяси тарихындағы бірінші дерлік мәселе болып отыр ғой.

Буржуазиялық демократтарды бойкот туралы мәселені қоюға итермелеген олардың күресінің жалпы программасы емес, белгілі бір таптардың мүдделері емес, қайта бәрінен бұрын өздерінің қайшылыққа толы, жалған жағдайда қалып қойғанына қымсынып ұялудың бұлдыр сезімі екені әбден табиғи нәрсе. «Біз өзіміз сынаған іске қалайша қатысамыз? — деп сұрады Шишков мырза.— Халық бізді жобаға ниеттес екен деп ойлайды ғой». Көріп отырсыздар, бұл либералдың бойкот туралы алғаш туған пікірінің өзі халық туралы мәсе-

лемен байланысып жатыр — Думаға бару — атап айтқанда, халық жөнінде жағымсыз бірдеме істеу болып табылатындығын ол түйсік арқылы сезіп отыр. Ол халықпен бірге болу деген жақсы ниет елестерінен қол үзіп кете алмай отыр. Басқа бір шешен, Раевский мырза, мәселені дерексіздеу етіп қояды: «Біз әрқашан да принциптік негізде болып келдік, ал тактикалық жолда ымыраға барып отырмыз. Булыгин жобасын айыптаған едік, енді халық өкілдері болуға соншама ынтызар секілді болып шығамыз. Біз мұндай тайғанақ жолға түспейміз». Бұл, әрине, Раевский мырзаның аздап асыра айтқаны, өйткені освобожденниешілдер принциптік негізде *ешқашан да тұрған емес*. Мәселені ымыраға келуді жалаң мойындамауға тіреу де дұрыс емес: марксизм рухын игерген социал-демократ революционерлер өмірдің өзі еріксіз таңып отырған ымыраға келуді мүлде теріске шығарудың күлкі екенін, істің мәні мұнда емес екенін, қайта қандай жағдайда болсын күрестің мақсаттарын айқын білуде, үнемі көздеп отыруда екенін шешенге ескертуді ұмытпаған болар еді. Бірақ, қайталап айтайық, мәселенің материалистік тұрғыдан қойылысы өзінің негізі жағынан буржуазиялық демократқа жат нәрсе. Оның күмәндары — буржуазиялық демократияның түрлі топтары ішіндегі терең жіктің пышаны ғана.

Раевский мырзадан кейін сөйлеген сөзуар Родичев мырза мәселені оңай шеше салады: «Біз кезінде земствоның жаңа ережесіне қарсы шықтық, бірақ біз земствоға бардық... Егер бойкот жасау үшін бізде күш болса, онда оны жариялау керек еді» (ал құрметтім, «күштің жетпей» отырғаны меншікшілер мүдделерінің самодержавиемен табанды күрес жүргізуге жаны қас екендігінен және жұмысшылар мен шаруаларға жаны қас екендігінен емес пе екен?) ...«Соғыс өнерінің бірінші ережесі: дер кезінде қашу»... (Тверь либерализмінің серісі, құдай ақы, дәл осылай деді! Ал сөйтеді де, либералдар Куропаткинге күледі). «Бойкот мына ретте ғана болады, егер біз Думаға кіргенде бірінші қаулыны: «біз кетеміз. Бұл шын өкілдік емес, қайтсеңіз де енді онсыз бола алмайсыздар. Бізге шын өкілдік беріңіз»

деп шығарсақ қана бойкот болады. Мұның өзі шын «бойкот» болады» (иә, әрине! «беріңіз» деп айту керек! — земство Балалайкині [113] үшін бұдан асқан «шын өкілдік» бар ма екен сірә? Земство съезі өзін құрылтай жиналысы деп жариялау қаупі жөнінде Москва губернаторының күмәнын «оп-оңай жойдым» дегенде, Головин мырзаға олардың көңілдене күлгені тегін емес-ті).

Колюбакин мырза былай деді: «Алдыңғы шешендер мәселені былай қойды: «Не Булыгин Думасына бару керек, не ештеме істемеу керек» (Монархиялық буржуазияның оң қанатының әлгі «алдыңғы шешендері» мәселені қалай қойса, «Искра» дәл солай қояды). Халыққа сөз салу керек, олардың бәрі Булыгин Думасына қарсы болады... Халыққа жар салыңыздар, сөз бостандығын, жиналыс бостандығын іс жүзіне асырыңыздар. Әйтпесе, керексіз мекемеге барып, сіздер өз түптеріңізге жетесіздер. Онда сіздер азшылық боласыздар, сондықтан ол азшылық өзін халық алдында жояды». Бұл сөзде бойкот идеясының шаруаларға жар салумен байланысты екендігі, патшадан халыққа бет бұру ретіндегі осы идеяның маңызы тағы да сезіліп отыр. Сондықтан Щепкин мырза өзі терең түсінген Колюбакин мырзаның сөзіне бүкпесіз тамаша сөзімен қарсылығын білдіруге асықты: «Егер біз халық алдында қате жасасақ, оқасы жоқ, бірақ істі қорғап қаламыз» *(...буржуазияның ісін,* деп айғайлар еді, бәлкім, жұмысшылар шешенге, егер олар осы марқабатты жиналыста қатысып отырған болса). «Таласарым жоқ, мүмкін, жуырда біздің революциялық жолға түсуімізге де тура келер. Бірақ бюроның жобасы (бойкотқа қарсы қарардың жобасы) мұнан аулақ болғысы келеді, өйткені біз тәрбиеміз бойынша да, ниеттестігіміз бойынша да» (таптық тәрбие жағынан, таптық ниет жағынан) «революцияшыл емеспіз».

Щепкин мырза тауып айтады! Бұл арада істің түйіні құрал таңдауда емес, мақсаттардың айырмашылығында екенін ол жаңа искрашылдар түгел жиналып келсе де олардың бәрінен жақсы түсінеді. Тәртіп «ісін қорғап қалу» керек, істің түйіні міне осында. Жұмысшылар

мен шаруалардың жеңуіне апарып соқтыруы ықтимал революциялық бағытқа тәуекел жасамау керек.

Бірақ, оның есесіне майда тіл, көк мылжың де-Роберти мырза нағыз, нағыз жаңа искрашыл сияқты былай дейді: «Егер жоба өзінің жарамсыздығы арқасында заңға айналар болса, онда не істеу керек? Қолға қару алып көтеріліс жасау ма?» («Көтерілісті Думамен байланыстыруға» бола ма екен, мұныңыз не, Роберти мырза!? Сіздің Бундпен таныс еместігіңіз қандай өкінішті, мұны байланыстыруға болмайтынын ол сізге түсіндірер еді.) «Көтеріліс мезгілі жеткен кезде сөзсіз болады деп ойлаймын. Ал қазір қарсылық не жәйін енжар, немесе пәрменді қарсылыққа өтуге әрдайым әзір тұратын енжар қарсылық болуы мүмкін». (Не деген сүйкімді радикал! Жаңа «Искраның» «революциялық өзін өзі басқару» ұранын осы пайдаланса ғой,— бұл енді талай-талай арияны сызылтып берер еді-ау...) «...мандаттарды қайткен күнде де төңкеріс жасауға бел байлап баратындарға ғана беру керек». Білмей жүр екенсің бізді! Несі бар, Парвус міне осындай освобождениешілмен кездесіп, құшақтасты дегенде, біздікі дұрыс болмады ма? жаңа «Искра» майда тіл помещиктердің сұлу сөздеріне еріп кетті дегенде, біздікі дұрыс болмады ма?

«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ БІРІГУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ [114]

Редакциядан. Орталық Комитеттің мәселені әбден айқын және анық қоюын біз, өз тарапымыздан, құптағаннан басқа не дей аламыз. Не III съезд шешімдері негізінде партиямен қосылу керек, не бірігу съезі болуға тиіс. Ұйымдастыру комиссиясы осының бірін біржолата таңдап алуы керек. Егер ол III съездің шешімдері негізінде партияға кіруді қабылдамайтын болса, онда бірігу съезінің шарттарын әзірлеуге, оны талдап жасауға қазірден бастап кірісу керек. Бұл үшін, 1-ден, бір уақытта және бір жерде екі съезді шақыруды принцип жағынан қажет деп танитындығын екі жақ ресми түрде сөзсіз дәлдікпен мәлімдеуі керек; 2-ден, партияның әрбір бөлігінің барлық ұйымдары өз бөлігі съезінің шешімдеріне сөзсіз бағынатындығын да ресми түрде белгілеуге тиіс. Басқаша айтқанда, партияның тиісті бөлігі үшін бұл екі съездің де кеңесші емес, шешуші маңызы болуға тиіс; 3-ден, съездердің дәл қандай негіздерге сүйеніп шақырылатынын, яғни, атап айтқанда, нақты қандай ұйымдардан шешуші дауыспен қанша делегат болатынын алдын ала анық белгілеп алу қажет (III съезді мойындаған партия бөлегі үшін 2 және 3-пункттері РСДРП III съезі қабылдаған уставта белгіленген); 4-ден, съездің уақыты мен орны туралы келіс сөзді қазірден бастау керек (екі съездің бір съезге қосылу шарттары мен қосылу уақыты туралы съездер өздері қаулы алатын болады); 5-ден, қосылудың ең анық және ең егжей-тегжейлі жобасын жасауға қазір-

ден бастап кірісу өте-мөте маңызды, ол екі съездің де шешуіне ұсынылуға тиіс. Бұл мәселе — өте қажет мәселе. Өйткені бірігудің алдын ала әзірленген, жарияланған, жан-жақты талқыланған жобасы немесе жобалары болмайынша, съездердің осыншалық қиын мәселені шешуге ешқандай мүмкіншіліктерінің болмайтындығын басқа партиялардың тәжірибесі де, біздің партияның тәжірибесі де айқын көрсетіп отыр.

Сонымен, ендігі әңгіме Ұйымдастыру комиссиясында қалып отыр, сондықтан оның шешімін бірігуді жақтаушылардың бәрі асыға күтетін болады.

«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

АШУЛЫ ЖАУАП

Біздің «Өз бетінше туу теориясы» деген мақаламыз («Пролетарий» № 16) * Бундтың мейлінше ашулы жауабын туғызды. Тіпті оның ашулы сөздерінің өзіндегі қоры жетпей қалып, ол осындай сөздерді дөрекі айтыстың белгілі дұшпаны Плехановтан да пайдаланды. Не болып қалды? Бунд неге ашуланады? Себебі, біз, бір жағынан, Бундтың «Искра» атына айтқан мақтауында мысқылдың болу мүмкіндігін ескерттік, ал екінші жағынан, Бундтың толып жатқан пункттер бойынша «Искрамен» ниеттестігін күлкі қылдық. Осы екі жақтылықты Бунд бізге жауып, бізді айлакерлік және т. т. жасады деп айыптап отыр, сөйтіп Бундтың мысқылсыз екені күмәнсыз және теріс екені де соншалық күмәнсыз дәлелдеріне біздің жасаған талдауымыздың бәріне *үндеместен соқпай кетіп отыр.* Өздері көтерген мәселенің мәні жөніндегі осы талдауға Бундтың үндеместен өту себебі не? Оның себебі: талдаудан *Бундтың өз позициясының екі жақтылығы* көрініп отыр, ол, бір жағынан, искралық «думалық» тактикадан безді, ал екінші жағынан, искралық бірқатар қателерді мықтап қайталады. Ашулы Бундтың біздің екіжүзділігімізден деп түсіндіріп отырған нәрсені — шынында құрылтай жиналысын не уақытша революциялық үкіметтің, не патшаның, не Мемлекеттік думаның шақыру ұранын ұсыну керек пе, әлде болмаса осы құрылтай жиналы-

* Қараңыз: осы том, 250—256-беттер. *Ред.*

сының өз бетінше туу ұранын ұсыну керек пе, міне, осы туралы мәселе жөніндегі *Бундтың екіжүзді позициясынан болып отыр.* Біз Бундтың *бұл мәселе жөнінде шатасқанын* көрсеттік. Бунд бұған осы кезге дейін де тура жауап берген жоқ. Сондықтан егер Бунд бізге айнаға қараттың деп әлі де бұрқылдайтын болса, онда біз: «Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» деген мақалмен жауап береміз.

«Пролетарий» № 20, 10 октябрь (27 сентябрь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

МЕНЬШЕВИКТІК ЖАҢА КОНФЕРЕНЦИЯ

Бізге меньшевиктердің «Оңтүстік құрылтай (!?) конференциясының» [115] гектографта басылған қарарларын жіберіпті. Ең маңызды қарарға (Мемлекеттік дума туралы) біз әлі қайтып ораламыз. Әзірше мынаны ескерте кетеміз: конференция искралық «думалық» тактиканың басты екі пунктінен «Мемлекеттік думаға батылдарды сайлау үшін қысым жасауды (Мартов, Череванин, Парвус рухындағы) шығарып тастаған, бірақ «құрылтай жиналысының бүкіл халықтық сайлауын ұйымдастыруды» қабылдаған. «Искра» редакциясының құрамы туралы мәселе жөнінде үш қарар қабылданған, бірақ мәселе сонда да шешілмеген. Қарардың біреуі Аксельродтың редакциядан кетпеуін сұрайды, екінші біреуі — Плехановтың редакцияға қайтып келуін сұрайды (оның бер жағында конференция Плехановтың кетуі жөнінде өзінің «аң-таң» екенін білдіреді,— сірә, өткір сөзге зауқы болмаса керек), үшіншісі — «Искраға» алғыс айтады, оған толық сенетіндігін, тағы сондайларды білдіреді, бірақ редакцияның құрамы туралы мәселені «жалпы орыстық құрылтай конференциясының біржолата шешуіне көшіреді». «Жалпы орыстық бірінші конференция» мәселені жергілікті ұйымдардың шешуіне «көшіргені» жұртқа мәлім. Жергілікті ұйымдар *құрылтай* конференциясының шешуіне «көшіреді»... Мұның өзі бюрократизм мен формализмді жою деп аталатын болу керек... Ал әзірше әрі-сәрімен жүргенде, «Искра» Орталық Орган атағымен пайдаланып отыр,

оған мұндай атақты тіпті оның жақтаушылары да берген жоқ-ты. Несін айтасың, ыңғайлы-ақ позиция!

Оңтүстік конференцияның ұйымдық уставы—бұрыннан белгілі[116] уставтың сыңары, бірақ аздаған өзгерістері бар; мынадай § қосылған: «мүмкіндігіне қарай жылына бір рет жиналатын партия съездері — партияның жоғарғы органы болып табылады». Бұл жақсартуды қызу құптаймыз. «Орталық Комитет съезде сайланады» деген жаңа және тамаша пунктке байланысты, редакция құрамы туралы мәселені де съезде шешу (болашақта болса да) жөніндегі тамаша нютке байланысты, бұл жақсарту III съездің қарарлары жағына қарай ойысуды дәлелдейді. Енді бір төрт айдан соң болатын келесі «құрылтай» конференциясы съездерді, партияның осы жоғарғы органдарын, шақыру тәртібін де белгілейді деп сенеміз... Амал не, конференция бірігу туралы мәселе жөнінде төңіректейді де жүреді, бірақ III съездің негізінде біріккіңіз келе ме? егер біріккіңіз келмесе, онда бір жерде, бір уақытта екі съезді әзірлегіңіз келе ме? деп тура айтпайды. Келесі «құрылтай» конференциясы (төрт айдан гөрі ертерек болса ғой!) бұл мәселені шешеді деп сенетін боламыз.

«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

РСДРП-ның ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОДАҒЫ ӨКІЛДІГІ [117]

Меньшевиктердің «Оңтүстік құрылтай конференциясы» бұл мәселе жөнінде мынандай қарар қабылдады: «РСДРП-ның Интернационалдық бюродағы өкілдігі туралы мәселе жөнінде «азшылықпен» келісу үшін ешқандай қадам жасамай, Ленин жолдастың бұл мәселені партияның екі бөлігі арасындағы тартыстың негізі еткендігі, фракциялық алауыздықтардың ұсақ-түйектерін бірінші кезекке қойғандығы көрінетін документтермен танысып шыққаннан кейін Оңтүстік ұйымдардың конференциясы бұған өзінің қатты қынжылатынын білдіреді, сонымен бірге партияның біз жақ бөлігінің Интернационалдық бюродағы өкілі бола беруді Плехановжолдастан сұрайды, сөйтіп «көпшіліктің» барлық ұйымдарына бұл мәселе жөнінде дереу өз пікірлерін айтуды және біз ұмтылып отырған бірлік мақсаты үшін, барлық басқа елдердің барлық басқа социалистік партиялары алдында бәрімізге бірдей қымбат РСДРП беделін сақтау үшін Плеханов жолдасқа өз тарапынан осы өкілдікке уәкілдік беруді ұсынады».

Бұл қарар төменде қол қоюшыға мәселені нақты баяндап шығу міндетін жүктейді: 1) Келісім атаулының бәрі Россиядағы Орталық Комитетке байланысты екенін меньшевиктердің білмеуі мүмкін емес. Әдейі бір ғана «Ленин жолдас» туралы әңгіме етіп, олар өтірік айтып отыр. 2) Орталық Комитеттің россиялық екі мүшесі РСДРП-ның Халықаралық бюродағы әрі өкілі, әрі ғылыми органның редакторы Плеханов болуын ті-

лейтінін білдіріп, III съезден кейін ізінше оған сөз салған болатын. Плеханов бас тартты. «Ешқандай қадам жасамай...» деген сөз шындықтан жалтаруға негізделген. 3) Осы бас тартуынан кейін Плеханов «Искра» редакциясынан шыққан кезде, ол РСДРП *Орталық Комитетіне сөз салмай,* РСДРП-ның *тек* екі бөлігі атынан өкілдік жасауға келісетіндігін баспасөз бетінде мәлімдеді (29 май) және III съезді мойындаушылардан олардың бұған ризалығын баспасөз бетінде сұрады. 4) «Пролетарий» редакциясы Плехановтың мәлімдемесін дереу көшіріп басып (№ 5, 26 (13) июнь), мәселені шешу Орталық Комитеттің қарауына берілгендігін қоса айтты. 5) Мәселені Орталық Комитеттің шешуінен бұрын, Халықаралық бюроны III съезд туралы хабардар ету үшін және Халықаралық бюроның жұмысы туралы Орталық Комитетті хабардар ету үшін мен Орталық Комитет атынан Халықаралық бюромен хабарластым, мұның өзінде мен РСДРП-ның Халықаралық бюродағы өкілдігі туралы мәселенің әлі шешілмегенін айттым *. Басқа сөзбен айтқанда: Бюродағы арнаулы өкіл туралы мәселені шешуден бұрын Орталық Комитет Халықаралық бюромен өзінің шетелдегі өкілі арқылы байланысты. 6) Халықаралық бюрода өзімнің онымен қарым-қатынасымның уақытша сипаты барын тура әрі анық мәлімдеп, мен «күрес» пен «алауыздықтар» туралы *ешқандай* мәселені қозғағаным жоқ, тек қана III съездің шешімдерін хабарладым, мен сөзсіз солай етуге міндетті едім. 7) Плеханов *16 июньде* Халықаралық бюроға хат жіберді, бұл хатта ол (а) екі фракция оған өкілдікке қазірдің өзінде ризашылық берді деп қате айтты және (б) II съезден бері болған жікке бөліну тарихын баяндады, бірақ оны шындықтан бірсыпыра жалтарып, мүлде меньшевиктік рухта баяндады, Орталық Комитеттің III съезді шақыруын «мүлде өз бетімен істелген әрекет» деп атап, біздің партиядағы ымырашылдарды *«батпақ»* деп жариялап, съезде ««толық праволы» ұйымдардың «сірә, жартысына жуы-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 235-бет. *Ред.*

ғы ғана болды, съезд әсіре централистер мен батпақтың қосылуы», т. с. болды деді.

8) Плехановтың бұл хатының дұрыс емес екенін мен *1905 жылғы 24 июльде* Халықаралық бюроға жазған хатта * пункт сайын дәлелдегенмін (Плехановтың хаты туралы ол осы хатты жібергеннен кейін бір айдан соң ғана, Халықаралық бюро оның хатынан маған көшірме жібергенде ғана білдім). «Батпақ» туралы мәселе жөнінде мен өз хатымда былай деп жаздым: «Партиямызда «батпақтың» бар екендігі рас. Оның мүшелері партия ішіндегі күресте үнемі бір жақтан екінші жаққа шығып кетіп отырды. Бұлай бірінші болып қашып шыққан Плеханов еді, ол 1903 жылдың ноябрінде көпшіліктен азшылыққа өтті, ал 1905 жылы 29 майда «Искра» редакциясынан шығып, азшылықтан да кетті. Біз мұндай бір жақтан екінші жаққа өте берушілікті мақұлдамаймыз, бірақ, егер батылдығы жоқ адамдар, «батпақ» мүшелері, ұзақ ауытқулардан кейін біздің соңымызға еруге бейім болса, бұл үшін бізді кінәлауға болмайды деп ойлаймыз». Жікке бөлінгеннен кейінгі істің қазіргі жайы туралы мәселе жөнінде мен сол хатта Халықаралық бюрода «конференцияның барлық қарарларының толық аудармасы» болу қажеттігін көрсеттім. «Егер «Искраның» бұл аударманы Бюроға жібергісі келмесе,— деп қоса айттым мен,— онда бұл жұмысты біз өз міндетімізге алуға дайынбыз».

Енді оқушылар билігін өздері-ақ айтсын: Плехановтың әрекеті әділдікті айту дегенге ұқсай ма, ал жаңа конференцияның мәселені баяндауы шындыққа ұқсай ма? РСДРП-ның беделін түсіруге кім айыпты? Халықаралық бюроны II съезден кейінгі жікке бөлінудің тарихымен таныстыру инициативасы үшін кім айыпты? «фракциялық алауыздықтарды» қозғауға кім айыпты??

Н. Ленин

P. S. Оңтүстік конференцияның көпшілік ұйымдарының пікірін білгісі келген тілегін орындау үшін РСДРП

* Қараңыз: Шығармалар, 9-том, 133—137-беттер. *Ред.*

Кострома комитетінің 1905 жылғы августа жіберген қарары [118] төменде басылып отыр. Редакция бұл мәселе жөнінде басқа қарарлар алған жоқ.

*«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.*

*«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр*

ОҚУШЫЛАРМЕН БОЛҒАН ӘҢГІМЕЛЕРДЕН [119]

Редакциядан. Біздің партия комитеттерінің біріне мүше жолдастың хатынан үзінділер басып отырмыз. Бұл жолдас — Орталық Органға хат-хабар жазып қана қоймай, оның үстіне тактиканы *өзінің* қалай түсінетіні туралы, оны *өзінің* қалай қолданатыны туралы әңгімелесіп тұратын аз ғана жолдастардың бірі. Баспасөз үшін тіпті де әдейі арналмайтын мұндай әңгімелер болмайынша партияның ынтымақты тактикасын жалпы талдап жасау мүмкін емес. Шетелдегі газет редакциясы практиктермен осылай пікір алыспайынша, бүкіл партияның пікірін іс жүзінде ешқашан да білдіре алмайды. Сондықтан да біз партияның барлық мәселелері жөнінде осылай әңгімелесуге және пікір алысуға практик-жолдастарды мүмкіндігінше көбірек ынталандырармыз деген ниетпен ең жаңа әдебиеттің аздаған бөлегімен ғана таныс жолдастың пікірін басып отырмыз.

«Пролетарий» № 20,
10 октябрь (27 сентябрь),
1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

МОСКВАДАҒЫ ҚАНДЫ КҮНДЕР [120]

Женева, 10 октябрь (27/IX).

Жұмысшы көтерілісінің жаңа ұшқыны — Москвадағы жаппай стачка және көше бойындағы күрес. Астанада 9 январьда пролетариаттың революциялық аттанысының алғашқы найзағайы жарқ етті. Бұл найзағайдың жаңғырығы бүкіл Россияға тарап, бұрын-соңды болып көрмеген шапшаңдықпен миллионнан аса пролетарларды орасан зор күреске көтерді. Петербургтен кейін шет аймақтар да көтерілді, бұларда ұлттық езгі онсыз да адам төзгісіз саяси езгіні ушықтыра түскен еді. Рига, Польша, Одесса, Кавказ бірінен соң бірі көтеріліс ошақтарына айналды, көтеріліс ай санап, апта санап ұлғайып, өсе түсті. Енді ол Россияның орталығына, өзінің тұрақтылығымен реакционерлерді көп уақыт бойы іштей қуантып келген «шынайы орыс» облыстарының жүрегіне жетіп отыр. Россия орталығының осы біршама тұрақтылығына, ягни мешеулігіне бірсыпыра жағдайлар себеп болды: орасан көп жұмысшы бұқарасын қамтыған, бірақ жермен байланысын жөнді үзбеген, интеллектуалдық орталықтарға пролетарларды азырақ шоғырландырған ірі өнеркәсіп түрлерінің мардымсыз дамуы да;— шетелден оте қашықтығы да;— ұлттық араздықтың жоқтығы да себеп болды. Бұл өңірде 1885—1886 жылдардың [121] өзінде сондай қуатты күшімен көрінген жұмысшы қозғалысы көп уақытқа дейін тынып қалғандай болды, сондықтан социал-демократтардың жұмсаған күш-жігері жұмыстың жергілікті

өте-мөте ауыр жағдайларына кездесіп, ондаған, жүздеген рет сәтсіздікке ұшырады.

Бірақ, ақырында, орталық та қозғала бастады. Иваново-Вознесенск стачкасы [122] жұмысшылардың саяси жағынан көп өсіп жетілгендігін күтпеген жерден көрсетті. Барлық орталық өнеркәсіпті ауданындағы толқу осы стачкадан кейін-ақ үздіксіз күшейіп, ұлғая түсті. Енді осы толқу кемерінен асып төгіліп, көтеріліске айнала бастап отыр. Күмән жоқ, өршуді Москваның революцияшыл студенттері де күшейтті, бұлар осы таяуда ғана петербургтік қарарға өте-мөте ұқсас қарар қабылдады, бұл қарар республика үшін, революциялық уақытша үкімет құру үшін күресуге шақырады, Мемлекеттік думаны масқаралайды. Асқан либерал атышулы Трубецкой мырзаны жуырда ғана ректор етіп сайлаған «либерал» профессорлар полицейлік қоқан-лоққының қысымымен университетті жапты: өздерінің айтуынша, олар университет қабырғасында Тифлис қырғынының [123] қайталауынан қорыққан. Бірақ бұлар тек университеттен тыс жерде, көшелерде қан төгілуін тездетті.

Шетел газеттерінің қысқаша телеграф хабарларынан байқауымызша, Москвадағы оқиғалардың барысы, былайша айтқанда, 9 январьдан кейін «дағдыға» айналған мөлшерде болған. Көтеріліс әріп терушілердің стачкасынан басталған, ол стачка тез өскен. 24 сентябрьдегі (7 октябрьде) сенбі күні-ақ баспахана, электр конкалары, темекі фабрикалары жұмыс істемеген. Газеттер шықпаған. Завод пен темір жол жұмысшыларының жаппай стачкасын күткен. Кешке қарай үлкен манифестациялар болған, оларға әріп терушілерге қоса өзге де мамандықтардың жұмысшылары, студенттер және басқалар қатысқан. Казактар мен жандармдар манифестанттарды бірнеше рет қуып таратса да, олар қайта жинала берген. Көптеген полицейлер жараланған. Манифестанттар тас лақтырып, алтыатардан оқ атқан. Жандармдардың командирі офицер ауыр жараланған. Бір казак офицері, бір жандарм өлген, т. т.

Сенбі күні стачкаға наубайшылар қосылған.

25 сентябрьде (8 октябрьде), жексенбі күні, оқиға бірден қаһарлы бет алған. Таңертеңгі сағат 11-ден бастап көшелерде,— әсіресе Страстной бульварында және басқа жерлерде жұмысшылар жинала бастайды. Жиналған жұрт Марсельезаны айтады. Ереуіл жасаудан бас тартқан баспаханалар талқандалады. Орасан қатты қарсылықтан кейін ғана казактардың манифестанттарды таратуға шамасы келген.

Филипповтың магазині алдына, генерал-губернатор үйінің қасына, 400-дей адам жиналады, көбі наубайшы кіші мастерлер. Казактар топқа лап қояды. Жұмысшылар үй-үйге кіріп кетіп, үй төбелеріне шығып алып, жоғарыдан казактарға тас жаудырады. Казактар үйлердің төбелерін атқылайды, бірақ жұмысшыларды одан қуып түсіре алмағандықтан, шындап қоршауға алады. Үйді қоршап алады. Үйді қоршаған бір полиция отряды мен гренадерлердің екі ротасы сырт жағынан айналып келіп үйге кіреді, сөйтіп, ақырында, үйдің төбесіне де жетеді. 192 кіші мастер тұтқынға алынған. Олардың сегізі жараланған; екі жұмысшы өлген (қайталап айтамыз, мұның бәрі тек шетел газеттерінің телеграф арқылы алған хабарлары, әлбетте, бұлар шындықтан алысырақ, ұрыстардың көлемі туралы тек шамалап қана мағлұмат беретін хабарлар). Бельгияның бір байсалды газеті мынандай хабар келтіреді: қора сыпырушылар көшелерді қаннан тазартуды қатты қолға алды; осы кішкентай хабардың өзі — дейді газет — елеулі күрес болғанын ұзақ хабарлардан гөрі анығырақ көрсетеді.

Тверь көшесіндегі қырғын туралы Петербург газеттерінде жазуға, сірә, рұқсат етілген болу керек. Бірақ цензура келесі күні-ақ жариялаудан қорыққан. 26 сентябрьде (9 октябрьде), дүйсенбі күні, ресми мәлімет Москвада ешқандай елеулі толқулар болған жоқ деп хабарлады. Бірақ Петербург газеттерінің редакциясына телефон арқылы басқаша хабарлар жетті. Генерал-губернатор үйінің қасына бір топ адам тағы да жиналыпты. Қызу қақтығысулар болған. Казактар әлденеше рет оқ атыпты. Олар мылтық ату үшін аттарынан түскенде, көп адамды ат басып кеткен. Қызыл тулар кө-

теріп, революциялық сөздер айтып айқай салған жұмысшылар тобы кешке қарай бульварларға лық толған. Бұл топ нан және қару-жарақ магазиндерін қиратқан. Ақырында, топты полиция таратып жіберген. Көп адам жараланған. Орталық телеграф станциясын бір рота солдат күзетіп тұр. Наубайшылар стачкасы жаппай стачкаға айналыпты. Студенттер арасындағы толқулар барған сайын күшейіп, жиындарға бұрынғыдан бетер көп адам қатысып, революциялық бет алыс байқалады. *«Таймстың»* Петербургтегі тілшісі Петербургте күреске шақырған прокламациялар тарағаны туралы, ондағы наубайшылар арасындағы толқулар туралы, 1 (14) октябрьдегі сенбіде демонстрация жасау белгіленгені туралы, жұрт арасындағы аса үрейлі дүрбелең хал туралы хабарлайды.

Бұл мәліметтер қапшалық мардымсыз болғанмен, осының өзі де Москвадағы көтерілістің өршуі, басқалармен салыстырғанда, қозғалыстың жоғары сатыға жеткенін көрсетпейді деп қорытынды жасауға мүмкіншілік береді. Алдын ала әзірленген және жақсы қаруланған революцияшыл отрядтардың әрекеттері де, әскердің тым болмаса белгілі бір бөлегінің халық жағына өтуі де, халық қаруының «жаңа» түрлерін, бомбаларды көбірек қолдану да (бұлар Тифлисте 26 сентябрьде (9 октябрьде) казактар мен солдаттарға сондай үрей тудызған болатын) жоқ. Осы шарттардың бірде-бірі болмай отырғанда, көптеген жұмысшы қаруланады екен деп те, көтеріліс жеңеді екен деп те үміттенуге болмайтын еді. Бұрын атап өткеніміздей, Москва оқиғаларының маңызы басқада: ол оқиғалар ірі орталықтың қызу арпалысқа тұңғыш рет қатысуын, үлкен өнеркәсіпті ауданның елеулі күреске тартылып отырғанын көрсетеді.

Россиядағы көтеріліс бір қалыпты, дұрыс өрлеп отырған жоқ және, әрине, олай өрлей алмайды да. Қаруланбаған, күреске жұлқынып шықпаған, бірақ күрестің ұлы сабағын алған орасан көп бұқараның шапшаң ынтымақты қозғалысы Петербургтегі 9 январьдың басты сипаты болды. Польша мен Кавказдағы қозғалыстың ерекшелігі — зор табандылық көрсету, халық тарапы-

пан қару мен бомбаның біршама жиі қолданылуы. Одессадағы ерекшелік әскердің біраз бөлегінің көтерілісшілер жағына өтуі болды. Қозғалыс барлық ретте де және қай уақытта болмасын өзінің негізі жағынан жаппай стачкамен біте қайнаған пролетарлық қозғалыс болды. Москвадағы қозғалыс басқа толып жатқан, онша ірі емес өнеркәсіпті орталықтарда болатын шеңберде өтті.

Енді біздің алдымызға мынандай сұрақ қойылатыны өзінен-өзі түсінікті: революциялық қозғалыс дамудың осы қазіргі жеткен, «дағдылы» болған, танымал сатысында тұрып қала ма, әлде жоғары сатыға көтеріле ме? Егер орыс революциясының оқиғалары сияқты соншалық күрделі және көз жеткісіз оқиғаларды бағалауға батылдығымыз жетер болса, онда біз бұл сұраққа екінші жауаптың берілуі әбден ықтимал деген қорытындыға лажсыз келеміз. Рас, күрестің осы бұрыннан үйреншікті, егер осы үйреншікті деген сөзді қолдана алатын болсақ, формасы да — партизандық соғыс, үздіксіз стачкалар, елдің біресе ана, біресе мына шетінде басталған көше бойындағы күреспен шабуыл жасау арқылы дұшпанды әлсірету,— күрестің міне осы формасы да ең елеулі нәтижелер беріп келді және беріп те отыр. Өнеркәсіптің тіршілігін тоқтататын, бюрократия мен армияның толық берекесін қашыратын, халықтың барлық топтарында істің жайына наразылық туғызатын осы қажырлы күреске ешбір мемлекет à la longue * төтеп бере алмайды. Россияның самодержавиелік үкіметі мұндай күреске төтеп беруге онан бетер қабілетсіз. Күресті тіпті жұмысшы қозғалысының қазір туғызып отырған формаларында қажырлылықпен жалғастырудың өзі патша өкіметінің сөзсіз күйреуіне жеткізетіндігіне біз толық сене аламыз.

Бірақ бүгінгі Россиядағы революциялық қозғалыстың қазіргі жеткен сатыда тоқтап қалуы мүлдем мүмкін емес. Қайта, мұның өзі — күрестің алғашқы сатыларының бірі ғана екендігін мәліметтердің бәрі көрсетіп отыр. Масқара, ауыр соғыстың зардабы халыққа әлі

* — ұзақ уақыт. *Ред.*

тіпті де түгелдей батқан жоқ. Қалалардағы экономикалық дағдарыс, деревнялардағы аштық жұртты қатты ашындырып отыр. Барлық мәліметтерге қарағанда, Маньчжуриядағы армия мейлінше революциялық пиғылда, сондықтан оны қайтарып алудан үкімет қорқады,— бірақ бұл армияны қайтарып алмауға да болмайды, өйткені жаңа көтерілістердің, бұрынғыдан анағұрлым елеулі көтерілістердің болу қаупі туып отыр. Жұмысшылар арасында және шаруалар ішінде саяси үгіт Россияда ешқашан қазіргідей кең, жоспарлы және терең жүргізілген емес. Мемлекеттік дума комедиясы үкіметті жаңа жеңілістерге ұшырататыны, ал халықты тағы да ашындыра түсетіні сөзсіз. Біздің көз алдымызда, бас-аяғы он айдың ішінде, көтеріліс қатты өсті, сондықтан көтерілістің жаңа жоғары сатыға өрлеуінің жақындығы туралы қорытынды бос қиял емес, ізгі тілек емес, бұқаралық күрестің фактілерінен шығатын тура және міндетті қорытынды болып табылады, көтеріліс бұл жаңа жоғары сатыға өрлегенде революционерлердің жауынгер отрядтары немесе әскердің бүлікші бөлімшелері жұртқа көмекке шығады, олар бұқараның қару-жарақ алуына көмектеседі, олар «патшалық» әскердің (әлі де патшалық, бірақ тіпті де бәрі бірдей патшалық емес әскердің) қатарында күшті қобалжу туғызады, көтеріліс елеулі *жеңіске*, патша өкіметін тұралатып кететін жеңіске жеткізеді.

Патша әскері Москвада жұмысшыларды жеңді. Бірақ бұл жеңіс жеңілушілерді әлсіреткен жоқ, қайта оларды күштірек біріктірді, өшпенділігін онан сайын өршітті, оларды шын күрестің практикалық міндеттеріне жақындатты. Бұл жеңіс — жеңушілер қатарында қобалжу туғызбай қоймайтын жеңістердің бірі. Қазір өзін түгелдей және тек қана «ішкі жаумен» күресу үшін жасақтап отырғанын әскер енді ғана біле бастады, білгенде де заңдар баяндалған анықтамадан ғана емес, өз тәжірибесінен де біле бастап отыр. Жапониямен соғыс аяқталды [124]. Бірақ әскер жасақтау, *революцияға қарсы* әскер жасақтау әлі жүріп жатыр. *Мұндай* жасақтау бізге қорқынышты емес, біз оны құптаудан қорықпаймыз, өйткені халыққа қарсы ұдайы күресу үшін шақы-

рылған солдаттардың саны неғұрлым көп болса, бұл солдаттарды саяси және революциялық жолмен тәрбиелеу соғұрлым тезірек болады. Революцияға қарсы соғысу үшін жаңа әскери бөлімдерді үсті-үстіне жасақтай отырып, патша өкіметі мәселенің шешілуін созады, бірақ бұл созу бәрінен де бізге тиімді, өйткені осы ұзаққа созылған партизандық соғыста пролетарлар соғысуға үйренеді, ал әскер саяси өмірге тартылмай қоймайды, сөйтіп бұл өмірдің ұраны, жас Россияның айбынды үндеуі тіпті тастай бекітілген казармаларға да жетеді, ең қараңғы, ең надан және ең қорғалақ болып қалған солдаттарды да оятады.

Көтерілістің ұшқынын тағы да бір рет басып тастады. Тағы да бір рет: көтеріліс жасасын!

1905 ж. 27 сентябрьде (10 октябрьде) жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҰЙҚЫДАҒЫ БУРЖУАЗИЯ МЕН ОЯНҒАН БУРЖУАЗИЯ

МАҚАЛА ҮШІН ТАҚЫРЫП

Ұйқыдағы қалың жұрт түсінбейтін немесе немқұрайды қарайтып оңбаған, өрескел зұлымдыққа қарсы азынаулақ адам күресіп жатыр екен делік. Күресушілердің басты міндеті қандай? 1) ұйқтап жатқандарды мүмкіндігі болғанынша көптеп ояту. 2) өз күресінің міндеттері мен шарттары жөнінде олардың көзін ашу. 3) оларды жеңіп шығуға қабілетті күш етіп ұйымдастыру. 4) оларды жеңістің нәтижелерін дұрыс пайдалануға үйрету.

1-нің 2—4-ден бұрын істелуге тиіс екендігі, соңғылардың *1*-ші болмайынша істелуі мүмкін еместігі өзіненөзі түсінікті.

Сөйтіп, азын-аулақ адамдар бар жұртты *оятып* жүр, *кез келген және әрбір адамды* жұлқылап оятуға кірісті.

Өмірдің өзінің де дамуы арқасында олардың әрекеттері табысты болып шықты. Бұқара оянды. Сонда оянған жұрттың бірқатарының зұлымдықты сақтап қалуға *мүдделі* екендігі, не оны саналы түрде қолдауға, не оның оянғандардың осы топтарына тиімді жақтарын, бөлшектерін сақтап қалуға мүдделі екендігі байқала бастайды.

Сонда күрескерлер, шайқас жаршылары, оятушылар, революцияның дабыл қағушылары *өздері* оятқан осы оянғандарға *қарсы* шығуы табиғи нәрсе емес пе? *Онда* күрескерлердің енді «бар жұртты және әрбір адамды» жұлқылауға, оятуға күшін түгелдей жұмса-

майтындығы, қайта күштің ауыр салмағын: 1) біріншіден, оянуға; 2) екіншіден, тиянақты күрес идеяларын қабылдауға; 3) үшіншіден, шындап және ақырына дейін күресуге қабілетті болып шыққандарға жұмсайтыны табиғи нәрсе емес пе.

Орыс социал-демократтарының либералдарға 1900—1902 жылдардағы (оятты), 1902—1904 жылдардағы (оянушылардың жігін ашты) және 1905 жылғы (ояпған... сатқындарға қарсы күресті) көзқарасы осындай.

1905 ж. 27 және 30 сентябрьдің (10 және 13 октябрьдің) аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ОРТАЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНАН [125]

Жолдастар! Біз үгіт ісінде Орталық Орган мен жергілікті баспаның бірлесіп жұмыс істеу әдістерінің біріне сіздердің назарларыңызды аударғымыз келеді. Орталық Органды қозғалыстан қол үзді, беделі жоқ және т. с. деп өте жиі айыптап жүр. Әрине, бұл жазғыруларда біраз шындық бар және осындай қызу кезеңде біздің алыста жатып жүргізген жұмысымыздың қаншалықты жеткіліксіз екенін өзіміз де жақсы білеміз. Бірақ біздің қол үзуіміз ішінара Орталық Орган мен жергілікті социал-демократтар *бұқарасының* арасындағы қатынастардың сирек және тұрақсыз болуына және олардың арасында бірлесіп жұмыс істеудің жеткіліксіздігіне байланысты. Біздің сіздерге көмегіміз мардымсыз екендігінде дау жоқ. Бірақ сіздердің де бізге жәрдемдеріңіз жеткіліксіз. Міне, осындай кемшіліктердің *бірін* жоюға енді біз жолдастық ниетпен назарларыңызды аударғымыз келеді.

Жергілікті қызметкерлер Орталық Органды үгіт үшін жеткіліксіз пайдаланады. Орталық Орган кеш келеді және аз келеді. Сондықтан 1) жергілікті листоктарда мақалалар мен хабарларды жиірек қайта көшіріп басып отыру керек; 2) Орталық Органның жұртқа танымал ұрандарын (және мақалаларын) жергілікті листоктарда жиірек қайта өзгертіп немесе қайталап айтып отыру керек, бұл арада сіздер оны толықтыруыңызға, өзгертуіңізге, қысқартып алуыңызға да болады және т. т., өйткені жергілікті орында отырған сіздерге бұл жағы көбірек мәлім, ал партияның барлық басылымда-

ры бүкіл партияның ортақ игілігі; 3) Орталық Органның атағын, өзіміздің тұрақты газетіміз бар деген *идеяны*, өзіміздің идеялық орталығымыз бар деген пікірді, оған әрқашан өз пікірін білдіруге болады дегенді бұқараға жайып, түсіндіріп отыру үшін жергілікті листоктарда Орталық Органнан жиірек *цитат алып отыру* керек және т. т. және т. с. Нақ пәлендей пікір «Пролетарийдің» пәлендей мақаласында айтылған, немесе осындай мәліметтер оның сондай хабарында келтірілген деп әрбір орайы келгенде листоктарда көрсетіп отыруға тырысу керек және т. т. және т. с. Біздің Орталық Органымыз туралы *бұқараға* хабарлау үшін және біздің бүкіл ықпал жүргізетін саламызды кеңейту үшін мұның маңызы өте зор.

Жергілікті комитеттер сан рет өздерінің қалағанын таңдап алып, талай мақалаларды көшіріп басты. Қазір *ұрандардың бірыңғай болуы* ерекше маңызды (либералдарға, освобождениешілдерге, олардың «келісім теориясына», олардың конституция жобасына көзқарас туралы және т. б.; революциялық армия туралы, революциялық үкіметтің программасы туралы мәселе; Мемлекеттік думаға бойкот жасау туралы және т. б.). Орталық Органды жергілікті үгіт ісінде пайдаланғанда одан мақалалар көшіріп басумен ғана емес, пікірлер мен ұрандарды листоктарда *қайталап айту* жолымен де, ол пікірлер мен ұрандарды жергілікті жағдайларға лайық *дамыту* немесе түрін өзгерту жолымен де пайдалану керек және басқалары. Біз бен сіздердің бірлесіп іс істеуіміз үшін, пікір алысып отыру үшін, біздің ұрандарымызды түзеп отыру үшін, бізде партияның тұрақты Орталық Органы бар екендігімен жұмысшылар *бұқарасын* таныстыру үшін мұның маңызы өте-мөте зор.

Бұл хатты партияның тіпті ең төменгі буынындағы барлық ұйымдары мен үйірмелерінде оқып, талқылауларыңызды барынша өтінеміз.

«Пролетарий» редакциясы

«Рабочий» № 2,
сентябрь, 1905 ж.

Қолжазба бойынша
басылып отыр

ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ИЕНА СЪЕЗІ [126]

Неміс социал-демократтарының съездері герман жұмысшы қозғалысының шеңберінен әлдеқайда асып түсетін оқиғалар ретінде көптен бері-ақ маңызды. Герман социал-демократиясы өзінің ұйымшылдығы жағынан, қозғалысының тұтастығы мен топтасқандығы жағынан, маркстік әдебиетінің көптігі және мазмұндылығы жағынан басқалардың бәрінен алда тұр. Мұндай жағдайда неміс социал-демократтарының съездері шешімдерінің де көбінесе халықаралық дерлік маңызы болатындығы табиғи нәрсе. Социализмдегі ең жаңа оппортунистік ағымдар туралы (бернштейншілдік) мәселе жөнінде осылай болды. Революциялық социал-демократияның сыннан өткен бұрынғы тактикасын дұрыс деп таныған Дрезден социал-демократиялық съезінің шешімін Амстердам халықаралық социалистік конгресі қабылдады және қазір мұның өзі бүкіл дүние жүзіндегі барлық саналы пролетариаттың ортақ шешімі болып отыр [127]. Қазір де солай. Бұқаралық саяси стачка туралы мәселе — Иена съезінің басты мәселесі — бүкіл халықаралық социал-демократияны толғандырып отыр. Бірсыпыра елдердегі оқиғалар, оның ішінде, бәлкім, тіпті әсіресе Россиядағы да оқиғалар, соңғы уақытта бұл мәселені бірінші кезекке қойды. Сондықтан герман социал-демократиясының шешімі бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысына күресуші жұмысшылардың революциялық рухын қолдау, күшейту мағынасында, сөзсіз, едәуір ықпал етеді.

Алайда, Иена съезі қарап шешкен, бұдан маңызы кемірек басқа мәселелерді де әуелі қысқаша атап өтелік. Ол ең алдымен партияның ұйымы туралы мәселемен шұғылданды. Герман партиясының партия уставын қайта қараудың жеке жақтарына біз, әрине, бұл арада тоқтап жатпаймыз. Осы қайта қараудың өте-мөте ерекше негізгі сипатын: *централизмді* бұдан әрі, неғұрлым толық және неғұрлым қатаң түрде жүргізу, неғұрлым мықты *ұйым* құру жөніндегі тенденцияны баса көрсету өте маңызды. Бұл тенденция мынадан көрінеді: біріншіден, тек айрықша елеулі себептер мүмкіндік бермейтін реттерден басқа жағдайдың бәрінде әрбір социал-демократтың партия ұйымдарының бірінде міндетті түрде болуы туралы тікелей қаулы уставқа енгізіліп отыр. Екіншіден, ол сенімді адамдар жүйесін жергілікті социал-демократиялық ұйымдар жүйесімен өзгертуден, жеке адамның уәкілдігі мен жеке басқа сену принципін коллективтік, ұйымдық байланыс принципімен өзгертуден көрінеді. Үшіншіден, ол партияның барлық ұйымдарын өз табыстарының 25 процентін партияның орталық кассасына тапсыруға міндеттейтін қаулыдан көрінеді.

Жалпы және тұтас алғанда, социал-демократиялық қозғалыстың өсуі және оның революцияшылдығының күшеюі централизмді неғұрлым дәйекті түрде жүргізуге қалай болғанда да және ылажсыз жеткізетіндігін біз бұл арада айқын көріп отырмыз. Неміс социал-демократиясының дамуы бұл жағынан алғанда біздер, орыстар, үшін өте-мөте үлгі боларлық нәрсе. Осы жақын уақыттың өзінде ұйымдық мәселелер бізде партия тұрмысының маңызды мәселелері қатарынан басқа мәселелерге қарағанда әлдеқайда үлкен орын алды, ішінара қазірдің өзінде де үлкен орын алып отыр. III съезден бері партия ішіндегі ұйымдық жұмыста екі тенденция толық анықталды: біреуі — дәйекті централизмге қарай, партия ұйымындағы демократизмді, демагогия үшін емес, көпірме сөз үшін емес, Россиядағы социал-демократия үшін өріс бостандығының іс жүзінде кеңеюіне сәйкес ұстамдылықпен кеңейтуге қарай бет алыс. Екіншісі — ұйымдық тиянақсыздыққа қарай,

«ұйымдық бұлдырлыққа» қарай бет алыс, қазір оның барлық зиянын бұл бет алысты тіпті соншалық ұзақ қорғап келген Плеханов та түсінді (оқиғалар оны көп ұзамай-ақ осы ұйымдық бұлдырлықтың тактикалық бұлдырлықпен байланысын да түсінуге көндіреді деп сенеміз).

Біздің уставтың 1-параграфы туралы таластарды еске түсіріңіз. Өздерінің қате тұжырымының «идеясын» бұрын қызу жақтаған жаңа искрашылдардың конференциясы қазір бүкіл параграфты да, бүкіл идеяны да жай түгелімен лақтырып тастады. III съезд централизм мен *ұйымдық* байланыс принципін дұрыс деп тапты. Жаңа искрашылдар партияның әрбір мүшесінің ұйымда болуы туралы мәселені жалпы принциптер негізіне қоюға бірден әрекеттенді. Қазір біз немістердің — оппортунистері де, революционерлері де, бәрі бірдей — мұндай талаптың *принцип жағынан* заңдылығына тіпті күмән келтірмейтінін көріп отырмыз. Бұл талапты (партияның әрбір мүшесі партия ұйымдарының бірінде болуын) өз уставына тікелей енгізе отырып, олар *бұл ережеден ерекше ауытқулар болу қажеттігін* әсте принциптер жағынан келіп дәлелдемейді, ...Германияда *жеткілікті бостандықтың жоқтығы* жағынан алып дәлелдейді! Ұйымдық мәселе жөнінде Иенада баяндамашы болған Фольмар ережеден ерекше ауытқулар болу мүмкіншілігін ұсақ чиновниктер сияқты адамдарға социал-демократтар партиясында *ашықтан-ашық* болуына мүмкіндік жоқтығы жағынан ақтайды. Біздің Россияда жағдайдың басқаша екендігі өзінен-өзі аян: бостандықтың жоқтығынан ұйымның бәрі бірдей астыртын. Революциялық бостандық тұсында партияны қатаң шектеудің, сөйтіп бұл жөнінде «тиянақсыздыққа» жол бермеудің ерекше маңызы бар. Ұйымдық байланыстарды қажетінше нығайту принципі бұлжымай сол күйінде қала береді.

Қазір неміс социал-демократтары бас тартып отырған сенімді адамдар жүйесіне келетін болсақ, онда ол жүйенің өмір сүруі социалистерге қарсы ерекше заңға [128] толығынан байланысты. Бұл заң неғұрлым ескірген сайын, бүкіл партияның сенімді адамдар арқылы

емес, ал ұйымдардың арасындағы тікелей байланыс жүйесіне сүйенуіне көшуі соғұрлым табиғи және міндетті бола түсуде.

Иенада саяси стачка туралы мәселеге дейін талқыланған өзге бір мәселе де Россия үшін өте-мөте тағлым аларлық мәселе. Бұл—май мейрамы туралы мәселе немесе, дұрысырағы (егер айтысқа себеп болған пунктті алмай, мәселенің мәнін алатын болсақ), кәсіпшілік қозғалыстың социал-демократиялық партияға көзқарасы туралы мәселе. Кәсіпшілік одақтарының Кёльнде болған съезінің [129] неміс социал-демократтарына, айта берсең, тек неміс социал-демократтарына ғана емес, басқаларға да қандай күшті әсер еткені туралы «Пролетарийде» бұдан бұрын да талай айтқанбыз. Бұл съезде ең айқын анықталған бір нәрсе: марксизм дәстүрі және оның ықпалы бәрінен де күштірек болып отырған, керек десе, Германияның өзінде кәсіпшілік одақтарында — аңғарып қалыңыз: *социал-демократиялық* кәсіпшілік одақтарында — *антисоциалистік* тенденциялардың, ағылшын рухындағы, яғни сөзсіз буржуазиялық рухтағы «таза тред-юнионизмге» қарай ойысқан тенденциялардың дамып отырғандығы болды. Міне, сондықтан да, сөздің өз мағынасындағы май ереуілі туралы мәселеден Иена съезінде тред-юнионизм мен социал-демократия туралы мәселе, егер орыс социал-демократтары ішіндегі бағыттарға бейімдеп айтатын болсақ, «экономизм» туралы мәселе сөзсіз келіп туды.

Бірінші Май туралы мәселе жөніндегі баяндамашы Фишер тура былай деді: кәсіпшілік одақтарында біресе анда, біресе мұнда социалистік рухтың жойылып бара жатқан фактісіне көз жұму үлкен қате болған болар еді. Істің насырға шапқаны сондай, мәселен, ағаш шеберлері одағының өкілі Брингман: «1 май ереуілі — адам организміндегі жат дене», «Кәсіпшілік одақтар — қазіргі жағдайда жұмысшылардың жағдайын жақсартудың бірден-бір құралы», т. с. деген сияқты сөздер сөйлеп, оны бастырып шығаруға дейін барды. Сондықтан, Фишердің тауып айтқанындай, осы «аурудың нышанына» бірқатар басқа нышандар қосылады. Тар

өрісті профессионализм, немесе «экономизм» Германияда, Россиядағы секілді, тіпті барлық жердегі секілді, оппортунизммен (ревизионизммен) байланыстырылады. Дәл осы ағаш шеберлері одағының газеті ғылыми социализм негіздерінің күйреуі туралы, дағдарыстар теориясының, апатқа ұшырау теориясының теріс екендігі т. т. туралы жазды. Ревизионист Кальвер жұмысшыларды, наразылық білдіруге емес, өз тұтыну қажеттерін көбейтуге емес, жұпынылыққа т. т. және т. с. шақырды. Кәсіпшілік одақтарының «бейтараптығы» идеясына қарсы шығып сөйлегенінде Либкнехтті съезд мақұлдады және ол: «рас, Бебель де бейтараптықты жақтап сөйлеген болатын, бірақ, менің ойымша, мұның өзі партия көпшілігі Бебельді жақтамайтын азғана пункттердің бірі» деп ескертті.

Социал-демократия жөнінде кәсіпшілік одақтардың бейтарап болуына кеңес бергендігін Бебельдің өзі бекерге шығарған-ды. Тар өрісті профессионализмнің қауіптілігін Бебель сөзсіз мойындаған. Сонан соң, Бебель осы цехтық топастықтың бұдан да жаман түрлерін білетінін айтты: кәсіпшілік одақтардың жас басшыларының істеп жүрген істері жалпы партияны, жалпы социализмді, тап күресі теориясын келекелеуге дейін баратынын айтты. Бебельдің бұл мәлімдемелерін социал-демократиялық съезд ашу-ызамен, айқай-шумен қарсы алды. Ол: «жолдастар, өз орындарыңызда болыңыздар; не істеп отырғандарыңызды ойлаңыздар; сіздер қатерлі жолмен бара жатырсыздар, ол жолдың ақыры өздеріңізді апатқа ұшыратады!»,— деп батыл айтқанда қызу қол шапалақталды.

Сонымен, неміс социал-демократиясының абыройына, ол қауіпті бетпе-бет тайсалмай қарсы алды деп айтқан жөн. Ол «экономизмнің» әсіре жақтарын бүкпелемеді, орынсыз сылтаулар мен бүкпантайларды (ондайларды, мысалы, бізде Плеханов II съезден кейін көп ойлап шығарды) жанынан ойлап шығармады. Жоқ, ол кеселдің бар екенін қатты айтты, зиянды тенденцияларды батыл айыптап, партияның барлық мүшелерін оларға қарсы күресуге тура, ашықтан-ашық шақырды.

Орыс социал-демократтары үшін тағлым аларлық оқиға, ал олардың кейбіреулері кәсіпшілік қозғалысы мәселесінде «көзі ашылғаны» үшін Струве мырзаның мақтауын алды!

1905 ж. сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Под Знаменем Марксизма» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕШҚАНДАЙ ЖАЛҒАНДЫҚ БОЛМАСЫН! БІЗДІҢ КҮШІМІЗ ШЫНДЫҚТЫ АЙТУДА!

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ[130]

«Көтеріліс тудыру біздің шамамыздан келмейді... сондықтан оны Думамен байланыстыратын түгі де жоқ... үгіттің ұраны құрылтай жиналысы». Бунд осылай деп жазды, ал 16-номердегі * мақаланың авторы оған жеткіліксіз жауап берді.

Бундтың бұл сөздері — социал-демократиядағы *мещандықтың* тамаша көрінісі, пасықтық, әрі-сәрілік, өңсіздік, жалпылама сөз, жадаулық мағынасындағы мещандықтың тамаша көрінісі (1897—1900 жылдарда да, 1901—1903 жылдарда да, 1904 жылы да, қазір 1905 жылы да идеялық жатып ішердің ролін атқарған Бунд әрқашан да осылай болып келген).

Бұл — үйреншікті пікір, дағдылы көзқарас, «парасаттылық мағына» (*«Освобождениеде»* «парасаттылықтың салтанат құруы» және «саңылаудың ашылуы»).

Бұл — барып тұрған *жалғандық*, орыс революциясы үшін — *жеңімпаз революцияның бірден-бір* ықтимал авторы ретіндегі саналы пролетариат үшін де — мұны әшкерелеудің маңызы аса зор.

Көтеріліс тудыру біздің шамамыздан келмейді, *сондықтан* байланыстырмау керек, *сондықтан* ұран қарулы көтеріліс емес, құрылтай жиналысы болу керек.

Бұл — біз жалаңашпыз, дәрменсізбіз, аш-арықпыз, азаптан титықтағанбыз, өзімізді жұтып бара жатқан

---

* Қараңыз: осы том, 250—256-беттер. *Ред.*

мына батпақтан шығып, жарық сәулесі, күн шұғыласы, самалы, дүние жемісінің бәрі бар сонау таудың басына көтерілуге әліміз жоқ деумен бірдей. Бізде саты жоқ, онсыз көтерілу мүмкін емес. Саты табу біздің қолымыздан келмейді. Сондықтан көтерілу үшін күресімізді саты табу (respective * құру) ұранымен байланыстырмауымыз керек. Сондықтан біздің ұранымыз: тауға, тау басына өрлеу болуға тиіс, өйткені бақыт пен бостандық, самал мен сәуле, жігер алу мен күш алу сол тау басында.

Саты *болмағандықтан:* онсыз көтерілуге болмайтындықтан,— *сондықтан* саты табуды жәпе оны әзірлеу жолында жұмыс істеуді ұран етпеу керек,— сондықтан ұран былай болуға тиіс: бірдеме етіп жоғарыда, тау басында болыңдар, бақыт, т. т. тау басында!

«Әлсіздік кереметке сенуді әрқашан медеу тұтып келді» деген Маркс! [131]

Енді кереметке сенуді демеу етіп отырған,— сатысыз тау басына шығуға сенуді, көтеріліссіз-ақ құрылтай жиналысыпа сенуді демеу етіп отырған — пролетариаттың әлсіздігі ме немесе Бунд пен жаңа «Искра» *басшыларының әлсіздігі ме?*

Бұл сенім — есі ауысқандардың сенімі. Қарулы көтеріліссіз құрылтай жиналысы құр елес, бос сөз, өтірік, франкфурттік мылжың.

Освобождениешілдіктің, Россиядағы *буржуазиялық ұранның* осы *алғашқы* кең-саяси, бұқаралық-саяси, халықтық формасының алдамшылығы мен жалғандығы дәл осы кереметке сенушілікті, осы өтірікті қолдауда болып отыр. Өйткені либерал буржуазия үшін мұның осы өтірігі **керек,** либерал буржуазия үшін бұл өтірік емес, қайта нағыз ұлы шындық, оның таптық мүдделерінің шындығы, буржуазия бостандығының шындығы, капиталистік теңдіктің ақиқаты, жалдаптық бауырластықтың ең қасиеттісі болып табылады.

Бұл — *оның* (буржуазияның) шындығы, өйткені оған керегі халықтың жеңісі емес, *тау басы* емес, бұқараны батпаққа жығу керек, сөйтіп шонжарлар мен

* — немесе. *Ред.*

ақшалы қапшықтар үшін қара халықтың иығына шығу керек, жеңіс емес, келісім керек, дұшпанмен *келісімге келу,*=дұшпанға сатып кету керек.

Буржуазия үшін бұл — «керемет» емес, қайта шындық, революция жеңісінің емес, революцияға опасыздықтың шындығы.

...Саты табу біздің қолымыздан келмейді... көтеріліс тудыру біздің қолымыздан келмейді... Мырзалар, солай ма?

Егер солай болса, онда өздеріңнің *б ү к і л* насихаттарың мен үгіттеріңді қайта құрыңдар, онда жұмысшылар мен бүкіл халыққа *жаңа,* қайта жасалған сөздер, жаңаша құрылған, басқа сөздер айта бастаңдар.

Онда халыққа былай деңдер: Питердің, Риганың, Варшаваның, Одессаның, Тифлистің жұмысшылары... көтеріліс тудыру мен котерілісте жеңуге біздің шамамыз келмейді. Сондықтан *бүкіл халықтық құрылтай жиналысы* туралы бізге ойлаудың да, текке мылжыңдаудың да түк *қажеті жоқ.* Ұлы сөзді ұсақ-түйек құлықпен кірлетпеңдер. Өз әлсіздіктеріңізді кереметке сенумен бүркемеңіздер. Осы әлсіздік туралы барша жұртқа және әрбір адамға айқай салып айтыңыз,— ағынан жарылу жартылай түзелу деген сөз. Өтірік сөз, өтірік мақтаныш — бұл адамгершілік жағынан құрып біту, саяси жағынан құрып бітудің сенімді кепілі.

Жұмысшылар! Біз көтеріліс тудыруға және онда жеңіп шығуға дәрменсізбіз! Сондықтан *бүкіл халықтық құрылтай жиналысы* туралы лақапты тастаңыздар, бұл туралы айтушы суайттарды маңайлатпай қуыңыздар, *освобождениешілдердің,* «думашылардың», *кадеттердің* және басқа оңбағандардың сатқындығын әшкерелеңіздер, өйткені олар бүкіл халықтық құрылтай жиналысып тек *с ө з ж ү з і н д е* ғана тілейді, ал іс жүзінде *халыққа қарсы* жиналысты, жаңаны құрмайтын, қайта ескіні жамап-жасқайтып, сіздерге жаңа кім, жаңа тұрмыс бермейтін, жаңа ұлы күрес үшін жаңа қару бермейтін, тек сіздердің шоқпыттарыңызға жылтырауық тағатын, тек жалған елеспен алдайтын, қару-жарақтың орнына ойыншық беретін, мылтықтың орнына бұғау салатын жиналысты тілейді.

Жұмысшылар! Біз көтеріліс үшін әлсізбіз. Сондықтан *революция* туралы айтпаңыздар және освобождениешілдіктің жексұрындарына, *кадеттер* мен думашылардың ол туралы аузын ашырмаңыздар, бұл буржуазиялық оңбағандардың ұлы халықтық ұғымды өздерінің жексұрын тілімен ластауына жол бермеңіздер.

Біз әлсізбіз бе? Демек, бізде *революция* жоқ, *болуы да* мүмкін емес. Бұл — халық революциясы емес, бұл — Петрункевичтердің және патшаның бір топ либерал малайларының халықты алдауы деген сөз. Бұл — бостандық жолындағы күрес емес, бұл — освобождениешілдердің мансапты орын үшін халық бостандығын сатуы. Бұл — жаңа өмірдің бастамасы емес, қайта бұрынғы арып-шаршаған тіршілікті, каторганы, бұрынғы қалтырау мен іріп-шіруді нығайта түсу деген сөз.

Жұмысшы жолдастар, көтеріліс тудыруға біздің шамамыз келмейді! Халықты революцияға көтеруге біздің шамамыз келмейді! Бостандыққа жетуге біздің шамамыз келмейді... Дұшпанды қағып түсіру емес, біздің шамамыздан келері оны тек теңселту ғана, теңселткенде, қасына Петрункевич отыра кететіндей етіп теңселту ғана. Революция туралы, бостандық туралы, халық өкілдігі туралы лақаптардың бәрін тастау керек,— кімде-кім оларға қол жеткізу үшін сатыны табу, оларды жеңіп алу үшін көтерілісті әзірлеу жолында *іс жүзінде жұмыс істемей,* осы нәрселерді әңгіме етсе, онда ол суайт және ұшқалақ, ол сіздерді алдайды.

Жұмысшы жолдастар, біз әлсізбіз! Бізді жақтайтындар бір ғана пролетариат және бытыраңқы, қараңғы, қарусыз, көзсіз күресті бастап отырған миллиондаған шаруалар.

Бізге қарсы тұрғандар — патша сарайы маңындағы бүкіл шайка және солдат мундирін киген барлық жұмысшылар мен шаруалар және... *

Соңы. Біз әлсізбіз. Әлсіздік кереметке сенуді медеу тұтады. Бұл — Бунд сөздерінен, «Искраның» жоспарынан шыққан факт.

* Қолжазбада сөйлем бітпеген. *Ред.*

Бірақ факт болып отырған не, мырзалар? Бүкіл Россия пролетариаты күштерінің әлсіздігі ме немесе бундшылдар мен жаңа искрашылдардың басшыларының әлсіздігі ме??

Шынын айтыңыздар:

1) Революция жоқ. Либерал буржуазияның патшамен келісім жасауы бар...

2) Бостандық үшін күрес жоқ. Халық бостандығын сату бар.

3) Халық өкілдігі үшін күрес жоқ. *Ақшалы қапшықтың* өкілдігі бар.

Біз әлсізбіз... осыдан келіп *революцияны* сатушылықтың бәрі шықпай қоймайды.

Егер сіздер революцияны, бостандықты, халық өкілдігін тілейтін болсаңыз... *сіздер күшті болуға тиіссіздер.*

Төменгі жағынан

Сіздер әлсізсіздер ме?

Революция — күштілердің еншісі!

Біз — шоқпыт киген күйімізде қалуымыз керек.

Сіздер әлсізсіздер ме?

Бостандыққа тек күштілер ғана жетеді.

Әлсіздер әрқашан да құл *болады*. Бүкіл тарихтың тәжірибесі.

Сіздер әлсізсіздер ме?

Сіздердің өкілдіктеріңіз өздеріңіздің құл иеленушілеріңіз бен қанаушыларыңыз арқылы болады.

«Өкілдік» — не күштінің жеңісі, не жай қа-

ω) Кім әлсіз? Пролетариаттың күші ме немесе искрашылдар мен бундшылдардың басшылары ма?

χ) Революцияны қалайсыздар ма? Сіздер күшті болуға **тиіссіздер!**

ξ) Біз *шындықты* айтуға тиіспіз: *біздің* күшіміз осында, ал *бұқара, халық, тобыр* күштің бар-жоқтығын күрестен кейін іс жүзінде шешеді.

Күш бар ма?

Әлде біз әлсізбіз.

ω) Кім әлсіз.

ғаз, алдау, *әлсізді топастандыру үшін оның көзін байлаған шүберек*...

1905 ж. сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТРУБЕЦКОЙДЫҢ ӨЛІМІ ЖӨНІНДЕ

Либералдық «Frankfurter Zeitung» газеті құрылтай жиналысын шақыратын патша емес, Мемлекеттік дума да емес, тіпті (жаңа «Искрадағы» жолдастар ашулапа көрмесін!) «халықтың демократиялық ұйымы» да емес, революциялық уақытша үкімет шақыратын болсын деп талап еткен москвалық студенттердің дәйекті-революциялық қарарына қатты ызаланды. Бұл жөнінде немістің либерал биржашылары студенттерді «жетілмеген», т. т. деп байбалам салған болатын. Енді, Трубецкойдың өлімі туралы телеграмманы баса отырып, нақ сол газет (13. X., Abendblatt *) былай деп ескертеді: «Мүмкін, халық ағарту министрлігінде оған (Трубецкойға) қысым көрсетілген шығар».

Сорлы Трубецкой! Халық бостандығына жетуге тыра жүріп, патша министрінің есігі алдында «қысымнан» өліп кетпек... Біз мұның өзі тіпті россиялық либерал үшін де тым қатаң өлім жазасы деуге бармыз. Бірақ, мырзалар-ау, халық бостандығын жақтаушылар үшін жендеттер мен тыңшылар үкіметімен қандай да болсын байланыс жасаудан бас тартқан жақсы емес пе, сол лайықтырақ емес пе? Треповтармен және оның жексұрын малайларымен әңгіме үстіндегі «қысымнан» өлгеннен гөрі осы малғұндарға, көзі жойылмайынша, шын бостандық болмайтын осы малғұндарға, қарсы көше бойындағы күресте, халықтың көзін ашып, тәрбиелейтін, тура, адал, ашық күресте өлген жақсы емес пе?

1905 ж. октябрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Кешкі шыққаны. *Ред.*

РОССИЯНЫҢ ФИНАНСЫ

Біз самодержавиелік үкімет өзінің финанс жөніндегі істерімен (немесе, бәлкім, дұрысырағы, айла-шарғыларымен) барған сайын шатаса түсіп отырғанын бұрын талай рет айтқанбыз. Финанстық күйреудің болмай қоймайтыны барған сайын айқындала түсуде. Бұған көз жеткізетін қызғылықты айғақ мынау. Европаның финанс шонжарларының ең ықпалды органдарының бірі Лондонның «The Economist» журналының [132] Берлиндегі тілшісі жаңаша 11 октябрьде былай деп хабарлады:

«Орыс үкіметі мен француз банкирлерінің арасында бұдан бұрын да көп айтылған орыстың жаңа заемы туралы келіссөздерге қатысу үшін Мендельсон фирмасының өкілі осы аптада Петербургте болды. Мұнда, сірә, шын деректерден алынған мәліметтер бұл заемның сомасын 75 миллион фунт стерлинг (700 млн. сом шамасы) деп анықтайды, мұның жартысына жуығын Франция алады, ал қалғаны Германияға, Голландияға, Англияға және Құрама Штаттарына ұсынылатын болады. Сонымен қатар былай дейді: шығарылатын міндеттемелердің үлкен бөлегі (of the issue) соғыс кезінде Франция мен Германияда орналастырылған казначейлік билеттерді (?? taking up the Treasury Notes?) жабуға арналуға тиіс.

Ірі орталықтардың бәрі бұрын-соңды болып көрмеген көңілсіз күйді (are under unusual pressure) бастан кешіріп отырған жағдайда Россияның ақша рыноктарына қол созуы (at just this juncture) оның финанс жағынан қиыншылық көруінің (straits) айқын айғағы деп танылады. Жорамалдардың бірі мынадай: жоғарыда айтылған соманың азын-аулақ бөлегі ғана қазір жазылуға ұсынылады, ал қалған бөлегі кейін, бәлкім, келесі жылдың басында таратылады (will be raised). Бірақ мұның өзі

Россияның ақшаға мұқтаждығы жөніндегі жағымсыз әсерді тек бұрынғыдан да бетер күшейтеді. Орыс заемына Германияда нақ қазіргі кезде ешқандай ынта жоқ екені өзінен-өзі түсінікті. Мұндағы ақша рыногының жағдайлары ғана емес, оның үстіне мұның бәрінен де гөрі, Россиядағы саяси лаңның (turmoil) жалғаса беруі және үкімет беделінің, құлдырауы (breakdown) демегенмен де, анық нашарлауы, осының бәрі Германияда сонша зор мән берілетін фактілер (are being weighed in a manner), мұның өзі келешекте заемға жазылу үшін жақсылықтың белгісі емес».

1905 ж. 1 (14) октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

САНКТ-ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАУЫНГЕР КОМИТЕТКЕ

16. X. 1905.

Қымбатты жолдастар! 1) Жауынгер комитеттің есебін және 2) көтерілісті әзірлеуді ұйымдастыру туралы мәселе жөніндегі жазбаларды + 3) ұйымдастырудың схемаларын жібергендеріңіз үшін Сіздерге өте ризамын. Осы документтерді оқыған соң, жолдастық пікір алысу үшін Жауынгер комитетке тура хат жазуды мен өзімнің борышым деп таптым. Айтатын түгі де жоқ, істің практикалық қойылысы туралы мен пәлен деп жатпаймын; орыстың ауыр жағдайларында мүмкін нәрсенің бәрі істеліп жатыр, бұған күдік болмасқа тиіс. Бірақ, документтерге қарағанда, істің кеңсешілдікке айналу қаупі бар. Жауынгер комитетті ұйымдастыру жөніндегі бұл схемалардың бәрі, бұл жоспарлардың бәрі қағаз бастылық емес пе екен деген ой тудырады — ашық айтқаным үшін кешірім сұраймын, бірақ сіздер мені тырнақ астынан кір іздегісі келеді деп ойламайтын шығар деп сенемін. Мұндай істе схемалардың және Жауынгер комитеттің қызметі мен праволары туралы айтыстар мен әңгімелердің пайдасы аз. Бұл арада қайнаған жігер, тағы да жігер керек. Бомба жайлы сөз болғанына *жарты жылдан асты,* бірақ әлі бірде-бір бомба жасалмағанын түршіге, құдай ақы түршіге, көріп отырмын! Ал осыны мына деген ғалымдар айтады... Мырзалар, жастарға барыңыздар! бірден-бір, бәрінен құтқаратын амал соларда ғана. Әйтпесе, құдай ақы, кеш қаласыздар (бәрінен мен осыны көріп отырмын) және «ғылыми» хаттарыңыз, жоспарларыңыз, сызбаларыңыз, схемаларыңыз, тамаша рецептеріңіз болар, бірақ ұйымдастыру, нақтылы іс сіздерде болмайды. Жастарға барыңыздар. Барлық жерде, кез келген жерде

студенттерде де, *әсіресе, жұмысшыларда да дереу* жауынгер жасақтар құрыңыздар, т. т., т. т. 3 адамнан 10 адамға дейін, 30-ға дейін т. т. адамы бар отрядтар дереу ұйымдаса берсін. Олар дереу қолға не іліксе сонымен, біреу алтыатармен, біреу пышақпен, біреу өрт салу үшін керосинге малынған шүберекпен және т. т. дереу қарулана берсін. Бұл отрядтар дереу өзіне басшылар сайлап алып, мүмкіндігі болғанынша, Петербург комитеті жанындағы Жауынгер комитетпен *байланыс жасасын.* Ешқандай ресмилікті талап етпеңіздер, құдай үшін, схема атаулыға қолды бір-ақ сілтеңіздер, «міндетті, право мен артықшылықты» шайтан алсын, тастаңыздар бәрін. РСДРП-ға міндетті түрде кіруді талап етпеңіздер — қарулы көтеріліс үшін мұның өзі сорақы талап болған болар еді. Үш адам болса да әрбір үйірмемен байланысудан бас тартпаңыздар, тек бір ғана шарт: бұл үйірме полициядан аулақ болсын, патша әскерімен шайқасуға әзір болсын. Кіргісі келген үйірмелер РСДРП-ға кіре берсін немесе РСДРП-ға *қосылсын,* бұл тамаша нәрсе; бірақ мен мұны *талап етуді* сөзсіз қате деп санар едім.

Петербург комитеті жанындағы Жауынгер комитеттің ролі — революциялық армияның осы отрядтарына *көмектесу,* байланыс т. т. үшін «бюро» ретінде қызмет ету. Сіздердің *жәрдеміңізді* отрядтың қай-қайсысы да ықыласпен қабылдайды, ал егер сіздер *мұндай істі* схемалардан, Жауынгер комитеттің «праволары» туралы әңгімеден бастасаңыздар, істің бәрін құртасыздар, маған сенсеңіздер, мүлде құртасыздар.

Бұл арада істелетін әрекет — кең көлемде уағыздау. 5—10 адам аптасына жұмысшылар мен студенттердің *жүздеген* үйірмесін аралап шықсын, бас сұғуға болатын жердің бәріне барсын, сөйтіп барлық жерде айқын, қысқа, тура және қарапайым жоспар ұсынсын: дереу отряд құрыңыздар, қолға не түссе, соның бәрімен қаруланыңыздар, күш аямай жұмыс істеңіздер, сіздерге қолдан келгеннің бәрімен жәрдемдесеміз, бірақ *бізді күтіп отырмаңыздар,* өз беттеріңізше істей беріңіздер.

Мұндай істің негізгі өзегі — көптеген ұсақ үйірмелердің инициативасы. Олар бәрін істейді. Оларсыз

сіздердің Жауынгер комитетіңіз түк те емес. Мен Жауынгер комитет жұмысының нәтижелілігін өзінің байланысы бар осындай отрядтардың санымен өлшеуге бармын. Егер 1—2 айдан кейін Жауынгер комитеттің Питерде minimum 200—300 отряды болмаса, онда бұл өлі Жауынгер комитет болғаны. Онда оны жерлеу керек. Қазіргі қайнап тұрған шақта жүздеген отрядтар жинап алмау — өмірден тыс қалу деген сөз.

Уағыз жүргізушілер отрядтардың әрбіріне бомба жасаудың қысқа және оңай әдісін айтып беруге тиіс, жұмыстың барлық түрі туралы ең қарапайым әңгіме өткізуге тиіс, ал сонан соң қызмет тізгіні олардың өзіне берілуі керек. Отрядтар шұғыл операциялар жасау жолымен әскери жаттығуды *сол сағатында,* дәл сол сағатында, бастауға тиіс. Біреулері — дереу тыңшыны өлтіруді қолға алады, полицейлік учаскені дәрі қойып жарады, екіншілері—көтеріліске керекті қаржыны конфискелеу үшін банкке шабуыл жасайды, үшіншілері—маневр әзірлейді, немесе жоспарларды көшіреді, т. т. Бірақ міндетті түрде нақты істе дереу машықтана бастау керек: бұл байқау шабуылдарынан қорықпаңыздар. Бұлар, әрине, шектен шығып кетуі де мүмкін, бірақ бұл ертеңгі күннің соры, ал бүгінгі сорымыз біздің енжарлығымызда, біздің доктринерлігімізде, оқымыстылық сылбырлығымызда, инициатива көрсетуге кәрілік үрейшілдігімізде болып отыр. Городовойларды болса да соққыға жығуды әрбір отряд өзі үйренсін; ондаған құрбандықтардың орны жүздеген тәжірибелі күрескерлермен еселеп толады, ал олар ертеңгі күні жүз мыңдаған адамды бастайтын болады.

Қолдарыңызды қатты қысамын, жолдастар, және табысқа жетулеріңізге тілектеспін. Өз көзқарасымды мен тіпті де еріксіз таңбаймын, бірақ *кеңес* беруді борышым деп білемін.

Сіздің *Ленин*

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АРМИЯ ОТРЯДТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1) Дербес соғыс қимылдары.
2) Жиналған топқа басшылық ету.

Отрядтар екі-үш адамнан бастап түрліше мөлшерде болуы мүмкін.

Отрядтар кімнің қолына не түссе сонымен (мылтық, алтыатар, бомба, пышақ, кастет, таяқ, өрт қою үшін керосинге малынған шүберек, арқан немесе арқаннан жасаған саты, баррикада жасау үшін күрек, пироксилин шашкасы, тікенек сым, шеге (атты әскерге қарсы) және сондайлармен, т. т.) өздері қарулануға тиіс. Еш уақытта да басқадан, жоғарыдан, сырттан көмек күтпеу керек, бәріп де өздері табуға тиіс.

Отрядтар мүмкіндігінше жақын тұратын немесе жиі, белгілі бір сағатта, ұдайы кездесіп тұратын адамдардан құрылуға тиіс (осының екеуі де болса тым жақсы, өйткені ұдайы кездесіп тұру көтеріліс кезінде болмай қалуы мүмкін). Олардың міндеті — істі ең тығыл-таяң сәттерде, ең күтпеген жағдайларда бірге болып шығатындай етіп жолға қою болып табылады. Сондықтан әрбір отряд бірлесіп қимыл жасаудың әдістері мен тәсілдерін күні бұрын белгілеуі тиіс: бір-бірін оңай табу үшін терезелерге т. с. қоятын белгілер, көптің ішінде жолдасыңды табу үшін қалай дауыстау мен қалай ысқыру, түнде кездесіп қалғанда бір-біріне білдіретін шартты белгілер және т. т. жөнінде алдын ала келісіп қою керек. Әрбір жігерлі адам 2—3 жолдасымен қосылып осындай ережелер мен әдістердің талайын жасап

ала алады, бұларды ойлап тауып, жаттап алу керек, қолданып машықтану керек. Жағдайдың 99 процентінде оқиғалардың кенеттен болатынын, сондықтан да адам айтқысыз қиын жағдайларда қосылуға тура келетінін ұмытпау керек.

Отрядтар: 1) бір топ адамға басшылық етіп; 2) ыңғайы келгенде городовойға, кездейсоқ оқшау қалған казакқа (Москвада болған оқиға) және сондайларға тап беріп, қаруып тартып алып; 3) полиция тым көп болмаған кезде тұтқынға түскендер мен жаралыларды құтқарып; 4) үйлердің төбесіне, жоғарғы қабаттарына, т. т. шығып алып, әскерге тас жаудырып, қайнаған су төгіп, т. т. жасап қарусыз да өте елеулі роль атқара алады. Ұйымдасқан, топтасқан отряд жігерлі болса — ол орасан зор күш. Қару-жарақ жоқ деп отряд құрудан бас тартуға немесе оны құруды кейінге қалдыруға ешбір болмайды.

Отрядтар не істейтінін мүмкіндігінше алдын ала бөлісіп қоюға тиіс, кейде басшысын, отряд бастығын алдын ала сайлап алу керек. Әрине, шен тағайындауға салыну ақылға сыйымсыз болар еді, алайда бірыңғай басшылық етудің, тез және батыл қимылдаудың орасан зор маңызы бар екендігін ұмытуға болмайды. Батылдық, тегеуіріпділік — жеңістің $^{3}/_{4}$ бөлігі болып табылады.

Отрядтар құрылған бойда, яғни ізінше, тек теориялық жұмысқа ғана емес, сонымен қатар міндетті түрде практикалық жұмысқа да жан-жақты кірісуге тиіс. Теориялық жұмысқа біз соғыс ғылымдарын үйренуді, соғыс мәселелерімен танысуды, соғыс мәселелері жөнінде рефераттар оқуды, әскери адамдарды (офицерлерді, унтерлерді және бұрын солдат болған жұмысшыларға дейін бәрін-бәрін) әңгіме өткізуге шақыруды, көше бойындағы ұрыс туралы жасырын басылған кітапшалар мен газеттердегі мақалаларды оқу, талқылау мен ұғынуды жатқызамыз және т. т.

Қайталап айтайық, практикалық жұмыстар дереу басталуға тиіс. Бұлар дайындық жұмыстары және соғыс операциялары болып бөлінеді. Дайындық жұмысына: әр түрлі қару-жарақтар мен әр түрлі снарядтар-

ды табу, көше ұрыстары үшін ыңғайлы орналасқан (төбесіне шығып ұрыс жүргізуге ыңғайлы, бомба немесе тас, т. т. қоюға немесе полицейлердің үстіне төгу үшін керекті қышқылдарды және тағы сондайларды қоюға ыңғайлы, сонымен қатар штабтың орналасуына, мәліметтер жинауға, қуғыннан бас сауғалағандардың жасырынуына, жараланғандарды орналастыруға және тағы сондайларға ыңғайлы) үйлер табу жатады. Сонан соң, дайындық жұмыстарына жедел анықтау, барлау жұмыстары: түрмелердің, учаскелердің, министрліктердің және басқалардың қалай салынғанын көрсететін жоспарларды біліп алу, қазына мекемелерінде, банктерде, т. т. жұмыстың қалай бөлінетінін, олардағы күзет жағдайларын білу, пайда келтіретіндей таныстық (полицияда, банкте, сотта, түрмеде, почтада, телеграфта және сондайларда қызмет істейтін адаммен танысу) жасауға тырысу, қару-жарақ қоймаларын, қаладағы барлық қару-жарақ магазиндерін, т. т. білу жатады. Бұл арада жұмыстың ұшы-қиыры жоқ, жұмыс болғанда да тіпті көше бойындағы ұрысқа ешбір қабілеті жоқ адамдардың қай-қайсысы болса да, тіпті мүлде әлсіз адамдар да, әйелдер мен ересек балалар да, шалдар, тағы сондайлар да орасан зор пайда келтіре алатын жұмыстар көп. Көтеріліс ісіне қатысқысы *келген* адамдардың бәрін сол сағатында отрядтарға қайткенде де және сөзсіз топтастыруға тырысу керек, өйткені жұмыс істегісі келсе, тіпті қаруы болмағанның өзінде, өз басы күреске қабілетсіз болғанның өзінде, орасан көп пайда келтірмейтін адам *жоқ* және болуы да мүмкін емес.

Сонан соң, революциялық армияның отрядтары еш уақытта да бір ғана дайындық әрекеттерімен тынбай, мүмкіндігінше тезінен соғыс қимылдарына көшуге тиіс, ондағы мақсат: 1) жауынгер күштерді машықтандыру; 2) жаудың осал жерлерін барлау; 3) жауды ішінара күйрету; 4) тұтқындарды (қамаудағыларды) босату; 5) қару-жарақ түсіру; 6) көтеріліс жасау үшін керекті қаржы табу (үкіметтің ақша қаржысын конфискелеу), т. т. және т. т. Отрядтар нақтылы іс істеу үшін қазірден бастап қолайлы жағдайдың қандайын болсын пайдалана алады және пайдалануға тиіс, істі

жалпы көтеріліске дейін эсте кейінге қалдырмау керек, өйткені күрес *қызуында* дайындалмайынша көтеріліске де жарамды бола алмайсың.

Әрине, шектеп шығып кетудің қандайы болса да жақсы емес; шегінен шығып кетсе ізгі және пайдалы істің бәрі де зиянға, кесапатқа айналып кетуі мүмкін және, тіпті белгілі бір шеңберден асып кетсе, соған соқтырмай қоймайды да. Тәртіпке салынбаған, әзірленбеген ұсақ террор шектен шығып кетсе, тек күштерді бытыратып, босқа рәсуа қылады. Бұл рас, сондықтан, әрине, мұны ұмытуға болмайды. Бірақ, екінші жағынан, қазіргі уақытта көтеріліс ұранының *беріліп те қойғандығын*, көтерілістің *басталғанын* ешбір ұмытуға болмайды. Қолайлы жағдайларда шабуыл жасай бастау қай революционердің болса да правосы ғана емес, сонымен қатар тікелей міндеті болып табылады. Тыңшыларды, полицейлерді, жандармдарды өлтіру, полиция учаскелерін дәрі қойып жару, тұтқындағыларды босату, көтерілістің қажетіне жарату үшін үкіметтің ақша қаржысын тартып алу,— міне мұндай операциялар көтеріліс қызған жерлердің бәрінде, Польшада да, Кавказда да, қазірдің өзінде болып жатыр, сондықтан революциялық армияның әрбір отряды мұндай операцияларға дереу дайын болуға тиіс. Әрбір отряд есте сақтауға тиіс жай: мұндай операция үшін бүгін сәті келіп тұрған қолайлы жағдайды пайдаланбаса, бұл отряд *кешірілместей енжарлық*, жайбарақаттық жасағаны үшін айыпты болып шығады,— мұндай айып көтеріліс заманында революционер үшін өте зор қылмыс болып табылады, сөз жүзінде емес, іс жүзінде бостандыққа ұмтылушы адамның қайсысы үшін болса да барып тұрған масқаралық болып табылады.

Бұл отрядтардың құрамы жөнінде мынаны айтуға болады. Керекті мүшелердің санын және олардың қызметтерін бөлу ісін тәжірибе көрсетеді. Бұл тәжірибені, сырттан нұсқау күтіп отырмай-ақ, өздері жасай бастауға тиіс. Әрине, жергілікті революциялық ұйымнан лекциялар, әңгімелер өткізу үшін, кеңес беру үшін, революционер әскери адам жіберуді сұрау керек, бірақ оп-

дай адам болмаған күнде, мұны міндетті түрде және қалай болғанда да өздері істеуге тиіс.

Партияға бөліну жөніндегі мәселеге келетін болсақ, онда бір партияның мүшелері, әрине, бір отрядқа бірігуді артық көреді. Бірақ отрядтарға басқа партия мүшелерінің кіруіне бір жола тыйым салудың керегі жоқ. Біз нақ осы арада социалистік пролетариаттың революциялық демократиямен бірігуін, практика жүзінде келісімге келуін (әрине, партиялық жағынан ешбір қосылып кетпей) іс жүзіне асыруға тиіспіз. Бостандық үшін шайқасқысы келген адамды және өзінің дайын екендігін іс жүзінде дәлелдеген адамды революцияшыл демократтардың қатарына жатқызуға болады, ондай адаммен бірігіп көтерілісті дайындау жолында қызмет істеуге тырысу керек (әрине, ондай адамға немесе ондай топқа толық сенім болған күнде ғана). Басқа «демократтардың» барлығын, quasi*-демократтар, либерал сөзуарлар ретінде ерекше боліп қарау керек, бұларға сенуге болмайды, бұларға сеніп қалу революционерлер тарапынан қылмыс болады.

Отрядтардың өзара бірігуі, әрине, керекті нәрсе. Бірігіп қимыл жасаудың түрлері мен шарттарын талдап дайындау өте пайдалы. Бірақ мұның өзінде еш уақытта да күрделі жоспарлар, жалпы схемалар шығаруға салынбау керек, педанттық ойларға, тағысын тағыларға бола нақты істі кейінге қалдыруға әуестенбеу керек. Көтерілістің ұйымдасқан элементтерден ұйымдаспаған элементтер мыңдаған есе көп болған жағдайларда болатыны сөзсіз; нақ сол арада, табан астында, екеу болып, тіпті жалғыз да қимыл жасауға тура келетін жағдайлар болмай қоймайды,— сондықтан неде болса жеке басын тәуекелге тігіп қимылдауға дайындалу керек. Созбаққа салу, таласу, кейінге қалдыру, қобалжу көтеріліс ісін апатқа ұшыратады. Асқан батылдық, асқан жігерлілік, әрбір қолайлы сәтті дереу пайдалану, көпшіліктің революциялық жігерін дереу өршіту, оны неғұрлым батыл және ең батыл әрекет жасауға бағыттап отыру — революционердің ең бірінші парызы осылар.

---

* — жалған. *Ред.*

Революциялық армияның солдаттарына *білім* беретін де, оларды жауынгер етіп шынықтыратын да, революцияға орасан зор пайда келтіретін де тамаша соғыс қимылы қаражүздіктерге қарсы күресу болып табылады. Революциялық армияның отрядтары қаражүздіктерді кім, қайда және қалай құратындығын ізінше зерттеп білуге тиіс, сонан соң бір ғана уағыз айтумен (бұл пайдалы, бірақ мұның бір өзі жеткіліксіз) шектелмей, қарулы күшпен қарсы шығып, қаражүздіктерді соққыға жығып, өлтіріп, олардың штаб-пәтерлерін дәрі қойып талқандап отыруға тиіс, т. т., т. т.

1905 ж. 3 (16) октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АРМЯН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ҰЙЫМЫ ДЕЙТІН ТУРАЛЫ [133]

Біз Орталық Комитеттен «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы» барлық социал-демократиялық партиялардың конференциясында [134] қабылданған қарарға қол қоюға тілек білдіргенін хабарлаған хат алдық. Бірақ Орталық Комитет бұл қол қоюды қабылдағысы келмейді, өйткені ол Россияда елеулі байланыстары жоқ, таза шетелдік осы ұйымның конференцияға қатысуына қарсы болған еді. Бұл ұйымның шын сипаты туралы неғұрлым толық мәліметтерді жақында «Пролетарийде» басамыз деп ойлаймыз. Әзірге ескерте кететініміз: Кавказдағы армян жұмысшылары арасындағы шын социал-демократиялық қозғалысқа жәрдем еткісі келетіндердің бәрі, армян әдебиетін Женевада емес, Кавказда басып шығарып отырған РСДРП-ның Кавказ ұйымдарымен ғана істес болуға тиіс.

1905 ж. 3 (16) октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВАДАҒЫ САЯСИ СТАЧКА ЖӘНЕ КӨШЕ БОЙЫНДАҒЫ КҮРЕС

Москвадағы революциялық оқиғалар, бұл — жаңа ұрыс даласына сәуле шашқан найзағайдың алғашқы жарқылы. Мемлекеттік дума туралы заң шығару және бітім жасау орыс революциясы тарихында жаңа кезеңнің басталғанын көрсетті. Жұмысшылардың табанды күресінен қазірдің өзінде шалдыққан және «үздіксіз революция» елесінен абыржып қалған либерал буржуазия уһ деп демін алып, тастай салған садақаға қуана жармаса кетті. Бойкот идеясымен күресу барлық жағынан бірдей басталып отыр, либерализмнің оңға қарай көрінеу бет бұруы байқалады. Амал бар ма, тіпті социал-демократтардың арасынан да революцияның осы буржуазиялық сатқындарын белгілі бір шарттармен қолдауға әзір, Мемлекеттік думаға «шынымен сенуге» әзір тұрған тұрлаусыз адамдар (жаңа искрашылдар лагерінен) табылды. Москвадағы оқиғалар сенімі аздарды әлі ұялтар және күмәнданушылардың жаңа ұрыс даласындағы істің жайын дұрыс бағалауына көмектесер деп сенуге болады. Самодержавие тұсында жалпы халықтық сайлау мүмкін деген әлжуаз интеллигенттердің армандары да, Мемлекеттік думаның үлкен маңызы бар деген топас либералдардың бос қиялы да пролетариаттың алғашқы революциялық ірі бас көтеруінің өзінде-ақ күл-талқан болуда.

Москва оқиғалары туралы біздің мәліметтеріміз қазір әлі де (жаңаша 12 октябрь) өте мардымсыз. Бұл мәліметтер шетел газеттерінің қысқа, көбіне қайшы-

лықты хабарларымен және қозғалыстың басталуы туралы цензура елегінен өткізілген жария баспасөздің есептерімен шектеледі. Күмәнсыз бір нәрсе бар: Москва жұмысшыларының күресі өзінің бастапқы сатысында революциялық соңғы жылдың ішінде дағдыға айналған жолмен жүрді. Жұмысшы қозғалысы бүкіл орыс революциясына өзінің ықпалын тигізді. Бытыраңқы стачкалар түрінде басталған қозғалыс, бір жағынан, жаппай стачкаларға дейін, екінші жағынан,— көше бойындағы ереуілдерге дейін шапшаң дамыды. 1905 жылы қозғалыстың толық қалыптасқан формасы саяси стачка болып табылады, ол біздің көз алдымызда көтеріліске айналып отыр. Егер Россиядағы барлық жұмысшы қозғалысына қазіргі (әлбетте, тіпті де ақырғы емес) сатыға көтерілу үшін он жыл керек болған болса, қазір елдің жекелеген аудандарындағы қозғалыс бірнеше күннің ішінде қарапайым стачкадан орасан зор революциялық дүмпуге дейін өсіп отыр.

Бізге хабарлануына қарағанда, Москвадағы әріп терушілердің стачкасын санасыз жұмысшылар бастаған. Бірақ қозғалыс олардың қолынан тез ауысып, кең көлемді кәсіптік қозғалысқа айналады. Басқа мамандықтың жұмысшылары қосылады. Стачка туралы әлі хабары жоқ жолдастарына хабарлау үшін болса да, жұмысшылардың ылажсыз көшеге шығуы революциялық өлеңдер айтылып, революциялық сөздер сөйленген саяси ереуілге айналады. Мемлекеттік думаға «халықтық» сайлаудың оңбағандық мазағына қарсы көптен жиналып, іште кернеген ашу-ыза сыртқа теуіп шығады. Жаппай стачка нағыз бостандық жолындағы күрескерлерді күреске жаппай жұмылдыруға ұласады. Радикал студенттер күреске шықты, олар жуырда Москвада да Петербург қарарына толық сәйкес қарар қабылдады; бұл қарар, маймөңке чиновниктердің тілімен емес, нағыз еркін азаматтардың тілімен Мемлекеттік дума халықты ар-ұятсыз мазақ етушілік екенін әшкерелейді, республика үшін, революциялық уақытша үкіметтің шын мәніндегі бүкіл халықтық және шын мәніндегі құрылтай жиналысын шақыруы үшін күреске шақырады. Пролетариат пен революциялық демократияның алдыңғы қа-

тарлы топтарының патша әскерлеріне және полицияға қарсы көше бойындағы күресі басталады.

Москвадағы қозғалыстың дамуы, атап айтқанда, осындай болды. 24 сентябрьде (7 октябрьде), сенбі күні, әріп терушілерге қоса, темекі фабрикалары да, электр конкалар да жұмыс істемеді; наубайшылардың стачкасы басталды. Кешке қарай үлкен манифестациялар өтті, бұларға жұмысшылар мен студенттерден басқа, «бөгде» жұрт та көп қатысты (ашықтан-ашық халықтық аттаныс тұсында революцияшыл жұмысшылар мен радикал студенттерді бір-біріне бөтен деп санау енді қалып отыр). Казактар мен жандармдар манифестанттарды қайта-қайта қуып тастап отырды, бірақ олар қайта жинала берді. Жиналған жұрт полиция мен казактарға тойтарыс берді; алтыатардан оқ атылғаны естілді, көптеген полицейлер жаралы болды.

Жексенбі күні, 25 сентябрьде (8 октябрьде), оқиғалар бірден қаһарлы бағыт алады. Таңертеңгі сағат 11-ден былай жұмысшылар көшелерде жинала бастады. Жиналған жұрт Марсельезаны жырлайды. Революциялық митингілер ұйымдастырылады. Көтеріліс жасаудан бас тартқан баспаханалар талқандалады. Халық нан дүкендерін және қару-жарақ магазиндерін талқандайды: жұмысшыларға өмір сүру үшін нан керек, бостандық үшін күресуге қару-жарақ керек (француз революциялық өлеңінде қалай айтылса, нақ солай). Казактар қатты қарсылықтан кейін ғана манифестанттарды таратуға шамасы келді. Тверь көшесінде, генерал-губернатор үйінің алдында, үлкен ұрыс болады. Наубайшы-кіші мастерлер тобы Филиппов нан дүкені қасына жиналады. Осы нан дүкені әкімшілігінің кейін мәлімдегеніндей, жұмысшылар барлық стачкашылармен ынтымақтастық білдіру ретінде жұмысты тоқтатып, бейбіт түрде көшеге шыққан. Казактар отряды жиналған топқа лап береді. Жұмысшылар үйге кіріп кетеді, үй төбесіне, шатырға шығады, солдаттарға тас жаудырады. Үй шындап қоршауға алынады. Әскер жұмысшыларға оқ атады. Қатынас атаулының бәрі кесіледі. Гренадерлердің екі ротасы үйді оралып өтіп, сырт жағынан барып үйге кіреді, сөйтіп жаудың позициясын алады. 192

кіші мастер тұтқынға алынған, олардың сегізі жараланған; екі жұмысшы өлген. Полиция мен әскер жағынан да жараланғандар бар; жандарм ротмистрі өлімші болып жараланады.

Әлбетте, бұл мәліметтер мүлде толық емес. Кейбір шетел газеттері келтірген жеке телеграммаларға қарағанда, казактар мен солдаттардың айуандығында шек болмаған. Филиппов нан дүкенінің әкімшілігі әскердің ешбір себепсіз озбырлық жасағанына наразылық білдірген. Бельгияның бір байсалды газеті аула сыпырушылар көшелерді қаннан тазартумен болғанын хабарлайды: осы шағын хабардың өзі — деп жазады газет — күрестің елеулі болғандығын ұзақ есептерден гөрі анығырақ көрсетеді. Газеттерде шыққан жеке мәліметтерге сүйеніп, «Vorwärts» [135]: Тверь көшесінде бір батальоп жаяу әскерге қарсы 10 000 стачкашы айқасты деп хабарлайды. Әскер бірнеше дүркін оқ атыпты. Жедел жәрдем кареталарының жұмысы тым көп болған. Өлгендердің саны шамамен айтқанда 50 адамнан кем емес,— жараланғандар 600-ге дейін барады деп есептейді. Тұтқынға алынғандарды казармаға айдап апарып, солдаттар сапынан өткізіп, айуандықпен аяусыз сабағанын хабарлайды. Көше бойындағы ұрыс кезінде офицерлердің тіпті әйелдерге де адамшылыққа жатпайтын қаталдық көрсеткені жазылған (консервативтік буржуазияның «Temps» газетінің Петербургтегі арнаулы тілшісінің 10 октябрьдегі (27 сентябрьдегі), телеграммасы).

Одан кейінгі күндері болған оқиғалар туралы мәліметтер барған сайын тапшы болуда. Жұмысшылардың ашу-ызасы сұмдық күшейген; қозғалыс өрлеп барады; үкімет барлық шараны қолданып, хабар біткеннің бәрін тоқтатуға, қысқартуға кірісті. Шетел газеттері ресми агенттіктердің (оларға бір кезде сеніп келген) жұбанышты хабарлары мен Петербургке телефон арқылы берілген хабарлардың арасындағы қайшылықты атап көрсетті. Гастон Леру Парижбдың *«Matin»* газетіне телеграф арқылы былай деп хабарлады: азды-көпті үрей туғызатын хабарлардың тарауын тоқтату үшін цензура не бір кереметтерді істеп отыр. 26 сентябрьдегі (9

октябрьдегі) дүйсенбі күні — деп жазады ол — Россия тарихындағы ең қантөгіс күндердің бірі болды. Басты көшелердің бәрінде, тіпті генерал-губернатор үйінің жанында да айқастар болды. Манифестанттар қызыл тулар көтерді. Өлгендер және жараланғандар көп.

Басқа газеттердің мәліметтері қарама-қайшы. Стачканың өрлеп бара жатқаны ғана күмәнсыз. Оған завод, тіпті фабрика жұмысшыларының да көпшілігі қосылып отыр. Теміржолшылар ереуіл жасауда. Стачка жаппай стачкаға айналуда (сейсенбі, 10 октябрь (27 сентябрь) және сәрсенбі күндері).

Жағдай мейлінше асқынып отыр. Қозғалыс Петербургке ауысты: Сан-Галли заводының жұмысшылары жұмысты тоқтатыпты.

Қазір біздің қолымызда бар мәліметтер осымен бітеді. Әлбетте, бұл мәліметтерге сүйеніп, Москва оқиғаларына толық баға береміз деп ойлауға да болмайды. Бұл оқиғалар пролетариаттың самодержавиеге қарсы тегеурінді шабуылының ақырғы репетициясы болып табыла ма немесе осының өзі бұл шабуылдың бастамасы ма; — бұлар жоғарыда өзіміз баяндаған күрестің «дағдылы» әдістерінің орталық Россияның жаңа облысына тарауы ғана болып табыла ма немесе күрестің ең жоғарғы формасының және неғұрлым батыл көтерілістің бастамасы болып отыр ма — әзірше мұны айту қиын.

Бұл сұрауларға, сірә, таяудағы болашақ жауап беретін болу керек. Бір нәрсе ғана күмәнсыз: көтерілістің өсуі, күрестің ұлғаюы, оның формаларының шиеленісуі біздің көз алдымызда үздіксіз өтіп жатыр. Пролетариат ерлік күш-жігермен бүкіл Россияда өзіне жол ашуда, қарулы көтерілістің қай бағытта дами алатынын және, күмәнсыз, дамитынын біресе ана жерде, біресе мына жерде белгілеп беріп отыр. Рас, жұмысшы бұқарасы қозғалысының қазірдің өзінде жасап шығарған күрес формасы да патша өкіметіне мейлінше елеулі соққы болып тиіп отыр. Азамат соғысы барлық жерде бірдей әбден ашынған, табанды партизандық соғысқа айналуда. Жұмысшы табы дұшпанға тыныштық таптырмай, өнеркәсіп тіршілігінің берекесін кетіріп, бүкіл

жергілікті басқару машинасын үнемі тоқтатып қойып, бүкіл ел ішінде дүрбелең хал туғызып, барған сайын жаңа күштерді күреске жұмылдыруда. Ешқандай мемлекет мұндай тегеурінге ұзақ уақыт шыдай алмайды, ал өзінің бұрынғы жақтастары бірінен соң бірі жырылып кетіп жатқан, іріп-шіруге айналған патша үкіметі онан бетер төтеп бере алмайды. Сондықтан егер либерал монархияшыл буржуазияға бұл күрес кейде шектен тыс табан тірескен айқас болып көрінсе, егер азамат соғысы және ел басына туған дүрбелең заман оның үрейін қашыратын болса,— бұл жағдайдың жалғаса беруі, күрестің созыла беруі революцияшыл пролетариат үшін мейлінше қажет жағдай болып табылады. Егер буржуазия идеологтары арасынан революциялық өртті өзінің жария бейбіт прогресінің уағызымен сөндіруге кірісетін, саяси дағдарысты шиеленістірудің емес, оны мұқалтудың қамын жейтін адамдар пайда бола бастаса,— буржуазиялық бостандық сүйгіштіктің сатқын жаратылысына ешқашан күмән келтірмеген саналы пролетариат шаруаларды өзінің соңынан ерте отырып, патша әскерінің қатарына іріткі сала отырып, үздіксіз ілгері баса береді. Жұмысшылардың табанды күресі, ұдайы болып тұратын стачкалар, демонстрациялар, ішінара көтерілістер, былайша айтқанда, осы байқау ұрыстары мен қақтығыстар әскерді саяси өмірге, демек, революциялық мәселелер шеңберіне де тартпай қоймайды. Күрес тәжірибесі былайғы жағдайларда жылдар бойғы насихаттан гөрі жұрттың көзін анағұрлым жылдам және айқын ашады. Сырттағы соғыс аяқталды, бірақ үкімет тұтқындағылардың қайтуынан, Маньчжурия армиясын қайтарудан қорқатыны анық. Бұл армияның революциялық пиғылы жөніндегі мәліметтер барған сайын көбейе түсуде. Сибирьде Маньчжурия армиясының солдаттары мен офицерлеріне арналған егіншілік колонияларын құру жобалары, бұл жобалар тек жоба күйінде қалған күннің өзінде де наразылықты күшейтпей қоймайды. Бітім жасалғанына қарамастан, мобилизация тоқталған жоқ. Армияның түгелдей және тек қана *революцияға қарсы* пайдалануға керектігі біртіндеп анықтала түсіп отыр. Ал мұндай

жағдайда біздердің, революционерлердің, мобилизацияға қарсы болатын түгіміз де жоқ, біз оны тіпті құптауға әзірміз. Армияның жаңа бөлімдерін үсті-үстіне күреске тарту арқылы істің шешілуін созуымен, біртіндеп көптеген әскерді азамат соғысына үйретуімен үкімет барлық дағдарыстарды тудыратын қайнар бұлақтың көзін бітей алмайды, қайта соған қажет негізді кеңейтеді. Үкімет істің шешілуін кейін қалдыра алғанда оның есесіне күрестің өрісі сөзсіз кеңейеді, күрес сөзсіз шиеленіседі. Ол ең мешеу қалғандар мен ең надандарды, ең қорғалақтап қалғандар мен саяси ең ынжықтарды күреске аттандырады,— күрес олардың көзін ашады, сілкіндіреді, жандандырады. Осы азамат соғысы жағдайы неғұрлым ұзаққа созылған сайын, контрреволюциялық армиядан бейтарап бұқара мен революция жолындағы күрескерлер ұйтқысы соғұрлым бөлініп шықпай тұрмайды.

Орыс революциясының соңғы айлардағы бүкіл барысы қазіргі жеткен сатының жоғарғы саты болып табылмайтынын және бола да алмайтынын көрсетіп отыр. 9 январьдан бергі уақытта көтерілгені сияқты, қозғалыс әлі де жоғары өрлейді. Ол кезде біз саяси талаптары үшін көтерілген жұмысшылардың орасан қалың бұқарасының ауыз бірлігімен және тығыз топтасуымен дүниені таңдандырған қозғалысты тұңғыш рет көріп едік. Бірақ бұл қозғалыс революциялық жағынан әлі де мүлде санасыз және қарулану, әскери әзірлік мағынасында мүлде дәрменсіз қозғалыс болды. Польша мен Кавказ қазірдің өзінде-ақ күрестің неғұрлым жоғары үлгісін көрсетті, онда пролетариат ішінара болса да қаруланып қимылдады, онда соғыс ұзаққа созылды. Одесса көтерілісі табысқа жетудің жаңа және маңызды шартының қосылғанын байқатты: онда әскердің бір бөлегі халық жағына шықты. Рас, салған жерден табысқа қол жеткен жоқ; «теңіз күштері мен құрылықтағы күштерді ұштастырудың» қиын міндеті (тіпті байырғы әскер үшін де өте қиын міндеттердің бірі) әлі шешілмеді. Бірақ бұл міндет алға қойылды, сондықтан барлық жағдайлар Одесса оқиғаларының некен-саяқ құбылыс болып қалмайтындығын дәлелдейді. Москва

стачкасы бізге күрестің «нағыз орыс» облысына тарап отырғанын көрсетеді, бұл облыстың мызғымай келгендігі реакцияшылдарды сонша ұзақ қуантып жүрген-ді. Бұл аудандағы революциялық бас көтерудің зор маңызы бар, себебі, неғұрлым тұрақты, сонымен қатар біршама шағын облыста шоғырланған сан жағынан Россияда ешбір теңдесі жоқ пролетариат бұқарасы тұңғыш рет жауынгерлік сынға түсіп отыр. Қозғалыс Питерден басталды да, шет аймақтармен бүкіл Россияны шарлап шықты, Риганы, Польшаны, Одессаны, Кавказды қамтыды, ал енді келіп орт Россияның тура «жүрегін» шарпып отыр.

Мемлекеттік думаның масқара комедиясы күреске әзір және нағыз алдыңғы қатарлы тап шындап революциялық бас көтерген шақта бұрынғыдан бетер жиренішті көрінеді. Өзіміз талай айтқан пролетариаттың революциялық демократиямен бірігуі фактіге айналып отыр. Петербургте де, Москвада да революциялық социал-демократияның ұрандарын қабылдаған радикал студенттер барлық демократиялық күштердің авангарды болып табылады, олар Мемлекеттік думаға кірген «конституциялық-демократиялық» реформашылдардың оңбағандығына жиренеді, олар самодержавиемен делдалдық жасауға емес, орыс халқының қарғыс атқан дұшпанына қарсы нағыз үзілді-кесілді күреске қарай бет бұрып отыр.

Либерал профессорларға, ректорларға, ректорлардың жәрдемшілеріне және Трубецкойлардың, Мануиловтардың, тағы басқалардың барлық осы серіктес тобына қараңыздаршы. Бұлар — либерализм мен конституциялық-демократиялық партияның тәуір деген адамдары ғой, ең идеялы, ең білімді, тіпті де өз құлқынына тартпайтын, ақшалы қапшықтың мүдделері мен ықпалының тікелей қысымынан анағұрлым аулақ адамдар ғой. Ал енді осы тәуір деген адамдар өзін қалай ұстап отыр? Олар бірінші билікті, университеттердегі басқару билігін, сайлау бойынша берілген билікті қалай пайдаланып отыр? Бұлар қазірдің өзінде-ақ революциядан зәресі ұшып, қозғалыстың шиеленісуінен, ұлғаюынан қорқып, өртті әлден-ақ сөндіре бастауда, сөйтіп тыныш-

тық енгізуге тырысуда, ал сол үшін олар осынысына лайық князь Мещерскийлерден мақтау алуға дейін жетіп, өз беттеріне түкіртіп отыр.

Осынысына қарай олар, буржуазиялық ғылымның осы филистерлері, сазайын да тартты. Олар университетте шайқас болуынан қорқып, Москвадағы университетті жапты. Олар мұнысымен көшедегі анағұрлым ірі шайқастың болуын онан бетер тездетті. Бұлар университеттегі революцияны сөндіргісі келіп еді, бірақ көше бойларында революцияны тұтандырып алды. Олар жиналыстар бостандығының қажеттігіне Трепов және Романов мырзалардың көздерін жеткізуге тырысқан еді, енді сол мырзаларымен бірге жақсы қыспаққа түсті: университетті жапсаң — көше бойында күрес ашасың. Университетті ашсаң — бостандық жолындағы жаңа күрескерлерді, оның үстіне анағұрлым батыл күрескерлерді даярлайтын халықтық революциялық жиналыстарға трибуна ашасың.

Біздің Мемлекеттік думаны бағалау үшін осы либерал профессорлардың мысалы мейлінше ұзақ сабақ боларлық нәрсе десеңізші! Соқыр тиындық құны жоқ ғылымның осы сорлы серілері «университеттердің тағдыры» үшін қалай қорықса, либералдар мен кадеттердің «Дума тағдыры» үшін солай қорқатындығы жоғарғы мектептердің тәжірибесінен енді айқын емес пе? Либералдар мен конституцияшыл-демократтар бейбіт жария прогрестің бұрынғыдан да кең, бұрынғыдан да сасық уағызы үшін болмаса, Думаны басқаша пайдалана алмайтындығы енді айқын емес пе? Думаны революциялық жиналысқа айналдырамын деп үміттенудің қандай күлкі екендігі енді айқын емес пе? Әдейі Думаға арнап емес, әдейі университеттерге арнап емес, ал бүкіл ескі самодержавиелік тәртіпке «ықпал етудің» *бір* ғана әдісі бар екендігі, *Москва жұмысшыларының әдісі,* халық көтерілісінің әдісі бар екендігі айқын емес пе? Халық көтерілісі Мануиловтарды университеттерде жиналыстар бостандығын сұрауға, Петрункевичтерді Думада халық бостандығын сұрауға мәжбүр етіп қана қоймайды; ол халыққа шын бостандықты *жеңіп әпереді.*

Москва оқиғалары қоғам күштерінің топ-топқа шынында қалай бөлінгенін көрсетті: либералдар үкіметтен радикалдарға тынымсыз жүгіріп, буларды революциялық күрестен айнытуға тырысты. Радикалдар пролетариат қатарында күресті. Осы сабақты еш уақытта ұмыта көрмейік: мұның Мемлекеттік думаға да тікелей қатысы бар.

Петрункевичтер мен басқа да конституцияшыл-демократтар мейлі самодержавиелік Россияда парламентаризм ойынын ойнай берсін,— ал жұмысшылар халықтың шын самодержавиесі үшін революциялық күрес жүргізеді.

Москвадағы көтеріліс ұшқыны қалай аяқталған күнде де, революциялық қозғалыс қайтсе де енді одан бетер нығайып қайта өрлейді, неғұрлым көп облысты қамтиды, жаңа күштер жинайды. Тіпті, патша әскерлері қазір Москвада толық жеңісін мейрамдап жатырақ делік,— бірақ енді осындай бірнеше жеңістен кейін патша өкіметінің толық күйреуі фактіге айналады. Сол кезде бұл өзін де, өзге либерал буржуаны да алдарқатып отырған, тозығы жеткен шүберекті қалтырап-дірілдеп, екіжүзділікпен жамап-жасқау болмайды, крепостниктік тәртіптің, самодержавиенің, қара түнектің барлық мұраларының шын мәніндегі, нағыз күйреуі болады. Тіпті күні ертең почта: көтерілістің ұшқыны тағы да күшпен басылды деген ауыр хабар жеткізді дейік. Біз сонда: тағы да — көтеріліс жасасын! деп ұран саламыз.

«Пролетарий» № 21,
17 (4) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

«ИСКРА» ТАКТИКАСЫНЫҢ СОҢҒЫ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕМЕСЕ ОЙЫНШЫҚ САЙЛАУ — КӨТЕРІЛІСКЕ ҚОЗҒАУ САЛАТЫН ЖАҢА СЕБЕП

Біз «дума» науқанындағы искралық тактиканың қисынсыздығы туралы талай рет айтқанбыз. Бұл тактиканың негізгі екі белгісінің екеуі де: белгілі бір революциялық міндеттемелер негізінде Думаға қатыспақшы освобождениешілдерді қолдауға тырысу да, «азаматтардың революциялық өзін өзі басқаруы» деген ұран көтеру, самодержавие тұсында құрылтай жиналысына бүкіл халықтық сайлауға шақыру да қисынсыз. Енді біз, ақырында, меньшевиктердің «Оңтүстік құрылтай (?) конференциясының» қарарында искралық тактиканы дәл және ресми тұжырымдау әрекетін көріп отырмыз. Бұл конференцияда Россиядағы жаңа искрашылдардың таңдаулы күштері болды. Қарар бізге пролетариатқа арналған таза практикалық кеңестерді іскерлікпен баяндау тәжірибесін беріп отыр. Міне, сондықтан да, белгілі бір практиканы талдап жасау тұрғысынан да, «Искраның» барлық тактикалық позициясын тұтас алып баға беру үшін де бұл қарарды мұқият талдау өте қажет болып отыр.

Қарардың толық текстін келтірейік:

Оңтүстік ұйымдардың Құрылтай конференциясының Мемлекеттік дума жөніндегі қарары. Қазіргі ауыр жағдайдан шығатын жол, бүкіл халықтың мүддесіне сай келетін бірден-бір жол — самодержавиелік тәртіпті жойып, демократиялық республика құру үшін, пролетариаттың буржуазиялық құрылыстың барлық негіздеріне қарсы және социализмді жүзеге асыру жолындағы күресінің мүдделерін көздеп, ең алдымен пролетариатқа қажетті демократиялық республика құру үшін жалпыға

бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру негізінде сайланатын құрылтай жиналысын шақыру деп есептей отырып және мына жағдайларды еске алып:

1) Мемлекеттік думаны сайлау жүйесі сайлауға бүкіл халықтың қатысуына мүмкіндік бермейтініп, мұның өзінде қала халқы үшін аса жоғары мүліктік ценз белгіленгендіктен пролетариаттың сайлау правосынан мүлде айрылып отырғанын, ал шаруалар, онда да тек бір бөлегі ғана, оларға әкімшілік жолымен қысым жасауға кең жол ашатын 4 сатылы жүйе бойынша сайлайтынын;—

2) бүкіл Россия қажетті азаматтық бостандықтардың бәрінен де бұрынғыша мақұрым қалып отырғанын, ал мұндай бостандықтар болмайынша сайлау алдында үгіт жұмысын жүргізу, демек, азды-көпті дұрыс сайлау өткізу де мүмкін емес екенін, сөйтіп, керісінше, қазіргі уақытта барлық жерде әкімшілік озбырлық қай уақыттағыдан да болсын артық үстем болып отырғанын, көп жерлер бірінен соң бірі соғыс жағдайында деп жарияланып отырғанын;—

және, ақырында, 3) барлық шеткері аймақтар үшін өкілдіктің бұрынғыдан да келемеж жүйесі жасалып отырғанын еске алып;—

конференция барлық ұйымдарға самодержавиелік үкімет халықты алдау үшін пайдаланбақшы болып отырған өкілдіктің барып тұрған келемеж нәрсе екенін әйгілейтін барынша қажырлы үгіт жүргізуді ұсынады, Мемлекеттік думамен қанағаттануға әзір және қазіргі шешуші кезеңде өз әрекеті, өз тактикасы арқылы революцияшыл халықтың жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі талаптарын қолдауды өзіне міндет етіп қоймаған кімді де болса халықтың нағыз сатқыны деп жариялайды.

Бұл көрсетілген талапты неғұрлым тез жүзеге асыру мақсатын көздеп, Оңтүстік конференция партия ұйымдарына мынадай тактиканы ұсынады:

1) Кең демократиялық ұйымдар құру үшін және Мемлекеттік думаға қарсы, сөз, баспасөз, жиналыс, одақтар, стачкалар бостандығын дереу енгізумен бірге бүкіл халықтық құрылтай жиналысын жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізуді көздеп, оларды бүкіл россиялық ұйымға біріктіру үшін жұмысшы пролетариат пен шаруа бұқарасы арасында пәрменді үгіт жүргізілсін.— Бұл бүкіл россиялық халықтық ұйымды құру үшін жеке фабрикалар мен заводтарда жұмысшылар сайлайтын үгіт комитеттерін құру, осы үгіт комитеттерін біріктіру, шаруалар арасында тиісті үгіт комитеттерін құру, қалалық комитеттер мен шаруа комитеттерінің арасында неғұрлым тығыз байланыс орнату, губерниялық комитеттер құру, олардың арасында байланыс орнату жолымен жүру керек.

2) Бұл ұйымның жеткілікті күші, жұмысшы бұқарасының оған сай ниғылы болған жағдайда сайлау науқаны ашылғанда

құрылтай жиналысына бүкіл халықтық сайлау ұйымдастыруға кірісу керек, осы сайлауды жүзеге асыруға бағытталған ұйымдасқан халық қозғалысының патша өкіметіне қарсы бүкіл халықтық көтеріліске жеткізетін табиғи өткел бола алатынын ескеру керек, өйткені патша өкіметінің жасамай қалмайтын қарсы әрекеті және сайлау жүргізу негізінде онымен екі арада болатын қақтығыстар көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер туғызады, ал халықты алдын ала ұйымдастыру көтерілістің барлық жерлерге тарауын және бірлігін қамтамасыз етеді.

3) Осымен бірге конференция сайлау жиналыстары бостандығын жеңіп алуға жетуді ұсынады, сайлау науқанына белсене араласуды, халықтың сайламшылар жиналыстарына араласуын, Мемлекеттік думаға сайланатын өкілдердің алдында тұрған міндеттерді сайламшылардың халықтың кең жиналыстарында, халық арасында, талқылауына кеңес береді және де социал-демократиялық партия Мемлекеттік дума сайлауына правосы бар халық топтарының революциялық жолға түсуіне жетуі тиіс; бұл жол не халықтың демократиялық ұйымдары басқарған көтеріліске қосылуда болмақ немесе, ол болмаған күнде, құрылатын Мемлекеттік думаны бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыратын немесе халықтың демократиялық ұйымдарының оны шақыруына көмектесетін революциялық жиналысқа айналдыру мақсатын көздеуде болмақ.

4) Егер Мемлекеттік думаның түпкілікті шақырылар кезінде халық қозғалысы самодержавиені құлатуға және құрылтай жиналысын ұйымдастыруға жеткізбейтін болса, Мемлекеттік думаға нақ сол бағытта қысым жасауға әзірлену керек.— Мемлекеттік думаның алдына құрылтай жиналысын шақыру туралы, сөз, жиналыс, баспасөз, одақтар бостандығын, халықтың қарулану бостандығын дереу енгізу туралы ультиматум қоюға әзірлену керек.— Осы ультиматумды саяси стачкамен және халықтың басқа да кең бас көтерулерімен қолдауға әзірлену керек.

5) Бүкіл осы тактика пролетариат пен шаруалар арасында сайлау науқанына дейін және осы науқан кезінде ұйымдастырылатын халықтық кең жиналыстарда қабылдануға тиіс.

Қарардың көп сөзділігіне байланысты редакциялық кемшіліктеріне тоқталмай-ақ қоялық. Тікелей негізгі қателерді қарастырайық.

1. Кіріспе бөлімінде қазіргі жағдайдан шығудың бірден-бір жолы туралы айтылады. Бұл арада салмақтың бар ауыртпалығы құрылтай жиналысы деген *ұғымға* түсіріледі, ал шығар «жолды», тек сөз жүзіндегі емес, *іс жүзіндегі* жол ету үшін оны *кімнің* шақыратыны туралы бірде-бір ауыз сөз айтылмайды. Бұл үндемеушілік социал-демократтардың освобождениешілдер алдын-

да тайсалғандығы болып табылады. Нақ осы монархиялық либерал буржуазияның мүдделері освобождениешілдерді тек бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақырумен ғана шектеліп, оны кімнің шақыратыны туралы мәселені *ауызға алмауға* мәжбүр етіп отырғанын біз талай рет көрсеткенбіз. Дамып келе жатқан революция нақ осы мәселені қазірдің өзінде алға қойып отырғанын, буржуазияның оппортунистік («келісімпаздық») тактикасы мен пролетариаттың революциялық тактикасының арасындағы түбегейлі айырмашылық енді нақ осында екенін біз талай рет көрсеткенбіз. Жаңа искрашылдар тактиканың негізгі мәселелерінде өздерінің су қараңғы соқыр екенін, освобождениелік ұрандарға ауып кетіп отырғанын қазір өздерінің қарарымен документ жүзінде дәлелдеп берді.

Қарардың одан арғы мазмұнында бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру туралы мәселе бұрынғыдан бетер шатастырылады. Бұл тұрғыдан Мемлекеттік думаға үміт артатын уағыздың өзі тікелей реакциялық уағыз болып табылады, ал құрылтай жиналысын «халықтың демократиялық ұйымы» шақырады дегеннің мәнісі — құрылтай жиналысы Марс планетасында тұратын халық достарының комитеті арқылы шақырылсын деп ұсыныс енгізумен бірдей.— Өздерінің жалпы орыстық конференциясында жаңа искрашылдар кешіргісіз қате жіберді, олар бүкіл халықтық құрылтай жиналысын революциялық үкіметтің шақыруын оны өкілдігі бар мекемелердің бірінің шақыруымен *теңеді*. Енді жаңа искрашылдар бұрынғыдан да артқа шегініп отыр: олар уақытша революциялық үкіметті мүлде ауызға да алмастан орағытып өтті. Неге? қандай негізге сүйенген? олардың көзқарастары қалай өзгерді?— мұның бәрі құпия қалып отыр. Тактикалық директиваларды дамытудың орнына, меньшевиктер өз конференциясында тек біресе оңға, біресе солға секіру мен бұлталақтаудың үлгісымағын көрсетіп отыр.

2. «Қанағаттануға әзір кімді де болса халықтың нағыз сатқыны», т. т. деп жариялау, нақ осындай солға қарай секіру секілді, онда да нағыз революциялық жолға қарай емес, революциялық бос сөзділікке қарай

секіру болып табылады. Біріншіден, «нағыз» (сатқын) деген шымшыма сөздің керегі не? 1847 жылы, буржуазиялық либерал ретінде Мемлекеттік думаға немесе Құрама ландтагқа барған, ал 1870—1871 жылғы соғыстан кейін социал-демократтарға өтіп кеткен Иоганн Якоби халықтың нағыз сатқыны болды ма? Думаға баратын және сәл-пәл нәрсеге қанағаттануға «әзір» қандай болсып шаруа нағыз сатқын бола ма? Екіншіден, қанағаттануға *әзір* адам, өзіне міндет қоймайтын адам, т. т. деп сатқындықтың бұл арада қойылған өлшемі ақылға сыя ма? «Әзірлік» пен «міндет қою» немен дәлелденеді, сөзбен бе, әлде іспен бе? Егер сөзбен дәлелденетін болса, онда Мемлекеттік думаға қатысатын кадеттерден («конституцияшыл-демократтардан», қазір освобождениешілдер өздерін осылай атап жүр) қол хат немесе революциялық міндеттеме алу керек (Парвус, Череванин, Мартов). Онда қарар бұл пікірді көмескілемей, айқын білдіруге тиіс. Ал егер «әзірлік» іспен дәлелденетін болса, онда қарар өз ойынша әзірлікті *қандай* «әрекеттер» дәлелдейтінін неге ашып, тіке айтпайды? Себебі, революциялық демократия мен монархиялық-либералдық демократияның арасына шек қоя білмейтін жаңа «Искраның» негізгі қатесінің қарарға әсері тиген. Үшіншіден, күресуші партияның тарапынан бағыттар немесе партиялар туралы нақтылы әңгіме етпей, адамдар туралы («кімді де болса») жалпылама әңгіме ету ақылға сыя ма? Нақ бір бағытты, қандай талаптарды қалай қолдайтынын бізге өз әрекеттерімен көрсетіп берген нақ конституцияшыл-демократтар партиясын пролетариат алдында әшкерелеу қазір біз үшін айрықша маңызды. Социал-демократиялық ұйымдардың атынан жұмысшыларға сөз салу, оларға Думаға қатысатындар туралы, Думаға сайламшылар туралы, т. с. туралы әңгіме ету — ал конституцияшыл-демократтар партиясы (және де освобождениешілдер) туралы тіс жармау дегеніңіз не лайықсыз бұлталақтау мен қулыққа салу (Парвустың немесе Череваниннің шарттары негізінде освобождениешілдерді қолдау туралы олармен жұрттың сыртынан келісім жасау), не біл-

местіктен жұмысшыларды аздырып, конституцияшыл-демократтармен күресуден бас тарту болады.

«Освобождениенің», освобождениешілдердің, земствошылардың және басқа конституцияшыл-демократтардың әрекеті туралы тарихи фактілерден өзге, бізде буржуазиялық демократтардың халықпен бірге күресуге «әзірлігін» бағалайтын ешқандай елеулі материал жоқ. Жаңа искрашылдар бұл материалға соқпай, орағытып өтіп, мағынасыз бос сөзділікке салынып отыр. Ал Плеханов болса, «Искраның» көзқарастарындағы ұйымдық көмескілік тактикалық көмескілікпен толықтырылып отырған жоқ деп бізді сендірмек болады!

Земствоның июльдегі съезінен сентябрьдегі съезіне дейінгі уақыттың ішінде конституцияшыл-демократтардың барша жұрт байқаған көрнеу оңға бет бұрыс жасауынан сезілген сатқындық істеуге «әзір тұрғанына» искрашылдар іс жүзінде көз жұмып қапа қойған жоқ, бойкотқа қарсы күресімен сол конституцияшыл-демократтарға тіпті *көмектесті* де ғой! Искрашылдар жорамал освобождениешілдерді («әзір кім де болса» т. т.) «сұмдық үрейлі» сөздермен қорқытады, ал нақтылы освобождениешілдерге өз тактикасымен көмектеседі. Бұл «Біз халықтың қанына боялған қолдан азаттық алмаймыз!» деп күпінген конституцияшыл-демократтар көсемдерінің бірі Родичев мырзаның рухына әбден сай келіп тұр (Родичев мырзаның жеке жиналыста В. Стэдке қарсы айтқан осы сөзі қазір барлық шетелдік газеттерді аралап кетті) — осылай күпіне тұра, ол бүкіл халықтық құрылтай жиналысының нақ сол қанды қолмен шақырылуын талап етеді.

3. Қарардың онан кейінгі түбегейлі қатесі — «кең демократиялық ұйымдар құрып, оларды бүкіл россиялық ұйымға біріктіру» ұранында болып отыр. Осындай ұранды ұсынған социал-демократтардың үстірттігі тура таңданарлық нәрсе. Кең демократиялық ұйымдар құру дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі екінің бірі болмақ: не социалистердің ұйымын (РСДРП) демократтардың ұйымына сіңіріп жіберу болады (жаңа искрашылдар мұны көпе-көріне істей алмайды, өйткені бұл пролетариатты түгелдей сатып кеткендік болар еді) —

немесе социал-демократтар мен буржуазиялық демократтардың белгілі топтарының уақытша бірігуі болады. Егер жаңа искрашылдар осындай бірігуді уағыздағысы келсе, олар мұны неге тура, ашып айтпайды? «құру» деген құрғақ сөзді неге бетке ұстайды? социал-демократияны буржуазиялық демократияның ішіндегі, атап айтқанда, қандай ағымдармен немесе қандай топтармен бірігуге шақыратынын неге дәл көрсетпейді? Мұның өзі іс жүзінде жұмысшы табын буржуазиялық демократияның құйыршығына сөзсіз айналдыратын, жөнсіз *тактикалық көмескілеудің* жаңа үлгісымағы емес пе?

Осы «кең демократиялық ұйымдардың» сипатына қарарда берілген жалғыз анықтама олардың екі мақсатын көрсетуде болып отыр: (1) Мемлекеттік думаға қарсы күресу және (2) бүкіл халықтық құрылтай жиналысы үшін күресу. Екінші мақсатты искрашылдардың болжыр тұжырымдаған күйінде, яғни бүкіл халықтық құрылтай жиналысын кім шақыруға тиіс екені көрсетілмеген күйінде конституцияшыл-демократтар әбден ұнатты. Демек, искрашылдар ашық айтуға ұялып, социал-демократтардың конституцияшыл-демократтармен бірігуін уағыздап отырған болды ғой?? Бірінші мақсат, жұртшылықты қасақана алдайтын россиялық заңдарда ғана қалай көмескі тұжырымдалатынын өзіміздің көріп жүргеніміздей, нақ солай көмескі тұжырымдалған. Мемлекеттік думаға қарсы күресу деген не? Егер, қарарды жазушылар бұлталақсыз пікір айтқысы келіп отыр деп жорып, мұны дәл мағынасында түсінетін болсақ, онда бұл — *Думаға бойкот жасау* деген сөз, өйткені әлі дүниеге келмеген мекемеге қарсы күресу дегеннің мәнісі — оның тууына қарсы болу деген сөз. Бірақ біз искрашылдардың бойкотқа қарсы екенін білеміз, олардың бұдан әрі енді Мемлекеттік думаға *қарсы* күресу туралы емес, Мемлекеттік думаға *қысым жасау* туралы, Мемлекеттік думаны революциялық жиналысқа айналдыруға ұмтылу туралы, т. с. туралы әңгіме ететінін қарардың өзінен көріп отырмыз. Демек, «Мемлекеттік думаға қарсы күресу» деген сөздерді дәлмедәл, тар мағынасында түсінбеу керек. Ал олай болса,

енді қай мағынада түсінеміз? Мемлекеттік думаны сынап рефераттар оқитын М. Ковалевский мырзаның мағынасында түсіну керек емес пе? Мемлекеттік думаға *қарсы* күрес деп дәл нені атау керек? Бұл жағы құпия қалып отыр. Біздің былықпайлар бұл туралы тіпті еш нәрсені де ашып айтпаған. Конституцияшыл-демократтармен келісім жасау тактикасына, белгілі шаттармен Думаны қолдау тактикасына өшпенділікпен қарайтыны сөзсіз саналы жұмысшылардың пиғылын білетін болғандықтан, біздің жаңа искрашылдар қорқа соғып, аралық жолды таңдады: бір жағынан, пролетариат арасында әйгілі болған «Мемлекеттік думаға қарсы күресу» деген ұранды қайталады, екінші жағынан, бұл ұранның дәл мағынасын бермей, көзге топырақ шашып, Думаға қарсы күресті, Думаға қысым жасау т. с. мағынасында түсіндірді. Ал осы бейшара сандырақты искрашылдардың ең ықпалды ұйымдары осындай кезеңде, освобождениешілдер кеудесін соғып: Мемлекеттік думаға қатысқанда тек күресу үшін ғана, түгелдей күресу үшін ғана қатысамыз, үкіметтен біржола қол үзуге «дайынбыз» деп бүкіл Европаға жар салып жүрген кезде ұсынып отыр!

Біз оқушылардан мынаны сұраймыз: социал-демократияның тактикасында бұдан артық масқара түрлаусыздық бұрын-соңды болды ма екен? Социал-демократия үшін освобождениешілдерді тіке атамастан, сол *освобождениешілдермен бірге* (өйткені мұндай ұйымдардың искралықша баяндалған мақсаттарына конституцияшыл-демократтар қосылады) «кең демократиялық ұйымдар құру» деген осы уағыздан асқан қатерлі нәрсені ойлап табуға бола қояр ма екен??

Ал искралық «ұйымдық бұлыңғырлықты» екі жылға жуық қорғауымен барлық революцияшыл орыс социал-демократтарының алдында өзінің қадірін кетірген Плеханов енді жаңа искралық тактика жақсы-ақ деп бізді сендірмекші болады!..

4. Сонан соң. Кең (және бытыраңқы) демократиялық ұйымдардың қосылуын «бүкіл россиялық халықтық ұйым» немесе «халықтың демократиялық ұйымы» деп атау ақылға тым сыйымсыз нәрсе. Бұл ең алдымен

теория жағынан дұрыс емес. Жұртқа мәлім, «экономистер» партияны таппен шатастырып, алжасқан болатын. Искрашылдар, ескі қателерді қайта жаңғыртып, енді демократиялық партиялардың немесе ұйымдардың жиынтығын халықтың ұйымымен шатастырып отыр. Мұның өзі мағынасыз, жалған, зиянды сөз. Бұл мағынасыз, өйткені белгілі бір демократиялық партиялар немесе ағымдар көрсетілмегендіктен мұнда ешқандай белгілі бір мағына жоқ. Ол жалған, өйткені капиталистік қоғамда тіпті алдыңғы қатарлы тап пролетариаттың өзі бүкіл тапты қамтитын партия құра алмайды,— ал бүкіл халық жөнінде жалпы сөз қозғаудың қажеті де жоқ. Бұл зиянды, өйткені оның өзі даурықпа сөзбен басты қатырады, шын демократияшыл партиялардың шын маңызын, олардың таптық негізін, олардың пролетариатқа жақындық дәрежесін, т. т. түсіндіру жөніндегі нақтылы жұмысты алға қоймайды. Атап айтқанда, нақ қазір, демократиялық, қоғамдық-экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық, революция дәуірінде социалист-революционерлерге дейінгі буржуазияшыл демократтардың, барлық әлгі конституцияшыл демократтардың, т. т. «кең демократиялық ұйымдарды» уағыздауға, жалпы бейпартиялықты яғни демократтардың арасында қатал шектелудің болмауын тікелей немесе жанамалап, ашық немесе астыртын дәріптеуге бейімділігі ерекше күшті. Пролетариаттың саналы өкілдері бұл тенденцияға қарсы батыл, аяусыз күресуге тиісті, өйткені өзінің түпкі мәні жөнінен ол мейлінше буржуазиялық болып табылады. Біз партиялық дәл айырмашылықты алдыңғы қатарға қоюға тиіспіз, қандай шатастырушылықты болса да әшкерелеп отыруға тиіспіз, бейне біртұтас, кең демократизм туралы құрғақ сөздердің жалғандығын, біздегі либералдық газеттердегі толған жел сөздердің жалғандығын көрсетіп отыруға тиіспіз. Нақтылы міндеттерді орындау үшін демократияның белгілі бір топтарымен бірігуді ұсынғанда, біз бір ғана *революциялық* демократияны бөліп алуға тиіспіз,— әсіресе қазіргідей уақытта,— біз самодержавиемен күресуге (дәл қазір революциялық армияның қатарында күресуге) неғұрлым анық «дайын» адамдарды

самодержавиемен саудаласуға «дайын» адамдардан ажырататын белгілерді көрсетіп отыруға тиіспіз.

Искрашылдардың қатесін өздеріне анықтаңқырап түсіндіру үшін оңайлау мысал алайық. Біздің программада шаруа комитеттері туралы айтылады. РСДРП III съезінің қарары оларды революциялық шаруа комитеттері деп атап, олардың маңызын дәлірек анықтайды (бұл жөнінде III съезге, шын мәніне келгенде, жаңа искралық конференция да қосылады). Біз жалпы демократиялық өзгерістерді және соның ішінде помещиктік жерлерді *конфискелеуге дейін* баратын аграрлық өзгерістерді *революциялық жолмен* жүзеге асыруды солардың міндеті етіп қойдық. Енді искрашылдар қарарда тағы да жаңадан «шаруалар арасында үгіт комитеттерін» құруды ұсынып отыр. Мұның өзі — социалистік жұмысшыларға емес, либерал буржуаға лайықты кеңес. Мұндай «шаруалардың үгіт комитеттері», құрыла қалған күнде, бүтіндей освобождениешілдерге қолайлы болар еді, өйткені комитеттер революциялық сипаттың орнына либералдық сипат алар еді: біз жоғарыда көрсетіп өттік, бұл үгіт комитеттерінің үгітінің искраша белгіленген мазмұны (Мемлекеттік думаға «қарсы» және бүкіл халықтық құрылтай жиналысы үшін күресу) освобождениелік программаның шеңберінен шықпайды. Революциялық шаруа комитеттерінің ұранын «шаруалардың үгіт комитеттерінің» ұранымен толықтырамыз деп социал-демократиялық ұрандарды освобождениелік ұрандарға айналдыратыны жаңа искрашылдарға енді айқын ба екен?

5. Ақырында, біз осы «бүкіл россиялық халықтық ұйымның» басты міндеті — құрылтай жиналысына бүкіл халықтық сайлау ұйымдастыру міндетіне де таяп келеміз. Самодержавие тұрғанда — бүкіл халықтық сайлау ұйымдастырмақ! Және де самодержавиемен арадағы «қақтығыстар» «көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер» туғызады... Көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер ретіндегі нағыз ойыншық сайлау осындай-ақ болар!

«Революциялық өзін өзі басқару» ұраны, құрылтай жиналысының «өз бетінше тууы» жөніндегі теория

лажсыздан осы мағынасыздыққа әкеліп соқтырады, мұның өзі мағынасыздықтың классикалық үлгісі боларлықтай. Треповтар үстемдік құрып тұрғанда, яғни көтеріліс жеңгенге дейін, патша өкіметі іс жүзінде құлатылғанға дейін бүкіл халықтық сайлау туралы әңгіме ету дегеніңіз жұмысшылардың санасына адам айтқысыз азғындық енгізуге ғана жарайтын асқан маниловшылдық болып табылады. Жел сөздің үстем болуына жаңа «Искра» әдеттендірген адамдар ғана осындай ұрандарды — байсалды сын жанасса-ақ қаусап түсетін ұрандарды қабылдай алады. Сөздің шын мағынасында алғанда *бүкіл халықтық* сайлау дегеннің не екенін сәл ғана ойласа, бұл сайлаудың үгіт бостандығын да, бүкіл халықты хабардар етуді де, бүкіл халықтың тізімдерін жасап, шын мәнінде барша жұрттың пікірін сұрастыратын орталықты немесе жергілікті орталық орындарды бүкіл халықтың тануын да керек ететінін еске түсірсе,— осыған аз ғана ой жүгіртсе болғаны, мұның өзі «Искра» жобалап жүрген «бүкіл халықтық сайлауды» бүкіл халықтық ойыншық деп немесе бүкіл халықтық шарлатандық деп есептеуге жеткілікті. «Бүкіл халықтың сайламшысы» деген атаққа азды-көпті лайықты бірде-бір депутаттың яғни өзіне нағыз еркін, саналы түрде берілген 50—100 мың дауыс жинаған мұндай *бірде-бір* депутаттың «сайлау науқаны ашылғанда» Россияның еш жерінде де сайлануы мүмкін емес.

Искралық қарар пролетариатқа *комедия ойнауға* кеңес беріп отыр, сондықтан ешқандай ескертулер мен сылтаулар осы комедианттық қарардың маңызын өзгерте алмайды. Бізге сайлау тек «ұйымның күші жеткілікті болған күнде» ғана, «алдын ала ұйымдастыру оның (көтерілістің) барлық жерде болуын және бірлігін қамтамасыз еткен» кезде ғана жүргізіледі дегенді айтады. Біздің берер жауабымыз: күш, сөзбен емес, іспен дәлелденеді. Көтеріліс жеңгенге дейін, келемеж болам демейінше, «бүкіл халықтық сайлауды» жүргізу жағын былай қойғанда, тіпті оны жариялауға жарамды күш туралы әңгіме етудің өзі де кісі күлетін нәрсе. Егер (1) бұл ұйым көтеріліске шын қабілетті адамдардан құралмаған болса (ал біз қарардың әншейін

«кең», яғни іс жүзінде освобожлениелік ұйымдарды уағыздайтынын көрдік, бұл ұйымдар көтеріліс басталған күнде оған сөзсіз опасыздық істер еді); (2) көтерілістің жеңуі үшін керекті күш жоқ болып шықса (ал жеңу үшін қоғамдық пікірдің, халық игілігінің, т. с. моральдық күшінен басқа революциялық армияның материалдық күші керек), ұйым қаншама барлық жерде болса да, қаншама бірлігі берік болса да, көтерілістің жеңуін «қамтамасыз» ете алмайды. Осы моральдық күшті, «бүкіл халықтық» деген осы даурықпа сөздерді алдыңғы қатарға қоя отырып, жауынгерлік үндеуде тікелей материалдық күшті *ауызға алмау* — пролетариаттың революциялық ұрандарын буржуазиялық-демократиялық жел сөзге дейін төмендеткендік болады.

Ойыншық сайлау дегеніміз көтеріліске жеткізетін «табиғи» өткел емес, *жасанды* өткел, ат төбеліндей интеллигенттер ойлап шығарған өткел болып табылады. Мұндай жасанды өткелдерді ойлап шығару — бұрынғы надеждиндік кәсіпке. «бұқараны қоздырушы» террорды ойлап шығаруға ұқсас кәсіп болады. Жаңа искрашылдар да халықты көтеріліске жасанды түрде «қоздырғысы», құлшындырғысы келеді,— мұның өзі түп негізінен жалған идея. Біз нағыз бүкіл халықтық ұйым құра алмаймыз; самодержавие тұсында біз белгілемек болған сайлау сөзсіз комедия болып қала береді, ал мұндай *ойдан шығарылған* себепті көтеріліс үшін қолдану дегеніңіз — халықта *шын* құлшыну болмаған шақта көтерілісті декрет арқылы белгілеумен барабар болады. Пролетариаттың революциялық белсенділігіне сенбейтін адамдар ғана, өткір сөздерді қуалап кететін интеллигенттер ғана 1905 жылғы сентябрьде «көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер» ойлап шығаруға кірісе алады. Біздің Россияда көтеріліс үшін, бейнебір комедиялық емес, *нағыз* себептер аздай-ақ, бұқараның жасанды, жалған емес, нағыз *құлшыныс* көрсеткен кездері аздай-ақ! Ойыншық сайлау бұқараны ешқашан да құлшындырмайды. Ал енді стачка, не демонстрация, не әскери бүлік, не студенттер паразылығының елеулі түрде бұрқ етуі, не аштық, не мобилизация, не Мемлекеттік думадағы жанжал, т. т., т. т., т. т. бұқараны үне-

мі, сағат сайын, шындап *құлшындыра* алады. «Көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер» ойлап шығару ниетінің өзі ғана асқан ақымақтық екені былай тұрсын, тіпті басқаны емес, бұқараны шындап құлшындыратын белгілі бір себепті күн ілгері көрсету ниетінің өзі де ақылға сыйымсыз болар еді. Өзін азды-көпті қадірлейтін, өз сөзіне азын-аулақ байсалды қарайтын адамдар «көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер» ойлап шығаруға ешқашан да баспайды.

Аса құрметті Маниловтар-ау, жетіспеушілік «жаңа себептерде» емес, әскери күште, революцияшыл халықтың (жалпы халықтың емес) әскери күшінде, бұл күш: 1) қарулы пролетариат пен шаруалардан, 2) осы таптардың өкілдерінен құралған ұйымдасқан алдыңғы қатарлы отрядтардан, 3) халық жағына шығуға әзір тұрған әскери бөлімдерден құралады. Бәрін қосып алғанда, нақ осылар *революциялық армия* болып табылады. Көтеріліс туралы, оның күші туралы, көтеріліске жеткізетін табиғи өткел туралы әңгіме ете отырып, революциялық армияны ауызға алмау,— әсіресе контрреволюциялық армия сақадай сайланып тұрған кезде оны ауызға алмау — сандырақ пен шатасқандық болады. Кавказ бен Қара теңіздегі, Польша мен Ригадағы көтерілістер дәуірінде «көтеріліске қозғау салатын жаңа себептер» ойлап шығару дегеніңіз — өз қауашағында әдейі тұйықталып, қозғалыстан шет қалғандық болады. Біз жұмысшылар мен шаруалардың аса күшті толқуын көріп отырмыз. Біз бірқатар жерлерден көтерілістің бұрқ еткен ұшқындарын көріп отырмыз, бұлар 9 январьдан бастап ауқымдылығы, күші мен табандылығы жағынан ұдайы, орасан шапшаңдықпен өсіп келеді. Күні ертең осы бұрқ еткен ұшқындар кез келген ірі қалада, кез келген әскери лагерьде, кез келген деревняда қайталанбайды деп ешкім кепілдік бере алмайды. Қайта, барлық айғақтар мұндай бұрқ еткен ұшқындардың тұтануы ықтимал, жақын, сөзсіз екендігіне келіп саяды. Бұлардың табысты болуы, 1-ден, *революциялық* үгіт пен ұйымның,— «Искраның» мылжыңдап жүргеніндей «кең демократиялық» емес, нақ революциялық үгіт пен ұйымның табыстарына байланысты, өйткені

демократтардың арасында революционер еместер толып жатыр. Бұлардың табысты болуы, 2-ден, революциялық армияның күші мен әзірлігіне байланысты. Бірінші шартты жұрттың бәрі әлдеқашан таныған және оны бүкіл Россиядағы барлық революционерлер үйірменің, топтың әрбір жиналысында, жедел жиында, шағын жиында жүзеге асырып келеді. Екінші шарт әлі өте-мөте аз танылған. Өзінің таптық жағдайына қарай либерал буржуазия бұл шартты танығысы келмейді және тани алмайды да. Революционерлердің ішінен мұны біржолата монархиялық буржуазияның соңында үмітсіз салпаңдаушы адамдар ғана аузына алмайды.

Көтеріліс — мәні өте үлкен сөз. Көтеріліске шақырған үндеу — өте-мөте елеулі үндеу. Қоғамдық құрылыс неғұрлым күрделі болған сайын, мемлекеттік өкіметтің ұйымдасуы неғұрлым жоғары болса, соғыс техникасы неғұрлым кемелденген болса, мұндай ұранды ұшқалақтықпен ұсына салу соғұрлым жөнсіз болмақшы. Сондықтан біз революцияшыл социал-демократтардың бұл ұранды ұсынуға көптен бері әзірлеп келгенін, бірақ тікелей үндеу ретінде тек революциялық қозғалыстың маңыздылығы, ауқымдылығы, тереңдігі жөнінде ешқандай күмән болуы мүмкін емес кезде ғана, істің түйіні шын мәнісінде шешілуге таяғандығы жөнінде ешқандай күмән болуы мүмкін емес кезде ғана ұсынғанын бірнеше рет айтқан болатынбыз. Мәні үлкен сөздерді абайлап қолдану керек. Оларды үлкен істерге айналдырудың қиыншылықтары орасан зор. Дәл сондықтан да бұл қиыншылықтардан құрғақ сөздермен жалтарып кету, елеулі міндеттерден маниловшыл қиялдан шығарған бірдеңелермен қашқақтау, осы қиын міндеттерге апарады-мыс дейтін «табиғи өткелдер» туралы тәтті қиялға шомып түк көрмеу кешірілмес іс болар еді.

Революциялық армия — бұл да мәні үлкен сөз. Оны құру — қиын, күрделі де ұзақ процесс. Бірақ бұл процестің қазірдің өзінде басталғанын және барлық жерде үздік-создық жүріп жатқанын көргеннен кейін,— мұндай армиясыз революцияның шын жеңуі *мүмкін емес* екенін білгеннен кейін,— біз батыл, тіке ұран ұсынуға, оны уағыздауға, саясаттың қазіргі көкейтесті

міндеттерінің тетігі етуге тиіспіз. Қоғамдық-экономикалық дамудың жағдайларына сәйкес төңкерістің толғағы әбден жеткен кезде, бұл төңкерісті жасау үшін революцияшыл таптардың қашан да жеткілікті күші болады деп ойлау қате болар еді. Жоқ, адамзат қоғамы алдыңғы қатарлы элементтер үшін ақылға онша сыйымды, онша «қолайлы» болып құрылмаған. Төңкерістің толғағы жетуі ықтимал, бірақ осы төңкерісті революциялық жолмен жасаушылардың күші оны жүзеге асыруға жеткіліксіз болып шығуы мүмкін,— онда қоғам шіриді және бұл шіру кейде талай ондаған жылдарға созылып кетеді. Россияда демократиялық төңкерістің толғағы жеткендігі күмәнсыз нәрсе. Бірақ қазір революцияшыл таптардың оны жүзеге асыруға күші жете ме, жоқ па,— бұл әлі белгісіз. Мұны күрес шешеді, оның шиеленісер кезеңі,— егер бірсыпыра тіке және жанама нышандар бізді алдамайтын болса,— орасан шапшаңдықпен жақындап келеді. Моральдық жағынан басымдылығымыз күмәнсыз, моральдық күшіміз қазірде орасан зор, онсыз, әрине, ешқандай төңкеріс туралы сөз етуге болмас еді. Бұл күш — қажетті шарт, *бірақ әлі де жеткіліксіз* шарт. Ал мұның өзі самодержавиенің өте-мөте күшті қарсылығын (бұған көз жұмып қарамай-ақ) күйретуге жеткілікті материалдық күшке айнала ма, жоқ па,— мұны күрес нәтижесі көрсетеді. Көтеріліс ұраны мәселені материалдық күшпен шешу ұраны болып табылады,— ал қазіргі европалық мәдениетте тек әскери күш қана осындай күш болады. Төңкерістің жалпы шарттары пісіп жетілмейінше, бұқараның құлшыныс көрсетуі және қимыл-әрекетке әзірлігі анық байқалмайынша, сыртқы жағдайлар айқын дағдарысқа жеткізбейінше, бұл ұранды ұсынуға болмайды. Ал егер мұндай ұран ұсынылған екен,— онда одан кейін шегіну, тағы да моральдық күшке қарай, тағы да көтеріліс үшін негіздің өсу шарттарының біріне қарай, тағы да «ықтимал өткелдердің» біріне қарай, т. т. және т. с. қарай кейін шегіну тіпті масқаралық болар еді. Жоқ, егер жеребе тасталған екен, онда жалтару дегенді қою керек, ойдағыдай төңкеріс жасаудың практика-

лық шарттары қазір қандай екенін нағыз қалың бұқараға тура және ашық түсіндіру керек.

Біз искралық қарардың барлық қателеріп әлі түгел көрсеткеп жоқпыз, бұл қарар,— «кезеңін аңдумен» тынатындар емес, ой жүгірте білетіндер үшін,— социал-демократияның міндеттерін қорлаудың түңілерлік ескерткіші болып көпке дейін қалады. Бізге түпкі жалғандықтың барлық, тіпті, біршама ұсақ көріністерінің бәрін тізіп жатқаннан гөрі қателердің негізгі түп тамырларын анықтау анағұрлым маңызды болып көрінеді. Сондықтан біз *Думаға* «ультиматумдар» қою туралы (әзірленген әскери күш жоқ жағдайда бұл өзі оңбаған мақтаншылық болып естілетін әскери сөз), *осы Думаны* революциялық жиналысқа айналдыруға ұмтылу туралы идеяның ерсі және реакциялық идея екенін тек *жол-жөнекей* көрсетіп өтеміз де *, «халықтың революциялық өзін өзі басқаруы» деген ұранның жалпы маңызына көшеміз.

«Искраның» барлық толқуларының тамыры осы ұранда, немесе, дәлірек айтқанда, мұны басты ұранға айналдыруында болып отыр. «Искра» бұл ұранды «диалектикаға» сүйену арқылы қорғауға әрекеттенді,— бұл бастапқыда Плеханов «Искраның» «ұйымдық бұлыңғырлығын» қорғауға, ал кейін әшкерелеуге пайдаланған плехановтық диалектиканың өзі болатын.

Біз халықтың революциялық өзін өзі басқаруы көтерілістің прологы емес, оған жеткізетін «табиғи өткел» емес, эпилогы болып табылады дегенбіз. Көтеріліс жең-

---

* Егер біз патша өкіметіне қарсы болашақтағы батыл күресте күшті болып шықсақ, онда Мемлекеттік дума сөзсіз солға бет бұрады (ең болмағанда оның либералдық бөлегі бет бұрады, реакциялық бөлегі туралы айтып отырған жоқпыз), ал Мемлекеттік думаға патша өкіметін қиратудан *өзге* мықты ықпал жасауға әрекеттену — мәселен, Россияның әскери күшін қиратудан *өзге*, Жапонияның Қытайға «ультиматумдар» қоюы немесе Қытайдың көмегіне елеулі мән беруі қандай ақымақтық болса, мұның өзі нақ сондай ақымақтық болады. 1848 ж. 18 марттан кейін пруссиялық Мемлекеттік дума (Құрама ландтаг) құрылтай жиналысын шақыру туралы қағазға лезде «қол қоя салды», ал бұған дейін революционерлердің барлық «ультиматумдары» және олардың Мемлекеттік думаға ықпал жүргізбек болған барлық «талаптары», олардың барлық қоқан-лоққылары мемлекеттік Думада мәжіліс құрушы Петрункевичтер, Родичевтер, Милюковтар, т. с. үшін бос сөз болып келген еді.

бейінше нағыз және толық өзін өзі басқару туралы шындап әңгіме етуге де болмайды. Сондықтан біз былай деп қосымша пікір айттық: күштің денін мемлекетті орнатуға емес, мемлекетті басқаруға жұмсау жөніндегі пікірдің өзі реакциялық пікір, революциялық өзін өзі басқаруды революциялық армиямен бара-бар деп қарау барып тұрған сандырақ болады, революциялық армия жеңгеннен кейін революциялық өзін өзі басқаруды сөзсіз керек етеді, ал революциялық өзін өзі басқару революциялық армияның болуын міндетті шарт етіп қоймайды.

«Искра» өзі ойлап шығарған ұрандардың шым-шытырығын өздігінен болатын стихиялық процестің «диалектикасына» сүйеніп қорғауға тырысты. Өмір дегенде дәлме-дәл шекара болмайды деседі олар. Жұмысшылар биржалары қазірде де бар («Социал-Демократ» [136], № 12), өзін өзі басқарудың элементтері, міне, осы. Дамудың диалектикалық процесінде пролог пен эпилог көбінесе бірімен бірі тоғысып жатады, деседі.

Бұл соңғысы мүлде әділ пікір. Рас, шын даму процесі *қашан да* шалыс жүріп, эпилогтың шет пұшпақтарын нағыз прологтан бұрын шығарып отырады. Бірақ бұдан саналы партияның көсемі күрес міндеттерін *шатастыруына* болады, прологты эпилогпен шатастыруына болады деген ұғым туа ма? Шатыс стихиялық процестің диалектикасы саналы социал-демократтардың логикасындағы шатасушылықты ақтай ала ма? Мұның өзі Маркстің ұғымындағы диалектиканы Плехановтың ұғымындағы диалектикамен ауыстырғандық болып шықпай ма?

Пікірімізді неғұрлым айқындай түсу үшін мысал келтірейік. Әңгіме демократиялық емес, социалистік төңкеріс туралы болып отыр дейік. Дағдарыс пісіп жетіліп, пролетариат диктатурасының заманы жақындап келеді. Міне, сонда оппортунистер: тұтыну қоғамдары болсын деген ұранды, ал революционерлер: саяси өкіметті пролетариат жеңіп алсын деген ұранды алға қояды. Оппортунистер былай деп таласады: тұтыну қоғамдары — пролетарлардың нақтылы күші, нақтылы экономикалық позицияны жеңіп алу, социализмнің на-

ғыз бір бөлшегі; сіздер, революционерлер, диалектикалық дамуды, капитализмнің социализмге осылай ұласатынын, социализм ячейкаларының капитализмнің өз ішіне осылай еніп кететінін, жаңа социалистік мазмұнның капитализмді кеулеп бос қалдыратынын түсінбейсіздер, дейді.

Иә, дейді революционерлер, тұтыну қоғамдары белгілі бір мағынада социализмнің бір бөлшегі екеніне келісеміз. 1-ден, социалистік қоғам тұтыну үшін жоспарлы түрде ұйымдастырылған өндірісі бар үлкен бір тұтыну қоғамы болып табылады; 2-ден, әр тарапты, қуатты жұмысшы қозғалысы болмайынша, социализмді жүзеге асыру мүмкін емес, ал оның осы көп жақтарының бірі сөзсіз тұтыну қоғамдары болып табылады. Бірақ әңгіме мұнда емес. Өкімет буржуазияның қолында қалып отырғанда, соған дейін тұтыну қоғамдары—ешқандай елеулі өзгерістерге кепіл бола алмайтын, ешқандай батыл өзгеріс енгізбейтін, кейде тіпті төңкеріс жолындағы елеулі күрестен басқаға алаңдататын түкке тұрғысыз бөлшек болып қала береді. Жұмысшылардың тұтыну қоғамдарында алатын дағдылары өте пайдалы, бұған талас жоқ. Бірақ өкіметтің пролетариаттың қолына көшуі ғана бұл дағдыларды ықтияттап қолдану үшін өріс туғызады. Сонда тұтыну қоғамдарының жүйесі қосымша құнды да өз қарауына қосып алады; қазір осы пайдалы нәрсені қолдану саласы жалақының мардымсыз мөлшерімен барынша қатты тарылып отыр. Ол кезде бұл өзі нағыз еркін қызметкерлердің тұтыну одағы болады; қазір бұл капитал жаныштап, тұншықтырған жалдама құлдардың одағы. Сонымен, тұтыну қоғамдары — социализмнің бір бөлшегі. Дамудың диалектикалық процесі шындығында капитализм шеңберінің өзінде-ақ жаңа қоғамның элементтерін, оның материалдық та, рухани да элементтерін енгізе береді. Бірақ социалистер бөлшекті бүтіннен айыра білуге тиіс, өздерінің ұраны етіп бөлшекті емес, *бүтінді* ұсынуға тиіс, нағыз төңкерістің негізгі шарттарын көп реттерде күрескерлерді нағыз революциялық жолдан тайдырып жіберетін ішінара жамау-жасқауға қарсы қоюға тиіс.

«Искра» қалай ойлайды екен, бұл таласта кімдікі дұрыс?

Демократиялық төңкеріс дәуіріндегі «революциялық өзін өзі басқару» ұраны жөнінде де нақ осылай болып отыр. Біз революциялық өзін өзі басқаруға қарсы емеспіз, біз оған өзіміздің программа-минимумымызда әлдеқашан белгілі қарапайым орынды бөліп қойғанбыз (кең көлемде жергілікті өзін өзі басқару туралы параграфты қараңыз), біз — мұның өзі демократиялық төңкерістің бір бөлшегі екендігіне келісеміз, Смоленск думасын мысалға алған «Пролетарий» өзінің 15-номерінде осылай деп көрсеткен болатын*. Әр тарапты, қуатты демократиялық қозғалыс болмайынша, демократиялық төңкеріс мүмкін болмас еді, ал оның осы көп жақтарының бірі өзін өзі басқару жөніндегі қозғалыс болып табылады. Бірақ демократиялық төңкеріс, мысалы, революциялық мектеп болмайынша да мүмкін болмас еді, ал мұның өзі полицияның дегеніне қайшы жұмысшы биржалары сияқты, дін басылары арасындағы толқу сияқты, заңға қайшы құрылып отырған жергілікті өзін өзі басқару сияқты, т. б. сияқты, патша өкіметінің іс жүзінде ыдырауының күмәнсыз белгісі болып табылады. Бұдан қандай қорытынды шығады, «Искрадағы» жолдастар, ойлап қараңыздаршы! Осы ыдыраудың бөлшектерінің бәрін жинақтап көтерілістің тұтас ұраны етіп қорыту керек деген қорытынды ма? әлде ыдыраудың бір бөлшегімен, өзін өзі басқарумен байланыстырып, көтеріліс ұранының тұрпатын бұзу керек деген қорытынды ма?

«Революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру немесе, бұл да нақ соның өзі, көтеріліс үшін халық күштерін ұйымдастыру»,— деп жазды батыл «Искра» (№ 109, 2-бет, 1-бағана). Мұның өзі былай деумен бірдей: революциялық мектепті ұйымдастыру дегеніміз көтеріліс үшін күштерді ұйымдастыру болып табылады, дін басылары арасында толқу ұйымдастыру дегеніміз көтеріліс үшін күштерді ұйымдастыру болып табылады, тұтыну қоғамдарын ұйымдастыру дегеніміз социалистік төңкеріс үшін күштерді ұйымдастыру болып

* Қараңыз: осы том, 222—223-беттер. *Ред.*

табылады. Жоқ, «Искрадағы» жолдастар, сіздер нашар диалектиксіздер. Сіздер, өз көзқарастарыңыздағы ұйымдық және тактикалық бұлыңғыр мәселе жөнінде, Плехановша бұлаң құйрыққа салып, жалтара беруді жақсы білсеңіздер де, диалектикалық тұрғыдан пайымдай білмейсіздер. Сіздер көтеріліс жеңген жағдайда төңкерістің осы бөлшектерінің бәрі көтерілістің тұтас, қалыптасқан «эпилогы» болып сөзсіз бірігетінін, ал көтеріліс жеңбейтін болса, бөлшектер бөлшек күйінде қалатынын, тек филистерлерді ғана қанағаттандыратын, еш нәрсені өзгертпейтін дәрменсіз бөлшек күйінде қалатынын байқамадыңыздар.

Мораль: 1) Социал-демократия оппортунистерінің социалистік төңкерістің қарсаңында да, демократиялық төңкерістің қарсаңында да ұлы процестің ұсақ бөлшектерінің бірін әулие көріп аузынан тастамайтын, бұл бөлшекті бүтінге балап, бүтінді осы бөлшекке бағындырып, осынысымен бүтіннің тұрпатын бұзатын, осының салдарынан дәйексіз және үрейшіл реформистердің құйыршығына айналып кететін жаман әдеттері бар. 2) Әрқашан да және міндетті түрде шым-шытырық болатын стихиялық процестің диалектикасы логикалық қорытындылар мен саяси ұрандардың шатасушылығын ақтай алмайды, ал бұлар көбіне-көп (бірақ міндетті түрде емес) шатастырылған болып жүр.

P. S. Оңтүстік құрылтай конференциясы қарарларының шетелдік искралық басылымын алғанымызда бұл мақала беттеліп қойылған еді. Мемлекеттік дума туралы қарардың тексті Россияда басылған және жоғарыда біз көшіріп басқан текстіден біраз өзгешелеу. Бірақ бұл өзгешеліктер айтарлықтай емес және біздің сынымызға ешбір нұқсан келтірмейді.

«Пролетарий» № 21,
17 (4) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

М. БОРИСОВТЫҢ «КӘСІПШІЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ЕСКЕРТУ [137]

Редакциядан. Біз Россияда жұмыс істеуші жолдастың осы мақаласын зор ықыласпен басып отырмыз, өйткені кәсіпшілік одақтары туралы мәселені жан-жақты талқылау қазір күн тәртібінде тұр. Социал-демократиялық кәсіпшілік одақтарының орыс жағдайларына неғұрлым сай келетін формаларын белгілеуге марксизм теориясынан үнемі бағыт-бағдар алып отыратын бүкіл партияның тәжірибесі ғана көмектесе алады. Бізге дұшпандардың беретін сабақтарын да пайдалану керек. Жұмысшыларды социализмнен «таза», яғни буржуазиялық тред-юнионизмге қарай бұрып жібереміз бе деген үмітпен бүкіл дүние жүзінің буржуазиясы Кёльндегі съездің цехтық тенденцияларына мәз-мейрам болып қуанды. Россияда тіпті «Московские Ведомости» де қазір осы әуенге басуды үйреніпті. Ал егер буржуазия «ақылға сыйымды» кәсіпшілік қозғалысы жөнінде біздің қайсыбірімізді «жолын енді тапты» деп, немесе «ынталылық» көрсетті деп мақтай бастаса, онда мұның өзі біздің жұмысымызда олқы жерлер бар екенін көрсететін айқын белгі болады. М. Борисов жолдас, мұндай олқылықтарға ешбір жол бермей, мәселені біздің социалистік борышымызды жан-жақты орындарлықтай етіп, нақ осылай қойып отыр.

«Пролетарий» № 21.
17 (4) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ДУМА ЖӨНІНДЕГІ ЛИБЕРАЛДЫҚ ҮМІТТЕР

Либералдар Думаның құрамы жайында жұртта жақсы үміт туғызуға тырысады. «Франкфурт Газетінің» тілшісі Петербургтен жаңаша 14 октябрьде былай деп жазады: «Сайлауға қазіргі әзірлік жиналыстарының нәтижелеріне қарағанда: Думаның құрамы бастапқы ойлағандай соншалықты жаман болып шықпайды деген қорытындыға келесіз. Қазірдің өзінде-ақ консервативтік элементтің өзі Думаның жартысы бола қоюы екі талай деп белгілі бір болжаммен жорамалдауға болады. *Баяу либералдар* мен *либералдардың* сайлану мүмкіншіліктері бәрінен көп, ал радикалдардың мүмкіншіліктері бұлардан анағұрлым аз, дегенмен, радикалдардың болашаққа август айында-ақ сенімсіздікпен қараған түңілушілігі тұрғысынан алғанда бұларды да біршама жақсы деп атауға болады. Радикалдардың Думада оншама әлсіз болмайтындығына күмәндануға бола қояр ма екен. Мәселе тек олардың либералдар мен баяу либералдарды өзінің соңынан қаншалықты ерте алатындығында, өйткені егер осы үш элемент өзара бірігіп консервативтік топқа қарсы шыққан күнде ғана құрылтай жиналысы қамтамасыз етіледі».

Радикалдар — бұл күмәнсыз кадеттер. Олардың Питердегі кандидаттары — Набоков, Кедрин, Винавер. Хаттың авторы «баяу либералдар» деген сөзге жөнді дәл анықтама бермейді, бірақ кандидаттардың ішінде Федоров («нағыз» консерватор, «алайда оны либералдар да жақтаған болар еді»!) пен Никитин (оңшыл

кандидат және сонымен бірге баяу-либерал кандидат) аталады.

Сонымен, либералдарды да, баяу либералдарды да «радикал» освобождениешілдердің басшылығына бағындырған жағдайда құрылтай жиналысы «қамтамасыз» етілетін көрінеді... Либерал оптимистер шынымен-ақ «тал қармаған» жағдайда екен. Алайда олардың тіпті Мемлекеттік думаның көпшілігі құрылтай жиналысын қолдап дауыс бергеннің өзінде де іс жүзінде «қамтамасыз етілетіп» әлі құрылтай жиналысы емес, тек оны болдыру жолындағы батыл революциялық күрес қана қамтамасыз етілетіндігін көрмейтін соқырлығы бәрінен гөрі оғаш болып отыр. Конституцияшыл-демократ мырзалардың самодержавиені де (жария Думадағы жария оппозиция), революцияны да (құрылтай жиналысы үшін «бейнеттенгенбіз») тел емгісі келеді.

1905 ж. 9 (22) октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

МОСКВА ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАРЫ

Москва пролетариатының саяси стачкада және көше бойындағы күресте сондай айқын көрінген революциялық өрлеуі әлі басылған жоқ. Стачка жүріп жатыр. Мұның өзі ішінара Петербургті шарпыды, онда өздерінің москвалық жолдастарына тілектестік білдіріп, әріп терушілер ереуіл жасауда. Қазіргі қозғалыс тасқынның келесі толқынына дейін тынып қала ма, әлде созалаң түрге ауыса ма, бұл әлі белгісіз. Бірақ Москва оқиғаларының кейбір нәтижелері, онда да өте-мөте тағлым аларлық нәтижелері, қазірдің өзінде көрініп отыр, сондықтан осы нәтижелерге тоқталып өту керек болады.

Жалпы және тұтас алғанда, Москвадағы қозғалыс революцияшыл жұмысшылардың патша өкіметі күштеріне қарсы шешуші шайқасына жеткен жоқ. Мұның өзі алдыңғы шептегі бекіністерде жүргізілген кіші-гірім қақтығыстар болды, бәлкім, ішінара, азамат соғысындағы әскери демонстрация болар, бірақ соғыстың қалай бітуін шешетін ұрыстардың бірде-бірі емес. Бұдан бір апта бұрын біз айтқан екі жорамалдың біріншісі дұрысқа шығатын сияқты, атап айтқанда, біздің көріп отырғанымыз батыл тегеуріннің басталуы емес, тек соның репетициясы ғана. Бірақ, дегенмен, репетиция тарихи драманың барлық қатысушы адамдарын бар тұрқымен көрсетіп берді, сөйтіп драманың өзінің ықтимал — ішінара тіпті сөзсіз болатын — барысын айқын сипаттады.

Москвадағы оқиғалардың түйіні, сырт қарағанда, жалаң академиялық сипаттағы бір оқиға болды. Үкімет

университеттерге ішінара «автономия», яғни автономиясымақ бірдеңені, тарту етті. Профессор мырзалар өзін өзі басқару билігіне ие болды. Студенттер жиын жасау правосын алды. Сөйтіп, самодержавиелік-крепостниктік езгінің жалпы жүйесінен кішкене саңылау жасалды. Міне, осы саңылауға жаңа революциялық тасқындар тұтқиыл күшпен дереу лап қойды. Саяси қайшылықтарды бәсеңдету және қарақшыларды тоналушылармен «татуластыру» мақсатында жасалған болмашы ғана жеңілдік, болар-болмас реформа іс жүзінде күресті орасан шиеленістіріп, оған қатысушылардың құрамын ұлғайтып жіберді. Студенттердің жиындарына жұмысшылар ағыла бастады. Бұл жиындар революциялық халық митингілеріне айналды, бұларда бостандық үшін күрестегі алдыңғы қатарлы тап — пролетариат басым болып отырды. Үкімет күйіп-пісті. Профессорлық өзін өзі басқаруға ие болған «байсалды» либералдар әбігерленіп, сасқалақтап, революцияшыл студенттерден полициялық, дүрешіл үкіметке қарай жүгіре бастады. Либералдар бостандықты пайдаланғанда оған опасыздық істеу үшін, студенттердің күресті ұлғайтып, күшейтуіне жол бермеу үшін, бас бұзарлар мен каражүздіктердің, Трепов пен Романов мырзалардың алдында «тәртіпті» уағыздау үшін пайдаланды! Либералдар өзін өзі басқаруды пайдаланғанда оны халық жендеттерінің істерін басқару үшін, университетті жабу үшін, дүрешілдер рұқсат еткен «ғылымның» осы қасиетті ордасын, студенттер самодержавиелік шайка «рұқсат етпеген» мәселелерді талқылау үшін «оңбаған тобырға» жол беріп ластаған қасиетті орданы жабу үшін пайдаланды. Өзін өзі басқаратын либералдар халықтың мүддесін сатып, бостандыққа опасыздық жасады, өйткені олар университетте қиян-кескі төбелес туып кетер деп қорықты. Сондықтан да олар өздерінің арамза қорқақтығы үшін мықтап жазасын тартты. Революцияшыл университетті жабамыз деп, олар көшедегі революцияға жол ашты. Осы бейшара педанттар мектептегі өртті сөндірдік деп, Глазов секілді малғұндармен бірге тұстұстан мәз бола бастағаны сол еді. Ал іс жүзінде олар тек орасан ірі өнеркәсіпті қаладағы өртті тұтатып жі-

берді. Осы сілімтір адамсымақтар жұмысшылардың студенттерге баруына тыйым салды; олар студенттерді тек революцияшыл жұмысшыларға қарай итермеледі. Олар барлық саяси мәселелерді ежелден бері төрешілдік сіңген өздерінің тауық күркесі тұрғысынан бағалады; осы күркені аяңдар деп олар студенттерге жалбарынды. Алғашқы самал желдің өзі-ақ, еркін және жас революциялық стихияның бас көтеруінің өзі-ақ — жұрттың бәрінің бұл тауық күркешігін тіпті ойлауды да ұмытып кетуіне жеткілікті болды, өйткені жел екпіні қатайып, бүкіл төрешілдіктің және орыс халқына көрсетіліп отырған жәбір-жапаның негізгі ордасына қарсы, патша самодержавиесіне қарсы соққан дауылға айнала бастады. Тіпті қазір, бірінші қатерден өткен кездің өзінде, дауыл көрінеу басылған кезде, самодержавиенің малайлары Москвадағы қанды оқиғалар күндерінде алдарынан тап болған тұңғиық естеріне түскеннің өзінде әлі де зәресі қалмай қалтырайды: «бұл әлі өрттің өзі емес, бірақ өрт салу екені күмәнсыз»,— деп міңгірлейді Меньшиков мырза малайлықта тұрған «Новое Время» газетінде (30 сентябрьде) — «бұл әзірше революция емес... бірақ революцияның дәл прологы». ««Революция төніп келеді», дегенмін мен (Меньшиков мырза) апрельде, ал содан бері «ол» қандай үрейлі қадамдар жасады десеңізші!.. Халық стихиясын оның тұңғиығына дейін қозғап отыр»...

Иә, Треповтар мен Романов опасыздық жасап жүрген либерал буржуамен бірге мықты қыспаққа түсті. Университетті ашады екенсің — халықтың революциялық жиналыстары үшін трибуна бересің, социал-демократияға баға жеткісіз қызмет көрсетесің. Университетті жабады екенсің — көше бойындағы күреске жол ашасың. Сөйтіп, біздің дүреші серілер тісін қайрап аласұруда: олар Москва университетін қайтадан ашқалы отыр, олар көшедегі қыр көрсетулер кезінде студенттердің тәртіпті өздерінің қадағалауына ырық бергісі келетін сияқтанып отыр, олар студенттердің революциялық өзін өзі басқаруын көрмегенсіп отыр, ал студенттер социал-демократтар партиясына, социалист-революционерлер партиясына, т. т. бөліну ісін жөнге са-

лып, студенттік «парламентте» саяси өкілдікті дұрыс ұйымдастырып отыр (және бұлар, біздің сенуімізше, революциялық өзін өзі басқарумен тынбайды, революциялық армия отрядтарын ұйымдастырып, қаруландыру ісін дереу, мықтап қолға алады). Треповпен бірге либерал профессорлар да аласұруда: олар — әдептілеу болыңдар деп бүгін студенттерді көндіруге, жұмсақтау болыңдар деп ертең дүрешілдерді көндіруге зыр жүгіреді. Қай-қайсының болса да аласұруы біз үшін зор ғанибет; егер саяси командирлер мен саяси қашқындар жоғарғы палубада осылай қатты тәлтіректесе, революция дауылының күшті соғып тұрғаны.

Бірақ, орынды мақтаныш пен орынды сүйінішке қоса, шын революционерлер Москвадағы оқиғалардан бұдан да үлкенірек сабақ алуға тиіс: орыс революциясында қандай әлеуметтік күштер дәл қалай қимыл жасап жатқанын ұғыну керек,— осы күштердің қимыл формалары туралы неғұрлым айқын түсінік алу керек. Москвадағы оқиғалардың саяси дәйектілігін ойға салып қараңызшы, сонда сіз бүкіл революцияның таптық тұрғыдан өзіне ғана тән және өзіне ғана лайықты тамаша суретін көресіз. Бұл дәйектілік мынау: ескі тәртіптің бір жерін жарып, кішкене саңылау жасалады; үкімет бұл саңылауды болмашы кеңшіліктермен, алдамшы «реформалармен» т. с. жамап-жасқайды; тыныштанудың орнына, күрес қайтадан шиеленісіп ұлғая түседі; либерал буржуазия революционерлерді революциядан, полицейлерді реакциядан айнытпақ болып, толқиды және сергелдеңге түседі; пролетариат бастаған революцияшыл халық майданға шығады да, ашық күрес жаңа саяси ситуация туғызады; жеңіп алынған жоғарғы және анағұрлым кең ұрыс даласындағы жаудың бекіністерінен тағы да жаңа саңлау жасалады, сөйтіп қозғалыс нақ сол жолмен бірден бірге жоғарылай береді. Біз барлық шепте үкіметтің шегініп бара жатқанын көріп отырмыз,— деп таяуда «Московские Ведомости» әділ көрсетті. Ал бір либералдық газет тапқырлық жасап, бұл арьергардтық ұрыспен шегіну [138] дегенді қосты. Берлинде шығатын либералдық «Vossische Zeitung» газетінің Петербургтегі тілшісі Тре-

пов кеңсесінің бастығымен әңгімелескені туралы 3 (16) октябрьде телеграмма жіберіпті. Полиция атжалманы тілшіге былай депті: «Үкімет белгілі бір дәйекті жоспарды іске асырады екен деп күтуге болмайды, өйткені күн сайын болжап болмас оқиғалар тап болады. Үкімет айла-амал жасауға мәжбүр болып отыр; қазіргі қозғалысты күшпен баса алмайсың, мұның өзі екі айға да, екі жылға да созылуы мүмкін».

Иә, үкіметтің тактикасы әбден анықталды. Мұның өзі айла-амалмен және арьергардтық ұрыспен шегіну тактикасы екенінде күмән жоқ. Самодержавиенің мүдделері тұрғысынан мұның өзі өте дұрыс тактика: ең елеулі күштерін жоғалтпастан үкіметтің әлі де ұзақ, өте ұзақ шегіне алатынын революционерлер ұмытатын болса, мұнысы асқан зор қателік, қатерлі жалған үміт болар еді. 1848 жылы Германияда аяқталмай қалған жетесіз, шалағай революцияның мысалы (бұл мысалды біз «Пролетарийдің» келесі номерінде тағы да әңгіме етеміз және мұны еске салудан ешқашан жалықпаймыз) мынаны көрсетеді: тіпті құрылтай *(сөз жүзіндегі)* жиналысын шақыруға дейін шегінсе де, үкімет ақырғы, шешуші ұрыста революцияны жеңу үшін жеткілікті күшін сақтап қала алады. Міне, сондықтан да, Москва оқиғаларын, біздің азамат соғысындағы ұзақсонар ұрыстардың ішіндегі осы соңғы ұрысты зерттей отырып, біз істің барысын дұрыс шолуға тиіспіз, жанталасқан, ұзақ соғысқа асқан жігермен, асқан табандылықпен әзірленуге тиіспіз, қазірдің өзінде бізді тастап кеткен одақтастардан сақтануға тиіспіз. Әлі жеңіп алған еш нәрсе болмай отырған кезде, дұшпанның бұдан былай да, тиімді жолмен, қауіпсіз шегіне беруіне әлі де орасан кеңістік салып отырған кезде, барған сайын елеулі ұрыстар болып жатқан кезде,— осы жағдайда мұндай одақтастарға сенушілік, олармен келісім жасауға әрекеттену немесе белгілі бір шарттармен оларды жай ғана қолдау — ақымақтық болатыны былай тұрсын, тіпті пролетариатқа опасыздық жасағандық болады.

Шынында да, либерал профессорлардың Москвадағы оқиғалар алдындағы және осы оқиғалар кезіндегі қы-

лығы кездейсоқ па? Мұның өзі бүкіл конституциялық-демократиялық партия үшін тосын нәрсе ме, әлде ереже ме? Бұл қылық либерал буржуазияның осы тобының ішінара өзгешеліктерін көрсете ме, әлде бүкіл осы таптың жалпы, тұтас алғандағы түбірлі мүдделерін көрсете ме? Бұл мәселелер жөнінде социалистер арасында екі ұдай пікір болуы мүмкін емес, бірақ нағыз социалистік тактиканы социалистердің бәрі бірдей дәйектілікпен жүргізе білмейді.

Істің мәнісін айқынырақ түсіндіру үшін либералдық тактиканы либералдардың өздері қалай баяндайтынын алып көрейік. Орыс баспасөзінің бетінде олар социал-демократтарға қарсы тура айтудан, тіпті социал-демократтар туралы тура айтудан қашады. Ал либералдардың көзқарастарын неғұрлым күмәнсыз ашық білдіретін Берлиннің «Vossische Zeitung» газетінің қызғылықты хабары мынадай:

«Университеттер мен жоғары оқу орындарына тарту ретінде берілген,— рас, өте кеш берілген,— автономияға қарамастан, оқу жылының ең басынан-ақ студенттердің тәртіп бұзушылықтары Петербургте де, Москвада да ерекше қарқынмен қайтадан жаңғырықты. Москвада бұларға қоса кең жұмысшы қозғалысы өрістеуде. Бұл тәртіп бұзушылық орыс революциялық қозғалысының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді. Студенттер жиналыстарының барысы мен олардың қарарлары университеттерді халық жиналыстарының орындарына айналдыру, сөйтіп революцияны халықтың қалың тобына жеткізу жөніндегі социал-демократия көсемдерінің паролін студенттердің қабылдағанын көрсетеді. Бұл парольдің қалай жүзеге асырылып жатқанын москвалық студенттер қазірдің өзінде көрсетіп берді: олар университетке ешбір қатысы жоқ жұмысшылар мен басқа да адамдарды университет үйіне шақырды, шақырылғандардың көптігі соншалық, студенттердің өздері тіпті азшылық болып қалды. Қазіргі жағдайда мұндай құбылыстың ұзаққа бара алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Үкімет мұндай жиналыстарға көнгеннен гөрі университеттерді жабуды мақұл көреді. Мұның айқындығы соншалық, социал-демократия көсемдері мұндай парольді қалайша ұсынғаны ә дегенде түсініксіз секілді көрінеді. Мұның ақыры неге апарып соғатынын олар жақсы білді; олардың көздегені де нақ сол: үкіметтің университеттерді жабуы болатын. Сонда не үшін десеңізші? Оның жай ғана себебі — олар *либералдық* қозғалысқа қолда бар барлық мүмкіншіліктермен бөгет жасауға тырысады. Өз күштерімен ірі саяси қимыл жасауға шамасы келмейтінін олар біледі; сондықтан либералдар мен ра-

дикалдар да ештеңе істей алмасын дейді, өйткені мұның өзі, біле-білсеңіздер, социалистік пролетариатқа зиян келтіреді. Ол өз праволарын өзі жеңіп алуға тиіс. Орыс социал-демократиясы осы «бұлжымас» («unbeugsame» — иілмес) тактиканы әбден мақтаныш ете алады, ал әрбір әділ бақылаушыға бұл тактиканың тым тайыз болып көрінуге тиіс; мұның өзі орыс социал-демократиясын жеңіске жеткізе қояр ма екен. Мұндай тактика жүргізіле беретін болса, университеттердің жабылатыны сөзсіз, сонда социал-демократияның не ұтатыны мүлде түсініксіз. Ал университеттер мен жоғары оқу орындарында сабақтың жүргізіле беруі барлық прогресс партиялары үшін өте маңызды нәрсе. Студенттер мен профессорлардың ұзаққа созылған ереуілдері орыс мәдениетін қазірдің өзінде ауыр зиянға ұшыратты. Академиялық жұмыстардың қайта басталуы өте қажет-ақ. Автономия профессорлардың өз сабақтарын еркін жүргізулеріне мүмкіндік берді. Сондықтан барлық университеттер мен жоғары оқу орындарының профессорлары оқуға қайтадан мықтап кірісу қажет деген пікірге өзара келісіп отыр. Олар социал-демократиялық парольді өткізуден студенттерді бас тарттыру үшін өздерінің бар ықпалын қолдануда».

Сонымен, буржуазиялық либерализм (конституцияшыл-демократтар) мен социал-демократтардың арасындағы күрес әбден айқындалды. Либералдық қозғалысқа бөгет жасамаңдар! цитатқа алынған мақалада тамаша білдірілген ұран, міне, осы. Ал осы либералдық қозғалыстың мәнісі неде? — *Кері шегінуде*, өйткені профессорлар университет бостандығын, революциялық уағыз үшін емес, *революцияға қарсы* уағыз үшін, өртті өршіту үшін емес, оны сөндіру үшін, күрес өрісін ұлғайту үшін емес, батыл күрестен жұртты алаңдатып, Треповтармен бейбіт ынтымақтасу жағына бейімдеу үшін пайдаланып отыр және пайдаланбақ та. Күрес шиеленіскен кезде «либералдық қозғалыс» революционерлерден реакционерлерге қарай ауытқушылық болды (біз мұны іс жүзінде көрдік). Либералдар Треповтардың және Романовтардың басқа да малайларының қатарында қобалжу туғызатын болғандықтан бізге, әрине, біраз пайда келтіреді, бірақ, егер біз конституцияшыл-демократтардан біржолата іргені ажыратып, олардың қандай болса да бұлталақ әрекетін аяусыз әшкерелеп отыратын болсақ, тек сонда ғана біздің қатарымызда олардың туғызатын қобалжуынан келетін зиян бұл пайдадан асып түспейтін болады. Либералдар қазіргі шаруа-

шылық құрылыста өздерінің үстем екенін біле отырып немесе көбінесе сезе отырып, революцияда да үстем болуға тырысады, революцияның әдеттегі жамау-жасқаудың шегінен асып түсіп, қандай да болсын жалғасуын, ұлғаюын, шиеленісуін олар либералдық қозғалысқа жасалған *«кедергі»* деп атайды. Трепов рұқсат еткен университеттік бостандықсымақтың күні не болып кетеді деп қорыққан олар бүгін революциялық бостандыққа қарсы күресіп отыр. Ертең үкіметтің беретін полиция әбден бүлдірген жария «жиналыстар бостандығының» тағдыры не болады деп қорқып, олар біздің осы жиналыстарды нағыз пролетарлық мақсаттар үшін пайдалануымызға бөгет жасайтын болады. Мемлекеттік думаның тағдыры не болып кетеді деп қорыққан олар сентябрь съезінің өзінде-ақ ақылды ынсаптылық көрсетті, бойкот жасау идеясына қарсы күресіп, бұл мінезін қазірде де байқатып отыр; Мемлекеттік думада біздің іс тындыруымызға бөгет жасамаңдар, дейді олар!

Мойындау керек, социал-демократия үшін ұятты бір жағдай, оның арасынан оппортунистер табылды, олар марксизмді доктринерлікпен мағынасыз түрде бұрмалаудың салдарынан осы қармаққа ілігіп қалды! Революция буржуазиялық революция, деп пайымдайды олар, міне сондықтан... сондықтан патша өкіметінен жеңілдік алуда буржуазия қаншалық табысқа жетсе, соншалық кейін шегіне беру керек дейді. Егер жаңа искрашылдар Мемлекеттік думаның нақтылы маңызын осы күнге дейін көрмей отырған болса, мұның нақты себебі — өздері кері кеткендіктен олар конституцияшыл-демократтардың да кері кетуін байқамай отыр. Ал искрашылдардың Мемлекеттік дума туралы заң шыққаннан бері кейін шегініп кеткендігі даусыз факт. Мемлекеттік думаға дейін олар конституцияшыл-демократтармен келісім жасау туралы мәселені күн тәртібіне ұсынуды ойламаған да еді. Мемлекеттік думадан кейін олар осы мәселені ұсынды (Парвус, Череванин және Мартов), ұсынғанда тек теория жүзінде емес, тікелей практикалық формада ұсынып отыр. Мемлекеттік думаға дейін олар демократтарға біршама қатал шарт-

тар (халықты қаруландыруға көмектесуге дейін, т. с.) ұсынған еді. Мемлекеттік думадан кейін олар өз шарттарын бірден жұмсартып, қаражүздік немесе либералдық Думаны революциялық Думаға айналдыру жөнінде уәде алумен тынды. Мемлекеттік думаға дейін олар өздерінің ресми қарарында бүкіл халықтық құрылтай жиналысын кім шақыруға тиіс деген сұраққа: не революциялық уақытша үкімет, не өкілдігі бар мекемелердің бірі деп жауап берген болатын. Мемлекеттік думадан кейін олар революциялық уақытша үкіметті өшіріп тастап, не «халықтың демократиялық (конституцияшыл-демократтар сияқты ма?) ұйымдары» (?!), не... не болмаса Мемлекеттік дума шақырады деп отыр. Сонымен, искрашылдар өздерінің тамаша принципін — революция буржуазиялық революция — байқаңдар, жолдастар, буржуазия жалт беріп жүрмесін! — деген принципті *қалай* басшылыққа алып жүргенін біз іс жүзінде көріп отырмыз.

Москва оқиғалары елеулі саяси кезеңдерде конституцияшыл-демократтардың тактикасы *іс жүзінде* қандай болатынын Мемлекеттік дума туралы заңнан кейін бірінші рет көрсетіп берді, сонымен қатар социал-демократияның біз суреттеген оппортунистік құйыршығы лажсыздан буржуазияның жай құйыршығына айналатынын да көрсетті. Біз әлгінде қаражүздік немесе либералдық Мемлекеттік дума дедік. Искрашылға бұл сөздер сұмдық құбыжық болып көрінер еді, өйткені ол қаражүздік Мемлекеттік дума мен либералдық Мемлекеттік думаның арасындағы айырманы аса маңызды деп есептейді. Бірақ, нақ осы Москва оқиғаларының өзі парламентке дейінгі дәуірде орынсыз ұсынылған осы «парламентарлық» идеяның жалғандығын әшкерелеп те берді. Нақ осы Москва оқиғаларының өзі либерал қашқынның іс жүзінде треповтық роль атқарғанын көрсетіп те берді. Кешегі күні декретпен Трепов жабатын университетті бүгін Мануилов пен Трубецкой мырзалар жауып отыр. Бір жағынан, Трепов пен Романовтың, екінші жағынан, революцияшыл халықтың екі арасында «думалық» либералдардың да жан ұшырып жүретіндігі айқын емес пе? Либерал қашқындарды сәл

ғана болса да қолдаудың өзі саяси ашық ауыздарға ғана лайықты іс екені айқын емес пе?

Парламенттік жүйеде либералдығы кем партияға қарағанда либералдығы артық партияны қолдау көбінесе қажет нәрсе. Парламенттік құрылыс жолындағы революциялық күресте Треповты революциямен «келістіретін» қашқын либералдарды қолдау опасыздық болады.

Москвадағы оқиғалар «Пролетарий» бұрын әлденеше рет әңгіме еткен әлеуметтік күштердің қалай топтасқанын іс жүзінде көрсетіп берді: социалистік пролетариат және революциялық буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы отряды *күрес жүргізді*. Либерал-монархиялық буржуазия *келіссөз жүргізді*. Жұмысшы жолдастар, Москва оқиғаларының сабақтарын үйреніңдер, мұқият үйреніңдер. Бүкіл орыс революциясында да істің бет алысы нақ осылай болады, сөзсіз осылай болып отырады. Біз бұқараның соңынан стихиялы түрде сүйретіліп жүрмейтін, ал жұмысшы табының мүдделерін саналы түрде қорғайтын шын мәніндегі социалистік партия болып берік топтасуға тиіспіз. Біз күресте тек революциялық демократияға сүйенуге тиіспіз. сонымен ғана келісімге келуге барып, Треповтар мен Романовқа қарсы ұрыс даласында ғана бұл келісімдерді жүзеге асыруға тиіспіз. Біз революциялық демократияның алдыңғы қатарлы отрядымен — студенттермен — қатар халықтың қалың бұқарасын, атап айтқанда, шаруалар бұқарасын күреске көтеруге барлық күшті салып ұмтылуға тиіспіз, ал халық бұқарасының қозғалысы тек жалпы демократиялық қозғалыс қана емес (бұл күнде көрінген қашқын өзін демократпын деп атайды), сонымен бірге шын мәніндегі революциялық қозғалыс та болып табылады. Либералдар мен конституцияшыл-демократтар самодержавиешілдердің қатарында қобалжу туғыза отырып, өздерінің әрбір әрекетімен біздің қатарымызда да қобалжу туғызуға тырысатыны сөзсіз, біз мұны есте ұстауға тиіспіз. Барлық либералдық тауық күркелері мен барлық либералдық Думаларды қоқыс үйіндісіне лақтырып тастайтын ашық революциялық күрестің ғана елеулі маңызы, шешуші маңызы болмақ. Бір минутты да бос-

қа кетірмей, шайқастан шайқасқа әзірлеңіңдер! Қолдарыңа түскен қарумен қаруланыңдар, қарғыс атқан самодержавиеге қарсы шексіз берілген қайратпен шайқасуға дайын күрескерлердің отрядтарын дереу құрыңдар, естеріңде болсын, оқиғалар ертең бе, бүрсігүні ме сіздерді қайткен күнде де сөзсіз көтеріліске шақырмай қоймайды, ал сіздер сақадай сай әзірленіп, берік топтасып аттана аласыздар ма, әлде сасқалақтаған, бытыраңқы күйде аттанасыздар ма, мәселе тек, міне, осында ғана болып отыр!

Москва оқиғалары сары уайымшылдарды тағы бір рет және жүзінші рет теріске шығарды. Бұл оқиғалар бұқараның революциялық белсенділігін жете бағаламауға біздің әлі де бейім екенімізді көрсетті. Бұл оқиғалар бітімге келгеннен кейін және Дума пайда болғаннан кейін қобалжи бастағандардың талайын, көтеріліске сенімін жоғалтқандардың талайын бұған қайтадан сендіретін болады. Жоқ, көтеріліс нақ қазір адам айтқысыз шапшаңдықпен өсіп, нығайып келеді. Болашақ дүмпу кезінде, тоғызыншы январь мен естен кетпес Одесса күндері мұның қасында ойыншық болып қалатын дүмпу кезінде, бәріміз де өз орнымызда болайық!

«Пролетарий» № 22,
24 (11) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

«ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСІ» [139]

Біз ««Социал-Демократқа» жауап» деген мақалада атышулы «сананы сырттан енгізу» туралы мәселенің тамаша қойылғандығын айта кетеміз. Автор бұл мәселені дербес төрт бөлімге ажыратады: 1) Сананың болмысқа қатынасы туралы философиялық мәселе: сананы болмыс билейді. Екі таптың өмір сүруіне сәйкес сана да екі түрлі: буржуазиялық сана мен социалистік сана болып қалыптасады. Пролетариаттың жағдайына сай келетіні — социалистік сана. 2) «Бұл социалистік сананы (ғылыми социализмді) кім қалыптастыра алады және кім қалыптастырады?». «Осы замандағы социалистік сана тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады» (Каутский), яғни сананы қалыптастыру «осыған қажет құралдары мен бос уақыты бар бірнеше социал-демократ-интеллигенттердің жұмысы». 3) Бұл сана пролетариатқа қалай енеді? «Міне, нақ осы арада социал-демократия (социал-демократ-интеллигенттер ғана емес) шығып, жұмысшы қозғалысына социалистік сананы енгізеді». 4) Социал-демократия социализмді уағыздап пролетариатқа барғанда, пролетариаттың өзінен ол нені кездестіреді? Социализмге өзінен-өзі *ынтығуды* кездестіреді. «Пролетариаттың туумен бірге пролетарлардың өз басында да, пролетариаттың көзқарасын ұғынып алатындардың басында да табиғи қажеттілікпен социалистік тенденция туады; социалистік ынтығудың тууы осылай түсіндіріледі» (Каутский). Меньшевик осыдан келіп мынадай кісі күлерлік қорытынды жасайды: «Пролетариатқа социализмнің сырт-

тан енгізілмейтіндігі, қайта оның пролетариаттан шығатындығы, сөйтіп оның пролетариаттың көзқарасын ұғынып алушылардың басына енетіні осыдан-ақ анық көрініп тұр»!

«Пролетарий» № 22,
24 (11). октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ШЕТЕЛДІК ЖАСТАР ЖӘНЕ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Шетелдегілердің бәрін Россияға шақырған алыс түкпірден келген хат («Пролетарий» № 19) «Революционер» жолдастың жауап жазуына себепші болды, ол Берннен «Пролетарий» редакциясына хат жазды [140]. «Революционер» жолдас қозғалыста теорияның маңызы зор екенін баса көрсетіп, мықтап оқу қажет деп, т. т. талап етеді. Біз, әрине, оның бұл пікіріне әбден қосыламыз, алыс түкпірден келген хат жөніндегі біздің ескертуіміздің мағынасы да дәл осындай болатын. «Революционер» жолдас бір жерде, мысалы, Женевада, жастар мықтап оқи алатын университет сияқты нәрсе ұйымдастыру керек деп партияға кеңес береді. Бұл сияқты жоспарлар талай рет әңгіме болып жүрді, бірақ оларды жүзеге асыру ісі тым көп практикалық қиындықтарға кездесіп отыр.

«Пролетарий» № 22,
24 (11) октябрь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯДАҒЫ ЕКІ ТАКТИКАСЫ» ДЕГЕН КІТАПҚА СОҢҒЫ СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ [141]

Қосылсын §:

«Тағы да освобождениешілдік, тағы да жаңа искрашылдық».

Немесе «Революция және диктатура»

«Революция ұғымы және диктатура ұраны».

1) Жаңа материал: «Освобождениенің» 71—72-номерлері және *«Искраның»* 102—103-номерлері.

2) Либералдық «реализм» және социал-демократиялық реализм. (№ 102) Струвеге айтылған мақтаулар |Струве мырза әбден мақталды|.

Бізде Энгельстің кітапшасы шығады [142].

2 bis) Мартыновтың жалтаруларының ұшқалақтығы... III съездің қарарына тиіспейді.

3) «Революция мен диктатура ұғымдарын (Ленин) ауыстырып жіберіп отыр» (№ 102, 3-бет, 2-бағана).

4) Струве 72-номерде *революция* туралы («революция үкімет болуға тиіс»).

5) Струвенің артта қалғандығы: шиповшылдық — конституция — революция {демократиялық диктатура?? / бізде — социалистік диктатура.}

6) Мартынов освобождениешілдік ұрандар мен біздің ұрандарымыздың айырмашылығын түсінбей-ақ келеді... Революцияға басшылық ете білмеу және оны диктатура ұраны *арқылы* (немесе: осы ұранның бағытымен) ілгері жүргізе білмеу.

7) Маркс пен Энгельс 1848 ж. *«диктатура»* туралы. Революциялық үкімет және диктатура.

Диктатураны қара дүрсін түсіну және Маркс.

I. Либералдық реалистер социал-демократиялық «реалистерді» не үшін мақтайды?
II. Мартынов жолдастың «мәселені» жаңадан «тереңдетуі».
III. Диктатураны қара дүрсін бейнелеу және бұған маркстік көзқарас.

1905 ж. июнь — июльде жазылған

Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСУДЕ, БУРЖУАЗИЯ ҰРЛАНЫП ӨКІМЕТКЕ ҰМТЫЛУДА» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Либерал буржуазия және самодержавие

А	1. Жұмысшылардың күресі — либералдардың саудасы. 2. Күрес адымы — дипломатия адымы. 3. 9. I.— либералдық қозғалыс. 4. Одесса оқиғалары — солға қарай кішi-гірім адым.
Головин және құрылтай жиналысы. Б	5. Үш съезд: коммерсанттардың, земствошылардың, интеллигенцияның съездері. 6. Коммерсанттардың съезі — solid **. Жария. Бойкот мәселесін көтермейді. 7. Земствошылардың съезі. Жартылай жария. Фритредерлік буржуазия. Non liquet ***. 8. Интеллигенцияның съезі. Радикал. Құпия. Бойкот.
В	9. Петрункевичтің сөздері. Либералдар және шаруалар. Шаруаларды verrat ****. 10. Халыққа сөз салу. Енжар қарсылық.

---

* Қараңыз: осы том, 149—168-беттер. *Ред.*
** — қомақты. *Ред.*
*** — Айқын емес. *Ред.*
**** — Сатып кету. *Ред.*

Г {
12. 11. Моральдық және материалдық күш («Temps»).
11. 12. «Үкіметтің қарсы әрекеті» («Times»).
13. Désordre en haut, en bas — ordre *.
}

Д {
14. Буржуазиялық революция және революцияға буржуазиялық опасыздық.
15. Көтерілістің өрлеуі: біздің жол нұсқайтын шырағымыз.
}

Революциялық партиялар әлсіз.

Революционерлер түрмелерде — либералдар сахна алдында.

1905 ж. 20 июльден (2 августан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Тәртіпсіздік жоғарыда, төменде — тәртіп. *Ред.*

«ЖҰМЫСШЫЛАР ПАРТИЯНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ ТУРАЛЫ» * ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗДІҢ БАСТАПҚЫ НҰСҚАСЫ

Мұқаба:

Жұмысшылардың үні және партияның жікке бөлінуі [143]

[*Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы*] **

РСДРП Орталық Комитетінің басылымы

Мазмұны.

I. «Пролетарий» редакциясының алғы сөзі.
II. Одесса жұмысшысының хаты.
III. Жұмысшының хатына жауап. *Абрамовтың*.
IV. Ұйымдастыру комиссиясына РСДРП Орталық Комитетінің ашық хаты.

АЛҒЫ СӨЗ

Одесса жұмысшысының хаты басылып шыққаны туралы біз «Пролетарийдің» 8-номерінде-ақ мәлімдеген болатынбыз, біздің ойымызша, ол біршама көп жұмысшының пиғылын білдірсе керек. Осы хатқа жауап ретінде біз, біріншіден, «Пролетарий» газетінің қызметкері Абрамов жолдастың «Жұмысшының хатына жауап» деген мақаласын, ал екіншіден, РСДРП Орталық Комитетінің жуырда Россияда шыққан және «Проле-

---

* Қараңыз: осы том, 169—175-беттер. *Ред.*

** Шаршы жақшадағы петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

тарийдің» 10-номерінде берілген «Ұйымдастыру комиссиясына ашық хатын» басып отырмыз.

Өз тарапымыздан бір ғана жайды: бірігу қажет дегенді тағы да баса айтамыз. Жұмысшы жолдастың осыны қатты талап етуі әбден жөн. Бірақ мұны талап ету жеткіліксіз, бірігуді жүзеге асыра білу керек, бірігуге жету үшін күшің болу керек. Шеттеп кету, үшінші партия немесе бейтарап топ құру — қиын жұмыс емес. Бірақ бұл бірігуді жақындатпайды, қайта оны алыстатады, қазіргі шым-шытырық жағдайды оңайлатпайды, қайта оны бұрынғысынан бетер шиеленістіре түседі. Азшылықтың немесе жаңа искрашылдардың конференциясы: *атап айтқанда қалай* бірігуге болады және қалай бірігуге тиіспіз? деген сұраққа тура және айқын жауап бермейді. РСДРП III съезінің шешімдері азшылықтың праволарына кепілдік беретін партия уставы түрінде ондай жауапты беріп отыр. Бұл жауапты қатесіз деп, тамаша деп есептеу күлкі болар еді. Бірақ кім де кім бірігу жайында айтып қана қоймай, нақтылы шаралармен және ұсыныстармен осы бірігуге шынымен күш салғысы келсе, ол адам кінә тағумен, жазғырумен тынбасын, үшінші партия құрып жікке бөлінуді күшейте түспесін, бірігудің шарттары мен формалары туралы мәселені шешуді қолға алсын. Татулық пен сүйіспеншілікті уағыздап қана қоюдан гөрі бұл жұмыс анағұрлым қиындау, бірақ оның есесіне анағұрлым пайдалы да.

«Пролетарий» редакциясы

1905 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

«БУЛЫГИН ДУМАСЫНА БОЙКОТ ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ КӨТЕРІЛІС» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Либерал маниловшылдық және революциялық маниловшылдық

Булыгин думасына бойкот жариялау және көтеріліс

I. Ситуация: { 1) Булыгин Думасының жуық арада шақырылуы ықтимал.
2) Буржуазиялық демократия — солшылдары бойкотты жақтайды, оңшылдары — қарсы.
3) Революциялық демократия — көтерілісті жақтайды [және әсіресе социал-демократия]
(contra «Освобождение»). }

II. Біздің тактикамыз: бойкот идеясын қолдау және көтерілісті жақтаған үгітті күшейту = буржуазиялық демократияның солшылдарын қолдау және пролетарлық демократияны қарсы қою.

{ Көтеріліс ≑ революциялық армия + революциялық үкімет.
Оның программасының алты пункті **.
Біздің хартия. }

* Қараңыз: осы том, 176—185-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 181-бет. *Ред.*

III. «Искрадағы» былық |№ 106|:

(1) Бойкотты сынға алу, оған қарсы қояр nil *. *Дұрыс.??*

(2) Бойкоттың теріс жақтарын көрсету.

(3) Көтерілісті қарсы қою *бүркемеленген.*

(4) «Халықтың революциялық өзін өзі басқаруын ұйымдастыру». *Бос сөз.* (көтеріліс болмайынша бос сөз)

IV. «Освобождениеде» көтеріліс идеясын сынау = Либерал - монархиялық буржуазияның сатқындығы.

(әсіресе 399-б.: «өкіметтің бейбіт көшуі»)

Маниловшылдық

NB:

Маниловтық қиял:

α) либералдардың — α) асыл ойлар

β) социалистердің — β) шала түсінушілік

α) шынайы мүдделер мен тенденцияларды білдіреді

β) ... ** |бүкіл тактикалық позицияның қателігі салдарынан|

1905 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1926 ж Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — nihil — түк жоқ. *Ред.*

** Қолжазбадан бір сөз табылмады. *Ред.*

««*ПАТШАНЫҢ ХАЛЫҚПЕН ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ПАТШАМЕН БІРІГУІ*.»» * *ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР*

1

МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

А) Бойкот туралы мәселе: 1) социал-демократтар үшін 2) либералдар үшін } *«Русь» бойкотқа қарсы. Социал-демократтар «бұқараны меңгеріп отырған жоқ»*, ал либералдар

| hic Rhodus, hic salta! [144] |

Б) Мемл. дума және соғыс. «ұлттық» соғыс үшін.

В) 6. VIII. 1905 және «Біріккен ландтаг» 1847 ж. 1847—1848. (Сейм)

Г) Көтеріліс *кезеңі*. (Кейінге қалдыру тиімді.)

Д) Үгіттің өзекті пункті.

Е) Сайлау жүйесі (6. VIII. 1905 заң): әдейі ірі помещиктер мен буржуазия.
Қала жұмысшыларын шығарып тастау.
Шаруалардың тікелей сайламауы. Сословиелік etc.

Ж) *Дурново:* земство съезіне тыйым салу. «Мылжың сөз жеткілікті айтылды» [145] және *Шарапов «Русское Делода»*.
Либералдарды тұтқынға алу 7 (20). VIII. 1905.

---

* Қараңыз: осы том, 192—202-беттер. *Ред.*

1. Мемл. дума және соғыс. Патшаның тактикасы.
2. *Кеңесші.*
   Төте емес.
   Жалпыға бірдей емес.
   М а з а қ.
3. Дурново + тұтқынға алу + Шарапов. *М а з а қ.*
4. Үш теория.
5. Либералдардың тактикасы және революцияшыл пролетариаттың тактикасы.
   (1847 немесе 1863)

1. Булыгин Думасы және соғыс туралы мәселе (Б).
2. Булыгин Думасының мәні (Е және В).
3. Реакцияның күші (Ж).
4. Үш теория ((sehr kurz *)).
5. Біздің тактикамыз: белсенді бойкот және көтеріліс (Д + Г + А)

---

* — өте қысқа. *Ред.*

2

ЗАМЕТКА

α Патшаның халықпен кеңесі,
β патшаның халықпен келісімі
γ немесе халық самодержавиесі ме?

α — Мемл. дума.
β — освобождениелік жоба.
γ — социал-демократияның программасы.

α — халық nil *.
β — патшаның қолында өкімет, құрылтай жиналысында — пікір.
γ — халықтың қолында өкімет.

α — патша қалай қаласа, патша солай шақырады.
β — халық қалай қаласа, патша солай шақырады.
γ — халық қалай қаласа, халық солай шақырады.

α — самодержавиені толығынан сақтап қалу.
β — патша өкіметін конституциямен шектеу.
γ — демократиялық республика.

α — самодержавие = толық өкімет.
β — патша өкіметті бөліседі.
γ — революциялық үкімет, халық көтерілісі.

1905 ж. 7 және 16 (20 және 29) август аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — nihil — түк жоқ. *Ред.*

«МОНАРХИЯЛЫҚ БУРЖУАЗИЯНЫҢ СОҢЫНДА БОЛУ КЕРЕК ПЕ ӘЛДЕ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫ БАСТАУ КЕРЕК ПЕ?» ЖӘНЕ «ЕҢ БЫЛЫҚ ЖОСПАРДЫ ЕҢ АЙҚЫН БАЯНДАУ»* ДЕГЕН МАҚАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?

1) Мемл. дума жөніндегі тактика — бірінші мәселе.
2) Россиядағы жергілікті жердегі жұмысты мүмкіндігінше көбірек жақындастырып, біріктіру үшін *«Искра»* мен *«Пролетарийдің»* алауыздықтары *анықталуға* тиіс.
3) «Пролетарийдің» 12-номері ** — 1) бойкот идеясын қолдау; 2) *белсенді* бойкот; 3) «үштік» [146] *алдымен* дейтін үгіттің ұраны.

«Искрамен» келіспейтін жер қайсы? *революциялық өзін өзі басқару*.

«Искраның» болымсыз, қоқсық тәсілдері: абсентеизм, айқастырылған қолдар жәпе т. б. жала жабуға дейін барып отыр — уақытша үкіметке кіргілері келеді.	таса қалдыру немесе тым болмағанда кейінге ысыру

4) *«Искраның»* былығы көбейіп барады: бір жағынан, революциялық өзін өзі басқару ұранын тұтасымен қолдайды, ал *тура және айқын* ұран («үштікті») ұсынбайды. «Искраның» 108-номері және әсіресе Wiener «Arbeiter Zeitung»

* Қараңыз: осы том, 211—225, 226—228-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 176—185-беттер. *Ред.*

екінші жағынан шегіншектей бастайды, шатаса бастайды; бойкот — екінші қатардағы мәселе (№ 12). Революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастыру дегеніміздің өзі *көтерілісті* әзірлеу (!). «Белсенді жауынгерлік қимылдар» (!).

5) *«Искрамен»* айтыс кажет, бірақ жауды (miserabel *) «сөзінен ұстау» үшін [емес], *істі түсіндіру үшін.* Саяси жағдай қандай??
(1) «кеңес» — самодержавие. Бүлікті басып тастау.
(2) «келісімпаздар» = *«сатқындар».*
(3) революцияшыл пролетариат жәпе оны қолдауга қабілетті шаруалар.
Буржуазиялық интеллигенцияның бір бөлегінің қобалжуы. Опың бойкот идеясының мәні неде?? Салыстырыңыз: *«Пролетарийдің»* 14-номеріндегі қарар.

6) «Освобождениенің» 75-номеріндегі *С. С.*-тың бағалы түсіндірулері. Мәселенің «түйіні».
Буржуазиялық демократияның ішіндегі *келісімпаздар* мен революционерлер.
Патшаның халықпен келісімге келуі немесе...** халық самодержавиесі??
«Қол сұқпау»?— «үштікпен» бе? «революциялық міндеттемеге» қол хат алумен бе?

7) Біздің тактикамыздың негіздері: келісімпаздарды масқаралау, бойкот идеясын қолдау, революциялық демократияны қосып алу.
Череванинніқ былықтары («Мемл. думаны демократиялық революцияның қаруы ету мүмкін емес нәрсе» — бос сөз).

| Johann Jacoby | ***бұларды масқаралау оларды қозғау да деген сөз.*** |

«Революциялық міндеттеме алу» — жоқ! Лакмус социалистер.

* — болмашы. *Ред*
** Қолжазбадан бір сөз танылмады *Ред.*

Қайсысы оңай: «революциялық міндеттеме» алу ма немесе революциялық-демократиялық талаптардың «үштігі» үшін үгіт жүргізу ме? іс жүзінде *қаруландыруға* және т. т. *көмектесу ме?*

*«***Батылдарды***»* сайлату үшін сайламшыларға **«қысым»** жасау.

8) «Революциялық өзін өзі басқару» ұранының жарамсыздығы.

(α) Революциялық өзін өзі басқару — және халық самодержавиесі. Басқарылуы және құрылымы. Революциялық өзін озі басқару — және революциялық армия.

(β) 14. VII. 1789 және «муниципалдық революция». Монпелье. 1789 және 1905 жылғы «эмигранттар» {*10000*}

(γ) 1905 ж. 2 августағы «Смоленск». Струве — ***қолдайды.*** Бізге — ***бұл аз.***

(δ) *Освобождениешілдік және жаңа искрашылдық.* {*«Пролетарийдің»* 12-номерін салыст.}

9) Ұрандарды «қайта-қайта айта беру». 4 талапты (сайлау правосы) * — (бостандықтар) алтылығы — таяудағы революциялық міндеттердің *үштігі.* «Науқанның арман еткен мақсаты».

{cf. ** *татулық*}

((Айқын мақсат және жолдың айқындығы.))

10) Қорытынды: бес пункт...

1. Мемл. дума туралы заң және Мемл. думаға сайлау жөнінде үгітті күшейту.— 2) Үгіт ұраны — «үштік»: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақыт-	5 пункт: 1) Үгітті күшейту. 2) Ұран: *«үштік»,* бұл «4 талапқа», бостандықтар «алтылығына» (соз, ұждан, баспасөз,

* Қараңыз: осы том, 223-бет. *Ред.*

** — confer — салыстыр, салғастыр. *Ред.*

ша үкімет.— 3) Үгіт жүргізу және күрес жүргізу үшін революциялық демократиямен, яғни осы үштікті мойындаушылармен қосылу.— 4) Революциялық демократияға тарту үшін буржуазиялық демократияның сол қанатын және оның бойкот идеясын қолдау.— 5) Революцияға сатқындық жасағаны үшін буржуазияшыл «келісімпаздарды» масқаралау.

жиналыстар, одақтар, стачкалар бостандығына) қосымша.

3) Революциялық демократияны қосып алу.

4) Бойкот идеясын қолдау және дамыту,— яғни солшыл буржуазиялық демократияны революциялық буржуазиялық демократияға тарту.

5) Келісімпаздарды масқаралау.

2

Л. МАРТОВТЫҢ «ОРЫС ПРОЛЕТАРИАТЫ ЖӘНЕ ДУМА» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[147]

Жаңа «Искраның» жаңа жоспары
немесе *қазіргі жирондистер*

Құрғақ сөздер революциясы немесе жаңа «Искраның» жаңа жоспары.

NB: үгіттегі айқындық

1. Жұмысшы ұйымдары «халықтық үгіт комитеттерінің» негізін салуда??

2. «Халықтық үгіт комитеттерін» халықтың реформаға наразы барлық элементтері *сайлайды.*

   Quid est? * Жұмысшылар ма? Түрмеге «сайлана ма»?

   Сайланатындар көбінесе *освобожденшілдер* болатыны сөзсіз, бұл біздің әлсіздігімізден емес, освобожденшілдердің күшті болғандығынан емес, патша үкіметінің күші арқасында.

3. Бұл комитеттер сайлаушыларға *қысым жасайды.*

   |*Қалайша?* Листоктармен, демонстрациялармен, тағысын тағылармен болар. Бұл жақсы. Бірақ осы жұмысты РСДРП комитеттерінен гөрі «халықтық үгіт комитеттері» жақсы істей ала ма?|

   Не үшін қысым жасайды?

4) — *«неғұрлым батыл демократтарды»* сайлау үшін. Солай деңіз! Мысалы, Москвада — белгіленіп қойылған Голицынның, Муромцевтің, Щепкиннің және Гучковтың орнына — Мартов пен Плехановты ма?? Милюковты ма?? Струвені ме??

* — Бұл не? *Ред.*

— бұлардан да батылдырағын ба? Гарденинді ме?? Ол батылырақ.

5) «Комитеттер» «құпия өкілдік» құрады...

Сонымен, комитеттер («халықтық үгіт комитеттері») «құпия өкілдік» болып табылатындар өздері емес, бірақ оларды *«құрады»* екен ғой! Қалайша??

«Құпия өкілдіктің» *қазіргі* құпия ұйымдардан кеңірек болатыны неліктен??

6) Сонан соң.

α) Жұмысшы ұйымдары халықтық үгіт комитеттерін туғызады.

β) Халықтық үгіт комитеттері құпия өкілдік құрады.

γ) Белгілі бір кезеңде құпия өкілдік *халық еркінің уақытша органы ретінде көрінеді!..*

Бұл не деген сөз? «Уақытша үкімет пе»??
| «жеңімпаз көтерілістен туатын»? |
көтеріліс органы ретінде емес???

7) ... қалай болған күнде де... қозғалыс «патшалық жариялылықтың шеңберін» **бұзатын** *«революциялық өзін өзі басқару ұйымын»* құрады...

Немен бұзады? үгітпен бе??
әлде көтеріліспен бе??
Қарумен бе әлде қарусыз ба?
Революциялық армиясыз ба?

8) «Революцияның болашақ салтанатының іргe тасы»...

«Бұзған» кезде болашақ салтанаттың іргe тасын қалайды!.. Ал бұзудың өзі салтанат емес пе? «Революциялық өзін өзі басқару» салтанат емес пе?? Неліктен бұл салтанат революциялық өзін өзі басқаруды ұйымдастырғаннан *кейін* де әлі *болашақ* саналады? Бұл салтанаттың мәні неде??

1905 ж. 11 және 23 август (24 август пен 5 сентябрь) аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БУЛЫГИН ДУМАСЫ ЖӨНІНДЕ БОЛЬШЕВИКТЕР МЕН МЕНЬШЕВИКТЕР ТАКТИКАСЫНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ НОБАЙ

[1) Дума туралы *заң* жөнінде үгітті күшейту.]*

2) Думаға бойкот жасауды ұсынған буржуазиялық демократияның солшыл қанатын қолдау.

3) Сайлауға байланысты және сайлау кезінде думаға қарсы үгітті күшейту.

4) Үгіттің өзекті ұрандары:

қарулы көтеріліс
революциялық армия
революциялық уақытша үкімет
(6 пункт).

[1) Бұл да]*

2) Жоқ

3) Үгітті күшейткенде, Думаға қарсы ғана емес, көбіне-көп неғұрлым батылдарды сайлауды жақтаған үгітті күшейту.

4) Үгіттің ұрандары:

құрылтай жиналысы
халықтық үгіт комитеттері
құпия өкілдік
революциялық өзін өзі басқару.

1905 ж. 11 және 23 август
(24 август пен 5 сентябрь)
аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

---

* Шаршы жақшаға алынып терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

БУЛЫГИН ДУМАСЫНА САЙЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЗАМЕТКАЛАР

1) Қатысу керек және тек самодержавиені жақтаушыларды сайлау керек («Московские Ведомости»).
2) *Қатысу керек және тек қана либералдарды сайлау керек* («Вестник Европы» [148], «Русь», «Освобождение», etc. etc.).
3) Қатысу керек және тек демократиялық, еркін өкілдікті батыл қолдайтындарды сайлау керек («Искра»).
4) *Қатысу керек және тек императивті мандаты барларды сайлау керек* (Киев адвокаттары).
5) Қатысу керек және тек революциялық міндеттеме алған соң сайлау керек («Искрадағы» Череванин).
6) Бүкіл халықтық құрылтай жиналысы ұранымен белсенді түрде бойкот жариялау керек (Бунд).
7) Қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық үкімет ұранымен белсенді бойкот жариялау керек («Пролетарий»).

{ *A part* *: өз бетінше туу жолымен ерекше бүкіл халықтық құрылтай жиналысын өзіміз сайлауымыз керек.

(«Искра» және *ішінара* Бунд) [149]. }

1905 ж. 19 августан (1 сентябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Ерекше. *Ред.*

«ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

Жұмысшы табы және революция

1. Демократиялық және социалистік төңкеріс.
2. Демократиялық революцияның буржуазиялық сипаты («Буржуазиялық және социалистік революция».)
3. Пролетариаттың дербес таптық партиясы ретінде социал-демократияның міндеттері.
4. Демократиялық революциядағы шаруалардың ролі.
5. Қарулы көтеріліс және революциялық армия.
6. Революциялық үкімет. Оның міндеттері.
7. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы.

---

1. α) Жұмысшы табының мақсаттары. β) *Социал-демократия.* Біздің программа. γ) Программа-*maximum* және δ) *minimum.* {Мұның сипаттамасы (6 пунктті салыстыр *).}

ε) Демократиялық және социалистік төңкеріс.

2. *Буржуазиялық және социалистік революция.* Демократиялық төңкерістің буржуазиялық болуы неліктен? α) Товарлы және капиталистік өндіріс. β) Экономикалық мәні. γ) Конституциялық-демократиялық партия, оның программасы және оның таптық мәні. *Таптық партия.* Земстволық съездер. Интеллигенттік одақтар. Жария баспа-

* Қараңыз: осы том, 181-бет. *Ред.*

сөз. б) Буржуазияның пролетариатқа беретін кеңестері: кәсіпшілік күрес және т. т.

3. Осының алдындағыдан шығатын қорытынды. **Дербес таптық партия.** Кәсіпшілік және *партиялық* ұйым, үгіттік және *әскери* ұйым. Марксизм: «доктрина».

4. Шаруалардың ерекше мүдделері. Крепостниктік тәртіптің қалдықтары. Демократиялық революцияда шаруалардың ролі неліктен ерекше маңызды? «Қаралай бөліс», оның маңызы. Шаруалар — жұмысшылардың табиғи одақтастары.
   Шаруалардың ұсақ буржуазияшылдығы.

5. Көтеріліс. Моральдық және материалдық күш.
   Халықты қаруландыру. *Әскери* ұйым (соғыс мәселелері және т. т.). Революциялық армия. (Мысал: Нижний Новгород және Екатеринослав) ((бомбалар, қару-жарақ)).

6. Революциялық үкімет, көтеріліс *органы.* Революциялық үкімет пен революциялық *өкіметтің* маңызы. Революциялық үкіметке қатысу. Революциялық үкіметтің программасы: *6 пункт. Европаны еліктіру.*

7. Диктатура дегеніміз не? *Таптың* диктатурасы және жеке адамның диктатурасы. Демократиялық диктатура. Таптар.

1905 ж. августа жазылған

Бірінші рет 1926 ж.
Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша
басылып отыр

БУЛЫГИН ДУМАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ [150]

Рефераттың жоспары

1. Булыгин Думасы (Мемл. дума) және бірігу. *Әдеби* түсіндірулерге қосымша бірнеше ескертпелер.
2. № 109 [151].

(α) Іліп-қағу және (β) шын алауыздықтар.

ad α) — ① *Земстволық науқан.* Салыстыр. Parvus және 109-номердегі Мариуполь тобы: «сәтсіз болған».

(α) — ② Дербес тактика немесе буржуазиялық демократияға қосылу.

(α) ③ көтерілісті енжарлықпен күту және Одесса жұмысшылары.

(β) *Шын алауыздықтар* | салыстыр. программа |

шаруалар комитеттері. |||

β — (1) Біз революциялық өзін өзі басқаруға қарсымыз ба? ((«жирену»?)) — жоқ, жақтаймыз, бірақ істің мәні мұнда емес. Біз освобождениелік талаптардың *бір бөлегіне* қарсымыз ба?

(2) Бұл да солай немесе бұл да солай емес.

| Өзін өзі басқару және революциялық армия. |

Салыстыр. 1871 >

(3) Салмақтың ауыр жағы — Думаға сайлаудан бұрып әкету немесе халыққа тарту.

(4) «Тауық пен жұмыртқа».

Революциялық өзін өзі басқару —
Революциялық армия.
арты және алды
болмашы бөлшегі және бәрі. NB

Шатасқан өмірдің диалектикасы және шатасты жазағын бацилланың логикасы.

1905 ж. кеш дегенде 8 (21) сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«СОЦИАЛИСТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Социалистік саясаттың басты міндеті

Пролетариаттың айқын *социалистік* программасы бар дербес *саяси партиясы.*

Тұңғыш рет іске қолданылуы.

«Конституциялық-демократия» Оның міндеттері (объективтік). Салыстыр: *«Наша Жизнь»* 18. IX.: халықты тарту, халықтың сенімін күшейту etc. etc.

Cf. ibid. * конституциялық-демократияның құрылуы туралы және «Биржевые Ведомостидің» теріске шығаруы [152].

Бұл сенімді бұзу керек пе әлде оны белгілі бір *«шарттармен»* қолдау керек пе?

Жаңа искрашылдардың қобалжуы (Parvus, Череванин, Мартов: «батылдарды сайлау»).

Конституцияшыл-демократтармен сөзсіз күрес жүргізу. «Келісімпаздар». Сатқындықтың басы.

Қарсылықтар: 1) «абсентеизм». Slander. On the contrary, the most active agitation **.

2) «революциялық буржуазияны қолдау». Ça dèpend ***. Парламентте ме? иә. Біздің консерваторлардан және конституцияшыл-демократтардан сайлаған кезімізде ме? иә. Бірақ қазір мұның онысы да, мұнысы да болмайды, өйткені *парламентаризм әлі жоқ*. Сол үшін күрес жүргізу керек. Күресте опасыздық жасау. Қазіргі уақытта конституцияшыл-демократ-

* — Confer ibidem — мұны да сонымен салыстыр. *Ред.*
** — Жала. Керісінше, нағыз белсенді үгіт. *Ред.*
*** — Жағдайға қарай. *Ред.*

тарды нақтылы * қолдау дегеніміз *революциялық күрес*, көтеріліс болып табылады. Көше бойында ма немесе парламентте ме? (Cf. Marx über Ledru Rollin. 1849. [153])

Жария және жартылай жария құралдарды пайдалану ма? Иә, сөзсіз солай. Жұмысшы съезін бе?—иә. Жиналысты ше? Иә. Бірақ таяу тұрған бірдеңені пайдалану дегеніңіз қосылып кету, еріп кету деген сөз емес. Пайдалану үшін дербес, тұтас, топтасқан болу керек.

Жаңа искрашылдық тактиканың өрескелдігі: «келісім мен қолдау» плюс «көтерілістің мүмкін болатын себебі ретінде ойыншық сайлау». Мұның мың да 1 сылтауы болуы мүмкін.

Жоқ. Енді тактика басқа: 1) Конституцияшыл-демократтардың келісімпаздарымен аяусыз күрес жүргізу. 2) Думаға барғаны үшін олардың соңына түсу. 3) Конституцияшыл-демократтармен күрес үстінде және Мемл. дума жөніндегі үгіт үстінде социал-демократтардың дербес партиясын дамыту. 4) Көтеріліске әзірлену, жағдайдың түйіні *е н д і г і ж е р д е* «парламентаризмде» емес, алда болатын осы көтерілісте. 5) Осы әзірлік үшін, үгіт үшін барлық жария және жартылай жария құралдарды пайдалану. 6) Қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет ұрандарының төңірегіне шоғырландыру.

1905 ж. 18 сентябрьден (1 октябрьден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Екі мүмкіндік: (1) Мемл. дума тек күңкілдеп қана қояды. (2) Мемл. дума *буржуазияның* үкіметі үшін күреседі. (Tertium non datur. (Үшінші жол жоқ *Ред.)* Мемл. дума революция үшін *дәйекті* күресе алмайды) *1*-ретте де, *2*-ретте де көтеріліс шешеді. Ad (2) ((2) пункт жөнінде. *Ред.)* —қолайлы сылтау, басқа түк те емес. Өкімет басындағы Петрункевичтердің et K°-нің қауіптілігі.

«СОЦИАЛИЗМ ЖӘНЕ ШАРУАЛАР» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Социализм және шаруалар

Тақырып: қазіргі шаруалар қозғалысы социалистік қозғалыс емес. Ол — демократиялық қозғалыс. Бірақ, ақырына дейін жеткізілген күнде, ол демократиялық революцияның **жеңісін** қамтамасыз етудің максимумы болады және, **демек, пролетариаттың** (россиялық және европалық) оны социализм жолындағы күрес үшін неғұрлым көп пайдалануы болады. Қорытынды: 1) ұран қазір **революциялық**-**демократиялық** болуға тиіс; 2) *социализм* жолында күресу үшін партия *мейлінше пролетарлық,* таптық партия болуға тиіс.

1. Революциялық-социалистік ойдың шатысуы демократиялық революция заманында таптық қайшылықтардың дамымауының рефлексі.
2. Социалист-революционерлер және P. P. S.— «халықшылдықтан марксизмге». P. P. S.-тың жаңа программасы — бұл тұрғыдан лайықты.
3. Оның негізгі теориялық қателері
   (1) шоғырлапу дәлелденбеген
   (2) пролетариаттың таптық емес партиясы. Шаруалар жөнінен демократиялық және социалистік міндеттердің араласып кетуі.
4. Жобаның екі бөлігі: I minimum?? және II maximum???
5. I бөлігі. Марксизмге қарай жасалған адымдар: жерді еркін пайдалану (+ натуралды міндеткерліктер).
6. «Национализация» = революциялық сөз емес немесе

* Қараңыз: осы том, 305—314-беттер. *Ред.*

көмескі тұман. Оның қазіргі заманғы, революциялық-демократиялық негізінде **тап күресі** жоқ.

7. Буржуазиялық реформаторлық, қауіпсіздендіру etc. Біздің жұмысымыз емес.
8. Программа-maximum (II бөлігі). Аяқталуы.

Социализм емес	Қазіргі заманғы социалистік емес (демократиялық) қозғалыста революциялық емес, түпкі мақсатында социалистік емес.

9. Contra: біздің *аграрлық программамыз*. Теория тұрғысынан бірден-бір дұрысы. 1) Крепостниктік тәртіп; 2) таптық күрес; 3) революциялық-демократиялық комитеттер; 4) социализм. Айқын және ұстамды практикалық ұран. Оны революцияның барысы дәлелдейді.

1905 ж 27 сентябрьден (10 октябрьден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«МОСКВАДАҒЫ ҚАНДЫ КҮНДЕР» ЖӘНЕ «МОСКВАДАҒЫ САЯСИ СТАЧКА ЖӘНЕ КӨШЕ БОЙЫНДАҒЫ КҮРЕС» ДЕГЕН МАҚАЛАЛАРДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1

Москвадағы оқиғалар

жұма — сенбі — жексенбі — дүйсенбі — сейсенбі 6—7—8—9—10. X. 1905 ж. жаңаша (27. IX.).

Әріп терушілердің + наубайшылардың стачкасы + жаппай стачканың басталуы.

+*Студенттер.*

{ Москва студенттерінің қарары
«Frankfurter Zeitung»-тің[154] пасықтығы.
Университеттің жабылуы.

Либералдық келіс сөздер және революциялық күрес.

|Дипломатия және соғыс.|

Мемл. дума және халық

Көше бойындағы демонстрациялар. Казактармен күрес. |Казактар мен полиция арасынан өлгендер.|

Қала іргесіндегі артиллерия (faubourgs).

«Россияның жүрегі» —1) Москваның Охотный ряд көшесіндегілер студенттерді сабаған (1887)
2) «Көше» студенттерге жәрдемге барды (1901)
3) Көше *стачкасы* қарулы күрес бастап отыр (1905)

Бірден басталған көтеріліс және ұзаққа созылған көтеріліс. Стачка және көтеріліс. Арпалысқан күрес — партизандық күрес. Оның маңызы: ашық, тура қарулы күрес үшін, сөздің тар мағынасында алғандағы көтері-

* Қараңыз. осы том, 338—344, 374—383-беттер. *Ред.*

ліс үшін күштің жетімсіздігі. Күштерді әзірлеу. *Революциялық маневрлер. Халықтың* революциялық армияны үйретеді, тәрбиелейді. Патша әскерін қобалжытады. Біздің дайындалуымызға уақыт береді. (Тифлистегі бомбалар.)

Революциялық отрядтардың орны міне осында. Салыстыр: *«Искраның»* 14-номері қарулы демонстрация туралы, бастықтарды қалай тайдыру туралы etc. etc.

Россиядағы революциялық күрестің |қазіргі уақыттағы| басым формадағы *т и п і* енді айқын көрініп келе жатыр: стачкалар + бытыраңқы қарулы қақтығыстар, жаудың шаршап-шалдығуы etc.

Сұрақ: 1) қозғалыс осы сатысында тоқтала ма немесе 2) жоғары өрлей ме? |Әскердің қозғалыс жағына шығуы ше? Маньчжурия армиясы туралы хабарды салыстыр.| |Казактарды заңға қарсы мобилизациялау.|

(Ad 2 *) Қозғалыстың қалай өскенін біз білеміз: 1885—1896—1901—1903—1905 [155]. *Жоғарғы* сатыны біз қазір де көрсетуге міндеттіміз. 1905 жылғымен салыстырғанда жоғарғы саты не болуы мүмкін? Quoi pour (what for) 1906? ** Неғұрлым кең көлемдегі стачка + неғұрлым тығыз топтасқан және қарулы көтеріліс. *Nil aliad* ***. Қарулы көтеріліс + революциялық армия + революциялық уақытша үкімет.

Ал егер де 1) — онда тетік осы күресті *соза беруде.* Сонда ол à la longue **** патша өкіметінің өмір сүруіне мүмкіндік қалдырмайды. «Ұдайы анархия».

1905 ж. 27—29 сентябрьде (10—12 октябрьде) жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — 2-пунктке. *Ред.*
** — 1906 үшін не? *Ред.*
*** — Nihil aliad — басқа түк жоқ. *Ред.*
**** — Жүре келе. *Ред.*

2

Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес

Орыс революциясындағы күрестің қазіргі сатысындағы «типі».	1. Москвадағы оқиғалардың «дағдылы» барысы... Басталуы экономикалық күрес — стачка — көтеріліс.
Басталуы.—	2. Кәсіпшілік қозғалыс (зубатовшылдар бастады) — тез ұласу. | Айуандықтар. | } Өрлеуді көрсететін деректер.
Жалғасы.—	3. Саяси және революциялық қозғалыс. Жаппай стачка.
— Университетпен байланыс.	4. Университеттің жабылуы және көшеңі ашу. Университетті қайта ашу туралы қауесет сөздер.
— Либералдар және революциялық қозғалыс.	5. Либерал мырзалар мен Трепов мырзалар «қыспақта». | Abwiegler*: cf.** Мемл. думада |
— Қозғалыстың жалпы өсуі.	6. Бүкіл россиялық қозғалыстың біршама өсуі: СПБ. 9. І.— Польша + Кавказ—Москва.

* — Тыныштолуды уағыздаушылар *Ред.*
** — confer — салыстыр, салғастыр. *Ред.*

Quid est? *

7. Москвада не боп жатыр?
— бас репетиция ма немесе ақырының басы ма?
— ескілерінің соңы ма немесе жаңа формалардың басы ма?

«Басқа рухтың лебі есе бастады»

| сары уайымшылдар және... |

Парламентаризм және революция.

8. Революциялық өрттің жарығындағы квазипарламентаризмнің жұтаңдығы. Пролетариат + революциялық демократия contra + либералдар.

1905 ж. 27—29 сентябрьде (10—12 октябрьде) жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Бұл не? *Ред.*

ЗАМЕТКА [156]

Освобождениешілдің

социал-демократпен әңгімесі

П п.

1) Потемкинпен after * көтерілістің мүмкін еместігі.	— Мүмкін емес нәрсе мүмкінге *айналып барады* (werden).
2) күштерді асыра бағалау.	— «жұтаңдық, жарлылық та сенде **, көл-көсір байлық та сенде»
3) К. Каутский революциялық уақытша үкімет туралы.	— көтеріліс революциялық уақытша үкіметпен байланыстырылады. Үкіметтің көтерілісті мойындауы = соғыс жағдайы.
4) бойкот идеясының парасатсыздығы: құралды пайдаланбау.	— Егер достарыңа сенбесең, бұл арада да дұшпандарыңнан үйрен. Үкіметтің бойкоттан қорқуы.
5) көтеріліс және «мосқал» жұмысшылар. Тред-юнионизм. «Таптық партия».	— *«сапқа жарамсыздар».* Иә, бұларды тред-юнионизм үшін пайдалану керек, бұл рас, бірақ олар *арьергардта* болады.

* — кейін. *Ред.*

** Соғыс техникасы тұрғысынан барып тұрған «жұтаңдық» etc. Ал қозғалысқа және оның стихиялық өрлеуіне қараңызшы: 9. I.— Рига,— Польша — 1½-миллиондық стачка — Одесса — Кавказ — Москва. IX. 1905,

6) парламенттік ереже: көршілерді қолдау, әйтпесе «Московские Ведомостиге» көмектесесің.	— иә, ондай қалау бола қалған күнде парламентте біз сіздерді «Московские Ведомостиге» қарсы қолдаймыз, бірақ қазір істің мәні басқаша. Күрес парламент **ішінде** емес, парламенттен **тыс**. Сендер — күрескер емессіңдер.

1905 ж. сентябрьдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

П. Б. АКСЕЛЬРОДТЫҢ «ХАЛЫҚТЫҚ ДУМА ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ СЪЕЗІ» ДЕГЕН КІТАПШАСЫ ТУРАЛЫ [157]

П. Б. Аксельродтың «Халықтық дума және жұмысшы съезі» деген шағын кітапшасы жөнінде мынаны айту керек:

Бұл өзі — *барлық* искралық есуастықтардың: қатарлас парламенттің де, конституцияшыл-демократтармен сөз байласудың да бейнесі.

Жалпы және тұтас алғанда барлық жағынан: Халықтық думада да — конституцияшыл-демократтармен сөз байласуда да — «жұмысшы съезін» «Лассальдан» *(конституция тұсында*, оны революция жеңіп алғаннан кейін он жылдан аса уақыт *өткен соң* әрекет еткен) мысалдар келтіріп парламенттік тұрғыдан баяндағанда да нақ *парламентаризм ойыны* болып отыр.

Үйеме-төбе оғаштық: «біздің партия мен либералдық ұйымдардың арасындағы елеулі келіс сөздер мен шарттардың» «бірінші және басты негізі» (13-бет)... *әрекеттер*. Сондағысы қандай әрекеттер?

П. Б. Аксельрод жолдас үш жыл кешігіп отыр! *Саяси партиямен* жасалған шарт осындай бола ма? Бұл деген — ең алдымен, осыдан 3 жыл бұрын жеткілікті болған техникалық жағынан атқарылатын қызмет.

(1) материалдық құралдар...
(2) үй-жай...
(3) *қару-жарақ* «жеткізіп беру»
(4) қоғамдық мекемелерге ықпал жасау
(5) ашық саяси қимыл мүдделері үшін бюрократиялық және әскери байланыстарды пайдалану.

«Мектеп педагогикасы»: егер *Халықтық думаны* және *жұмысшы съезін* шақыру қолдан келмесе (12-бет),— онда *«үгіт және ұйымдастыру жұмысы босқа кетпейді»*.

Көтеріліспен салыстыр — ондағы ұйымдастыру жұмысы *«босқа кетуі»* мүмкін бе? Жоқ. Үгіт жұмысы ше? Жоқ, өйткені көтеріліс жүріп жатыр, бұл нақтылы нәрсе. Ал *Халықтық дума* — көз алдау, құр елес, құрғақ сөз.

Жұмысшылармен шүйіркелескенсу.

7-бет: *«Халықтық* құрылтай жиналысының, яғни шын «Халықтық думаның»»

{тіпті де *«яғни»* емес және тіпті де «шын» емес}

(7-бет) Халықтық думаның «міндеттері»

I° 1) «Мемл. думаға құрылтай жиналысын шақыру туралы талап қою

2) ~«~ және өзінің компетентті емес екенін, қызмет атқаруға правосыз екенін жариялау туралы (? — тағы да?) талап қою»

!! ха-ха! ал құрылтай жиналысын шақыру «правосы» ше?

II° 3) «халықтың барлық демократиялық (7-бет) топтарының орталығы және олардың еркін білдіруші болу және осы топтардың үкімет пен оның одақтастарына қарсы қорғаныс және шабуыл қимылдарының ұйымдастырушысы болып қызмет ету».

Осы бос былшылды көтеріліс органы ретіндегі революциялық уақытша үкіметпен салыстыр.

Мағынасыз сылдыр сөз және революциялық шындық. Көтерілістің қиындығы=Монбланға көтерілудің қиындығы. Самодержавие тұрғанда «Халықтық думаның» қиындығы=Монбланға ұшып шығудың «қиындығы».

«Искраның» жоспары — шетелде ойдан шығарылған нәрсе ғана деген біздің Орталық Комитет пікірінің оның өз листогында расталғанын көрсету. (а) (6-бет) Халықтық дума мен жұмысшы съезінің ұрандары қалың бұқараны үйіріп әкетеді дегенге күмәнданған; (б) (14-бет) «белсенді бойкот» саясатына дәлелдер келтірген (15-бет) (және 14-беттің in fine *) өзінің тілшісін Аксельрод өз дегеніне *қайта сендірмек* болады.

Белсенді бойкот саясатын Аксельрод «реакциялық және утопиялық» деп есептейді

— реакция? — социал-демократтардың конференциясы + «Освобождение» бұл мәселені шешкен. Қаражүздіктермен коалиция? — «Московские Ведомостиден» және «Новое Времядан» қорқу

— утопия? Екі «утопия»: *қарулы көтеріліс және парламентаризм ойыны.*

Қайсысы *жүзеге асып жатыр* — мұны бүкіл Россиядағы жаппай стачка мен көше бойындағы күрес көрсетіп отыр

«Либералдық демократияның орталық ұйымдарымен» «соз байласу» және «келісім жасасу» (7-бет) идеясының барып тұрған бейберекеттігі.

Революциялық демократияны бөліп алуды және онымен *саяси* келісім жасасудың *нақтылы* ұрандарын көрсетуді мүлдем білмеушілік. П. Б. Аксельродтікі тек освобождениелік ұрандар ғана.

«Жұмысшы съезі» жөнінде.

III съезд: *партияның* тірек пункттерін құру үшін ашық бой көрсетуді пайдалану [158].

(Айқын және дәл.)

П. Б. Аксельродтан түк түсініп болмайды.

Бүкіл россиялық жұмысшы съезі sans phrase**

(3-бет) — немесе *«құрғақ сөз бе»?*

Quid est? ***

Ең жақсысы *екі съезд* 1) *«жалпы съезд»* (4-бет)

2) *«социал-демократиялық*

---

* — соңында. *Ред.*

** — құрғақ сөзсіз *Ред.*

*** — Бұл не? *Ред.*

съезд» («бүкіл партияға реформа жасау үшін жалпы съездің біздің программамызға қосылатын мүшелерінен, оған қоса біздің партия ұйымдарымыздың өкілдерінен». 4-бет).

Лассаль ісімен салыстырудың өрескелдігі: 1) онда сол кездің өзінде *конституция* болған. 2) Ол кезде Лассальға *ашық* сөз салған болатын және ол да ашық сөз салды. 3) Ол кезде Allgemeiner Deutscher Arbeiter-Verein *-нің құрылуы «жұмысшылардың талапкерлігімен» социал-демократиялық жұмысшы партиясына *қарсы қиянат жасалуына* желеу болды.

1905 ж. 8 (21) октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Жалпы герман жұмысшы одағы *Ред.*

«МОСКВА ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАРЫ» * ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Москва оқиғаларының сабақтары

Су бөгетті кернегенде, шлюздерден (вершняктардан) басқа жерден саңлау тапса, бұл апаттың басы болады,
бөгетті тессе: тасқын лап қояды.

1. Facts. Trêve. Бітісу ме? Жоқ. Аялдау.
Мукден алдындағы Сандепу.
2. Жиналыстарға ішінара рұқсат беру — дағдарыстың орасан шиеленісуі — либералдардың опасыздығы — көше бойындағы революция.

α ((Жиналыстарға ішінара рұқсат етуден саяси дағдарыстың орасан шиеленісуі (университеттерде).

β ((Либерал профессорлар және радикал студенттер. Либ.-монарх. және революциялық-республикалық демократия.

γ ((«Vossische Zeitung». «Либералдарға кедергі жасалмасын». Abwiegler **.

δ ((Жұмысшылар + революцияшыл демократтар үкіметті немен қыспаққа алды?

Көтеріліспен (offene Revolte etc. cf. «Petersburger Zeitung» [159] «Frankfurter Zeitung»-те келтірілген 12. X. Abendblatt ***).

---

* Қараңыз· осы том, 407—417-беттер. *Ред.*

** — Тыныштамуды уағыздаушылар. *Ред.*

*** — ашық ашыну және т. т. «Петербургская Газетаны» салыстыр. «Франкфурт Газетінде» келтірілген 12. X. Кешкі шығуы. *Ред.*

ε Жұмысшылар + революцияшыл демократтар. Үкімет + либерал-монархияшыл буржуа. Үкіметтің шегінуі: университетті ашуы. Питердегілер «қорқып» отыр.

ζ Idem * — жиналыстар туралы заңмен, жұмысшы съезімен etc.: саңлауды ұлғайту. Болашақтағы шабуыл үшін соғысуға әзірлену. Cf. Witte («Vossische Zeitung» 11. X.): күрестің немен бітетінін күтеді.

η Мемл. думада да сол: жанжалдар мен шиеленістерге желеулер. Халықтың *парламенттен тыс күресте шешуі*. Трубецкой сияқты, Дума *жеңіп алынып қойылған* жиналыстар бостандығын сұрауға жүгіреді.

ϑ Inter arma silent leges **.

Әскери өнерге машықтана бастауды барынша қадап айтпақ керек: 1) әскерлердің азын-аулақ күшінен алтыатарлармен қорғану және көп күштен шегіну; 2) Рождественкадағы жасырын баррикада ‖топ-топ адамдардың сырт жағында désarçonnés plusieurs cazaques ***‖.

«Temps» 15. X., жексенбі. Петербургте жазуы бар веноктар. Сөз арасында: «Au champion de la liberté, tombé sur le champ de bataille» ****.

Соңғы хабарлар:

NB

12. X. телеграммалар (13. X. газеттерде) былай деп хабарлайды:

1) Москва университеті қайта ашылды.
2) Москвада саяси стачка өрлеп барады.
3) СПБ. студенттер үлкен жиналыста академиялық бостандықты пайдаланып, университет қабырғасында үлкен саяси жиналыстар өткізбек болып шешкен. Осы заңсыз жиналыстарға тыйым салудан қорқып, үкімет қиналып отыр.
4) Петербург, Москва, Харьков, Киев жұмысшыларының көптеген ұйымдары жұмысшы съезін Москвада өткізуді жобалап отыр.

---

* — Бұл да сондай. *Ред.*

** — Соғыс уақытында заңның үні өшеді. *Ред.*

*** — бірнеше казактың аттан жұлып түсірілуі. *Ред.*

**** — «Шайқас алаңында қаза тапқан азаттық күрескеріне». *Ред.*

Дербес социалистік саясат туралы мәселе жөнінде. «Vossische Zeitung»: «либералдарға бөгет жасалмасын» (студенттер және социал-демократтар). Contra: үкіметті тығырыққа тіреді. Немен? Москвадағы *көтерілiспен.*

Тағы да ілгері «жылжу» |idem съезд|.

Буржуазиялық бостандықтың бір пұшпағы жөнінде — пролетарлық бостандық жолындағы күресте ынсаптырақ болыңдар (тартыныңқыраңдар).

Университет автономиясын революцияның автономиясы үшін және соны уағыздау үшін, кеңейту үшін емес, назарды *революциядан* буржуазиялық «ғылымға» бұру үшін пайдаланыңдар.

≪ Революция буржуазиялық революция болғандықтан, ergo * өздеріңіздің қимыл-әрекеттеріңізде буржуазияның жалтарып кетпеуі жағын қарастырыңыздар.≫

Мемл. думаға дейін — конституцияшыл-демократтармен ешқандай келісім жасасу ұсынылған жоқ.

Мемл. думадан кейін — Парвус + Череванин + Мартов.

Мемл. думаға дейін — не революциялық үкімет, не қайсы бір өкілдігі бар мекеменің «шешімі».

Мемл. думадан кейін — не «халықтың демократиялық ұйымы» (конституцияшыл-демократтар? + социал-демократтар?) не Мемл. дума.

Бұл жолы да тағы «Освобождение» сөздерінің жалғандығы: Мемл. думадан кейін де бәз-баяғы үгіт.

1905 ж. 11 (24) октябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — демек.

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июль — октябрь, 1905)

ПЕТЕРБУРГКЕ А. И. УЛЬЯНОВА-ЕЛИЗАРОВАҒА ЖӘНЕ М. И. УЛЬЯНОВАҒА ХАТТАР

В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяның 1905 жылғы 24 және 25 июльдегі (6 және 7 августағы) екі хаты туралы А. И. Ульянова-Елизарова В. И. Ленинге жазған хатында айтады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Ленин хаттарының біреуі туралы А. И. Ульянова-Елизарова былай деп жазады: «Владимир Ильичке әрқашан да тән көрегендік 1905 жылы жаздың аяғында, бір жолы менің шетелден құпия әдебиет алудың қиыншылығын және оның ұзаққа созылатынын айтып шағынуыма ғой деймін, жазған жауабынан байқалды: «Жуық арада біз Петербургте редакциясы Нева проспектісінде болатын газет ашамыз» деп жазды ол. Мен ол жолы бұған мүлдем мүмкін емес нәрседей күлдім де қойдым, ал сөйтсем не бары үш айдан кейін шынында да Нева проспектісінде «Новая Жизнь» редакциясының маңдайша жарнамасы көз тартып тұрды» (А. И. Ульянова-Елизарова. В. И. Ульянов (Н. Ленин). Өмірі мен қызметінің қысқаша очеркі. 1934, 49-бет).

В. И. Лениннің М. И. Ульяноваға 1905 жылы 12 (25) октябрьден бұрынырақ жазған хаты туралы М. И. Ульянованың «Пролетарий» газеті редакциясына жазған хатынан белгілі. В. И. Ленин М. И. Ульяновадан «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасын қайта бастыру жөнінде «Молот» баспасымен сөйлесуін сұраған болса керек (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

РОССИЯҒА РСДРП ЖЕРГІЛІКТІ КОМИТЕТТЕРІНЕ ПАРТИЯ ІСТЕРІ ТУРАЛЫ ХАТ

В. И. Лениннің 1905 жылы 30 июль мен 3 августың (12 және 16 августың) аралығында Томскіге, Ригаға, Самараға, Қазанға және Москваға жолдаған хаты туралы дерек «Пролетарий» газеті редакциясының кіріс-шығыс корреспонденциялар тіркелген 1905 жылғы август айындағы Н. К. Крупскаяның қолымен толтырылған дәптерде бар (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. В. ВОРОВСКИЙГЕ ХАТ

В. И. Ленин В. В. Воровскийге (1905 жылы 2 және 10 (15 және 23) августың аралығында) оның әдеби жұмысы жөнінде жазған. 1905 жылы 10 (23) августағы Воровскийдің жауап хатына қарағанда, В. И. Ленин бұған «Дневник Социал-Демократаның» 2-номеріндегі Г. В. Плехановтың мақаласы жөнінде оған жауап жазбақ ниеті барын хабарлаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

РСДРП ПЕТЕРБУРГ КОМИТЕТІНЕ Р. С. ЗЕМЛЯЧКАҒА ХАТ

В. И. Лениннің 1905 жылы 10 және 12 (23 және 25) августың аралығында Р. С. Землячкаға жіберген хаты туралы «Пролетарий» редакциясының кіріс-шығыс корреспонденциялары тіркелген 1905 жылғы августағы Н. К. Крупскаяның қолымен толтырылған дәптерден белгілі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. ЛЕНИННІҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ РЕФЕРАТТАРЫ

В. И. Лениннің бірқатар рефераттары туралы деректер сақталған, бұл рефераттардың материалдары (жоспарлары, конспектілері, жарыс сөздердің жазбалары және т. т.) әзірге әлі табылған жоқ. 1905 жылы 15 (28) августан бұрынырақ Женевада болған осындай рефераттардың біреуі туралы Л. П. Мандельштам В. И. Ленинге жазған хатында хабарлайды. Лениннің 21 сентябрьде (4 октябрьде) герман социал-демократиясының Иена съезі туралы Женевада оқыған рефераты жайында В. П. Ногиннің Мотовиловаға жазған хатынан белгілі. РСДРП-ның Женевадағы жәрдем тобының түсімдер мен шығындар кітабында Лениннің Женевада 1905 жылы 31 августа (12 сентябрьде), 5 (18) және 16 (29) сентябрьде, 2 (15) және 12 (25) октябрьде оқыған басқа да рефераттарынан түскен қаржылар жазылған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

РИГАҒА М. М. ЛИТВИНОВҚА ХАТ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде М. М. Литвиновтың хаты сақталған, бұл хатта ол саяси тұтқындарды босатып алу мақсатымен 1905 жылы 7 (20) сентябрьге қараған түні Рига түрмесіне жасалған қарулы шабуыл жөнінде В. И. Лениннің сұрағына жауап қайтарады.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 8—17 (4) июль, 1905 ж.
№ 9—26 (13) июль, 1905 ж.
№ 10—2 август (20 июль), 1905 ж.
№ 11—9 август (27 июль), 1905 ж.
№ 12—16 (3) август, 1905 ж.
№ 13—22 (9) август, 1905 ж.
№ 14—29 (16) август, 1905 ж.
№ 15—5 сентябрь (23 август), 1905 ж.
№ 16—14 (1) сентябрь, 1905 ж.
№ 17—14 (1) сентябрь, 1905 ж. *
№ 18—26 (13) сентябрь, 1905 ж.
№ 19—3 октябрь (20 сентябрь), 1905 ж.
№ 20—10 октябрь (27 сентябрь), 1905 ж.
№ 21—17 (4) октябрь, 1905 ж.
№ 22—24 (11) октябрь, 1905 ж.

К. МАРКС. «ФРАНЦИЯДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ (1870—1871)»

Алғы сөзін жазған Ф. Энгельс. Редакциялаған В. И. Ленин, немісшеден аударма. Екінші басылымы. «Буревестник» кітап баспасы. Одесса, 1905

Кітаптың бірінші басылымы 1905 жылы «Буревестник» кітап баспасында шықты. Осы баспаның уәкілі 1905 жылы 1 (14) июльде К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» дейтін кітабының аудармасын В. И. Лениннің редакциялап беруін өтінеді, бұл кезде кітаптың бірінші басылымы толық тарап болған еді. Уәкіл кітаптың бірінші басылымынан цензура алып тастаған жерлерді екінші басылымында басып шығаруға әрекет жасау үшін, жаңадан аудару қажет екендігін көрсетеді.

---

* 16 және 17-номерлер екеуі де бір күнмен белгіленген. Сірә, газеттің 17-номерінің шыққан күнін көрсетуде қате жіберілген болу керек.

13(26) июльде ол Ленинге кітаптың редакцияланған бөлегін алғандығын хабарлады.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде К. Маркс еңбегінің жаңа басылымын әзірлеуге байланысты В. И. Лениннің заметкасы сақталған. Ленин бұл заметкасында Интернационалдың Бас Советінің 1870 жылғы 23 июль мен 9 сентябрьдегі үндеулерін жаңа басылымға енгізуге байланысты Ф. Энгельстің алғы сөзінің осы үндеулерге баға берілетін және бірінші басылымда қалып қойған бөлегін де жаңадан аудару қажет екендігін жазған. Кітаптың екінші басылымы оның бірінші басылымымен салыстырғанда неғұрлым толық түрінде шықты.

«ЖҰМЫСШЫЛАР ПАРТИЯНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ ТУРАЛЫ»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

1905 жылы июльде В. И. Ленин кітапшаға алғы сөздің бастапқы және түпкілікті нұсқаларын жазды, кітапша мұқабасының текстін және мазмұнын құрып берді (қараңыз: осы том, 169—175, 427—428-беттер).

ФР. ЭНГЕЛЬС. «БАКУНИНШІЛДЕРДІҢ ӘРЕКЕТІ (1873 ЖЫЛЫ ЖАЗДА ИСПАНИЯДА БОЛҒАН КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР)»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында Ленин «Пролетарий» газетінің бір топ қызметкерлері Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті (1873 жылы жазда Испанияда болған көтеріліс туралы жазбалар)» деген кітапшасын бастырып шығаруға әзірлеуде деп жазған (қараңыз: осы том, 119-бет). Кітапшаны 1905 жылы Женевада, РСДРП Орталық Комитеті басып шығарды. Осы кітапша 1906 жылы Петербургте қайта басылды. Екі кітапшаның да тексті бірдей. 1906 жылы шыққан кітапшада оның редакторы В. И. Ленин болды деп көрсетілген.

«РОСС. СОЦ.-ДЕМ. ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ҮШІНШІ СЪЕЗІ. ПРОТОКОЛДАРДЫҢ ТОЛЫҚ ТЕКСТІ»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

РСДРП III съезінің протоколдарын редакциялауға В. И. Лениннің қатысқандығы протоколдарды бастыру жөніндегі комиссияның атынан съезд делегаттарының тізбесі жөнін-

де Ленин жазған ескертуден (қараңыз: «РСДРП Үшінші съезі. Протоколдар». М., 1959, 470-бет) және В. В. Воровскийдің 14-мәжілісте сөйлеген сөзіндегі редакциялық түзетуден көрінеді, бұл түзету протоколдардың жарияланған текстіне енген.

П. НИКОЛАЕВ. «РОССИЯДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯ»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген П. Николаев кітапшасының қолжазбасы сақтаулы; түзетулердің бірсыпырасы Лениннің XXVI жинағының 345-бетінде жарияланған. Бұл томда В. И. Лениннің осы кітапшаға ескертуі басылып отыр (қараңыз: 187-бет).

НИЩИЙ. «ОДЕССА КҮНДЕРІ ЖӘНЕ «ПОТЕМКИН»»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

О. И. Виноградованың (Нищийдің) қолжазбасы «Пролетарий» газетінің редакциясына тақырыпсыз жіберіліп, «Одесса күндері және «Потемкин»» деген тақырыппен жеке кітапша болып басылды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген осы кітапшаның қолжазбасы сақтаулы, бұл түзетулер кітапшаның жарияланған текстіне кірген (сондай-ақ Лениннің XXVI жинағын қараңыз, 433-бет).

[А. В. ЛУНАЧАРСКИЙ]. «ЕВРОПА ПРОЛЕТАРИАТЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КҮРЕСІ ТАРИХЫНАН ОЧЕРКТЕР»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

А. В. Луначарский «Очерктері» алғашында «Вперед» газетінің 2, 9, 12 және 17-номерлері мен «Пролетарийдің» 7 және 10-номерлерінде басылды (газеттер В. И. Лениннің редакциялауымен шығып тұрған); Лениннің редакциялық түзетуі «Очерктердің» қолжазбасы беттерінің бірінде де бар. Оның үстіне, Луначарский кітапшаға соңғы сөз жазған. 1905 жылы июльдің аяғында ол В. И. Ленинге: «Сізге соңғы сөз бен корректурасы қаралған «Очерктерді» жіберіп отырмын» деп жазған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] В. И. Лениннің *«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы»* деген кітабы 1905 жылы июнь — июльде РСДРП III съезінің, сондай-ақ съезбен бір мезгілде Женевада өткен меньшевиктік конференцияның жұмысы аяқталғаннан кейін жазылған. Кітабының тақырыбын ойлана келіп, Ленин былай деп жазып қойған: «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы (РСДРП III съезінің және бөлініп шыққан социал-демократтар конференциясының шешімдері жөнінде ойлар мен заметкалар)» (Лениннің V жинағы, 1929, 315-бет).

Меньшевиктік конференция шешімдерінің оппортунизмін әшкерелей келіп, Ленин 1905 жылы 3 июльде (20 июньде) «Пролетарий» газетінің 6-номерінде жарияланған «Үшінші адым кейін» деген мақаласында бұл мәселені «ерекше кітапшада егжей-тегжейлі талдаймыз, ол кітапша қазір басылып жатыр және жуық арада жарыққа шығады» деп жазды (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 347-бет). Бірнеше аптадан кейін — 9 августа (27 июльде) «Пролетарий» газетінің 11-номерінде «Н. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген жаңа кітапшасы шықты» деген хабар жарияланды. Кітап РСДРП Орталық Комитетінің бастыруымен Женевада шықты; В. И. Ленин бұл кезде осы Женевада тұратын және жұмыс істейтін. Сол 1905 жылы РСДРП Орталық Комитеті кітапты Россияда қайта шығарды, оған қоса РСДРП Москва комитеті 10 000 дана етіп бөлек бастырды.

В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабының жарыққа шығуы партия өмірінде үлкен оқиға болды. Кітап жасырын түрде Петербургте, Москвада, Пермьде, Қазанда, Тифлисте, Бакуде және Россияның басқа қалаларында таратылды. Сол кезде РСДРП Одесса комитетінің секретары болып істеген С. И. Гусев кітапты алған соң В. И. Ленинге былай деп жаз-

ды: «Сіздің кітапшаңыз, менің ойымша бір дәуір туғызбаса да, қалай болған күнде де орасан зор роль атқарады. Маған әсіресе кітаптың өн бойындағы революциялық рух және оның таңқаларлықтай айқындығы. ұғымдылығы ерекше әсер етті» («Пролетарская Революция» № 12, 1925, 41-бет). «Екі тактика» кітабын астыртын партия және жұмысшы үйірмелерінде оқып үйренді. Патша охранкасы тінтулер мен тұтқынға алу кезінде осы кітапты Россияның әр тарапынан тауып алып конфискелеп жатты. Мысалы, 1905 жылы декабрьде Сувалки қаласындағы бір пәтерді тінткенде осы кітап шыққан. 1906 жылы январьда Таганрогтағы жұмысшы клубынан табылды, мұнда осы кітапты оқып үйренушілердің жиналысы болған еді. 1907 жылы февральда Петербургтің баспасөз істері жөніндегі комитеті кітаптың мазмұнында патша үкіметіне қарсы қылмысты әрекет бар деп қарап, оған тыйым салды. Осы тыйым салуды мартта бекіте отырып, Петербург сот палатасы сол жылдың декабріндегі сот мәжілісінде қаулы шығарды, онда: ««Н. Ленин. Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітап құртылсын» делінген. Алайда В. И. Лениннің орасан зор маңызы бар бұл шығармасын патша үкіметі жойып жібере алмады.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабын Ленин «12 жыл ішінде» деген мақалалар жинағының бірінші томына енгізді, бұл жинақ 1907 жылы ноябрьдің орта шенінде Петербургте шықты. Ленин кітапты бет соңындағы жаңа ескертулермен толықтырды. Жинаққа жазылған алғы сөзде кітаптың маңызы туралы ол былай деп жазды: «Мұнда енді меньшевиктермен болған *негізгі* тактикалық алауыздықтар жүйелі түрде баяндалады;— көктемде Лондонда болған (большевиктік) «РСДРП III съезінің» және Женевада болған меньшевиктік конференцияның қарарлары осы алауыздықтарды толығынан қалыптастырды және пролетариаттың міндеттері тұрғысынан біздің бүкіл буржуазиялық революцияны бағалау жөнінде оларды *негізгі* ажырасуға алып келді» (Шығармалар, 13-том, 101-бет). «12 жыл ішінде» жинағы жарыққа шыққаннан кейін көп ұзамай конфискеленді, бірақ тиражының едәуір бөлегін сақтап қалудың сәті түсіп, кейіннен кітап астыртын басылып шыға берді.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітап Октябрь социалистік революциясынан кейін кең тарады. Совет өкіметі жылдарында бұл кітап, 1960 жылғы 1 июльдегі мәлімет бойынша, СССР халықтарының 49 тілінде жалпы тиражы 5 734 000 дана болып, 146 рет басылып шыққан. Оның үстіне кітап шетелде ағылшын, болгар, венгер, вьетнам, индонезия, испан, қытай, корей, малайя, монғол, неміс, поляк, португал, румын, серб, сло-

вак, француз, фин, хинди, чех, жапон және басқа тілдерде басылды.

Кітаптың қолжазбасы толық сақталмаған, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде қолжазбаның бір данасы сақтаулы, бірақ онда кітаптың алғашқы тараулары жоқ. Томның дайындық материалдарында кітапқа арналған соңғы сөздің жоспары жарияланып отыр (қараңыз: осы том, 423—424-беттер).— *1.*

2 *«Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс* 1905 жылы 14 (27) июньде басталды. Көтеріліс жасаған броненосец Одессаға келді, мұнда ол кезде жаппай стачка болып жатқан еді. Бірақ Одесса жұмысшылары мен матростардың бірлесіп бас көтеруі үшін қалыптасқан қолайлы жағдай пайдаланылмады. Көптеген адамдарының тұтқынға алынуы салдарынан Одесса большевиктік ұйымы әлсіреп қалған еді, онда бірлік болмады. Ал меньшевиктер қарулы көтеріліске қарсы болды, сондықтан жұмысшылар мен матростарды пәрменді күрестен іркіп ұстады. Патша үкіметі «Потемкиндегі» көтерілісті басу үшін бүкіл Қара теңіз флотын жұмсады, бірақ матростар көтеріліс жасаған корабльге оқ атудан бас тартты да, командирлер эскадраны кері әкетуге мәжбүр болды. Теңіз бетінде он бір күн кезіп жүргеннен кейін «Потемкин» броненосеці азық-түлігі мен көмірі таусылып, Румыния жағалауына қарай кетуге, сөйтіп румын өкімет орындарына берілуге мәжбүр болды. Матростардың көпшілігі шетелде қалып қойды. Ал Россияға оралғандары тұтқынға алынып, сотқа берілді.

«Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс сәтсіз аяқталды, бірақ аса ірі әскери кеме командасының революция жағына шығуы самодержавиеге қарсы күрестің дамуында алға қарай жасалған маңызды қадам болды. Осы көтерілістің маңызына баға бере келіп, Ленин *«революциялық армияның ұйтқысын* құруға әрекет жасалды» деп көрсетті (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 357-бет).— *3.*

3 *«Пролетарий»* — апта сайын шығып тұрған құпия большевиктік газет; партияның III съезінің қаулысымен құрылған РСДРП-ның Орталық Органы. Партияның Орталық Комитеті Пленумының 1905 жылғы 27 апрельдегі (10 майдағы) шешімімен В. И. Ленин Орталық Органның жауапты редакторы болып тағайындалды. Газет Женевада 1905 жылдың 14 (27) майынан 12 (25) ноябріне дейін шығып тұрды. 26 номері шықты, «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» бағытын одан әрі жалғастырды және большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтастығын сақтады.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бетін, оның идеялық

мазмұны мен большевиктік бағытын анықтады. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс атқарды. Оның редакциялық түзетулері жарияланатын материалға жоғары принципшілдік, партиялық, аса маңызды теориялық проблемаларды қоюда және революциялық қозғалыс мәселелері туралы жазуда дәлдік пен айқындық енгізіп отырды.

Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский үзбей қатысып тұрды. Редакцияда Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский үлкен жұмыс жүргізді. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; оның беттерінде революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан жұмысшылардың мақалалары мен заметкалары жарияланып тұрды, Жергілікті жерлерден корреспонденциялар жинап Женеваға жіберіп тұруды В. Д. Бонч-Бруевич, С. И. Гусев және А. И. Ульянова-Елизарова ұйымдастырды. Редакцияның жергілікті партия ұйымдарымен және оқушылармен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская мен Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» Россия және халықаралық жұмысшы қозғалысының барлық елеулі оқиғаларына дереу үн қосып отырды, меньшевиктерге және өзге де оппортунистік, ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күрес жүргізді.

Газет партияның III съезінің шешімдерін насихаттау жөнінде зор жұмыс жүргізді және большевиктердің ұйымдық, идеялық жағынан топтасуында маңызды роль атқарды. «Пролетарий» Россия социал-демократиясының революциялық марксизмді дәйекті қорғаған, Россияда өрістеген революцияның барлық негізгі мәселелерін талдап дайындаған бірден-бір органы болды. 1905 жылдың оқиғалары туралы жан-жақты жазып, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға зор ықпал жасап отырды. Лениннің «Пролетарий» газетінде шыққан кейбір мақалаларын большевиктік жергілікті газеттер көшіріп басты және олар листовкалар түрінде таратылды.

Ленин 1905 жылғы ноябрьдің басында Россияға жүріп кеткен соң газеттің шығарылуы көп ұзамай тоқтатылды. Соңғы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ Ленин бұл екі номерге де бірнеше мақала жазды, бұл мақалалар Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды.— *3.*

4 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр алуан халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы», тағы басқалар) бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында

пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иелерінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктеліс пен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шығарды. Эсерлердің көзқарастары халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы еді; Лениннің айтуынша эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (осы том, 308-бет). Самодержавиеге қарсы күрестің негізгі әдісі ретінде эсерлер уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасында жерге жеке меншікті жою және жерді қауымдардың қарамағына беру, «еңбек негізін» және жерді «теңгерме» пайдалануды енгізу, сондай-ақ кооперацияны дамыту көзделді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған бұл программада шынына келгенде социалистік ештеңе де болған жоқ. Эсерлер программасын талдай келіп, В. И. Ленин ортақ жерде товар өндірісі мен жеке меншікті шаруашылықтың сақталуы капитал үстемдігін жоймайтынын, еңбекші шаруаларды қанау мен күйзелістен құтқармайтынын көрсетті; капитализм тұсында кооперация да ұсақ шаруалар үшін құтқарушы құрал бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байытуға қызмет етеді. Сонымен бірге Ленин жерді теңгерме пайдалану талабының, ол социалистік талап болмаса да, реакциялық помещиктік жер иемденуге қарсы бағытталғандықтан, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болғанын атап айтты.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалист деген атты бүркемеленбекші әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал ету үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екенін ашып көрсетті. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте белгілі шарттар қоя отырып, эсерлермен уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан ала-құлалығы эсерлер партиясы қатарында саяси және идеялық тұрақсыздық пен ұйымдық ауа жайылушылықтың орын алуына, олардың либерал буржуазия мен пролетариаттың арасында әрдайым ауытқып отыруына негіз болды. Бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ эсерлер партиясынан оң қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясын» (энестер) құрды, олар өздерінің көзқарастары жағынан кадеттерге жақын болды; ал сол қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағын құрды. Столыпин реакциясы кезінде эсерлер партиясы толық идеялық және ұйым-

дық күйреліске ұшырады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иемденуді жою жөніндегі шаруалардың талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктік жерлерді басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберіп отырды.

1917 жылғы ноябрьдің аяғында эсерлердің сол қанаты солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасының арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, солшыл эсерлер сөз жүзінде Совет өкіметін мойындады және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру әрекетін жүргізді, интервенттер мен ақгвардияшылдарды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақгвардиялық эмиграция ордасында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін жалғастыра берді.— *4.*

5 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал; 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциялауымен шетелде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды және баяу-монархистік либерализм идеяларын дәйектілікпен жүргізіп отырды. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құрылып (1904 жылғы январьда қалыптасты), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституцияшылдармен қатар «освобождениешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясының ұйтқысы болды.— *5.*

6 *РСДРП III съезі* 1905 жылғы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 майда) Лондонда болды. Съезді большевиктер дайындады және ол Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартып, Женевада өз конференциясына жиналды.

Съезге 38 делегат, оның ішінде. шешуші дауыспен — 24, кеңесші дауыспен — 14 делегат қатысты. РСДРП-ның 21 комитетінен (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік, Тула, Нижний Новгород, Урал, Самара, Саратов, Кавказ одағы (Баку, Батум, Имерети-Мингрель, Тифлис комитеттері), Воронеж, Николаев, Одесса, Полесье, Солтүстік-Батыс, Курск, Орел комитеттерінен) келген делегаттар шешуші дауыспен қатысты. Ленин Одесса комитетінен делегат болды. Делегаттар қатарында В. В. Воровский, Р. С. Землячка, Н. К. Крупская, А. А. Богданов, А. В. Луначарский, М. М. Литвинов, М. Г. Цхакая және басқалар бар еді. Съездің председателі болып Ленин сайланды.

Съезд Россияда өрістеп келе жатқан революцияның түбегейлі мәселелерін қарап, пролетариаттың және оның партиясының міндеттерін белгіледі. Съезде мына мәселелер талқыланды: Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы; қарулы көтеріліс; үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы саясатына көзқарас; революциялық уақытша үкімет туралы; шаруалар қозғалысына көзқарас; партияның уставы; РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас; ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; либералдарға көзқарас; эсерлермен практикалық келісімдер; насихат пен үгіт; Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттер делегаттарының есептері және басқалар.

Съезд талқылаған барлық негізгі мәселелер жөніндегі қарарлардың жобаларын Ленин жазды. Съезде ол социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы және шаруалар қозғалысын қолдауға қатысты қарар туралы баяндамалар жасады, қарулы көтеріліс жайында, төңкеріс қарсаңында үкімет тактикасына көзқарас жайында, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары жайында, партияның уставы жайында, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама және басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық жоспарын белгіледі, бұл жоспарда пролетариаттың революция көсемі, басшысы болуы және шаруалармен одақтасып, буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңуі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін күресу көзделді. Осы стратегиялық жоспарға сүйене отырып, съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және шұғыл міндеті ретінде съезд қарулы көтеріліс ұйымдастыру міндетін қойды. Съезд халықтың қарулы көтерілісінің жеңуі нәтижесінде революциялық уақытша үкімет құрылуға тиіс, бұл үкімет контрреволюцияның қарсылығын басуға РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруға, социалистік революцияға өту үшін жағдай әзірлеуге тиіс деп көрсетті.

Съезд партияның уставын қайта қарады; ол уставтың партияға мүше болу туралы бірінші параграфын лениндік тұжырымда қабылдады; партиядағы қос орталық (Орталық Комитет және Орталық Орган) жүйесін жойып, бірыңғай партиялық басшы орталық — Орталық Комитетті құрды; Орталық Комитеттің праволарын және оның жергілікті комитеттермен қарым-қатынасын дәлме-дәл белгілеп берді.

Съезд меньшевиктердің әрекеттерін, олардың ұйымдық және практикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искра» меньшевиктердің қолына көшіп, оппортунистік бағыт ұстағандықтан РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган — «Пролетарий» газетін ұйымдастыруды тапсырды. Орталық Комитеттің 1905 жылғы 27 апрельдегі (10 майдағы) Пленумында В. И. Ленин «Пролетарийдің» редакторы болып тағайындалды.

РСДРП III съезінің орасан зор тарихи маңызы болды. Бұл тұңғыш большевиктік съезд еді. Съезд партия мен жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңуі жолында күресудің жауынгерлік программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы туралы Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 225—232-беттер). Съездің шешімдерін Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негіздеді (қараңыз: осы том, 1—139-беттер).— *5.*

7 Бұл арада меньшевиктік «Искра» туралы айтылып отыр. Партияның II съезінде партияның Орталық Органының редакциясы құрамына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов енгізілген болатын. Алайда меньшевик Мартов, съездің шешіміне қарамастан, II съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға енуден бас тартты да, «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, редакция құрамына съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды енгізуді талап етті. Ленин бұған келіспеді, сөйтіп 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол Орталық Комитетке кооптацияланды да, енді сол жерден оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері бір ғана Плехановтың редакциялауымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плехановтың бір өзі, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторлары Аксельродты, Потресов пен Засуличті кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің айбынды органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздауға арналған трибунаға айналдырды. Жаңа, меньшевик-

тік «Искра» партиялықтың негіздерін әлсіретті: партия шешімдерін міндетті түрде орындау талабы «бюрократизм» және «формализм» деп жарияланды, азшылықтың көпшілікке бағынуын партия мүшесінің еркі мен бостандығын «дөрекі күшпен» басып тастаушылық деп қаралды, партиялық тәртіп «крепостниктік право» деп кемсітілді. Меньшевиктер партияны ұйымдық бытырандылық пен ауажайылушылыққа, үйірмешілдік пен майдагерлікке қарай кері сүйреді.— *6.*

8 *Меньшевиктердің Женева конференциясы* РСДРП III съезімен бір мезгілде 1905 жылғы апрельде өтті. Қатысушылар аз болғандықтан (9 комитеттен ғана делегаттар қатысты), меньшевиктер өздерінің жиналысын партия қызметкерлерінің конференциясы деп жариялады.

Конференцияның шешімдері меньшевиктер өздерінің алдына революцияны одан әрі өрістету міндетін қоймағанын көрсетті. Олар пролетариаттың революциядағы гегемондығын және пролетариаттың шаруалармен одақтасу саясатын теріске шығарды. Олар буржуазиялық-демократиялық революцияның басшысы либерал буржуазия деп және революция жеңгеннен кейін өкімет осы либерал буржуазияның қолына көшуге тиіс деп есептеді. Меньшевиктер революциялық уақытша үкімет құрудың және оған социал-демократия өкілдері қатысуының қажеттігін теріске шығарды. Қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі шешімдерінде конференция көтеріліске байланысты пролетариаттың алдында тұрған практикалық міндеттерді белгілемеді, пролетариат партиясы көтерілісті әзірлеумен шұғылданбауға тиіс, өйткені мұның өзі буржуазияны шошытып жіберуі мүмкін деп есептеді. Конференция социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы пікір айтты. Ол помещиктік жерлерді тартып алу үшін революциялық шаруалар комитеттерін ұйымдастыру міндетін қойған жоқ; жер мәселесін шешу болашақтағы құрылтай жиналысына қалдырылды. Конференция РСДРП II съезінде қабылданған партия уставын күшінен айырды. Ұйымдық мәселе жөніндегі оның «ұйымдық уставында» айтылған шешімдері партияны II съезден кейін қарай, ұйымдық бытырандылыққа, үйірмешілдікке қарай тартты. Женева конференциясының шешімдері меньшевиктердің жұмысшы табын реформизм рухында және либерал буржуазияның тактикасына бейімделу рухында тәрбиелеп, жұмысшы табын идеялық және ұйымдық жағынан қарусыздандырғанын, жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды таратушы болғанын дәлелдеді. Олардың тактикасы, Ленин атап көрсеткендей, «революцияға опасыздық ету, пролетариатты буржуазиялық таптардың дәрменсіз құйыршығына айналдыру» тактикасы болды (осы том, 89-бет). «Үшінші адым кейін» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер), осы томда жарияланып отырған «Социал-демократияның демократиялық

революциядағы екі тактикасы» деген шығармасында, ««Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде» және басқа еңбектерінде В. И. Ленин Женева конференциясы шешімдерінің оппортунистік сипатын ашып, оларды өлтіре сынады.— *6.*

9 *Булыгин комиссиясы* — патшаның 1905 жылғы 18 февральдағы (3 марттағы) указы бойынша ішкі істер министрі А. Г. Булыгиннің председательдік етуімен құрылған ерекше кеңес. Оның құрамына ірі помещиктер, реакцияшыл дворяндардың өкілдері енді. Кеңес Мемлекеттік думаны шақыру туралы заң әзірлеуге тиіс болды, оның бер жағында указда және онымен бір мезгілде жарияланған патша манифесінде сол кездегі заңдардың бұлжымастығын толық сақтау және патша самодержавиесін барынша нығайту міндеті қойылды.

Патшаның председательдік етуімен Петергофта өткен бірқатар кеңестерден кейін 6 (19) августа патша манифесі, Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Бұл Думаны сайлау үшін сайлау правосы тек помещиктерге, капиталистерге және аз ғана үй иесі-шаруаларға берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан шаруаларға не бары 51 орын берілді. Мемлекеттік думаның ешқандай заң шығаруға правосы болмады, ол тек патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді ғана талқылай алатын болды. Булыгин думасын сипаттай келіп, Ленин мұның өзі ««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» деп жазды (осы том, 196-бет).

Большевиктер жұмысшылар мен шаруаларды бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандардың төңірегіне шоғырландырып, Булыгин Думасына белсенді бойкот жариялауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуды мүмкін деп есептеді және либерал буржуазиямен ынтымақтасуды жақтады.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу үшін пайдаланды. Булыгин Думасына сайлау өтпеді, үкімет оны шақыра алған жоқ. Революцияның ілгері өрлеуі және Октябрьдегі саяси стачка оны жайпап тастады. Булыгин Думасы туралы мәселе жөнінде В. И. Лениннің: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» деген және басқа мақалаларын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; осы том, 176-185, 192—202, 211—225-беттер).— *8.*

10 *Конституциялық-демократиялық партия* (кадеттер) — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның негізгі партиясы. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер енді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалары болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «Халық бостандығы партиясы» деген жалған ат қойып алды, ал іс жүзінде бұлар конституциялық монархияны талап етуден әрі барған жоқ. Кадеттер революциялық қозғалысқа қарсы күресуді өздерінің басты мақсаты деп есептеді, патшамен және помещик-крепостниктермен өкіметті бөлісуге тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша өкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде олар монархияны құтқарып қалуға тырысты. Буржуазиялық уақытша үкіметте басшы орынға ие болған кадеттер американ-ағылшын-француз империалистеріне ұнамды, бірақ халыққа қарсы, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, контрреволюциялық қарулы аттаныстар мен интервенттер жорықтарының бәріне қатысты. Интервенттер мен ақгвардияшылдар талқандалғаннан кейін эмиграцияға кеткен кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекетін тоқтатпады.— *8.*

11 *Мильеранизм* — француздың социалист-реформисі А.-Э. Мильеранның атымен аталған оппортунистік ағым, Мильеран 1899 жылы Францияның реакциялық буржуазиялық үкіметі құрамына еніп, сауда министрі болды. Мильеранның буржуазиялық үкіметке кіруі социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің буржуазиямен таптық ынтымақтасу саясатының, олардың революциялық күрестен бас тартуының, еңбекші таптардың мүдделеріне сатқындық жасауының айқын көрінісі болды. Мильеранизмді ревизионизм және ренегаттық ретінде сипаттай келіп, Ленин буржуазиялық үкіметке кірген социал-реформистер қалай болған күнде де біреудің қойған адамы, капиталистер үшін бет перде, осы үкіметтің бұқараны алдау құралы болады деп көрсетті.— *17.*

12 *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») К. Маркстің редакциялауымен 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін Кёльнде күн сайын шығып тұрды. Редакция құрамына Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс енді.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасының тәрбиелеушісі ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске кө-

терді. Герман және Европа революцияларының аса маңызды мәселелері жөнінен газеттің қандай позиция ұстайтынын белгілеген бас мақалаларды көбінесе Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осылардың бәрі газеттің өмір сүруінің алғашқы айларынан бастап-ақ оны феодалдық-монархиялық және либерал-буржуазиялық баспасөздің өтірік-өсегіне, сондай-ақ үкіметтің қуғындауына ұшыратты, бұл қуғындау, әсіресе, Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен кейін күшейе түсті.

Қуғындалуға және полицияның кедергі жасағанына қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылғы майда контрреволюция жаппай шабуылға шыққанда Пруссия үкіметі Маркстің Пруссия азаматтығын алмағанын пайдаланып, оны Пруссиядан қуу туралы бұйрық берді. Маркстің Пруссиядан қуылуы және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына да жазалар қолданылуы газетті шығарудың тоқталуына себеп болды. Газеттің соңғы, 301-номері 1849 жылы 19 майда қызыл бояумен шықты. Жұмысшылармен қоштасуға арналған сөзінде редакторлар «қай кезде де, қашан да біздің айтатын соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады!» деп мәлімдеді.— *21.*

13 *«Социал-Демократ»* — меньшевиктік газет; Тифлисте 1905 жылы 7 (20) апрельден 13 (26) ноябрьге дейін грузин тілінде шығып тұрды. Не бары 6 номері шықты. Газетке грузин меньшевиктерінің лидері Н. Жордания басшылық етті.

1905 жылы 7 (20) апрельде «Социал-Демократтың» 1-номерінде басылған «Земство жиыны және біздің тактикамыз» деген мақаланы Н. Жордания жазды. «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабының жетінші тарауында Ленин осы мақалаға сынап талдау жасады (қараңыз: осы том, 51—56-беттер).— *23.*

14 *«Шипов» конституциясы* деп Ленин земствошылардың оң қанатын бастаған баяу либерал Д. Н. Шипов әзірлеген мемлекеттік құрылыс жобасын атап отыр. Революцияның құлашын жаздырмауға тырысып және сонымен бірге земстволардың пайдасына патша үкіметінен біраз жеңілдік алуды көздеп, Шипов патшаның жанынан кеңесші өкілдік орган құруды ұсынды. Баяу либералдар осындай келісім жасау арқылы халық бұқарасын алдауға, монархияны сақтап қалуға және оған қоса өзіне кейбір саяси праволар алуға тырысты.— *25.*

15 *«Русская Старина»* («Орыс Аңызы») — тарихи журнал, негізін салған М. И. Семевский; Петербургте 1870 жылдан 1918 жылға дейін ай сайын шығып тұрды. «Русская Старинада» Россияның мемлекет қайраткерлерінің және орыс мәдениеті өкілдерінің естеліктерін, күнделіктерін, жазбаларын, хаттарын, сондай-ақ әр түрлі документтік материалдарды жариялауға көрнекті орын берілді.— *31.*

16 Әңгіме К. Маркстің «Фейербах туралы тезистер» деген еңбегі туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 1—4-беттер).— *32.*

17 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; Москвада 1863 жылдан шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысып тұрды, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар, 19-том, 120-бет) өзінше ұштастырды деп көрсетті. 1918 жылы «Русские Ведомости» өзге контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *40.*

18 *«Сын Отечества»* («Отан Ұлы») — либералдық бағыттағы күнделікті газет, Петербургте 1856 жылдан 1900 жылға дейін және 1904 жылдың 18 ноябрінен (1 декабрінен) шығып тұрды. Газеттің қызметкерлері освобождениешілдер және түрлі сарындағы халықшылдар еді. 1905 жылдың 15 (28) ноябрінен бастап газет эсерлер партиясының органы болды. 1905 жылғы 2 (15) декабрьде газет жабылды.— *40.*

19 *«Наша Жизнь»* («Біздің Өмір») — либералдық бағыттағы күнделікті газет; Петербургте 1904 жылғы 6 (19) ноябрьден 1906 жылғы 11 (24) июльге дейін аракідік үзіліспен шығып тұрды.— *40.*

20 *«Наши Дни»* («Біздің Күндер») — либералдық бағыттағы күнделікті газет; Петербургте 1904 жылғы 18 (31) декабрьден 1905 жылғы 5 (18) февральға дейін шығып тұрды; 1905 жылы 7 (20) декабрьде газет қайта шығарыла бастады, бірақ екі-ақ номері шықты.— *40.*

21 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 459-бет).— *40.*

22 *«Құндақтаулы адам»* — А. П. Чеховтың осы аттас әңгімесінің кейіпкері. Әдебиетте өмірден артта қалған, жаңалық

атаулыдан қорқатын, енжар адамдарды сипаттау үшін қолданылады.— *42.*

23 В. И. Ленин «Aus dem literarischen Nachlaβ von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle, Herausgegeben von Franz Mehring», Band III, Stuttgart, 1902, S. 211 («Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің және Фердинанд Лассальдің әдеби мұраларынан, редакциялаған Франц Меринг» III т., Штутгарт, 1902, 211-бет) деген кітапқа сілтеме жасап отыр. Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 114-бет.— *48.*

24 Бұл арада II Николайдың 1905 жылы 6 (19) июньде земствошылар делегациясын қабылдағаны айтылып отыр; бұл делегация земство басқармалары мен қалалық думалар өкілдерінің дворяндар жетекшілерінің қатысуымен 1905 жылғы 24—25 майда (6—7 июньде) Москвада өткен кеңесінде сайланған болатын. Делегация патшаға халық өкілдерін шақыруды өтінген петиция тапсырды, онда патшаның келісуімен «жаңартылған мемлекеттік құрылыс» орнату көзделді. Петицияда дауыс жасырын берілетін жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы да, сайлау еркіндігіне кепілдік те талап етілмеді. Халықтың сыртынан патшамен келісім жасауға тырысқан буржуазияның сатқындық роліне Ленин «Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары» және «Ақ биялайлы «революционерлер»» деген мақалаларында баға берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 308—315 және 316—321-беттер).— *49.*

25 Бұл арада РСДРП II съезінде қабылданған А. Н. Потресовтың (Староверді) либералдарға көзқарас туралы қарары айтылып отыр. Ленин бұл қарарды «Жұмысшы және буржуазия демократиясы» деген мақаласында да сынады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 191—202-беттер).— *50.*

26 Әңгіме Цусима шайқасы туралы — орыс-жапон соғысы кезінде 1905 жылғы 14—15 (27—28) майда Цусима аралы маңында болған теңіз шайқасы жайында болып отыр. Шайқас орыс флотының талқандалуымен аяқталды.— *52.*

27 В. И. Ленинде әлденеше рет кездесетін *«парламенттік кретинизм»* деген сөзді К. Маркс пен Ф. Энгельс қолданған. Ф. Энгельстің жазғанындай, «парламенттік кретинизм» дегеніміз айықпас дерт, кесел, «бұл кеселге ұшырағандар бүкіл әлем, оның тарихы мен болашағы бұларды мүше етіп алу құрметіне ие болған дәл сол өкілдік мекеменің көпшілік дауысымен бағытталып, анықталып отырады-мыс деген салтанатты сенімде болады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 92-бет).

В. И. Ленин бұл сөзді оппортунистерге қолданды, олар парламенттік жүйенің құдіретінде шек жоқ, ал парламенттік қызмет — қандай жағдайда болмасын саяси күрестің бірден-бір және басты формасы деп есептеді.— *55.*

28 Бұл арада Герман социал-демократиялық партиясының 1895 жылы 6—12 октябрьде (жаңаша) Бреслауда болған съезінде аграрлық программаның жобасын талқылаудағы алауыздықтар айтылып отыр. Аграрлық программаның жобасында елеулі қателер болды, атап айтқанда, онда пролетарлық партияны «жалпы халықтық» партияға айналдыру тенденциясының ықпалы бар еді. Бұл жобаны, оппортунистермен бірге, А. Бебель мен В. Либкнехт те қорғады. Аграрлық программаның жобасы съезде К. Каутский, К. Цеткин және басқа бірқатар социал-демократтар тарапынан қатаң сынға алынды. Съезд комиссия ұсынған аграрлық программаның жобасын көпшілік дауыспен (63 дауысқа қарсы 158 дауыспен) қабылдамай тастады.— *57.*

29 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылы июльден — Лондонда, ал 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газетті шығару ісін жолға қоюда (жасырын баспахана ұйымдастыруда, орыс шрифтін тауып алуда және т. с.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі — Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искраның» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, ал 1901 жылдың көктемінен — Н. К. Крупская болды, ол сондай-ақ «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды.

Россия пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне «Искра» баса назар аударды, халықаралық өмірдің, ең алдымен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлінді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

«Искра» партия күштерін біріктірудің, партия кадрларын жинау мен тәрбиелеудің орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербургте, Москвада, Самарада

және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды. 1902 жылдың январында искрашылдардың Самарада өткен съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасы бойынша және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын талдап жасады (1902 жылғы 1 июньде «Искраның» 21-номерінде жарияланды) және 1903 жылғы 17 (30) июль — 10 (23) августа өткен РСДРП II съезін әзірледі. Съезд шақырылғанға дейін Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасы мен ұйымдық жоспарын мақұлдап, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында «Искраның» партия үшін күресте ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай Плехановтың қолдауымен меньшевиктер «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды (қараңыз: № 7 ескерту).— *58.*

30 *«Рабочее Дело»* («Жұмысшы Ісі») — «экономистердің» журналы, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» мерзімді емес органы. Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншиннің, ал кейін А. С. Мартыновтың да редакциялауымен шығып тұрды; 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» («рабоче-делошылдардың») шетелдік орталығы болды. «Рабочее Дело» марксизмді «сынау еркіндігі» дейтін бернштейншілдік ұранды қолдады, орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позицияда болды. «Рабоче-делошылдар» пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иді, партияның басшылық ролін жоққа шығарды және шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін теріске шығарды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі (В. П. Иваншин) ашық «экономистердің» органы — «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты, «Рабочее Дело» оны қолдап отырды. РСДРП II съезінде «рабоче-делошылдар» партияның барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты болды.— *62.*

31 Әңгіме Л. Надеждиннің (Е. О. Зеленскийдің бүркеншік аты) 1901 жылы жарыққа шыққан «Революция қарсаңы. Теория және тактика мәселелерін мерзімді емес шолу» деген кітапшасы туралы болып отыр. Ленин өзінің «Не істеу керек?» деген кітабында Надеждиннің кітапшасын қатты сынады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 169, 172, 177—197-беттер).— *62.*

32 *«Франкфурт Газеті»* («Frankfurter Zeitung») — күнделікті газет, немістің ірі биржашыларының органы, Майндағы Франкфуртта 1856 жылдан 1943 жылға дейін шығып тұрды. 1949 жылдан «Франкфурт Жалпы Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайта шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы.— *65.*

33 Бұл арада Лениннің «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет» және «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақалалары туралы айтылып отыр, бұл мақалалар большевиктік «Вперед» газетінің 13 және 14-номерлерінде жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 1—21 және 22—34-беттер).— *71.*

34 Ленин бұл арада бланкистердің Лондон тобының, Париж Коммунасының бұрынғы мүшелерінің, 1874 жылы шығарған программасын айтып отыр (Ф. Энгельстің «Эмигранттық әдебиет. II. Коммунаның бланкист эмигранттарының программасы» деген мақаласын қараңыз. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 224—230-беттер).

Бланкистер — француз социалистік қозғалысындағы аса көрнекті революционер, француз утопиялық коммунизмінің көрнекті өкілі Луи Огюст Бланки (1805—1881) басқарған ағымды жақтаушылар.

Лениннің жазғанындай, бланкистер «адам баласын жалдамалы құлдықтан пролетариаттың тап күресі арқылы құтқаруды күтпейді, шамалы ғана интеллигенттік азшылықтың заговоры арқылы құтқаруды» күтті (Шығармалар, 10-том, 395-бет). Революциялық партияның қызметін заговоршылардың құпия шағын тобының әрекетімен алмастырған олар көтерілістің жеңуі үшін қажет нақты жағдайды ескермеді және бұқарамен байланысты керек деп таппады.— *73.*

35 *Герман социал-демократиялық партиясының Эрфурт программасы* 1891 жылы октябрьде Эрфуртта болған съезде қабылданды. Эрфурт программасы Гота программасымен (1875 ж.) салыстырғанда бір адым ілгері басқандық еді; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұ-

мысшы табы үшін саяси күрес жүргізудің қажеттігі баса айтылды, бұл күрестің басшысы ретіндегі партияның ролі және т. т. көрсетілді; бірақ Эрфурт программасында да оппортунизмге елеулі жеңілдік жасау орын алды. Ф. Энгельс Эрфурт программасының жобасын жан-жақты сынады («1891 ж. социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» — қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 101—116-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді, ал II Интернационал партиялары үшін Эрфурт программасы өзінше бір үлгі болған-ды. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал оның аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті тексті әзірленгенде ескерілмеді. В. И. Ленин Эрфурт программасының басты кемшілігі, оның оппортунизм алдында қорқақтықпен тая соғуы — пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалуы болды деп есептеді.— *79*.

[36] «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітаптың оныншы тарауына ескерту кітапты жазу үстінде, жеке парақтарға жазылған. Ескертудің қолжазбасына Ленин: «10-параграфқа енгізілсін» деп белгі қойған. Кітаптың бірінші басылымына бұл ескерту енген жоқ, ол сондай-ақ 1907 жылы кітапты «12 жыл ішінде» деген жинақта жариялағанда да кірген жоқ. Ескерту бірінші рет 1926 жылы Лениннің V жинағында жарияланды. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында ескерту, В. И. Ленин қойған белгіге сәйкес, кітап текстіне 10-тараудан кейін енгізілді. Бұл томда ол 4-басылуындағы күйінде беріліп отыр.— *80*.

[37] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1958, Қазақ. мемл. баспасы, 500—503-беттер.— *80*.

[38] «Пролетарий» газетінің 3-номерінде В. И. Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген мақаласы (екінші мақала) жарияланды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 256—264-беттер). Онда ол Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті. 1873 жылы жазда Испанияда болған көтеріліс туралы жазбалар» деген мақаласынан цитат келтіреді, бұл мақалада бакуниншілдердің Ленин айтып отырған қарары сыналады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1933, 105—124-беттер).— *87*.

[39] *«Credo»* («Кредо») — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. 1899 жылы бір топ «экономистер» шығарған документ осы атпен белгілі болды. «Credo»-ның авторлары Е. Д. Кускова мен С. Н. Прокопович еді; бұлар — кейін кадеттер партиясының мүшелері, ал Октябрь социалистік ре-

волюциясынан кейін — ақ эмигранттар. Бұл документте «экономистердің» пролетариаттың дербес саяси ролін және жұмысшы табының саяси партиясының қажеттігін теріске шығарған оппортунистік көзқарастары баяндалған. «Экономистер» саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп есептеді. Олар жұмысшы қозғалысының міндеттері мен өрісін буржуазиялық қоғам шеңберінде еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін қожайындарға және үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізумен шектеді. Мұндай оппортунистік идеялардың тарауы өте қауіпті еді, ол пролетариатты буржуазияның саяси шылауына айналдыру қатерін туғызды.

Сол кезде Енисей губерниясы, Минусинск округі, Шушенское селосында айдауда болған В. И. Ленин 1899 жылы августа апасы А. И. Ульянова-Елизарова арқылы Петербургтен «Credo»-ны алғаннан кейін «экономистерге» дереу батыл тойтарыс берді. Ол «Россия социал-демократтарының наразылығын» жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер).

Россиялық бернштейншілдердің «Credo»-сына қарсы «Наразылықтың» жобасы Минусинск округінде айдауда жүрген он жеті социал-демократтың Ермаковское селосында (А. А. Ванеевтің, П. Н. Лепешинскийдің, М. А. Сильвиннің және басқалардың айдауда тұрған жері) өткен жиналысында талқыланды. «Наразылық» бір ауыздан қабылданып, оған В. И. Ленин, Н. К. Крупская, В. В. Старков, А. М. Старкова, Г. М. Кржижановский, З. П. Кржижановская-Невзорова, Ф. В. Ленгник, Е. В. Барамзин, А. А. Ванеев, Д. В. Ванеева, М. А. Сильвин, В. К. Курнатовский, П. Н. Лепешинский, О. Б. Лепешинская және Петербург жұмысшылары О. А. Энгберг, А. С. Шаповалов, Н. Н. Панин қол қойды. «Наразылыққа» ол жиналысқа қатыспаған И. Л. Проминский, М. Д. Ефимов, Чекальский мен Ковалевский, сондай-ақ Туруханскідегі жер аударылғандар колониясы (Ю. О. Мартов және басқалар) қосылды. «Экономистердің» «Credo»-сына Вятка губерниясының Орлов қаласындағы жер аударылған он жеті социал-демократтың колониясы да (В. В. Воровский, Н. Э. Бауман, А. Н. Потресов және басқалары) қарсы шықты.

«Экономистерге» қарсы күресте «Наразылық» аса зор роль атқарды. Россияда маркстік ойдың дамуында және маркстік партия құрылысында оның орасан зор маңызы болды.— *89.*

40 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде, Берлинде шықты. 12, 13, 14 және 15-номерлерін басу Варшаваға көшірілді; соңғы 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

Халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі болған «Рабо-

чая Мысльдің» көзқарастарын Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» деген мақаласында және «Не істеу керек?» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер және 6-том, 1—211-беттер), сондай-ақ «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында сынады.— *90.*

41 Бұл арада Маркстің «Гегельдің право философиясына сын жөнінде» деген еңбегіндегі пікірі айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 422-бет).— *90.*

42 *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет; оны француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес ұйымдастырған. 1905 жылы газет «өзінің 89-жылын жасап жатқан орыс ұлтымен» француз халқының ынтымақтастығын білдіріп, Россияда басталған революцияны құттықтады. Газет редакциясы орыс революциясының мұқтажына қаржы жинауды ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының ең оңшыл қанатының қолында болды және шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы газеттің басшысы, оның саяси директоры француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен болды. 1918—1920 жылдары газет Совет еліне қарсы күресу үшін өзінің қарулы күштерін жұмсаған француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылдың декабрінен бастап — Турда француз социалистік партиясы жікке бөлінген соң Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін газет оның орталық органы болды.

Екінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде, 1939 жылы августа, француз үкіметі газетке тыйым салып, ол жасырын жағдайға көшті. Францияны гитлершіл әскерлер оккупациялап алған кезеңде (1940—1944) газет астыртын шығып тұрды, Францияны фашистік басқыншылардан азат ету жолындағы күресте орасан зор роль атқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде газет елдің ұлттық тәуелсіздігі үшін, жұмысшы табының қимыл бірлігі үшін, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту үшін, демократия мен әлеуметтік прогресс үшін талмастан күрес жүргізіп келді.— *92.*

43 Әңгіме француз жұмысшы қозғалысының және I Интернационалдың көрнекті қайраткері Луи Эжен Варлеппің 1871 жылы Париж Коммунасы Советіне қатысқаны туралы болып отыр.— *104.*

44 Бұл арада 1903 жылғы 17 (30) июль — 10 (23) августа болған *РСДРП екінші съезі* туралы айтылып отыр. Съездің алғашқы

13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қудалауы салдарынан съездің мәжілістері Лондонға көшірілді.

Съезді «Искра» әзірледі; Лениннің басшылығымен «Искра» Россия социал-демократтарын революциялық марксизмнің принциптері негізінде топтастыру жөнінде орасан зор жұмыс атқарды.

Съезге шешуші дауыспен 43 делегат қатысты, олар 26 ұйымның («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және 20 россиялық социал-демократиялық комитеттер мен одақтар) өкілдері еді. Кейбір делегаттар екі дауысқа ие болатын, сол себепті съезде шешуші дауыстың саны 51 болды. Съездің құрамы біркелкі емес-ті. Оған «Искраны» жақтаушылар ғана емес, сонымен бірге оған қарсылар да, сондай-ақ тұрақсыз, солқылдақ элементтер де қатысты. Съездің аса маңызды мәселелері партия программасы мен уставын бекіту және партияның басшы орталықтарын сайлау болды. Ленин және оны жақтаушылар съезде оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізді.

Съезде талқыланған партия программасының «Искра» редакциясы әзірлеген жобасына, әсіресе жұмысшы қозғалысындағы партияның басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пункт пен программаның аграрлық бөліміне қарсы оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Съезд оппортунистерге тойтарыс берді және партияның программасын бір ауыздан (бір дауыс қалыс қалды) бекітті; онда пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революцияның жеңуін және пролетариат диктатурасын орнатуды көздеген міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихында тұңғыш рет Лениннің талабы бойынша пролетариат диктатурасы жолындағы күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде қойылған революциялық программа қабылданды.

Партияның уставын талқылағанда партия құрылысының ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес болды.

Ленин және оны жақтаушылар жұмысшы табының айбынды революциялық партиясын құру жолында күресті және партияға тұрақсыз, солқылдақ элемент атаулының еніп кетуіне жол бермейтін устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың бірінші параграфының Ленин ұсынған тұжырымында партияға мүше болу үшін, партияның программасын мойындап, оған материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен бірге партия ұйымдарының біріне тікелей қатысу да міндетті шарт етіп қойылды. Мартов съезге бі-

рінші параграфтың өзі әзірлеген тұжырымын ұсынды, бұл тұжырым бойынша партияға мүше болу үшін партияның программасын мойындау мен оған материалдық көмек көрсетуден басқа, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен оған үнемі жеке жәрдемін тигізіп отыру ғана шарт етіп қойылды. Барлық тұрақсыз элементтердің партияға енуін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезде «антиискрашылдар» мен «батпақ» («центр») қана емес, сонымен бірге «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп съезд оны болмашы көпшілік дауыспен қабылдады. Ал негізінен алғанда съезд Ленин әзірлеген уставты бекітті. Съезд тактикалық мәселелер жөнінде де бірқатар қарарлар қабылдады.

Съезде искралық бағыттың дәйекті жақтаушылары — лениншілдер және «солқылдақ» искрашылдар — Мартовты жақтаушылар арасында жік туды. Партияның орталық мекемелерін сайлағанда лениндік бағытты жақтаушылар көпшілік дауыс алып, большевиктер деп, ал азшылық дауыс алған оппортунистер,— меньшевиктер деп атала бастады.

Россияда жұмысшы қозғалысын дамытуда съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагерлік пен үйірмешілдікті жойып, Россияда маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының негізін қалады. Ленин былай деп жазды: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет).

Барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі болған жаңа типті пролетарлық партияны құрған РСДРП II съезі халықаралық жұмысшы қозғалысында бет бұрыс кезең болды.— *105.*

45 Бұл арада 1905 жылы меньшевиктік Женева конференциясында қабылданған *«ұйымдық устав»* айтылып отыр. Сондай-ақ Ленин «уставты» «Үшінші адым кейін» деген мақаласы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер) мен ««Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде» (қараңыз: осы том, 169—175-беттер) сынға алды.— *106.*

46 Қараңыз: К. Маркс. Франциядағы «1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 86-бет) — *109.*

47 *Гирш-Дункер кәсіподақтары* — Германияның 1868 жылы буржуазиялық прогрестік партияның қайраткерлері М. Гирш пен Ф. Дункер құрған реформистік кәсіподақ ұйымдары. Еңбек пен капитал мүдделерінің «үйлесімділігі» идеясын уағыздай отырып, Гирш-Дункер кәсіподақтарының ұйымдастырушылары одақтарға жұмысшылармен қатар капиталистерді де қабылдауға болады деп санады, стачкалық күрестің

қажеттігін теріске шығарды. Олар жұмысшыларды капиталдың езгісінен капиталистік қоғам шеңберінде, буржуазиялық мемлекеттің заң шығаруы арқылы, кәсіподақ ұйымының көмегімен құтқаруға болады деп дәлелдеді; олар кәсіподақтардың басты міндеті жұмысшылар мен кәсіпкерлердің арасында делдалдық ету және ақша қаражатын жинау деп білді. Стачкаларға теріс көзқараста болу Гирш-Дункер кәсіподақтарын штрейкбрехерлер ұйымына айналдырды; олардың қызметі негізінен алғанда өзара жәрдем кассалары мен мәдени-ағарту ұйымдары шеңберінен аспады. 1933 жылғы майға дейін өмір сүрген Гирш-Дункер кәсіподақтары буржуазияның қаншама күш салуына және үкімет органдарының қолдауына қарамастан, герман жұмысшы қозғалысында еш уақытта елеулі күш болып көрген жоқ. 1933 жылы Гирш-Дункер кәсіподақтарының оппортунистік қайраткерлері фашистік «еңбек майданына» кірді.— *117.*

48 *«Рассвет»* («Рауан») — либералдық күнделікті жария газет; Петербургте 1905 жылғы 1 (14) марттан 29 ноябрьге (12 декабрьге) дейін шығып тұрды.— *117.*

49 Энгельстің *«Бакуниншілдердің әрекеті. 1873 жылы жазда Испанияда болған көтеріліс туралы жазбалар»* деген мақаласы Лениннің редакциялауымен орыс тіліне аударылып, 1905 жылы РСДРП Орталық Комитетінің бастыруымен Женевада жеке кітапша болып шықты, ал кейін, 1906 жылы Петербургте қайтадан шығарылды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1933, 105—124-беттер).

1850 жылы мартта К. Маркс пен Ф. Энгельс жазған *«Орталық Комитеттің Коммунистер одағына үндеуі»* орыс тілінде 1906 жылы Карл Маркстің «Коммунистердің Кёльн процесі» деген кітапшасына қосымшада жарияланды, бұл кітапшаны Петербургтегі «Молот» баспасы шығарды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 257—267-беттер).— *119.*

50 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал; Штутгартта 1901—1902 жылдары «Искра» редакциясы жария түрде шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітап) шықты: 1-номері — 1901 жылы апрельде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта), 2—3-номері — 1901 жылы декабрьде, 4-номері 1902 жылы августа шықты. Журналдың міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған ««Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленді. 1902 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясы ішінде туған алауыздықтар мен тартыс кезінде Плеханов журналды газеттен бөлудің жобасын ұсынды («Заряны» өзі редакциялайтын болу үшін), бірақ бұл ұсыныс қабылданған жоқ, сөйтіп бұл органдардың редакциясы әманда ортақ болып қала берді.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынап, марксизмнің теориялық негіздерін қорғап отырды. «Заряда» В. И. Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» ««Сыншы» мырзалардың аграрлық мәселе жөніндегі пікірлері» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. 1-бөлім. II. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы рөлінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген еңбектері және басқалар басылды.— *122.*

51 Төменде келетін: «Сөзге қиянат жасап қолдану — саясаттағы ең дағдылы нәрсе...» деген сөзден бастап «Біз...» деп басталатын абзацқа дейінгі текст «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапшаның 1905 жылы басылған текстіне, сондай-ақ 1907 жылы В. И. Лениннің осы еңбегі жарияланған «12 жыл ішінде» деген жинақтың текстіне де енбеген. Бұл текст тұңғыш рет «Правда» газетінің 1940 жылғы 22 апрельдегі 112-номерінде жарияланды. В. И. Ленин Шығармаларының төртінші басылуында бұл текст қолжазба бойынша басылды. Шығармалардың бесінші басылуында да солай жарияланып отыр.— *125.*

52 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 433—503-беттер.— *125.*

53 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — орыстың ең байырғы газеттерінің бірі; Москва университетінде 1756 жылдан (бастапқы кезде шағын листок түрінде) шығарылып тұрды. 1863—1887 жылдары «Московские Ведомостидің» бастырушы-редакторы барып тұрған реакционер әрі шовинист М. Н. Катков болды. Бұл жылдары газет помещиктер мен дін басыларының неғұрлым реакцияшыл топтарының көзқарастарын уағыздаған монархистік-ұлтшылдық органға айналды; 1905 жылдан «Московские Ведомости» — қаражүздіктердің басты органдарының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды.— *126.*

54 В. И. Ленин Ф. Мерингтің мына кітапқа жазған кіріспесіне сілтеме жасап отыр: «Aus dem literarischen Nachlaß von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle, Herausgegeben von Franz Mehring», Band III, Stuttgart, 1902, S. 53 («Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің және Фердинанд Лассальдің әдеби мұраларынан, редакциялаған Франц Меринг», III том, Штутгарт, 1902, 53-бет). (Қараңыз: «К. Маркс пен

Ф. Энгельс неміс революциясы заманында (1848—1850 жж.). Ф. Меринг жинаған очерктер мен мақалалар», 1926, 53-бет).

Төменіректе, томның 135—136-беттерінде, Ленин Ф. Мерингтің осы кіріспесінен цитат келтіреді (қараңыз: бұл да сонда, 81—82-беттер).— *129.*

55 К. Маркс. «Дағдарыс және контрреволюция» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 431-бет).— *130.*

56 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 39-бет.— *130.*

57 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 40-бет.— *131.*

58 В. И. Ленин Ф. Энгельстің «Франкфурттегі жиналыс» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 10-бет) деген мақаласынан цитат келтіріп отыр.

Бұл мақаланы Ф. Энгельстің жазғаны К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші басылуының 5-томын әзірлеу үстінде анықталды.— *131.*

59 Ф. Энгельс. «Революция туралы Берлинде болған айтыстар» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 63—64-беттер).— *132.*

60 К. Маркс. «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 299-бет).— *134.*

61 *Кёльн жұмысшы одағының органы* бастапқы кезде «Zeitung des Arbeiter-Vereines zu Köln» («Кёльн Жұмысшы Одағының Газеті») деп аталған, «Freiheit, Brüderlichkeit, Arbeit» («Бостандық, туысқандық, еңбек») деген тақырыпшасы болған. Газет 1848 жылдың апрелінен октябріне дейін Коммунистер одағы мүшелерінің — бастапқыда, 1848 жылғы июльге дейін — А. Готшальктің, ал кейін — И. Молльдің редакциялауымен шығып тұрды. Не бары 40 номері шықты. Газет беттерінде Кёльн жұмысшы одағының және Рейн провинциясындағы басқа да жұмысшы одақтарының қызметі жөнінде жазылып тұрды. Бұл органның шығуы тоқтатылғаннан кейін Кёльн жұмысшы одағы 26 октябрьден «Freiheit, Brüderlichkeit, Arbeit» деген атпен газетті қайта шығара бастады. Осы атпен газет болмашы үзілістермен 1849 жылғы 24 июньге дейін шығып тұрды. 32 номері шықты.— *135.*

62 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 462, 640, 641, 646—647-беттер.— *136.*

63 *Коммунистер одағы* — пролетариаттың тұңғыш халықаралық коммунистік ұйымы, ол 1847 жылғы июньнің басынан 1852 жылғы 17 ноябрьге дейін өмір сүрді. Коммунистер одағы XIX ғасырдың 30-жылдарының орта кезінде жұмысшылар мен қолөнершілер ұйымдастырған және Европаның түрлі елдерінде құпия әрекет етіп келген Әділеттілер одағының негізінде құрылды. 1847 жылдың бас кезінде бұл Одақтың қайраткерлері Маркс пен Энгельстің көзқарастарының дұрыстығына көзі жеткен соң, олардың Одаққа енуін және оны қайта құру ісіне қатысуын, сондай-ақ Одақтың программасын жасап беруді ұсынды. Маркс пен Энгельс бұған өздерінің келісімін берді.

1847 жылғы июньнің бас кезінде Лондонда Әділеттілер одағының конгресі болды, бұл конгресс тарихқа Коммунистер одағының бірінші конгресі болып енді. Конгресс Маркс пен Энгельстің революциялық теориясының принциптерін өз қызметінің негізі етіп алды. Конгрестің жұмысына Энгельс қатысты. Энгельстің белсене қатысуымен талдап жасалған жаңа устав коммунистік қозғалыстың түпкі мақсаттарын дәл белгіледі, ұйымға заговоршылдық сипат беретін пункттер алынып тасталды; Одақтың ұйымдық негізіне демократиялық принциптер алынды. Устав Коммунистер одағының 1847 жылы 29 ноябрь — 8 декабрьде Лондонда болған екінші конгресінде түпкілікті бекітілді. Конгрестің жұмысына Маркс пен Энгельс қатысты. Осы конгресс Маркс пен Энгельске манифест жазуды тапсырды, бұл манифест 1848 жылы февральда жарияланып, «Коммунистік партияның манифесі» деген атпен кеңінен мәлім болды. 1848—1849 жылдардағы Франция мен Германиядағы буржуазиялық-демократиялық революциялар кезінде Коммунистер одағының көптеген қайраткерлері жұмысшы табының күресіне қатысты. 1852 жылы 17 ноябрьде, коммунистердің Кёльндегі процесінен кейін көп ұзамай, Маркстің ұсынысымен Одақ өзінің таратылғанын жариялады.

Коммунистер одағы пролетарлық революционерлер мектебі ретінде, пролетарлық партияның ұйтқысы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің (Бірінші Интернационалдың) ізашары ретінде үлкен тарихи роль атқарды.— *138.*

64 Әңгіме Г. В. Плехановтың «Бұл мүмкін бе?» деген мақаласы туралы болып отыр; мақала 1907 жылғы 26 сентябрьде (9 октябрьде) «Товарищ» газетінің 381-номерінде басылды.

«Товарищ» («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; Петербургте 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (1908 жылғы 12 январьға) дейін шығып тұрды.

Ресми жағынан газет қайсыбір партияның органы саналған жоқ, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович пен Е. Д. Кускова белсене қатысты. Газетке меньшевиктер де қатысты.— *139.*

65 Ф. Энгельс. «Коммунистер одағының тарихы жөнінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 333—334-беттер).— *139.*

66 А. В. Луначарскийдің *«Париж Коммунасы және демократиялық диктатураның міндеттері»* деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 17 (4) июньдегі 8-номерінде жарияланды. Мақалада Париж Коммунасының қызметі туралы, оның үкіметінің құрамы туралы тарихи анықтама берілді, бұл үкіметке ұсақ буржуазия өкілдерімен бірге жұмысшы-социалистер, жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері енген болатын. Мақала социал-демократтардың революциялық уақытша үкіметке қатысу мүмкіншілігін теріске шығарған меньшевиктердің тактикалық бағытына қарсы бағытталған. В. И. Ленин мақаланы редакциялап, оның бас тақырыбын өзгертті, мақаланың текстіне бірқатар түзетулер енгізіп, оның қорытынды бөлігін жазды.— *140.*

67 *«Революция үйретеді»* деген мақала В. И. Ленин Шығармаларының бұған дейінгі басылымдарының бәрінде «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 26 (13) июльдегі 9-номері бойынша жарияланып келді; бұл мақала бірінші рет «Пролетарийдің» осы номерінде басылған болатын. Мақаланың қолжазбасы сақталған. Газетке жариялағанда мақаланың бірінші бөлігіне қысқартулар жасалған, бұл қысқартулар қолжазбаның текстінде қарындашпен белгіленген. Осы томда мақаланың тексті қолжазба бойынша, толық жарияланып отыр.— *141.*

68 Бұл арада Ф. Энгельстің «Европа қарусыздана ала ма?» деген мақаласы туралы айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 358-бет).— *142.*

69 В. И. Ленин айтып отырған В. С.-тың — В. Северцевтің (В. В. Филатовтың) көтерілістің әскери сабақтары туралы «Потемкин» броненосеціндегі көтеріліске арналған мақаласы «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 17 (4) июльдегі 8-номерінде «Князь Потемкин Таврический» деген тақырыппен жарияланды.— *143.*

70 В. И. Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Эмиграпттық әдебиет, II. Коммунаның бланкист эмигранттарының программасы» деген мақаласы жөнінде айтып отыр, бұл мақалада Г. Гейненің «Диспут» деген өлеңінен сөздер келтірілген (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 226-бет). Мақаланы жазу үстінде және Энгельстің еңбегінен осы жерін көшіріп алып, Ленин «Мартовшылдар жөнінде таптырмайтын сөз!» деп жазып қойған (Лениннің XVI жинағы, 127-бет).— *153.*

71 *Көпшілік Комитеттерінің Бюросы* (ККБ) — большевиктердің РСДРП III съезін әзірлеу жөніндегі ұйымдық орталығы, Лениннің инициативасымен 1904 жылдың аяғында құрылды. Партия сол кезеңде ауыр дағдарысқа ұшыраған еді. Меньшевиктер партия орталықтарын өз қолдарына түсіріп алып, жергілікті жерлердегі партия ұйымдары арасында іріткі салу, жікке бөлу әрекетін жүргізді, жұмысшы табының қимыл бірлігін бұзды. Ал елдегі сол кездегі революциялық жағдай партия күштерін тығыз топтастыруды және пролетариаттың жауынгерлік бірлігін талап етті. Қалыптасқан жағдай партияның жаңа, үшінші съезін жедел шақыруды қажет етті. Меньшевиктердің қолындағы партияның орталық мекемелері бұған қарсы әр алуан әрекеттер жасап бақты. Большевиктер Лениннің басшылығымен съезд шақыру жолындағы күресті өрістетті. 1904 жылы августа Лениннің инициативасымен Женевада шақырылған 22 большевиктің кеңесі орасан зор роль атқарды. Кеңесте Ленин жазған, большевиктер үшін III съезді шақыру жолындағы күрестің программасы болған «Партияға» деген үндеу қабылданды. 1904 жылы сентябрь — декабрьде Россияда большевиктік комитеттердің үш облыстық конференциясы — оңтүстік, кавказ және солтүстік конференциялары болып өтті. Осы конференцияларда Көпшілік Комитеттерінің Бюросы құрылды. Оның құрамына: В. И. Ленин, Р. С. Землячка, С. И. Гусев, М. Н. Лядов, М. М. Литвинов және басқалар енді. В. И. Ленин басқарған Көпшілік Комитеттерінің Бюросы РСДРП III съезін әзірлеу жөнінде практикалық жұмыс жүргізді.— *155.*

72 *«Последние Известия»* («Соңғы Хабарлар») — Бундтың Шетелдік комитетінің бюллетені; Лондонда және Женевада 1901—1906 жылдары шығып тұрды.— *157.*

73 *Өнеркәсіпшілер мен саудагерлер съезі* 1905 жылғы 4—6 (17—19) июльде Москвада өтті. Съезд Булыгин Думасына қатысуды жақтады. Съезге қатысушылар революцияның онан әрі дамуына бөгет жасауды өздерінің басты міндеті етіп қойды. Съезд қабылдаған қарарда ел ішінде «берік праволық тәртіп» орнату қажеттігі көрсетілді.— *158.*

74 *«Одақтар одағы»* — либерал-буржуазиялық интеллигенцияның саяси ұйымы. «Одақтар одағы» кәсіптік белгілері бойынша: адвокаттардың, жазушылардың, дәрігерлердің, инженерлердің, мұғалімдердің, агрономдардың, конторшылардың, бухгалтерлердің және басқалардың 14 кәсіпшілік-саяси одақтары өкілдерінің Москвада 1905 жылы майда болған бірінші съезінде құрылды. «Одақтар одағы» жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру талабын қойды. Ленин интеллигенцияның кәсіпшілік одақтары және «Одақтар одағы» либерал буржуазияның саяси ұйымдары екенін көрсетті. «Жалпы және тұтас алғанда бұлар — кон-

ституциялық-демократиялық, яғни буржуазиялық-либералдық партия дейтіннің ұйтқысы болып табылатын одақтар» (осы том, 289-бет).

Булыгин Думасына көзқарас туралы мәселе «Одақтар одағының» 1905 жылы 1—3 (14—16) июльде Финляндияда өткен үшінші съезінде талқыланды. Съездің көпшілігі (9 одақ) Булыгин Думасына бойкот жариялауға шешім қабылдады. Алайда съезден кейін жекелеген одақтардың жиналыстары мен съездерінде осы мәселе жөнінде үлкен алауыздықтар тууына байланысты «Одақтар одағы» съезд қабылдаған шешімнен бас тартып, Дума сайлауына қатысуды жақтап шықты.

«Одақтар одағы» 1906 жылдың аяғында тарап кетті.— *159.*

75 *Земство және қала қайраткерлерінің съезі* Москвада 1905 жылы 6—8 (19—21) июльде өтті. Съезге 216 делегат қатысты. Булыгин Думасына бойкот жасау керек пе деген мәселені съезд шешілмеген күйі қалдырды. Елдің саяси өмірінің негізгі мәселелерінің бірі жөніндегі либералдардың мұндай позициясы бұлардың самодержавие мен революцияшыл халықтың арасында жалтарып жүруін жеңілдетті.— *159.*

76 *«Слово»* («Сөз») — буржуазиялық күнделікті газет; Петербургте 1903 жылдан 1909 жылға дейін шығып тұрды. Бастапқы кезде — оңшыл земствошылар органы, 1905 жылғы ноябрьден октябристер партиясының органы болды. 1906 жылғы июльден газеттің шығуы тоқтады. Газет 1906 жылы 19 ноябрьден (2 декабрьден) «Бейбіт жаңартушылардың» конституцияшыл-монархиялық партиясының, шынына келгенде, октябристерден ешбір айырмашылығы жоқ партияның органы ретінде қайта шыға бастады.— *159.*

77 *«The Times»* («Замана») — 1785 жылы Лондонда негізі қаланған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *159.*

78 *Календы* — ежелгі римдіктерде айдың бірінші күнінің аты. Гректерде мұндай атаулар болмаған. Грек календысына дейін кейінге қалдыру — істі ешқашан жүзеге асырмау, қараң қалдыру.— *162.*

79 *«Le Matin»* («Таң») — француздың буржуазиялық күнделікті газеті. Парижде 1884 жылдан шығып тұрды. Оның соңғы номері 1944 жылы августа шықты.— *166.*

80 *«Le Temps»* («Уақыт») — консервативтік күнделікті газет; Парижде 1861 жылдан 1942 жылға дейін шығып тұрды. Францияның билеуші топтарының мүдделерін білдірді және іс жүзінде сыртқы істер министрлігінің ресми органы болды.— *167.*

81 *«Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы»* деген кітапша Женевада 1905 жылы августа жарыққа шықты. Оған төмендегі документтер енді: «Пролетарий» газеті редакциясының В. И. Ленин жазған алғы сөзі; «Көп жұмысшының ішіндегі бір жұмысшы» деп қол қойылған «Барлық саналы жұмысшы жолдастарға» деген хат. «Жұмысшының» хаты меньшевиктік «Искра» газетінің 105-номерінде осы газет редакциясының жауабымен бірге басылды. Ленин бұл жауапты кітапшаға жазған алғы сөзінде сынайды. Кітапшаға меньшевиктердің Женева конференциясында сайланған «Ұйымдастыру комиссиясына РСДРП Орталық Комитетінің ашық хаты» да енді, бұл хат 1905 жылы 9 августа (27 июльде) «Пролетарийдің» 11-номерінде жарияланған болатын. Орталық Комитет «Ашық хатта» РСДРП III съезінің шешімдері және съезд қабылдаған партия уставы негізінде партияны біріктіру туралы мәселе жөнінде келіс сөздер бастауды ұсынды. Хатта осылай бірігу пролетариаттың жауларына қарсы күрес жүргізу үшін партияға жаңа күш берер еді, партияның қалың пролетар бұқарасымен байланысын нығайтар еді деп көрсетілді.

Бірігу мәселесі жөнінде РСДРП Орталық Комитеті мен меньшевиктердің Ұйымдастыру комиссиясы өкілдерінің үш кеңесі болды. Келіс сөздердің нәтижелері РСДРП Орталық Комитеті Петербургте басып шығарған «Летучие листкиде» жарияланып тұрды. Кеңестер партияның бірігуі ісіне меньшевиктердің үнемі бөгет жасап, жікке бөліну саясатын артық санайтынын көрсетті.— *169.*

82 Ленин *«Дневник Социал-Демократаны»* — 1905 жылғы марттан 1912 жылғы апрельге дейін (үлкен үзілістермен) Женевада Г. В. Плеханов шығарып тұрған, мерзімді емес органды айтып отыр. 16 номері шықты. Оны шығару 1916 жылы Петроградта қайта жаңғыртылды, бірақ бір ғана номері шықты.

Бастапқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов әсіре оңшыл, меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды жүргізді, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарып, декабрь қарулы көтерілісін жазғырды.

1909—1912 жылдары «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде Плеханов құпия партия ұйымдарын жою жолына түскен жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шықты. Алайда тактиканың негізгі мәселелері жөнінде ол меньшевиктік позицияларда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді.

Оппортунизмі үшін және революциялық марксизмнен кері шегінгені үшін Г. В. Плехановты В. И. Ленин қатты сынады.— *175.*

83 Германияның оңтүстік бөлегінде болған *РСДРП шетелдік ұйымдарының* (большевиктер мен меньшевиктер өкілдерінің) *конференциясы* 1905 жылы жазда өтті. Конференцияның қарарында РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегімен (меньшевиктермен) бірігу мәселесін шешу үшін партияның бірігу съезін шақыру қажеттігі көрсетілді. «Редакциядан» деген В. И. Ленин жазған ескертумен бірге қарар «Пролетарий» газетінің 12-номерінде жарияланды. Ленин еске алып отырған ашық хат — РСДРП Орталық Комитетінің Ұйымдастыру комиссиясына ашық хаты «Пролетарий» газетінің он екінші номерінде емес, 1905 жылғы 9 августағы (27 июльдегі) он бірінші номерінде жарияланды.— *186.*

84 П. Николаевтың *«Россиядағы революция»* деген кітапшасын 1905 жылы Женевада РСДРП Орталық Комитеті бастырып шығарды. Кітапшаның қолжазбасына түзетулер енгізе отырып, Ленин булыгиндік Дума туралы жарияланып отырған ескертуді жазды. Бұл ескерту: «Ішкі істер министрі Булыгин Мемлекеттік дума құрмақшы...» деген текстіге берілді. Оның үстіне осы кітапшаның титул парағының Ленин жазған қолжазбасы сақталған, онда ол төмендегі мәліметтерді белгілеген:

«P. Nikolaew. Die Revolution in Russland. РСДРП. Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

П. Николаев. Россиядағы революция. Орталық Комитеттің басылымы» (Лениннің XXVI жинағы, 345-бет).— *187.*

85 М. Н. Покровскийдің *«Профессионал интеллигенция және социал-демократтар»* деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 22 (9) августағы 13-номерінде «Учитель» деп қол қойылып жарияланды. Мақалада М. Н. Покровский «Освобождениешілдердің әрекеті» деген Москвадан келген хат туралы айтады, бұл хаттың авторы В. Д. Бонч-Бруевич еді («Пролетарий» газетінің 8-номерінде қол қойылмай жарияланған). В. Д. Бонч-Бруевич кәсіпшілік одақтарының (агрономдардың, адвокаттардың, әдебиетшілердің және басқалардың) Москвада болған съездері туралы және освобождениешілдердің бұларды өз ықпалына бағындыруға күш салып жатқаны туралы жазды. Хатта социал-демократтардың осындай съездерге қатысқанда партия программасына сәйкес саяси талаптар қоюға тиіс екендігі, ал егер мұндай талаптар қойылмаса, бұл қарарлар қаншалықты батыл жазылған болса да, басқа саяси қарарлардың ешқайсысын да жақтап дауыс бермеуге тиіс екендігі көрсетілді.

М. Н. Покровский өз мақаласында Бонч-Бруевичпен айтыса келіп, «қиялдағы освобождениешілдердің» ролін асыра бағалаудың керегі жоқ деп жазды. Мысал ретінде ол Москвада болған мұғалімдер съезін келтірді, мұнда социал-демократтар өз талабын ұсынды, сөйтіп саяси әзірлігі жоқ мұғалімдер бұқарасын алғашында үркітіп алды дейді. Алайда,

деп көрсетті ол, съезден кейін бірнеше аптадан соң, «ащы шындыққа» көз қаныққаннан кейін, жүздеген мұғалімдер мен мұғалималар қатысқан педагогтардың Москвадағы митингісі социал-демократтардың тамаша табысы және освобождениешілдердің толық күйреуі болды.

М. Н. Покровскийдің мақаласы Ленин жазған «Редакциядан» деген ескертумен басылды.— *188.*

86 Бұл заметка Двинскіден жазған «Жұмысшының» хатына жауап болып табылады. Хаттың авторы «Пролетарийдің» редакциясынан РСДРП III съезінің шешімдеріне қатысты төмендегі сұрақтарға жауап беруді өтінген: 1) Уақытша үкімет қандай роль атқарады, ол елге басшылық ете ме немесе елді билей ме немесе мұның екеуі де болмай ма? 2) Қандай жағдайларда пролетариаттың уақытша үкіметке қатысуына болады? 3) Қарулы көтеріліс туралы үгіт пен насихат деген не? Сонда осы ғана ма? Ал бұқараның сана-сезімі дегенді қалай түсіну керек?». Бұған қоса «Жұмысшы» жергілікті жерлерде партияның жікке бөлінуі жұмыста үлкен кедергі болып отыр деп жазды.— *190.*

87 *«Русское Дело»* («Орыс Ісі») — Москвада 1886 жылдан 1891 жылға дейін апта сайын шығып тұрған реакцияшыл газет; кейіннен 1905—1907 және 1909—1910 жылдары шығып тұрды.— *197.*

88 *«Русь»* — либерал-буржуазиялық күнделікті газет; Петербургте 1903 жылғы декабрьден бастап шықты. Газеттің бастырушы-редакторы А. А. Суворин болды. 1905 жылғы революция кезінде «Русь» кадеттерге жақын тұрды, алайда онан да бетер баяу позиция ұстады. «Русь» 1905 жылы 2 (15) декабрьде жабылды. Кейін газет «Русь», «Молва», «XX век», «Око», «Новая Русь» деген түрліше атпен үздік-создық шығып тұрды.— *200.*

89 Әңгіме бюджеттік немесе конституциялық жанжал деп аталған жанжал туралы болып отыр; ол Пруссия ландтагының либерал буржуазия өкілдерінен тұратын төменгі палатасы мен Пруссия корольдік үкіметі арасында 1860-жылдарда болған еді. Пруссия үкіметінің армияны күшейтіп, қайта құру үшін соғыс шығындарын көбейтуді көздеген бюджетін төменгі палата бірнеше жыл бойы бекітпей келген болатын; үкімет армияның көмегімен Германияны жоғарыдан біріктірмекші болып еді. 1862 жылы үкімет басына келген Бисмарк армияны қайта ұйымдастыру үшін соғыс шығындарын ландтагтың төменгі палатасының бекітуінсіз-ақ жүргізе берді. 1866 жылы, Пруссия Австрияны жеңгеннен кейін, ландтаг заң қабылдады, бұл заң ландтагтың бюджеттік правосын бұзып жасалған соғыс шығындары үшін Бисмарк үкіметін жауапкершіліктен босатты. Неміс армиясының жеңістері ли-

берал буржуазияны реакциялық дворяндық-чиновниктік үкіметпен толық ымыраластырды.— *201.*

90 Бұл арада патша өкімет орындары ұйымдастырған қаражүздіктердің ойраны және жұмысшылар мен интеллигенцияны ұрып-соғуы айтылып отыр.

Нижний Новгородтағы оқиғалар 1905 жылғы 9 (22) июльде, Петербург көшелерінде Қанды жексенбіде бостандық ісі үшін қаза тапқан жолдастарын Нижний Новгород пролетариаты еске түсірген күні, басталған жаппай стачка күндерінде өрістеді. 10 (23) июльде митингіге жиналған жұмысшыларды қаражүздік бандылар, казактар және полиция айуандықпен сабады; 15 адам өлді, 50-ге жуық адам жаралы болды. Саратов губерниясындағы Балашовта қаражүздік бандылар мен казактар земстволық съезге жиналған дәрігерлерді губернатордың келісімімен ұрып-соқты. Осындай ойрандар Россияның басқа қалаларында да болды.

Осыған байланысты РСДРП-ның Борисоглебовск тобы листовка шығарды, Ленин өз мақаласында осы листовканың текстін келтіріп отыр. Қарулы күшпен өзін өзі қорғауды ұйымдастыру үшін бұл топ ақшалай қаржы және қару-жарақ жинауға кірісті. Самарада патша өкімет орындары жұмысшыларды Нижний Новгородтағы сияқты жазалауға мықтап әзірленді, РСДРП Самара комитеті өзін өзі қорғау тобын ұйымдастырды. Олардың шығарған листовкасында: «Қолға қару алыңдар! Қаруланыңдар, басқаларды да каруландырыңдар! Қару-жараққа ақша жинаңдар!» делінді.

В. И. Ленин «Қаражүздіктер және көтерілісті ұйымдастыру» деген мақаласын жазып болған соң, қолжазбаның бетіне мынадай белгі соққан: *«Өте қауырт!!!* Қалай да басылуға тиіс!» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *203.*

91 Бұл арада Л. Мартовтың «Кезекте. Революциялық рецептура жөнінде» деген мақаласы айтылып отыр, мақала «Искраның» 1905 жылғы 29 июльдегі 107-номерінде басылды, мұнда автор В. Северцевтің (В. В. Филатовтың) «Халықтық көтеріліске тактика мен фортификацияны қолдану» деген кітапшасын күлкі етеді. Кітапшаны РСДРП Орталық Комитеті 1905 жылы Женевада шығарған-ды.

Ленин келтірген *«бурениндік кекесіндер»* деген сөз барлық прогресшіл қоғамдық, саяси ағымдардың өкілдеріне өршелене жала жапқан реакцияшыл журналист В. П. Бурениннің есіміне байланысты. Бурениннің мақалалары жалақорлыққа, кісінің жеке басына дөрекілікпен тиісулерге толы болатын. Бұл есімді Ленин айтыстың арам әдістерін көрсету үшін жалпы мағынада қолданып отыр.— *206.*

92 *«Борьба Пролетариата»* («Пролетариат Күресі») — большевиктік құпия газет, РСДРП Кавказ одағының органы.

РСДРП Кавказ одағы I съезінің шешімі бойынша құрылған. 1903 жылдың апрель — майынан 1905 жылғы октябрьге дейін шығып тұрды; 12 номері шықты. Редакцияның жұмысына Кавказ одағының мүшелері — И. В. Сталин, М. Г. Цхакая, А. Г. Цулукидзе, С. Г. Шаумян және басқалар тікелей қатысты. Газет Тифлисте астыртын Авлабар баспаханасында басылды; үш тілде: грузин тілінде «Пролетариатис Брдзола»), армян тілінде (Пролетариати Крив») және орыс тілінде («Борьба Пролетариата») шықты. Газет редакциясы В. И. Ленинмен және большевиктік шетелдік орталықпен тығыз байланыс жасап тұрды. Газет маркстік партияның идеологиялық, ұйымдық және тактикалық негіздерін дәйекті түрде қорғап отырды. Газетте В. И. Лениннің мақалалары және лениндік «Искрадан», ал кейін большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттерінен материалдар үнемі көшіріп басылып тұрды. «Борьба Пролетариата» Закавказье большевиктік ұйымдарының идеялық және ұйымдық жағынан топтасуы ісінде зор роль атқарды. «Пролетарий» газетінде «Борьба Пролетариата» жөнінде мақұлдаған рецензиялар мен пікірлер басылып отырды, сондай-ақ онан кейбір мақалалар мен корреспонденциялар көшіріліп те басылды.— *209.*

93 Бұл арада 1905 жылғы 18 февральда (3 мартта) Сенатқа берілген патша указы туралы айтылып отыр; бұл указға сәйкес Министрлер Советіне «мемлекеттік құрылысты жетілдіру және халықтың әл-ауқатын жақсарту туралы» мәселелер жөнінде мекемелер мен жеке адамдардан түскен ұсыныстарды қарау жүктелді. Сол жылы 6 (19) августа Мемлекеттік думаны құру туралы манифестің жариялануына байланысты указдың күші жойылды. Жаңа указ бойынша бұл мәселелер Мемлекеттік думаның алдын ала қарауына түсуге тиісті болды.— *210.*

94 *Вена «Жұмысшы Газеті»* (Wiener «Arbeiter Zeitung») — күнделікті газет, Австрия социал-демократиясының орталық органы. 1889 жылы Венада В. Адлер негізін салған.

1905 жылы «Arbeiter Zeitung» өзінің беттерінде бірінші орыс революциясының ықпалымен өз елінде жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу үшін күрес жүргізген Австро-Венгрияның жұмысшы және еңбекші бұқарасының жауынгерлік пиғылын білдіріп отырды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды. Ленин оны «социализмнің вөналық опасыздарының» газеті деп атады (Шығармалар, 29-том, 394-бет). 1934 жылы газет жабылды. Австрия социалистік партиясының орталық органы ретінде 1945 жылы қайта шыға бастады.— *213.*

95 Әңгіме П. Н. Милюковтың «Мемлекеттік думаға бару керек пе, жоқ па?» деген мақаласы туралы болып отыр, мақала «С. С.» деп қол қойылып жарияланды.— *215.*

96 Бұл арада Лениннің «Біздің Хлестаковтар» деген заметкасы айтылып отыр, заметка «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 26 (13) июльдегі 9-номерінде жарияланған-ды; онда меньшевиктік «Искраның» француз социалистік газетіне жіберген хабары келтірілген. Бұл хабарында «Искра» ұйымдасқан жұмысшылар арасында өз жақтастары туралы жалған, асыра айтылған мәліметтер келтірді (қараңыз: Лениннің XVI жинағы, 128—129-беттер).— *230.*

97 *«Россияның финансы және революция»* деген мақала «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 5 сентябрьдегі (23 августағы) 15-номерінде жарияланды. Мақалада патшалық Россияның өте-мөте ауыр финанс жағдайы туралы айтылды. Көптеген фактіге негізделген материалға сүйеніп, автор мемлекеттік борыштың өсуіне, орасан көп соғыс шығындарына, мемлекеттік бюджеттің жеткіліксіздігіне және ел ішінде халық бұқарасы қайыршылығының өсуіне байланысты патша үкіметі әкеп соқтыратын финанс апатының болмай қоймайтынын дәлелдеді. «Енді Россияны тек революция ғана құтқарып қала алады»,— мақаланың қорытындысы осындай болды.

Мақала «Редакциядан» деген Ленин жазған ескертумен басылды. Лениннің XVI жинағында (181—182-беттер) Рудольф Мартиннің Берлинде шыққан «Россия мен Жапонияның болашағы» деген кітабы туралы ағылшын газеті «The Times»-тен және неміс газеті «Frankfurter Zeitung»-тен В. И. Ленин алған үзінділер жарияланды, Ленин өзінің ескертуінде осы кітаптың мазмұнын қысқаша баяндап шығады.— *231.*

98 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы еврей социал-демократиялық топтарының Вильнодағы құрылтай съезінде ұйымдастырылды; негізінен алғанда Россияның батыс облыстарының еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес автономиялы ұйым ретінде» РСДРП құрамына енді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезінде белгіленген РСДРП-мен ұйымдық қарым-қатынасын өзгертуге қаулы алды. Съезд өзінің қарарында ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп санайды, ал Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруге тиісті деп мәлімдеді. РСДРП II съезінде Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабы съезде қабылданбай қал-

ғаннан кейін, Бунд партиядан шығып кетті. 1906 жылы, IV (Бірігу) съезд шешімінің негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан енді.

РСДРП ішінде бундшылдар партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) үнемі қолдап отырды, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революцияның жауларын жақтап күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюция күштерімен бірігіп кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасу жағына қарай бет бұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі таратты, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негіздерде РКП(б)-ға қабылданды.— *250.*

99 Бұл сөз Н. В. Гогольдің «Жындының жазбалары» деген шығармасынан алынған (қараңыз: Н. В. Гоголь. Шығармалар жинағы, 3-том, 1959, 191-бет).— *252.*

100 Бұл сөз И. С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» деген шығармасынан алынған (қараңыз: И. С. Тургенев. Шығармалар жинағы, 3-том, 1954, 226-бет).— *252.*

101 *«Vossische Zeitung»* («Фоссы Газеті») — немістің баяу либералдық газеті, Берлинде 1704 жылдан 1934 жылға дейін шығып тұрды.— *257.*

102 Әңгіме «Азаттық Одағының» 1905 жылы августың аяғында Москвада болған IV съезі туралы болып отыр. Съезде конституциялық-демократиялық партия (кадеттер партиясын) құру туралы шешім қабылданды. Партияның программасы бекітілген құрылтай съезі 1905 жылы октябрьде болды.— *259.*

103 Әңгіме К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Үшінші халықаралық шолу. Майдан октябрьге дейін» және К. Маркстің «Коммунистердің Кёльн процесі туралы әшкерелеулер» деген шығармалары туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 467-бет; 8-том, 431-бет).— *279.*

104 *«Либералдық одақтар және социал-демократия»* — 1905 жылы 26 (13) сентябрьде «Пролетарий» газетінің 18-номерінде

осы тақырыппен жарияланған В. В. Воровскийдің мақаласына Ленин жазған қосымша. Мақала либералдық ұйымдарға — интеллигенцияның: адвокаттардың, инженерлердің, мұғалімдердің және басқалардың «кәсіпшілік» одақтарына — сондай-ақ осыларды біріктіретін «Одақтар одағына» социал-демократтар қандай көзқараста болуға тиіс, жұмысшылардың таптық сана-сезімін көмескілендіруге қарсы күресу мақсатымен осы ұйымдарға кірген дұрыс болмас па еді деп, жергілікті жерлерден түскен сұрақтарға байланысты жазылған. В. И. Ленин осы мақаланы редакциялады және оған қосымша жазды, онда қойылған сұрақтарға жауап берді.

Воровскийдің мақаласы социал-демократтар бұл либералдық одақтарға кірмеуге тиіс, өйткені ол бұқараны аздыруға ықпалын тигізуі мүмкін деген қорытындымен аяқталған болатын. Қолжазбада осы соңғы сөйлемге Ленин былай деп қосқан: «Ашық бас көтеру басталған дәуірде социал-демократтар мұндай аздырудың барлық себептерінен барынша аулақ болуға тиіс, жұмысшы табын қатаң партиялық рухта тәрбиелеп, тікелей жұмысшы табының дегеніне тура және қалтқысыз жүгінуі тиіс» (Лениннің XXVI жинағы, 346-бет). Бұл сөйлем және мақаланың жалғасы қолжазбада сызылып тасталған және «Пролетарийде» жарияланбаған.— *289.*

105 Әңгіме патша самодержавиесінің барып тұрған реакцияшыл өкілдерінің бірі — Москва генерал-губернаторы, ұлы князь Сергей Александрович Романов (II Николайдың немере ағасы) туралы болып отыр, оны 1905 жылғы 4 (17) февральда эсер И. П. Каляев өлтірген-ді.— *291.*

106 *Шидловский комиссиясы* — ерекше үкіметтік комиссия, ол 9 январьдағы Қанды жексенбіден кейін өріс алған стачкалық қозғалысқа байланысты «С.-Петербург қаласындағы және оның төңірегіндегі жұмысшылар наразылығының себептерін дереу анықтау үшін» 1905 жылы 29 январьда (11 февральда) патша указы бойынша құрылды. Комиссияны басқаруға сенатор әрі Мемлекеттік советтің мүшесі Н. В. Шидловский тағайындалды. Комиссияға чиновниктер, қазына заводтарының бастықтары мен фабриканттар кірді. Сонымен бірге комиссияға жұмысшылардың өкілдері де енуге тиіс еді, олар екі сатылы сайлау жолымен сайланды. Большевиктер комиссияға өкілдер сайлануға байланысты түсінік жұмыстарын кеңінен өрістетті, осы комиссияны ұйымдастыру арқылы жұмысшылардың назарын революциялық күрестен аударып әкетуге тырысып отырған патша өкіметінің шын мәніндегі мақсатын әшкереледі. Ал сайламшылар үкіметке сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс бостандығы, адамның жеке басына ешкімнің тимеуі, т. с. жөнінде талаптар қойғанда, Шидловский 1905 жылы 18 февральда (3 мартта) бұл талаптарды қанағаттандыруға болмайды деп жариялады. Осыдан кейін сайламшылардың көпшілігі депутаттар сайлаудан бас

тартты және Петербург жұмысшыларына ұран тастады, олар ереуіл жасап, бұларды қолдады. 1905 жылы 20 февральда (5 мартта) комиссия жұмысқа кіріспестен таратылып жіберілді.— *302.*

[107] Қараңыз: А. П. Чехов. Шығармалар жинағы, 8-том, 1956, 351—363-беттер.— *304.*

[108] *«Екі ұлт»* — ағылшын жазушысы Б. Дизраэлидің (граф Биконсфилдтың) XIX ғасырда жазған «Сибилла» романының қосымша тақырыбы.— *305.*

[109] *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — реформистік ұлтшыл партия, 1892 жылы құрылған. Пилсудский мен оның жақтастары бастаған Поляк социалистік партиясы тәуелсіз Польша жолындағы күрес ұранымен әрекет етіп, поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден олардың назарын басқа жаққа бұрып әкетуге тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойында бұл партияның ішінде қатардағы жұмысшылардың ықпалымен солшыл топтар пайда болып отырды. Олардың ішінен кейбірі кейін поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«революцияшыл фракция» деп аталатын екі жікке бөлінді.

Большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ ПКмЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының) ықпалымен Поляк социалистік партиясы-«солшылдары» бірте-бірте дәйекті революциялық позицияларға көшті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдарының» басым көпшілігі интернационалистік позицияда болды, 1918 жылдың декабрінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясына қосылып бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталды) құрды.

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде ұлтшылдық-шовинизм саясатын одан әрі жүргізе берді; ол Галиция жерінде поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Польша буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрын Германия мен Австрия басып алган Польша жеріндегі Поляк социалистік партиясының бөлімдерімен бірікті, сөйтіп тағы да Поляк социалистік партиясы деп аталды. Ол үкімет басына келгеннен соң өкімет билігінің поляк буржуа-

зиясының қолына көшуіне көмектесті, онан кейін үнемі антикоммунистік насихат жүргізді, Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және езу саясатын жақтады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатымен келіспеген жеке топтары Польша Коммунистік партиясының қатарына келіп қосылды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (май, 1926) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік тәртіпке қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, сөйтіп антикоммунистік және антисоветтік насихатын тоқтатпады. Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бұл жылдары поляк коммунистерімен ынтымақтасып, бірқатар науқандар кезінде бірыңғай майдан тактикасын қолдады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да екіге бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакцияшыл, шовинистік бөлігі Лондондағы реакцияшыл поляк эмиграттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлігі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл басқыншыларға қарсы күрестің халықтық майданына қосылып, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді және СССР-мен достық байланыс орнату позициясын ұстады.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлігі неміс басқыншылығынан азат етіліп, Ұлттық азаттықтың поляк комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды, сөйтіп Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылдың декабрінде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *308.*

110 В. И. Ленин «Социализм және шаруалар» деген мақаласын жазу үстінде Поляк социалистік партиясының 1905 жылы «Przedświt» («Рауан») журналының 6—8-номерлерінде жарияланған аграрлық программасының жобасынан егжей-тегжейлі үзінділер алып, оған өзінің сын ескертпелерін айтты (қараңыз: Лениннің V жинағы, 1929, 391—393-беттер). Бұл ескертпелер «Социализм және шаруалар» деген мақала жоспарында да көрсетілген (қараңыз: осы том, 448—449-беттер).

«Przedświt» («Рауан») — саяси журнал, поляк социалистерінің тобы 1881 жылы шығара бастады. 1884 жылдан — поляктың тұңғыш «Пролетариат» жұмысшы партиясының ор-

ганы. Оқта-текте маркстік мақалалар да басылғанымен, 1892 жылдан «Przedświt» журналы оңшыл социалистік және ұлтшыл элементтердің қолында болды. 1893—1899 жылдарда журнал Поляк социалистері шетелдік одағының (Поляк социалистік партиясы шетелдік ұйымының) органы ретінде шығып тұрды, ал 1900 жылдан 1905 жылға дейін Поляк социалистік партиясының теориялық және дискуссиялық органы болды. 1907 жылы журнал қайта шығарыла бастады, сөйтіп 1915 және 1917 жылдардағы үзілістерімен қоса алғанда 1920 жылға дейін шығарылды; 1907 жылдан оңшыл Поляк социалистік партиясы (Поляк социалистік партиясы-«революциялық фракция» деп аталатынның) органы ретінде, 1918—1920 жылдарда — Поляк социалистік партиясының органы ретінде шығып тұрды. 1881 жылдан 1901 жылға дейін «Przedświt» шетелде, кейіннен Польшада (Краков — Варшава — Львов) шықты.— *308.*

[111] *Шарварктар* — Польшада шаруаларға салынған еңбек-көлік міндеткерлігі, жолдар, көпірлер және соғыстық маңызы бар басқа да объектілерді немесе мемлекеттік және қоғамдық пайдаланудағы объектілерді салу үшін күштеп жұмыс істету ретінде жүргізілген.— *310.*

[112] *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; Петербургте 1868 жылдан 1917 жылға дейін шығып тұрды; газет әр түрлі бастырушылардың қолында болып, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағытта болған газет 1876 жылы шығарушысы А. С. Суворин болғаннан кейін реакцияшыл дворяндық чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздікшілердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын толық қолдады және большевиктерге өршелене жала жапты. Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады.— *317.*

[113] *Балалайкин* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Қазіргі заманғы идиллия» деген шығармасының кейіпкері; либерал даңғаза, авантюрист, суайт.— *325.*

[114] *«Партияның бірігуі туралы мәселе жөнінде»* — осындай тақырыппен 1905 жылы 10 октябрьде (27 сентябрьде) «Пролетарий» газетінің 20-номерінде төмендегі документтер басылды: РСДРП Орталық Комитетінің және меньшевиктердің Женева конференциясы сайлаған Ұйымдастыру комиссиясы өкілдерінің үшінші кеңесінің протоколы және Орталық Комитеттің осы протоколға түсіндірмесі. Меньшевиктердің осы

мәжілістегі мінез-құлқына және олардың қойған талаптарына баға бере келіп, Орталық Комитет бұлардың саясаты партияның III съезіне дейін де жүргізіп келген саясат болып қалып отыр, мұның өзі «шектен асқан былық пен анархияға, партияның нағыз ыдырауына» әкеп соғады деп көрсетті.

Документтер жарияланып отырған «Редакциядан» деген заметкамен қосып басылды, бұл заметканы В. И. Ленин жазды.— *327.*

115 *Меньшевиктердің оңтүстік орыс құрылтай конференциясы* 1905 жылы августа Киевте өтті. Бұған меньшевиктік топтар мен комитеттерден 12 делегат қатысты. Конференция төмендегі мәселелер бойынша қарарлар қабылдады: партияның екі бөлігін біріктіру; Мемлекеттік дума жөнінде; «Искра» редакциясының құрамы туралы; Халықаралық социалистік бюродағы РСДРП-ның өкілдігі туралы; ұйымдық устав және басқалар.

«Меньшевиктік жаңа конференция» және ««Искра» тактикасының соңғы жаңалығы немесе ойыншық сайлау — көтеріліске қозғау салатын жаңа себеп» (қараңыз: осы том, 331—332, 384—403-беттер) деген мақалаларында Ленин конференцияның шешімдерін қатты сынға алды. Конференцияның Мемлекеттік дума туралы қарарына тоқтала келіп, Ленин «социал-демократияның міндеттерін қорлаудың түңілерлік ескерткіші болып көпке дейін қалады» деп жазды (бұл да сонда, 399-бет).

Халықаралық социалистік бюродағы РСДРП-ның өкілдігі туралы конференция қабылдаған қарар жөнінде РСДРП Орталық Комитетіне 1905 жылғы 25 сентябрьдегі (8 октябрьдегі) хатында Ленин былай деп жазды: «1) менің өз басыма сорақы өтірік таңылған. Мен «Пролетарийдің» 20-номерінде жауап беремін, бұл номер бүрсігүні шығады. 2) Плехановтан партияның *оларға жататын бөлегінің* өкілі болуын сұрайды» (Шығармалар, 34-том, 354-бет). «РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілдігі» (қараңыз: осы том, 333—336-беттер) деген мақаласында Ленин, осы мәселе жөнінде партиядағы істердің нақты жағдайын айта келіп, меньшевиктік қарардың жалғандығын әшкереледі.— *331.*

116 Әңгіме меньшевиктердің 1905 жылы апрельде болған Женева конференциясында қабылданған «ұйымдық устав» туралы болып отыр.— *332.*

117 *Халықаралық социалистік бюро (ХСБ)* — II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы; Халықаралық социалистік бюроны құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 жылғы сентябрь) қабылданды. Халықаралық социалистік бюроға делегациялар сайлаған өкілдерді конгрестің шешімі бойынша әр елдің партия ұйымдары бекітуге тиісті болды. Халықаралық социалистік бюро-

дағы РСДРП-ның өкілі 1905 жылдың майына дейін Г. В. Плеханов болды.

РСДРП III съезінен кейін Орталық Комитет 1905 жылы 7 (20) майда мынадай қаулы қабылдады: «Орталық Комитет Плеханов жолдасқа Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болуды жүктейді». Қаулыға Орталық Комитеттің үш мүшесі: В. И. Ленин, Л. Б. Красин және Д. С. Постоловский қол қойған (Лениннің V жинағы, 1929, 292-бет). Мұндай қаулы партияның III съезінің шешімдерін Плеханов өзі үшін міндетті деп танитын болса деген шартпен қабылданды. Алайда ол бұл шартты қабылдамады.

1905 жылғы октябрьде Орталық Комитет В. И. Ленинді Халықаралық социалистік бюродағы РСДРП-ның өкілі етіп тағайындау туралы шешім шығарды. РСДРП Орталық Комитетіне 1905 жылғы 12 (25) октябрьдегі хатында Ленин былай деп жазды: «Мені Халықаралық бюроға тағайындағандық туралы... сіздердің хатыңызды жаңа ғана алдым» (Шығармалар, 36-том, 133-бет). Бюрода Ленин II Интернационал лидерлерінің оппортунизміне қарсы батыл күрес жүргізді.

Халықаралық социалистік бюро 1914 жылы өз қызметін тоқтатты.— *333.*

118 Большевиктердің позициясында болған РСДРП Кострома комитеті Ленин айтып отырған қарарда Г. В. Плехановтың Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілі болып тағайындалуына қарсы шықты. Қарар 1905 жылы 10 октябрьде (27 сентябрьде) «Пролетарий» газетінің 20-номерінде жарияланды.— *336.*

119 *«Оқушылармен болған әңгімелерден»* деген заметка 1905 жылдың екінші жартысында РСДРП Одесса комитетінің секретары болып істеген большевик С. И. Гусевтің редакцияға жазған хатына редакциялық кіріспе болып табылады; бұл хат үзінділер түрінде «Пролетарий» газетінде жарияланды. С. И. Гусев өзінің хатында большевиктердің 1905 жылғы революциядағы тактикасы мәселелері жөнінде пікір айтты, осы мәселелер жөнінде бұқара арасында жүргізіліп жатқан түсінік жұмыстарын хабарлап, меньшевиктердің Женева конференциясының шешімдерін сынады. Ленин 1905 жылы 7 (20) сентябрьде Гусевке берген жауабында ол практиктердің Орталық Органмен осындай мәселелер жөнінде әңгімелесудің бастамасын жасап отырғанын және редакция оның хатының бір бөлігін басуға ұйғарғанын жазады. «Жалпы алғанда, біз бір пікірдеміз және Сіз бен біз бір жерден шығып отырмыз (Сіздің пікірлеріңіз менің «Екі тактикадағы» пікірлеріммен үйлеседі)»,— деп жазды Ленин (Шығармалар, 34-том, 346-бет).— *337.*

120 *«Москвадағы қанды күндер»* деген мақала Москвада 1905 жылғы 19 сентябрьде (2 октябрьде) басталған саяси стач-

қаға арналған. Бірінші болып баспахана жұмысшылары ереуіл жасады, кейін оларға басқа кәсіптердің жұмысшылары қосылды. Стачкамен бірге митингілер және демонстрациялар өтіп жатты. Москва көшелерінде жұмысшылардың полициямен және әскерлермен қарулы қақтығыстары болды. Жұмысшыларға студенттер қосылды. Стачкаға басшылық еткен большевиктердің Москва комитеті өздері шығарған листовкада жұмысшыларды самодержавиеге қарсы күреске, қарулы көтеріліске шақырды: «... стачкадан қарулы көтеріліске, қарулы көтерілістен жеңіске — біздің жолымыз, жұмысшы табының жолы осы!» — делінді листовкада («1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары», 2-бөлім, 1956, 65-бет).

В. И. Ленин Москвадағы саяси стачканың барысын күнбе-күн мұқият қадағалап отырды. Оның газеттерден көшіріп алған көптеген үзінділері осыны дәлелдейді (қараңыз: Лениннің V жинағы, 1929, 414—415-беттер және XVI жинақ, 202—213-беттер). Жинаған материалдарын ол «Москвадағы қанды күндер», «Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес», «Москва оқиғаларының сабақтары» деген мақалаларында пайдаланды.

«Москвадағы қанды күндер» деген мақала ол кезде жарияланған жоқ. Ол В. И. Лениннің бірінші мақаладан кейін екі күн өткесін 29 сентябрьде (12 октябрьде) жазған «Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес» деген мақаласының бірінші нұсқасы болды, бұл мақала «Пролетарий» газетінің 21-номерінде жарияланды. Москвадағы оқиғалар туралы Ленин сентябрьдің аяғында Женевада болған үлкен митингіде сөз сөйледі. Москвадағы саяси стачка Россияда революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің басы болды. Ол Бүкіл россиялық Октябрь саяси стачкасын әзірлеуде үлкен роль атқарды.— *338.*

121 Әңгіме Москва, Владимир, Ярославль губернияларында 1885—1886 жылдары болған жұмысшы қозғалысы жайында болып отыр.

Бұл кезеңдегі стачкалардың ішінен 1885 жылы январьда Орехово-Зуеводағы Морозов фабрикасында болған стачка өзінің ұйымшылдығымен ерекше көзге түсті. Стачкаға талантты басшылар, алдыңғы қатарлы жұмысшылар, бұрын «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағының» мүшесі болған Петр Моисеенко және Василий Волков басшылық етті. Патша үкіметі стачканы қарулы күшпен басып тастады. 600-ге жуық жұмысшы жер аударылды, 33 жұмысшы сотқа тартылды. Осы мәселе жөнінде мынаны қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 24—29-беттер.— *338.*

122 *Иваново-Вознесенск стачкасы* — тоқымашы жұмысшылардың ірі саяси стачкасы, 12 (25) майда басталып, 72 күнге созылды. Бұған 70 мыңға жуық жұмысшы мен жұмысшы әйел

қатысты. Иваново-Вознесенск жұмысшыларының стачкасына Шуя, Орехово-Зуево, Кохма және басқа жерлердің тоқымашылары қосылды. Стачка Ф. А. Афанасьев және М. В. Фрунзе бастаған Иваново-Вознесенск большевиктік ұйымының басшылығымен, жұмысшы-большевиктер С. И. Балашовтың, Е. А. Дунаевтың, Ф. Н. Самойловтың және басқалардың белсене қатысуымен өтті. Стачка басталмастан бұрын барлық фабрикалардың партияда жоқ жұмысшылары өкілдерінің қатысуымен 9 (22) майда өткен Иваново-Вознесенск большевиктерінің құпия конференциясында жұмысшылардың фабриканттарға қоятын талаптары талқыланып, қабылданды. Олардың ішінде сегіз сағаттық жұмыс күні, жалақыны көбейту, штрафтарды жою, одақтар мен стачкалар бостандығы және басқа талаптар болды.

Стачкаға басшылық ету үшін жұмысшылар фабрикалар өкілдерінен уәкілдер Советін сайлады, бұл Совет ереуілшілердің революциялық орталығы болды. 151 адам, соның ішінде 17 әйел сайланды. Стачка өте ұйымшылдықпен өтті. Алғашқы күндерден бастап-ақ стачкаға байланысты мәселелерді талқылау үшін он мыңдаған жұмысшы қалалық алаңға жиналды, ал губернатор қала ішінде жиналыс өткізуге тыйым салғаннан кейін, жиналыстар қаланың сыртында, Талка өзенінің жағасында өтті. Бұл жиналыстарда жұмысшылардың экономикалық және саяси жағдайы туралы мәселелер де талқыланды, сол жерде большевиктер жұмысшы қозғалысының міндеттері туралы лекциялар да оқыды.

Ереуіл жасаған жұмысшылардың жігерін мұқалту үшін патша үкіметі Иваново-Вознесенскіге әскер бөлімдерін жіберді. 3 (16) июньде жиынға келген жұмысшылар қанды қырғынға ұшыратылды. Қырғын айқас бірнеше сағатқа созылды. Жұмысшылардың ішінде өлгендер және көптеген жараланғандар болды. Жазалау шараларына қарамастан, жұмысшылар бұрынғыдан бетер топтасып, күресті тоқтатпады. Тек аштық және жұмысшылар мен олардың семьяларының әбден күйзелуі ғана Иваново-Вознесенск ұйымын стачканы тоқтату туралы мәселе қоюға мәжбүр етті.

Иваново-Вознесенск жұмысшыларының стачкасы жұмысшы бұқарасының саяси сана-сезімінің онан әрі өсуіне зор ықпалын тигізді. Стачканың тарихи маңызы сол — жұмысшылар сайлаған уәкілдер Советі күрестің барысында жұмысшы депутаттарының алғашқы Советтерінің біріне айналды.— *339*.

123 Бұл арада 1905 жылы 29 августа (11 сентябрьде) Мемлекеттік думаға сайлау туралы мәселені талқылауға қатысу үшін қалалық басқарма үйіне жиналған Тифлис жұмысшыларын (2000-нан астам адам) полицияның атқылағаны айтылып отыр. Патшалық өкімет орындарының жарлығы бойынша полиция мен казактар үйді қоршап алып, жиналыс болып жатқан залға баса көктеп кірді, жұмысшыларды айуандық-

пен атқылап, ұрып-соға бастады. 60 адам өлді. 300-ге жуық адам жараланды.

Патша өкіметінің зұлымдығына қарсы наразылық ретінде бүкіл Закавказьеде — Тифлисте, Кутаисте, Сухумда және басқа қалаларда саяси демонстрациялар мен стачкалар өтті. РСДРП Тифлис комитеті патша самодержавиесіне қарсы қарулы көтеріліске шақырған листовкалар шығарды. Тифлистегі оқиғалар туралы 1905 жылы 26 (13) сентябрьде «Пролетарий» газетінің 18-номерінде Кавказ одағы комитеті қол қойған арнаулы бюллетень басылды.— *339.*

124 *1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы* патша самодержавиесінің жеңілуімен аяқталды. 1905 жылы 23 августа (5 сентябрьде) Портсмутта (Америка Құрама Штаттары) Россия мен Жапонияның арасында бітім шартына қол қойылды. Шарт бойынша патша үкіметі Жапонияға Порт-Артур мен Дальнийді арендалауға право берді, Оңтүстік Маньчжурия темір жолын және Сахалиннің оңтүстік бөлегін берді. Кореяда Жапонияның ықпалы басым болу правосы мойындалды. Мұның үстіне Россия, Жапон, Охота және Беринг теңіздерінің Россияға қарасты жағаларында Жапонияға балық аулау концессиясын бермекші болып міндеттенді. Портсмут бітім шартына қол қойып, патша өкіметі ел ішінде өріс алып отырған революцияға қарсы күресу үшін мүмкіндік алуды көздеді.— *343.*

125 *«РСДРП Орталық Органының редакциясынан»* хат 1905 жылы сентябрьде «Рабочий» газетінің 2-номерінде жарияланды.

«Рабочий» («Жұмысшы») — көпшілікке арналған құпия газет, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы; РСДРП III съезінің үгіт және насихат туралы мәселе жөніндегі қаулысына сәйкес құрылды, бұл қаулыда: «... Россияда бұқараға түсінікті орган шығаруды жолға қоюға қамқорлық жасалсын» делінген болатын.

РСДРП Орталық Комитетінің жанынан құрылған әдебиетші-насихатшылар тобының 1905 жылғы июльдегі съезінде «Рабочий» газеті көпшілікке арналған орган болуға тиіс, ол ағымдағы саясат мәселелерін жазып, партия программасы, тактикасы және ұйымдық мәселелер жөнінде көпшілікке ұғымды мақалалар беріп тұруға тиіс деп көрсетілді. Газет 1905 жылғы августан октябрьге дейін шығып тұрды. 4 номері шықты. Москвада РСДРП Орталық Комитетінің астыртын баспаханасында басылды. «Рабочий» газетінің шыққан бірінші номері туралы В. И. Ленин 1905 жылы сентябрьде П. А. Красиковқа жолдаған хатында: ««Рабочийдің» 1-номері өте жақсы» деп жазды (Шығармалар, 34-том, 341-бет). М. М. Эссенге жазған хатында Ленин «қазіргі уақыт үшін өте пайдалы «Рабочиймен» қатар... *үгіттік* бюллетеньдердің шығарылып тұруын... негізгі ұрандарды және негізгі оқиға-

лардың қорытындыларын беріп отыратын икемді, орамды, жиі-жиі шығып тұратын қысқа листоктар-бюллетеньдер ұйымдастыруды» ұсынды (бұл да сонда, 364-бет).— *347*

126 Лениннің *«Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының Иена съезі»* деген мақаласы РСДРП Кавказ одағының өтініші бойынша жазылды және «Борьба Пролетариата» газетіне арналды. Ленин мақаланы аяқтамаған. 1905 жылы 30 сентябрьде (13 октябрьде) Кавказ одағына хатында Н. К. Крупская былай деп жазды: «Сіздер Иена конгресі туралы мақала жіберуді сұрап едіңіздер, бұрын ештеңе істей алмадық — тіпті уақыт болмады — ал енді кеш» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Герман социал-демократиялық партиясының Иена съезі 1905 жылы 17—23 сентябрьде (жаңаша) Иенада өтті. Съездің күн тәртібіне төмендегі мәселелер қойылды: 1) партия ұйымы; 2) партия басқармасының есебі; 3) рейхстагтағы жұмысы туралы социал-демократиялық фракцияның есебі; 4) 1 Майды мейрамдау; 5) саяси бұқаралық стачка және социал-демократия, тағы басқалар.

Съезд Россияда өріс алған революцияның ықпалымен өтті. Мұның өзі оның шешімдеріне әсер етті. Бұқаралық саяси стачка туралы мәселе жөнінде съезд қабылдаған қарарда пролетариат күресінің неғұрлым пәрменді құралдарының бірі жаппай ереуілді мейлінше кеңінен қолдану болып табылады деп көрсетілді. Қарарда қарулы көтеріліс туралы мәселе орағытып өтілсе де мұндай шешім қабылдануы Герман социал-демократиялық партиясының қызметінде бір адым ілгері басқандық болды.— *349.*

127 *Герман социал-демократиясының Дрезден съезі* 1903 жылы 13—20 сентябрьде (жаңаша) өтті. Съездің көңіл бөлген басты мәселесі партия тактикасы туралы және ревизионизмге қарсы күрес туралы мәселе болды. Съезде Э. Бернштейннің, П. Гёрәнің, Э. Давидтің, В. Гейненің және басқа кейбір неміс социал-демократтарының ревизионистік көзқарастары сыналды. Съезд басым көпшілік дауыспен (288 дауысқа 11 дауыс қарсы) қабылдаған қарарда былай делінген: «Партия съезі біздің сыннан өткен, жеңістерге жеткізген, тап күресіне негізделген ескі тактикамызды өзгертуге, мұның өзінде жауларымызды құлату арқылы саяси өкіметті жеңіп алудың орнына қазіргі құрылысқа кеңшілік жасау саясатын қойып өзгертуге тырысқан ревизионистік ниғылдарды мейлінше батыл айыптайды» (қараңыз: «Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903». Berlin, 1903, S, 418). Мұндай қарар қабылдаудың белгілі бір дәрежеде дұрыс маңызы болды. Алайда ревизионизмге қарсы күресте съезд жеткілікті дәйектілік көрсетпе-

ді; герман социал-демократиясының ревизионистері партиядан шығарылмады, олар съезден кейін де өздерінің оппортунистік көзқарастарын одан әрі насихаттай берді.

Ревизионизмді айыптаған мұндай шешімді социалистік партиялардың тактикасы туралы мәселені қарағанда II Интернационалдың Амстердам конгресі де (1904 жылғы август) қабылдады. Бірақ конгресс ревизионистерден іргені аулақ салудың қажеттігі туралы батыл қорытынды шығармады.— *349.*

128 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу үшін Германияда 1878 жылы Бисмарктың үкіметі енгізді. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; ерекше заң күшінде болған жылдарда 350-ге жуық социал-демократиялық ұйым таратылды, 900-ге жуық социал-демократ Германиядан қуылды және 1500 социал-демократ түрмеге қамалды, жүздеген газетке, журналдар мен мерзімді емес басылымдарға тыйым салынды. Алайда қуғындау және жазалау шаралары социал-демократиялық партияның жігерін жасытқан жоқ, оның қызметі астыртын жағдайға бейімделіп қайта құрылды; шетелде партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері мерзімінде (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылды; Германияда, астыртын жағдайда социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қайта қалпына келіп отырды, оларды астыртын Орталық Комитет басқарды. Астыртын жағдайда жұмыс істей отырып, партия бұқарамен байланысын нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды,— сөйтіп оның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстагқа сайлаулар кезінде социал-демократтарды жақтап берілген дауыстар саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен аса көбейді. Неміс социал-демократтарына К. Маркс пен Ф. Энгельс зор көмек көрсетті. Бұқаралық қозғалыстың және барған сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *351.*

129 *Германия кәсіпшілік одақтарының Кёльн съезі* 1905 жылы майда өтті. Кәсіподақтардың реформистік, оппортунистік лидерлері съезде антисоциалистік, тред-юнионистік бағыт ұстады, кәсіподақтар өз қызметін жұмысшы табының күнделікті көкейтесті мүдделері үшін капиталға қарсы экономикалық күреспен ғана шектеп, саяси күрес жүргізбеуге тиіс деп есептеді. Жаппай саяси стачка туралы мәселе жөнінде олар өз қарарын өткізе алды, бұл қарарда съезд жаппай саяси стачкаларды насихаттауды айыптайды және жұмысшыларға мұндай әрекеттерге батыл қарсы шығуды ұсынады делінді. Съездің оппортунист басшылары 1 Май мей-

рамына жұмысшылардың бәрі қатыса алатын болсын деген сылтаумен мейрамдауды кешкі уақытқа қалдыру ұсынылған қарар да енгізді. Мұның өзі 1 Май мейрамын оның жауынгерлік, халықаралық сипатынан айыруға жасалған әрекет еді. Алайда съездің көпшілігі бұл қарарды қабылдамады.

1905 жылы 26 (13) июньде «Пролетарий» газетінің 5-номерінде «Германиядағы кәсіпшілік одақтарының 5-съезі» деген мақалада осы съезде қабылданған оппортунистік шешімдер қатаң сыналды.— *352.*

130 *«Ешқандай жалғандық болмасын! Біздің күшіміз шындықты айтуда!»* деген редакцияға хатты Ленин аяқтамаған. «Пролетарий» газетінде жарияланған жоқ.— *355.*

131 К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-басылуы, 8-том, 123-бет).— *356.*

132 *«The Economist»* («Экономист») — экономика және саясат мәселелері жөнінде апта сайын шығатын ағылшын журналы; Лондонда 1843 жылдан шығады; ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы.— *362.*

133 *«Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымын»* РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай армян ұлтшыл-федералистік элементтері құрды. Бундшылдар сияқты, олар да партияны федерациялық принципте құруды, яғни пролетариатты ұлттық принцип бойынша бөлуді талап етті және өздерін армян пролетариатының бірден-бір өкілі деп жариялады. Өздерінің ұлтшылдығын ақтау үшін олар «әрбір ұлттың ерекше жағдайларын» сылтау етті. Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың 1905 жылы сентябрьде шақырылатын конференциясына байланысты В. И. Ленин өзінің РСДРП Орталық Комитетіне хатында былай деп жазды:

««Армян социал-демократиялық федерациясы» жөнінде ерекше сақтандырам. Егер сіздер оның конференцияға қатысуына келісім берген болсаңыздар, онда *үлкен* қате жасағансыздар, оны *қайткенде де* түзету керек. Олар — женевалық қос іріткішілер, бұлар осында, Кавказбен ешбір *елеулі* байланыстары болмай-ақ, мүлдем түкке тұрғысыз бірдеңелер бастырып шығарып жүр. Ол — кавказдық бундизмге нәр беріп отыру үшін әдейі ойлап шығарылған, *бундтың қойған адамдары,* басқа түк те емес. ... Кавказдық жолдастардың күллісі әдебиетші-іріткі салушылардың бұл шайкасына қарсы...» (Шығармалар, 34-том, 340-бет).— *373.*

134 *Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың конференциясы* 1905 жылғы 7—9 (20—22) сентябрьде Ригада өтті. Конференцияны Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі тактиканы талдап белгілеу үшін РСДРП Орталық Комитеті шақырды. Оған РСДРП Орталық Комитетінен, меньшевик-

тердің Ұйымдастыру комиссиясынан, Бундтан, Латыш социал-демократиясынан, Польша мен Литва социал-демократиясынан, Украина революциялық партиясынан өкілдер қатысты. Меньшевиктердің наразылықтарына қарамастан, конференция Булыгин Думасына белсенді бойкот жариялаудың большевиктік бағытын мақұлдады және бұл Думаға қатысу бостандық ісіне опасыздық болады деп тауып, Булыгин Думасына қатысу керек дейтін меньшевиктік саясатты айыптады. Конференцияның шешімдерінде сайлау науқанын халық бұқарасы арасында кең үгіт жүргізу үшін пайдалану қажеттігі көрсетілді, митингілер өткізудің, барлық сайлау жиналыстарына қалай болса да кірудің қажеттігі, Булыгин Думасының шын сипаты мен мақсаттарын — ол революциялық қозғалыстан негізі шайқалған самодержавие өкіметін нығайту мақсатымен халық өкілдігінің қолдан жасалған дөрекі түрі екенін көрсетіп отыру қажеттігі атап көрсетілді.

Конференцияның қарарлары 1905 жылы 24 (11) октябрьде «Пролетарий» газетінің 22-номерінде жарияланды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, 1971, 137—141-беттер). Ленин «Саяси топқа бөлінудің бірінші қорытындылары» және «Жеңілгендердің байбаламы» деген мақалаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 7—15-және 16—18-беттер) конференцияның маңызын бағалай келіп, қабылданған шешімдерге «Искрада» қарсы шыққан меньшевиктерге қатты тойтарыс берді.— *373.*

135 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оңшыл қанатының қолына көшіп, онда оппортунистердің мақалалары үнемі басылып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңаржақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», партия жікке бөлінгеннен кейін, меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті бағалауына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды.— *377.*

136 *«Социал-Демократ»* — меньшевиктердің органы. Газет Женевада 1904 жылғы 1 (14) октябрьден 1905 жылғы 14 (27) октябрьге дейін шығып тұрды. Не бары 16 номері шықты. Газеттің бас редакторы Ф. Дан болды.

«Социал-Демократтың» Ленин айтып отырған 12-номерінде Л. Мартовтың «Азаматтардың революциялық өзін өзі басқаруы» деген мақаласы жарияланды.— *400.*

137 М. Борисовтың *«Кәсіпшілік қозғалысы туралы және социал-демократияның міндеттері туралы»* деген мақаласы В. И. Ленин жазған «Редакциядан» деген ескертумен «Пролетарийде» басылды, ал кейін Петербургте шығып тұрған большевиктік «Новая Жизнь» газетінің 1905 жылғы 8 ноябрьдегі 7-номерінде көшіріп басылды.

Мақалада жұмысшылар арасында кәсіподақтарына бірігуге ұмтылу және соларды ұйымдастыруға әрекеттену бар делінген. Осымен байланысты жұмысшы табының алдыңғы қатарлы, ұйымдасқан отряды болып саналатын және ұрандарына миллиондаған пролетарлар еруге тиісті социал-демократиялық партияның алдында кәсіпшілік одақтарын ұйымдастыруға белсене көмектесу, олардың жұмысына басшылық ету ,жұмысшыларды тап күресін және пролетариаттың социалистік міндеттерін кеңінен түсіну рухында тәрбиелей отырып, кәсіподақ мүшелері арасында социал-демократиялық үгіт жүргізу міндеті тұрды.

В. И. Ленин өрлеп келе жатқан кәсіпшілік қозғалысына партиялық басшылық мәселелеріне үлкен мән берді. Осы мақала жарияланардан бірнеше күн бұрын, 30 сентябрьде (13 октябрьде), С. И. Гусевке хатында былай деп жазды: «Россия социал-демократиясына ең басынан-ақ кәсіподақтар мәселесінде дұрыс сарын алу, бұл жөнінде социал-демократиялық бастаманың, социал-демократиялық қатынастың, социал-демократиялық басшылықтың бірден дәстүрін жасау маңызды нәрсе» (Шығармалар, 34-том, 362-бет).— *404.*

138 Бұл арада «Русь» газетінің 1905 жылғы 13 (26) сентябрьдегі 218-номерінде «Баспасөзде және қоғамда» деген тақыруппен жарияланған корреспонденция айтылып отыр.— *410.*

139 «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 24 (11) октябрьдегі 22-номерінде РСДРП Кавказ одағының органы «Борьба Пролетариата» газетінің 3-номеріне (орыс тілінде) рецензия басылды. Рецензияның осы томда жарияланып отырған бөлегін В. И. Ленин жазған. Мұнда И. В. Сталиннің ««Социал-Демократқа» жауап» деген мақаласына баға берілген (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 1-том, 177—191-беттер).— *418.*

140 «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 3 октябрьдегі (20 сентябрьдегі) 19-номерінде Қазан, Симбирск және Нижний Нов-

город губернияларында істейтін бір топ социал-демократтардың «Шетелдік жолдастарға ашық хаты» басылды. Хатта Россиядағы астыртын жұмыстың ауыр жағдайы, партиялық күштердің жеткіліксіздігі айтылды, жастар жұмыс істеу үшін Россияда қалуға шақырылды. Хат «Редакциядан» деген төмендегі ескертумен басылды: ««Шалғай түкпірдегі жолдастардың» бұл мәлімдемесін Орталық Орган беттерінде олардың партия жұмысына деген көңілін және көзқарастарын білдіру үшін басып отырмыз. Біз, шетелдік «ілімнің» пайдасыздығы туралы авторлардың өте қатал айтылған пікіріне қосыла алмасақ та, орыстың шалғай түкпірлері туралы шетелге және бүкіл партияға жиі ескертіп тұруды қажет деп ойлаймыз». «Революционер» деген бүркеншік аттың кімдікі екені анықталмаған.— *420.*

141 «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапты жазу үстінде Лениннің қалай жұмыс істегенін көрсететін дайындық материалдар өте аз сақталған. Осы томда жарияланып отырған документтен басқа, Ленин жинақтарында кітап тақырыбының бастапқы нұсқалары, оның мазмұны, соңғы сөздің II тарауына жазылған қысқаша тезистер, жеке мәселелер жөнінде заметкалар басылған (қараңыз: Ленин жинақтары: V, 1929, 315—317, 318-беттер және XVI, 155—156-беттер).— *423.*

142 Әңгіме «Пролетарий» газетінің бір топ қызметкерлері бастыруға даярлаған Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті. 1873 жылы жазда Испанияда болған көтеріліс туралы жазбалар» деген кітапшасы туралы болып отыр.— *423.*

143 *«Жұмысшылардың үні және партияның жікке бөлінуі»* — 1905 жылы Женевада жарыққа шыққан «Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапша атының бастапқы нұсқасы. Абрамовтың мазмұнда көрсетілген «Жұмысшының хатына жауап» деген мақаласы кітапшаға енбеген. «РСДРП Орталық Комитетінің Ұйымдастыру комиссиясына ашық хаты» кітапшаға енгізілгенге дейін «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 9 августағы (27 июльдегі) 11-номерінде жарияланды.— *427.*

144 *Hic Rhodus, hic salta!* — Родос осы жерде, осы жерден секір! — Эзоптың «Мақтаншақ» деген мысалында Родос аралында мен керемет секіретінмін деп бөсетін мақтаншаққа айтылған сөз.— *431.*

145 Әңгіме 1905 жылы 25 майда (7 июньде) Москвада болғалы жатқан земство және қала қайраткерлерінің съезі туралы Треповтың баяндамасына II Николайдың: «Съезд болмас деп сенемін; мылжың сөз жеткілікті айтылды» деген ұйғарымы туралы болып отыр.— *431.*

146 Әңгіме жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жасауға шақырып, большевиктер ұсынған негізгі үш ұран туралы: қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет ұрандары туралы болып отыр.— *434*.

147 *«Жаңа «Искраның» жаңа жоспары немесе қазіргі жирондистер»* деген документ меньшевик Л. Мартовтың 1905 жылы 24 августа (жаңаша) Венаның «Жұмысшы Газетінде» («Arbeiter Zeitung») жарияланған «Орыс пролетариаты және Дума» деген мақаласына В. И. Лениніц сын ескертпелері болып табылады. «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және «Ең былық жоспарды ең айқын баяндау» деген мақалаларында (қараңыз: осы том, 211—225, 226—228-беттер) Ленин меньшевиктердің Булыгин Думасы жөніндегі оппортунистік бағытын өлтіре сынады, бұл бағыт Л. Мартовтың мақаласында айқын көрінген болатын.— *438*.

148 *«Вестник Европы»* («Европа Хабаршысы») — буржуазиялық-либералдық бағыттағы тарихи-саяси және әдеби журнал; ай сайын шығып тұрды. Петербургте 1866 жылдан 1918 жылға дейін шықты. Журналда революцияшыл марксистерге қарсы бағытталған мақалалар басылды.— *441*.

149 Бұл мәселе жөнінде меньшевиктік «Искраны» және Бундты Ленин «Өз бетінше туу теориясы» деген мақаласында сынады (қараңыз: осы том, 250—256-беттер).— *441*.

150 Булыгин Думасына бойкот жасау туралы тақырыптағы рефератты В. И. Ленин Женевада 1905 жылы 8 (21) сентябрьде оқыды. Хаттардың бірінде (РСДРП мүшесі емес) рефератқа 300-ден астам адам қатысты. Ленин «кәміл сеніммен, қызу, күшті» сөйледі деп хабарланған.

РСДРП Женева тобының кіріс-шығыс кітабында Лениннің рефераты үшін кассаға 62 франк 15 сантим түсті делінген сол күнгі жазба сақталған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *444*.

151 Әңгіме меньшевиктік «Искра» газетінің 1905 жылғы 29 августағы 109-номері туралы болып отыр, онда Ф. Данның «Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы басылған болатын. Бұл мақалада Донецк одағы меньшевиктерінің Мариуполь тобының Булыгин Думасына көзқарас туралы мәселе жөніндегі қарары келтірілген. Мариуполь тобының позициясы туралы Ленин былай деп жазды: ол «Искрадан» алшақ кетіп отыр: «Мариуполь тобы — *бойкот*

жасау жағында, бірақ шатастырып алған» (Лениннің V жинағы, 1929, 400-бет).— *444.*

152 *«Биржевые Ведомости»* («Биржа Ведомостары») — буржуазиялық газет, 1880 жылы ұйымдастырылған. Петербургте бастапқы кезде аптасына үш рет, кейін төрт рет, сонан кейін күн сайын шығып тұрды. 1902 жылғы ноябрьден бастап күніне екі рет, таңертең және кешке шығарылды. Жағымпаздық, сатқындық, принципсіздік газеттің жаман атағын шығарды («биржевка»). 1917 жылы октябрьдің аяғында Әскери-революциялық комитет «Биржевые Ведомостиді» жапты.— *446.*

153 Бұл арада К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегінде Ледрю-Роллен жайында айтқан пікірлері айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 5—110-беттер).— *447.*

154 Әңгіме Москва студенттерінің қарары жөнінде 1905 жылы 9 октябрьде (жаңаша) «Frankfurter Zeitung» газетінде басылған редакциялық заметка туралы болып отыр, бұл қарарда құрылтай жиналысын революциялық уақытша үкімет шақырсын деген талап қойылды. Бұл мәселе жөнінде В. И. Лениннің «Трубецкойдың өлімі жөнінде» (осы том, 361-бет) деген мақаласын қараңыз.— *450.*

155 Россиядағы жұмысшы қозғалысы дамуының кезеңдеріне берілген сипаттаманы В. И. Лениннің «Алғашқы сабақтар» деген мақаласынан қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 268—273-беттер).— *451.*

156 *«Освобождениешілдің социал-демократпен әңгімесі»* деген, диалог формасында жазылған документте В. И. Ленин буржуазиялық либералдардың тактикалық бағытын сынайды. «Освобождение» журналында және басқа баспасөз органдарында олар қарулы көтеріліске өршелене қарсы шықты, Булыгин Думасына бойкот жасау идеясын үзілді-кесілді қабылдамай, думаға қатысуға шақырды.

Каутскийдің революциялық уақытша үкімет туралы мәселедегі позициясын («Заметканың» 3-пункті) Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген мақаласында сынайды (қараңыз: осы том, 104—105-беттер).

«Москал» жұмысшыларды пайдалану туралы мәселені («Заметканың» 5-пункті) В. И. Ленин 1905 жылы 30 сентябрьде (13 октябрьде) С. И. Гусевке жазған хатында қойған: «Москал, семьялы жұмысшылардан тұратын, жұмысшылардың ерекше бір жігі бар ғой, олар қазір саяси күресте өте аз береді, ал кәсіпшілік күресте өте көп береді.

Жұмысшылардың бұл жігін, оның осы саладағы адымдарын тек бағыттай отырып, пайдалану керек» (Шығармалар, 34-том, 362-бет).

Социал-демократтардың парламентке көзқарасы жөніндегі мәселені («Заметканың» 6-пункті) В. И. Ленин 1905 жылы 28 сентябрьде (11 октябрьде) А. В. Луначарскийге жазған хатында дамытқан (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 355—357-беттер).— *454.*

157 Бұл документ П. Б. Аксельродтың 1905 жылы Женевада «Искра» шығарған «Халықтық дума және жұмысшы съезі» деген кітапшасын сынауға арналған. В. И. Лениннің осы тақырыпқа арналған кітапшасы немесе мақаласы баспасөзде жарыққа шықпаған.— *456.*

158 Әңгіме «РСДРП-ның ашық саяси бой көрсетуі туралы мәселе жөнінде» В. И. Ленин жазған және партияның III съезі қабылдаған қарар туралы болып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 156—157-беттер және «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, 1971. 123—124-беттер).— *458.*

159 «St.-Petersburger Zeitung» («С.-Петербург Газеті») — 1729—1914 жылдары Петербургте неміс тілінде шыққан күнделікті газет.— *460.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді. бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

[1] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 9-том, 133—137-беттер.

— [*Заявление редакции «Искры»*] — *қараңыз:* Ленин, В. И. От редакции.

— *«Либеральные» земцы уже идут на попятный?* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 14, 29 (16) августа, стр. 6, в отд.: Последние известия.— *298.*

— *Маркс об американском «черном переделе»*.— «Вперед», Женева, 1905, № 15, 20 (7) апреля, стр. 1—2.— *237—238.*

— *Наши Хлестаковы*.— «Пролетарий», Женева, 1905, № 9, 26 (13) июля, стр. 6, в отд.: Из партии.— *230.*

— *Новый революционный рабочий союз*.— «Пролетарий», Женева, 1905, № 4, 17 (4) июня, стр. 2—4.— *85.*

— *О временном революционном правительстве.* Статья первая: Историческая справка Плеханова.— «Пролетарий», Женева, 1905, № 2, 3 июня (21 мая), стр. 2—4.— *119—120.*

— *О временном революционном правительстве.* Статья вторая: Только снизу или снизу и сверху?— «Пролетарий», Женева, 1905, № 3, 9 июня (27 мая), стр. 3—4.— *67, 87.*

— *О нашей аграрной программе.* (Письмо III съезду).— «Вперед», Женева, 1905, № 12, 29 (16) марта, стр. 1—2. Подпись:— ъ.— *237—238.*

— *Освобожденцы и новоискровцы, монархисты и жирондисты*.— «Вперед», Женева, 1905, № 9, 8 марта (23 февраля), стр. 3.— *57—58.*

— *От народничества к марксизму*.— «Вперед», Женева, 1905, № 3, 24 (11) января, стр. 2.— *308.*

— *От редакции.* [Заявление редакции «Искры». Листовка. Лейпциг], тип. «Искры», 1900. 2 стр. (РСДРП).— *58.*

— *От редакции.* [Редакционное послесловие к резолюции Саратовского комитета о III съезде РСДРП].— «Пролетарий», Женева, 1905, № 10, 2 августа (20 июля), стр. 6, в отд.: Из партии.— *232.*

— *Первые шаги буржуазного предательства*.— «Пролетарий», Женева, 1905, № 5, 26 (13) июня, стр. 1.— 9.

[*Ленин, В. И. Письмо Глебову (В. А. Носкову).* 29 августа (11 сентября) 1904 г.].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 94—99. (РСДРП).— *154.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында басылған, 1930, 113—115-беттер.

[2] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 10-том, 235-бет.

[3] Бірінші рет Лениннің XV жинағында басылған, 1930, 111—112-беттер.

— *Самое ясное изложение самого путаного плана.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 15, 5 сентября (23 августа), стр. 2—3.— *213, 261.*

— *Социал-демократия и временное революционное правительство.*— «Вперед», Женева, 1905, № 13, 5 апреля (23 марта), стр. 3—4; № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 3—4.— *45—46, 70, 71, 75, 76, 80.*

— *Теория самопроизвольного зарождения.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 16, 14 (1) сентября, стр. 4.— *270, 329—330, 355.*

— *Третий шаг назад.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 6, 3 июля (20 июня), стр. 3—4.— *145, 153, 172.*

— *Три конституции или три порядка государственного устройства.* [Листовка]. Б. м., изд. газ. «Пролетарий», [24 июня 1905]. 1 стр. (РСДРП).— *165.*

— *Услужливый либерал.* [Листовка]. Изд-во соц.- дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина. [Женева], кооп. тип., [ноябрь 1904]. 4 стр. (РСДРП).— *58, 115.*

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902. VII, 144 стр. После загл. авт.: Н. Ленин.— *59, 63, 147—149, 279.*

«Листок «Рабочего Дела»», [Женева], 1901, № 6, апрель, стр. 1—6.— *62.*

Луначарский, А. В. Два либерала. (Баллада).— «Пролетарий», Женева, 1905, № 16, 14 (1) сентября, стр. 4.— *258.*

— *Парижская коммуна и задачи демократической диктатуры.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 8, 17 (4) июля, стр. 1—2.— *140.*

Манифест [*об учреждении Государственной думы.* 6 (19) августа 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1.— *187, 192, 193, 194, 195, 196, 197—198, 210, 211, 224—225, 270, 272, 297, 299—300, 301—302, 323, 374, 414—415, 431, 436, 440.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Программы радикально-демократической партии во Франкфурте и франкфуртской левой — см. Marx, K. u. Engels, F. Die deutsche Nationalversammlung.

— *Программы радикально-демократической партии во Франкфурте и франкфуртской левой — қараңыз:* Marx, K. u. Engels, F. Köln, 6. Juni.

— Париж, 1904, № 57, 15 (2) октября, стр. [2, обл.].— *57—58, 156.*

— 1905, № 66, 25 (12) февраля, стр. [2, обл.].— *57—58, 156.*

— 1905, № 69—70, 20 (7) мая, стр. 305—306, 331—332.— *32—33, 57—58, 197, 304.*

— 1905, № 71, 31 (18) мая.— *111, 423.*

— 1905, № 71, 31 (18) мая, стр. 337—343.— *18, 41, 56—60, 61—64, 65—66, 67.*

— 1905, № 72, 21 (8) июня.— *111, 423.*

— 1905, № 72, 21 (8) июня, стр. 353—355, 356—357, 362—363.— *5, 57—58, 92, 111—113, 115, 116—117, 118—119, 124, 125, 126—127, 128, 139, 145—146, 148, 156, 353, 355, 423.*

— 1905, № 73, 19 (6) июля, стр. 371—372, 373—374, 391.—*161, 162, 163—164.*

— 1905, № 74, 26 (13) июля, стр. 396—398, 398—402.— *177, 183, 204—205, 223, 277, 293—294, 429, 430, 436.*

— 1905, № 75, 19 (6) августа, стр. 417—418.— *215—216, 259, 435.*

— 1905, № 76, 15 (2) сентября, стр. 444—445, 447—460.— *298—300, 301, 323—326.*

Освобожденский проект конституции — қараңыз: Проект конституции, принятый земским съездом.

От редакции. [Примечание к Открытому письму к заграничным товарищам от социал-демократической группы работников смежных окраин Казанской, Симбирской и Нижегородской губ.].— «Пролетарий», Женева, 1905, № 19, 3 октября (20 сентября), стр. 3.— *420.*

От редакции [*«Искры»*. Предисловие].— В кн.: Конференция кавказских социал-демократических рабочих организаций. Женева, тип. партии, 1905, стр. 1—2. (РСДРП).— *86—87, 91, 101, 102, 247.*

Отдельное приложение к «Рабочей Мысли» [*№ 9*]. Изд. Петербургского «Союза». Пб., тип. Киршбаума, сентябрь, 1899. 36 стр.— *90.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 2-е]. [Листовка]. Б. м., [декабрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии).— *170.*

Письмо одесского рабочего — қараңыз: Ко всем сознательным товарищам рабочим.

Письмо редакции «Искры» заграничным колониям. Август 1905 г. Рукопись.— *230.*

[*Письмо ЦК РСДРП*] *в техническую комиссию и экспедицию бывшего ЦО «Искры».* [20 мая 1905 г.]. Рукопись.— *153, 154.*

Письмо ЦК РСДРП В. И. Ленину. 3 (16) октября 1905 г. Рукопись [1].— *373.*

План земской кампании «Искры» — қараңыз: Письмо к партийным организациям.

Плеханов, Г. В. [*В редакцию «Искры».* 16 (29) мая 1905 г.].— «Искра», [Женева], 1905, № 101, 1 июня, стр. 8, в отд.: Из партии.— *155—156, 334.*

— [*В редакцию «Искры».* 16 (29) мая 1905 г.].— «Пролетарий», Женева, 1905, № 5, 26 (13) июня, стр. 6, в от.: Из партии.— *334.*

— *Возможно ли это?* — «Товарищ», Спб., 1907, № 381, 26 сентября (9 октября), стр. 1.— *139.*

— *Враждующие между собою братья.*— «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 2, август, стр. 37—49.—*350—351, 389—390, 391, 399.*

— *Выбранные места из переписки с друзьями.* (Письмо в редакцию газеты «Пролетарий»).— «Дневник Социал-Демократа», Женева, 1905, № 2, август, стр. 10—37.— *282.*

— *К вопросу о захвате власти.* (Небольшая историческая справка).— «Искра», [Женева], 1905, № 96, стр. 1—2.—*80, 137.*

*— *О демонстрациях.*— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 14, 1 января, стр. 1.— *451.*

Плеханов, Г. В. О нашей тактике по отношению к борьбе либеральной буржуазии с царизмом. (Письмо к Центр. Комитету). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 31 стр, (РСДРП).— *170—171.*

[1] Бірінші рет 1934 ж. басылған.

[1] Бірінші рет мына листовкада басылған: № 9 хат. Б. м., [Оңтүстік провинциялық бюроның басылымы], 15 август [1905], 1-бет.

Самара. 31 июля.— «Пролетарий», Женева, 1905, № 14, 29 (16) августа, стр. 4, в отд.: Из общественной жизни.— *203.*

[*Сееерцев, В. (Филатов, В. В.)*] *«Князь Потемкин Таврический».* — «Пролетарий», Женева, 1905, № 8, 17 (4) июня, стр. 2. Подпись: В. С. — *143.*

— *Приложение тактики и фортификации к народному восстанию.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905, 45 стр. (РСДРП). — *205—206.*

Скрыпник, Н. А. К вопросу о подготовке и организации вооруженного восстания. (Доклад Петербургскому комитету РСДРП). [Первая половина сентября 1905 г.]. Рукопись [1]. — *364.*

— *Отчет* [*Боевого комитета.* Сентябрь — октябрь 1905 г.]. Рукопись [2]. — *364.*

— *Структура, план работы Боевой организации при Петербургском комитете партии и программа боевой подготовки.* [Первая половина сентября 1905 г. Петербург]. Рукопись [1]. — *364.*

«Слово», Спб. — *159.*

— 1905, № 196, 3 (16) июля, стр. 2. — *159.*

— 1905, № 198, 5 (18) июля, стр. 2—3. — *159.*

«Социал-Демократ», [Женева], 1905, № 12, 18 августа, стр. 1 — 3. — *400, 435.*

«Социал-Демократ», [Тифлис]. На грузинском яз. — *53.*

— 1905, № 1, 7 (20) апреля, стр. 7—8. На грузинском яз. — *23, 51—56.*

Среди газет и журналов. — «Новое Время», Спб., 1905, № 10608, 13 (26) сентября, стр. 3. — *317—318, 321.*

[*Сталин, И. В.*] *Ответ «Социал-Демократу».*— «Борьба Пролетариата», 1905, № 3, 15 августа. — *418.*

Старовер — қараңыз: Потресов, А. Н.

---

[1] Бірінші рет 1934 ж. басылған.
[2] Бірінші рет Лениннің V жинағында басылған, 1926, 461—462-беттер.

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX, 401 стр. (РСДРП).— *154, 174.*

Третий съезд перед судом кавказских «меньшевиков».—«Пролетарий», Женева, 1905, № 14, 29 (16) августа, стр. 3. — *209.*

Третий съезд перед судом кавказских «меньшевиков». — «Борьба Пролетариата», [Тифлис), 1905, № 1, 1 (14) июля, стр. 5—6. — *209.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Наши политические задачи.* (Тактические и организационные вопросы). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904, XI, 107 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троцкий.— *6, 57.*

Трубецкой, С. Н. [*Речь во время приема царем земской делегации.* 6 (19) июня 1905 г.]. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 121, 8 (21) июня, стр. 1. — *320.*

Тургенев, И. С. Отцы и дети. — *252.*

Указ правительствующему Сенату [*о предоставлении частным лицам и учреждениям вырабатывать предложения по вопросам государственного благоустройства.* 18 февраля (3 марта) 1905 г.]. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 39, 18 февраля (3 марта), стр. 1. — *196. 210,*

Указ правительствующему Сенату [*об отмене указа от 18 февраля (3 марта) 1905 г.* 6 (19) августа 1905 г.]. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6(19) августа, стр. 4. — *196, 210.*

Устав партии, [*принятый на III съезде РСДРП*].— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. Женева, кооп. тип., 1905, стр. 17—18. (РСДРП). — *170, 172, 173—174, 186, 327, 351, 428.*

**Устав рабочего союза.* [Листовка]. Б. м., изд. ЦК РОС, [1905]. 2 стр. — *85.*

Учитель — қараңыз: Покровский, М. Н.

Учреждение Государственной думы. [6 (19) августа 1905 г.]. — «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа. стр. 1—2.— *192, 193, 194, 195, 196, 210, 211, 224—225. 270, 272—273, 297, 300—301, 302, 323, 374, 414—415, 431, 436, 440.*

Финансы России и революция. — «Пролетарий», [Женева], 1905, № 15, 5 сентября (23 августа), стр. 2. — *231.*

Череванин, Н. [Письмо в редакцию «Искры» о тактике по отношению к Государственной думе].— «Искра», [Женева], 1905, № 108, 13 августа, стр. 1, в ст.: [Дан, Ф.] Наша тактика и Государственная дума. — *212—213, 218—220, 251, 261, 329, 388, 414—415, 434, 435, 436, 446, 462.*

Чехов, А. П. Душечка. — *304.*

— *Человек в футляре.* — *42.*

[*Шарапов, С. Ф.*] *Москва, 6 августа.* [Передовая]. — «Русское Дело», 1905, № 32, 6 августа, стр. 1—5. — *196—197, 431, 432.*

Шахов, Н. [*Малинин, Н. И.*] *Борьба за съезд.* (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, 111 стр. — *154—155.*

*[*Шестаков, А.*] *Открытое письмо ЦК-ту и товарищам, работающим в деревне.* [Листовка]. [М., 1905]. 2 стр. Подпись: Окружной организатор. — *233—238, 239, 240—241.*

Эзоп. Хвастун. — *431.*

Энгельс, Ф. Бакунисты за работой. (Записка об испанском восстании летом 1873 г.). Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП).— *119, 423.*

— *Берлинские дебаты о революции* — *қараңыз:* [Engels, F.] Das Ministerium Kamphausen.

— [*Ф. Турати.* 26 января 1894 г.].— «Искра», [Женева], 1905, № 96, 5 апреля, стр. 1—2, в ст.: Плеханов, Г. В. К вопросу о захвате власти. (Небольшая историческая справка).— *80.*

— [*Ф. Турати.* 26 января 1894 г.] — *қараңыз:* Engels, F. La futura rivoluzione italiana e il partito socialista.

— *Франкфуртское собрание* — *қараңыз:* Marx, K. u. Engels, F. [Die deutsche Nationalversammlung].

Appeal to the nation.— «The Times», London, 1905, N 37,766, July 22, p. 5. Under the general title: The Moscow congress.— *159, 161, 425.*

«Arbeiter Zeitung», Wien, 1905, N 233, 24. August, S. 1—2.— *226—228, 261—262, 331, 388, 414—415, 434, 435, 436, 438—439, 446, 462.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. 491 S.— *48, 129, 130—134, 135—136, 137, 280.*

[*Aus dem Protokoll des Komitees Sitzung vom 17. April 1849*].— «Freiheit, Brüderlichkeit, Arbeit», Köln, 1849, N 22, 22. April, S. 4.— *136—137.*

Bericht über den III. Parteitag der SDAPR mit Beifügung des Partei-Statuts und der wichtigsten Resolutionen, die auf dem III. Parteitag angenommen wurden. München, Birk, 1905. 23 S. (SDAPR).— *229—230.*

[*Bericht über die Einberufung des Kongresses der Arbeitervereine*].— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1849, N 282, 26. April. Beilage zu N 282, S. 1.— *136—137.*

Bernstein, E. Die Voraussetzung des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. X. 188 S.— *103.*

Beschlüsse der Generalversammlung der Arbeiter vom 16. April 1849.— «Freiheit, Brüderlichkeit, Arbeit», Köln, 1849, N 22, 22. April, S. 3—4.— *136—137.*

[*La commune révolutionnaire*]. Aux Communaux. Londres, 1874. 12 p.— *72—73.*

[*Communiqué sur le*] *Troisième congrès du Parti ouvrier social-démocrate de Russie.* Compte rendu et principales résolutions.— «Le Socialiste», Paris, 1905, N 8, 25 juin — 2 juillet. Supplément à N 8 «Le Socialiste», p. 5—6.— *229—230.*

The condition of Russia. The national assembly.— «The Times», London, 1905, N 37,815, September 18, p. 3.— *257—258.*

Le congrès de Moscou.— «Le Temps», Paris, 1905, N 1405, 24 juillet, p. 1. Sous le titre général: Bulletin de l'étranger.— *167, 426.*

Le congrès des zemstvos.— «Le Temps», Paris, 1905, N 16175, 2 octobre, p. 1. Sous le titre général: Bulletin de l'étranger.— *315—316.*

«Critica Sociale», Milano, 1894, N 3, febbraio, p. 35—36.— *80.*

«Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, 1. u. 2. Lfg., S. 71—85.— *63, 90.*

«The Economist», [London], 1905, v. LXIII, N 3,242, October 14, p. 1630—1631.— *362—363.*

Eine demokratische konstitutionelle Partei.— «Frankfurter Zeitung», 1905, 15. September.— *259—260.*

Engels, F. Die Bakunisten an der Arbeit. Denkschrift über den Aufstand in Spanien im Sommer 1873. («Volksstaat» 1873).— In: Engels, F. Internationales aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894, S. 16—33.— *87, 119.*

— *Die Berliner Debatte über die Revolution.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 14, 14. Juni, S. 1, unter der Rubr.: Deutschland.— *132—133.*

— *La futura rivoluzione italiana e il partito socialista.*— «Critica Sociale», Milano, 1894, N 3, febbraio, p. 35—36.— *80.*

— *Internationales aus dem Volksstaat (1871—75).* Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894. 72 S.— *72—73, 87, 119, 153.*

**— *Kann Europa abrüsten?* Separat-Abdruck aus dem «Vorwärts». [Nürnberg], Wörlein, 1893. 29 S.— *142.*

**— *Ludwig Feuerbach und der Ausgang der klassischen deutschen Philosophie.* Revidierter Sonderabdr. aus der «Neuen Zeit». Mit Anhang: Karl Marx über Feuerbach vom Jahre 1845. Stuttgart, Dietz, 1888. VII, 72 S.— *31—32.*

— *Das Ministerium Kamphausen.*— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 95—107.— *132—133.*

** В. И. Лениннің дәл қай басылымды айтып отырғанын анықтау мүмкін болмаған жағдайда шығарманың бірінші басылымы екі жұлдызшамен белгіленді.

— *Programm der blanquistischen Kommune-Flüchtlinge.* («Volksstaat», 1874, N 73).— In: Engels, F. Internationales aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894, S. 40—46.— *72—73, 153.*

— *Zur Geschichte des «Bundes der Kommunisten».*— In: Marx, K. Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln. Neuer Abdruck mit Einleitung von F. Engels und Dokumenten. Göttingen — Zürich, Volksbuchhandlung, 1885, S. 3—17. (Sozialdemokratische Bibliothek. IV).— *136—139.*

**— *Zur Kritik des sozialdemokratischen Programmentwurfes 1891.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 1, S. 5—13.— *79.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Main, 1905, 9. Juni.— *65.*

— 1905, 27. August, Literaturblatt.— *231.*

— 1905, August.— *210.*

— 1905, 15. September.— *258—260.*

— 1905, 17. September.— *257.*

— 1905, 9. Oktober.— *361, 450.*

— 1905, 12. Oktober.— *460.*

— 1905, 13. Oktober.— *361.*

— 1905, N 293, 22. Oktober.— *405, 406.*

«Freiheit, Brüderlichkeit, Arbeit», Köln, 1849, N 22, 22. April, S. 3—4.— *136—137.*

The future of Russia.— «The Times», London, 1905, N 37,795, August 25, p. 3.— *231.*

Germany.— «The Economist», [London], 1905, v. LXIII, N 3,242, October 14, p. 1630—1631.— *362—363.*

Government counter move.— «The Times», London, 1905, N 37,768, July 25. p. 5. Under the general title: The Moscow congress.— *160—161, 426.*

«L'Humanité», Paris, 1905, N 417, 8 juin, p. 1.— *92.*

— 1905, N 501, 31 août, p. 2.— *295—296.*

«L'Indépendance Belge», Bruxelles, 1905.— *340, 377.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam] — In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904, S. 31—32.— *349.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904. 78 S.— *349.*

Kautsky, K. Bernstein und das sozialdemokratische Programm. Eine Antikritik. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 195 S.— *104.*

— *Die Revision des Programms der Sozialdemokratie in Österreich.*— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 3, S. 68—82.— *418.*

— *Die Spaltung der russischen Sozialdemokratie.*— «Leipziger Volkszeitung», 1905, N 135, 15. Juni, S. 1—2.— *104, 454.*

«Leipziger Volkszeitung», 1905, N 135, 15. Juni, S. 1—2.— *104, 454.*

Leroux, G. Dépêche de notre envoyé spécial.— «Le Matin», Paris, 1905, N 7898, 10 octobre, p. 3. Sous le titre général. La crise russe.— *377.*

— *Essai sur la Révolution.*— «Le Matin», Paris, 1905, N 7820, 24 juillet, p. 1. Sous le titre général: Les réformes en Russie.— *166.*

Martin, R. Die Zukunft Rußlands und Japans. Die deutschen Milliarden in Gefahr. Berlin, Heymann, 1905. VIII, 258 S.— *231.*

Martoff, L. Das russische Proletariat und die Duma.— «Arbeiter Zeitung», Wien. 1905, N 233, 24. August, S. 1—2.— *212, 213, 218—220, 226—228, 261, 331, 388, 414—415, 434, 435, 436, 438—439, 446, 462.*

Marx, K. u. Engels, F. Ansprache der Zentralbehörde an den Bund vom März 1850.— In: Marx, K. Enthüllungen über den

Kommunistenprozeß zu Köln. Neuer Abdruck mit Einleitung von F. Engels und Dokumenten. Göttingen — Zürich, Volksbuchhandlung, 1885, S. 75—83, IX. Anhang. (Sozialdemokratische Bibliothek. IV).— *119.*

— *Die deutsche Nationalversammlung.*— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 87—94.— *129—132, 280.*

— *Köln, 6. Juni.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 7, 7. Juni, S. 1, unter der Rubr.: Deutschland.— *129—131.*

**— *Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S.— *40, 138.*

— *Revue. Mai bis Oktober.*— «Neue Rheinische Zeitung». Politisch-ökonomische Revue, redigiert von K. Marx. London — Hamburg — New-York, 1850, [5.—6. Heft], Mai — Oktober, S. 129—180.— *279.*

Marx, K. [*Die Bourgeoisie und Die Konterrevolution*].— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 206—232.— *48.*

**— *Der Bürgerkrieg in Frankreich.* Adresse des Generalrats der Internationalen Arbeiter-Assoziation an alle Mitglieder in Europa und den Vereinigten Staaten. Sonderabdr. aus dem «Volksstaat». Leipzig, Exped. des «Volksstaates», 1871. 52 S.— *125.*

Marx, K. Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln. Neuer Abdruck mit Einleitung von F. Engels und Dokumenten. Göttingen — Zürich, Volksbuchhandlung, 1885. 88 S. (Sozialdemokratische Bibliothek. IV).— *119, 136—139, 279.*

**— *Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850.* Abdr. aus der «Neuen Rheinischen Zeitung». Mit Einleitung von F. Engels. Berlin, die Expedition des «Vorwärts», 1895. 112 S.— *109, 447.*

— *Köln, 13. Sept.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 102, 14. September, S. 1, unter der Rubr.: Deutschland.— *130.*

— *Köln, 11. Dezbr.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 169, 15. Dezember, S. 1—2, unter der Rubr.: Deutschland.— *48.*

— *Köln, 29. Juli.* (Der Gesetzentwurf über die Feudallasten).— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 60, 30. Juli, S. 1—2, in der Abt.: Deutschland.— *133—134.*

**— *Köln, den 14. April.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1849, N 273, 15. April, 2. Ausgabe, S. [3]. Unterschrift: Fr. Anneke, K. Schapper, K. Marx, H. Becker, W. Wolff.— *136—137.*

— *Marx über Feuerbach.* — In: Engels, F. Ludwig Feuerbach und der Ausgang der klassischen deutschen Philosophie. Revidierter Sonderabdr. aus der «Neuen Zeit». Mit Anhang: Karl Marx über Feuerbach vom Jahre 1845. Stuttgart, Dietz, 1888, S. 69—72. — *31—32.*

— *Das Ministerium Hansemann.* — In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 124—133. — *133—134.*

— *Nachlaß...— қараңыз:* Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring.

— *Zur Kritik der Hegel'schen Rechts-Philosophie.* Einleitung.— «Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, 1. u. 2. Lfg., S. 71—85. —*63, 90.*

«Le Matin», Paris, 1905, N 7820, 24 juillet, p. 1. — *166.*

— 1905, N 7898, 10 octobre, p. 3. — *377—378.*

[*Mehring, F.*] *Einleitung* [*des Herausgebers zum Buch: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle*]. — In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 3—86. — *129, 130, 135—136, 137.*

La mort du prince Serge Troubezkoï. — «Le Temps», Paris, 1905, N 16188, 15 octobre. — *461.*

The Moscow congress. — «The Times», London, 1905, N 37,766, July 22, p. 5. — *160—161, 162, 163—165, 178, 200—201, 425.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln.— *21, 129—130, 136—137.*

— 1848, N 1, 1. Juni.— *136—137.*

— 1848, N 7, 7 Juni, S. 1. — *130—131.*

— 1848, N 14, 14. Juni, S. 1. — *132—133.*

— 1848, N 60, 30. Juli, S. 1—2. — *133—134.*

— 1848, N 102, 14. September, S. 1. — *130.*

— 1848, N 169. 15. Dezember, S. 1—2.— *48.*

— 1849, N 273, 15. April. 2. Ausgabe, S. 3. — *136—137.*

— 1849, N 282, 26. April. Beilage zur N 282 «Neuen Rheinischen Zeitung», S. 1. — *136—137.*

«Neue Rheinische Zeitung». Politisch-ökonomische Revue, redigiert von K. Marx. London — Hamburg — New-York, 1850, [5.—6. Heft], Mai — Oktober, S. 129—180. — *279.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 1, S. 5—13. — *79.*

— 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 3, S. 68—82. — *418.*

Organisation der sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitage zu Jena 1905.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, abgehalten zu Jena vom 17. bis 23. September 1905. Berlin, Buchhandlung «Vorwärts», 1905, S. 6—10. — *350, 351.*

Organisation der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Mainz 1900.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1901, S. 6—8. — *350.*

Pour les israélites. — «L'Humanité», Paris, 1905, N 501, 31 août. p. 2. Sous le titre général: La crise russe. — *295—296.*

Program for the future. — «The Times», London, 1905, N 37,767, July 24, p. 5. Under the general title: The Moscow reformers. — *159.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891. — In: Protokoll über

die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6. — *79.*

Projekt programu rolnego:— «Przedświt», Kraków, 1905, N 6—8, Czerwiec — Sierpien, S. 248—252.— *308—313, 448—449.*

The proposed constitution. — «The Times», London, 1905, N 37,765, July 21, p. 3. Under the general title: The Moscow congress. — *163, 178, 200—201, 425.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Breslau vom 6. bis 12. Oktober 1895. Berlin, die Expedition des «Vorwärts», 1895. 223 S. — *56—58.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1903. 448 S. — *349.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, 368 S. — *79.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Jena vom 17. bis 23. September 1905. Berlin, Buchhandlung «Vorwärts», 1905, 380 S. — *318—319, 349—350, 351—353.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1901, 319 S. — *350.*

«Przedświt», Kraków, 1905, N 6—8, Czerwiec — Sierpień, S. 248—252. — *308—313, 448—449.*

Die ratlose Regierung.— «Vossische Zeitung», Berlin, 1905, N 487, 17. Oktober, S. [2]. Unter dem Gesamttitel: Die Wirren in Rußland. — *410.*

Résolutions du congrès anti-autoritaire international tenu à Saint-Imier le 15 septembre 1872 par les délégués des Fédérations et sections italiennes, françaises, espagnoles, américaines et jurassiennes. S. 1., 1872. 3 p.— *87—88.*

Schlachtberichte. — «Vorwärts», Berlin, 1905, N 237, 10. Oktober, S. [4]. Unter dem Gesamttitel: Die Kosaken-Schlacht in Moskau. — *377.*

Semstwo — Kongreß: — «Frankfurter Zeitung», 1905, 17. September. — *257.*

Simon, H. Annehmen oder ablehnen? Die Verfassung von 3. Februar 1847, beleuchtet vom Standpunkte des bestehenden Rechts. Leipzig, Wigand, 1847. 328 S.— *201.*

La situation en Russie. — «Le Temps», Paris, 1905, N 16170, 27 septembre, p. 2. — *299—300, 301—302.*

La situation politique en Russie. — «Le Temps», Paris, 1905, N 16165, 22 septembre, p. 2. Sous le titre général: Nouvelles de l'étranger. — *291.*

«Le Socialiste», Paris. — *229.*

— 1905, N 8, 25 juin — 2 juillet. Supplément à N 8 «Le Socialiste», p. 5—6. — *229—230.*

«St.-Petersburger Zeitung», S.-Pb. — *460.*

Stead, W. T. Russia's new great hope. — «The Times», London, 1905, N 37,822, September 26, p. 8. — *301—302.*

Stenographischer Bericht über die Verhandlungen der deutschen konstituirenden Nationalversammlung zu Frankfurt am Main. Hrsg. auf Beschluß der Nationalversammlung durch die Redaktions-Kommission und in deren Auftrag von F. Wigard. 9 Bde. Frankfurt am Main, Gauerländer, 1848—1849. — *21, 61, 90.*

Struve, P. La Révolution russe et la Paix. Lettre ouverte au citoyen Jean Jaurès. — «L'Humanité», Paris, 1905, N 417, 8 juin, p. 1. — *92.*

Studentenunruhen. — «Vossische Zeitung», Berlin, 1905, N 476, 10. Oktober, S. [2]. Unter dem Gesamttitel: Die Wirren in Rußland. — *412—413, 460, 462.*

Tagesrundschau. — «Frankfurter Zeitung», 1905, 9. Juni. — *65.*

Die Taktik der Partei. [Resolution des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903]. — In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1903, S. 418—419. — *349.*

«Le Temps», Paris. — *315.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аббе (Abbe), *Эрнст* (1840—1905) — неміс физик-оптигі, тоқымашының баласы. 1870 жылдан Иенада теориялық физика профессоры, микроскопта бейненің пайда болу теориясының авторы, қазіргі оптикалық-механикалық өнеркәсіптің маңызды тарауларының технологиясын жасаушы. Карл Цейсстің оптикалық шеберханаларын ұйымдастыруға және оның жұмысына белсене қатысты, Карл Цейсс өлгеннен кейін сол шеберханалардың іс жүзіндегі иесі болып қалды. Алайда көп ұзамай иелік правосынан бас тартып, ерекше устав жасап шығарды, бұл устав бойынша кәсіпорынды басқару ісін жұмысшылардың, университеттің және мемлекеттің өкілдері жүзеге асыратын болды. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен — либерал, революциялық жұмысшы қозғалысына теріс көзқараста болды.— *318.*

Абрамов — 1905 жылы Женевадағы партия баспаханасының әріп терушісі. — *427.*

Акимов (Махновец),* В. П. (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, барып тұрған оппортунистердің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Петербургтің «Халық еріктілері тобына» қосылды, 1897 жылы тұтқынға алынып, 1898 жылдың апрелінде Енисей губерниясына жер аударылды. 1898 жылдың сентябрінде шетелге қашып кетіп, онда «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, «экономизм» идеяларын қорғап, «Еңбекті азат ету» тобына, ал кейін «Искраға» да қарсы шықты. РСДРП II съезінде — «Одақтан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін — меньшевизмнің барып тұрған оң қанатының өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде «Жұмысшы табының бүкіл россиялық ұйымын» құру жөніндегі жойымпаздық идеяны қорғады, бұл идея бойынша социал-демократия әлгі ұйымның ішіндегі идеялық ағымдардың бірі ғана болып қалуға тиіс еді. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына кеңесші дауыс правосымен қатысып, меньшевиктердің оппортунистік тактикасын қорғады, кадеттермен одақ жа-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялар көрсетілген.

сауға шақырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті. — *57, 115, 145, 156, 157.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кең көлемді жұмысшы съезін шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция жылдарында — жойымпаздықтың басшыларының бірі, жойымпаз меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды насихаттады. — *283, 317, 331, 456 — 459.*

Андраши (Andrassy), *Дьюла* (1823—1890) — граф, венгер мемлекет қайраткері. Венгриядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін эмиграцияға кетті. 1858 жылы кешірім бойынша Венгрияға қайтып келді. 1861 жылы сеймнің төменгі палатасына сайланды. 1867 жылғы келісімнің жасалуына көмектесті, бұл келісім бойынша абсолютистік Австрия конституциялық-монархиялық екі бөліктен құралған мемлекет (Австро-Венгрия) болып қайта құрылды да, Андраши Венгрияның премьер-министрі болып тағайындалды. 1871—1879 жылдары — Австро-Венгрияның сыртқы істер министрі, Габсбургтердің Балқандағы экспансиясын күшейтті, Германиямен жақындасу саясатын жүргізді және 1879 жылы Австро-Венгрияның Германиямен соғыс одағы туралы шартқа қол қойды. — *201.*

Аннибал (Hannibal), *Барка* (біздің заманымызға дейінгі 247—183) — Карфаген қолбасшысы. Римдіктерге қарсы күресте бірқатар жеңістерге ие болды, әсіресе біздің заманымызға дейінгі 216 жылы Канна жанында ірі жеңіске жетті, бірақ Римге шабуыл жасауға батылы бармады. Аннибал бірде-бір жеңіліске ұшырамағанына қарамастан, жеңістерін пайдалана алмай, Карфагенге қайтып келді. Біздің заманымызға дейінгі 202 жылы Зама қаласы маңында римдіктер оны талқандады. Кейін Карфагеннен Антиох Сирийскийге, бұдан соң Вифинияға қашуға мәжбүр болды, сонда өзін өзі өлтірді. — *166.*

Арним-Суков (Arnim-Suckow), *Генрих Александр* (1798—1861) — барон, Пруссия дипломаты, Германияда Пруссия монархиясының үстем болуын өршелене жақтаушылардың бірі. 1820 жылдан дипломатиялық қызметте болды. 1848 жылы (март—июнь) Кампгаузен кабинетінде — сыртқы істер министрі. Германияның ұлттық бірлігі идеясын ұсынып, ол осыны революциялық қозғалысқа қарсы күрестің маңызды құралы деп есептеді. Сыртқы саясатта батысқа ойысу бағытын ұстанды, Россияны Германияның бірігуі мен территориясын ұлғайтуы жолындағы басты жау деп білді. 1849 жылы көктемде Пруссияның жоғарғы палатасына сайланды, онда буржуазиялық оппозицияның өкілі болды. 1852 жылдан саяси қызметтен шеттеп кетті.— *132.*

Б

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады. I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын (эйзенахшылдар) құрды; бірнеше рет рейхстагқа депутат болып сайланды, кайзерлік үкіметтің реакцияшыл ішкі және сыртқы саясатын әшкерелей отырып, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік бағыт ұстап, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясының қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысының дамуына зор ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен күрестің жеткіліксіздігі, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.). — *57, 315, 319—320, 321, 353.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен оның сериялы мақалалары жарияланды, ке-

йіннен бұл мақалалар «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген кітап болып шықты; бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді жоққа шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның ақыры бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *103.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» деп аталған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру Бисмарктің негізгі мақсаты болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты.

1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекеттен нәтиже шықпады. 1890 жылы мартта орнынан түсті.— *125, 201.*

Блан (Blanc), *Луи* (1811—1882) — француздың ұсақ буржуазияшыл социалисі, тарихшы. Капитализм тұсында таптық қайшылықтардың ымырасыздығын теріске шығарып, пролетарлық революцияның дұшпаны болды, буржуазиямен келісімге келу

позициясын ұстады. 1838 жылы «Revue du progrès politique, social et litteraire» («Саяси, әлеуметтік және әдеби прогресс шолу») деген өз газетін құрды. Франциядағы 1848 жылғы Февраль революциясы кезінде уақытша үкіметтің құрамына кірді, жұмысшы мәселесі жөніндегі үкімет комиссиясының (Люксембург комиссиясының) председателі болды, Маркс мұны «дәрменсіздік министрлігі, ізгі ниет министрлігі» деп атаған-ды (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 16-бет). Блан өзінің келісімпаздық тактикасымен буржуазияның жұмысшыларды революциялық күрестен алаңдатуына жәрдемдесті; оның қызметі жұмысшы табын талқандауға әзірленіп жатқан буржуазиялық реакцияға пайдалы болды. Луи Блан, деп жазды Ленин, «қасіретті даңқын шығарды: ол тап күресі позициясынан бейне бір «социализм» жөніндегі құрғақ сөзбен өңделген, ал іс жүзінде тек буржуазияның пролетариатқа ықпал етуін ныгайтуға қызмет ететін ұсақ буржуазиялық жалған үміттер позициясына көшті» (Шығармалар, 24-том, 15-бет). Июнь көтерілісі жаншылып-басылғаннан кейін 1848 жылы августа Англияға эмиграцияға кетті. Францияға тек 1870 жылы қайта оралды. 1871 жылы Ұлттық жиналысқа сайланды, бірақ Париж Коммунасына қосылмай, оның дұшпандары қатарында қалып қойды. Кейін елеулі саяси роль атқармады.

«Луиблапшылдық» деген сөзбен Ленин меньшевиктердің, каутскийшілдердің және революция ісі мен жұмысшы табы мүдделеріне сатқындық жасаған басқалардың оппортунистік, келісімпаздық тактикасын атады. Луи Бланның негізгі шығармалары: «Еңбекті ұйымдастыру», «Ұлы француз революциясының тарихы», «1789 жылғы француз революциясының тарихы», т. б.— *138.*

Бонапарт — қараңыз: I Наполеон.

Борн (Born), *Стефан* (шын аты *Симон Буттермильх)* (1824—1898) — герман жұмысшы қозғалысындағы реформистік тенденциялар өкілдерінің бірі, кәсібі жөнінен әріп теруші. Жұмысшы қозғалысына 1845 жылдан қатысты; 1846 жылдың аяғында Парижге келді, сонда көп ұзамай Ф. Энгельспен танысты да, Коммунистер одағына кірді. Германияда 1848 жылғы революция басталғаннан кейін Берлинге келді, онда Борнның инициативасымен Берлин жұмысшыларының Орталық комитеті, ал кейін Жұмысшы бауырластығы ұйымы құрылды. Жұмысшы қозғалысын саяси күрестен аулақ ұстауға және оны ұсақ экономикалық реформаларды жүзеге асыруға бағыттауға тырысты. 1849 жылы май айында Борн өзі қатысқан Дрезден көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті және көп ұзамай жұмысшы қозғалысынан шеттеп, журналистикамен шұғылданды, Базель университетінде неміс және француз әдебиеті тарихынан лекция оқыды. 1898 жылы буржуазиялық-реформистік рухта жазылған өзінің естеліктерін шығарды.— *137—139.*

Винавер, М. М. (1863—1926) — адвокат, кадет партиясының негізін салушылардың бірі, бірнеше жыл бойы оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. В. Д. Набоковпен бірге буржуазиялық «Вестник Права» журналын редакциялады; адвокаттар одағын құруға белсене қатысты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болып сайланды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, Қырым өлкелік үкіметі құрамына сыртқы қатынастар министрі болып кірді. 1919 жылы Қырым эвакуациясы алдында, үкіметтің басқа мүшелерімен бірге, өлкелік банк пен Севастополь казначейлігінің бағалы қазынасын француздарға берді. Парижге эмиграцияға кетіп, онда кадеттердің Париж комитетін басқарды, эмиграптттық «Последние Новости» газетіне қатысып тұрды.— *405.*

Виноградов, П. Г. (1854—1925) — тарихшы, Москва университетінің, кейін Оксфорд университетінің профессоры. Оның ғылыми еңбектерінің көпшілігі Англияның орта ғасырлық тарихына арналған. Өзінің саяси сенімдері жөнінде кадеттерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революцияны либерал буржуазия позициясынан қарады, бұл оның 1905 жылы 5 августа «Русские Ведомости» газетінде жарияланған «Саяси хаттарынан» көрінеді. Осы хаттарында ол, В. И. Ленин көрсеткендей, «құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді...» (осы том, 244-бет). Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады.

«Англияның орта ғасырлардағы әлеуметтік тарихы жөніндегі зерттеулер», «Англиядағы орта ғасырлық поместье» деген және басқа көптеген еңбектердің авторы.— *214, 243—244, 245—247, 248—249, 320.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — орыстың мемлекет қайраткері; Витте патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші болды, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға болмашы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен жазалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август, 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) бола отырып, Витте финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы саласындағы шаралары арқылы, шетелдік капиталдың енуін барынша қолдау арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелді болуының күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржаның агенті» — міне В. И. Ленин оған осындай сипаттама берді.— *461.*

Г

Ганземан (Hansemann), *Давид Юстус* (1790—1864) — Пруссия саяси қайраткері, немістің ірі капиталисі, Рейн либерал буржуазиясы лидерлерінің бірі. 1848 жылғы март—сентябрь айларында — Кампгаузен мен Ауэрсвальд кабинеттерінде Пруссия финанс министрі болды. Ауэрсвальд кабинетінде Ганземан іс жүзінде басшылық роль атқарды және бұл кезеңдегі үкімет, онда Ганземан тек финанс министрі ғана болса да, тарихқа «Ганземан үкіметі» болып енді. Реакциямен келісудің сатқындық саясатын жүргізді. 1848—1849 жылдардағы революция жеңіліске ұшырап, реакция шабуылға көшкеннен кейін саяси қызметтен шеттеп кетті; Берлин есеп банкін құрды, финанс топтарында көрнекті роль атқара берді.— *132, 133.*

Гапон, Г. А. (1870—1906) — священник, арандатушы, патша охранкасының агенті. 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында полиция департаментінің тапсырмасы бойынша зубатовтық ұйымдардың үлгісімен «Петербургтің орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысы» деген жаңа ұйым құрды, бұл ұйымға полиция департаменті мен Петербург охранкасы қаржы бөліп тұрды. 1905 жылы 9 январьда Петербург жұмысшыларын петициямен патшаға шеру жасап баруға арандатты. Шетелге қашып кетіп, онда эсерлерге жақын болды. Россияға қайтып келіп, охранкамен тағы да байланыс жасады. Арандатушылық қызметі әшкереленгеннен кейін Гапонды эсерлер өлтірді.— *45.*

Гарденин, Ю.— қараңыз: Чернов, В. М.

Гаркорт (Harcourt), *Уильям Георг Грэнвиль Венабелс Вернон* (1827—1904) — ағылшын мемлекет қайраткері, либерал, 1869 жылдан — Кембриджде халықаралық право профессоры. 1868 жылы қауымдар палатасының мүшесі болып сайланды, 1873 жылдан үкіметте жауапты орындарда болды: Юстиция министрінің орынбасары (1873—1874), ішкі істер жөніндегі статс-секретарь (1880—1885), казначейлік канцлері (1886, 1892—1894, 1894—1895). 1894—1898 жылдары либералдық партияның лидері болды.— *125.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё Жюль)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж Коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралды; К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті, 1877 жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды; бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұң-

ғыш дербес саяси партиясы — Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазып, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Гед Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін көп еңбек сіңірді; оны бірнеше рет парламент депутаты етіп сайлады. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның неғұрлым дәйекті және батыл өкілі деп сипаттама берді.

Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық қателіктер жіберді. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде Гед жұмысшылардың мүддесіне опасыздық жасады, социал-шовинизм позициясында болып, Францияның буржуазиялық үкіметіне кірді. Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашықтан-ашық опасыздық жасауынан *басқа*, барлық өмірінен үлгі алыңыздар, дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114—115-беттер). Гед Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады.— *315.*

Гельфанд, А. Л. — қараңыз: Парвус.

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі және оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. I Мемлекеттік думаның мүшесі. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірді.— *134.*

Гинзбург, Б. А.— қараңыз: Кольцов, Д.

Гирке — Ганземан үкіметінде Пруссияның егіншілік министрі (1848), Пруссия депутаттар палатасының мүшесі.— *133.*

Голицын, А. Д. (1874 ж. туған) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, октябристер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. 1890 жылы — Харьковта уездік, ал 1905 жылдан — губерниялық земствоның председателі. II Мемлекеттік дума сайлауы кезінде Харьковта «Центр партиясы» қоғамын — барлық конституцияшыл партиялардың бірлестігін құрды. 1907 жылы земство съездеріне қатысты. Харьков губерниясынан III Мемлекеттік думаның мүшесі.— *438.*

Головин, Ф. А. (1867 ж. туған) — земство қайраткері, кадет. 1898 жылдан 1907 жылға дейін — Москва губерниялық земство басқармасының мүшесі, кейін оның председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. II Мемлекеттік думаның председ-

дателі және III Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Ірі темір жол концессиясына қатысушы. 1917 жылғы мартта — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Сарай Министрлігі жөніндегі комиссары.— *163, 257, 258, 261, 262, 266, 298, 299, 325, 425.*

Горемыкин, И. Л. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакцияшыл бюрократияның нағыз өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдары — ішкі істер министрі, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакцияшыл саясат (контрреформалар саясаты деп аталған) жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін министрлер Советінің председателі болды.— *161.*

Гредескул, Н. А. (1864 ж. туған) — юрист және публицист, профессор, кадет. 1905 жылы «Мир» газетін шығаруға қатысты, бұл газет «үкіметке қарсы» сипаттағы мақалалар жариялағаны үшін сол жылы декабрьде жабылды, ал Гредескул тұтқынға алынып, 1906 жылы Архангельск губерниясына жер аударылды. Айдауда жүріп, I Мемлекеттік думаға мүше болып сырттан сайланып, Петербургке қайтып келді, Дума председателінің орынбасары болды. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, қайта тұтқынға алынып, түрмеге жабылды. Түрме мерзімін өтегеннен кейін бірқатар либералдық газеттерге қатысып тұрды. 1916 жылы кадеттер партиясынан шықты. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін большевиктер партиясына қарсы үгіт жүргізген буржуазиялық «Русская Воля» газетін шығаруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін солшылдыққа қарай ойысып, өз көзқарастарын «Бұрынғы және қазіргі Россия» (1926) деген еңбегінде баяндады. Ленинградтың жоғары оқу орындарында профессор болды.— *123.*

Грингмут, В. А. (1851—1907) — орыстың реакцияшыл публицисі, 1897 жылдан 1907 жылға дейін — монархиялық «Московские Ведомости» газетінің редакторы. Азаттық және революциялық қозғалыстың зәредей көріністерінің өзіне қарсы шығып, патша самодержавиесін және православие шіркеуінің артықша жағдайда болуын қорғады, ұлы орыстық шовинизм позициясында болды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде — қаражүздік «Орыс халқы одағын» ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі.— *277, 278.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — орыстың ірі капиталисі, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде үкіметтің жұмысшы табы мен шаруалар жөнінде аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтап, революциялық қозғалысқа барынша қарсы шықты. Реакция жылдарында — Мемлекеттік қорғаныс комиссиясының председателі және III Мемлекеттік думаның председателі. Бі-

рінші дүние жүзілік соғыс кезінде Орталық соғыс-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты, майданда тұтқынға алынды, бірақ Уақытша үкімет босатып жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; ақ эмигрант.— *438.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын әзірлеу жөніндегі комиссияға кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімді ревизиялау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруалар шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдемек болды. Ревизионистік «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі, герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-дің жауы болды.

В. И. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» оппортунист деп сипаттады (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер).— *310.*

Джугашвили — қараңыз: Сталин, И. В.

Дизраэли (Disraeli), *Бенджамин, граф Биконсфилд* (1804—1881) — ағылшын реакцияшыл мемлекет қайраткері, консерватор партиясының лидері, туып келе жатқан империалистік буржуазия идеологтарының бірі. Бірнеше рет үкіметке еніп, премьер-министр болды. Жазушы ретінде де аты шыққан, «Вивиан Грей», «Сибилла» деген және басқа романдардың авторы.— *305.*

Долгоруков, Петр Дм. (1866—1945) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, кадет. Суджанск уездік земство басқармасының председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысқан. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі, I Мемлекеттік думаның депутаты және дума председателінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *159.*

Дурново, П. П. (1835 ж. туған) — генерал, патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері. 1866—1870 жылдары Харьковта губернатор болды. 1872—1878 жылдары — Москвада губернатор. Бұдан кейін ішкі істер министрлігінде және әскери министрлікте қызмет етті. 1904 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі. 1905 жылы июльден ноябрьге дейін — Москваның генерал-губернаторы. Осы қызметте отырып, өкімет орындарын либерал буржуазиямен байланыстыруға әрекет жасады, төніп келе жатқан революцияға қарсы бірлескен әрекеттер ұйымдастыру мақсатымен земствошылармен және қалалық өзін өзі басқару лидерлерімен жақындасуды көздеді.— *196, 200, 257, 258—259, 261, 262, 264, 283, 298, 299, 302, 431, 432.*

Ж

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы.

80-жылдарда — буржуазияшыл радикал, кейін «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деген ат алды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетін ұйымдастырып, өмірінің ақырына дейін оны редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Жорес орыс халқының күресін құптады. Демократияға табжылмастан, мейлінше берілгендігімен, халық бостандығын қорғауға бағытталған, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы бағытталған талмас қызметімен ол француз халқына кеңінен танымал болды. Соғыстар мен отарлық езгіні тек социализмнің ғана біржола жоятынына ол берік сенді.

Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі жолымен емес, демократиялық идеяның гүлденуі нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Пролетариат диктатурасы идеясы оған жат болды, езуші мен езілушінің арасында таптық татулықты уағыздады, кооперацияның дамуы капитализм тұсында біртіндеп социализмге өтуге жағдай жасайды-мыс деген прудоншылдық жалған сенімді жақтады. В. И. Ленин Жорестің реформистік көзқарастарын, оны оппортунизм жолына итермелеген көзқарастарын қатал сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.

Жорес «Ұлы француз революциясының тарихы», «Европаның саяси және әлеуметтік идеялары және ұлы революция» деген және басқа еңбектердің авторы.— *92, 315.*

З

И

К

Кальвер (Calwer), *Рихард* (1868—1927) — немістің көрнекті экономисі, неміс социал-демократиялық партиясындағы реформизм мен ревизионизмнің өкілі. 1898 жылы рейхстагқа сайланды. Өзінің реформистік көзқарастарын партиядан жоғары қойды, жеке меншікті жою социализмнің міндетті шарты болып табылмайды деп есептеді. 1909 жылы социал-демократиялық партиядан шықты. 1908—1913 жылдары Германия кәсіподақтарының Бас комиссиясының шаруашылық шолуларын жүргізді және тілшілік листоктарын басқарды. 1918 жылдан кейін — Берлиндегі кәсіподақ курстарының оқытушысы. «XX ғасырдың басындағы дүние жүзілік шаруашылық», «Сауда» деген және басқа еңбектердің авторы.— *353*.

Кампгаузен (Camphausen), *Людольф* (1803—1890) — Пруссия мемлекет қайраткері, Кёльндегі банкир және сауда үйінің иесі, Рейн либерал буржуазиясы лидерлерінің бірі. 1848 жылғы 29 марттан бастап Пруссияда буржуазиялық-либералдық үкіметті басқарды, бұл үкімет, К. Маркстің сөзімен айтқанда, «Ірі буржуазияға қызмет ете отырып, ...революцияның демократиялық жеңістерін алдау жолымен жойып жіберуге тырысуға тиіс болды; демократияға қарсы күресінде ол аристократиялық партиямен одақтасуға және оның контрреволюциялық сұқтанушылық әрекеттерінің қаруына айналуға тиіс болды». Кампгаузен үкіметінің жұмысшы табы жөніндегі сатқындық саясаты Пруссияның реакциялық күштерінің тез нығайып алуына мүмкіндік берді, ал бұл күштер «буржуазиялық-либералдық жамылғысын» дереу сыпырып тастап, «өзінің қамқоршысын да сыртқа лақтырып жіберді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 99—100-беттер). 1848 жылы 20 июньде Кампгаузен отставкаға шықты.

1849 жылдан кейін — Пруссияның бірінші палатасының, Эрфурт парламентінің (1850), ал одан кейін рейхстагтың мүшесі. 60-жылдары саяси қызметтеп шеттеп кетті.— *130, 132, 133*.

Каниц (Kanitz), *Август* (1783—1852) — Пруссия генералы, реакцияшыл дворяндар мен бюрократияның өкілі. 1848 жылы май — июнь айларында — Кампгаузен кабинетінде әскери министр.— *132*.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Каутский социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшілдіктің, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсетті, бұл

үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынады. 80—90-жылдары Каутский маркстік теория мәселелері жөніндегі «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және бірқатар басқа еңбектер жазды; бұл еңбектер, жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда маңызды роль атқарды. Кейініректе, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, Каутский оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемеленген оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болып, оны интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Каутский әсіре империализм теориясының авторы болды; бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген және басқа еңбектерінде әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *57, 104, 156, 320, 321, 418, 454.*

Кедрин, Е. И. (1851 ж. туған) — адвокат, 1905—1906 жылдардағы либерал-буржуазиялық қозғалыстың белгілі қатысушысы, кадет. I Мемлекеттік думаның депутаты.— *405.*

Ковалевский, М. М. (1851—1916) — тарихшы, буржуазиялық-либералдық бағыттағы саяси қайраткер. 1880 жылдан — Москва университетінің профессоры. 1887 жылы шетелге кеткен. 1901 жылы Робертимен бірге Парижде Қоғамдық ғылымдар орыс жоғары мектебінің негізін қалаған. 1905 жылы Россияға қайтып келді, I Мемлекеттік думаға, ал кейінірек Мемлекеттік советтің мүшелігіне сайланды. Кадеттерден гөрі оңшыл тұрған «демократиялық реформалар» партиясының негізін салушылардың бірі. 1906—1907 жылдары «Страна» газетін шығарып тұрды, ал 1909 жылдан «Вестник Европы» журналын шығарушы, әрі соның редакторы болды. Оның ғылыми еңбектерінен қауымдық құрылыстың ыдырау проблемаларына және рулық қатынастарды зерттеуге арналған еңбектерін атауға болады. Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде Ковалевскийдің осы салада сіңірген еңбегін атап айтқан. Ковалевскийдің негізгі шығармалары: «Қауымдық

ді, 1899 жылы Одақтың «Рабочее Дело» журналының редакторы, оның беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті.— *57.*

Куропаткин, А. Н. (1848—1925) — генерал, 1898 жылдан 1904 жылға дейін — әскери министр. 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Қиыр Шығыста Россияның құрлықтағы армиясының, ал кейін бүкіл қарулы күштердің бас қолбасшысы болды; өзінің жігерсіз және дарынсыз әскери басшы екенін көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыста (1916 ж.) Солтүстік майданға қолбасшылық етті, Түркстанда генерал-губернатор және әскер қолбасшысы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Псков губерниясында тұрды. — *324.*

Л

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшілдіктің негізін қалаушы.

Лассаль — Жалпы германдық жұмысшы одағының (1863) негізін қалаушылардың бірі. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшілдер жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакцияшыл Пруссияның гегемониясымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшілдердің оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшілдердің теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *456, 459.*

XIII Лев (Джоаккино Винченцо, граф Печчи) (1810—1903) — Рим папасы (1878 жылы сайланған). Католицизмді буржуазиялық қоғам жағдайларына бейімдеуді және папаның саяси ролін қайта жаңғыртуды көздеді. Социализм идеяларына және жұмысшы қозғалысына қарсы күрес жүргізе отырып, осы мақсат үшін реакция күштерінің бәрін біріктіру, әрбір елде күшті католиктік партия, штрейкбрехерлік кәсіподақтар және шіркеудің басшылығы мен бақылауында болатын басқа да ұйымдар құру міндетін қойды. — *125.*

Мещерский, В. П. (1839—1914) — реакцияшыл публицист. Полицияда және ішкі істер министрлігінде қызмет істеді; 1860 жылдан бастап «Русский Вестник» пен «Московские Ведомостиге» жазып жүрді; 1872—1914 жылдары қаражүздік «Гражданин» журналын шығарып тұрды, 1903 жылы реакцияшыл «Добро» және «Дружеские Речи» журналдарының негізін салды. Патша үкіметі қаржыны аямай беріп тұрған өзінің басылымдарында Мещерский үкіметтің жұмысшыларға ғана емес, сонымен бірге либерал буржуазияға да қандай бір жеңілдік жасауына қарсы шықты. — *382.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал, 90-жылдарда социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакцияшыл буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасын жаныштаған жендет генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік тамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» партиясын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдары — Француз республикасының президенті. 1924 жылғы июньде солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін орнынан түсуге мәжбүр болды. 1925—1927 жылдары сенатор болып сайланды. — *104.*

Милюков, П. Н. (С. С.) (1859—1943) — либерал-монархиялық кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан — Москва университетінің приват-доценті; өзінің тарихи зерттеулерінде — субъективті идеалист және эклектик; тарихи процестердің заңдылығын теріске шығарды. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, «жеңіске жеткенге дейін» соғысты соза беру керек деген империалистік саясатты жүргізді; 1917 жылдың авгусында контрреволюцияшыл Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі және ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды. 1921 жылдан Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды .— *196, 197, 200, 216, 259, 281, 283, 288, 317, 399, 435, 438.*

Муромцев, С. А. (1850—1910) — юрист, Москва университетінің профессоры, кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі; оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1879 жылдан 1892 жылға дейін либерал-буржуазиялық «Юридический Вестник» журналының редакторы болды. Земстволық қызметін 1897 жылы бастады. 1904—1905 жылдары земство съездерінің жұмысына қатысты. 1906 жылы — I Мемлекеттік думаның мүшесі және оның председателі. 1908—1910 жылдары публицистік қызметпен шұғылданды.

Муромцевті сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «ол керек десе демократ емес те еді. Ол бұқараның революциялық күресінен қорқатын. Ол Россия үшін бостандықты мұндай күрестен емес, патша самодержавиесінің қайырымдылығынан, орыс халқының осы мейірімсіз, қас дұшпанымен жасалатын *келісімнен* күтетін» (Шығармалар, 16-том, 384-бет).— *438.*

Н

Набоков, В. Д. (1869—1922) — кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1901 жылдан буржуазиялық-либералдық бағыттағы «Право» заң газетін және «Вестник Права» журналын редакциялап тұрды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне белсене қатысушы. «Вестник Партии Народной Свободы» деген апталық органның, сондай-ақ «Речь» газетінің шығарушы-редакторы; I Мемлекеттік думаның мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің іс басқарушысы. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, Қырым өлкелік үкіметіне заң министрі болып енді, кейін Берлинге эмиграцияға кетті; онда ол кадеттік эмигранттық «Руль» газетін шығаруға қатысты. — *405.*

Надеждин, Л. (Зеленский, Е. О.) (1877—1905) — саяси қызметін халықшыл ретінде бастады; 1898 жылы Саратов социал-демократиялық ұйымына кірді. 1899 жылы тұтқынға алынып, Вологда губерниясына жер аударылды; 1900 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, мұнда «Бостандық» атты «революциялық-социалистік топ» (1901—1903) ұйымдастырды. «Свобода» журналында, «Революция қарсаңы» (1901), «Россияда революционизмнің қайта тууы» (1901) деген және басқа кітапшаларында «экономистерді» қолдады, сонымен бірге террорды «бұқараға қозғау салудың» әрменді құралы ретінде уағыздады; лениндік

В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; пролетариаттың гегемониясы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінен Плеханов пен большевиктер арасында үлкен алауыздықтар болды. Реакция жылдарында марксизмді махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл-меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Октябрь социалистік революциясына теріс ниетте болды.— *120, 137, 139, 155, 156, 157, 170, 175, 251, 282, 285, 329, 331, 333—335, 350, 353, 389, 391, 399, 400, 403, 438.*

Покровский, М. Н. («Учитель») (1868—1932) — 1905 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, совет тарихшысы, академик.

1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. РСДРП-ның V Лондон съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге қосылды, ал кейін Богдановтың антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, одан 1911 жылы қол үзді. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында троцкистік «Борьба» газетіне қатысып тұрды. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы көтеріліске қатысты, Замоскворецк революциялық штабының мүшесі болды. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін — Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды, Брест бітім шартына қол қойылуына қарсы шықты. 1918 жылдан — РСФСР Халық ағарту комиссарының орынбасары. 1923—1927 жылдары троцкизмге қарсы күреске белсене қатысты. Әр жылдарда Коммунистік Академияны, СССР Ғылым Академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын және т. с. басқарды. СССР Орталық Атқару Комитетінің және Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды.

Покровский СССР тарихы жөнінде көптеген ғылыми еңбектер жазды, бұл еңбектерінде ол буржуазиялық тарихнаманы сынады. Оның «Орыс тарихының барынша қысқа очеркі» деген еңбегіне В. И. Ленин жақсы баға берді. Алайда оның еңбектері қаншама мәнді бола тұрса да, Покровский ақырына дейін дәйекті марксист болмады, тарихи процесті көрсетуде елеулі қателер

жіберді. Оның бұл қателері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің «СССР мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» (1934) және ««ВКП(б) тарихы қысқаша курсының» шығуына байланысты партия насихатын жолға қою туралы» (1938), тағы басқа шешімдерінде ашып көрсетіліп, айыпталды.

«Ежелгі заманнан бергі орыс тарихы», «Орыс мәдениеті тарихының очеркі», «Орыс тарихының барынша қысқа очеркі» деген және басқа еңбектердің авторы. — *188.*

Потресов, А. Н. (Старовер) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетеді, «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатысады. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысады, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция жылдарында — жойымпаздардың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» және басқа журналдарда жетекші роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып тұрды, Советтік Россияға жала жауып, мақалалар жазды. — *50, 58, 84, 122, 156, 283, 286, 304.*

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — экономист және публицист; 90-жылдардың аяқ шенінде «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі, кейінірек — либерал-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері. Жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншіл-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — *117.*

Прудон (Proudhon), *Пьер-Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі; кәсібі жөнінен әріп теруші. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады, «тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтары болып, қолөнершіге айналуына мүмкіндік жасайтын арнаулы «халық банкісін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру жөніндегі утопиясының да нақ осындай реакциялық сипаты болды, ол осы банктер еңбекшілердің өз еңбегінің өнімін «әділетті түрде» өткізуін қамтамасыз етеді-міс және сонымен қатар өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншікке тиіспейді-міс

деп санады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, «мемлекетті» бейбіт жолмен «жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске теріс көзқарасты уағыздады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екепін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; ол Францияда Екінші империя тәртібінің орнауына әкеп соқтырған 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапарттық төңкерісті мақұлдады. — *138.*

Раевский, Н. В. (1862 ж. туған) — 1902 жылдан 1906 жылға дейін — Курск губерниялық земство басқармасының председателі, земство съездеріне қатысушы. 1908 жылдан 1912 жылға дейін — Баку қаласының бастығы, ал кейін 1917 жылға дейін — Урал кен заводтары басқармасының мүшесі. 1926 жылдан СССР Ғылым Академиясының ғылыми экспедициялар жөніндегі комиссиясының ғылыми секретары, ал 1927 жылдан 1930 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының экспедициялық зерттеулер комиссиясының ғылыми секретары. — *324.*

Ренан (Renan), *Эрнест Жозеф* (1823—1892) — француз ғалымы, дін тарихшысы, философ-идеалист, 1879 жылдан француз ғылым академиясының мүшесі. Христиан діні таралуының алғашқы дәуірі жөніндегі еңбектерімен аты шыққан. Негізгі еңбектері: «Христиан діні тууының тарихы», «Иисустың өмірі», «Израиль халқының тарихы» және басқалар. Өзінің саяси көзқарастары жөнінен Ренан демократияның және 1871 жылғы Париж Коммунасының ашық жауы болды.— *139.*

Роберти, Е. В. (1843—1915) — земство қайраткері, философ-позитивист. 1880 жылы өкілдік басқару тәртібін енгізуді ұсынды, осы үшін қуғынға ұшырап, Францияға кетуге мәжбүр болды. 1901 жылы М. М. Ковалевскиймен бірге Парижде қоғамдық ғылымдар орыс жоғарғы мектебін ашты. Россияға қайтып келгеннен кейін Роберти Тверь губерниялық земствосының мүшесі болды, 1905 жылғы июльде земство съезіне қатысты. — *163, 326.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, юрист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысушы. Мемлекеттік думаның барлық сайлауында оған депутат болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан ке-

құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Республиканың Революциялық-әскери Советінің мүшесі ретінде бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, Қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия тұрмысы нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалану шараларына ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жек басына табынушылық пен оның зардаптарын, марксизм-ленинизмге жат осы жайды батыл айыптап, оған біржола тыйым салды, партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі Орталық Комитеттің жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.—*418*.

С. С. — *қараңыз:* Милюков, П. Н.

Старовер — *қараңыз:* Потресов, А. Н.

Стахович, М. А. (1861—1923) — баяу либерал, 1895—1907 жылдары — Орел губерниясы дворяндарының жетекшісі, земство қозғалысында көрнекті роль атқарды; әуелі кадеттер партиясына қосылды, сонан соң — октябристер («17-октябрь одағы») партиясын ұйымдастырушылардың бірі. I және II Мемлекеттік думалардың депутаты, Мемлекеттік советтің мүшесі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Финляндияның генерал-губернаторы, сонан соң Уақытша үкіметтің шетелдегі өкілі. — *271, 272, 276—277, 278, 279, 282—283, 288, 301—302, 317*.

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың ұлы шебері» деп атады (Шығармалар, 13-том, 503-бет). Струве либерал-монархиялық «Азаттық одағы» (1904—1905) теоретиктерінің және ұйымдастырушыларының бірі, оның құпия органы «Освобождение» журналының (1902—1905) редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *5, 18, 42, 47, 56—59, 60, 61, 62—63, 64—66, 67, 89, 90, 92, 115, 116, 122, 124, 125, 127, 142, 145, 156, 161, 162, 243, 266, 277, 288, 354, 423, 436, 438.*

Стэд (Stead), *Вильям Томас* (1849—1912) — ағылшын журналисі. 1871 жылдан Дарлингтонда «The Northern Echo»-ны («Солтүстік Жаңғырығы») редакциялады. 1880 жылы — буржуазиялық «Pall Mall Gazette» («Пэл Мэл Газеті») редакторының орынбасары, ал 1883 жылдан 1889 жылға дейін — осы газеттің редакторы. 1890 жылы «Review of Reviews»-ті («Шолуларды Шолу») құрды. Бірнеше кітап жазды, оның ішінде «The United States of Europe» («Европа құрама штаттары»), «The Americanisation of the World» («Дүниені американдандыру») деген және басқа кітаптар бар. 1905 жылы Лондонның «Таймс» газетінің Россиядағы тілшісі болды.— *301, 389.*

Суворин, А. С. (1834—1912) — реакцияшыл журналист және шығарушы. 1876 жылдан 1912 жылға дейін реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтық топтардың органы — буржуазиялық сатқын «Новое Время» газетінің шығарушы-қожасы. Ол журналистік қызметті провинциялық баспасөзде бастады, алдымен Москваға, одан кейін Петербургке ауысты, «Отечественные Запискиге» және «Современникке» қатысып тұрды; 1876 жылдан бастап реакция жағына күрт бұрылды. В. И. Ленин Суворинге «өзінің өмір жолының бас кезінде кедей, либерал және тіпті демократ,— ал осы жолының ақырында миллионер, паң, буржуазияны ұятсыздықпен мақтаушы, дәулеттілер өкіметі саясатының әрбір бұрылысының алдында құрдай жорғалаушы» (Шығармалар, 18-том, 275-бет) деген сипаттама берді.— *162, 166.*

Т

Трепов, Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері. В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша, ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовтық әрекеттерге қатысуымен әйгілі болған малайы» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 256-бет), 1905 жылғы 11 январьдан — Петербург генерал-губернаторы, кейін — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылғы октябрьдегі: «Мылтық босқа атылмасын, патронды аямаңдар» деген атышулы бұйрықтың авторы. Қаражүздіктер ойрандарына дем беруші.— *228, 264, 281, 316, 320, 321—322, 361, 382, 394, 408, 409, 410—411, 413—414, 452.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. РСДРП II съезінде — Сибирь одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін социалистік революцияның теориясы мен практикасының барлық мәселелері бойынша большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — антипартиялық Август блогын ұйымдастырушы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП (б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі; Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап социализм орнатудың лениндік программасына қарсы, партияның сара жолына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан шығарылды. Шетелде жүріп, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *6, 57.*

Трубецкой, С. Н. (1862—1905) — князь, өзінің саяси көзқарастары жөнінен — либерал; философ-идеалист. Орташалау конституция енгізумен патша өкіметін нығайтуға тырысты. 1905 жылы В. И. Ленин «патшаның буржуазиялық малайлары» деп

атаған земство қайраткерлері делегациясының құрамында II Николайға барған депутацияға қатысып, оның алдында программалық сөз сөйледі. Земствошылардың осы саяси демаршын Ленин буржуазияның патша өкіметімен келісімге бару, сөз байласу әрекеті деп, самодержавиенің алдында құрдай жорғалау деп сипаттады. 1905 жылы Трубецкой Москва университетінің ректоры болып сайланды; студенттердің университет қабырғасында самодержавиеге қарсы революциялық ашық бас көтеруінен қауіптеніп, университетті жабуға келісім берді.

Өзінің философиялық еңбектерінде материализмге батыл қарсы шықты.— *116, 133, 142, 184, 271, 320, 339, 361, 381, 415, 461.*

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының реформист қайраткері. 1891 жылы «Critica-Sociale» («Әлеуметтік Сын») журналының негізін салды, Италия социалистік партиясын (1892) ұйымдастырушылардың бірі және оның оңшыл, реформистік қанатының лидері болды. 1896 жылы парламентке сайланды, онда социалист-реформистер тобын басқарды. Пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымақ саясатын жүргізді; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Италия еңбекшілерінің революциялық қозғалысына қарсы шығып отырды. Италия социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.— *68, 80.*

Тьер (Thiers), *Адольф* (1797—1877) — француздың буржуазиялық реакцияшыл саяси қайраткері және тарихшы; кәсібі жөнінен адвокат. Саяси қызметін XIX ғасырдың 20-жылдарының аяғында либерал-буржуазиялық оппозицияның өкілі ретінде бастады, 1830 жылғы июнь буржуазиялық революциясынан кейін бірнеше министрлік қызметтер атқарды, үкімет басында болды. 1834 жылы Лион мен Париждегі республикалық көтерілістерді аяусыз басып жаншуды ұйымдастырушы болды. Екінші республика дәуірінде (1848—1851) — контрреволюциялық «тәртіп партиясы» басшыларының бірі. Екінші империя құлағаннан кейін (4 сентябрь, 1870 жыл) — реакцияшыл үкіметтің іс жүзіндегі басшыларының бірі, 1871 жылы 17 февральда үкімет басына келді. Тьердің бұйрығы бойынша Париждің ұлттық гвардиясын қарусыздандыруға әрекет жасалды, содан 1871 жылғы 18 марттағы көтеріліс шықты. Азамат соғысын бастауды және Париж Коммунасын басып-жаншуды негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Тьердің Франция тарихындағы ролін К. Маркс «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінде толық сипаттайды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 461—467-беттер).— *125—126, 264.*

У

Ф

Федоров, М. П. (1845 ж. туған) — сауда-өнеркәсіп буржуазиясы өкілдерінің бірі; земство қозғалысының көрнекті қайраткері, кадет. Петербург қалалық думасының мүшесі және II Мемлекеттік думаның мүшесі. Либерал буржуазияның 1905—1907 жылдардағы революцияға қарсы патша өкіметімен сөз байласуында көрнекті саяси роль атқарды.— *184, 405.*

Фейербах (Feuerbach), *Людвиг Андреас* (1804—1872) — немістің аса көрнекті философ-материалисі және атеисі, марксизм ізашарларының бірі. 1828 жылдан — Эрланген университетінің приват-доценті; өзінің ең алғашқы «Gedanken über Tod und Unsterblichkeit» (1830) («Өлім және мәңгі жасау жайында ойлар») деген еңбегінде ол жанның мәңгі жасауы туралы христиан дінінің догматына қарсы шықты; кітап конфискеленіп, Фейербахтың өзі қуғынға ұшырады және көп ұзамай университеттен шығарылды. 1836 жылы Брукберг (Тюрингия) деревнясына көшіп келді, сол жерде 25 жылдай дерлік тұрды. Өзінің философиялық қызметінің алғашқы кезеңінде — идеалист, Гегель мектебінің сол қанатына қосылды. 30-жылдардың аяғында идеализмнен қол үзді; «Zur Kritik der Hegel'schen Philosophie» («Гегель философиясына сын жөнінде») және «Das Wesen des Christentums» («Христиандықтың мәні») деген еңбектерінде гегельшілдіктен қол үзіп, материалистік позицияға көшеді. Қоғамдық құбылыстарды түсінуде Фейербах идеалист болып қалып қойды. Оның философиясының басты мәселесі — адам қоғамдық-тарихи тіршілік иесі емес, тәндік, сезімдік тіршілік иесі. Философиядағы Фейербах жариялаған антропологиялық принципті В. И. Ленин *«материализмді* дәлдемей, нашар баяндау ғана» деп атады (Шығармалар, 38-том, 73-бет). Фейербах метафизикалық материализмнің тану сипатынан әрі аса алмады, таным және қоғамдық даму процесінде практиканың ролін түсіне алмады.

Фейербах неміс буржуазиясының негұрлым радикалдық, демократиялық топтарының идеологы болды. 1848 жылғы революция кезінде саясаттың бірінші дәрежелік маңызын мойындады, алайда өзі саяси қызметтен аулақ болды; революциядан кейін Германияда оның ықпалы көріне төмендеп кетті. Өмірінің соңғы жылдарында социалистік әдебиетке ынта қойды, Маркстің «Капиталын» оқыды және 1870 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді.

Фейербах философиясына К. Маркстің «Фейербах туралы тезистерінде» және Ф. Энгельстің «Людвиг Фейербах және классикалық неміс философиясының ақыры» деген еңбегінде жан-жақты талдау жасалған (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 339—382, 383—385-беттер).— *31.*

Филатов, В. В. (Северцев, В., В. С.) (1879 ж. туған) — социал-демократ, журналист. Революциялық жұмысты XIX ғасырдың 90-жылдарында Петербургте бастаған. Өренбург губерниясына жер аударылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды; большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттеріне қатысып тұрды. «Тактика мен фортификацияны халық көтерілісіне қолдану» (Женева, 1905 ж.) деген кітапша жазды. 1905 жылдың күзінде Россияға қайтып келді, «Новая Жизнь» және «Казарма» газеттеріне жазып тұрды, кейін Москваның әскери-жауынгерлік ұйымында жұмыс істеді. Патша үкіметі тарапынан бірнеше рет жазалау шараларына ұшырады. 1920 жылы РКП (б)-дан шығып қалды.— *143.*

Фишер (Fischer), *Рихард* (1855—1926) — неміс социал-демократы; 1880—1890 жылдары Цюрих пен Лондонда социал-демократиялық баспаханаларда істейді; 1890—1893 жылдары социал-демократиялық партияның секретары болды, 1893—1903 жылдары партиялық социал-демократиялық кітап баспасын басқарды, партияның орталық органы «Vorwärts»-тың («Алға») шығарушысы және әкімі болды. — *352.*

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922) — Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 70-жылдардың орта шенінде социал-демократияға қосылды, 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығып тұрған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып бірнеше рет сайланды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін Фольмар 1891 жылы Мюнхенде екі рет сөз сөйледі; бұл сөздерінде ол партияның қызметін реформалар жүргізу жолындағы күреспен шектеуді ұсынды, үкіметпен келісім жасауға шақырды. Бернштейнмен бірге Фольмар реформизм мен ревизионизмнің идеологы болды. Ол тап күресін шиеленістіруге қарсы шықты, «мемлекеттік социализмнің» артықшылықтарын дәлелдемек болды, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын жасаған кезде ұсақ жер иелерінің мүдделерін қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды, өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *351.*

Ц

Ч

Ш

кеттік думаның депутаты және оның секретары. 1917 жылы майдан июньге дейін бірінші коалициялық Уақытша үкіметте мемлекеттік қамқорлық министрі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кооперация жүйесінде істеді.— *163.*

Шверин (Schwerin), *Максимилиан* (1804—1872) — Пруссия саяси қайраткері, реакцияшыл дворяндар мен бюрократияның өкілі. 1848 жылы (март — июнь) дін, ағарту және медицина істері жөніндегі министр болып Кампгаузен үкіметіне енді; Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты болды, онда әсіре оңшыл, реакцияшыл элементтерге қосылды. 1859 жылдан 1862 жылға дейін — ішкі істер министрі. Өмірінің соңғы кезінде ірі буржуазияның мүдделерін көздеген ұлттық-либералдық партияға қосылды.— *132.*

Шидловский, Н. В. (1843—1907) — Воронеж губерниясының помещигі, сенатор, Мемлекеттік советтің мүшесі. 1905 жылы 29 январьда «С.-Петербург қаласы мен оның төңірегіндегі жұмысшылардың наразылығы себептерін дереу анықтап, болашақта соларды болдырмаудың шараларын іздестіруге арналған» үкіметтің ерекше комиссиясының председателі болып тағайындалды. Комиссияны патша үкіметі 1905 жылы 20 февральда таратып жіберді.— *302.*

Шипов, Д. Н. (1851—1920) — ірі помещик, земство қозғалысының көрнекті қайраткері, баяу либерал. 1893 жылдан 1904 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының председателі болды. 1904 жылдың ноябрінде — «Земство қайраткерлері жеке кеңесінің» председателі. 1905 жылғы ноябрьде — «17 октябрь одағын» ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің председателі. 1906 жылы «Одақтан» шығып, «Бейбіт жаңарту партиясына» кірді; сол жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. 1911 жылы саяси қызметтен шеттеді. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, «Ұлттық орталық» деген контрреволюциялық ақ гвардияшыл ұйымның басшыларының бірі болды.— *142.*

Шишков, П. А. (1856 ж. туған) — земство қайраткері, кадет. 1884 жылы Самара губерниясының уездік және губерниялық земство жиналыстарының мүшесі болып сайланды. 1906 жылы Мемлекеттік советке сайланды, бірақ I Мемлекеттік думаны таратып жіберуге қарсы наразылық ретінде өз уәкілеттігінен бас тартты.— *323.*

Щ

Щепкин, Н. Н. (1854—1919) — земство қайраткері, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Москва қалалық думасының және губерниялық земство жиналысының мүшесі болды, III және IV Мемлекеттік думалардың мүшесі. Бірінші ду-

Э

Я

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июль — октябрь, 1905)

Июль — октябрь. Ленин Женевада тұрады, Орталық Комитеттің және партияның Орталық Органы — «Пролетарий» газетінің жұмысына басшылық етеді, партия қатарын топтастыру және РСДРП III съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында, меньшевиктердің тактикалық бағыты мен жікшілдік әрекеттеріне қарсы күрес жүргізеді.

Июнь — июль. Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабын жазады.

1 (14) июль. Ленин П. Н. Лепешинскийге хат жазып, РСДРП-ға жәрдемдесу жөніндегі Берн тобының Бастилияны алудың жылдығына арналған кешінде оның орнына сөз сөйлеуін өтінеді.

4 (17) июльден ертерек. Ленин В. В. Воровскийдің «Кәсіпшілік қозғалысы және социал-демократия» деген, В. Северцевтің (В. В. Филатовтың) «Князь Потемкин Таврический» деген мақалаларын және белгісіз бір автордың «Бір кеңестің тарихынан» деген мақаласын редакциялайды. Мақалалар «Пролетарий» газетінің 8-номерінде жарияланды.

4 (17) июль. А. В. Луначарскийдің «Париж Коммунасы және демократиялық диктатураның міндеттері» деген мақаласына Ленин жазған қорытынды бөлім «Пролетарий» газетінің 8-номерінде жарияланды. Бұл мақаланың қолжазбасына Ленин едәуір түзету енгізді.

11 (24) июль. Ленин Халықаралық социалистік бюроның Брюссельдегі секретариатына жазған хатында меньшевиктердің жікшілдік әрекеттерін әшкерелейді; РСДРП-ның өткен III съезіне байланысты Г. В. Плехановтың партиядағы істердің жайы туралы Халықаралық социалистік бюроға жіберген қате хабарын теріске шығарды; РСДРП-ның істеріне «араласу» туралы А. Бебельдің ұсыныс жасап жазған хатын өзінің партияның Орталық Комитетіне жібергенін хабарлайды; меньшевиктерді жақтайтын неміс социал-демократиялық баспасөзінде РСДРП қатарындағы жікке бөліну туралы мәселенің мейлінше сыңар жақ және теріс көрсетіліп отырғанын атап айтады.

13 (26) июльден ертерек. Ленин Г. Д. Лейтейзеннің «Қалалық революция» деген мақаласын редакциялайды. Мақала «Пролетарий» газетінің 9-номерінде жарияланды.

Ленин «Революция үйретеді» деген мақаланың жоспарын жасайды.

13 (26) июль. Лениннің «Революция үйретеді», «Ашулы әлсіздік» деген мақалалары және «Біздің Хлестаковтар» деген заметкасы «Пролетарий» газетінің 9-номерінде жарияланды.

13 (26) июльден кешірек. Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабына алғы сөз жазады.

15 (28) июль. Ленин РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында өзінің Халықаралық социалистік бюроға хат жібергенін, хатта партиядағы істердің жайы туралы Халықаралық социалистік бюроға Г. В. Плехановтың жолдаған хабары теріс екенін көрсеткендігін хабарлайды. Плехановты Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілі етіп тағайындауға болмайды деп есептейді; РСДРП III съезінің шешімдерін оның мойындауын шарт етіп қойып, оған партияның ғылыми органын редакциялауды ұсыну керек деп кеңес береді; большевиктер мен меньшевиктердің конференциясын шақыру туралы Халықаралық социалистік бюроның ұсынысына келісуді ұсынады, бұл конференцияны РСДРП-дан бөлініп шыққан бөлегі — меньшевиктермен қосылу шарт-

тарын талдап әзірлеу үшін пайдалану керек екендігін айтады; бұл шарттарды РСДРП IV съезі ғана бекітуге тиісті екенін ескертеді.

18 (31) июль.	Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке хат жазып, хатында оның РСДРП Орталық Комитетінің Шаруашылық комиссиясына тағайындалуының қолайлы еместігін көрсетеді. Ленин Шаруашылық комиссиясына жазған хатында В. Д. Бонч-Бруевичтің РСДРП-ның Женевадағы баспаханасына меңгеруші болып тағайындалғанын хабарлайды.
19 июльден (1 августан) ертерек.	Ленин РСДРП-ның Женевадағы кітапханасына аграрлық мәселе жөнінде, статистика, право және басқалар жөнінде 400-ден астам кітап тапсырады.
19 июль (1 август).	Ленин Флоренциядағы (Италия) А. В. Луначарскийге жолдаған хатында Г. В. Плехановтың Халықаралық социалистік бюроға жазған хатына «Г. Плехановтың жаңадан бой көрсетуі» деген мақаламен жауап бермек ниеті барын жазады; «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітапшаның және РСДРП III съезі протоколдарының жуырда шығатынын хабарлайды.
19 және 25 июльдің (1 және 7 августың) аралығында.	В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабы баспадан шығады.
20 июльден (2 августан) ертерек.	Ленин «The Times», «Frankfurter Zeitung», «Vossische Zeitung», «Le Temps»» газеттеріндегі земство және қала қайраткерлерінің Москвадағы съезі туралы мақалалардан үзінділер көшіріп алады. Осы үзінділерді «Пролетариат күресуде, буржуазия ұрланып өкіметке ұмтылуда» деген мақаласы үшін пайдаланды. Осы мақала жоспарының бірнеше нұсқасын жасайды.
20 июль (2 август).	Лениннің «Пролетариат күресуде, буржуазия ұрланып өкіметке ұмтылуда» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 10-номерінде жарияланды.
	Ленин А. В. Луначарскийге жазған хатында РСДРП III съезінен кейін меньшевиктерге қарсы күрес жаңа сатыға аяқ басты деп

жазады; шетелдегі және Россиядағы партия жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атайды; жиналыстарда сөйлеудің, бұқараға тікелей өзінің ықпал жүргізуінің саясатта қандайлық маңызды екеніне көңіл аударады; партия үшін күрестің барлық күшті жұмылдыруды талап ететінін баса айтады.

27 июльден (9 августан) ертерек. Ленин В. В. Воровскийдің «Буржуазия және монархия», «Кәсіпшілік қозғалыстың алғашқы адымдары» деген мақалаларын және В. А. Карпинскийдің «Шаруалар қозғалысы» деген мақаласын редакциялайды. Мақалалар «Пролетарийдің» 11-номерінде жарияланды.

30 июль және 3 августың (12 және 16 августың) аралығында. Ленин РСДРП-ның Томскідегі, Ригадағы, Самарадағы, Қазандағы және Москвадағы жергілікті комитеттеріне хат жолдайды.

Кеш дегенде июль. Ленин РСДРП III съезінің протоколдарын бастыру жөніндегі комиссияның атынан съездегі дауыстардың саны жөнінде ескерту жазады.

Июль. Ленин «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс» деген мақаланың жоспарын жасайды.

Ленин «Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөз жазады.

1 (14) август. Ленин РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында РСДРП Орталық Комитетінің және меньшевиктердің Ұйымдастыру комиссиясының 1905 жылғы июльде өткен мәжілісіне байланысты меньшевиктермен бірігу туралы мәселе жөнінде Орталық Комитет мүшелерінің (Л. Б. Красиннің, А. А. Богдановтың және басқалардың) ымырашылдық позициясын сынайды; бұл мәселені шешкенде бірігу шарттарын партияның жаңа съезі бекітуге тиістілігі туралы РСДРП III съезінің қарарын бұлжытпай басшылыққа алу керек екендігін ескертеді; Орталық Комитет мүшелерінің белгіленген кеңесі болатынын, не болмайтынын хабарлауды сұрайды.

2 және 6 (15 және 19) августың аралығында.	Ленин А. В. Луначарскийге хат жазады, Н. Жорданияның ««Көпшілік» немесе «азшылық»» деген кітапшасының жарыққа шығуына байланысты, сондай-ақ «Искрада» жарияланған Л. Мартовтың, А. Н. Потресовтың және басқа меньшевиктердің мақалаларына байланысты әдеби-сын очеркін жазу қажет екендігін, онда большевиктерге қарсы меньшевиктердің күрес әдістерінің тұрпайы жалғандығын, «аярлығы мен уын» әйгілеу қажет екендігін көрсетеді; осы мақсат үшін РСДРП-ның жікке бөліну тарихының «экономизмнен» бастап қысқаша очеркін жазуға кірісуді маңызды іс деп есептейді; Г. В. Плехановтың «Дневник Социал-Демократаның» 2-номерінде жарияланған мақаласын сынамақ ниеті барын хабарлайды.
2 және 10 (15 және 23) августың аралығында.	Ленин В. В. Воровскийге хат жазады, өзінің Г. В. Плехановқа жауап жазумен шұғылданып жатқанын хабарлайды.
3 (16) августан ертерек.	Ленин А. В. Луначарскийдің «Жапонияның жеңісі және социал-демократия» (II мақала) және «Бұқаралық саяси стачка» (IV мақала) деген мақалаларын редакциялайды. Мақалалар «Пролетарий» газетінің 12-номерінде жарияланды.
3 (16) август.	Лениннің «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс» деген мақаласы және РСДРП-ның шетелдік ұйымдары конференциясының қарарына Ленин жазған редакциялық ескертуі «Пролетарий» газетінің 12-номерінде жарияланды.
6 (19) августан кешірек.	Ленин П. Николаевтың «Россиядағы революция» деген кітапшасын редакциялайды, оған түзетулер енгізеді, ескерту жазады, мұқабасының жобасын жасайды.
7 және 16 (20 және 29) августың аралығында.	Ленин ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»» деген мақаласын жазумен шұғылданады. Булыгин Думасына сайлау туралы мәселе жөнінде орыс және шетел газеттерінен үзінділер көшіріп алады, сайлаушылардың саны мен әлеуметтік құрамы жөнінде статистикалық есептер жасайды, мақаланың жоспарларын жазады.

9 (22) августан ертерек. Ленин В. В. Воровскийдің «Европалық революция және европалық реакция» деген мақаласын және Бакуден, Екатеринославтан, Нижний Новгород пен Сормоводан келген корреспонденцияларды редакциялайды. Мақала мен корреспонденциялар «Пролетарий» газетінің 13-номерінде жарияланды.

Ленин Нижний Новгородтан және Сормоводан келген, өзі әзірлеген корреспонденцияларды «Пролетарий» газетінің 13-номерінің «Қоғамдық өмір» бөлімінде басылсын деп нұсқау береді.

9 (22) август. Двинскіден жазған жұмысшы жолдастың сұрағына «Пролетарий» редакциясының Ленин жазған жауабы мен М. Н. Покровскийдің «Профессионал интеллигенция және социал-демократтар» деген мақаласына Ленин жазған ескерту «Пролетарий» газетінің 13-номерінде жарияланды.

11 және 23 августың (24 август пен 5 сентябрьдің) аралығы. Ленин «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және «Ең былық жоспарды ең айқын баяндау» деген мақалаларын жазумен шұғылданады; Мартовтың Австрия социал-демократиясының орталық органы «Arbeiter Zeitung»-те жарияланған «Орыс пролетариаты және Дума» деген мақаласына «Жаңа «Искраның» жаңа жоспары немесе қазіргі заманғы жирондистер» деген тақырыппен сын ескертпелерін жазады; басқа шетелдік газеттерден үзінділер көшіріп алады; мақалаларының жоспарын жасайды.

12 (25) августан ертерек. Ленин Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша өзінің «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасын қайта бастыру туралы «Молот» баспасымен келіседі; өзінің аграрлық мәселелер жөніндегі мақалаларын қайта шығару туралы «Буревестник» баспасымен келіс сөз жүргізеді.

Ленин оз шығармаларын бастыруға РСДРП Орталық Комитетіне сенім хат береді.

13 (26) августан кешірек. Ленин «Erinnerungen eines Achtundvierzigers von Stephan Born». 3. Aufl., Leipzig, 1898 («Қырық сегізінші жылға қатысушы Стефан Борн-

ның естеліктері». 3-басылуы, Лейпциг, 1898) деген кітаптан үзінділер көшіріп алады және бұл кітапқа ескертпелерін жазады, сондай-ақ бірқатар түрліше деректерден Стефан Борн туралы өмірбаяндық мәліметтер жазып алады.

Августың ортасы. Ленин А. В. Луначарскийге хат жазады, оның «Үш революция» деген кітапшасының жоспарын мақұлдайды, осы тақырыптың негізгі идеяларын дамытады; большевиктермен айтыстағы меньшевиктердің күрес әдістерінің лайықсыздығы туралы әдеби-сын очерк жөніндегі өз ұсынысын түсіндіреді.

16 (29) августан ертерек. Ленин В. В. Воровскийдің «Келісім бе әлде революция ма?» деген мақаласын, Одессадан келген корреспонденцияларды және «Пролетарий» газетінің 14-номеріне берілетін басқа да материалдарды редакциялайды.

Ленин «Қаражүздіктер және көтерілісті ұйымдастыру» деген мақаласының жоспарын жасайды.

16 (29) август. Лениннің ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»» (бас мақала), «Қаражүздіктер және көтерілісті ұйымдастыру», ««Либерал» земствошылар әлден-ақ шегіншектегені ме?» деген мақалалары, «Кавказ меньшевиктерінің үшінші съезд жөніндегі пікірі» деген мақалаға редакциялық соңғы сөз және В. В. Воровскийдің «Келісім бе әлде революция ма?» деген мақаласына және РСДРП Одесса комитетінің Қалалық ауданын ұйымдастырушының есебіне редакциялық ескертпелер «Пролетарий» газетінің 14-номерінде жарияланды.

Ленин РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі өкілі ретінде РСДРП шетелдік ұйымының Женева тобы мен Орталық Комитеттің экспедиторлары арасындағы жанжал туралы мәселе жөнінде қаулы жазады, оны топтың секретары П. Н. Лепешинскийге жібереді.

19 және 27 августың (1 және 9 сентябрьдің) аралығында. Ленин Давостағы (Швейцария) А. В. Бритманға (А. Казаковқа) оның «Пролетарий» үшін герман социал-демократиясының съезі туралы есеп жазыңыз деген ұсынысына жауап хат жазады; оның Иенаға барып қайтуға қандай мүмкіншілігі бар екенін сұрайды.

19 август және 1 сентябрьдің (1 және 14 сентябрьдің) аралығында.

Ленин революциялық уақытша үкімет туралы жинақтың жоспарын жасайды.

23 августан (5 сентябрьден) ертерек.

Ленин Р. Мартинның «Россия мен Жапонияның болашағы» деген кітабы туралы «The Times» және «Frankfurter Zeitung» газеттерінен библиографиялық заметкалар жасайды. Осы кітап авторының жасаған қорытындыларын Ленин оның «Россияның финансы және революция» деген мақаласына жазған ескертуінде пайдаланады.

23 август (5 сентябрь).

Лениннің «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» (бас мақала), «Ең былық жоспарды ең айқын баяндау», «Біздің партиялық істеріміз туралы халықаралық социал-демократияны хабардар ету» деген мақалалары, «Россияның финансы және революция» деген мақалаға ескертуі, сондай-ақ белгісіз автордың Ленин редакциялаған «Оңтүстік комитеттердің конференциясы» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 15-номерінде жарияланды.

25 август (7 сентябрь).

Ленин РСДРП Орталық Комитеті мүшелеріне жазған хатында Орталық Комитеттің қызметі туралы Орталық Орган «Пролетарийдің» редакциясын дер кезінде хабардар етіп тұруды талап етеді; Булыгин Думасына көзқарас туралы мәселе жөнінде Бундтың және меньшевиктердің позициясын сынайды; іріткі салушылар ретінде және Бундтың қойған адамдары ретінде «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымына» қатаң саяси сипаттама береді, бұлардың өкілдерін Россия социал-демократиялық ұйымдарының 1905 жылы сентябрьде шақырылатын конференциясына жібермеу керек деп ұсынады.

Август.

Ленин «Плеханов және жаңа «Искра»» деген кітапшасын жазумен шұғылданады; оның жоспарының нұсқаларын жасайды. Кітапша жазылмай қалды.

Ленин «Жұмысшы табы және революция» атты кітапшаның жоспарын жазады.

Ленин өзінің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасының үшінші басылуына алғы сөз жазады.

К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы (1870—1871 жж.)» деген кітабының екінші басылуы орысшаға аударылып, Лениннің редакциясымен баспадан шықты (Одесса, «Буревестник» кітап баспасы).

Лениннің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» (тұңғыш рет 1901 жылы декабрьде «Заря» журналының 2—3-номерлерінде жарияланған алғашқы төрт тараудың қайта басылуы) деген кітапшасы Одессада «Буревестник» кітап баспасында жарыққа шықты.

Жаздың аяғы. Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға хат жазады, шетелден тез арада қайтатынына сенім білдіреді.

1 (14) сентябрь. Лениннің «Социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы» (бас мақала), «Біздің либерал буржуа не тілейді және неден қорқады?» және «Өз бетінше туу теориясы» деген мақалалары, сондай-ақ Ленин редакциялаған В. В. Воровскийдің «Тарихтан алынған шағын бір бет», «Финляндияның пәрменді қарсылық партиясы» (авторы белгісіз) деген мақалалар және Таганрогтан келген корреспонденция «Пролетарий» газетінің 16-номерінде жарияланды.

Ленин Петербургке П. А. Красиковқа жазған хатында РСДРП-ның жергілікті комитеттерін нығайту және жергілікті жерлердегі жұмысқа күш салу қажеттігін көрсетеді; РСДРП Петербург комитетінің «Пролетарий» газеті редакциясымен неғұрлым тығыз және іскерлік байланыстарын орнату керек деп кеңес береді, көпшілікке арналған жасырын «Рабочий» газетінің жарыққа шыққан 1-номеріне және РСДРП Орталық Комитеті Россияда шығарып жатқан «Летучие листкиге» жоғары баға береді; листоктар шығаруды кеңінен өрістетуді және үгіт жұмысын мінсіз жүргізуге жетуді ұсынады.

1 және 13 (14 және 26) сентябрьдің аралығында. Ленин В. В. Воровскийдің «Бітім және реакция» деген, В. Северцевтің (В. В. Филатовтың) «Армия және халық» деген мақалаларын редакциялайды. Мақалалар «Пролетарий» газетінің 17-номерінде жарияланды.

2(15) сентябрь.	Ленин РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында көпшілікке арналған құпия «Рабочий» газетінің жарыққа шығуына байланысты табыспен құттықтайды, онда қандай мәселелер көтеру керектігі жайында кеңес береді; аса маңызды саяси мәселелер жөнінде «Пролетарий» газетінің редакциясын Орталық Комитеттің дер кезінде хабарлап тұруын тағы да үзілді-кесілді талап етеді; Булыгин Думасына белсенді бойкот жариялау тактикасын жүргізуде партияның алдында тұрған міндеттерді түсіндіреді; РСДРП Орталық Комитетінің партияны біріктіру туралы мәселе жөнінде меньшевиктердің Ұйымдастыру комиссиясына берген жауабында жіберген қателерін көрсетеді; РСДРП-ның IV съезін шақыруға әзірлік жүргізуді ұсынады.
3 (16) сентябрь.	Ленин Халықаралық социалистік бюроға хат жазады, РСДРП ішіндегі алауыздықтарға байланысты Халықаралық социалистік бюро ұсынған конференцияны шақыруға РСДРП Орталық Комитеті бұл конференция тек алдын ала талқылау сипатында болсын деген шартпен келісетінін хабарлайды.
7 (20) сентябрь.	Ленин С. И. Гусевке жазған хатында большевиктік тактика және оны іс жүзінде жүргізу мәселесі жөнінде Россиядағы партия қызметкерлерінің «Пролетарий» редакциясынан сұрап отыруының маңыздылығын көрсетеді.
7 (20) сентябрьден кешірек.	Ленин Ригадағы М. М. Литвиновқа жазған хатында саяси тұтқындарды босату мақсатымен Рига түрмесіне жасалған қарулы шабуылдың мән-жайын хабарлауын сұрайды.
Кеш дегенде 8 (21) сентябрь.	Ленин Булыгин Думасына көзқарас жөніндегі партияның тактикасы туралы мәселе бойынша рефераттың жоспарын жасайды; 8 (21) сентябрьде Женевада осы тақырыпта реферат оқиды, жарыс сөзді жазып отырады.
12 және 17 (25 және 30) сентябрьдің аралығында.	РСДРП Орталық Комитетінің көпшілікке арналған органы «Рабочийдің» 2-номерінде «РСДРП Орталық Органының редакциясынан» партияның барлық ұйымдарына Ленин жазған үндеу жарияланды.

13 (26) сентябрьден ертерек.	Ленин «Достардың кездесуі» деген мақаласын жазумен шұғылданды: «Vossische Zeitung», «Frankfurter Zeitung», «The Times» газеттерінен үзінділер көшіреді, мақаланың жоспарын жасайды.
	Ленин «Парламентаризм ойыны» деген мақаласының жоспарын жазады.
13 (26) сентябрь.	Лениннің «Достардың кездесуі» (бас мақала), «Тактика туралы таласа беріңіздер, бірақ айқын ұрандар ұсыныңыздар!», «Парламентаризм ойыны», «Қорғаныстан шабуылға көшу», «Қазіргі кезең жөнінде» деген мақалалары және В. В. Воровскийдің «Либералдық одақтар және социал-демократия» деген мақаласына Лениннің қосымшасы «Пролетарий» газетінің 18-номерінде жарияланды.
14 (27) сентябрьден ертерек.	Ленин К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінің I тарауынан үзінділер көшіріп алады.
14—20 сентябрь (27 сентябрь — 3 октябрь).	Ленин «Земство съезі» деген мақаласын жазумен шұғылданады, «Le Temps», «Frankfurter Zeitung», «Vorwärts» газеттерінен үзінділер көшіріп алады, мақаланың жоспарын жасайды. Мақала 3 октябрьде (20 сентябрьде) «Пролетарий» газетінің 19-номерінде жарияланды.
17 (30) сентябрь.	Ленин РСДРП Орталық Комитетіне хат жазады, Малых баспасымен шарттың жобасын Орталық Комитеттің бекітуіне жібергенін хабарлайды, РСДРП-дағы алауыздықтарға байланысты Халықаралық социалистік бюро ұсынған конференцияға дереу өкіл тағайындауды талап етеді.
18 сентябрьден (1 октябрьден) кешірек.	Ленин «Социалистік саясаттың басты міндеті» деген мақаласының жоспарын жасайды.
	Ленин «Frankfurter Zeitung», «The Times» және басқа газеттерден қарулы отрядтардың қоймаларға шабуыл жасаған және қару-жарақ түсіріп алған жағдайлары туралы үзінділер көшіріп алады. Үзінділерді «Қаруды қалай қолға түсіру керек?» деген тақырыпқа біріктіреді.
20 сентябрьден (3 октябрьден) ертерек.	Женевада Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасының үшінші басылымы шығады.

Ленин В. В. Воровскийдің «Революция және контрреволюция» деген мақаласын редакциялайды. Мақала «Пролетарий» газетінің 19-номерінде жарияланды.

20 сентябрь (3 октябрь). Ленин РСДРП Орталық Комитетіне екі хат жазады, «Летучие Листкидің» 1905 жылғы 24 июньдегі 2-номерін алғанын хабарлайды, партия жұмысына басшылық жасау үшін саяси әдебиеттің зор маңыздылығын көрсетеді, аптасында екі рет РСДРП Орталық Комитетінің бюллетенін шығарып тұру керек деп кеңес береді, «Пролетарийдің» қосалқы редакторлары сапарға шығып кеткендіктен Финляндияға Орталық Комитет мүшелерінің кеңесіне бара алмайтындығын жазады; жергілікті жерлерде партия ұйымдарын нығайту міндетін қояды; РСДРП-ның IV съезін тез арада шақыруды талап етеді; «партияның екі бөлегін *шатастыруға* қарсы мейлінше батыл *күрес жүргізу»* және партияның большевиктік бөлегінің күшін арттыра отырып, нақтылы бірігуді әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

20—22 сентябрь (3—5 октябрь). Ленин Петербургтен Женеваға келген Е. Д. Стасовамен кездеседі, Россиядағы, Петербург комитетіндегі және РСДРП Орталық Комитетіндегі істердің жайы туралы егжей-тегжейлі хабарды тыңдайды.

Ерте дегенде 20 сентябрь (3 октябрь). Ленин Е. Д. Стасоваға Женевадағы орыс колониясына арнап Россиядағы істердің жайы туралы, орыс большевиктерінің либералдарға қарсы күресі туралы жасайтын баяндамасын әзірлеуге көмектеседі; Стасова осы баяндамасын жасаған жиналыста председательдік етеді.

21 сентябрь (4 октябрь). Ленин Женевада герман социал-демократиясының съезі туралы реферат оқиды, бұл съезд 1905 жылы сентябрьдің 17-нен 23-не дейін (жаңаша) Иенада өткен болатын.

Ленин Берлиндегі М. А. Рейснерге хат жазады, Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың Ригада 1905 жылы 7—9 (20—22) сентябрьде болған конференциясы туралы және конференцияның Булыгин Думасына белсенді бойкот жасау тактикасы жөнінде қабылдаған шешімдері туралы хабарлайды.

22 сентябрь (5 октябрь).	Ленин РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында Орталық Комитет мүшелерінің кеңесіне баруға әзір екенін білдіреді, қауіпсіз болу үшін кеңесті, бұрын ұйғарылғандай Финляндияда емес, Стокгольмде өткізуді ұсынады, кеңестің қашан болатынын өзіне хабарлауды сұрайды.
23 сентябрь (6 октябрь).	Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке «Демос» баспасының жұмысымен Лондонға баратын сапарында оған көмек көрсету сұралып жазылған сенім хатқа (орыс, ағылшын, неміс, француз тілдерінде жазылған) қол қояды.
24 сентябрьден (7 октябрьден) ертерек.	Ленин Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті. 1873 жылғы жаздағы Испаниядағы көтеріліс туралы жазбалар» деген кітапшасының орысша аудармасын редакциялайды. Кітапшаны РСДРП Орталық Комитеті Женевада 1905 жылы 24 сентябрьде (7 октябрьде) басып шығарды; 1906 жылы Петербургте қайта басылды.
24 сентябрьден (7 октябрьден) кешірек.	Ленин А. Н. Потресов (Старовер) туралы «Социал-демократиялық бикеш» деген тақырыппен заметка жазады.
25 сентябрь (8 октябрь).	Ленин РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында меньшевиктердің Оңтүстік орыс конференциясы Г. В. Плехановты Халықаралық социалистік бюроға өкіл етіп тағайындағанын жазады және Халықаралық социалистік бюроға большевиктерден өкіл етіп В. В. Воровскийді тағайындауды ұсынады.
25 және 29 сентябрьдің (8 және 12 октябрьдің) аралығында.	Ленин «Москвадағы қанды күндер» және «Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес» деген мақалаларын жазумен шұғылданады: Москвада және Россияның басқа қалаларында болған революциялық оқиғалар туралы газеттерден үзінділер көшіріп алады, осы мақалалар жоспарының бірнеше нұсқасын жасайды.
27 сентябрьден (10 октябрьден) ертерек.	Ленин «Социализм және шаруалар» деген мақаласын жазумен шұғылданады: мақаланың жоспарын жасайды, Поляк социалистік партиясының (ППС) аграрлық программасының жобасына сын ескертпелер жазады.
27 сентябрь (10 октябрь).	Лениннің «Социализм және шаруалар» (бас мақала) «Тойған буржуазия мен араны ашыл-

ған буржуазия», «Помещиктер Думаға бойкот жасау туралы», «Ашулы жауап», «Меньшевиктік жаңа конференция», «РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілдігі» деген мақалалары және «Партияның бірігуі туралы мәселе жөнінде», «Оқушылармен болған әңгімелерден» деген заметкалары «Пролетарий» газетінің 20-номерінде жарияланды.

Ленин Херсондағы жергілікті партия комитетіне жазған хатында хабарласып тұру үшін өз адресін хабарлайды, жергілікті ұйымдармен тікелей байланыс жасаудың зор маңызын көрсетеді.

Ленин «Москвадағы қанды күндер» деген мақаласын жазады.

27 және 30 сентябрьдің (10 және 13 октябрьдің) аралығында. Ленин «Ұйқыдағы буржуазия мен оянған буржуазия» деген мақаласының нобайын жазады.

27 сентябрь және 11 октябрьдің (10 және 24 октябрьдің) аралығында. Ленин «Vossische Zeitung» газетінен «Студенттер тәртіпсіздігі» деген мақаладан үзінділер көшіріп алады және «Буржуазиялық ғылым және студенттер» деген мақаланың нобайын жазады.

27 сентябрьден (10 октябрьден) кешірек. Ленин «Vossische Zeitung» газетінен «Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының Иена съезі» деген мақаласына қажетті үзінділер көшіріп алады.

28 сентябрь (11 октябрь). Ленин А. В. Луначарскийге жазған хатында оның «Парламентаризм және революция» деген мақаласының дер кезінде жазылғанын және оның маңыздылығын айтады, мақаланы қайтадан жөндеуге, онда революциялық күрес заманындағы меньшевиктердің парламенттік жалған сенімін әшкерелеуге кеңес береді.

29 сентябрь және 3 октябрьдің (12 және 16 октябрьдің) аралығында. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті» (Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905), деген кітап жарыққа шықты, мұнда Лениннің съезде жасаған баяндамалары, сөздері мен жарыс сөзде

шығып сөйлеген сөздері және қарарлардың Ленин жазған жобалары жарияланды.

30 сентябрь (13 октябрь). Ленин Одессадағы С. И. Гусевке жазған хатында Одесса комитетінің кәсіпшілік күрес туралы қарарын сын көзбен қарап талдайды, ондағы тактикалық және теориялық қателерді атап көрсетеді, кәсіпшілік одақтарына партия басшылығы күшейтілу қажеттігін ескертеді.

Сентябрьдің аяғы. Ленин Женевада болған митингіде Москвадағы саяси стачка туралы сөз сөйлейді.

Сентябрьдің аяғы — октябрьдің басы. Ленин «Освобождениешілдің социал-демократпен әңгімесі» деген заметка жазады, мұнда буржуазияшыл либералдардың тактикалық бағытын сынайды.

Сентябрь. Ленин «Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының Иена съезі» деген мақаласын жазады және редакцияға «Ешқандай жалғандық болмасын! Біздің күшіміз шындықты айтуда!» деген хатының жалпы нобайын жазады.

Сентябрь — октябрь. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабын жасырын түрде — Россияда Орталық Комитет және одан бөлек — РСДРП Москва Комитеті қайта бастырып шығарады.

Октябрьдің басы. Ленин «Трубецкойдың өлімі жөнінде» деген заметкасын және «Бейберекет шегінушілік» деген мақаласының нобайын жазады.

1 (14) октябрьден кешірек. Ленин «Россияның финансы» деген заметкасын жазады.

3 (16) октябрь. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің орыс бөлегіне большевиктік әдебиеттің жария баспасы жөнінде жазған хатында өзінің «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасын бастыруды «Молот» баспасына беруге келісетінін білдіреді.

Ленин «Санкт-Петербург комитеті жанындағы Жауынгер комитетке» хат жазады. Жауынгер комитеттің есебін және қарулы көтерілісті әзірлеуді ұйымдастыру туралы запискаты ал-

ғанын хабарлайды, революциялық армияның жауынгерлік жасақтары мен отрядтарын құру туралы кеңес береді.

3 (16) октябрьден кешірек. Ленин «Революциялық армия отрядтарының міндеттері» деген мақаланың жоспарын және мақаланың өзін, «Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы дейтін туралы» заметканы жазды.

4 (17) октябрьден ертерек. Ленин ««Искра» тактикасының соңғы жаңалығы немесе ойыншық сайлау — көтеріліске қозғау салатын жаңа себеп» деген мақаласын жазумен шұғылданады: оңтүстік ұйымдардың меньшевиктік құрылтай конференциясының Мемлекеттік дума жөніндегі қарарына белгілер қояды, астын сызады, мақаланың жоспарын жасайды.

4 (17) октябрь. Лениннің «Москвадағы саяси стачка және көше бойындағы күрес» (бас мақала) және ««Искра» тактикасының соңғы жаңалығы немесе ойыншық сайлау — көтеріліске қозғау салатын жаңа себеп» деген мақалалары, М. Борисовтың «Кәсіпшілік қозғалысы туралы және социал-демократияның міндеттері туралы» деген мақаласына редакцияның ескертулері «Пролетарий» газетінің 21-номерінде жарияланды.

7 (20) октябрь. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Шаруашылық комиссиясы туралы ереженің жобасын жасайды.

8 (21) октябрьден ертерек. Ленин О. И. Виноградованың (Нищийдің) «Пролетарий» газетінің редакциясына жіберген қолжазбасын редакциялайды. Қолжазба Лениннің жөндеуімен тұңғыш рет «Одесса күндері және «Потемкин»» (Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905), деген атпен жеке кітапша болып шықты.

8 (21) октябрьден кешірек. Ленин П. Б. Аксельродтың «Халық думасы және жұмысшы съезі» деген кітапшасына сын ескертпелер жазады.

9 (22) октябрьден ертерек. Ленин «Деревня кедейлеріне» деген кітапшасының жария басылымын әзірлейді, текстке жөндеулер мен толықтырулар енгізеді. Кітапшаны: Н. Ленин «Деревня мұқтаждары (Де-

ревня кедейлеріне)» деген атпен 1905 жылдың аяғында Петербургте «Молот» баспасы шығарды.

9 (22) октябрьден кешірек. Ленин «Дума жөніндегі либералдық үміттер» деген мақаласын жазады.

10 (23) октябрь. Ленин Париждегі Г. Д. Лейтейзенге хат жазады, оған Француз социалистік партиясының Шалондағы съезінде РСДРП-ның атынан құттықтау сөз сөйлеуді ұсынады.

11 (24) октябрьден ертерек. Ленин «Москва оқиғаларының сабақтары» деген мақаласын жазумен шұғылданады: орыс және шетел газеттерінен үзінділер көшіріп алады, мақаланың жоспарларын құрады.

Ленин «Адвокаттардың жиналысы» деген заметканы және «Шешуші оқиғалар қарсаңында» (авторлары белгісіз) мақаланы, сондай-ақ Москвадағы жаппай стачканың барысы туралы 26 сентябрьде (9 октябрьде) РСДРП Москва Комитеті бастырған бюллетеньнің 2-номерін редакциялайды. Заметка мен мақала «Пролетарий» газетінің 22-номерінде жарияланды.

11 (24) октябрь. «Пролетарий» газетінің 22-номерінде Лениннің «Москва оқиғаларының сабақтары» деген мақаласы, «Шетелдік жастар және орыс революциясы» деген заметкасы және И. В. Сталиннің «Борьба Пролетариата» газетінің 3-номерінде (орыс тілінде) басылған ««Социал-Демократқа» жауап» деген мақаласына рецензиясы жарияланды.

12 (25) октябрь. Ленин РСДРП Орталық Комитетіне жазған хатында оның Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілі етіп тағайындалғаны туралы Орталық Комитеттің шешімін алғанын хабарлайды; РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің кеңесін тездетуді сұрайды; Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың 1905 жылы 7—9 (20—22) сентябрьде Ригада болған конференциясының протоколдарын жіберуді сұрайды.

Ленин «Сырттан жақсырақ көрінеді» деген заметкасын жазады; мұнда Россиядағы саяси жағдай туралы «Vossische Zeitung» газетіндегі корреспонденциялардан алған үзінділерді пайдаланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Л е н и н, В И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық.
Т 1 — Алматы, «Қазақстан», 1975.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 11. Июль — окт. 1905.
626 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
А. А. Панфилова

Дайындаушының көмекшісі *В. А. Еремина*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. А. Кашницкая

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Ю. Г. Никифоров

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өндеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 22/I 1975 г. Подписано к печати 21/XI 1975 г.
Формат 84×108$^{1}/_{32}$—20,5+2 вкл $^{1}/_{8}$ печ. л.=34,5 усл. печ. л. (32,0 уч.-изд. л.).
Тираж 15000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 500. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.